ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВ

ЕЛ АРДАҚТЫЛАРЫ

Солтүстік Қазақстан облыстық
Сәбит Мұқанов атындағы ғылыми
әмбебап кітапхананың Қазақ
бөліміне арнайы сыйлаймын.
Автор. 14.12.2016 жыл.

Издательство
“Северный Казахстан”

Қайролла
Мұқанов

ЕЛ АРДАҚТЫЛАРЫ

г. Петропавловск
2016 год

УДК 070
М 84

Ақылдастар алқасы: Қайролла Мұқанов,
Гүлнар Мұқанова, Күлзаңи Мұқанова

Мұқанов.Қ "**Ел ардақтылары»:** мақалалар очерктер/
М 84 Қайролла Мұқанов
Петропавл. Изд-во «Северный Казахстан»., 2016.-424 б.

ISBN 978-601-7247-93-5

Бұл кітапқа Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы, біілім саласының ардагері Қайролла Мұқановтың әр жылдары баспасөз бетінде жарияланған мақалалары мен очерктері енгізілді. Олардың кейіпкерлері ел басқарған қайраткерлер, ғұлама ғалымдар, білікті ұстаздар, ақын-жазушылар, өнер адамдары, заңгерлер, жазықсыз құғын-сүргінге ұшыраған азаматтар.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

52567

УДК 070

ISBN 978-601-7247-93-5

© Мұқанов.Қ 2016
© Издательство «Северный Казахстан», 2016

АЛАСАРМАС АЛЫП ТҰЛҒА АБЫЛАЙ (АБЫЛАЙ ХАН)

«Күндерде сонау қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тауап моласына».
Мағжан Жұмабаев

Әр халықтың тарихында пір тұтарлықтай асыл тұлғалары болатыны белгілі. Олардың есімдері өз еліне сіңірген ерен еңбектеріне байланысты өшпес өнеге ретінде ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып жетіп, ұлттың мәңгі ажырамас рухани өзегіне айналады. Сондай айтулы тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейі - үстіміздегі жылы 300 жылдығы аталып өткелі отырған Абылай хан.

Әйгілі орыс тарихшысы А.И.Левшин: «Абылай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытай Боғдыханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын - өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді», -десе, татар тарихшысы Құрбанғали Халид: «Абылай хан қабілеттілігі арқасында Орта жүздің бәріне, Ұлы жүздің көбіне, Кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атаулының бәрінен басым келген», - депті. Орыстың тағы бір тарихшысы В.В.Бартольд: «Абылай хан - XVIII ғасырдағы хандардың ішіндегі ең құдіреттісі», - деп жазған екен.

Абылайдың атақ-даңқы алғаш қашан, қандай жағдайда шыққаны жөнінде белгілі қазақ тарихшысы Р.Б.Сүлейменов былай деп жазған еді: «1731 жылы Ұлытауда үш жүздің жасақшылары мен ойрат қалмақтарының арасында зор айқас болды, Әбілмансұрдың даңқын ел-жұртына бірінші рет мәшһүр еткен шайқас та осы шайқас. Ел ішінде қалыптасқан ежелгі салт бойынша соғыс басталар алдында жекпе-жек ұрысқа шыққан Әбілмансұр ойрат әскерінің қолбасшысы, қалмақ ханы Қалдан Серенің ет-бауыр емшектес туысы - Шарыш батырды мерт қылады. Ойраттар ойсырай жеңіліске

ұшырайды. Осы айқаста атасының атын атап, ұран шақырып, «Я... Абылайдың аруағы!» - деп жауға дүркін-дүркін ат қойған Әбілмансұрды ел Абылай деп атап кеткен». (Р.Б.Сүлейменов. Хан Абылай. «Қазақ батырлары», 1991 ж.)

Шарышты жекпе-жекте жеңіп, «Абылайлап қалмақты қуып, үлкен жеңіске бастаған жас жігіттің кім екенін білгеннен кейін Әбілмәмбет ханның ұсынысымен үш жүздің тоқсанға тарта игі жақсылары жиналып, Әбілмансұрды Абылай атымен хан сайлады дейді шежіре. Ал, ақиқатында, Абылай Әбілмәмбеттей ағасының көзі тірісінде таққа отыруды ыңғайсыз көріп, хандықтан бас тартады. Ол әуелі Орта жүздегі Атығай - Қарауылдың сұлтаны болады.

Абылай өмір сүрген XVIII ғасыр алмағайып заман еді. Ол кезде қазақ хандығының жойылып кету қаупі төнді. Себебі, қазақ жерінің шығыс қапталын түгелімен жоңғарлар басып алды. Ол аумаққа қазіргі Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары түгелімен енді. Сол жерлердің барлығын елу жыл бойы жоңғарлар басып-жаншып жатты. Маңайына қазақ батырларын топтастырып, қазақ жерін жоңғарлардан азат еткен бірден-бір тарихи тұлға - Абылай хан еді. Сыр бойынан басталған азаттық жолындағы шайқас Жетісуды, одан Тарбағатай мен Алтайды азат ету соғысына ұласты. 1755 – 1756 жылдары қазақ жері түгелдей азат етілді. Осы азаттық күрестің басында Абылай тұрды. Әрине, ол жалғыз емес, қасында Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары, Олжабай, Көкжал Барақ, Баян сынды көптеген батырлары болды. Олардың барлығы да Абылайдың асқан батырлығын, білікті қолбасшылығын, іскер елбасшылығын түсініп, оны сыйлап өткен. Бұл туралы бір-екі мысал келтірейін: Абылайдың атақты батырларының бірі әрі ұстазы Бөгенбай батыр дүниеден өтерінде Үмбетей жырау арқылы үш қайта қоштасу сәлемін айтуы оның Абылайды сыйлағанының бір көрінісі. Өмірі жорық үстінде өткен қаһарман Бөгенбай батыр дүние саларында ханымды көре алмай кеттім-ау деп өкінгенін Үмбетей жырау Абылайға өлеңмен жеткізеді:

Иманын айтып өлерде,
Иекке жаны келгенде
Сәлем айтты үш қайта
Кеттім деп Сізді көре алмай...

Керей Ер Жәнібек батыр ұрыста атына оқ тиген Абылайға өзінің атын түсіп береді. Сонда Абылай Ер Жәнібекке:

«Батыр өзің қайтесің?» - дегенде Ер Жәнібек: «Мен өлсем, қазақтың тағы бір әйелі ұл туар, Сіз өлсеңіз қазақ хансыз қалар», - деген екен. XVIII ғасырдағы қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын жүргізген батырлар өмірі туралы ел аузындағы аңыз әңгімелерде батырлар мен Абылайдың осындай бір-біріне деген сыйластығы жөніндегі мысалдар жиі кездеседі. Жалпы алғанда, Абылай ханға байланысты ел арасында кеңінен таралған ақын-жыраулардың өлеңдері мен толғаулары, халықтың даналық сөздері, аңыз-әңгімелері өте көп. Қазақтың бірде-бір ханы бұл жағынан Абылай ханмен теңесе алмайды.

Абылай 1735 жылы қайтыс болған Сәмекенің орнына Орта жүзге хан болған. 1771 жылы Әбілмәмбет хан дүниеден өткен соң үш жүзге хан болып сайланды. Ол қазақ халқының тарих сынынан аман өтуі үшін, ең алдымен, елдік тұтастық пен дербестіктің қажеттігін терең түсінді. Бүкіл қажыр-қайраты мен ақыл-айласын тек қана осы мүддеге бағындыра білді. Сол жолда ерлік ісімен де, асқан көрегендігімен де, шебер ұйымдастырушылығымен де төңірегін таңғалдырып, өз замандастарының бәрінен жоғары тұрды.

Абылай хан қазақ халқының саяси-әлеуметтік өміріне қырық жылдан астам уақыт ықпал етіп, билігін жүргізді. Бұл ретте Әбілмәмбет өлген соң ғана Абылай ресми хан болды деген қауесет - Ресей империясының құйтырқы саясатынан туындаған жалған сөз. Себебі, Абылай сияқты ірі тұлғаны мойындамау арқылы оның беделін түсіреміз деген патшалық Ресей дипломатиясы осыны қажет етті. Бұл жөнінде Орынбор губернаторы И.И.Неплюев: «Қырғыз халқында бас ханның болуы пайдалы болмайтыны былай тұрсын, зиянды да болуы мүмкін», - деп жазды. Ал, шындығында, Абылайдың хандық биліктің тізгінін қолына алғаны Әбілмәмбет өлетін 1771 жылдан көп бұрын.

Бұл туралы Толыбай ұлы Арыстан ақынның мына өлеңінен де аңғарамыз:

Қылады Мекержеде байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың сауда,
Сұрасаң Абылайдың туған жері
Хан болған 48 жыл Көкшетауда.

Абылай ханның ордасы Көкшетауда болғаңымен, оның ықпалының үш жүзге де жүріп тұрғаны тарихи шындық.

Бұған ең беделді айғақ Абылай ханның саяси, әскери, әлеуметтік көреген де тегеурінді қимылдары болса керек. Жоңғарлардан азат етілген шығыстағы байтақ алапқа Алтай асырып, қазақ ауылдарын қоныстандырды, елдің батыс шекарасының сыртындағы Пугачев бүлігін қолдап, үш мың сарбазының орыс бекіністеріне шабуыл жасауы, оңтүстікте қырғыздарға қарсы жорық ашып, Іле өзенінің сол жағасы мен Шу бойындағы шұрайлы қоныстарды қазақтардың өздеріне қайтарып беруі және сол жолы Жайыл қырғынында ел рухын аспандатып, жеңіс туын желбіретуі, сөйтіп қазақ пен қырғыз арасына Нарынқолдан Қордайға дейін шекара тартып беруі, бұл шекараның күні бүгінге дейін сақталуы, осынау ел тағдырының шешуші сәттері - Абылай ханның бүкілхалықтық ұлы хан болғанына бұлтартпас айғақ. Мұның сыртында Ресей патшалығы мен Қытай Богдыханымен жүргізген икемді саясаты өз алдына.

1743 жылғы күзде жоңғарлардың тұтқынынан келген соң Абылайдың беделі, тіпті, жоғары дәрежеге көтерілді. Енді үш орданың хандары, билері де оныменсанасты. Абылай Ресейден қол үзген жоқ, бірақ оның губернаторларына бас имеді. Оларды өзінен арақашықтықта ұстады. Абылай Орынборға 1740 жылы барғаннан кейін губернаторлардың оған өздеріне келіп кетуін сұраған бірнеше шақыруларын қабылдамады. Осындай шақыру хаттардың бірін 1745 жылғы 16 сәуірде Орынбор губернаторы И.И.Неплюев жіберіпті. Онда: «Біз Сізден көптен хабар алған жоқпыз. Көп уақыт өткендігі себепті Сізден өткен кездер туралы хабарларды естігеніміз дұрыс болар еді. Сіздің және қоластыңыздағылардың бір белгісі болсын, егер мүмкіндігіңіз болса, уақыт тауып Сіз маған келсеңіз, маған ұнаған болар еді. Екеуміз кездесіп, бетпе-бет әңгімелесіп, көп жағдайларды кеңескеніміз дұрыс болар еді», - депті. Бірақ, оған Абылай барған жоқ.

1760 жылғы 16 сәуірде Орынбор губернаторының кеңсесінен құпия түрде Орынбор гарнизонының жаяу әскер полкінің поручигі, князь Иван Ораков пен тілші Яков Гуляев Абылай сұлтанның тағы да Орынборға, тіпті болмаса Троицкіге келуін қиылып сұрайды. Оған Абылай: «Қашқария қырғыздары Айкожа мен Күнкожа Жаркент қалаларына шабуыл дайындап жатыр. Бұл жердегі халықтар Ташкент, Түркістан, Бұқараға көпестерге еріп көшіп жатыр. Ол жерге көмек көрсетуіміз қажет. Сол себепті Орынборға баруға

уақытым жоқ», - депті. Бұлардан басқа да бірнеше хатқа Абылай әртүрлі себептермен бара алмайтынын білдірген.

Император ханымның канцлері граф Воронцовтың Орынбордың губернаторы Давыдовқа, Сібір губернаторлығындағы әскери қолбасшы Фраендорфқа, Сібірдің губернаторы Соймоновқа жолдаған хатында Абылай ханның Ресейдің губернаторларына, тіпті, ханымға, канцлерге де бас имейтінін хабарлапты. Бірнеше рет өздеріне келіп жолығуын 1743 жылдан бері сұраса да бармағанын, оның үстіне олардың алдына өзінің талаптарын табанды түрде қойып, оның орындалуын міндеттегенін айта келе, әрі қарай: «... Оны жоғалтпау үшін, біздің жағымызды қолдауы үшін, тіпті, болмаса ашық қарсы шықпай, бүгінгі қытайлықтардың тырысып отырғанына беріліп кетпей, өз жағымызға шығару керек. Біздің жағымыздан да оны еркелетуіміз қажет. Онымен хат жазысып тұрыңыздар. Абылай сұлтан қойған мәселелерді шешу үшін қабылданған жарлықты нақты орындайық. Оның арызы бойынша Сібір командирлерін тыныштандыру керек...». Бұл хаттан байқайтынымыз: Абылай Қытайға беріліп кете ме деп қауіптенген канцлер Воронцов оның талаптарын орындау қажеттілігіне көп көңіл бөлген. Бұл Абылай сұлтанның беделі жоғары екенін, өзін Ресейге бағынышты деп мойындамайтынын дәлелдейді. Осы хат арқылы губернаторларға мынадай тапсырма да беріліпті: «Абылай сұлтаннан шеберлікпен жасырын сұрасаңыз: «Осы жаққа хан болуға келісімін берер ме екен?!... Ауызша осы ұсынысты қабылдаса, оған сеніммен қараймыз». Абылай бұл ұсынысты қабылдамады. Ол әдептілігін, ар-ұяты барлығын, ағасына адал екендігін білдірді. XVIII ғасырдың 60-шы жылдарына дейін Ресей жағы Абылайға қамқорлығын білдіріп тұрса, 60 жылдардан бастап оған сенімсіздік көрсетіп, оның өзіне, батырларына жансыз бақылаушылар жіберіп, олардың әр басқан ізін аңдып отырған. Мұның дәлелі ретінде 1760 жылғы қантарда Омбыдан Бригадир Фон Фраендорфтан полковник Лестоққа жіберілген құпия хатпен танысайық. (Омбы мұрағаты. Қор - 1, тізбе 1, іс 83). Хатта қырғыз-қайсақтың жерінде мына жағдайларды білу қажеттілігі айтылыпты:

1. Олардың жасырын әскерлері қай жерде орналасқан, саны қанша, Ресей жерінен қашықтығы қанша?

2. Оның тұрақты әскері бар ма? Қанша, қай жерде? Оның бас старшиндары кімдер?

3. Абылай сұлтанның негізгі мақсаты не? Негізгі басшылары кім?

4. Қытайды жақтайтын қырғыз-қайсақтар бар ма? Қанша?

5. Батырларды сыртынан бақылау керек.

Жоңғарлар жойылғаннан кейін Абылай Қытаймен бейбіт келісімге келді. Кезінде жоңғарлар басып алған атақоныска халықты қайта қоныстандыру үшін оған бейбіт дипломатиялық келісімдер жүргізу арқылы да, кейде тіпті өжеттік, озбырлық әрекеттермен де босаған шекаралық аймақтарға елді орналастыруға тура келді. Ол жерлерді иеленуге қытайлар да, орыстар да ұмтылды. Орыс шенеуніктері: «Жоңғардан Тарбағатайға дейінгі жерлер Барабы тартарларының жері», - деп дауласқанда Абылай: «Ешқандай Барабы татарларын білмеймін, естіген де емеспін. Жер - біздікі», - деп беттерін қайырып тастаған.

Жоңғарлар жойылып, Қытаймен дипломатиялық қатынасты жолға қойған Абылай хан өмірден өткенінше Ресей билігін мойындамағаны белгілі. Орыс-қазақ қатынастарын зерттеуші ғалым И.Крафт: «Қырғыздардың орыс билігіне бағынуы» деген еңбегінде: «Орта орданың басты билеушісі Абылай сұлтанның ептілігі мен айлакерлігінің арқасында Орта орда 1781 жылы Абылай өлгенге дейін мүлде тәуелсіз болып қалды. Ол жағдайдың өзгеруіне орай кейде Ресейдің, кейде Қытайдың, кейде Жоңғарияның жақтасы болып көріне білді, ал, шындығында, ол ешкімге де бағынған жоқ», - деп жазды.

Абылай ешкімге, еш мемлекетке тізесін бүкпей өтті. Оны бағындыруға шамасы жетпеген патша әкімшілігі Абылайдың көзінің тірісінде Орта жүздің ханы етіп көп сұлтандардың бірін сайламақшы болады. Бірақ бұл кезде Абылаймен үзеңгі тірестірер бір адам да жоқ еді.

Абылай хан қазақ жеріне көз алартып, жан-жақтан жау анталаған қилы заманда билік тізгінін жатжұрттықтарға ұстатпай, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізе білді. Сөйтіп, шет мемлекеттерді Қазақ елімен санасуға, онымен тығыз экономикалық байланыс жасап, бейбіт қатар өмір сүруге көндірді.

Абылай хан - көзі тірісінде аты аңызға айналған, Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін 40 жыл бойы аттан түспей күрескен ұлы тұлға.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Бурабайда Абылай хан ескерткіші ашылғанда сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсултан Назарбаев:

«Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады. Қазақ халқының тарихындағы сондай киелі тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейі - Абылай хан... Абылай есімі қазақ тарихында ең көп аталып, ардақталған тұлға!» - деген болатын.

Биыл еліміз бен жеріміздің қорғаны болған алып тұлға Абылай ханның туғанына 300 жыл толып отыр. Еліміздің тұтастығы жолында басын бәйгеге тіккен Абылайдай асыл ер халқымыздың мәңгілік мақтанышына айналуы тиіс. Абылай ханға құрмет - Тәуелсіздікке тағзым, ата-баба аруағын сыйлау.

Абылай ханның мерейтойын жоғары дәрежеде өткізу - бүкіл халқымызға ортақ парыз. Осы мерейтой кезінде Абылайдың ақ үйі орналасқан Қызылжар қаласының бір басты көшесін атақты хан есімімен атау ұлы бабамызға деген зор құрмет болар еді.

«Солтүстік Қазақстан» 16. 07. 2013 ж.

ҚҰЛЕКЕ БАТЫР

Күніреніп ойлағанда алаш жайын,
Жанымды орай берсе ұлы уайым.
Кеудеме күннің нұры толғандай боп,
Жырлаймын алты Алаштың Абылайын, -

деп Мағжан ақын мадақтаған Абылай ханның маңында топтасқан, сыртқы жаулардан ел қорғаған ерлер-батырлар, шешен-жыраулар, атақты билер көп болғаны тарихтан белгілі. Еліміздің тарихына, Абылай ханға қатысты жазылған түрлі ғылыми еңбектерде, көркем шығармаларда Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай Бұқар жырау, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Қанай би, басқа да аты белгілі батырлар мен билер туралы сөз болады. Бұл орынды да. Дегенмен, осы тұлғалардан кем еңбек етпеген, азаттық үшін жан аямай күрескен, хан санатында жетекші орын алып, сындарлы саясатқа тікелей араласқан, алаш ісіне ақыл кеңесін аямаған, бірақ әртүрлі себептермен осы күнге дейін кең айтылмай жүрген ел ардагерлері де аз емес. Сондай Алашқа еңбегі сіңген ерлердің бірі Құлеке Тәңірбердіұлы.

Құлеке батыр туралы жиған-терген деректерге сүйеніп, толығырақ әңгімелейік. Құлеке батыр Абылайханның сенімді серігі, оң қолы болған тарихи тұлға. Ол батырлығымен бірге өз заманының көрнекті мемлекет қайраткері болып, Абылайдың елшілік қызметін де атқарған, ел ағасы ретінде де зор беделге ие болған. Кейін де ел-жұрты оның аруағын қадір тұтқан. Ол қайтыс болғаннан кейін сүйегі құрметтеліп қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне қойылған.

Құлеке батырдың ата-тегіне келсек, былай өрбиді: Атығай ішінде Бәйімбет. Одан - Жоламан. Жоламаннан Дәулетай. Дәулетайдан Тәңірберді Ел ішінде Тәйірберді деп те ж.р, шындығы Тәңірберді. Тәңірбеділе төрт ұл болыпты: Тілеке, Құлеке, Қожаберген, Ақан Барақ. Құлекеде алты ұл болған: Бәбеке, Мөңке, Тілеуке (Шал ақын), Шардақ, Қазақбай, Жұсып.

Құлеке 1710 жылы туып, 1771 жылы қайтыс болған. Ол Абылай ханнан бір жас үлкен, одан он жыл бұрын, 61 жасында дүниеден өткен. Оның 61 жасында дүниеден өткендігін өзінің туған баласы Тілеукенің (Шал ақынның) әкесіне жоқтау ретінде айтқан мына өлең жолдары да растайды:

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында дарқан еді.
Кешегі дулап өткен Құлекенің,
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.

Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.
Кешегі дулап жүрген, ер Құлеке,
Су тиген сөне қалдың орттей болып!

Тарихи құжаттарда Құлекенің есімі бірінші рет 1742 жылғы тамыз айында көздеседі. Сол 1742 жылдың 23-30 тамыз күндері Орынбор қаласында Орынбор комиссиясының начальнигі, тайный советник сенатор И.И.Неплюевтің алдында орыс патшайымына адалдығы туралы қазақтың бір топ батырлары мен билері ант берген. Солардың ішінде Құлеке батыр 28 тамыз күні 35-ші болып ант беріпті. Қарасай батыр 19-шы болып берген. Яғни, бұл екі батыр бір мезгілде ант беріп, кездескен деуге болады. Бұл № 96 құжат «Русско-Казахские отношения в XVI-XVIII веках» деп аталатын 1961 жылы Алматыда басылып шыққан кітапта (222-бет) берілген.

Бұдан кейінгі жылдары Құлеке батыр орыс үкіметімен

жақсы қатынастарда болады. Абылай хан атынан әлденеше рет елшілікке барады. Орыс үкіметінің ресми құжаттарында оның есімі жиі кездеседі. Олардан Құлеке батырдың өз заманында аса ықпалды, беделді адам болғандығы көрінеді. Құлекенің Орта жүз атынан ант берген 148 би-батырлардың бірі болып солардың қатарынан орын алуы оның өз заманында ру ішінде үстемдігін жүргізген беделді атқамінер болғанын танытады. Жазба құжаттарда оны батыр немесе старшина деп атап отырған.

Шал ақын өзінің бір өлеңінде әкесі Құлекенің атақты батыр болғанын атап өтеді:

Құдай жақсы жаратқан Нұрекені айт,
Елде жақсы бар болса бір - екіні айт.
Атығайда төрт қасқа батыр өткен,

Жантелі, Жәпек, Тілеке, Құлекені айт! - деп Атығай ішіндегі атақты төрт батырдың қатарына әкесі Құлекені де қосып атайды.

Бұл батырлардың екеуі - Жантелі мен Жәпек - Атығайдың Құдайберді, ал Тілеке, Құлекелер Бәйімбет атасынан. Тілеке мен Құлеке бір туысқан ағалы інілі бауырлар. Тілеке Құлекеден он жастай үлкен болса керек. Ол Жантелі, Жәпек батырлармен тұстас екен. Тілеке Әбілмәмбет ханның тұсында жасаған атақты батырлардың бірі. Жоғарыда аталған кітапта («Русско-Казахские отношения...») мынадай жолдар бар: «Генерал лейтенант подарил хану (Абильмамбету. - Қ.М.) белый хрептовый, пансырь железной, Абылай-султану - пансырь железной. Джанибек батыру пансырь такой же. Тлеке батыру - пансырь же» (167-бет). Яғни патша үкіметі Тілеке батырды да жоғары бағалаған.

Құлеке Атығай руының рубасы, атқамінерлерінің бірі. Ол өмір бойы дерлік Абылайдың қол астында, хан ордасында қызмет атқарады. Ол кезде Орта жүз ханы Әбілмәмбет Түркістанда тұрады да, Абылай сұлтан Көкшетау маңында тұрып сол маңдағы Атығай, Қарауыл, Керей, Уақтарды басқарады. Абылайдың өз қасындағы батырлары Құлсары, Құлеке, тағы басқалары оның тапсырмасын орындаушылар болады. Осыған байланысты олардың есімі Орта жүз хандығына, Абылай әкімшілігіне қатысы бар Ресей шекара приказдарымен, шекара комиссиясымен жазысқан қатынас қағаздарда, ресми құжаттарда (документтерде) Құлекенің есімі 12 рет кездеседі. Олар № 93, 205, 233, 236, 237, 240, 247, 251, 257, 262, 267 санды документтер. Бұл документтер

(құжаттар) 1742 жылдың тамыз айынан 1765 жылдың қантар айына дейінгі уақыт ішінде хатқа түскен.

Осы документтерге қарағанда, Құлеке батыр 1742 жылдан 1765 жылдың қантарына дейін – 24 жыл бойы Абылай ордасымен тығыз байланыста болып, қызмет көрсетеді. Абылай оны әртүрлі ұсақ нәрселерден бастап, ел дауын, кісі құнын шешуге, тіпті шекара комиссиясына қатысты саяси мәселелерге дейін жұмсап отырған. Мысалы, Абылай жоғалған аттарын іздетіп оны Ойыл әскери линиясына, Ертістің ішкі жағына мал жаю үшін рұқсат сұратып сыртқы істер коллегиясына және азық-түлік әкелу үшін Святой Петр қорғанына жіберді. («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках» 620, 623, 660 беттер). Кейде Абылай Құлекені Құлсарымен бірге саяси мәні бар ресми істерді бітіріп келуі үшін өз атынан жұмсап отырған. 1753 жылы наурыз айында Абылай Құлсары, Құлеке батырларды Жоңғар шапқыншыларына қарсы көмек сұрауға Орта жүз Атығай руының атынан Троицк қорғанына елшілікке жібереді (Сонда, 675-бет). Сол жылғы сәуірдің 19-ында жазылған документте Құлеке батырдың сол жылдың жазында Абылайдың орнына Троицк қорғанына немесе Орынбор қаласына баратыны жайында келісім бергені айтылған (Сонда, 614 бет).

Ресейдің сыртқы істер алқасының Орынбор губернаторы А.Давыдовқа 1760 жылғы 18 шілдеде берген жарлығында Құлеке батырдың қазақ ішінде аса атақты, беделді адам екендігі айтылып, онымен жақсы қатынаста тұру керектігі, лайықты сый көрсетілуі ескертіледі.

Аталған кітаптағы («Русско-казахские отношения...») № 240 документте «өте құпия» деген айдармен Ф.Гордеев деген аудармашының Троицк бекінісінің коменданты П.Роденге Абылай сұлтанның ордасына Орта жүз қазақтарының Қытаймен қарым-қатынасын байқауға барғаны туралы 1761 жылдың 3 шілдесінде жазған рапорты берілген. Енді әлгі рапортты сол қалпында орыс тілінде келтірейік:

«Первое. По отправлении от Вашего высокородия минувшего мая от 26-го числа, июня 22-го дня к Абылай сұлтану я прибыл и письмо Вашего высокородия ему, Абылаю, отдал, которое того ж дня при собрании довольного числа киргизов и при мне через ево, Аблаева, писаря прочтено, которой, как тем письмом и присылкою меня был доволен. Посланные ж со мною к старшинам

Кулсаре и Куляка батырам Вашего высокородия письма им персонально не вручен затем, что до прибытия моего к ним за десять дней уехали они из домов своих во отдаленные крайние Среднего же орды Аблаева владения, кочующие близ границы калмыцкой в пусте оставшей землицы киргиз-кайсацкие улусы для разбирательства, учинившегося между двух киргизцов смертного убийства» (Сонда, 620-бет).

Бұл құдаттан Құлекенің орыс чиновниктерінің алдында беделді екенін көреміз және оның орыс тілін бірсыдырғы білгені де анық.

Құлекенің Ресей үкіметіне беделді екенін Сібір әскерлерінің командирі генерал-поручик И.Шпрингердің сыртқы істер алқасына 1764 жылғы 16 қарашада жазған мына рапортынан да көреміз:

«... В 1761-1764 гг. Султану Абылаю ежегодно только из крепости святого Петра отпускалось 212 пудов зерна, муки, хлеба. Его брату султану Юлбарсу, батырам Кулсары и Куляки за это же время выдавалось по 100 пудов в год». (В.Я.Басин. Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1971, с. 204).

Құлекенің есімі соңғы рет 1765 жылдың қантарында жазылған «Сыртқы істер алқасының қазақтарға астық сату жөніндегі жұмысының көшірмесінде» аталады. Бұдан кейін ресми документтерде Құлеке туралы ешбір дерек жоқ.

Құлеке батырдың ата-бабалары бұрын Сыр бойында тұрса керек. «Ақтабан шұбырынды...» кезінде халық босып көшкенде олар да көшіп осы күнгі Ақмола облысына қарасты Азат станциясының маңына орналасыпты. Құлекенің атақты ұлы Тілеуке (Шал ақын) сонда 1748 жылы дүниеге келген. Болашақ ақын ес біліп, ер жетіп қалған шағында Бәйімбет, Құдайберді тайпалары Есіл бойына қоныс аударады. Бұл жерді мекендеген естектермен соғыста Құлекенің ағасы Тілеке қаза табады. Алайда, осыдан соң көшіп келген қазақтар өздерінің басшысы Құлеке батырдың қайраты арқасында естектерді есілден ығыстырып шығарады. Естектердің Шуда, Бағанаты, Сарыбұлақ есімді үш батырын Құлекенің жекпе-жекте өлтіргені туралы тараған аңызды осы күнге дейін көнекөз қариялар айтып отырады. Ал, еліміздің белгілі халық ақыны Ахметжан Нұртазин былай жырлаған:

Сарыбұлақ, Шуда менен Бағанаты,
Естектің батыры екен шыққан аты.
Соғысыпғ сойылдасып берілместен,
Белдеуден босамапты байлаулы аты.
Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Құлеке ашуменен ерттеді атты.
Өлтіріп Бағанаты, Сарыбұлақты
Ағасы Тілекенің кегін апты.

Бұл оқиғаның дәл қай жылы болғаны белгісіз. Ахаңның шамалауынша, бұл 1750 – 1760 жылдардың шамасы, өйткені Ақтабан шұбырындыдан кейін Бәйімбет тайпасы Көкшетау маңында 25 жылдай тұрған екен. Содан соң Есілге келіпті. Бұл есеп шындыққа келеді. Орыс үкіметінің ресми документтерінен Құлеке батырдың ауылы 1761 жылы Есіл бойында көшіп жүргенін білеміз. Алайда Құлекелердің бұл жерді нақты қашаннан бері иемденгенін дөп басып айту қиын.

Құлеке қайтыс болғасын Есіл өзенінің жағасындағы «Аютас» деген жерге қойылады. Ол өзі дүние салар адында денесін Түркістанға, ханның, әулие-әмбиелердің қасына апарып жерлеуді өсиет еткен көрінеді. Соңынан сонау алыстағы Түркістанға Бетпақдаланы басып өтіп, жылқы терісіне оралған мәйітті бірнеше салт атпен айшылық жол жүріп, атақты Қожа Ахмет Иассауи кесеңесіне апарып жер ана құшағына тапсырған баласы Тілеуке (Шал ақын). Сөйтіп, ол әке өсиетін бұлжытпай орындап, перзенттік борышын риясыз атқарыпты. Оның бейітінің басында ескерткіш құлыптасы осы күнге дейін сақталыпты. Ол туралы Құлеке батырдың жетінші ұрпағы, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Аманжол Қошанов ана бір жылдары әкесі Қошан марқұммен арнайы барып, Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесеңесіндегі Құлеке бабасының қабірінің басына зиярат жасап қайтқандарын айтқан болатын.

Ия. Жақсының аты өлмейді деген осы да.

«Солтүстік Қазақстан» 24.09.2004 жыл

ШАЛ АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕР

1998 жылы XVIII ғасырдың екінші жартысында өзінің тамаша шығармаларымен қалың елге танылған жырау–ақын жерлесіміз Шал (Тілеуке) Құлекеұлының туғанына 250 жыл толуы республикада аталып өтті.

Кезінде Шал жырларының халық арасына кең тарауы, оның есімінің жұрт аузында зор сүйіспеншілікпен аталуы жыраудың ардагер ақын, қоғамдық мәселелерді келелі сөз еткен азамат болғанын байқатады. Оның шығармаларында қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, заманның өзгерісі, әйел тендігі, адамгершілік мәселелері, табиғат, тіршілік тынысы жан-жақты сөз болады.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы облыстық газетте бірнеше мақала шықты. Мен оның поэзиясындағы педагогикалық-тәрбиелік ой-пікірлері туралы айтпақпын. Өйткені, ақынның педагогикалық ой-пікірлерінің біздің қазіргі жастарымыз үшін де тәрбиелік мәні зор.

Шалдың дүниеге көзқарасында діншілдік сарын сезіліп отырады. Өйткені ақын өз заманының перзенті ғой. Бірақ ақын әрбір сөзін құдай, пайғамбар атымен байланыстыра бермейді. Оның өлеңдерінің басым көпшілігінде адамгершілік мораль мәселесі сөз болғандықтан, не жақсы, не жаман деген дидактикалық ой-пікір көбірек айтылып, өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүшелеріне ақыл, насихат айтуды басты мақсат еткен. Ақын өз өлеңдерінде жақсылық қайдан шығады, жамандық неден туады, жақсы мен жаманның айырмашылығы неде деген мәселенің төңірегінде сөз қозғайды.

Бір өлеңінде ақын:

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,
Жақсы атансаң, біреудің қақын жеме.
Жақсымын деп біреудің қақын жесең,
Жаман адам сол болар, мақұл деме,-

дейді. Бұл пікір халық педагогикасында айтылатын «Тура биде туған жоқ», «Жақсы – көпке ортақ» деген ой-пікірмен ұштасып жатыр.

Тағы бірде ақын:

Жаман сол жақсы сөзді ұға алмаса,
Ғалым болмас ұстаздан дұға алмаса.
Молда есімін алғандар толып жатыр,
Не керек ғылым бойға жұға алмаса, -

деп жастарға ғылым жолын қуып, ғалым болуға тырысуды нұсқайды. Жас кезде шама келгенше оқу мен өнерге молынан сусындау қажет, өйткені жастықта не болса да бойға оңай және тез сіңеді деген идеяны паш етеді, жастардың бойында өнерлілік, зиялылық, парасаттылық болуы тиіс деп тұжырым жасайды.

Жақсының жүрген жері той болады,
Ақыл жоқ кей адамда бой болады.
Көрмеге қандай жаман болса-дағы,
Парсат кей шаһбазда ой болады, -

деген ақын сөздерінен парасаттылық бойға, көрікке байланысты емес, көзге қораш адамдардың ішінде де жаны жайсаң, рухани байлығы мол адамдар болуы ықтимал деген пікірді аңғарамыз. Шалдың мұндай өлеңдерінің мақсаты - жұртшылықты жаманшылықтың кесепатынан жирендіріп, бойына жақсылық шапағатын дарыту. Бұл шығармалардың өз кезінде жастарды тәрбиелеуде игілікті рөл атқарғаны күмәнсіз. Сонымен бірге бұл шығармалар қазіргі кезде де өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтқан жоқ.

Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,
Жарамайды қатты болу тікенектей.
Білімің болса-дағы ұшан-теңіз,
Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей, -

деп ақын өнерлі, білімді азаматтың халқына адал қызмет етуін қалайтынын көрсетеді.

Адам қоғамда көп жасағандығымен емес, білімімен, еңбегімен бағаланады деп ұққан ақын:

Адамды жөн білетін дана деп біл,
Істерін жалқау жанның шала деп біл.

Құр жасы елулерге келсе–дағы,
Білімсіз сондай жандар бала деп біл, -

дейді.

Отбасы бақыты, алған жар мен өсірген балаға байланысты деген ой ақын өлеңдерінде жиі кездеседі:

Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,
Әйелің долы болса, күнде өлтірер.
Жақсыдан жаман туған бала болса,
Атаға үйде жатқан сөз келтірер, -

деп өз ойын жайып салады.

Ақын өлеңдерінде нәресте, бөбек, сәби, бозбала сана-сезімінің қалыптасып даму ерекшеліктері жайында да салиқалы ой түйіндері кездеседі. Оның пікірінше, адамдық қасиеттерге кісі бірден іштен жетіліп тумайды, балалық сана-сезім, тәлім-тәрбиенің, ойынның, ортаның арқасында өсіп, дамып қалыптасады:

Бір жаста, екі жаста бесіктемін,
Бес жаста тәңірі берген несіптемін.
Алты жаста қайыңның тозындаймын,
Он жасымда сүт емген қозыдаймын,
Он бесте жарға ойнаған лақтаймын,
Бой түзеп жиырмада сылақтаймын, -

деген өлең жолдарынан бала саңа-сезімінің даму жолы, бой мен ойдың қатар дамуындағы әр жастың өзіне тән ерекшеліктері, түрлі ішкі-сыртқы ой мен іс-әрекет баланың жан дүниесін біртіндеп нәрлендіріп, жаңа мазмұнға ие болып отырғандығы байқалады.

Шал ақын бір толғауында жастарға досыңа адал бол, түрлі ғылым мен өнерге жас кезіңнен кіріспесең, соңынан өкінерсің деп ескертеді:

Досқа жалған сөйлесең,
Өзіңді-өзің ұрғаның,
Түрлі ғылым, өнерге
Жаста ғадет қылмасаң,
Бәйтеректей қайыспай
Қоңырайып тұрғаның...

(Бұл толғау Шалдың бесінші ұрпағының бірі Досмағанбетов Рашит ақсақалдың есінде сақталыпты).

Қазақ халқына келінге деген ілтипат оған деген зор құрметке айналған. Бала тәрбиесі, отбасы ұйтқысы келіндерге байланысты. Келін жақсы болса, отбасы тату, ағайын-туыстың аралас-құраласы да келіннің кішпейілділігіне, сыйластығына байланысты деген халық қағидасы ақын өлеңдерінен өзекті орын алған. Ақын «ақырған аждаһадай аю келін бар, үлкенге ізет, жасқа қамқор ақылды, арлы келін ер азаматпен тең түсер, ізгі жан, сондай әдепті үлгілі болындар», - деп жастарға өсиет айтады. Тағы бір өлеңінде ол:

Келін жақсы болса,
Үйіне көп кісі келеді.
Келін жаман болса,
Келген кісі кеткісі келеді, -

деп қазақтың байырғы қонақжайлылығының өзі де келінге байланысты екенін көрсетеді.

Сонымен бірге Шал жастарға жас өміріңді бос өткізбе, еліне, Отаныңа пайдалы қызмет ет дегенді уағыздайды.

Байлауы жоқ шешеннен
Үндемеген есті артық.
Бәйге алмаған жүйріктен
Белі жуан бесті артық, -

Деп, халқына қызмет етпесең, өміріннің мәні болмайды, құр мақтанып, көпіріп сөйлегенше еңбегіңді көрсет деген ой түйіндейді. Халқыңа қызмет қыл, ел қамын ойла деуден артық патриоттық сезім болуға тиіс емес. Міне, бұл – Шал ақынның педагогикалық ой-пікірінің келер ұрпаққа айтар өсиетінің тобықтай түйіні.

Келер ұрпаққа осындай тәрбиелік мәні бар өлең-жырлар қалдырған ақынның мектептерге арналған қазақ әдебиеті оқулығында орын алмауы таңдандырады. Орта мектептің 9 сыныбына арналған қазақ әдебиеті оқулығында (Алматы: «Рауан»,1995 ж.) «XI – XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген тарау бар. Сонда Қазтуған жыраудан (XV ғ.) бастап, Бұқар жырауға (XVIII ғ.) дейін орын беріледі де, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Махамбет Өтеміс-ұлына түсе қалады. Ал жыраулар мен ақындарды жалғастырып тұрған әрі жырау, әрі ақын Шал Құлекеұлы туралы бір сөз айтылмайды.

Біздіңше, бұл – үлкен ағаттық. Қазақ мектептептерінің

мұғалімдері шәкірттерін Шал ақын мұраларымен таныстырып отырулары жөн. Шал ақынның қазақ әдебиетінде алатын өз орны бар. Ол Бұқар жыраудан кейін тұруға тиісті. Қорыта келгенде айтарымыз, ақындардың атасы атанған Шал ақын шығармаларының тәрбиелік мәні де зор. Сондықтан мектептің әдебиет оқулығы бағдарламасына енгізген жөн.

Кітапта: «Шал ақын. Өлеңдер. Зерттеулер. Деректер». Алматы: «Арыс», 2003, 163-168 беттер.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

Кеңес Одағы кезінде қазақ төл тарихы формациялық сипаттағы жалпы заңдылықтарға лайықталып баяндалып, одан маңызды оқиғалар мен фактілер, қызметі ресми идеологиялық доктриналық нұсқауларына сыймаған аса көрнекті тарихи тұлғалар алынып тасталды. Халық тарихының қайғылы беттері айтылмады.

Ал қазақтың аты ауызға іліккен дарабоз батырлары мен билері, шешендері мен ақын, жыраулары көп болған. Солардың бірі - кейінгі кезде ғана аты мәлім болған Қожаберген бабамыз. Ол қазақ халқының XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген айтулы жырауы, әнұраңға айналған атақты «Елім-ай» жырын шығарған адам. Қазақта «Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бәр тайлақ бос келеді» дейтін өленді білмейтін пенде жоқ шығар. Елге кең танымал осы жырды шығарған Қожаберген бабамыз екені бізге соңғы жылдары ғана белгілі болды.

Қожаберген жырау жәй ғана батыр емес, кезінде бүкіл қазақ әскерін басқарған қолбасшы (ордабасы), әйгілі ғұлама шешен, шежіреші болған. Оған өзінің «Елім-ай» жыр дастанындағы мына шумақтар айғақ бола алады:

Өнерге жас шағымнан құштар болғам,
Самарқант, Бұхарадан білім алғам.
Атанып үздік шәкірт қатарында,
Ең үлкен медресесін тәмамдағам.

Ерлікпен мағлұм болдым алыс-жатқа,
Ән шырқап, қобыз тарттық көңіл шатта.
Бітіріп медресені шыққаннан соң,
Имам боп он жетімде міндім атқа.

Он сегізде әйгілі балуан болып,
Он тоғызда іліндім балуан атқа.
Жиырмада имам болмай, ақын болып,
Сыймайтын іс жасадым шаригатқа.

Тіліне араб, парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Шамамша қол бастаған сардар болып,
Мен жүрдім мұсылманға қызмет етіп.

Баба жыраудың шежіреші болғандығы және оның «Елім-ай» әнің, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырын шығарғандығы жайында қазақтың белгілі философ ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің «Даналарға» атты өлеңінде былай деп жырға қосады:

Өнерге құлаш ұрып бала жастан,
Тарихын бұл Үш жүздің етіп дастан,
Баласы Толыбай сыншы Қожаберген
Бой ұрған ерлік іске әуел бастан.

Ұрпағы оның батыр Сегіз өтті,
Нияздай асыл ерді қасына ертті.
Қолына қобыз алып өр шабытпен,
Мұра ғып шежіре-жыр тастап кетті.

Қолбасы, ақын жырау һәм емші-би,
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні менен жырын тағы
Қожаберген жырау бабанды сүй.

Қожаберген жырау 1683 жылдан бастап бес жыл Әз Тәуке ханның елшілік қызметіне басшылық етті. Ал 1688 жылы Әз Тәукенің ұсынысы бойынша үлкен құрылтайда ордабасы болып сайланады. Сөйтіп, ол 1688 – 1710 жылдары қазақ,

ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен қолына әскербасы болып, қалмақ шапқыншылығына қарсы ұзақ жылдарға созылған соғыстарда талай рет ірі жеңістерге жетіп, ордабасы, тархан атағын алады. Оның 23 жыл әскер басқарғанына өзінің «Үш би» атты өлеңіндегі мына шумақ дәлел бола алады:

Басқарып үш жүз қолын жиырма үш жыл,
Орнымды Бөгенбайға бердім биыл.
Еш сардар қалт қылған жоқ жарлығымды,
Кезінде ұзақ соғыс, күндер қиын.

Қожаберген жырау 1710 жылы жаздың аяғында өзінің орта жасқа таяп қалғанын, ұзақ жылдарға созылған ауыр соғыстарға үздіксіз қатысып, шаршағаның мойындап, Әз Тәуке ханнан өзін ордабасы қызметінен босатуын сұрайды. Әз Тәуке әуелі келісімін бермесе де, Қожаберген өз орнына үздік шәкірті Бөгенбайды ұсынғасын келісімін береді. Сөйтіп, Қожаберген батыр Бөгенбай батыр Ақшаұлына батасын берып, өз орнына бас қолбасшы етіп сайлатады. Ол жайында өзінің шәкірті Бұқар жырау «Ғадыл ер» деген өлеңінде былай дейді:

Қожаберген ғадыл ер,
Қадырын білген қалың ел.
Бөгенбайдай батырға
Билігін берген ардагер.

Қожа-екеме Бөгенбай -
Шәкірт болған жан еді.
Сайлатқан ол ұстазым,
Қарадан шыққан хан еді.

Бұдан кейін Қожаберген батырды кезінде өзін тәрбиелеп өсірген ағасы Қарабас тархан жасы ұлғайғанын айтып, өз орнына Орта жүз Керей-Уақ елдеріне шора сайлатады. Сөйтіп, жырау 1710 – 1723 жылдар аралығында өз жұрты Керей-Уаққа басшы болыпты.

1723 жылғы көктемде жырау Сыр бойында мекен еткен қайын жұртына қонаққа аттанады. Аттанарда өзінің орнына ағасы Қарабас тарханның үлкен ұлы Асқап сардарды Керей-Уақ елдеріне шора сайлатады.

Қожаберген жырау сол қайын жұртынан қонақтан қайтқан

жолында қалмақтардың қоршауында қалады. Сөйтіп, ол «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан өткеріп, көзімен көріп, қырғын соғыстың жуан ортасында болады. Сол аса қатерлі сапарда ол Науан, Әсет есімді екі батыр баласынан, өзіне әрі өкіл бала, әрі атқосшы саналған Айбек, Ермек атты екі батыр азаматтан айырылып, бәйбишесі Айша екеуі әрең дегенде көппен бірге жау қоршауын бұзып өтіп, аман құтылады. «Елім-ай» әнің, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімін жырау сол кезде шығарыпты.

Батыр жыраудың «Елім-ай» эпопеялық жыры қазақ халқының сыртқы жауларға бағытталған жарты ғасырлық әрі әділетті, әрі азаттық соғысын суреттеуге арналған маңызы кесек тарихи шығарма. Жырдың бірінші бөлімі де жырмен аттас келген «Елім-ай» әні мен «Елім-ай» күйі де 1723 жылғы орасан қырғынды, ел басына келген ауыртпалықты көпке сол күйінде жеткізуге арналған. Қожаберген жырау шығарған жырдың (дастанның) тарихи құндылығы өте зор. Батыр бабаның өмір жолы да, оның тарихи шығармасы «Елім-ай» да жастарды отаншылдыққа, адалдыққа, бауырмалдыққа, турашылдыққа, әділдікке, татулыққа, ұйымшылдыққа, көпшілдікке, жауынгерлікке, достыққа тәрбиелеуге үндейді. Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ топырағында «Елім-ай» әнін білмейтін адам жоқ. Өйткені ол басынан кешкен қаралы кезенді білдіретін, халық басынан өткерген қиямет қайым оқиғаны суреттейтін қайғылы ән. Сол себепті де «Елім-ай» ел ұранына айналды. Ел тағдыры, жер тағдыры сөз болып, егеменді республика атанып жатқан қазіргі жағдайда «Елім-ай» әні қайта-қайта еске оралады:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылып жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді, -

деп басталатын ән кімді болса да бей-жай қалдырмайды.

Қожаберген батыр бабамыздың өз елін, өз жерін жан-тәнімен сүйіп, өз жұртын жаудан омырауын оққа төсеп, өжеттілікпен қоғаған жалынды отаншыл патриот ақын екені барлық шығармаларынан көрініп тұрады.

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанын жоғары

бағалаған көрнекті білгір адамдардың бірі - халқымыздың данқты әскери қайраткері, дарынды жазушы, атақты батыр, есімі әлемге әйгілі Бауыржан Момышұлы: «Керей Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры - әскери дастан! Жас бала кезімде оны әңшілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?» - деген екен.

Қазақ халқының аса көрнекті ғылым қайраткерлерінің бірі, тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханов: «Көшебе керей Қожаберген ақынның «Елім-ай» дастаны - тарихи эпопеялық жыр. Әрі сол «Елім-ай» ерлік хиссаларының бірінші бөлімі - 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен бірден-бір тарихи құжат!» - деп бағалапты.

Осы мазмұндас бағаны академик-жазушы Ғабит Мүсірепов, академик ғалым Әлкей Марғұлан, академик Ақай Нүсіпбеков, т.б. кезінде шегелеп айтқан екен.

Қожаберген бабамыздың бізге жеткен екінші дастаны - «Баба тілі». Мұның бірінші бөлімінде жырау қазақ шежіресі туралы, қазақ халқының қалыптасуы, құрамы жайында өз пайымдауларын жазса, екінші бөлімінде баба тілі - қазақ тілі туралы, қазақ тілінің тарихы, жазба тіліне және көне тіл, бай тіл екендігіне ғылыми талдау жасайды.

Дастанның бірсыпыра шумақтары баба тілді - ана тілді қадірлеуге, құрметтеуге, дұрыс пайдалануға, тазалығын сақтау туралы насихатқа арналған.

Жырау қазақ тілінің қалыптасу тарихына тоқталады. Қазіргі қазақ тілінің байлығы бір ғасырдың ғана жемісі емес, мың жылдан артық уақыттың жемісі дей келе түрік тектес халықтар ішіндегі ең сөзге бай, дамыған тіл дейді.

Қожаберген бабамыздың өмір жолы мен шығармаларының қазіргі жастарды отансүйгіштік патриоттық рухта тәрбиелеуге зор ықпалы бар. Ұлы бабамыздың қазақ тарихындағы рөлін, орнын заңғар тарихшы, академик Манаш Қозыбаев былай деп бағалаған еді: «Қожаберген есімі Әз-Тәуке хан, Абылай хан, Әбілхайыр хан, Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты ұлтымыздың ұлдарының қатарында Отан тарихында хатталады». Бұған біздің алып-қосарымыз жоқ.

«Алаш үні» 17.06.2005 жыл

ТОҚСАН БИ

Сонау XV-XVII ғасырлардан бері қазақтың би, шешендері даулы мәселені түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, қарарсыз, ауызша жүзеге асып, бітіп жатқан. Ертедегі билер осы күнгі соттың да, прокурордың да, қаншама мекеме, ұйым басшыларының да қызметін атқарып келген ғой. Атқарғанда да ол билердің кесім, бітімі көпшіліктің көзінше ашық аспан астында айдан анық жария боп отырған, ешқандай құпия, алдын ала ымыраласу, пәтуаласу деген болмаған. Билер өз сөзің, билік шешімін: «Ал, халайық, бұған не дейсіңдер, ризамысыңдар?» деп көпшілікке салып мақұлдасқан. Осы күнгі ашқылып жүрген жариялылық, демократиялық, адамгершілік пен гуманистік дегеніміздің өзі осы емес пе?!

Сондықтан да халық өзінің от ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жара әділ билік айтатын шешен билерін ханмен бірдей қадірлеп, сыйлап, олардың айтқан кесімді, бітімды сөздерін жадында сақтап келген.

Қазақ елі шешенмен, билерге кенде болмаған. Ұлы Шоқанның айтуынша, оларды халық өздері қалап, би атап отырған, ешқандай арнайы сайлау, үкімет тарапынан тағайындау болмаған. Ал, би болып белгіленетін кісілер өзінің шешендік, әділ төрелік айта алатын қасиетін көпшілік алдында көрсете білуі тиіс болған (Шоқан Уәлиханов, Таңдамалы. Алматы. «Жазушы», 135-і бет).

Билер барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын, тура сөйлейтін нағыз шешен әрі ақылгөй, халық қамқоры болған. Сондықтан да халық «Тура биде туған жоқ», «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» - деп мақалдап кеткен.

Біздің солтүстік өңірден шыққан осындай аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеген от ауызды, орақ тілді шешен билеріміздің бірі үш жүзге аты шыққан Тоқсан би бабамыз.

Тоқсан би Жабайұлы XVIII - XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген шешен би. Оның әкесі Жабай атақты Абылай ханның белгілі батырларының бірі. Жабай батырдың ерлігін сол кездегі ақын әрі батыр Тәтіқара өз өлеңінде атап өткен.

Тоқсан би қазіргі Жамбыл ауданының жерінде туған. Оның жас кезінен бастап шешендік өнерді үйреніп, билік айтуға ғыңдалуына атасы Қара бидің әсері мол болған. Атасы оны бала кезінен қасына ертіп жүріп, сол кездегі белгілі

би, шешендермен кездестіріп, солардың билік айтыстарын көрсетіп, баулыған. Жас Тоқсан бірте-бірте өзі де сондай билік айтыстарға қатысып, билік пен шешендік өнерін дамытқан. Ол жасынан өз руының басшысы және оның намысын қорғаған, жоғын жоқтаған биі болған. Ол бүкіл Керей - Уақ, Атығай - Қарауыл елдерінде өте беделді, парасатты, алдын болжай білетін әрі әділ би бола білген. Содан да болар аталған төрт рулы елде Тоқсан би келмей сөз басталмаған, табақ тартылмаған екен. Оның шешендігі, тапқырлығы, әділдігі бүкіл халықты риза қылған. Ол өз қатарындағы билерден өнерін асырып, жүйрік жүлдегер санатына кірген, дәуір шындығын ақтарып, заманның ұнамсыз сиқын сынаған, жақсы-жаманды әділ безбендеген. Ол үлкен жиындарда өз ойын тұжырымдап, ақын жырауларға тән әдетпен суырып салып тақпақтап айтып отырған. Жер-жерде «Тоқсан би сөзі» деген сипат алған нақыл сөздер, өлең шумақтары ел арасына тараған.

Тоқсан би алғашқы кезде Еменалы Керей болысының биі болса, кейін бүкіл Тобыл губерниясы қазақтарының төбе (бас) биі болады. Бұл дерек Омбы мұрағатында көрсетілген (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты, 3-і қор, 12-і тізім, 17681-і іс). Сол кезде оның даңқы барлық үш жүз қазақтарына тарайды. Ол өз заманында қара қылды қақ жарған әділ би болған. Оның көптеген жағдайларға байланысты айтқан асыл сөздері бүгінгі күнге дейін жетпеген, тек кейбіреулері ғана ұрпақтарының және құйма құлақ қарттардың есінде қалған. Сонымен қатар кешегі өткен кеңес заманында билер байларды жақтаған «бөтен» элементтерге жатқызылып, олардың еңбектерін жинауға, зерттеуге, халыққа таратуға тыйым салынған болатын. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халқымыздың асыл мұрасын, оның ішінде атақты билеріміз бен шешендеріміздің ұлағатты сөздерін, әділ билік шешімдерін жинап, зерттеп, жариялауға, олармен жас ұрпақты таныстыруға мүмкіндік туды. Ал бұл мұралардың қазір де тәрбиелік мәні зор.

Тоқсан би қазақтың әйгілі Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билерімен қатар тұрған даналарымыздың бірі. Ол да өмір бойы халық қамын жеген кемеңгер.

Енді Тоқсан би бабамыздың ел ішінде кең тараған өлең шумақтарымен айтылған кейбір нақыл сөздерін келтірейік:

Өткел өтсең бұрын өт,
Арты болар бір тайғақ.
Ұрлық қылсаң жалғыз ет,
Екеу болсаң бірі айғақ.
Сапар шексең көппен шек,
Дұшпанына ол да айбат!
.....
Пышағыңды мұқалтпа,
Не кеспесті біліпсің.
Танымасқа сыр айтпа,
Не деспесті біліпсің.
.....
Артқы айылдың батқанын,
Иесі білмес, ат білер.
Ер жігіттің қадірін
Ағайын білмес, жат білер.
.....
Біреуден алсаң аманат,
Берсең жақсы-саламат.
Жансал қылсаң бақ кетер,
Ақыры қалар жаман ат.
.....
Қарауылдың жаманы
Алдырған соң өкінер
Балуанның жаманы
Шалдырған соң өкінер.

Тоқсан бидің мұндай нақыл сөздері, тақпақ өлеңдері, билік, төрелік сөздері ел ішінде күні кешеге дейін көп айтылатын. Әттең, уақыт өткен сайын оларды жадында ұстап айтатындар азайып барады.

Тоқсан би бабамыз көпшіл, қоғамшыл, бар қазақтың қамын ойлаған адам болған. Алайда, осындай елі үшін аянбай еңбек еткен, қасиетті сөзді шешен, би бабаларының осы кезге дейін еленбей келді. Қазіргі жас ұрпақ олардың шешендік сөздері түгіл есімдерін де біле бермейді.

Соңғы жылдары облысымызда Тоқсан би бабамызға, оның өмір жрлы мен еңбектеріне көңіл бөлінуде.

2000 жылдың 25-ші тамыз күні облыс судьяларының бастауымен Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның «Западное» селосының қасындағы биік төбедегі Тоқсан би бабамыздың

қабірінің басына ескерткіш құлпытас қою салтанаты өткізіліп, ас берілді, дұға оқылды. Құлпытаста мынадай жазу бар:

«Тоқсан би Жабайұлы. Алдай атасы. Керей руы. XIX ғасыр.
«Ер сырымдай халқыңның көсемі бол,
«Тоқсан бидей Үш жүздің шешені бол!
Сегіз сері».

Биылғы жылдың басында Қазақстан Республикасының судьялар одағының облыстық филиалы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімшілігі мен маслихатына бидің зиратына жақын тұрған Западное селосын «Тоқсан би» деп атауды ұсынып үндеу жариялады. Осы мақсатты іске асыру үшін облыс судьялар ұжымдары бір күндік еңбекақыларын жинап, 1 миллион теңгеден астам қаржы дайындап қойды.

Жуырда Петропавл қалалық мәслихатының кезекті сессиясында депутаттар бұрыңғы Абай көшесіне толағай тұлға Тоқсан бидің есімін беру туралы шешім қабылдады. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» демей ме халық даналығы. Бұл жаналық жалғыз менің ғана емес, ел азаматтарын ерекше сезімге бөлегені анық.

Мен бұл мақаламда ұлы бабамыз хақында қысқа мағлұмат бердім. Ал Тоқсан би туралы толығырақ білгісі келгендер Социал Жұмабаев екеуміз 2001 жылы шығарған «Тоқсан би» атты кітабымызды оқуына болады.

«Қызылжар нұры» 21.07. 2006 жыл

ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ
(Шоқан Уәлиханов - 170)

Қазақтың біртуар перзенті Шоқан Уәлихановтың еңбектері мен ісі әлем мәдениетінің алтын қорына кірді.

Орыстың көрнекті шығыстанушысы, академик Н.И.Веселовский 1904 жылы жарыққа шыққан Шоқан шығармаларының кіріспесінде ол туралы: «Уәлиханов Шығысстану әлемінің аспанында құйрықты жұлдыздай жарқ етіп ағып өтті. Орыс ориенталистері оны ғажайып құбылыс деп тауып, ол түркі халықтарының тағдыры туралы аса маңызды жаңалықтар ашады деп үміт етті, бірақ Шоқанның мезгілсіз қайтыс болуы осы үмітіміздің бәрін үзіп кетті» деген еді.

Шоқан сол аз ғана өмірінде (не бары 30 жас) көп іс тындырды. Ол тарих, география, этнография, биология ғылымдарына зор үлес қосты. Сонымен қатар ол фольклоршы, көсем сөзші, суретші, саяхатшы да болы. Ол бала кезінің өзінде қазақ халқының ауыз әдебиетін жақсы меңгерді және басқа да түркі халықтары мәдениетінде жаңаша ойлау өресін қалыптастырып кетті.

Шоқан Омбыдағы кадет корпусына оқуға түскенде орыс тілін білмейтін еді. Өзінің алғырлығы арқасында ол орыс тілін тез үйреніп алды. Бұл туралы академик жазушы Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романында былай дейді: «Оқу бастала келе, сібірлік кадет корпусының өмірінде ерекше бір көрініс болып қалды. Қысқы каникулға дейін Шоқан орыс тілін алдыңғы қатарда оқитын қырық баланың ішіндегі ерекше үлгеретін ушеуінің бірі болды», (Сәбит Мұқанов. Аққан жұлдыз. I кітап. Роман. Алматы. «Жазушы» - 1967 ж. – 399 бет.).

Орыс тілін жақсы меңгерген Шоқан осы кадет корпусында орыс әдебиетін де жүйелі әрі терең білетін болды. Ол кезде бұл оқу орнында оорыс тілі мен әдебиет тарихын Н.Ф.Костылецкий, әдебиет сабағын В.П.Лободовский, тарих сабағын П.В.Гонсевский сияқты аса білімді әрі тәжірибелі оқытушылар оқытатын еді.

Шоқанмен кадет корпусында бірге оқыған досы Г.Н.Потанин өздерін оқытқан Н.Ф.Костылецкий туралы былай деп жазған: «Костылецкий познакомил нас с Пушкиным,

Лермонтовым и Гоголем. На Пушкина он смотрел как на национального гения... Костылецкий познакомил нас со взглядами Белинского на русскую литературу; он весь свой курс о русской литературе составил по критическим статьям Белинского...» (Г.Н.Потанин. Биографические сведения о Чокане Валиханове. Собр.соч. Ч.Ч.Валиханова в 5 томах, том 4. Стр. 552).

Н.Ф.Костылецкий Шоқанның шығыстанушы ғалым И.Н.Березинмен достық қарым қатынас жасауына жол ашып берді. Тоқтамыс ханның жарлықтарындағы кейбір терминдер мен сөздерді түсіндіру үшін көмек қажет болғанда, Костылецкий Березинге Шоқан Уәлихановты ұсынады. Осыдан кейін Березин мен Шоқан арасында хат жазысу басталады. Орыс ғалымының сұрақтарына жас Шоқан толық та тиянақты жауап береді. Осы хат жазысу Шоқанның ғылыми еңбегінің алғашқы қадамы деуге болады.

Сөйтіп, Шоқан жасынан өз халқының және жалпы Шығыстың тарихы мен әдебиетін, мәдениетін білуімен бірге енді кадет корпусында оқып жүріп, орыс ғылыми және мәдениет қайраткерлерімен қарым қатынас жасай бастайды. Бұл оның орыс әдебиетімен жақсы танысуына да себепші болады.

Орыс әдебиетіне деген қызығушылық Шоқанның барлық ғылми шығармашылық жолында сайрап жатыр. Оның орыс әдебиетін жетік білетіндігі еңбектерінен анық көрінеді. Орыс әдебиетінің дамуының барлық кезеңдерін білгендіктен Шоқан оның көптеген образдарын өз еңбектерінде асқан шеберлікпен пайдаланған. Оның шығармаларында орыс фольклорының, ертегілерінің, жылнамаларының кейпкерлері: Владимир Красное Солнышко, Добрыня Никитич, Кащей бессмертный, т.б. кеңінен орын алған. Ол өз еңбектерінде орыс пен қазақ ертегілреінің сюжеттерінің ұқсастығы туралы ойын білдіреді.

Өзінің ғылыми еңбектерінде және хаттарында Шоқан XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің мысалдары мен айғақтарына жиі жүгінеді. Шоқанның сол кездегі замандастары оның Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің, Белинскийдің шығармаларын жақсы білетіндігі туралы жазған болатын. Шоқан жазбаларында Пушкиннің «Бақшасарай хауызы», Лермонтовтың «Демон» поэмаларынан үзінділер кездеседі. Оның бір жазбасында Гогольдің аты аталады, «Ревизор»

атты пьесасы аталып, жазушының кейпкерлері Городничий, Добчинский және Бобчинский көрсетіліп өтеді. Шоқанның назарынан орыс әдебиетіндегі «славянофильство», «западничество», «натуральная школа» сияқты ағымдары да тыс қалмаған.

Шоқан Уәлиханов орыс жылнамаларынан өзіне қажетті тарихи айғақтарды анықтап алып отырды Оның еңбектерінде орыс жылнамаларынан Орта Азия және қазақ халықтарының тарихына байланысты алынған оқиғалар көптеп кездеседі. Мысалы, ол Ипатьев жвлнамасындағы 1201-жылғы жазбалардан половцылардың емшан (жұсан) туралы өлеңінің үзіндісін тауып алған. Онда половецтердің әнші ақыны Оряның жұсанның иісі арқылы шетте басқа елде жүрген половецтердің ханы Отрокты еліне қайтарғаны туралы айтылған.Бұл өлең туралы Шоқан орыстың белгілі ақыны А.Н.Майковқа айтқан. Кейін А.Н.Майков осы оқиғаға байланысты «Емшан» атты поэма жазған. Поэманың негізгі мақсаты адамға бәрінен қымбаты оның отаны екенн көрсету. А.Н.Майков бұл поэманы өзінің досы Шоқан айтқан сюжет бойынша жазған.

Шоқан орыс жазушысы А.Н.Афанасьевтің 1855-1863 жылдары баспадан шығарған ертегілер жинағын мұқият оқып шығып ондағы орыс ертегілерінің сюжеттерінің қазақ ертегілерімен ұқсастығын байқайды.

Шоқан Уілихановтың еңбектерінде орыстың белгілі жазушысы әрі тарихшысы Н.М.Карамзиннің тарихи шығармасынан үзінділер кездеседі. Карамзин және оның «История государства российского» атты еңбегі Шоқанның «Киргизское родословие» («Қазақ шежіресі») деген еңбегінде аталады.

А.С.Пушкиннің, М.Ю,Лермонтовтың, Н.В.Гогольдің шығармаларымен, В.Г.Белинскийдің идеяларымен Шоқан алғаш Сібір кадет копусында оқып жүргенде танысқан болатын.

Шоқанға әсіресе, М.Ю.Лермонтовтың шығармалары үлкен әсер етті. Олар, тіпті, оның өмірге көзқарасына және жеке басына, мінезіне де әсер етті деуге болады. Оның офицер киімімен түскен суреттерінде де Лермонтовқа ұқсастық байқалады. Шоқанның бірсыпыра еңбектерінде орыс ақынының өлендерінен, поэмаларынан үзінділер кездеседі. Шоқан жазбалрында оларды қолдану формалары мен әдістері

оның ақын шығармаларын жатқа білетіндігін көрсетеді.

1856 жылғы Құлжа сапарындағы күнделігінде Шоқан ақынның «Демон» поэмасынан үзінділер пайдаланған.

Қорыта келе айтсақ, Шоқан Уәлиханов еңбектерінде кездесетін орыс әдебиетінің материалдарына байланысты осы қысқаша шолудың өзі оның орыс әдебиетінде болып жатқан процестерді жиі қадағалап отырғанын және оны өз шығармаларында ұтымды да орынды пайдаланғанын көреміз. Сөйтіп, ол қазақ қоғамдық және әдеби ой жүйесінің көкжиегін кеңейтті, оны жаңа образдармен және әдеби тәсілдермен толықтырды. Ол қазақтардың орыс әдебиетінің байлығын меңгеруіне, екі халықтың мідениетін өзара толықтыруға ең алғаш жол салды.

Шоқанның білімділігі туралы оның кластас досы Г.Н.Потанин былай деген:

«Жасымыз жағынан үлкен болғанымызбен, жасына қарамай ересек көрінетін Шоқанмен салыстырғанда, біз білім жағынан жаланбұт бала сияқты едік. Ол білетін нәрсесін, бізден артық тұрғанын жолдастар арасында дәріптемейтін, бірақ реті келген жерлерде білімінің жоғарылығы, шоқтығының биіктігі аңғарылып-ақ тұратын. Өз әріптестері үшін, оның ішінде мен де бармын, ол «Европаға ашылған терезе» секілді еді».

Ал заңғар жазушы Ғабит Мүсірепов өзінің «Біртуар» атты мақаласында Шоқан туралы былай дейді:

«Ұлының тұлғасына зер салғанда мемлекетаралық қатынастың, саясаттың бел-белестерін де ұмытпауымыз шарт. Патша әкімшілігінің есерсоқтығы, отаршылдық тоқпақ Шоқан өміріне кеселін тигізбеді деп айналып өту, кешірілмес күнә болады. Шоқан өмірінің бізге бұлдыр тұстарының өзі қаншама. Осының бәрін ізденгіш, Шоқан мұраларына аса бай рухани азық табар ұрпаққа аманат етемін.

Тілегім - келер күнге нық басқан қадамымызбен Шоқанның Шоқандығын, Ұлының ұлылығықана шоқтығы биіктей түсетінін ұмытпасақ деймін! Шоқан ы бар ел шоқытғы биік ел!» (Ғабит Мүсірепов. Біртуар // «Білім және еңбек» № 11, ноябрь 1985 ж. 2 - 3 беттер),

Ғабеңнің бұл тамаша сөздері бәрімізге, әсіресе, жастарға арналған аманат әрі тлек. Ол Шоқан дай халқымыздың мақтанышының еңбектерін зерттеп, одан ғибрат алуға және онымен мақтануға шақырады. Біз мұны құп алуымыз керек.н үлкен мақтанышпен жыр етіп отыралық, Ұлы перзентін

басына асқақтата көтерген халық қана шоқтығы биіктей түсетінін ұмытпасақ деймін! Шоқаны бар ел шоқтығы биік ел! (Ғабит Мүсірепов. Біртуар / «Білім және еңбек» № 11, ноябрь 1985, 2-3 беттер).

Ғабеңнің бұл тамаша сөздері бәрімізге, әсіресе, жастарға арналған аманат әрі тілек. Ол Шоқандай халқымыздың мақтанышының еңбектерін зерттеп, одан ғибрат алуға және онымен мақтануға шақырады. Біз мұны құп алуымыз керек.

«Солтүстік Қазақстан» 03.12.2005 жыл.

К 100-летию Уары Нурсеитова

ДОСТОЙНЫЙ СЫН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

В эти дни исполнилось 100 лет со дня рождения одного из видных личностей нашей области, известного журналиста и редактора ряда краевых и областных газет, участника Великой Отечественной войны Уары Нурсеитовича Нурсеитова.

Я познакомился с ним в конце 1969 года в доме заместителя директора Городецкого совхоза бывшего Октябрьского (ныне Шал акына) района Умирбая Ибраевича Ибраева. Тогда я работал директором Городецкой средней школы. В то время его статьи и очерки о трудовых достижениях работников сельского хозяйства, культуры и искусства, о ратных подвигах воинов Великой Отечественной войны публиковались в областных и республиканских газетах. Во время той встречи он показал себя очень эрудированным, высококультурным в то же время скромным и вежливым человеком.

Уара Нурсеитов за свою короткую жизнь (всего 60 лет) прошел сложный и интересный путь. Родился он 15 ноября 1916 года в ауле Аралагаш нынешнего Аккайынского района СКО. Трудовую деятельность начал в 17-летнем возрасте управделами Нуринского района (центр – село Казгородок) Акмолинской области. В 1934-1935 г.г. работает секретарем орготдела Карагандинского облисполкома. В 1938 г.г. окончил с отличием Алматинский институт журналистики и сразу приступил к работе ответственным секретарем Северо-Казахстанской областной газеты «Ленин туы». С ноября 1938 г. по декабрь 1940 г. У.Н. Нурсеитов редактирует газету

«За Родину» в Уральском военном округе. С декабря 1940 г. по август 1941 г. он вновь в Петропавловске, работает завотделом агитации и пропаганды газеты «Ленин туы». В августе 1941 г. призывается в армию. В г. Актюбинске, где формировалась Казахская 101-ая отдельная стрелковая бригада, его назначают редактором бригадной газеты «Отан үшін» («За Родину») на казахском языке. В сложное время оперативно здесь же в г. Актюбинске Уара Нурсеитович сформировал редколлегию, с помощью местных властей приобрел передвижную типографию и наладил выпуск газеты.

В первых номерах газеты сообщалось о буднях боевой подготовки бойцов формирующейся бригады. Публиковались и стихи поэтов. Однажды в газету зашел прославленный народный поэт, акын Казахстана Нурпеис Байганин и предложил свое стихотворение о героическом подвиге 28 героев-панфиловцев под Москвой. Публикация этого стихотворения способствовала подъему патриотического духа молодых воинов. Именно он возродил в годы войны жанр героического дастана. Приносил свои первые стихотворения и молодой артиллерист, впоследствии ставший видным поэтом, известным детским писателем Музафар Алимбаев. Позже в своей статье «Шайқас күндерінде» («В дни боевых сражений»), опубликованной 3 мая 1975 года в газете «Ленин түы» Уара Нурсеитович вспоминал о том, как подбирал газете корреспонентов.

Обязанности редактора газеты были возложены на него внештатно, в качестве партийной нагрузки. А основная занимаемая им должность всё же была комиссарская и связана с непосредственным участием в боях на Калининском и Прибалтийском фронтах и идеологической работой с личным составом. Уара Нурсеитов был старшим инструктором политотдела, затем заместителем начальника политотдела бригады. О его редакторской работе и непосредственном участии в боевых действиях бригады подробно написал бывший командир 1-го батальона бригады, подполковник Х.Бекишев в своей книге «Батальон алға» («Батальон, вперед!»), выпущенной в г.Алматы в 1985 г.

Есть информация об Уаре Нурсеитовиче и в книге К.Абенова «Операция «Марс». Казахи в «Долине смерти». Исследовательскую работу провел и племянник

Уары Нурсеитовича по материнской линии, полковник Центрального аппарата Министерства обороны Казахстана Магжан Кахарманов. Он представил историю награды майора Нурсеитова.

«Майор Нурсеитов в наступательных боях с 27 по 29 сентября 1943 года за населенные пункты Верховье и Сеньково Суражинского района Витебской области майор Нурсеитов проявил себя мужественным и отважным руководителем.

Находясь все время в боевых порядках он умело руководил партийно-комсомольскими организациями и добивался авангардной роли коммунистов-комсомольцев в бою, в результате чего бойцы батальона не смотря на жестокие контратаки противника выбили его из занимаемых им выгодных в тактическом отношении рубежей населенного пунктов Верховье и Сеньково.

В этом бою Нурсеитов был тяжело ранен – потерял правую руку.

Тов. Нурсеитов достоин правительственной награды ордена «Отечественной войны 1-й степени».

Командир полка подполковник Дорохов.

Зам. Командира полка по п\ч подполковник Зубарх

2 марта 1944 года

(ист. Наградной лист Нурсеитова Уара архив МО РФ)»

Ему также разорвало брюшную полость осколками фашистского снаряда. Уара Нурсеитович всегда с горечью и благодарностью вспоминал того рядового солдата, что прикрыл своим телом его - майора, политрука батальона, от разрыва снаряда и сам при этом погиб смертью храбрых...

После лечения в госпитале вернулся домой, а бригада (вместе с редакцией газеты) дошла до Берлина. После возвращения в родные края Уару Нурсеитова в апреле 1944 года назначили редактором Кокшетауской областной газеты «Кокшетау правдасы». С марта 1949 года по март 1957 года У.Н. Нурсеитов работает секретарем Кокшетауского облисполкома. А с марта 1957 г. по сентябрь 1958 г. он - заместитель редактора «Кокшетауской правды». В 1958 г. он направлен на учебу в г.Москву в Высшую партийную школу при ЦК КПСС. В 1960 г. – назначен редактором Акмолинской

областной газеты «Есіл правдасы». В связи с образованием Целинного края организуется краевая газета «Тың өлкесі» на казахском языке. Главным редактором ее стал Уара Нурсеитов. Его и новую газету поздравил телеграммой академик, писатель Сабит Муканов, который давно был знаком с Уарой Нурсеитовым. Вот текст этой телеграммы:

«Акмолинск Редакция газеты «Тың өлкесі»

Нурсеитову Уаре

Образование Целинного края выход его газеты Тың өлкесі радуют меня не только как патриота республики Казахстан но и родного сына указанного края тчк Я и впредь буду зорко следить за его достижениями и неустанно активно воспевать их тчк Желаю краю и газете оправдать то высокое доверие коммунистической партии и советского народа которое им оказано

Сабит Муканов»

С июля 1962 года по февраль 1965 года Уара Нурсеитович работает главным редактором объединенной редакции газет «Батыс Қазақстан» (на казахском языке) и «Западный Казахстан» (на русском языке) в недавно организованном Западно-Казахстанском крае. После роспуска края Уара Нурсеитов работает с февраля 1965 года по сентябрь 1967 года главным редактором Актюбинского областного комитета по радиовещанию и телевидению.

В сентябре 1967 года Уара Нурсеитович по состоянию здоровья возвращается на родину в Северный Казахстан. С этого времени до середины 1975 года он работает в редакции родной газеты «Ленин туы» сначала завотделом культуры, затем завсельхозотделом.

«Когда он руководил отделом культуры «Ленин туы», - вспоминает журналист Мурат Нурмуканов, - на страницах газеты появились стихи и очерки многих молодых талантов. Работа отдела улучшилась, появились новые рубрики. Он был эрудированным, но в то же время и скромным человеком. С начинающими журналистами говорил как с равными, безо всякого высокомерия, помогал им своими советами».

Уара Нурсеитович, потерявший на фронте правую руку, заново научился писать левой рукой и даже играть ею на фортепиано. Он любил петь казахские народные песни,

композицию Акан сері «Балқадиша», арию из оперы «Кыз Жибек». Часто пел дуэтом с супругой Бикаш.

За время почти сорокалетней журналисткой работы У.Н.Нурсеитов написал сотни проблемных статей, интересных очерков, зарисовок, критических заметок ит.д. Перевел на казахский язык книгу Л.Линькова «Капитан Старой черепахи».

Уара Нурсеитович с 1974 года получал персональную пенсию республиканского значения, однако продолжал работать в любимой им газете. Лишь тяжелая болезнь заставила его лечь в больницу. 13 ноября 1976 года, за два дня до своего 60-летия, У.Н.Нурсеитов скончался. На его похоронах собрались родные и близкие, многочисленные друзья, журналисты и фронтовики. Родным пришли десятки телеграмм с выражением искреннего соболезнования. Привожу несколько из многочисленных телеграмм:

«Мы однополчане мужественного воина умного командира заботливого ага Уары никогда не забудем его. Желаем детям быть достойными прекрасного отца.

Поэт Музафар Алимбаев»

«Коллектив редакции газеты Кокшетау правдасы глубоко скорбит по поводу безвременной кончины первого редактора Кокшетау правдасы персонального пенсионера республиканского значения Уары Нурсеитовича Нурсеитова. Выражаем глубокое соболезнование семье родным близким покойного.

Коллектив редакции газеты Кокшетау правдасы»

За боевые и трудовые заслуги У.Н. Нурсеитов был награжден орденом «Отечественной войны 1-ой степени», двумя орденами «Знак Почета», многими медалями, почетными грамотами. Он был депутатом Кокшетауского областного совета дважды (в 1953 и в 1955 г.г.), Целинного краевого совета 1-го созыва (1961 г.) и Западно-Казахстанского краевого совета, делегатом февральского (1964 г.) Пленума Центрального Комитета КПСС в г.Москве.

Уара Нурсеитов со своей супругой Бикаш Есенбаевой воспитал шестерых детей. Растут шестеро внуков и пятеро правнуков. Внучка Алия пошла по стопам дедушки: окончила отделение журналистики СКГУ им. М.Козыбаева, работает шеф-редактором на телеканале «МТРК» в Петропаловске.

Правнук Алан - ученик 1 класса «Новая школа» в Алматы

- стал победителем городского конкурса, посвященного 70-летию Победы в Великой Отечественной войне. Свою работу он посвятил прадедушке.

Сегодня в день 100-летия со дня рождения Уару Нурсеитова с большим уважением вспоминают его родные и близкие, коллеги и ученики, многочисленные читатели. Память о нем жива. Более того увековечена - в г.Ржев РФ его имя вбито в плиту мемориала.

Кайролла Муканов, ветеран педагогического труда, журналист, краевед.

ОЛ ЕУРОПАҒА АШЫЛҒАН ТЕРЕЗЕ СЕКІЛДІ ЕДІ... (Шоқан Уәлихановтың туғанына - 175 жыл)

Қазақтың біртуар ұлы Шоқан Уәдихановтың артында қалдырған ғылыми еңбектері мәдениеттің алтын қорына кірді. Орыстың көрнекті шығыстанушысы, академик Н.И.Веселовский 1904 жылы жарыққа шыққан Шоқан шығармалары жинағына жазған кіріспесінде ол туралы: «Уәлиханов Шығыстану әлемінің аспанында құйрықты жұлдыздай жарқ етіп ағып өтті. Орыс ориенталистері оны ғажайып құбылыс деп тауып, ол түркі халықтарының тағдыры туралы аса маңызды жаңалықтар ашады деп үміт етті, бірақ Шоқанның мезгілсіз қайтыс болуы осы үмітіміздің бәрін үзіп кетті», деген еді.

Шоқан өзінің азғана өмірінде (небары 30 жыл) көп іс тындырды. Ол тарих, география, этнография, биология, әдебиет ғылымдарына зор үлес қосты. Сонымен қатар ол фольклорист, көсемсөзші, суретші, саяхатшы да болды. Бала кезінің өзінде қазақ ауыз әдебиетін жақсы меңгерді және басқа да түркі халықтары мәдениетінде жаңаша ойлау өрісін қалыптастырды.

Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі орыс мәдениетімен, әдебиетімен тығыз байланысты екені мәлім. Уәлихановтар әулеті дәулетті, атақты, ықпалды болғаны, олардың орыс мәдениетін де игергені белгілі. Шоқанның арғы атасы Абылай, оның баласы Уәли Ресеймен сауда әрі саяси байланыстарды

қуаттаған. Болашақ ғалымның әжесі Айғаным Уәли қайтыс болғаннан кейін үлкен әулетті өзі басқарған, парасатты, терең ойлы әрі көреген, өзінің заманына қарай білімді болған әйел. Ол Шығыстың бірнеше тілін білген, орыс мәдениетіне мейлінше ден қойып, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментімен және Петербургтегі Сібір комитетімен хат жазысып, байланысып отырған.

Орысша оқып білім алудың маңызын терең түсінген Айғаным өз баласы Шыңғысты Сібірдің желілік қазақтарының әскери училищесіне оқуға түсіреді. Оны бітіргеннен кейін Шыңғыс Аманқарағай округінің аға сұлтаны болғанғ майор, кейін полковник шенін алған.

Айғанымның қонысы Сырымбетте қазақтың нелер майталман ақындары құрметтелген, айтыстар ұйымдатсырылған. Осы ауылда академик А.К.Шренк, декабристер В.И.Штейнгель, Н.В.Басаргин, т.б. қонақтар болған. Сөйтіп, бала Шоқанның рухани дүниесінің қалыптасуына алғаш ықпал еткен әжесі Айғаным, әкесі Шыңғыс болған.

Айғанымнан, әке-шешесінен, ауылдастарынан Шоқан жас кезінен-ақ Ресей, оның адамдары, тарихы, декабристер туралы естіп білген. Омбыға, оқуға бармастан бұрын-ақ зерек, сауатты, қазақ және Шығыс әдебиетінен мол хабардар, он жасынан-ақ әкесімен бірге қазақ аңыз әңгімелерін, өлең-жырларын жинасып жазысуға қатысқан алғыр жас орыс және шетел әдебиеттері байлығын терең игеруге едәуір дайындалған.

Шоқанның орыс әдебиетін жүйелі де терең зерттеп игерген кезі - Омбы кадет корпусында оқыған жылдары. Ол кадет корпусында оқуға түскенде орыс тілін білмейтін еді. Алайда, өзінің алғырлығы арқасында орыс тілін тез үйреніп алды. Бұл туралы акадмик, жазушы Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романында былай дейді: «Оқу бастала келе, сібірлік кадет корпусының өмірінде ерекше бір көрініс болып қалды. Қысқы каникулға дейін Шоқан орыс тілін алдыңғы қатарда оқитын орыс балаларымен бірдей білді. Өзге сабаққа ол да орыс балаларынан кем түскен жоқ. Оқу жылының аяғында бір класта оқитын қырық баланың ішіндегі жақсы үлгеретін үшеуінің бірі болды» (С.Мұқанов «Аққан жұлдыз» 1 кітап, Роман. Алматы «Жазушы». 1967 ж. 339-бет).

Ал Шоқанның корпуста бірге оқыған досы Г.Н.Потанин

ол туралы «Корпуста ой өрісі, білімі жағынан Шоөан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Екі-үш жылдан кейін-ақ Шоқан өз класындағыларын да идея жағынан басып озды», - деп жазды.

Орыс тілін жақсы меңгерген Шоқан кадет корпусында орыс әдебиетін де жүйелі әрі терең білетін болды. Ол кезде бұл оқу орнында орыс тілі мен әдебиет тарихын белгілі ориенталист, Қазан университетін бітірген Н.Ф.Костылецкий, әдебиет сабағын В.П.Лободовский, тарих сабағын П.В.Гонсевский сияқты аса білімді, әрі тәжірибелі оқытушылар оқытқан. Н.Ф.Костылевский туралы кейін Г.Н.Потанин былай деп жазған: «Н.Ф.Костылецкий познакомил нас с Пушкиным, Лермонтовым и Гоголем. На Пушкина он смотрел как на национального гения. Костылецкий познакомил нас со вглядами Белинского на русскую литературу: он весь свой курс составил по критическим статьям Белинского» (Г.Н.Потанин «Биографические сведения о Шокане Валиханове» - Ч.Ч.Валиханов Соб.соч. в 5-ти томах, том 4, Алматы, стр. 552).

Н.Ф.Костылецкиймен Шоқан өте жақын болды. Костылецкий арқылы ол белгілі Шығысты зерттеуші, түрколог, иранші, моңғолшы И.Н.Березинмен арасында қатынас басталады. Березиннің тапсыруымен Шоқан Тоқтамыстың «Хан жарлығына» талдау жасайды. Бұл талдау - Шоқанның алғашқы ғылыми жұмысы деуге болады.

Сөйтіп, Шоқан жасынан өз халқының және жалпы Шығыстың тарихы мен әдебиетін, мәдениетін білумен бірге енді кадет корпусында оқып жүріп, орыс ғалымдары және мәдениет қайраткерлерімен қарым-қатынас жасай бастайды. Бұл оның орыс әдебиетімен жақсы танысуына да себепші болады. Орыс әдебиетіне деген қызығушылық Шоқанның барлық ғылыми шығармашылық жолында сайрап жатыр. Орыс әдебиетінің дамуының барлық кезеңдерін білгендіктен, Шоқан оның көптеген образдарын өз еңбектерінде асқан шеберлікпен пайдаланған, оның еңбектерінде орыс фольклорынын, ертегілерінің, жылнамаларының кейіпкерлері - Владимир Красное Солнышко, Добрыня Никитич, Кащей бессмертный, т.б. кеңінен орын алған. Ол өз еңбектерінде орыс пен қазақ ертегілерінің сюжеттерінің ұқсастығы туралы ойын білдіреді. Орыс ертегілері мен аңыздарын жинаушы, әрі зерттеуші А.Н.Афанасьевтің 1855-

1860 жылдары баспадан шыққан ертегілер жинағын мұқият оқып шығып, ондағы орыс ертегілерінің сюжеттерінің қазақ ертегілермен ұқсастығын байқайды.

Шоқан Уәлиханов орыс жылнамаларынан өзіне қажетті тарихи фактілерді анықтап алып отырған. Оның еңбектерінде орыс жылнамаларынан Орта Азия және қазақ халықтарының тарихына байланысты алынған оқиғалар көптеп кездеседі. Мысалы, ол Ипатьев жылнамасындағы 1201 жылғы жазбалардан половецтердің жылғы жазбалардан половецтердің жусан туралы өлеңінің үзіндісін тауып алған. Онда половецтердің әнші ақыны Орянның жусанның иісі арқылы шетте, басқа елде жүрген половецтердің ханы Отрокты еліне қайтарғаны туралы айтылады. Бұл өлең туралы Шоқан өзінің досы, белгілі орыс ақыны А.Н.Майковқа айтқан. Кейін А.Н.Майков осы оқиғаға байланысты «Емшан» атты поэма жазған. Поэманың негізгі мақсаты - адамға бәрінен қымбаты - Отаны екенін көрсету. Автор бұл поэмасын досы Шоқан айтқан сюжет бойынша жазған.

Орыс ағартушысы, жазушы Н.И.Новиков бастырып шығарған кітаптарды, атақты жазушы, әрі тариихшы Н.М.Карамзиннің «Россиялық мемлекеттің тарихы» деп аталатын 12 томдық еңбегін Шоқан жақсы білген, одан өз пікірлерін негіздеу үшін үнемі деректер келтірген. Мысалы, Карамзиннің аталмыш кітабы Шоқанның «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде аталады.

Өзінің ғылыми еңбектері мен хаттарында Шоқан XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің мысалдары мен фактілеріне диі жүгінеді. Олай болуы заңды да, өйткені, бұл кез оған етене жақын, өзі өмір сүрген кезеңнің көп жағдайы көз алдында. Оның үстіне Омбы кадет корпусында оқып жүргенде XIX ғасырдағы орыс әдебиетімен қызыға танысқан. Сол кездегі замандастары оның Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің, Белинскийдің шығармаларын жақсы білетіндігі туралы жазған. Шоқан жазбаларында Пушкиннің «Бақшасарай фонтаны» поэмасынан, Лермонтовтың «Демон» поэмасынан және «Палестина бұтағы» өлеңінен үзінділер кездеседі. Оның бір жазбасында Гогольдің «Ревизоры» аталып, жазушының кейіпкерлері городничий, Добчинский мен Бобчинский келтіріледі. Шоқанның назарынан орыс әдебиетіндегі «славянофильшілдік», «батысшылдық», «натуральдық мектеп» сияқты ағымдар да тыс қалмаған.

Ш.Уәлиханов пен Ф.М.Достоевский кездесіп, әңгімелескен кездерінде екеуі орыс әдебиеті, Пушкин туралы сөз қозғап, пікір алысқандары байқалады. Ф.М.Достоевский Семейден Омбыға, Шоқанға 1856 жылдың 14 желтоқсанында жолдаған хатында былай деп жазды: «Сіздің материалдарыңыз өте көп, Сахара туралы мақала жазыңыз... сондай жаңалық болар еді, ал сіз, әрине, не жазуды білесіз. (Мысалы, Пушкин аудармасындағы Джон Теннер іспетті, егер есіңізде болса»). Бұл жазуға қарағанда, екі ел өкілдерінің арасындағы әңгімелердің бір тақырыбы Пушкиннің Джон Тенерді аударуы және ол туралы мақаласы болған.

Белгілі әдебиетші, филология ғылымының докторы, профессор Ш.Қ.Сәтбаеваның айтуынша: «Пушкиннің қазақ даласына мәлім болуы бұрын айтылып келгендей XIX ғасырдың 80-жылдары емес, одан бұрын – 1850 жылдардың ортасы. Орыстың ұлы ақыны Пушкиннің өмірімен, шығармашылығымен, гуманистік идеяларымен алғаш таныс болған, оларды өз рухани өміріне серік, азық еткен, сөйтіп өз халқының болашақта Пушкин мұрасын игеруіне алғаш жол салған - Ш.Ш.Уәлиханов».

Ш.Қ.Сәтбаева Шоқанның Лермонтов шығармаларымен де алғаш танысқан қазақ екендігін айтады: «Сол сияқты М.Ю.Лермонтов мұрасын жоғары бағалаған, толық меңгерген, сөйтіп, отандастарын ұлы орыс ақынының қазынасын игеруге жол сілтеген де Ш.Ш.Уәлиханов» («Қазақстан мектебі» 1985 ж. № 10, 75-бет).

Қорыта айтсақ, Шоқан Уәлиханов еңбектерінде кездесетін орыс әдебиетінің материалдарына байланысты осы қысқаша шолудың өзі оның орыс әдебиетінде болып жатқан үдерістерді жіті қадағалап отырғанын және оларды өз шығармаларында ұтымды да орынды пайдаланғанын байқаймыз. Сөйтіп, ол қазақ қоғамдық және әдеби ой жүйесінің көкжиегін кеңейтті, оны жаңа образдармен және әдеби тәсілдерімен толықтырды. Ол қазақтардың орыс әдебиетінің байлығын меңгеруіне, екі халықтың мәдениетінің өзара толықтырылуына ең алғаш жол салды.

Шоқанның білімділігі туралы Г.Н.Потанин: «Жасымыз жағынан үлкен болғанымызбен, жасына қарамай ересек көрінетін Шоқанмен салыстырғанда, біз білім жағынан жаланбұт бала сияқты едік. Ол білетін нәрсесің, бізден артық тұрғанын жолдастары арасында дәріптемейтін, бірақ

реті келген жерлерде білімінің жоғарылығы, шоқтығының биіктігі аңғарылып ақ тұратын. Өз әріптестері үшін, оның ішінде мен де бармын, ол «Еуропаға ашылған терезе секілді еді», - деп жазған еді.

Ал заңғар жазушы Ғабит Мүсірепов өзінің «Біртуар» атты мақаласында Шоқан туралы былай дейді:

«Шоқан өмірінің бізге бұлдыр тұстарының өзі қаншама. Осының бәрін ізденгіш, Шоқан мұраларына аса бай рухани азық табар жас ұрпаққа аманат етемін. Тілегім келер күнге нық басқан қадамымызбен Шоқанның шоқандығын, ұлының ұлылығын үлкен мақтанышпен жыр етіп отыралық, ұлы перзентін басына асқақтата көтерген халық қана шоқтығы биіктей түсетінін ұмытпасақ деймін! Шоқаны бар ел - шоқтығы биік ел!» («Білім және еңбек», № 11, ноябрь 1985, 3-бет).

Ғабеңнің бұл тамаша сөздері бәрімізге, әсіресе, жастарға арналған тілек әрі аманат. Ол Шоқандай халқымыздың мақтанышының еңбектерін әлі де терең зерттеп, одан ғибрат алуға және онымен мақтануға, оның есімін асқақтата көтеруге шақырған. Біз ұлы жазушының осы аманатын орындауға тырысуымыз керек.

«Солтүстік Қазақстан» 07.09.2010 жыл.

ЕЛ АРДАҚТАҒАН АБЫЛАЙ (РАМАЗАНОВ)

Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылғы тамыздың 27-індегі «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» қаулысы ауқатты адамдарға ауыр соққы болып тигені тарихтан белгілі. Бұл қаулы НКВД-ның деректері бойынша қабылданғандықтан өзінің мазмұны жағынан байларды ғана емес, сондай ақ режимге ұнамсыз адамдардың бәрінің көзін құртуға мүмкіндік беретін үстірт, дәйексіз құжат болып шыққан. Осы қаулы бойынша қазақ байларымен қатар елдің игі жақсыларын да, алаш зиялыларының көрнекті қайраткерлерін де көптеп түрмеге қамауға, жер аударуға баса мән берілді. Міне, осындай құғын сүргінге ұшараған еліміздің зиялы азаматтарының бірі Абылай хажы Рамазанов еді.

Көп жыл бойы оның аты аталмады. Тек өзінің ұрпақтары ғана естеріне алып жүрді. Ал кейінгі жастар оның кім екенін, қандай адам болғанын білмеді.

Ал енді сол Абылай кім және қандай адам еді?

Абылай Көшебе Керейдің Жоламан бұтағынан шыққан Қалжан батырдың немересі әйгілі Майлы бидің ұрпағы. Майлы бидің Рамазан, Имақ, Жамақ деген үш ұлы болыпты. Бұл үшеуі де ауқатты және халқына адал қызмет еткен әділ билер болған. Жамақтан Абылай мен Мұхаметжан туған. Абылайды жас нәресте шағынан Рамазан өз бауырына салып тәрбиелеп өсірген. Сондықтан Абылай Рамазанов болып аталған.

Абылай 1871 жылғы жазда Майлының Қаратомар жайлауында (осы күнгі Семиполка селосының маңында) дүниеге келіпті. Ол жасынан өте пысық, өткір, өжет болып өсіпті. Алдымен ауыл молдасынан оқып сауатын ашып, кейін Ахмет Жантелинмен бірге Троицк медресесінде оқыған. Өзінің балдызы Әбу Жүсіповтың айтуына қарағанда Абылай Стамбулда, Қазанда оқыған көрінеді. Қалай болғанда да ол қазақша да, орысша да сауатты, әрі сол кездегі өкімет заңдарын жетік білген зиялы адам болған. Сондықтан да сол

кезде жиі болып тұратын дау-дамайларда сөйлеген сөздерінің дәлелдігімен, тауып айтатын шешендігімен көзге түскен. Көп дауларда ол орыстың бай купецтерін заңға сүйенген дәлелді сөздерімен жеңіп отырыпты.

Абылай алаштың зиялы азаматтары Міржақып Дулатовпен, Ахмет Жантелинмен, Жұмағали Тілеулинмен, Мағжан Жұмабаевпен жақын қарым қатынаста болып, Алаш партиясының бағдарламасымен танысып, қазақ елінің патша отаршылығынан құтылып өз алдына автономия алуын қолдап, өзінің халқына деген жанашырлығын білдіген. Өйткені ол халықтың мұң-мұқтажын жақсы білген, жасында көп елдерді аралап, жер көріп, әртүрлі халықтардың тұрмыс жағдайымен әдет-ғұрпымен танысқан. Ол өз халқына алдыңғы қатарлы елдердей тұрмыс құрып, мәдениетті болуын тілеген. Сол үшін өзі де күрескен: жастарды оқу-білімге шақырып қолынан келгенше оларға көмектесіп, жағдай жасап отырған.

Ол баяғы атасы Майлы бидің қыстауы Қарашоқ деген ағаштың қойнауына 12 бөлмелі үлкен ағаш үй салдырып отбасымен сонда тұрған. Үй-іші, ауласы тап-тұйнақтай тап-таза болған. Мал қораларын, астық сақтайтын қоймаларын, ақ мойшасын тұрған үйінен бөлек алыстау жерге салған. Міниіс аттарының қорасы бөлек жасалған. Ол егіншілікпен де айналысқан. Егінжайы қазіргі Семиполка селосы мен Жалтыр ауылының арасындағы Қарасиыр деген аймақта болыпты. Оның егіні әрқашан да шығымды болып, мол өнім алып отырыпты. Сол кезде ішкі Ресейден орыстар көптеп келіп қоныстана бастағанда жерге талас күшейген. Сондай таластарда орыс тілін жақсы білген және заңға жетік Абылай орыстарға дес бермей, өзінің де, көрші қазақтардың да жерін қорғап қалып отырған.

Абылай жас кезінде ислам дінінің орталығы қасиетті Меккеге 14 рет барған деген сөз бар. Оның тоғызында ол ақшасы мол бай кісілерді бастап апарып жол қаражатын соларға төлеткен. Бесеуінде өз қаржысымен барыпты. Ол Меккеге барар жолда бүкіл Европа елдерін аралап, олардың тұрмыс жағдайымен, мәдениетімен танысқан. Сонымен қатар Стамбул, Каир, Александрия қалаларын да көп аралаған. Сол қалаларда оқып жүрген қазақ студенттеріне көмектескен. Көкірегі ояу зиялы азамат Абылай талабы бар жастардың оқып білім алуына көп көңіл бөледі. Ол өз үйінің бір үлкен бөлмесінде мектеп ашып өз ауылының және көрші

ауылдардың талантты жастарын орыс тілінде оқытады. Оларды оқытуға Солтүстік Қазақстанда айдауда жүрген Петербург медициналық институтының түлегі жас дәрігер Глеб Иванович Боярскийді шақырады. Оны өзінің үйіне орналастырып, барлық шығынын өзі көтереді. Осы мектепте оқып аз да болса білім алып, орыс тілінде сауатын ашқандар: Есім Досболов, Қажым Смағұлов, Баймұрат Жақыпов, Қази Қосшығұлов, Есім Байғаскин, Алыпқаш Сулейменов, Шәкір Баймақанов, Хамза Ыбыраев, Байнұралы Жақыпов, Шұғайып Бәшіров, т.б. Бұлардың көпшілігі кейін оқуларын басқа жерлерде жалғастырып, бірсыпырасы әртүрлі ірі қызметтерде болған. Осылардың ішінен ірі қызметте жүрген кездерінде Қажым Смағұлов, Есім Байғаскин, Шәкір Баймақанов т.б. 1937 – 1938 ж.ж. құғын-сүргін кезінде «халық жауы» деген желеумен жазықсыз атылып кетті. Абылай Сәбит Мұқановты, Баймұрат Жақыповты Омбыдағы Мағжан Жұмабаев басқарған мұғалімдер даярлайтын курсқа оқуға жіберіп, қаржылай көмектесіп тұрыпты. Сол курсты ашуға Ахмет Жантелин екеуінің ықпалы болса керек. Мағжанды курстың директоры етіп қойғызған да осы екі азамат деген сөз бар халық арасында.

Абылай бірнеше рет Меккеге барып хажы атанса да басына сәлде орап молла болмаған. Намаз оқымаған. Киімді европаша киген. Абылайдың туған інісі Мұхаметжанның баласы қазір сексеннен асқан Қармаш ақсақалдың айтуынша, Абылай ұзын бойлы, дене бітімі сымбатты, сәнді киінген. Үстінде ақ көйлек, мойнында қара бантик (бабочка). Көйлектің сыртында қара костюм-шалбар, оның сыртында сәнді қара пальто, аяғында хром етік, басында қара шляпа, қолында сәнді жеңіл таяқ (тросточка). Бәрі жарасып тұр. Осыған қарап кейбіреулер оны «тік аяқ хажы», «орыс хажы» деп те атапты. Бірақ ол мұсылмандық шариғат жолын да жақсы білген. Айт күндері, наурыз мерекесі кезінде мешітке барып жүрген. Тиісті садақаларын мезгілінде беріп отырған. Ол әсіресе жетім жесірлерге, қаріп-қасерлерге көмегін аямаған.

Ол өзінің жұмысшыларына, көрші-қоландарына әрқашан көңіл бөліп, олардың тұрмысының жақсы болуын қадағалап, қажетті жағдайларда көмектесіп отырған. Мысалы, Сәмерке Тәшен Ыбырайымұлы көп жыл Абылайдың жылқысын баққан екен. Абылай оған Сақан деген бойжеткен қызды әперіп, жеке үй ғып шығарыпты. Олар балалы-шағалы

болып, Елубай, Мыңжасар, Қосақай деген ұлдары өсіп өніпті, Қызылжар уезіндегі Еменалы болысына қарасты Қантай Керейде Күсеміс Мыңбайұлы деген әнші, домбырашы, сері жігітке мал ұрлады деген жалған жала жабылып, оны итжеккенге айдатпақшы болған адамдарға тойтарыс беріп, жігітті ақтап алып қалыпты. Нұралы Керей Азнабай деген кісіден Қорған қаласының Соколов деген саудагері 1 мың теңгенің малын алып, ақшасын бермей қойыпты. Мұны естіген Абылай Соколовты сотқа беріп, сотта Соколовты да, оның адвокатын да дәлелді сөздерімен жеңіп, Азнабайдың ақшасын қайтарыпты. Айта берсе, Абылайдың ел адмадарына, әсіресе жетімдер мен қаріп-қасерлерге жасаған жақсылығы, қайырымдылығы, көмегі көп болған.

Абылай аса ірі бай болмаған. Көбінесе өзінің еңбегімен (егін еккен, мал өсірген, сауда жасаған) жақсы тұрмыс құрған. Бірақ ел ішінде оны көреалмаушылар және оның тізесі батқан ұры-қарылар оны бай деп жоғары жаққа арыз жазған. Соның өзінде 1928 жылғы 23 наурыз күні болған Төңкеріс болысының № 4 ауылының (Абылай ауылы) қосшы одағының Теңдік, Бірлік, Орташа бөлімшелерінің біріккен жалпы жиналысында бірсыпыра адам Абылайды ақтап сөйлеген. Бірақ жоғарғы орындар онымен санаспаған. 1928 жылғы 22 қыркүйекте Петропавл округтік атқару комитеті Абылайдың мал-мүлкін тәркілеп, өзін отбасымен жер аударуға қаулы қабылдаған. Сол жылы қазан айының ортасында бұларды Ақтөбеге жер аударады. Онда да бұлар өз еңбектерімен күн көріп жатады. Бірақ Абылайды Ақтөбеде де тыныш отырғызбайды. 1929 жылдың ақпан айында оны этаппен Петропавловскіге қайта алдырып түрмеге қамайды. Содан кейін ОГПУ коллегиясының ерекше кеңесі өзінің қаулысымен 1929 жылғы 11 наурыздан бастап 3 жылға Сібірге жер аударады. Абылайды Омбы облысының Иконников ауданындағы Калачинск стансасына орналастырады. 1930 жылдың басында оның отбасы Ақтөбеден Қорған облысының Макушино қаласына келіп орнығады. 1931 жылдың наурыз айында Абылай айдаудан босап, туыстарына келіп қосылады. Бірақ ол бостандықта көп жүре алмады. Сол жылғы мамыр айында жалған жаламен оны Петропавл қаласындағы әйгілі ақ түрмеге қамайды. Бірнеше жыл құғын-сүргіндегі азаптар сау қойсын ба, түрмеде ол қатты ауырып ауруханаға түседі. Сол жылғы қыркүйек айының аяғында сонда қайтыс болады.

Сүйегі осы күнгі қалалық парктің сыртындағы бұрынғы мұсылман зиратына жерленеді.

Арал теңізінің Көкаралында айдауда жүрген балдызы Әбу Жұсыпұлы жездесінің өлімін естігенде «Асыл жездем» деген өлең шығарыпты. Соңынан 1956 жылы ақталып елге келгенде ол осы өлеңін және Абылайдың 1913 жылғы фотосуретті оның туыстарына тапсырыпты.

1993 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданды. Міне, осы Заңға сүйеніп Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы 1929 жылғы қыркүйекте ОГПУ коллегиясының жанындағы ерекше кеңестің шешімімен РСФСР-дың Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-10 баптарымен сотталған Рамазанов Абылайды ақтап шығарды.

Сөйтіп, осы өңірдің зиялы азаматтарының бірі Абылай хажы Рамазанов толық ақталды. Енді оның ұрпақтары қорықпай-үрікпей осындай аталарымен ашық мақтануларына болады.

«Солтүстік Қазақстан» 30.05.2003 жыл.

АТАҚТЫ АБЫЛАЙ ҚАЖЫ РАМАЗАНОВ

Көп жыл бойы оның аты аталмады. Тек, өзінің ұрпақтары ғана естеріне алып жүрді. Ал, кейінгі жастар оның кім екенін, қандай адам болғанын білмеді.

Ал енді сол Абылай кім және қандай адам еді?!

Абылай Көшебе Керейдің Жоламан бұтағынан шыққан Қалжан батырдың немересі әйгілі Майлы бидің ұрпағы. Майлы бидің Рамазан, Имақ, Жамақ деген үш ұлы болыпты. Бұл үшеуі де ауқатты және халқына адал қызмет еткен әділ билер болған. Жамақтан Абылай мен Мұхаметжан туған. Абылайды жас нәресте шағынан Рамазан өз бауырына салып тәрбиелеп өсірген. Сондықтан Абылай Рамазанов болып аталған.

Абылай 1871 жылғы жазда Майлының Қаратомар жайлауында (осы күнгі Семиполка селосының маңында) дүниеге келіпті. Ол жасынан өте пысық, өткір, өжет болып өсіпті. Алдымен ауыл молдасынан оқып сауатын ашып, кейін

Ахмет Жантелинмен бірге Троицк медресесінде оқыған. Өзінің балдызы Әбу Жүсіповтың айтуына қарағанда Абылай Стамбулда, Қазанда оқыған көрінеді. Қалай болғанда да ол қазақша да, орысша да сауатты, әрі сол кездегі өкімет заңдарын жетік білген зиялы адам болған. Сондықтан да сол кезде жиі болып тұратын дау-дамайларда сөйлеген сөздерінің дәлелдігімен, тауып айтатын шешендігімен көзге түскен. Көп дауларда ол орыстың бай купецтерін заңға сүйенген дәлелді сөздерімен жеңіп отырыпты.

Абылай алаштың зиялы азаматтары Міржақып Дулатовпен, Ахмет Жантелинмен, Жұмағали Тілеулинмен, Мағжан Жұмабаевпен жақын қарым-қатынаста болып, Алаш партиясының бағдарламасымен танысып, қазақ елінің патша отаршылығынан құтылып өз алдына автономия алуын қолдап, өзінің халқына деген жанашырлығын білдірген. Өйткені, ол халықтың мұң-мұқтажын жақсы білген, жасында көп елдерді аралап, жер көріп, әртүрлі халықтардың тұрмыс жағдайымен, әдет-ғұрпымен танысқан. Ол өз халқына алдыңғы қатарлы елдердей тұрмыс құрып, мәдениетті болуын тілеген. Сол үшін өзі де күрескен, жастарды оқу-білімге шақырып қолынан келгенше оларға көмектесіп, жағдай жасап отырған.

Ол баяғы атасы Майлы бидің қыстауы Қарашоқ деген ағаштың қойнауына 12 бөлмелі үлкен ағаш үй салдырып отбасымен сонда тұрған. Үй-іші, ауласы тап-тұйнақтай таптаза болған. Мал қораларын, астық сақтайтын қоймаларын, ақ мойшасын тұрған үйінен бөлек алыстау жерге салған. Міниіс заттарының қорасы бөлек жасалған. Ол егіншілікпен де айналысқан. Егінжайы қазіргі Семиполка селосы мен Жалтыр ауылының арасындағы Қарасиыр деген аймақта болыпты. Оның егіні әрқашан да шығымды болып, мол өнім алып отырыпты. Сол кезде ішкі Ресейден орыстар көптеп келіп қоныстана бастағанда жерге талас күшейген. Сондай таластарда орыс тілін жақсы білген және заңға жетік Абылай орыстарға дес бермей, өзінің де, көрші қазақтардың да жерін қорғап қалып отырған.

Абылай жас кезінде ислам дінінің орталығы қасиетті Меккеге 14 рет барған деген сөз бар. Оның тоғызында ол ақшасы мол бай кісілерді бастап апарып, жол қаражатын соларға төлеткен. Бесеуінде өз қаржысымен барыпты. Ол Меккеге барар жолда бүкіл Еуропа елдерін аралап, олардың тұрмыс жағдайымен, мәдениетімен танысқан. Сонымен қатар

Стамбул, Каир, Александрия қалаларын да көп аралаған. Сол қалаларда оқып жүрген қазақ студенттеріне көмектескен.

Көкірегі ояу зиялы азамат Абылай талабы бар жастардың оқып білім алуына көп көңіл бөледі. Ол өз үйінің бір үлкен бөлмесінде мектеп ашып өз ауылының және көрші ауылдардың талантты жастарын орыс тілінде оқытады. Оларды оқытуға Солтүстік Қазақстанда айдауда жүрген Петербург медициналық институтының түлегі жас дәрігер Глеб Иванович Боярскийді шақырады. Оны өзінің үйіне орналастырып, барлық шығынын өзі көтереді. Осы мектепте оқып аз да болса білім алып, орыс тілінде сауатын ашқандар: Есім Досболов, Қажым Смағұлов, Баймурат Жақыпов, Қази Қосшығұлов, Есім Байғаскин, Алыпқаш Сүлейменов, Шәкір Баймақанов, Хамза Ыбыраев, Байнұралы Жақыпов, Шұғайып Бәшіров, т.б. Бұлардың көпшілігі кейін оқуларын басқа жерлерде жалғастырып, бірсыпырасы әртүрлі ірі қызметтерде болған. Осылардың ішінен ірі қызметте жүрген кездерінде Қажым Смағұлов, Есім Байғаскин, Шәкір Баймақанов т.б. 1937-1938 жж. құғын-сүргін кезінде «халық жауы» деген желеумен жазықсыз атылып кетті. Абылай Сәбит Мұқановты, Баймұрат Жақыповты Омбыдағы Мағжан Жұмабаев басқарған мұғалімдер даярлайтын курсқа оқуға жіберіп, қаржылай көмектесіп тұрыпты. Сол курсты ашуға Ахмет Жантелин екеуінің ықпалы болса керек. Мағжанды курстың директоры етіп қойғызған да осы екі азамат деген сөз бар халық арасында.

Абылай бірнеше рет Меккеге барып хажы атанса да басына сәлде орап молла болмаған. Намаз оқымаған. Киімді еуропаша киген. Абылайдың туған інісі Мұхаметжанның баласы сексеннен асып қайтқан Қармаш ақсақалдың айтуынша, Абылай ұзын бойлы, дене бітімі сымбатты, сәнді киінген адам. Үстінде ақ көйлек, мойнында қара бантик (бабочка). Көйлектің сыртында қара костюм-шалбар, оның сыртында сәнді қара пальто, аяғында хром етік, басында қара шляпа, қолында сәнді жеңіл таяқ (тросточка). Бәрі жарасып тұр. Осыған қарап кейбіреулер оны «тік аяқ хажы», «орыс хажы» деп те атапты. Бірақ ол мұсылмандық шариғат жолын да жақсы білген. Айт күндері, наурыз мерекесі кезінде мешітке барып жүрген. Тиісті садаұаларын мезгілінде беріп отырған. Ол, әсіресе, жетім жесірлерге, қаріп қасерлерге көмегін аямаған.

Ол өзінің жұмысшыларына, көрші-қоландарына әрқашан көңіл бөліп, олардың тұрмысының жақсы болуын қадағалап, қажетті жағдайларда көмектесіп отырған. Мысалы, Сәмерке Тәшен Ыбырайымұлы көп жыл Абылайдың жылқысын баққан екен. Абылай оған Сақан деген бойжеткен қызды әперіп, жеке үй ғып шығарыпты. Олар балалы-шағалы болып, Елубай, Мыңжасар, Қосақай деген ұлдары өсіп өніпті, Қызылжар уезіндегі Еменалы болысына қарасты Қантай Керейде Күсеміс Мыңбайұлы деген әнші, домбырашы, сері жігітке мал ұрлады деген жалған жала жабылып, оны итжеккенге айдатпақшы болған адамдарға тойтарыс беріп, жігітті ақтап алып қалыпты. Нуралы Керей Азнабай деген кісіден Қорған қаласының Соколов деген саудагері 1 мың теңгенің малын алып, ақшасын бермей қойыпты. Мұны естіген Абылай Соколвты сотқа беріп, сотта Соколовты да, оның адвокатын да дәлелді сөздермен жеңіп, Азнабайдың ақшасын қайтарыпты. Айта берсе, Абылайдың ел адамдарына, әсіресе, жетімдер мен каріп-қаселерге жасаған жақсылығы, қайырымдылығы, көмегі көп болған.

Абылай аса ірі бай болмаған. Көбінесе өзінің еңбегімен (егін еккен, мал өсірген, сауда жасаған) жақсы тұрмыс құрған. Бірақ ел ішінде оны көреалмаушылар және оның тізесі батқан ұры-қарылар оны бай деп жоғары жаққа арыз жазған. Соның өзінде 1928 жылғы 23 наурыз күні болған Төңкеріс болысының № 4 ауылының (Абылай ауылы) қосшы одағының Теңдік, Бірлік, Орташа бөлімшелерінің біріккен жалпы жиналысында бірсыпыра адам Абылайды ақтап сөйлеген. Бірақ жоғарғы орындар онымен санаспаған. 1928 жылғы 22 қыркүйекте Петропавл округтік атқару комитеті Абылайдың мал-мүлкін тәркілеп, өзін отбасымен жер аударуға қаулы қабылдаған. Сол жылы қазан айының ортасында бұларды Ақтөбеге жер аударады. Онда да бұлар өз еңбектерімен күн көріп жатады. Бірақ, Абылайды Ақтөбеде де тыныш отырғызбайды. 1929 жылдың ақпан айында оны этаппен Петропавлға қайта алдырып түрмеге қамайды. Содан кейін ОГПУ коллегиясының ерекше кеңесі өзінің қаулысымен 1929 жылғы 11 наурыздан бастап жылға Сібірге жер аударады. Абылай Омбы облысының Иконников ауданындағы Калачинск стансасына орналастырылады. 1930 жылдың басында оның отбасы Ақтөбеден Қорған облысының Макушино қаласына келіп орнығады. 1931 жылдың наурыз

айында Абылай айдаудан босап, туыстарына келіп қосылады. Бірақ ол бостандықта көп жүре алмады. Сол жылғы мамыр айында жалған жаламен оны Петропавл қаласындағы әйгілі ақ түрмеге қамайды. Бірнеше жыл құғын сүргіндегі азаптар сау қойсын ба, түрмеде ол қатты ауырып ауруханаға түседі. Сол жылғы қыркүйек айының аяғында сол ауруханада қайтыс болады. Сүйегі осы күні қалалық парктің сыртындағы бұрыңғы мұсылман зиратына жерленеді.

Арал теңізінің Көкаралында айдауда жүрген балдызы Әбу Жұсыпұлы жездесінің өлімін естігенде «Асыл жездем» деген өлең шығарыпты.

1993 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданды. Міне, осы Заңға сүйеніп Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы 1929 жылғы қыркүйекте ОГПУ коллегиясының жанындағы ерекше кеңестің шешімімен РСФСР дың Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-10 баптарымен сотталған Рамазанов Абылайды ақтап шығарды.

Сөйтіп, осы өңірдің зиялы азаматтарының бірі Абылай хажы Рамазанов толық ақталды. Енді оның ұрпақтары қорықпай үрікпей осындай аталарымен ашық мақтануларына болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, Әбу Жұсыпов жездесі Рамазанов Абылаййды туған ағасындай жақсы көріп, сыйласып өткен. Абылай 1931 жылы құғын-сүргіннің салдарынан қайтыс болған кезде Әбу Қарақалпақстанда айдауда жүрген. Жездесінің 1913 жылы Стамбул қаласында түскен фотосуретін жоғалтпай сақтап, 1956 ж. ақталып елге келгенде «Асыл жездем» деген өлеңін және осы фотосуретті Абылайдың туған ұлы Үкітайға тапсырыпты. Жездесіне деген сыйластығы мен сағынышын білдіретін сол өлең мынау:

Аяулы, бағаң қымбат, асыл жездем,
Іркілер есіме алсам жасым көзден.
Секілді күні кеше арамызда
Жүргенің күліп-ойнап сенің бізбен.

Толықсып сол бір тұрған кезің еді,
Қызықты балдай тәтті сөзің еді.
Гүл едің мәжілістерде бас қосқанда
Ақ жарқын, ала бөтен жүзің еді.

Әзілің бірде қалжың, бірде шын-ды,
Көрсеткен жақсы-жаман бойда мінді.
Көлтең-жалтақ сөйлеуден аулақ едің,
Лебізің шықса аузыңнан болған құнды,

Кезінде ауыр шайқас, қиын заман
Көп соғысқан қалмақпен тіреп табан.
Сондағы ерліктері халқына ұнап
Абылайға уәзір болған Майлы бабаң.

Сол ердің сен төртінші ұрпағы едің
Ұлықтан артық болған ақыл санаң.
Жер үшін жауларменен дауласқанда
Жыртылып көрген емес жаудан жағаң.

Өзгеше жұрттан бөлек болды қалпың,
Әдетің, жүріс-тұрыс, дәстүр-салтың.
Қараттың ауызыңа ғаділдікпен
Атығай, Керей-Уақ түгел халқын.

Жасыңнан даулы іске болдың мықты,
Жиында ел сені тыңдап, сөзіңді ұқты.
Қазақ, татар, естекке мәлім болып,
«Жұлдызды Абылай» деп атың шықты.

Сегіз сері батырдай өнерлі едің,
Ақылға Киікбайдай кемелді едің.
Алашқа есімің мәшһүр данышпаным,
Әр жұртқа ерлігіңмен беделді едің.

Бар еді зор беделің Қарауылға,
Көріндің хан сияқты әр ауылға.
Адалдық, жомарттықпен сыйлы болдың
Қызылжар, Омбы, Көкше, бар қауымға.

Сізде еді жігер, қайрат, таудай талап,
Абырой, бақ берді саған құдай қалап.
Қай жаққа барсаңдағы құрметтеді ел
Қазақтың көсеміне сізді балап.

Көріндің мұсылманға иман жүзді,
Естек, татар бәрі де сыйлап сізді.
Жол көрсетіп оқуға жетеледің,
Қатардан қалмасын деп мына бізді.

Жақсының бәрі сізді жүрді жанап,
Мұсылманға жанашыр ер деп санап,
Жасыңда саяхаттап араладың
Жерлерін поляк, неміс, түрік, араб.

Бес рет сапар шектің Арабстан
Шыққан көп ол сапарға әрбір тұстан.
Мыңдаған тауап қылса барған жандар
Мубәрақ орындарда басын қосқан.

Солардың қатарында болдың бірге,
Жайларды қасиетті көрдің бірге.
Ғарафа, Мина, Қағба, Мырзаланы
Зиярат қып оларға да бардың бірге.

Мәдина пайғамбардың жатқан жері,
Сол сапар зияратында болды бәрі.
Түріктің астанасы Стамбулда
Бірнеше күн болдың да кеттің әрі.

Жібердің сонда түскен суретіңді,
Қарағам тамашалап келбетңді.
Сақтадым 42 жыл ұдайы мен
Өзімде содан бері жүретін-ді.

Жасыңда заң оқуын тәмамдадың,
Қазан мен Стамбулдан білім алдың.
Шыншылдық, ержүректік қасиетіңмен
Талайын содырлардың жөнге салдың.

Орыстың шаһарларын араладың,
Таныстың тарихымен даналардың.
Кездесіп чиновниктің нешеуімен
Өзіңнен аса алмасын шамаладың.

Білемін мәңгі жоқсың енді бізге
Арнаған қабыл болсын дуғам сізге.
Жүргенде қиыр жайлап әртарапта
Дариға, қазаң жетті жеке дүзде.

Қалыпсың туған қалаң Қызылжарда
Халқыңның қадір білген ортасында.
Жүзіңді солған соңғы көргенде елің
Мұңайып қалған шығар расында.

Арманым: соңғы кезде көре алмадым,
Серік боп қатар бірге жүре алмадым.
Қайтарда бақылдасып өзіңменен
Сөйлесіп тілдесуге келе алмадым.

Арманда жалғыз ғана мен емеспін,
Бұл күнде, алтын жездем, тірі емессің.
Өтсең де сан айтылып жүрсің елде,
Ішінде еске алынып сан кеңестің.

Арманды бұл дүниеде жалғыз мен бе,
Табылар мен сияқты талай пенде.
Отырып оңашада шер тарқатқан
Солардың қатарында жүрмін мен де.

Бола көр бақыл разы, асылзадам,
Кеше гөр ренжіткен болса жазам.
Жас жетіп көр аузында тұрғандаймыз
Мысалы, құлағандай бассақ қадам.

Мендағы көр алдында тұрғандаймын,
Басымды о дүниеге бұрғандаймын.
Қарасам суретіңе, асыл жездем,
Өзіңмен бірге кеңес құрғандаймын.

Ажал көп, өліп кетсем зая кетер,
Жоғалып бұл суретің текке бекер.
42 жыл сақтаған суретіңді
Қайтарам ұрпағыңа, енді жетер...

Кітапта: Ғалым Қадірәліұлы «Көкарал».
Қызылжар, 2007, 106-116 беттер.

АЛАШТЫҢ АЙБЫНДЫ АҚЫНЫ
(Мағжан Жұмабаев)

Халқымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевты кеңес өкіметі «түрікшіл» деп айыптағаны белгілі. Сонда осы түрікшіл деген ұғым нені білдіреді? Ғалымдардың айтуынша, түрікшілдік - түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым. XIX ғасырдың соңына қарай түрікшілдікті насихаттаудың көш басында Қырым татары Исмаил Гаспралы (Гаспринский) тұрды. Ол түрікшілдікті «Тілде, пікірде, істе - бірлік» деген ұранмен шығарған өзінің «Тәржіман» атты газеті арқылы насихаттады. Түрікшілдікті Түркияда насихаттауда Жүсіп Ақшора (Юсуп Акчурин) белсенділік танытты. XX ғасырдың басында Ресей империясының қол астында отарлық езгінің тауқыметін тартқан түркі халықтарының азаттық қозғалысының өрбуіне түрікшілдік елеулі дәрежеде ықпал етті. Бірінші орыс революциясы кезінде негізінен түркі халықтарының өкілдері қатысқан бүкілресейлік мұсылман съезі 3 рет өткізіліп, түркі халықтарының өкілдері мүддесін қорғау мақсатында «Ресей мұсылмандар одағы» атты партия құрылды. Уақытша үкімет жағдайында түркі халықтарының саяси әрекеттерін үйлестіріп отыру мақсатында Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі ұйымдастырылды. Кеңестік билік орнағаннан кейін түрікшілдік реакциялық пиғылдағы ағым ретінде бағаланып, оны насихаттауға қатысы бар деген азаматтар ашық қуғындалды. Көрнекті татар қайраткері Мірсаид Сұлтанғалиев осындай құғындаудың алғашқы құрбаны болды.

Түрікшілдікке қарсы күрес патшалық Ресей кезінде басталған болатын. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында Түркия дүниежүзіндегі барша түрік халықтарын бір мемлекет шаңырағының астына жинамақ деген лақап таратылды. Оны «пантюркизм» деп атады. Пантюркизм панисламизммен ауыз жаласып, Ресейге қарсы соғыс ашпақ деп даурықты. Шын мәнінде пантюркизмді құбыжық етіп көрсету мақсаты басқа еді. Ол түрік халықтарының арасына жік салып, бір-бірінен ажыратуды, бір біріне қатыстырмауды көздеді. Сөйтіп, патшалық Ресей құзырындағы мұсылман отар халықтарды орыстандыру жөніндегі алға қойған

міндеттерінің орындалуын жеңілдеткісі келді. Осы мақсатта Қазан қаласында миссионерлік қоғам құрылды. Миссионерлер мұсылман халықтары арасында христиан дінін таратуға білек сыбана кірісті. Осы мақсатқа мектеп жүйесі кеңінен пайдаланылады. Христиан әдебиетін тарату ісін еселеп күшейтті. Миссионерлік қоғам 1862 – 1910 жылдар аралығында тек қазақ тілінде ғана алпыстан астам христиан діни кітаптарың шығарды. Сонымен бірге Арабстаннан, Түркиядан ағылып келіп жатқан ислам діні кітаптарын тежеуге тырысты. Орыс цензурасы кедендерден талай кітаптарды ұстап алып қалды. Мағжан Жұмабаев секілді қазақ зиялылары бұған көнгісі келмеді, көнбеді де.

Мағжанның түрікшілдігін кезінде Жүсіпбек Аймауытов былай деп түсіндіреді: «Бір жағынан үй-іші - әкеге, әлеумет - рубасыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген, қазақ ішінде туып-өскен болса, екінші - татар медресесінде оқып, түрікшілдік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші - патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші - орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші - батыстың, қала берсе, орыс ақындарының санашылдық (идеализм), жарашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығуы керек. Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл. Санашыл, дарашыл ақын болып шығуы керек. Олай болып шықпау мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай». («Лениншіл жас» журналы, 1923 ж. № 5).

Ал Сәбит Мұқанов Мағжанның түрікшілдігі туралы 1932 жылы жарияланған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде: «Оның (Мағжанның. - Қ.М.) түрікті бауыр қылуында өз мақсатына сәйкес ойы бар. З жоғарыда Мағжан қазақтың ескі күнін көксегенде, баяғы хан дәуірін қайта орнатпақ емес, қазіргі қазақтың көзіне ескі, еркін өмірін елестетіп, басын көтертпек. Басын көтертіп алғаннан кейін бөлек республика құрмақ дедік. Мағжан «түрік» деген сөзді белгілі мақсат үшін ғана керек қылды. Түріктің ерлігін айта кеп, қазақты отаршыл үкіметке қарсы қайрап салғысы келді». Мұнда Сәбең Мағжанның түрікшілдігі отаршылдыққа қарсы бағытталғанын ашып көрсетеді.

Түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында ерте басталған. Мағжанның 1905 жылдан бастап Қызылжардағы Мұхамеджан

Бегішев медресесінде оқуы оның дүниетанымына көп ықпал еткен. Медресеге ұстаздық етуші Мұхамеджан Бегішев - кезінде Стамбул қаласындағы түрік университетін бітірген адам. Ол да Мағжан поэзиясында түрік тақырыбының ерте басталуына себепші болды.

Мағжан Жұмабаев - қазақ ұлтының қайткенде азаттыққа қолы жетеді деп көп ойлап армандаған ақын. Өзі өмір сүрген тарихи жағдайда азаттық қолға оңайлықпен түспейтінін сезген ол ер түріктен тараған туыс елдердің ұйымдасып, бірлесіп тізе қосқан күресі ғана отаршылдықты қазақ елінен, басқа бауырлас елдерден аластауға мүмкіндік туғызады деп есептеген. Сондықтан ақынның түрік тақырыпты өлеңдерінде бұл идея ең өзекті идеяға айналды. 19 жасар жас ақын тұңғыш «Шолпан» жинағында (1912 ж.) жарияланған «Орал тауы» өлеініде-ақ:

Анамыз бізді өсірген қайран Орал,
Мойның бұр тұңғышыңа, бермен орал,
Қосылып батыр түрік балалары,
Таптатпа, жолын кесіп, тізгінге орал,

- деп өзінің түрікшілдік көзқарасын көрсетті. Бұдан соң ақынның түрік тақырыбына қосылған өлеңдері - «От», «Пайғамбар», «Алыстағы бауырыма», «Түркістан», «Тез барам», «Орал», «Қазақ тілі», «Тұранның бір бауында» атты туындылары.

Бұл өлеңдердің негізгі идеясы, ой-пікірі, көтеретін мәселесі, үндеу пафосы айқын. Қай өлеңінде де ақын сонау түп тұқияннан бергі тарихты қозғап, исі түріктің ата тегі бір, бауырлас халықтар екендігін өрнекті, жалынды тілмен паш етеді. Бұл өлеңдерінде түрік халықтарының сол кездердегі мүшкіл халі, одан қалай құтылу жолдары. Түріктердің тәуелсіздік үшін тізе қосып, жұмылып күресу қажеттілігі көрсетілген.

Мағжан өз өлеңдерінде түрік әлемінің тарихын әріден бастайды. «пайғамбар» деген өлеңінде:

Ерте күнде отты Күннен Гүн туған
Отты Гүннен от боп ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам,

- дейді. «Орал тауы» өлеңінде, басқа да бірсыпыра туындыларында ежелгі түрік Отаны - Тұран, Орал, Алтай мекендері екені жырланады.

Түрік атты алып теректің тамырынан тараған қандас халықтардың қалыптасу, даму жолының өзіндік үлкен тарихы бар екендігі белгілі. Мағжанның отты жырлары осы ұмытылған тарихымызбен қайта қауыштырды. Мағжан тарихқа сүйене отырып:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тарихы бар толқымалы,
Басынан не тамаша күндер кешкен,

- деп ертедегі түркілердің біртұтас мемлекет болып, оның кейнгі қанды шапқыншылықтарды бастан кешіруі салдарынан әуелгі атын да, атағын да жоғалтып алғанын білдіреді. Оның ішінде Тұранның тарихтан өшуіне себепші болған Араб халифатының шапқыншылығын есімізге оралтады. Араб халифатының әскери қолбасшысы Құтайба ибн Мүсілім басшылығымен Тұран өлкесін 705 – 715 жылдары талан-таражға ұшыратып, халқын қырып-жояды да, Тұран атауын Түркістан атауымен алмастырады. Тұранның атауы осылай тарихтан өшеді.

Мағжанның «Алыстағы бауырыма» атты өлеңі Ататүрік бастаған түріктердің азаттық жолында жауларымен шайқасып жатқан кезінде жазылған. Оған осы өлеңнің мына жолдары дәлел:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Мағжан түркілердің бір кезде топтасқан жері Алтай екенін еске салады. Тарихи деректерге бұрыңғы Түрік мемлекеті күйреген кезде оғыздардың бір бөлігі теңізден өтіп кеткен, қазіргі Түркиямыз сол делінеді. Мағжан осындай деректерге сүйеніп:

Алтайдың алтын кені еркелетіп,
Келгенде жолбарыс боп жаңа ер жетіп,
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,
Бауырым, мені тастап қалдың кетіп,

- дейді де, өлеңін түріктерге ата мирас алтын тақ Алтайға қайт деген тілекпен:

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру? Жүр кетелік
Алтайға, ата мирас алтын таққа,

- деп баяғыдай бірігіп, бір ел болуға шақырады.

1920 жылғы сәуірде Ататүрік бастаған түріктер басқыншыларды ойсырата жеңіп, Түркия республикасы тәуелсіздігі туралы декларация жариялады. Бұл жеңіс қазақты да қуантты. Сол жеңіс әсерімен Мағжан әйгілі «Түркістан» өлеңін жазды. Өлең зор лирикалық шабытпен жазылған. Ұзақ жылдар бойы бұратана, өнері, мәдениеті дамыған ел болып кемітіліп келген түркілердің, оның ішінде қазақ халқының шын мәніндегі өткен тарихын Мағжан осы өлеңінде тамаша көрсеткен. Оның баяндауынша, түріктердің тарихы батырға, ерен ақынға, ғұлама ғалымға толы. Мағжан қазақ хандарының тарихын тым әріден - Афрасиябтан бастайды. Кезінде әлемді өзінің қаһарымен тітіреткен Шыңғысханды Мағжан сол кезде-ақ Түркістан топырағынан деп батыл айтқан Әл-Фарабиді қазақтың асқан білімді философы деп сол 20-шы жылдары зор мақтанышпен айтса, қазақтар оның есімін 60-шы жылдары ғана естіді. Жер жүзіне от шашып нажағайдай өте шыққан Ақсақ Темірді де атап өтеді. Біз Мағжанның бір ғана «Түркістан» өлеңі арқылы Ұлықбектей ғалымдарымызбен, бүкіл тарихи даму жолдарымызбен таныстық.

Ақын өлеңінде түріктердің өзен суы мен тауларына дейін зор мақтанышпен ғажап етіп көрсетеді. Осы керемет өлкенің қаһармандық тарихын айналдырған 25 шумақтың аясына сыйғызған ақынның шеберлігі мен ғұламалығына таңданбасқа болмайды. Ол мұнда бүкіл Тұран елінің тарихын алақанға салғандай әдемілеп айтып берген.

Белгілі ғалым Л.Р.Гумилев «Қиял патшалығын іздеу» аты еңбегінде құла түзде Гуннуден (Қытайдан) әлдеқайда күшті Түрік мемлекеті құрылды дей отыра, 500 – 569 жылдар ішінде Сары теңіз бен Қара теңіз аралығында жатқан ұлан-байтақ даланы Түрік мемлекеті иеленіп күшті державаға айналды. Онымен Византия, Иран, Грекия санасып саудасаттық қатынастар жасауға мәжбүр болған деп атап өтеді. Ал Мағжан оны:

Түркістан - екі дүние есігі ғой,
Түркістан - ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңірі берген несібі ғой,

- деп жырлады.

Осылай түркілер тарихына көкірегі мақтаныш пен мақсатқа толып шаттанған ақын енді қазағына бұрылып:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алып тарасқанда
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

- дейді.

Ал «Қазақ тілі» атты өлеңінде:
Қыран құстың қос қанаты
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай - алтын ана есте жоқ.
Батыр, хандар - асқан жандар ұмытылды!

- дей отырып, осындай елден мұра болып қалған құдіретті қазақ тілінің барлық тарап кеткен түркілерді бауырына тартып, біріктіретініне сенім білдіріп:

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен тілім,

- деп тебіренді.

Мағжан халқымыздың болашағы түркі тектес халықтардың бірлігінде деп таныған. Поэзиясында түрік бірлігін жырлауы да содан. Түркі тектес халықтардың басын біріктіріп, бір кездегі күркіреген ел болуымызды армандаған. Бірақ ол өзі ондай күнге жете алмады.

Кеңес билеушілері түрік халықтарының бірігуін қаламады. Сондықтан әртүрлі лақап таратып, шовинистік пиғылдарды қоздырды. Біреулері азиялықтар орыстарды Түркістаннан шеттеткісі келеді деп даурықты. Екіншілері сонау Қара теңіздің ар жағындағы Түркияға Орта Азия мен Қазақстан қосылғалы жатыр екен деп дүрлікті. Ақыры «пантюркизмге» қарсы жорық жарияланды. Онсыз да үстінен «байшыл», «ұлтшыл» деген таяқ түспей жүрген Мағжан «түрікшіл» деген атаққа тағы қалды. Ал шындығында, Мағжан түрікке «алыстағы бауырым» дегенде басқа халықтарға жаулық тілемеген. Жалпы езілген қлттардың мүддесін қорғаған.

Мағжан Жұмабаевтың әдебиетімізде көтерген түрік тақырыбының халықаралық маңызы зор. Бүгендері тәуелсіз қазақ елі Түркиямен тіл табысып, достық, бауырластық қарым өатынастар жасап жатса, осы мәртебелі істе Мағжандай ұлы ақынымыздың үлесі де мол және ол ұмытылмауы тиіс.

«Солтүстік Қазақстан» 24.06.2009 жыл.

ҰЛЫ АҚЫНДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҚАҺАРМАН ҚАЙРАТКЕР (Смағұл Сәдуақасов)

Халқымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармалары кеңес билігі кезінде тиісті бағасын ала алмады. Оның 1912 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы халық арасына көп тарамады, сондықтан сол жинақ туралы ол кезде көп айтылған жоқ. Өйткені, Мағжанның өлеңдерін түсініп, оның поэзиядағы орнын дұрыс көрсетіп жариялайтын адамдар аз болды. Ол үшін республика басшылығының дәрежесінде қызмет атқарып, саясатқа да, әдебиетке де жетік, батыл әрі ақынды жақсы білетін адам болу керек еді. Міне, сондай адамдардың бірі -Смағұл Сәдуақасов еді.

Мағжан мен Смағұл - жерлестер. Мағжан - қазіргі өз есімімен аталатын ауданның Сарытомар ауылында 1893 жылы туса, Смағұл - Ақжар ауданындағы Жарқын ауылында 1900 жылы дүниеге келген.

Олар Омбы қаласында оқып жүргенде танысады. Мағжанның 1913 -1917 жылдары Омбының мұғалімдер семинариясында оқығаны белгілі. Ал Смағұл 1915 жылы Омбының ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. 1914 жылы семинария шәкірттері Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмақов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Баржақсин, т.б. «Бірлік» атты жасырын дастар ұйымын құрады. Оны сол кезде Омбы мешітінің имамы болып жүрген Шәймерден Әлжанов басқарады. Кейінірек бұл ұйымға Смағұл Садуақасов және тағы басқа бірсыпыра жастар кіреді.

«Бірлік» өз алдына мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы қазақ халқының ұлттық санасы мен сезімін оятуды мақсат еткен болатын. Смағұл оның жұмысына белсене кірісіп, кейін сол бағытты жалғастырған «Жас азамат» ұйымын құруға да білек сыбана атсалысады.

«Жас азамат» 1918 жылдың 5- 13 мамыр күндері Омбы қаласында өткен жалпы қазақ жастарының бірінші құрылтайының шешіміменқұрылды. Ұйымныңтөрағалығына Ғазиз Мурзин, басқарма мүшелігіне Асылбек Сейітов, Гулия Досымбекова, Әбдірахман Байділдин бекітілді. Смағұл Садуақасов ұйымның хатшылығына сайланды. Ұйымның

«Жас азамат» атты газетінің редакторы болып Қошке Кемеңгеров тағайындалды.

Газеттің бірінші саны 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрді. Оның алғашқы саны Смағұл Садуақасовтың «Жас тілек» атты бас мақаласымен ашылды. Онда мынадай тамаша сөздер келтірілген: «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсаты, негізгі жолы - ұлт бостандығы, ұлт теңдігі».

Осы санда Мағжанның «Мен жастарға сенемін!» деген әйгілі өлеңі де жарияланды. Бұл өлең сол кездегі қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама іспетті. Өлеңнің беташары ретінде ақын мынадай сөздер келтіріпті: «Жастар! Алда жүрген Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алындар. Елдіктен, ерліктен айрылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойландар! Күнді - түн, жақынды - жат, пайданы - зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ержетіп, есі кірген елді ойландар!»

Осылай дей келе ақын «Мен жастарға сенемін!» өленің ұсынады. Осы өлеңнің бір-екі шумағын келтірейік:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға!
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

Осы жолдарды жазған Мағжанның өзі 25-ақ жаста еді. Ал Смағұл небәрі 18 жаста болатын.

Мағжан 1918 жылдың күзінен 1919 жылдың көктеміне дейін Омбы қаласында қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын курс ашып, өзі соның директоры болды, әрі қазақ тілі мен орыс тілінен, әдебиеттен, тарихтан сабақ берді. Смағұл бұл кезде Батыс Сібір кооператорлар одағының жұмысына белсене араласты. Ол Мағжанның 1912 жылы шыққан «Шолпан» өлеңдер жинағын және одан кейін жазылған кейбір өлеңдерін оқыған және олардың мазмұны мен мақсатын жақсы түсінген болатын. Түсініп қана қойған жоқ, жалынды қайраткер, дарынды қаламгер 18 жасында

«Трудовая Сибирь» журналының 1919 жылғы № 1 санында «Киргизская литература» («Қазақ әдебиеті») атты мақала жариялады. Онда қазақ поэзиясына біраз шолу жасай келіп, Абай өлеңдеріне мынадай баға берді: «Оның тілі - ғажайып көркем. Бұл тұрғыда оған қазақ жазушыларының арасында тең келетіні жоқ». Осыдан соң Мағжан поэзиясына назар аударады:

«Поэзия саласындағы соны күштердің ішінен жас ақын Мағжан Бекенұлы Жұмабаев жарқырай көрініп келеді. Ол - өзіндік дара бағыттағы лирик ақын. Оның өлеңдері жастар арасына кеңінен тарап кетті. Үнділігі жөнінен олар Абай жырларынан кем түспейді. Ойының айқындығы, жырының көркемдігі жөнінен ол өзіне дейінгі лирик ақындардың барлығын басып озып, көш ілгері кетті».

Міне, бұл Мағжан поэзиясына Жүсіпбек Аймауытовтан да бұрын берілген тұңғыш әділ баға еді.

1920 жылы Мағжан Сібір ревкомы жанынан құрылған Омбы оқу бөлімінің аз ұлттар бөлімшесінде нұсқаушы болып қызмет істеді. Бұл кезде Смағұл РКСМ-ның Батыс сібір бюросының қырғыз-татар секциясында қызметте болды және осында «Еңбекші жастар» газетін шығарып тұрды.

Сол 1920 жылғы қыркүйектің 12-18-і аралығында Мәскеуде өткен Күншығыс ұлттары жастарының I конференциясына өкіл болып барып, сөз сөйледі. Сонда Күншығыс жастарының 9 кісіден тұратын кіндік бюросына мүше болып сайланды. Ал қыркүйектің аяғында Орынборға шақырылып, аймақтық жастар комитетінің хатшысы болып тағайындалды.

1920 жылғы 4 қазанда Жалпықазақ Кеңестерінің 1 съезінде қазақтың жас коммунистері атынан сөз сөйледі. Сонда Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төралқа мүшесі және комитет төрағасының орынбасары болып сайланды әрі «Ұшқын» (қазіргі «Егемен Қазақстан) газетінің алқа мүшелігіне бекітілді. Сонымен бірге ол Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне де сайланды. Бұл кезде ол 20 жаста ғана еді.

1920-1921 жылдары Мағжан Сибревком жанындағы қазақ өкілдігінің тұңғыш қазақ газеті «Кедей сөзінің» редакция алқасының мүшесі қызметін атқарды.

Мағжан тапшыл ақын емес, біртұтас қазақ ұлтының ақыны

болғаны, осы ұстанымы үшін талай аяусыз сынға ұшырап, соққы көргені белгілі. Мысалы, 1922 жылы жазылған «Жолдасқа» деген өлеңінде Мағжан өзінің азаматтық ұстанымын былай білдіреді:

Тапсыз бүгін бір елмін,
Тәңірге жалғыз ұқсармын
Көбікті күміс бір селмін.
Сасықты сендей басармын
Кіршіксіз ақ ордамын,
Бұзылмаған қордамын,
Бөле алмассың тап-тапқа!

Ресейдің империялық езгісінде болған тұтас қазақ елін байкедей деп екіге жарып, өзара қырқыстырмақ болған «тапшыл жолдастарға» ақын кезінде осылай жауап берген. Оның бұл ұстанымы Смағұлдың 1920 жылғы 7 қарашадағы «Октябрь төңкерісі һәм қазақ еңбекшілері» атты мақаласындағы: «Біз қазақ тұрмысын алсақ, жоғарыда айтылған екі тапқа қазақты бөлерлік еш себеп жоқ. Қазақ тұрмысын жаппай бір түрлі құлданушы да, құлдықта жасаушы да тап жоқ. Қазақта шет халықтар құлданбаса, өз ішінен құлданушылар шыққан жоқ. Олай болса, қазақ халқының бәрі еңбекшіл», - деп батыл жазуына сай келеді.

1920 – 1921 жылдары Қазақ автономиялы республикасының іргесін бекітіп, жерін түгендеу шаралары жүріп жатты. Сол кездегі ең бір қиын мәселе Ресейдің Сібір ревкомы бауырына басып алған Ақмола мен Семей губернияларын Қазақстанға қосу мәселесі еді. Бұл іске Қазақстан Атқару комитеті төрағасының орынбасары Смағұл Садуақасов шұғыл да батыл кірісті. Әсіресе, «Отаршыл пиғылдағы Семей ревкомы мен қазақ емес коммунистердің Семей губерниясын Ресей Федерациясының құрамына бермек болған арам саясатын Смағұл Садуақасовтың қалай талқандағаны мәлім. Ақыры осы батыл қимылдары үшін Смағұлға ұлтшыл деген атақ тағылды. Қазіргі ұрпақ Смағұлдың дәл осы бір ғана ерлігі үшін оның алдында бас иеді» - деп жазды белгілі ғалым Зарқын Тайшыбай «Мағжанның Қызылжары» атты кітабында.

«Кедей сөзі» газетінің 1921 жылғы 12 қаңтардағы санында Мағжан Жұмабаевтың «Автономия кімдікі?» атты мақаласы шықты. Бұл мақала Кеңес өкіметінің 1920 жылғы 26 тамыздағы Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешіміне байланысты жазылды. Қазақтар бұл шешімді

большевиктердің «ұлттардың өзін-өзі билеуіне» берген мүмкіндігі деп қабылдаса да, іс жүзінде автономияның иесі кім екені түсініксіздеу еді. Соның өзінде Мағжан газет арқылы халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға атсалысуға шақырды. Міне, бұл мәселе бойынша да Смағұл мен Мағжанның ойы, мақсаты үндестік тауып тұрған жоқ па?

1925 жылғы сәуірде өткен Қазақстан Кеңестерінің V съезінде Смағұл Садуақасов республика Халық ағарту комиссары болып бекітілді, әрі «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторы болып сайланды. Халық ағарту комиссары қызметінде 2 жыл болғанда ол халыққа қажет талай игі істер тындырды. Қазақтың тұңғыш педагогикалық институтының, алғашқы ұлттық театрының ашылуына мұрындық болды. Ақын-жазушыларды, ғалымдарды қанатының астына алды, оқулық, танымдық, ғылыми кітаптардың көптеп жазылуына бас-көз болып, олардың басылып шығуына қамқорлық жасады.

1924 жылдан бастап Мағжан шығармалары негізсіз сынға ұшырап, оның шығармаларын баспасөз бетінде жариялауға тыйым салынса да, Смағұл өзі басқаратын «Еңбекші қазақта» оның кейбір өлеңдерін жариялап отырды.

Осы газеттің 1927 жылғы 15-16 ақпандағы № 37-38 сандарында Смағұл Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері (Айтыс ретінде)» деген көлемді мақаласы шықты. Онда былай делінген: «Мағжан туралы былтыр Ғаббастың (Тоғжанов. - Қ.М.) кітабы шықты. Бірақ бұл да Мағжанды бізге толық көрсеткен жоқ. Ғаббастың бізге айтқаны Мағжанның «жұмбағы», «дағдарысы» болды. Бірақ 9 жыл төңкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған күә - оның соңғы жазғандары. Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен, сірә, аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз бәрін де күйдіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатып қоңыздатушыларға» қарсымын.

Доңыз демекші, Мағжанның «қоңызы мен доңызын» аузынан тастамайтын кісінің бірі - біздің Әбдірахман (Байділдин. - Қ.М.). Мағжанның ол өлеңі Сібірде Колчактың қара күндері туған кезде жазылған. Бұны өзге жұрт бімесе де, Мағжанмен сол кезде сабақтас табақтас болған Әбдірахман білсе керек еді. Бірақ амал бар ма, «қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса». Мінекей, ең атақты, ең дарынды ақынымыз туралы сыншылар әлі түгел зерттеп біткен жоқ».

Смағұлдың мұндай батыл жазылған мақалалары Қазақстанның бірінші басшысы Ф.И.Голощекинге ұнаған

жоқ. Көп кешікпей ол «Еңбекші қазақтың» басшылығынан босатылады. 1927 жылғы қарашада Халық ағарту комиссары қызметінен де шеттетіледі. Біраз уақыт Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарады. Алайда, 1928 жылғы наурызда бұл қызметтен де босатылады. Сөйтіп, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болады.

Смағұл 1928 жылғы қыркүйекте Мәскеу көлік инженерлерін даярлайтын институтқа оқуға түседі. Оны бітіргеннен кейін Мәскеу-Донбасс темір жолында қызмет істеп жүргенде кездейсоқ ауруға шалдығып, Мәскеу ауруханасында белгісіз жағдайда 1933 жылдың күзінде қайтыс болады.

«Известия» газетінің 18 желтоқсандағы санында Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің жанындағы Қазақ Республикасы өкілдігінің Смағұлдың өлімі туралы қазанамасы жарияланды. Оған қол қойғандар - Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, Ғ.Тоғжанов, т.б.

Қазақтың асыл азаматы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Смағұл Садуақасовтың өліміне бүкіл қазақ жұрты қатты қайғырды. Мағжан Жұмабаев оның қазасына мынадай жоқтау өлеңін арнады:

Жас Смағұл үздік туған бала екен,
Байтақ елге асқар таудай пана екен.
Сол баладан, сол панадан айрылған
Қайран қазақ, орны толмас жара екен.

Кім білді ердің асыл туған баласын,
Байтақ елдің асыл туған ағасын.
Ажал, шіркін, қарамайсың ажарға,
Тағдыр тартып жыртқызыпты жағасын.

Аққуы жоқ, қаздары жоқ көл жетім,
Шүйгіні жоқ, шалғыны жоқ жер жетім.
Смағұлдай баласынан айрылған
Қайран қазақ, болдың бүгін сен жетім.

Мағжан да, Смағұл да қазақтың дарынды да даңқты тұлғалары еді. Кезінде олардың өмірі үлкен қиыншылықта, құғын-сүргінде өтті. Енді Тәуелсіз Қазақстанда біз олардың күреске толы өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, әлі де ашылмаған «ақтаңдақ» тұстарын ашуға тырысуымыз керек. Мағжан сынды ұлы ақыннан да, оны көзі тірісінде ұлықтай білген Смағұл сынды қаһарман қайраткерден де отансүйгіштікті, ұлтжандылықты үйренуіміз қажет.

«Солтүстік Қазақстан» 18.04.2013 жыл.

МАҒЖАН ЖӘНЕ СМАҒҰЛ САДУАҚАСОВ

Халқымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармалары кеңес билігі кезінде тиісті бағасын ала алмады. Оның 1912 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы халық арасына көп тарамады, сондықтан сол жинақ туралы ол кезде көп айтылған жоқ. Өйткені, Мағжанның өлеңдерін түсініп, оның поэзиядағы орнын дұрыс көрсетіп жариялайтын адамдар аз болды. Ол үшін республика басшылығының дәрежесінде қызмет атқарып, саясатқа да, әдебиетке де жетік, батыл әрі ақынды жақсы білетін адам болу керек еді. Міне, сондай адамдардың бірі -Смағұл Сәдуақасов еді.

Мағжан мен Смағұл да біздің жерлестеріміз. Мағжан қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы өз есімімен аталатын ауданның Сарытомар ауылында 1893 жылы туса, Смағұл осы облыстың Ақжар ауданындағы Жарқын ауылында 1900 жылы дүниеге келген.

Бұл екеуі Омбы қаласында оқып жүргенде танысады. Мағжанның 1913 - 1917 жылдары Омбының мұғалімдер семинариясында оқығаны белгілі. Смағұл 1915 жылы Омбының ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. 1914 жылы семинария шәкірттері Сәкен Сейфуллин, Нығмет Нұрмақов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Баржақсин, т.б. «Бірлік» атты жасырын дастар ұйымын құрады. Оны сол кезде Омбы мешітінің имамы болып жүрген Шәймерден Әлжанов басқарады. Кейінірек бұл ұйымға Смағұл Садуақасов және тағы басқа бірсыпыра жастар кіреді. Бұл ұйым өзінің алдына мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы қазақ халқының ұлттық санасы мен сезімін оятуды мақсат еткен болатын.

Смағұл «Бірліктің» жұмысына белсене кірісіп, оның бағытын жалғастырған «Жас азамат» ұйымын құруға да білек сыбана қатысады.

«Жас азамат» ұйымы 1918 жылдың 5 - 13 мамыры күндері Омбы қаласында өткен жалпы қазақ жастарының бірінші құрылтайының шешімімен құрылды. Ұйымның төрағалығына Ғазиз Мурзин, басқарма мүшелігіне Асылбек

Сейітов, Гулия Досымбекова, Әбдірахман Байділдин бекітілді. Смағұл Садуақасов ұйымның хатшылығына сайланды. Ұйымның «Жас азамат» атты газетінің редакторы болып Қошке Кемеңгеров тағайындалды.

Газеттің бірінші саны 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрді. Оның алғашқы саны Смағұл Садуақасовтың «Жас тілек» атты бас мақаласымен ашылды. Онда мынадай тамаша сөздер келтірілген: «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсаты, негізгі жолы - ұлт бостандығы, ұлт теңдігі». Осы санда Мағжанның «Мен жастарға сенемін!» деген әйгілі өлеңі де жарияланды. Бұл өлең сол кездегі қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама іспетті. Өлеңнің беташары ретінде ақын мынадай сөздер келтіріпті: «Жастар! Алда жүрген Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алындар. Елдіктен, ерліктен айрылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойландар! Күнді - түн, жақынды - жат, пайданы - зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ержетіп, есі кірген елді ойландар!»

Осылай дей келе ақын «Мен жастарға сенемін!» өленің ұсынады. Осы өлеңнің бір-екі шумағын келтірейік:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға!
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

Осы жолдарды жазған Мағжанның өзі де әлі 25-ақ жаста еді. Ал Смағұл не бары 18 жаста болатын.

Мағжан 1918 жылдың күзінен 1919 жылдың көктеміне дейін Омбы қаласында қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын курс ашып, өзі соның директоры болды, әрі қазақ тілі мен орыс тілінен, әдебиеттен, тарихтан сабақ берді. Смағұл бұл кезде Батыс Сібір кооператорлар одағының жұмысына белсене араласуда болды. Ол Мағжанның 1912 жылы шыққан «Шолпан» өлеңдер жинағын және одан кейін жазылған кейбір өлеңдерін оқыған және олардың мазмұны мен мақсатын жақсы түсінген болатын. Түсініп қана қойған жоқ жалынды қайраткер, дарынды қаламгер 18 жасында

«Трудовая Сибирь» журналының 1919 жылғы № 1 санында «Киргизская литература» («Қазақ әдебиеті») атты мақала жариялады. Онда қазақ поэзиясына біраз шолу жасай келіп, Абай өлеңдеріне мынадай баға берді: «Оның (Абайдың. - Қ.М.) тілі - ғажайып көркем. Бұл тұрғыда оған қазақ жазушыларының арасында тең келетіні жоқ». Осыдан соң Мағжан поэзиясына назар аударады:

«Поэзия саласындағы соны күштердің ішінен жас ақын Мағжан Бекенұлы Жұмабаев жарқырай көрініп келеді. Ол өзіндік дара бағыттағы лирик ақын. Оның өлеңдері жастар арасына кеңінен тарап кетті. Үнділігі жөнінен олар Абай жырларынан кем түспейді. Ойының айқындығы, жырының көркемдігі жөнінен ол өзіне дейінгі лирик ақындардың барлығын басып озып, көш ілгері кетті».

Міне, бұл Мағжан поэзиясына Жүсіпбек Аймауытовтан да бұрын берілген тұңғыш әділ баға еді.

1920 жылы Мағжан Сібір ревкомы жанынан құрылған Омбы оқу бөлімінің аз ұлттар бөлімшесінде инструктор болып қызмет істеді (Омбы облыстың мемлекеттік мұрағаты, 318-қор, 1 тізбе). Бұл кезде Смағұл РКСМ-ның Батыс Сібір бюросының қырғыз-татар секциясында қызметте болды және осында «Еңбекші жастар» газетін шығарып тұрды.

Сол 1920 жылғы қыркүйектің 12-18 аралығында Мәскеуде өткен Күншығыс ұлттары жастарының І-ші конференциясында өкіл болып барып, сөз сөйледі. Сонда Күншығыс жастарының 9 кісіден тұратын кіндік бюросына мүше болып сайланды. Ал қыркүйектің аяғында Орынборға шақырылып, аймақтық жастар комитетінің хатшысы болып тағайындалды.

1920 жылғы 4 қазанда Жалпықазақ Кеңестерінің 1-ші съезінде қазақтың жас коммунистері атынан сөз сөйледі. Сонда Қазақстан Орталық Атқару комитетінің президиум мүшесі және комитет төрағасының орынбасары болып сайланды әрі «Ұшқын» (қазіргі «Егемен Қазақстан) газетінің алқа мүшесіне бекітілді. Сонымен бірге ол Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне де сайланды. Бұл кезде ол 20 жаста ғана еді.

1920-1921 жж. Мағжан Сибревком жанындағы қазақ өкілдігінің тұңғыш қазақ газеті «Кедей сөзінің» редакция алқасының мүшесі қызметін атқарды.

Мағжан тапшыл ақын емес, біртұтас қазақ ұлтының ақыны

болғаны, осы ұстанымы үшін талай аяусыз сынға ұшырап, соққы көргені белгілі. Мысалы, 1922 жылы жазылған «Жолдасқа» деген өлеңінде Мағжан өзінің азаматтық ұстанымын былай білдіреді:

Тапсыз бүгін бір елмін,
Тәңірге жалғыз ұқсармын
Көбікті күміс бір селмін.
Сасықты сендей басармын
Кіршіксіз ақ ордамын,
Бұзылмаған қордамын,
Бөле алмассың тап-тапқа!

Ресейдің империялық езгісінде болған тұтас қазақ елін байкедей деп екіге жарып, өзара қырқыстырмақ болған «тапшыл жолдастарға» ақын кезінде осылай жауап берген. Оның бұл ұстанымы Смағұлдың 1920 жылғы 7 қарашадағы «Октябрь төңкерісі hәм қазақ еңбекшілері» атты мақаласындағы: «Біз қазақ тұрмысын алсақ, жоғарыда айтылған екі тапқа қазақты бөлерлік еш себеп жоқ. Қазақ тұрмысын жаппай бір түрлі құлданушы да, құлдықта жасаушы да тап жоқ. Қазақта шет халықтар құлданбаса, өз ішінен құлданушылар шыққан жоқ. Олай болса, қазақ халқының бәрі еңбекшіл», - деп батыл жазуына сай келеді.

1920 – 1921 жылдары Қазақ автономиялы республикасының іргесін бекітіп, жерін түгендеу шаралары жүріп жатты. Сол кездегі ең бір қиын мәселе Ресейдің Сібір төңкеріс комитеті бауырына басып алған Ақмола мен Семей губернияларын Қазақстанға қосу мәселесі еді. Бұл іске Қазақстан Атқару комитеті төрағасының орынбасары Смағұл Садуақасов шұғыл да батыл кірісті. Әсіресе, «отаршыл пиғылдағы Семей ревкомы мен қазақ емес коммунистердің Семей губерниясын Ресей Федерациясының құрамына бермек болған арам саясатын Смағұл Садуақасовтың қалай талқандағаны мәлім. Ақыры осы батыл қимылдары үшін Смағұлға ұлтшыл деген атақ тағылды. Қазіргі ұрпақ Смағұлдың дәл осы бір ғана ерлігі үшін оның алдында бас иеді» - деп жазды СҚМУ-нің доценті Зарқын Тайшыбай «Мағжанның Қызылжары» атты кітабында (З.С. Тайшыбай. Мағжанның Қызылжары. Петропавл, 2006 ж.).

Осы кезде «Кедей сөзі» газетінің 1921 жылғы 12 қаңтардағы санында Мағжан Жұмабаевтың «Автономия кімдікі?» атты мақаласы шықты. Бұл мақала Кеңес өкіметінің 1920

жылғы 26 тамыздағы Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешіміне байланысты жазылды. Қазақтар бұл шешімді большевиктердің «ұлттардың өзін-өзі билеуіне» берген мүмкіндігі деп қабылдаса да, іс жүзінде автономияның иесі кім екені түсініксіздеу еді. Соның өзінде Мағжан газет арқылы халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға ат салысуға шақырды. Міне, бұл мәселе бойынша да Смағұл мен Мағжанның ойы, мақсаты үндестік тауып тұрған жоқ па?

1925 жылғы сәуірде өткен Қазақстан Кеңестерінің V-съезінде Смағұл Садуақасов республика Халық ағарту комиссары болып бекітілді, әрі «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторы болып сайланды. Халық ағарту комиссары қызметінде 2 жыл болғанда ол халыққа қажет талай игі істер тындырды. Қазақтың тұңғыш педагогикалық институтының, алғашқы ұлттық театрының ашылуына мұрындық болды. Ақын-жазушыларды, ғалымдарды қанатының астына алды, оқулық, танымдық, ғылыми кітаптардың көптеп жазылуына бас-көз болып, олардың басылып шығуына қамқорлық жасады.

1924 жылдан бастап Мағжан шығармалары негізсіз сынға ұшырап, оның шығармаларын баспасөз бетінде жариялауға тыйым салынса да, Смағұл өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақта» оның кейбір өлеңдерін жариялап отырды.

Осы газеттің 1927 жылғы 15-16 ақпандағы № 37-38 сандарында Смағұл Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері (Айтыс ретінде)» деген көлемді мақаласы шықты. Онда былай делінген: «Мағжан туралы былтыр Ғаббастың (Тоғжанов. - Қ.М.) кітабы шықты. Бірақ бұл да Мағжанды бізге толық көрсеткен жоқ. Ғаббастың бізге айтқаны Мағжанның «жұмбағы», «дағдарысы» болды. Бірақ 9 жыл төңкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған күә - оның соңғы жазғандары. Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен сірә аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз бәрін де күйдіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатып қоңыздатушыларға» қарсымын.

Доңыз демекші, Мағжанның «қоңызы мен доңызын» аузынан тастамайтын кісінің бірі - біздің Әбдірахман (Байділдин. - Қ.М.). Мағжанның ол өлеңі Сібірде Колчактың қара күндері туған кезде жазылған. Бұны өзге жұрт бімесе де, Мағжанмен сол кезде сабақтас табақтас болған Әбдірахман білсе керек еді. Бірақ амал бар ма, «қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса». Мінекей, ең атақты, ең дарынды ақынымыз туралы сыншылар әлі түгел зерттеп біткен жоқ».

Смағұлдың мұндай батыл жазылған мақалалары Қазақстанның бірінші басшысы Ф.И.Голощекинге ұнаған жоқ. Көп кешікпей ол «Еңбекші қазақтың» басшылығынан босатылады. 1927 жылғы қарашада Халық ағарту комиссары қызметінен де шеттетіледі. Біраз уақыт ол Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарады. Алайда, 1928 жылғы наурызда бұл қызметтен де босатылады. Сөйтіп, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болады. Сол 1928 жылғы қыркүйекте Мәскеу транспорт-инженерлерін даярлайтын институтқа оқуға түседі. Институтты бітіргеннен кейін Мәскеу-Донбасс теміржолында қызмет істеп жүргенде кездейсоқ ауруға шалдығып, Мәскеу ауруханасында белгісіз жағдайда 1933 жылдың күзінде қайтыс болады.

«Известия» газетінің 18 желтоқсандағы санында БОАК-тың (Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің) жанындағы Қазақстан республикасының өкілдігінің Смағұлдың өлімі туралы қазанамасы (некролог) жарияланды. Оған қол қойғандар - Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, Ғ.Тоғжанов, т.б.

Қазақтың асыл азаматы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Смағұл Садуақасовтың өліміне бүкіл қазақ жұрты қатты қайғырды. Мағжан Жұмабаев оның қазасына мынадай жоқтау өлеңін арнады:

Жас Смағұл үздік туған бала екен,
Байтақ елге асқар таудай пана екен.
Сол баладан, сол панадан айрылған
Қайран қазақ, орны толмас жара екен.

Кім білді ердің асыл туған баласын,
Байтақ елдің асыл туған ағасын.
Ажал шіркін қарамайсың ажарға,
Тағдыр тартып жыртқызыпты жағасын.
Аққуы жоқ, қаздары жоқ көл жетім,
Шүйгіні жоқ, шалғыны жоқ жер жетім.
Смағұлдай баласынан айрылған
Қайран қазақ, болдың бүгін сен жетім.

Мағжан да, Смағұл да қазақтың талантты да дарынды тұлғалары еді. Кезінде олардың өмірі үлкен қиыншылықта, құғын-сүргінде өтті. Енді Тәуелсіз Қазақстанда біз олардың күреске толы өмірі мен шығармашылығын зерттеп, әлі де ашылмаған тұстарын ашуға тырысуымыз керек және олардан отансүйгіштікті, ұлтжандылықты үйренуіміз қажет.

«Бұқпа» 11.04.2013 жыл.

МАҒЖАН МЕН СӘКЕН
(Мағжан – 115)

Мағжан мен Сәкен бір-бірімен өмір бойы қас болып өтіпті деген сөздер ел ішінде кейде естіліп жатады. Ал осы шындыққа жата ма, әлде білместіктің салдары ма? Енді екі ұлы ақынның қарым қатынасын шығармашылығымен қоса зерттеп көрейік.

Алғаш рет Мағжан мен Сәкен 1913 жылдың күзінде Омбы қаласында мұғалымдық семинарияда кездесіп, танысты. Сәкен осы семинарияның бірінші класына, Мағжан дайындық класына оқуға түседі. Мұнда Мағжан қазақша медреселерде оқып, Сәкен орысша-қазақша училище бітіріп келген болатын.

Екеуі де Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастарының жасырын «Бірлік» атты ұйымының белді мүшесі болды. Екеуі де жасынан өлең шығарумен айналысқан жас ақын еді. Мағжан мұнда келмей тұрып 1912 жылы Қазан қаласында «Шолпан» атты тұңғыш өлендер жинағын шығарып үлгерген болатын. Сәкен алғашқы «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағын сол Қазан қаласында 1914 жылы семинарияда оқып жүргенде шығарды.

Екеуі де көркем, екеуі де жас ақын, екеуінің де мінездерінде кербездік, тәкәппарлық болғаны шындық. Осыған сай оларда бірін-бірі сынаушылық, кекетушілік, бірінен-бірі ассам деген ойлар болғаны жасырын емес. Осындай жағдайда Сәкен 1916 жылдың қаңтарында «Бір яш (келеке)» деген өлең шығарып оқушылар арасында таратып жібереді. Онда мынадай сөздер бар:

Қазаққа, татарға
«Таң» болып атарға
«Трр» ұштым, «тырыстым»
Кіруге қатарға.

Жақанды жақтадым,
Ақанды мақтадым.
Жұсыптан жасырып,
Сөз алдым асырып.

Абайдан абайлап,
Тоқайдан тоқайлап.
Сөз алдым білдіртпей
Көп ойлап, «шоң» ойлап.

Кітапша бастырдым,
Жан-жаққа шаштырдым.
«Алашқа» алысқа
Таяуда танысқа.

Біреуді мақтасам,
Біреуді жақтасам.
Мені де мақтамақ
Жанасып жақтамақ.

Мағжан да қарап қалмады, үндемей қалуды «ар» көріп, «Заманымыздың ақыны» деген өлеңді жазды:

Терезеге қараймын,
Қарындашты жалаймын.
Келтірем деп өлшеуге
Сөздерді іштей санаймын.

Басқаға мойын бұрмаймын,
Бітірмей жазып тұрмаймын.
Не керек жұрт сезбейді
Ақырын Феттен ұрлаймын.

Сөз таласы екі жастың ақындық өресінен хабар беріп, жалғасқанын Сәкеннің қолма қол қайтарған «Келеке қылушыдан» деген екінші, жауап өлеңінен көреміз:

Мұндайды жазбаушы ем.
Күлкіге азбаушы ем.
Біреудің айыбын
Бүйтіп көп қазбаушы ем.

«Шағирі ғасырдың»
Мініңді жасырдың
Жұлдыздан жоғары
Өзіңді асырдың.

Өзіме күлер деп,
Мінімді білер деп,
Келеді ойыңа
Сендің ғой «бойыңа».

Өкпе айтпа сөзіме,
Әм көрген көзіме.
Бәрін де білемін
Ха-ха-ха, - күлемін.

Бұл өлеңде ақындық бәсекемен қатар Мағжанның үлкен мінін де сөз арасында қыстырған. Сол кездегі Мағжанды білетіндердің айтуынша Мағжан пенделік өмірінде ойынан емес «бойынан» талай рет «қорлық көрсе» керек.

Екі ақын да қазақтың ұлы ақыны Абайды өздеріне пір тұтқан оның асыл сөздеріне тәнті болған. Мұны олардың Абайға арналған шығармаларынан байқаймыз. Мағжан өзінің «Атақты ақын сөзі алтын hакім Абайға» атты өлеңін 1912 жылы жарық көрген «Шолпан» жинағында бастырған.

Мағжан: Шын hакім, сөзің асыл - баға жетпес.

Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан hакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.
Тыныш ұйықта, қабіріңде, уайым жеме,
«Қор болды қайран сөзім босқа!» - деме.
Артында қазақтың жас балалары
Сөзіңді көсем қылып жүрер жөнге! -

десе, Сәкен «Өткен күндер» жинағындағы «Ақын» атты өлеңінде ұлы ақын туралы ойып былай жеткізеді:

Ғибратты сөздер айтып болдың ақын,
Мүсәнләфләр сөзіне сөзің жақын.
Үлгі қып кейінгіге жаздың нұсқа,
Қиыннан қиыстырып сөздің нақын.

Сөзіңнің қарап тұрсам мағынасы мол,
Бастаушы адасқанды болғандай жол.
Өзге сөздің патшасы - сенің сөзің
Я бар бол бұл дүниеде, яки жоқ бол.

Салыстырып қарасақ екі жас ақынның Абай туралы өлеңдерінде үндестік, ұқстастық байқалады. Әдебиетші Дихан Қамзабековтың пайымдауынша, бұл өлеңдер екі ақынның да «шеберлік көшіне ілесіп бара жатқан жастардың өлең әлеміндегі алғашқы тәжірибесі» болатын.

Мағжан да, Сәкен де 1917 -1919 жылдар аралығында абақтыға қамалып, біраз уақыт қиыншылық көрді. Мағжан 1917 жылғы қазан айынан 1918 жылғы мамыр айына дейін

«Үш жүз» партиясының әлегімен Омбының түрмесінде қамауда болды. Сәкен 1918 жылдың маусым айынан 1919 жылдың наурыз айының соңынан дейін талай азапты күндерді басынан өткізіп, ақыры Омбы түрмесінен қашып шығады. Екі ақын да абақтыда отырғанда «Сағындым» атты өлең жазыпты. Олардың осы өлеңдерінің тақырыбы да, мазмұны да ұқсас, бір-біріне үндес.

Мағжан: «Сағындым»:

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» - деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым - жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге план құрысып
Сырласатын жан достарды сағындым.

Жүрегіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, хордай жарды сағындым.
Айрыларды күншығыстан ағарып
Ақ жібектей атқан таңды сағындым.

Қазағымды, қалың елді сағындым.
Сарыарқамды - сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Сәкен: «Сағындым»:

Қайырымды қалың елі бар,
Сарыарқа сары белі бар.
Өрісті Шалқар көлі бар,
Сағындым мен қырымды.

Өзенді, көлді жайлаған,
Кермеге тұлпар байлған.
Хабарсыз арам ойлардан
Сағындым мен аулымды.

Жібектей шашы оралған,
Қыпша белі қыналған.
Еркесі қырдың бұралған,
Сағындым мен сәулемді.

Айналып-толған өсірген,
Ақ сүтін беріп кешірген,
Тастамайтың есінен,
Сағындым ғаріп анамды.

Таулары биік қиялы,
Орманы шалқып миялы,
Жылқы, қой, сиыр, түйелі
Сағындым Арқа-жерімді.

Қамауда қанша қиыншылық көрсе де, елің жерін қанша сағынса да, екі ақын да сары уайымға салынбайды, екеуінің де асқақ рухы жығылмайды.

Отырмын күзет-қамауда,
Дұшпаннан тәнім жеңілді.
Жеңе алмас бірақ еш пенде
Асау еркін көңілді,
- деп Сәкен шын болаттай шамырқана түссе, Мағжан:
Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де алаш өлмес, көркейер
Істей берсін қолдарынан келгенін! -
деп халқы үшін, алашы үшін өлсе де жаудан жеңілмейтініне сенім білдіреді.

Мағжан мен Сәкен қазан төңкерісінен кейінгі жылдары бірімен-бірі тура кездеспесе де, сырттай бірінің ісін бірі біліп жүреді. Ал 1921 жылдың наурыз айында олардың Қызылжар қаласында кездесулеріне мүмкіндік болды. Сол жылғы наурыздың 22-сінде Ақмола, Семей облыстарын Сибревкомнан алып Қазақстанға қосу үшін Қазақ үкіметінен Омбы қаласына келген бес кісілік төтенше комиссияның

ішінде Сәкен де болады. Комиссия іске кірісіп, Сибревкоммен келіссөз жүргізіп жатқанда Қызылжарда ақ бандылар мен бай кулактардың қарулы көтерілісінен көп адамдардың мерт болғаны, олардың ішінде белгілі революционер ақын Баймағамбет Ізтөлин де бар екендігі жөнінде суық хабар келеді. Сәкен бірнеше адаммен Қызылжарға келіп қаза тапқандарды буырластар зиратына жерлеуге және сол құрбандарға арналған қаралы митингіге қатысады. Мағжан бұл кезде «Бостандық туы» газетінің редакциясында болатын.

Осы кез туралы Мағжан мен Сәкеннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген белгілі әдебиеттанушы ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев өзінің «Сайыс» атты эссесінде былай деп жазады:

«Сол уақытта кездесті ме, жоқ па, біраз Мағжанның осы трагедиялық оқиғаға енжар қарағаны байқалады, өлеңжырынан, мақалаларынан аңғарылмайды...» Ал шындығында сол жолы Мағжан мен Сәкен редакцияда кездескен. Оған күә Мағжанның «Бостандық туы» газетінің сол жылғы 16-ншы сәуірде шыққан «Ақмола, Семей облыстарын Қазақстанға қосу үшін келген төтенше комиссияның ісі» деген мақаласы. «Жәжеке» деп қол қойған бұл мақаласында Мағжан: «Жоғарыдағы жобамен төтенше комиссияның ісі туралы комиссия мүшесі Сәдуақас Сейфуллин жолдас төмендегі хабарды берді: Комиссия Омбыға 22 мартта келіп 24-інде Сибревкомда көрісті» - дей келе келіссөз жүргізілген үш мәжілісті атайды. Бұл мәліметтерді, әрине, Сәкен редакцияда айтқан да Мағжан оны жазып алып кейін газетке мақала етіп бастырған.

Сәкен Қызылжарға аттанарда Омбы вокзалында отырып «Қызыл ерлер» деген өлең шығарып, Қызылжарға келген соң «Бостандық туы» газетінде бастырып шығарады. Онда мынадай жолдар бар:

Бостандық үшін ант қылып,
Күресуге тұрдық біз.
Республика Советін
Ұран салып құрдық біз.

Жауыздар үшін қан төгіп,
«Дінім», «ұлтым» демеспіз...
Дүниенің барлық жарлысы
Бауырымыз, біздің жұртымыз,
Олардың бақыты, үкімі -

Діниміз, біздің ұлтымыз, - деген идея, Тұрсекеңнің айтуынша, Мағжанға ұнамағаны анық. Сәкеннің бұрынғыдан да ғөрі солшылдана түскені әлемдік революцияның әуселімен жүргендігі Мағжанның жүрегін қозғамағандығы былай тұрсын, «ұлтым», «қазағым» деп келе жатқан Мағжанды шошындыруы да мүмкін. Тіпті бір-біріне кездесе қалғанда сезіліп те қалған шығар» (Т.Кәкішев. Сайыс. Эссе. Алматы. 2004. 138-бет).

Одан әрі Т.Кәкішев Сәкеннің сол жылғы Мағжанға арнап ашына жазған екі өлеңнің жазылу себептерін былай өрбітеді:

«Бір ақынның сандырағы» және «Ұлтшылдың сандырағы» деген екі өлеңі тап сол жылы, яғни 1921 жылы жазылуы тегін емес. Оның үстіне 1916 жылы «Заманымыздың ақыны» деген кекесінінен кейін 1920 жылы Мағжанның:

Фуллин Сәкен Кекең, Кекең Футурист.

Бала ақымақ Қожа Ташмай Басын кес, -

деген қалжын-эпиграмма жазғаны. Сәкеннің құлағына жетіп жатса, ертоқымын бауырына алатындай себептің табылғаны ғой. Мағжан өлеңдерінде шамадан тыс қайталанып жырланатын жайлар мен әлеуметтік енжарлығы, әсіресе Қызылжардағы оқиғаға онша мән бермеуі Сәкеннің қаламына еріксіз жол бергендей» (Т.Кәкішев. Сайыс. Эссе. Алматы. 2004. 138-бет).

Осы өлендер туралы сөзді қорытындылай келе Т.Кәкішев: «Сонымен, Мағжан мен Сәкен ұстасты, бір-біріне өнер арқылы, өлең арқылы ашық келді. Бірақ бұл бір бірін сырттан бақылап жүруге, «жылы сөз» айтпаса да жазғанын біліп отыруға кедергі болған жоқ» (сонда,141- бет).

Мағжан мен Сәкеннің шығармаларында түрікшілдік, азиатшылдық та үндесігімен ерекшеленеді. Мағжанның «Алыстағы баурыма», «Орал», «Күншығыс», «От», «Пайғамбар», «Туранның бір бауында», «Түркістан», «Ескі Түркістан» атты өлеңдері оның түрікшілдігін, турандығын, азиатшылдығын көрсетеді. Бұл шығармалар бір жағынан қазақ әдебиетінің керегесін кеңейтіп, өрелі биікке көтерілуінің амалы болса, екінші жағынан, Мағжанды «пантюркизммен» айыптауға дәлел де болған еді.

Сәкеннің 1922 жылдың 8-ші тамызында «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Азия (Европаға)» деген өлеңінде ол жер дүниені жалмап бара жатқан Европа империалистерінің зұлымдығын әшкерелеп:

Сұм Европа! Арам залым тас болдың,
Бүліншілік жауыздыққа бас болдың.
Азаматқа жол көрсеткен ерлерге
Мұнша неге, уа Европа, қас болдың? -

деп империалистердің жасап отырған зорлық-зомбылығын тізіп өтеді де, пайғамбарлармен қорқытады. Әрине, бұл өлең коммунистік идеологияға үйлеспейтінін Е.Ярославский 1923 жылы III-партконференцияда айтып, Сәкеннің ұлтшылдығының негізінде «паназиялық» пиғыл жатыр деп айыптаған болатын. Сәкеннің бұл өлеңі Мағжанның «Пайғамбар», «Күншығыс» топтамасына үндеседі, себебі Европа империалистерін әшерелеуге келгенде екеуіде жантүршігерлік қиястық пен жауыздықты көзге елестетеді.

Түн баласы... түн жолына түскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол.
Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның,
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол, -

деген Мағжан сөздері Сәкеннің ашық та ащы ойларымен қабысып жатыр.

Екі ақын да - Европамен ұстасқанда жауға жауыздықпен жауап берейік демейді, қайта бірлікке шақырады.

Мағжан: Әй, сен кесел күнбатыс,

Бұл жатуың қай жатыс
Жоғал жылдам жолымнан!
Үмітің болса өмірден,

Ұста менің қолымнан, - деп зіл мен мейірімді қатар көрсетеді, тіпті қаласын күл қылмай гүлге, перзентін құл қылмай ұлға айналдырайық деген гуманистік ой айтады.

Сәкен: Тазартуға дүниенің ластығын
Жібітуге жүрегінің ластығын.
Семитімнің көп ұрпағын тағы да,
Жұмсадым мен Маркс қылып бастығын...

Немесе: Қой бауырым, әлде болса тас болма,
Бүліншілік, жауыздыққа бас болма, - деп ақылға шақырып, мейірбандыққа үндейді.

Бұл өлеңдерден байқағанымыз: дүние танымымен іс-әрекеті екі арнамен өрбіп келе жатқан ақындардың құяр сағасы біреу, ол - гуманизм.

1924 жылы жазған «Қызыл жалау» атты өлеңінде Мағжан:

- Қызыл шоқ жалау кімдікі?
- Кімде кім: «Тәңірім - от! - десе,

Қызыл шоқ жалау соныкі.

Ендеше, қазақ, сенікі! - дейді. Жаңа өкіметтің саясаты елдің қамың, алаш мүддесін көздейді, өйткені кеңестік ресми салтанатты рәміздің өзі - қызыл ту «сенікі, қазатыкі» деген идеяны білдіреді ақын.

Алашордашыл Мағжанның бұл жыр жолдары «Қызыл» Сәкеннің бұдан 5-6 жыл бұрын жарық көрген атақты «Жас қазақ марсельезасымен» үндесіп, сабақтасып жатқандай. Онда Сәкен:

«Азамат, сестеніп көзінді аш, жүрме бос,
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос.
Қызыл Ту - шылауың, қорғаның
Тізе қос, тізе қос, тізе қос! - деп ұраншыл, төңкерісшіл, қызыл туды қорған еткен және «дауылпаз ақын»:
Күн туды - біз теңдік алайық,
Ақ ниет азамат ерлерді

Бір тудың астына жияйық, - деп ұлттың бір бөлігін емес, зорлық-зомбылық көрген барша халықты ынтымақ-бірлікке шақырады. Бұдан Алаш-орда қозғалысының көрнекті өкілі Әлімхан Ермековтың көзінің тірісінде «Сәкенді қызылдар жағында, ал біздерді «орда» жағында демесеңдер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді» - дегені шындыққа жататыны көрініп тұр.

Екі ақын да халқының оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөлген. Мағжан ақындық сапарының алғашқы қадамынан бастап ағартушылық дүниетанымының аясында толғанды. 1912 жылы шыққан тұңғыш «Шолпан» атты өлеңдер жинағында ағартушылық сарындағы «Жазғы таң», «Сорлы қазақ», «Өнер білім қайтсе табылар», «Қазағым», т.б. өлеңдері басылды. «Жатыр» атты өлеңінде ақын қазақтың надандығын сынап, еліне, халқына жәрдем беруге дәрменсіз, тек төре болып шен алғанына мәз қазақтың оқыған азаматтарын да түйреп өтеді:

Біреулер оқып төре болып жатыр,
Шен алып бақыт құсы қонып жатыр.
Ұмытып өзін өзі бұл сабаздар
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр, -

дей келіп өлеңнің соңында ақын сөз семсерін тағы да сол халқына жаны ашымайтын оқыған азаматтарға сілтейді:

Сезінбей өз өлгенін, өзінікін,
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?

Мағжан ағарту ісіне үндеуші ретінде ғана қатыспай,

ұстаздық қызметті қайраткерлік тірегінің негізі етіп алған. Ол 1918-1919 жылдары Омбыда, 1920 жылы Қызылжарда мұғалімдер курсын басқарып, сабақ берді, 1922-1923 жылдары Ташкентте қазақ ағарту институтында, 1923-1927 жылдары Мәскеуде Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде, 1927-1929 жылдары Қызылжарда совпартшкола мен педтехникумда дәріс оқыды. 1922 жылы Орынбор қаласында оның «Педагогика» атты тамаша оқулығы шықты. Бұл оқулық күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

Сәкен Қазақстан үкіметін басқарып тұрған тұсында оқу-ағарту саласына көп көңіл бөлді. «Қазаққа оқу бұрын бір мәрте керек болса, енді мың мәрте керек. Оқусыз қазақтың болашақтағы күні қаран. Енді бір 20 жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына қосылуы керек» деген түбегейлі бағдарламасы бар Сәкен Сейфуллин өзі үкімет басында отырғанда республиканың жартымсыз бюджетінің тең жарымын оқу-ағарту саласына бөліп, өлкелік партия комитетінен ескерту алған кезі де болған көрінеді. Соған қарамастан ол жер жерлерде мектеп аштырып, бұрыңғы оқыған алаш азаматтарын ағарту ісіне тартып, оларды қолдап, демеп, газет-журналдарға жазып, оқу орындарының жатақханасына барып, асханадағы тағамдарының саласына дейін назар аударып, шет елдер мен Мәскеу -Ленинградқа топ-тобымен қазақ жастарын оқуға алдыртып, ақшалай көмек беріп, «қазақ оқушы жастарының жерлестері» ұйымдастырған кездесулерге барып сөз сөйлеп, тарыққандарға қаражат тауып бергені халқын ағартуға деген оның зор еңбегінің куәсі емес пе?!

Екі ақын да өз ана тіліне - қазақ тіліне зор көңіл бөлген. Мағжан 1922 жылы жазған «Қазақ тілі» деген өлеңінде:

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті кең тілім.
Таралған түрік балаларын баурыңа,
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен тілім.

- деп болашақтан зор үміт күтіп, қазақ тілінің әлем аренасына шығып бүкіл түрік халықтарының ортақ тілі болуын армандап, әрі үлкен көрегендікпен болжап кеткен және осы арманының орындалуына имандай сенген.

Сәкен үкімет басында тұрған кезінде күні бүгінге дейін толық шешілмей келе жатқан қазақ тілі мәселесін көтерді.

1923 жылғы 9 маусымда «Кеңес істерін қазақша жүргізу керек» деген белгілі мақаласын жариялады. 25 маусым күні «Кеңеселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» деген екінші мақаласын жариялады. 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық атқару комитетінің декретін қабылдатты. Кеңселердегі істерді қазақ тілінде жүргізу бүкіл республика көлемінде 1924 жылдың 1 шілдесінен басталатын болды. Әттең Голощекин келгеннен кейін бұл игілікті іс тоқтап қалды. Қазіргі кезде қайта көтеріліп, іске аса бастағанына тәубе дейміз.

Кеңес үкіметіне қазақ жұртының ұлттық мүддесін ту ғып көтеретін зиялылар керек емес еді, оған өзінің пікір ұсыныс жоқ, ел қамын ойлап басын қатырмайтын, тек отаршыл басшылықтың айтқанын екі етпей орындайтын дүбәрәлар қажет болатын. Сондықтан большевиктердің түпкі мақсаты әртүрлі сылтау тауып ен алдымен алашордашыларды, сосын Сәкен сияқты «қызылдардың» көзін құрту еді.

Дауылпаз ақынның жан-жары Гүлбаһрам Батырбекқызы Жайық Бектұровпен бір әңгімесінде:

«Сырт көзге оның мінезін былайғы жұрт тік, бірбеткей деп ойлайтын. Шыны біздің Сәкен адамға қайырымды, көшірімді еді. Өздері ертеде Омбыда оқығанда бірін-бірі сынап, жамандап, қатты сөгіп, өлең жазысқан кейінде бірі большевик, бірі ұлтшыл ақын аталған, өзіне қатты тіл тигізген Мағжан лагерьден келгенде, оны үйде құшақтап қарсы алып еді. Зор ықылас білдіріп, қадір тұтып еді. Мағжан ертеден тілін қатты қадағаны үшін одан кешірім сұрап, алдына бас игісі келгенде Сәкен: «Жоқ, сен кішірейме, сенің кінәң кешірілді, бейнет көрдің» деген. Сөйтіп талай жыл теріскейдегі аудаудан қайтқан ақын жолдасына қайырымды, сыпайы мінез көрсетті. Қызметке орналасқанша қаражат беріп көмектесті» деген екен. (Амантай Кәкен. «Алаш арыстары және сұңқар Сәкен». - «Ақиқат», 2004, № 4).

Бұл жағдайды арнайы зерттеген Тұрсынбек Кәкішев ағамыз «Мағжан -Сәкен» деген ғылыми эссесінде: «... екеуінің арасында айта қаларлықтай қарама-қарсылық ешуақытта да болған емес. Бірақ тосыннан келе қалған қазан төңкерісі екі ақынның арасын алшақтауға әсерін тигізді» - деген тұжырымнан осы проблеманың қайда екендігін сеземіз. (Сонда).

Осы мәселе жөнінде әдебиеттанушы ғалым Мүсілім

Базарбаев «Біз Сәкенді қалай түсінеміз?» («Қазақ әдебиеті». 1. 07. 1994) деген мақаласында: «Халық мынау Сәкен екен, анау Мағжан екен деп айырған жоқ. Айырған - большевиктер. Бір ұядан ұшқан екеуі де екі түрлі жолмен өсіп, бекіп, танылса да сол жолдары трагедиялық нүктеге келіп қиылыспай ма? Жұмсартып айтқанда, біреуі әдебиеттің оңы, екіншісі солы сияқты ұғылып келді. Ал екеуінің де жазықсыз жазаланғанын біле тұрып, олардың сонда айырмашылығы неде, қайда деген сұрақ қоя алмадық. Біреуі ақталып, екіншісі қара күйінде қала беруі жауап тілемейтін түсінікті жай деп ұғылды. Әйтпесе, Мағжан ақталуын тілеушілер аз болмағаны белгілі. Шындығында, тағдыры да, шығармашылығы да бір алтын талант екі жағындай бірін-бірі толықтыратын жандар емес пе? Әрине, екеуінің де алып талант екенін бұқара халық білді. Бірақ жетекшілер тек тап мүддесінен тап саясаты тұрғысынан қарады. Сөйтіп жүргенде Қазақстанда кеңес өкіметін орнатушы, революционер Сәкеннің өзі мерт болды. Адалы мен арамы аралас қарбалас заманның түсінуі қиын жұмбақтары осындай» деп жазған еді.

Ал Мағжан мен Сәкеннің арасын ажыратып бірін жоғары, бірін төмен қоюшыларға ғалым Тұрсынбек Кәкішев былай жауап береді: «Біздің көп адамдар ақындық жағынан Мағжанды - биік, Сәкенді - төмен қойғысы келетін пиғыл байқатады. Ондай ой әдебиетшілер арасында ертеде де болған, қазір де жоқ емес. Мен мұндай бағалауға, яғни бойы мен ойын сантиметрлеп өлшеуге қарсымын, өйткені екеуі де дүние, поэзия аспанында өзінше жарқырайтын жұлдыздар... Екеуінің де тұла бойы тұнған ақындық... Мағжан да, Сәкен де не айтсам екен деп те, қалай айтсам екен деп те қиналмаған. Тіпті еркін кеткен, қысылмаған, аяқтарын тарту дегенді білмеген». (Т.Кәкішев. «Сайыс». Эссе. 2004, 181-бет).

Міне, осының бәрі Мағжан мен Сәкеннің ұлтымыздың мақтанышы, ұлы ақындары екенін анықтайды. Сондықтан оларды бірінен бірін ажыратпай, қазақтың қос арысы деп бағалауымыз керек.

«Қызылжар нұры» 13, 20.06.2008 жыл.

МАҒЖАН МЕН МІРЖАҚЫП
(Мағжан – 115)

Атақты жерлесіміз, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев қазақтың көптеген зиялы азаматтарымен танысып, дос, жолдас болған. Солардың бірі, әрі бірегейі белгілі ұстаз, ақын, жазушы, публицист, қоғам қайраткері Алашорда қозғалысының көрнекті басшыларының бірі Міржақып Дулатов.

Мағжанның 1905 жылдан 1910 жылдың жазына дейін Қызылжар қаласындағы «Шалақазақ медресесі» деп аталатың қазақ-татар балаларына арналған медрееседе оқығаны белгілі. Мұнда Стамбул университетін бітірген Мұхаметжан Бегішев деген білімді адам сабақ берген. Осы медреседе Мағжан шығыс әдебиетінен, әсіресе шығыс поэзиясынан мол білім алады. Оның үстіне жас Мағжан 1909 жылы Уфа мен Петербург баспаханаларынан шыққан Абайдың өлеңдер жинағын, Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалын», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағын» оқып ой өрнегінен өткізеді.

Сол «Оян, қазақ!» кітабы үшін патша үкіметі Міржақыпты құдалауға айналады. Міржақып жан сауғалап сол 1909 жылы Қызылжарға келіп паналайды. Міне, осы кезде Мағжан алғаш рет Міржақыппен танысады. Қызылжарда да бақылауда жүрген Міржақыптың ресми орындарда жұмыс істеуіне мүмкіндігі болмайды. Сот кеңсесінде тамтұмдап тілмаштық қызмет атқарады. Жеке адамдарға жалданып мұғалімдік қызмет атқарады. Қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Одан біраз уақыт орыс тілі мен әдебиетінен Мағжан да дәріс алады. Бұған Міржақыптың сол кезде Қызылжарда өзінің ағасы Асқарға жазған хатындағы мына сөздері дәлел: «осы қалаға келгелі орысша оқытып жүрген шәкіртім Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Оның менен жасы кіші (бұл кезде Міржақып – 24-те, Мағжан – 16-да болатын. - Қ.М.), өте дарынды жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десе де болады, сырласып, достасып кеттік».

Мағжан Міржақып Дулатовтан дәріс алғанда, оның ақындық мектебінен де тәлім алады, қоғамдық көзқарасын кеңейтіп, қалыптастырады, өз шығармаларын да алға бастырады. Мағжан сол жылдары (1909 - 1911) 16 – 18 жасында шынында

да бірсыпыра тамаша өлеңдер жазып үлгерген еді. Олардың кейбіреулері мыналар: «Айға», «Жатыр», «Айда атыңды, Сәрсембай», «Шын сорлы», «Жазғытұры», «Бұлбұл», «Ләззат қайда», «Алтын хакім Абайға», «Сорлы қазақ», «Туған жерім Сасыккөл», «Балалық шақ», т.б.

Міржақып Қызылжарда да тынымсыз шығармашылық жұмыспен айналысады. Осы қалада бұрын жаза бастаған «Бақытсыз Жамал» атты романын аяқтайды. Бұл роман 1910 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш роман дүниеге осылай келеді. Бұл романды кезінде Ахмет Байтұрсынов жоғары бағалаған. Сол жылы «Бақытсыз Жамал» романы бойынша жасалған пьесаны жас ақын Мағжан Жұмабаев Қызылжар сахнасында көрермендерге ұсынады.

1910 жылы күзде Мағжан Уфа қаласындағы әйгілі «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бірақ ол бұл медреседе көп оқымайды. Оның діни білімінің тереңдігін байқаған сол кезде «Ғалия» медресесінің оқытушысы болып жүрген татардың белгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимов оған басқа оқуға түсуге кеңес береді. Сондықтан Мағжан «Ғалия» медресесін аяқтамай еліне қайтып келеді.

Ал Міржақып патша үкіметінің тыңшылары Қызылжарда да соңына түскесін, 1911 жылдың мамыр айының соңында Семей жаққа аттанып кетеді. Бірақ Семейге 5-ші маусымда келген Міржақыпты ертеңінде-ақ патша жандармдары тұтқынға алады. Сөйтіп ол Семей түрмесінде бір жарым жыл отырады.

Мұны естіген Мағжан ақын Міржақып ағасына арнап «Жауға түскен жаңға» және соған сарындас «Тұтқын» деген өлеңдер жазады. «Жауға түскен жаңға» өлеңінде ақын Міржақыптың халқы үшін жан аямай күрескенін көрсетеді:

«Дамыл көрмей ерте-кеш,
Жұрттың қамын көп жедің.
Байладың белді салып күш,
Тыныштық жүзін көрмедің.

«Оян!» - дедің жұртыңа, -
Бас көтеріп тірлік қыл».
Ақыл айттың ұлтыңа:
«Таста талас, тірлік қыл!» -

дей келе, одан әрі оны тұтқындаған дұшпандарының мейірімсіздігін айғақтайды:

Менменсіген күшті жау,
Көздеп тұрды ісінді.
Қоймады сені есен-сау,
Алды қолдан күшінді.

Қараңғы үйге қамады.
Мейірімсіз өңшең тасбауыр.
Сорлыға тәңірі пана-ды,
Болса да бейнет қанша ауыр.

«Тұтқын» атты өлеңінде Мағжан түрмедегі тұтқынның ауыр жағдайын былай баяндайды:

Кеудеде - от, іште - жалың, көзде - жас,
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас.
Сабан төсек, тым қараңғы жатағы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш!
Күн түсірмес мейірімі жоқ қара тас,
Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?
Жаныңда жоқ жаны ашитын жақын жүз,
Тас бауырлар ыңғайына қарамас.

Осылай дей келе жас ақын ағасына жігер береді:

Қайғыланба, сорлы тұтқын, еш нетпес,
Күн батқанмен таң атпайтын түн жетпес.
Ер жүректі азаматтың басына,
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес.

«Оян, қазақ!» үшін тергеу орындардың бақылауына алынып, құғында жүрсе де халқы үшін белсеніп күреске шыққан азамат бейнесі жасалған бұл өлеңдерден Мағжан ақынның өзі жастайынан ұстаз тұтқан аға жолдасына деген терең құрмет сезімін көреміз.

Енді бір шумақтарында ақын:
Қараңғы болса қанша түн,
Жұлдыз сонша жарқырар.
Бұлт басса да алтын Күн,
Бір шығар, жерді жарық қылар.

Келешек күнде қағазға,
Алтынмен жазар атынды.
Құшақтап сүйер, қағазда,
Көрсе жазған хатыңды, - дейді.

Бұл өлеңдерде бір ғана ақынның өз сезімдері емес, бүкіл халқының сүйіспеншілігі, халық бақыты үшін өмірін тәуекелге тіккен арыс азаматқа деген ел тілегі бейнеленген. «Келешек күнде қағазға алтынмен жазар атынды» деген сөздердегі даналық болжамның шындыққа айналғанын қазір біз көріп отырған жоқпыз ба?!

Міржақып абақтыдан босап шыққанда қуанған Мағжан «М.Д. абақтыдан шыққанда» атты өлең шығарды. Онда жас ақынның қуаныш-шаттығымен бірге болашаққа деген зор сенімі берілген:

Зор қуаныш - қара түн өткеніне,
Алтын таңды ашық күн жеткеніне.
Қан аралас төгілген көп көз жасты,
Тәңірім, қабыл мейірім ғып еткеніне.

Ерік құсы қайта ұшып келгеніне,
Душар болмай дұшпанның мергеніне.
Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды,
Мың шүкірлік тәңірімнің бергеніне.

Оңнан есті, жел біраз қырын ескең,
Соң туса да, оң туса да, қалмас коштен.
Өткен іске салауат, күтіп қалдық,
Өткір қимыл, ескі үміт, жаңа күшпен.

Міржақып түрмеден босағаннан кейін Орынбор қаласына келіп, Ахмет Байтұрсыновпен бірге 1913 жылдың 2-ші ақпанынан бастап аты кейін аңызға айналып кеткен «Қазақ» газетін шығара бастайды. Ал Мағжан осы ағаларының ақылымен сол 1913 жылдың күзінде Омбы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға оқуға түседі. Мағжан осы семинарияда оқып жүргенде 1914 жылғы мамыр айында Міржақып Омбыға келіп қалындығы Ғайникамал Баймұратқызы Досымбековамен шаңырақ көтеру тойын жасайды. Бұл шағын үйлену тойына Мағжан да қатысады. Бұдан әрі Мағжан «Қазақ» газетіне өзінің өлеңдерін бастырып тұрады.

1917 жылғы ақпан төңкерісін қазақтың бір шоғыр демократ, ағартушыларымен бірге Мағжан да бостандық туды деп зор қуанышпен қарсы алады. Ол Омбы қаласында 1917 жылғы сәуірдің 25-сімен мамырдың 7-сі аралығында

өткен Ақмола облыстық қазақ съезіне белсене қатысты. Бұл съезге Орынбордан арнайы келген Міржақып Дулатов та қатысады. Съезде он адамнан құрылған облыстық қазақ комитеті сайланады. Оның құрамында Мағжан да бар. Мағжан сол жылы Орынборда шілде айында өткен 1-ші Бүкілқазақтың съезіне және желтоқсан айында өткен 2-ші Бүкілқазақтық съезге қатысты. Сол кезде ол Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып және Алашорда үкіметінің оқу комиссиясының мүшесі болып сайланды. «алаш» париясына мүше болды. Осы кеездерде ол өзінің жақсы көретін ұстазы Міржақып Дулатовпен жиі кездесіп, әңгімелесіп жүргені хақ.

Міржақыптың қызы Гүлнар Дулатованың айтуынша, 1926 – 1928 жылдары Міржақып Қызылордада қызметте болған кезде Мағжан ұстазының үйінде бірнеше рет болған көрінеді. Бұл олардың ақырғы кездесуі еді. 1928 жылдың желтоқсанында Міржақып тұтқындалып Мәскеудің «Бутырка» түрмесінде екі жыл отырғаннан кейін он жылға солтүстіктегі Соловкиге жер аударылады. 1935 жылы Балтық каналының бойындағы Сосновец станицясында лагердің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады.

Мағжан 1929 жылы шілде айында тұтқындалып, алдымен Бутырка түрмесіне қамалып, кейін он жылға сотталып Карелияға жер аударылады. Одан көп қиыншылық көріп, 1936 жылы елге оралғанымен, 1937 жылдың желтоқсан айының соңында Алматыда қайта тұтқындалып, 1938 жылғы 19 наурызда атылып кеткен. Осылай алаштың екі ардақты азаматы да тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Олар тек 1988 жылдың аяғында ғана толық ақталып, есімдері халқына қайта оралды. Мағжанның «келешек күнде қағазға алтынмен жазар атынды» деген болжамы шындыққа айналды. Қазір тәуелсіз Қазақстанда Міржақыптың да, Мағжанның да есімдері алтынмен жазылды. Олардың шығармаларын халқы асқан сүйіспеншілікпен оқиды.

«Қызылжар нұры» 04.04.2008 жыл.

МАҒЖАН МЕН МІРЖАҚЫПТЫҢ ДОСЫ (Жұмағали Тілеулин)

Республика Президентінің жарлығымен өткен 1997 жыл жалпы ұлттық татулық және саяси құғын сүргінге түскен аяулы азаматтарымызды еске алу жылы деп белгіленсе, биылғы 1998 жыл халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп аталғаны белгілі. Президенттің өзі айтқандай, «бұл екі жыл ажырағысыз, бірін-бірі толықтыратын ұғымдар».

Белгілі тарихшы, академик Манаш Қозыбаевтың айтуынш, а, 1937-1938 жылдары Қазақстанда 103 мың адам құғын-сүргінге ұшырап, соның 23 мыңы атылыпты. («Егемен Қазақстан», 18. 04. 1998 ж.). Өткен жылы солардың бірталайының аты аталып, еске алынды. Дегенмен әлде де көптеген боздақтарымыздың есімі жұртшылыққа толық мәлім емес. Солардың бірі белгілі жазушы, публицист, ақын, дарынды қайраткер Міржақып Дулатов пен сыршыл ақын, көрнекті педагог, тамаша азамат Мағжан Жұмабаевтың жақын жолдасы, досы, жерлесіміз Жұмағали Тілеулин.

Өкінішке орай, бұл кісінің өмір жолы мен қызметі туралы толық мәлімет осы күнге дейін еш жерде жарық көрген жоқ. Біз әртүрлі жазбалардан, естеліктер мен архив құжаттарынан жиып-теріп бірсыпыра мәліметтер жинаған болдық. Енді сол деректер негізінде оқырмандарды осы азаматпен таныстырып көрейік.

Ең алғаш бұл кісі туралы біз 1989 ж. «Жазушы» баспасынан шыққан Мағжан Жұмабаевтың мына достық әзілінен білдік:

Көкшетаулық,
Денге саулық
Ақ жаулық.
Жерді шарлап,
Жыладым зарлап,
Ғали жоқ. (Ғали деп отырғаны Жұмағали. - Қ.М.).

Бұл эпиграммадан Жұмағали Тілеулиннің көкшетаулық екенін білдік. Сонынан «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы 6-шы санындағы Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр апайдың «Ардақтап өтем әкемді» деген көлемді мақаласынан Жұмағали Тілеулинмен жақынырақ таныстық.

1909 жылы Міржақыптың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер

жинағы шыққаны белгілі. Осы кітап үшін патша өкіметі оның авторын құдалауға айналады. Міржақып жан сауғалап 1910 жылы Қызылжарға келіп паналайды. Сол кезде елдегі ағасы Асқарға жазған бір хатында ол былай депті: «Қызылжарға келгелі бірталай кісілермен таныстым. Олардың ішінде тез тіл табысып кеткенім - Жұмағали Тілеулин деген дәрігер. Ол - әрі қаламы төселген жазушы екен. Өнерден де құр еместігі арамызды жақындата түсті. Оның үйіне барып тұрам». Бұл хатында Міржақып Мағжан туралы да айтқан: «Осы қалаға келгелі орысша оқытып жүрген шәкіртім Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Оның менен жасы кіші, өте дарынды жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десе де болады, сырласып, достасып кеттік».

Міржақыптың осы хаты арқылы біз Жұмағалидың «дәрігер» екенін, «қаламы төселген жазушы» екенін, «өнерден де құр еместігін» білдік. Сонымен қатар Мағжанмен де достасқанын білдік. Бұл үшеуінің сол 1910 жылы басталған достығы өмірлерінің соңғы күндеріне дейін сақталған.

1993 жылы Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығы қарсанында ол туралы облыстық архивтен материал іздеп жүріп, мен Жұмағали Тілеулин туралы құжаттарын кездестірдім. Одан кейін архив қорларына басқа да құжаттарын ақтарып ізденудің нәтижесінде тағы бірсыпыра материалдар табылды.

Осы деректерге сүйенсек, Жұмағали Тілеуліұлы 1890 жылы бұрынғы Ақмола губерниясының Көкшетау уезіндегі 4-ші ауылда туған. Омбы қаласында фельдшерлік мектепті бітіріп, фельдшерлік мамандық алған. 1917 жылға дейін Қызылжар қаласында уездік емханада дәрігер болып істеген. 1917 жылдан бастап ағартушылық және қоғамдық жұмыстармен айналысқан. Ол Алаш партиясының мүшесі болып, әрі «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде және жергілікті баспасөзде мақалаларын жариялап тұрған.

Жұмағали Тілеулин де өзінің достары Міржақып Дулатов пен Мағжан Жұмабаев сияқты туған халқының білімін көтеріп, санасын оятуға атсалысқан. Оны мына бір мысалдан да көруге болады. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы № 239-шы санында Міржақып Дулатов өзінің «Оян, қазақ!» атты кітабы үшін патша өкіметі біржарым жылға түрмеге қамап, кітапты халыққа таратпауға үкім шығарғанын айтады. Одан әрі патша өкіметінің қаһарлы үкімінен қорықпай, 1916 жылғы июнь жарлығынан кейінгі аласапыран мен күйзеліске

қарамастан бұл кітаптың 1000 данасын Жұмағалидың көзінің қарашағындай сақтағанын келтіреді. Енді патша өкіметі құлағаннан кейін осы кітапты сатып, одан түскен ақшаны 1916 жылдан бері босқында жүрген бауырларға көмек ретінде бергісі келетінін айтады Міржақып. Хабарламасының соңында Міржақып: «Оян, қазақты!» жоғарғы шартпен алдыруға талабы бар, сорлы болған бауырларына жаны ашыған азаматтар мынау адрестегі Жұмағали Тілеулиннен алдырсын, адресі: г. Петропавловск, Ақмола облысы, уездная больница, фельшеру Джумагалию Тлеулину (М.Дулатов. Шығармалары. «Жазушы». 1991 ж., 286-287) деп жазады.

Екінші жағынан, бұл хабарламадан біз Жұмағалидың 1917 жылы әлі де уездік ауруханада дәрігер болып істеп жүргенін білеміз.

20-шы жылдардың басында мектеп мұғалімдерінің, әсіресе қазақ мұғалімдерінің білімі төмен болғаны белгілі. Осыған байланысты бұрыңғы мұғалімдер даярлайтын бір-екі айлық қысқа курстардың орнына қазақ мұғалімдеріне арнап 3-жылдық педагогикалық курс ашу ұйғарылады. 1922 жылғы қазан айының жетісі күні Ақмола губерниялық оқу бөлімінің арнайы комиссиясы Қызылжар қаласында губерниялық үшжылдық педагогикалық курс ашу туралы қаулы қабылдайды. Курстың меңгерушісі етіп ұйымдастырушылық жұмыста тәжірибесі мол Тілеулин Жұмағалиды тағайындауды ұйғарады. Сол жылғы 10-шы қазанда болған Ақмола губерниялық оқу бөлімінің коллегиясы комиссияның бұл шешімін бекітеді. Коллегия қаулысында Тілеулинге курсты ұйымдастыру жұмысын сол күннен бастап қолға алуды тапсырады.

Коллегия өзінің 3-ші қарашадағы қаулысымен 3-жылдық орыс педкурсын педагогикалық техникумға айналдырады да, қазақ педкурсын осы техникумда қатарласа жұмыс істеуге ұйғарады. Кейін ол жеке қазақ педтехникумы болып қайта құрылады. Оның бірінші директоры болып сол кезде губерниялық оқу бөлімінде әлеуметтік бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүрген Жанұзақ Жәнібеков тағайындалады. Бірақ ол көп істемейді. Сол жылдың аяғында қазақ педтезникумының директорлығына Жұмағали Тілеулин кіріседі. Сөйтіп оны қазақ педтехникумының алғашқы ұйымдастырушысы және басқарушысы деуге толық негіз бар. Міне, осы кезде Жұмағали Тілеулин ұйымдастыру

жұмысына және жаңа орнына оқытушылар іліктеп алуға көп еңбек сіңіреді. Бірінші жылы педтехникумның орыс бөлімінде (меңгерушісі Стрижов) 66 оқушы, қазақ бөлімінде (Тілеулин) 47 оқушы оқиды. Әр бөлімде 11 оқытушы істейді.

Сол кезде қазақ бөлімінде сабақ бергендер: Тілеулин Жұмағали, Жәнібеков Жанұзақ, Мәмеков Ғалауетден, Айбасов Біркей, Бейсенов Мұхамеджан, Кемелев Ғали, Жандосов Садуақас, Ержанов Бәйімбет, Болғамбаев Хайретден, Айтхожин, Мұратов.

Бұлардың барлығы да әртүрлі кеңес мекемелерінде қызметте болғандықтан губерниялық атқару комитетінен оларды сабақ беретін уақытқа басқа қызмет міндеттерінен босату сұралады. Атқару комитеті бұған келісімін береді. Ж.Тілеулин өзі техникум оқушыларына тарих, жаратылыстану, педагогика пәндерінен сабақ береді.

1925 жылғы 20 маусым күні педтехникумды бірінші бітірушілерді шығарып салу рәсімі жасалады. Техникумның орыс бөлімін 32 адам, қазақ бөлімін 8 адам бітіріп шыққан.

Архивте 1926 жылғы 2-ші мамыр күні болған педтехникумның педагогикалық кеңесінің протоколы (мәжіліс хаты) сақталыпты. Онда курсты аяқтаған 17 мұғалімге куәлік берілсін деген қаулы қабылданған. Олардың 11-іне аудандық мектептерді басқаруға құқық беріліп, қалғандарына ауылдық мектептерге жолдама тапсырылған. Педагогикалық кеңестің соңында педтехникумның директоры Ж. Тілеулин педтехникум оқытушыларының атынан оқу бітіріп куәлік алған мұғалімдерді құттықтап сөз сөйлеген.

1927 жылғы 15-ші тамыздан бастап қазақ педтехникумның директоры болып Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов тағайындалады. Ол бұған дейін 1926 жылдан бастап «Бостандық туы» газетінің редакторы болып істеген белгілі жазушы болатын. Жұмағали Тілеулин аз уақыт педтехникумда сабақ беріп жүреді де, сол жылдың аяғында өз мамандығы бойынша басқа жұмысқа ауысады. Оның беріп жүрген сабақтарын бұрынырақ Мағжанмен бірге Қызылжар және Уфа медреселерінде оқыған Бекмұхамед Құсайынұлы Серкебаев (халық артисі Ермек Серкебаевтың әкесі) алады.

Будан кейін облыстық архивте сақталған Петропавл округтік денсаулық сақтау бөлімінің 1927-1928 жылдардағы кадрлар жөніндегі жазбаларынан Жұмағали Тілеулиннің губерниялық, денсаулық сақтау бөлімінде емдеу

кәсіподағының меңгерушісі болып істегенін көреміз. Бұл жазбалардағы құжаттар Ж. Тілеулиннің осы емдеу кәсіподағының меңгерушісі ретінде 1927 жылғы қарашаның 19-ынан 1928 жылғы сәуірдің 30-ына дейін әртүрлі 22 құжатқа қол қойғанын көрсетеді.

Бір қызығы, осы құжаттарға кәсіподақ меңгерушісі Тілеулин ылғи губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Савельевпен қатар қол қойып отырған. Соған қарағанда ол кезде қәсіподақтың маңызы үлкен болған сияқты (ф. 17, оп. 1., д.3.).

Осы құжаттардан тағы бір байқағанымыз, Ж.Тілеулин денсаулық бөлімінде істеп жүріп те сондағы қызметкерлерге арнап қазақ тілі курсын ашқанға ұқсайды. Оған дәлел сол кездегі Ақмола губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі Қожахметовтың денсаулық бөліміне 1928 жылғы 16 ақпанда жазған хаты. Бұл хатта ол денсаулық бөлімінен қазақ тілі курсының жұмысы туралы мәлімет беруін сұраған.

Гүлнәр Міржақыпқызы «Жұлдыз» журналында (1994 ж. № 3-4) жарияланған «Аманат» атты естелігінде: «Жұмағалидың ұлы медицина ғылымының докторы Серік Жұмағалиұлы Тілеулиннің айтуынша, Қызылжарда тұрғандарында әкесінің медтехникумның директоры болғанын әрі дәрігерлік жұмыс атқарғанын шешесі Райханнан естігенін айтады», - дейді.

Әзірше архив құжаттарынан Жұмағалидың медтехникум директоры болғанын куәландыратын деректер кездеспеді. Мүмкін, ол кезде жас Серік (1926 ж. туған) әкесінің қазақ педтехникумының директоры болғанын ауыстырып алған болар. Бір күмәндісі - Жұмағалидың 1928-1930 жылдары қандай қызмет істегені жөнінде бізге ешқандай құжат кездеспеді.

Тек Петропавл медициналық техникумның 1930 – 1934 жылдарды қамтыған бұйрықтар кітабындағы 1931 жылғы 26 қантарда жазылған бұйрықта:

«Тілеулин Жұмағали 1931 жылғы 9 қаңтардан бастап медициналық техникумға қазақ тілі пәнінің оқытушысы болып алынсын» делінген. Мұнда ол қанша істегені, қызметтен қашан босағаны туралы дерек жоқ.

Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарма (ОГПУ) органдары жылдың аяқ кезінен бастап Алаш партиясы мен «Алаш Орда» үкіметінің басшылары мен белсенді мүшелерін құдалай бастағаны белгілі. 1928 жылғы 29 желтоқсанда

Қызылордада Міржақып Дулатов ұсталса, 1929 жылғы 6 шілдеде Қызылжарда Мағжан Жұмабаев тұтқындалды.

Гүлнәр Міржақыпқызы: «1929 - 1930 жылдары оның (Міржақыптың. - Қ.М.) көп жолдастары ұсталды, жалпы саны 32. Ішінде Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин бар» («Жұлдыз», 1994 ж. № 3-4. Г.Дулатова. «Аманат» Естелік) - деп айтады.

Жоғарыда келтірілген медициналық техникумның бұйрығына қарағанда, 1931 жылғы қаңтар айында Ж.Тілеулин қызметте болған. Сондықтан оны сол 1931 жылдың қантардан кейінгі айларының бірінде тұтқындаған деп жорамалдауға болады.

Аталған естелігінде Гүлнәр апай әкесінің айдауда жүргенде бірсыпыра жолдастарынан алған хаттарынан үзінділер келтіреді. Солардың бірі Павловск қаласында айдауда болған Жұмағалидың 1934 жылғы 30 мамырда жазған хаты: «Ст. Медвежья гора. Мурманск. Ж.д. 1 ОЛК. Центральные курсы лекпомов при сан-отделе Дулатову М. г. Павловск ЦЧО ул.К.Маркса, дом 6. Ж.Тлеулин. Адрестерінді жуырда алдым. Тұрмыс саулықтарың қалай? Тұрағым Павел қаласы, қаратопырақ бетінде саулық сақтау жұмысындамын. Менен басқа мұнда біздің жақтан кісі жоқ, жалғызбын. Тұтынуға қиындау болғандықтан үй іші мұнда келген жоқ. 2 жылдан бері Ташкентте тұрып жатыр... Мұнда қызмет болғанмен табыс аз. Үй-іші келе алмай отырғаны содан. Өздерің қандай халде тұрсындар. Абдолла Воронежде тұрады, көптен хат келмей тұр... 30.05.1934 жыл. Жұмағали». Мұндағы Абдолла Жұмағалидың бажасы Абдолла Байтасов. Ол кезде бұл да айдауда болған.

Осы естелігінде Гүлнәр апай: Жұмағали «Міржақыптың інісіндей сенімді жолдасының бірі, қатар қамалып бес жылын Ресейде өтеп, 1936 жылы Қырғызстандағы Новотроицк поселкесінде дәрігерлік атқарып үй ішімен тұрып жатқанда, 37-нің зобалаңына ұшыраған аяулы жан», - дейді.

Міне, Қызылжар қаласында 25 жылдай денсаулық сақтау, білім салаларында халқына адал қызмет атқарған Жұмағали Тілеулиндей абзал жерлесіміз де 1937 жылғы құғын-сүргін кезінде жазықсыз атылып кеткен. Міржақып, Мағжан сияқты оның есімі де халқымызға жақсы таныс болуға тиісті. Оның өмір жолы мен шығармашылығын әлде де зерттей түсу бізге, кейнгй ұрпақтарға зор парыз.

«Солтүстік Қазақстан» 24.07.1998 жыл.

ЕЛІН СҮЙГЕН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ
(Абдолла Байтасов)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында Алаш зиялылары туралы айта келіп, «...сол айтулы есімдердің білімдарлық пен азаматтық тәлімдерінде кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс. Бұл - тарих толқынындағы мәдениетіміздің кіндік тұлғалары, - деп жазды».

Осындай білімдар Алаш зиялыларының бірі педагог, ғалым, журналист, қайраткер Абдолла Байтасов еді. Оның есімін осы күнде біреу білсе, біреу білмейді. Біз бүгін оқырманды онымен толығырақ таныстырмақпыз.

Байтасов Абдолла Байтасұлы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты бұрынғы Рузаев, қазіргі Ғабит Мүсірепов ауданында Шұқыркөл ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан өнер, білімге құштар боп, ауылда оқып, зеректігі мен ұлттық сана сезімі ерте оянған қазақ жастарының өкілі еді. Білімін кеңейту үшін Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түсіп, оны 1917 жылы бітіріп шығады. Сонда оқып жүргенде қазақ жастарының «Бірлік» ұйымына мүше болады. Алаш қозғалысын қолдап, қазақ комитеттерін құруға атсалысады. 1921-1922 жылдары Петропавл қаласында мұғалімдерді қайта даярлау курстарында өз еркімен оқиды және «Бостандық туы» газетінде Мағжан Жұмабаевпен бірге қызмет істейді. 1923 жылы Ташкентке келіп Қазақ ағарту институтының жұмысшы факультетінде және Қазақстан Академиясының орталығында қызмет атқарады.

1924 – 1927 жылдары Абдолла Байтасов Орта Азия Мемлекеттік Университетінің алдымен қоғамдық ғылымдар факультетнде, 2-ші курстан бастап Шығыстану факультетінде оқиды. Ташкентте әрі қызмет істеп, әрі оқып жүріп ол жазғы демалысын Петропавлда өткізеді. Оған жазушы Сәбит Мұқановтың «Есею жылдарында» келтірген мына естелігі дәлел: «1923 жылдың жазында үш зиялы қазақ-педагогтар, әдебиетшілер Есім Байғаскин, Абдолла Байтасов, Шәкір Баймақанов Петропавлда татар саудагері Хасен Ярулиннің екі қабатты үйінің екінші қабатында тұрды. Ыбырай Сандыбаевпен Иса Байзақовты қонаққа шақырыпты. Мен де ішінде болдым».

Аталған университетте оқып жүріп, 1924 - 1925 жылдары студент Абдолла Байтасов Петропавл қазақ педтехникумының жанынан ашылған мұғалімдерді қайта даярлау курсында дәріс берген. Жоғарыда аталған кітабында Сәбит Мұқанов: «1924 жылы мен мұғалім Абдолла Байтасовтың үйінде болашақ академик Әлкей Марғұланмен таныстым, ол кезде ол Ленинградта Шығыс тілдері институтының студенті болатын». - деп жазды.

Таншкентте Абдолла «Ақ жол» газетінде де қызмет істеді. Сол кезде осы қалада Есім Байғаскинмен, Қошмұхаммед Кеменгеровпен бір пәтерде тұрды. 1925 жылы Ташкентте газет тілшілерінің бүкілқазақстандық съезі өтеді. Осы съезде Абдолла Байтасовтың «Қазақ баспасөзінің тарихы туралы» баяндама жасағанын Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітабында атап өтеді».

1926 жылы Абдолла жерлес жолдасы Жұмағали Тілеулиннің жұбайы Райханның сіңлісі Айша Темірбековаға үйленеді және Қызылордаға қоныс аударады. Осы шақтағы Абдолла туралы Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнар Дулатова өзінің «Ардақтап өтем әкемді» естелігінде былай деп жазыпты:

«1926 жылдың жазы, бір күні Жүсіпбек Аймауытов Қызылордадағы біздің үйге Абдолла Байтасовты ертіп келді. Ол Дулатовтарға бұрыннан таныс, тәтемнің жан досы дәрігер Жұмағали Тілеулиннің бажасы болатын. Абдолла ұзын бойлы, талдырмаш келген, бұйра шашты, ылғи күліп көңілді жүретін әдебиетші жігіт болатын.

Ахмет Байтурсынов ағайдың «Оқу құралы», «Қырық мысалы», тәтемнің «Есеп құралы», «Оқу құралы» (қирағат) кітаптарынан, Мағжанның өлеңдерінен, Мұхтар Әуезовтің «Қаракөз», Жүсіпбек Аймауытовтың «Шернияз» пьесаларынан, Иса Байзаковтың «Құралай сұлу» поэмасынан, т.б., балалрға арналған ертегілерден Абдолла Байтасов үзінділер оқитын. Ол нағыз аристік шеберлікпен дауысын да, кескінін де мүлдем өзгертіп, кейіпкердің бейнесін келтіріп, сөз мәнерін салып құбылтып, жандандырып оқитын. Отырғандар ризашылықтарын білдіріп, сүйсініп қабыл алатын. Ал - біз үшін әр жазушыны көріп, олардың шығармаларын оқып тыңдау үлкен бақыт, мәңгі естен шықпайтын мектеп болатын. Бұл Абдолланың жаңа ғана (Айтыкешке) Айшаға үйленген кезі еді».

Орта Азия мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін

Абдолла бір жылдай Қызылорда қаласында Сәкен Сейфуллин басқарып тұрған Қазақ халық ағарту институтында методист әрі оқытушы болып істейді. 1928 жылы ол Қызылордада «Ана тілі» газетінде корректор және «Еңбекші қазақ» газетінде ғылым және техника бөлімін басқарды. Сонымен бірге Ташкенттегі қазақ халық ағарту институтында оқытушы болды және Қазақстан академиясы орталығының жетекшісі болып қызмет атқарды.

Алайда оның осындай бейбіт өмірі мен қызметі көпке бармады. Тоталитарлық режим оны 1929 жылғы арельде тұтқындады, июль айында Алматыға әкеліп, одан Ахмет Байтұрсынов бастаған алашордашылармен бірге Мәскеудегі атышулы Бутырка түрмесіне жөнелтті. Түрмеде ол алғашқы кезде Міржақып Дулатовпен бір камерада болды, кейін оларды әр камераға бөліп жіберді.

Тексерушілер оны негізінен екі мәселемен айыптады: 1) Міржақып Дулатов басқарған жасырын ұйыммен байланыста болды деп.2) Мағжан Жумабаевпен бірге жасырын ұлттық «Алқа» үйірмесін құруға қатысқан деп.

«Бутырка» түрмесінде өткен азапты тергеулерден кейін оның қорытындысы бойынша Біріккен Мемлекеттік саяси басқарманың 1930 жылғы 4 апрельдегі қаулысымен Абдолла Байтасов сонау суық солтүстіктегі Архангельск облысына 5 жылға жер аударылды. Әйелі Айша кішкентай ұлы Әзіммен барып бірге тұрды.

Ұзамай сол жерге Ахмет Байтұрсынов та 10 жылға жер аударылып келді. Ахаң келгенде оған Абдолла мен Айша өз үйлеріне алып көп көмектесті, өйткені жаңа келген адамға баспана табу, азық түлік табу өте қиын еді. Сол кездегі тұрмыс жағдайы және Абдолланың көрсеткен көмегі туралы Ахаң басқа лагерьде тұрған Міржақып Дулатов, Мырзағазы Есболов, Ғазымбек Бірімжановтарға 1932 жылғы 31 декабрьде жазған хатында былай дейді:

«Міржақып, Мырзағазы, Ғазымбек қарақтарым, мен Архангелге 30 ноябрьде келдім...Ертеңіне Абдолланы тауып алып 17 декабрьге дейін соның үйінде болдым. Онан кейін пәтер тауып алып бөлек шықтым. Мұнда пәтер табу деген өте қиын жқмыс екен. Абдолла өзінің таныстары арқылы әрең пәтер тауып берді. Базарда азық-түлік өте қымбат.

Алып келген аз ақша әлдеқашан бітіп қалды. Абдолла мен Қыр баласы (Әлихан Бөкейханов. - Қ.М.) екеуінің атсалысуымен жан сақтап тұрған жай бар».

Солтүстіктін суығында бес жыл аш, жалаңаш жүдеп-жадап айдалуда болып елге оралған Абдоллаға Қазақстанда тұруға рұхсат етпей, Қырғызстанға жер аударды. Ол отбасымен Фрунзе (Бішкек) қаласына орналасып, мектепте сабақ берді. Бірақ Бутырка түрмесі мен Архангелкада айдауда болғанда көрген азапты кездер оның денсаулығын нашарлатып жіберген еді. Ол көп ұзамай 1941 жылғы 17 майда дүние салды. Артында әйелі Айша, ұлы Әзім, қыздары Динара мен Фируза зар жылап қалды.

Абдолла Байтасов көрнекті ғалым, тәжрибелі ұстаз болуымен бірге білікті журналист және аудармашы еді. 1917 - 1930жылдар аралығында ол «Сана», «Шолпан», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп», «Жаңа әдебиет», «Леніншіл жас», «Жас қайрат», «Қызыл Қазақстан» журналдарында, «Бостандық туы», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде көптеген публицистикалық, педагогикалық, әдістемелік, танымдық және сыни мақаларымен бірге рецензиялары және аудармаларын жариялады. Уақытында оқырмандар оның шығармаларын жылы қабылдады.

Осындай зиялы, білікті де алаш қайраткерінің есімі бұл күнде көп аталмайды. Ал оның өз өмірінде (40 жас) еліне, туған халқына жасаған еңбегі мол. Оның шығармашылығы, адамгершілігі, досқа адалдығы, қайырымдығы, отансүйгіштігі қазіргі және болашақ жастарға үлгі өнеге болуға тиіс. Оны мәңгілік есте қалдыру үшін баспасөзде бұрын жарияланған еңбектерін жинап жеке кітап шығарған дұрыс болар еді. Оның туған жерінде көше аты берілсе, ондағы мектепте музей жабдықталып ашылса құба-құп.

«Әділет» 27.05.2016 жыл.

ХАЛЫҚ ҚАМҚОРШЫСЫ
(Нығмет Сырғабеков)

1937 жылы халқымыздың ең айтулы зиялы азаматтары НКВД-ның суық қаруының қарауылына ілікті. Солардың ішінде елімізге Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдардан атқа мінген аса дарынды, талантты басшылардың бірі Нығмет Сырғабеков те болды.

Нығметтің әкесі осы күнгі Қарағанды облысының Шет ауданында мал баққан кедей екен. 1883 жылғы белгілі жұттан кейін ол өндірістік кәсіпорындары көп Қызылжар қаласына көшіп келген. Алғашқы кезде Қызылжардың бай саудагерлерінің малын бағады, жүгін тартады. Кейін ет комбинатына жұмысқа кіреді. Нығмет осы қалада 1900 жылы дүниеге келеді. Шын есімі Нығметолла болса да, оны әке-шешесі қысқартып, Нығмет деп атап кетеді. Кейінірек бұлар қазіргі Аққайын ауданының орталығы Смирново кентінен 7-8 шақырым жердегі Моңғол ауылына қоныс аударады. Осында азын-аулақ мал ұстап күн көреді. Қазір бұл ауыл жоқ. Мұнда ауыл болғанын куәландыратын зират қана бар.

Нығметтің өзінің 1935 жылы жазған өмірбаянындағы жазуы бойынша, ол алдымен 7 жасында ауыл молдасынан оқып сауатын ашады. Одан соң әкесі оның оқуға алғыырлығын байқап, Қызылжар қаласындағы 2 кластық (оқу мерзімі 4 жыл) қазақша-орысша (интернаты бар) училищеге береді. Нығмет оны үздік бітіреді. Бірақ әрі қарай оқи алмайды. Өйткені сол 1917 жылы әкесі қайтыс болады (шешесі 7 жасында қайтыс болған). Одан әрі Қазан төңкерісінің аласапыраны басталып кетеді. Үйде бас көтерер адам өзі болып қалғасын ол енді ешқайда бара алмай, елде шаруашылықпен айналысады. Сөйтіп, 1917-1919 жылдары ол сол ауылда отбасын асыраумен айналысады, өйткені оның інісі Ғайнулла әлі жас болатын.

1920 жылдың маусымында Нығметті Петропавл уездік ревкомы шақырып алып, ревкомның қазақ секциясына нұсқаушы етіп тағайындайды. Орысша мен қазақшаны тең сөйлейтін білікті жас алғашқы күннен-ақ Кеңес өкіметінің жұмысына белсене қатысады. 1921 жылы партия қатарына кіреді. Сол жылы Петропавл қаласы және Ақмола облысы түгелімен Сібір өлкесінен шығып, Қазақстанға қайтарылғаннан кейін Сырғабеков Ақмола губревкомының,

кейін губисполкомының нұсқаушысы қызметтерін атқарады. Осы жұмыстарда оның ұйымдастырушылық таланты, қызметке адалдығы мен тиянақтылығы, адамдармен жұмыс істеу қабілеті байқалып, ол жауапты қызметтерге тартылады.

1922- 1923 жылдары губерниялық әскери трибуналдың мүшесі болып тағайындалады. 1923 жылы сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынборға шақырылып, Қазақстан Компартиясы обкомының нұсқаушысы қызметіне жоғарылатылады. Бұдан кейінде білікті азаматты сол кездегі үкімет, партия басшылары ылғи жоғары лауазымды қызметтерге жіберіп отырады. Сөйтіп, ол 1924-1937 жылдар аралығында Қазақстан Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бөлімінің бастығы, Жетісу губерниялық сотының төрағасы, республика прокурорының орынбасары, Жоғарғы Соттың төрағасы, Жерге орналастыру басқармасының бастығы, республикалық жерге отырықшыландыру комитеті төрағасының орынбасары, Жабдықтау халкомы, Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы, Ауыл шаруашылық халкомы қызметтерін атқарады. Сонымен қатар ол 1929-1937 жылдары РКП(б) Қазақстан өлкелік комиетінің және бюро мүшесі болады. Сол жылдары Қазақстан Орталық атқару комитетінің, ал 1935 жылдан Бүкілодақтық атқару комитетінің мүшесі болған.

Осы қызметтерде жүріп, Нығмет Сырғабековтың халыққа жасаған жақсы ісстері көп. 1931-1932 жылдары халық аштан қырылып жатқанда қоймаларда астық тау-тау болып үйіліп жатады екен. Бірде Ныған қойманың бастығынан қоймадағы астықтан аш халыққа аздап үлестіруді талап етеді. Ұлты басқа қойма бастығы жанына жолатпайды. Сонда Сырғабеков оны күштеп тартып алып, аш халыққа үлестіріп беріпті. Сөйтіп, талай адамның тірі қалуына мүмкіншілік жасайды. Осы қылығы үшін оған партиялық сөгіс беріліпті. Бірақ ол мұны өзі үшін емес, халық үшін жасады ғой.

Нығмет Сырғабеков оқып жүрген жастарға, болашағынан үміт күттірген талай талантты адамдарғаа қолынан келген көмегін жасап тұрған. Тіпті кейде жексенбі күндері әйеліне ас қылдырып, студент балаларды шақырып, қонақ етіп жібереді екен.

Нығметтей ірі тұлғаның биік адамгершілігі мен парсаттылығын халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының естелігі аша түседі. Ол естелікті

жазушы Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» романдилогиясында көркем баяндаған. Біз оның қысқа мазмұнын ғана келтірейік.

1930-шы жылдардың басында жас Бауыржан ол кезде Онтүстік Қазақстан облысына қарайтын Жуалы ауданында милиция бастығы болған екен. Бірде өлкелік үкіметтен уәкіл ретінде Нығмет Сырғабеков келіп, екеуі ел аралайды. Жас Бауыржан жақсы ағаның жанында бірнеше күн бірге болып, оның адамгершілік қасиеттеріне тәнті болады. Сол жолы Бауыржан кенеттен сүзекпен ауырып қалып, Нығмет ағасы оны ауруханаға жеткізіп салып, өзі жұмыс бабымен әрі қарай кетеді. Ал, Бауыржан ұзақ емделіп, ауруханадан шықса, оны қызметінен сыртай босатып, орнына басқа адамды қойған екен. Кадр мәселесін шешетін Бағаев деген кісімен Бауыржан сөзге келіп қалып, ұрыс-керіспен ол кәсіподақтан да, комсомолдан да куылады. Бұл сол кездегі жас жігіт үшін ауыр жаза еді. Өйткені басқа тәуір қызметке орналасу үшін оларға мүше болмаса мүмкін болмайтын. Амалы таусылған Бауыржан Алматыға келіп, Нығмет Сырғабековке болған жағдайды айтады. Нығаң сол кабинетінде отырып-ақ телефонмен келісіп, Бауыржанды кәсіподаққа да, комсомолға да қайта кіргізеді. Содан кейін: «Ал шырағым, ана кісіні (Бағаевты) неге бақа дедін?» - деп сұрайды. Сол кездің өзінде өткір, шақар жас Бауыржан: «Е, өзі бақаға ұқсап тұрғасын мен оны басқа қалай айтайын», - деп шақ ете түседі. Сонда Нығаң салмақпен: «Шырағым, мүмкін ол жаман-ақ шығар. Бірақ ол үлкен ғой. Үлкенді сыйлау керек қой» дегенде Бауыржан кірерге тесік таппай қиналады. Шымкенттегі ұрыс-таластар, көрген корлықтан бәрінен де мына ақырын ғана айтылған әділ сөз қатты батады. «Ұялғаннан бәрін тастап, тура қашқым келді. Тіпті сол оқиға есіме түссе күні бүгінге дейін қысылып қаламын. Ақырын айтылған жүйелі сабақ өмір бойы есімнен шықпайды», - деген екен қасиетті Баукең жазушымен әңгімесінде. Міне, бұл Нығмет Сырғабековтың қазақ даналығын бойына сіңірген оның тәлімін таратуда білікті бола білген тұлға екендігін көрсетсе керек.

Осындай еліне, халқына қамқоршы, жастарға ақылшы болған, үкімет пен партияға, халыққа адал қызмет істеген Нығмет Сырғабеков те 1937 жылдың зобалңына ілікпей қалмады. Сол жылдың қазан айының 22-сіндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросының

отырысында Нығмет Сырғабековтың мәселесі талқыланады. Сол отырыстың стенографиясында былай делініпті: «Снять Сыргабекова Н. с работы Наркомзема КазССР, исключить из рядов партии и из состава ЦК КП(б)К и дело о нем передать органам НКВД, секретарь ЦК КП(б)К Мирзоян».

НКВД-ның инквизициялық неше түрлі қияметін көріп, атылған 19 наркомның ішінде Нығмет те болды. Олардың атылғаны туралы сол кезде шыққан газеттердегі тізімде Н. Сырғабеков 2-ші болып жазылыпты.

Міне, халқымыздың талантты ұлы, ірі мемлекет қайраткері Нығмет Сырғабековтың қысқа өмірі (небары 37 жас) мен қызметі, отбасы жағдайы осындай. Оның сол қысқа өмірінде халқына жасаған жақсылығы ұшан-теңіз. Қазіргі жастарға мұндай адамдардың адамгершілігі мен отансүйгіштігінен үлгі алуға әбден боларлық.

Кітапта: Ғалым Қадырәліұлы «Көкарал». Қызылжар, 2007, 177-182 беттер.

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН ҚАЙРАТКЕР (Жанұзақ Жәнібеков)

Кеңес үкіметі кезінде есімдері аталмаған Алаш азаматтары ардақтылары туралы Тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін айтып, жазуға кең жол ашылды. Дегенмен, олар жайында әлі де толық мәліметтер жеткілікті деп айта алмаймыз. Ал оларды қалай ардақтасақ та артық емес.

Осындай айтуға тұрарлық азаматтардың бірі - Алаш орданың белсенді мүшесі, сол партияның басшыларымен бірге қызмет атқарған, көрнекті қайраткер, қаламы ұшқыр журналист, білікті ұстаз болған Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков.

Ж.Ә. Жәнібеков 1889 Петропавл қаласында дүниеге келген. Осы қаладағы Хасен Пономаревтің медресесін бітірген. 1912-1913 жылдары қалалық баспаханада әріп теруші болып істейді. 1916 жылғы патша жарлығы бойынша қазақ жігіттерін бірінші дүниежүзілік соғысқа қара жұмысқа ала бастағанда Жанұзаққа да ілегіп кету қаупі төнеді. Сондықтан ол сол 1916 жылы Орынбор қаласына қоныс аударады.

Оған Алаш көсемдерінің бірі, «Қазақ» газетінің хатшысы

Міржақып Дулатов көмектеседі. 1909 - 1911 жылдары Міржақып патша үкіметінің құдалауынан қашып Қызылжарға келіп паналаған кезде Жанұзақпен танысып, достасып кеткен ді. Орынборға келген Жанұзақты Міржақып «Қазақ» газетіне корректор етіп орналастырады. 1917 жылы Жанұзақ «Алаш» партиясының мүшелігіне алынады. Сол кезде Орынбор қаласында «Алаш» партиясының облыстық комитеті ашылған еді. Комитетке 14 қазақ азаматы сайланады. Орынбордан сайланғандар: Ахмет Байтұрсынов, Ахметжан Бірімжанов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Жанұзақ Жәнібеков.

Ә.Бөкейхановқа «Алаш» партиясының облыстық комитеті төрағасының, Ахмет Байтұрсыновқа серігінің, Міржақып Дулатовқа хатшысының, Жанұзақ Жәнібековке қазынашының міндеттері жүктеледі.

1917-1918 жылдары Ж.Жәнібеков Орынборда тұрғанда қаланы біресе ақтар, біресе қызылдар басып алып тонайды. Тұрғындардың тұрмысы төмендейді. Бұл туралы ол «Қазақ» газетінің 1918 жылғы 27 ақпанда шыққан № 261 санында «Орынбор жағдайы» атты мақала жариялаған. Сол жылдары ол «Қазақ» газетінде «Алаш құрбандары», «Автономиялар туралы», тағы басқа мақалалар шығарады. Жалпы, дарынды журналист Ж.Жәнібеков әр жылдары әр түрлі газеттерде «Талапкер қазақ қызы» (Сара Есова туралы), «Бағбастан ханым мектебі», «Түрік тілінің ірі ғалымы В.В.Радлов», тағы басқа мақалаларын бастырған.

Ол сонау 1908 жылы 19 жасында Қазан қаласындағы «Шәрәф» басспаханасынан «Айна» атты кітап та шығартыпты.

Үкімет басына большевиктер келгеннен кейін «Алаш» партиясы таратылады. Алаш қайраткерлерінің өрісі тарылады. Сондықтан 1919-1920 жылдардан бастап олар оқуағарту, баспасөз салаларына қызметке орналаса бастайды. Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханов алаш зиялыларының бірі Дінше Әділовка 1923 жылы жазған хатында: «Кітап, газет-журналға мақала шығарып алашқа қызмет қылмасақ басқа жол бөгелді» - депті.

1919 жылғы күзде Колчак армиясы жеңілгеннен кейін Петропавл қаласында Кеңес үкіметі қайта билікке келеді. Сол кезде Ж.Жәнібеков туған қаласына оралып, халық ағарту салсында қызмет істей бастайды. 1920 жылы Коммунистік партияға мүшелікке алынады.

1921-1924 жылдары Ақмола губерниялық (орталығы - Петропавл қаласы) оқу бөлімінде нұсқаушы, әлеуметтік тәрбие бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. Сонымен қатар, әуелі 3 жылдық мұғалімдер даярлайтын курста, кейін қазақ педтехникумында сабақ береді.

1921 жылғы ақпан айында кулактар мен ақгвардияшылар көтерілісі кезінде Сәбит Мұқановпен, Баймағамбет Ізтөлинмен бірге ЧОН (части особого назначения) отрядында бүлікшілерге қарсы күреске қатысқан.

1924-1926 жылдары Ж.Жәнібеков Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінің алқа мүшесі, редактордың орынбасары, редакторы қызметтерін атқарады. Сол кезде Сәбит Мұқанов редакцияның жауапты хатшысы болып, Жанұзақпен бірге істеген. Газет, баспасөз ісінде тәжрибесі мол Ж.Жәнібековты жоғары партия ұйымдары 1926 жылы Ақтөбе губерниялық «Кедей» газетіне редактор етіп жібереді.

Газет қазақ тілінде жұмасына бір рет 1600 данамен шығып турады. Бұл қызметті ол 1929 жылға дейін атқарады. Газет беттерінде Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Мағжан Жұмабаевтың, Сәбит Мұкановтың, т.б. мақалалары мен өлеңдері жарияланып тұрған.

1929 жылы Ж.Жәнібековты «Кедей» газетінің редакторлығынан «Редакцияны ұлтшылдық пиғылдағы қоғамға зиянды элементтермен былғағаны үшін» босатады. 1929-1932 жылдары Ж.Жәнібеков сол облыста ауыл мұғалімі болады. 1933 жылы ол Петропавлға қайтып келіп, кооператив техникумын басқарады. Техникум жабылғаннан кейін Еңбекшілдер ауданындағы «Каззолото» тресінде кадр бөлімінің жауапты қызметкері болып істейді. 1936 жылғы августан тұтқындалғанға дейін сол треске қарасты «Степняк» руда өндіруші поселкелік кеңесін басқарады.

1937 жылғы 29 шілдеде Ішкі істер халық комиссариаты Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасы Жанұзақ Жәнібековты тұтқынға алады. Сондағы оған таққан айыбы: «Ж.Жәнібеков дінге қарсы күресудің орнына қайта оны қолдады, контрреволюциялық ұйымдарға мүше болды, Кеңес үкіметіне қарсы болып, оны құлату жайында үгіт жүргізді». Осы айыптарға сүйеніп оны абақтыға жабады. Ол «халық жауы» атанады. Көп ұзамай, сол жылғы 13 қыркүйекте

«Үштіктің» шешімімен Ж.Жәнібеков ату жазасына кесіледі. Оның қай күні, қай жерде атылғаны, қайда жерленгені белгісіз.

Жанұзақ Жәнібеков Көкшетау облыстық сотының 1958 жылғы 27 декабрьдегі шешімімен ақталды. Ол жаламен ұсталған кезде артында әйелі Мәриям - 35 жаста, қыздары Әмина – 16 жаста, Гүлнар – 12 жаста, Еленұр – 8 жаста қалады. Жанұзақ Әлжанұлы «халық жауы» атанып, атылғаннан кейін бұл үйге бұрынғы жолдастары, тіпті ағайындары да қорқып кірмей қояды. Оның отбасы қиыншылық жағдайда қалады. Ең алғаш онымен бірге «Бостандық туында» қызметтес болған досы Сәбит Мұқанов келіп, қайғыға батып отырған жандарға жылы сөздерін айтып, көмегін көрсетіп, көңілдеріне демеу жасайды.

Одан кейін Жұмабек Тәшенев, Нұртас Оңдасыновтар келеді. Олар да ақыл-кеңестерін айтып, көңілдерін көтереді.

Уақыт жылжып өте береді. Жанұзақтың қыздары өсіп, бой жетеді. Үлкен қызы Әмина Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь (казіргі Шал ақын) ауданындағы Көктерек ауылының тумасы белгілі әртіс (кейін Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі болған) Ысқақ Иманқұловқа тұрмысқа шығады. Ысқақ Иманқұлов Әминаның «халық жауының» қызы болғанына қарамай, оны сүйіп үйленеді. Оның шешесі мен сіңлілеріне де көмектеседі. Кейін Әминаның сіңлілері де тұрмысқа шығып үйлі-баранды болады.

Жанұзақтың зайыбы өле-өлгенше (ол 1987 жылы қайтыс болады) Ысқақ пен Әминаның қолында тұрады. Ысқақ пен Әмина – Гүлжан, Ұлжан деген қыздар және Мұрат атты ұл тәрбиелеп өсіреді. Ысқақ Иманқұлов қайын атасының өмірі мен қызметі және шығармашылығы жөнінде бірсыпыра материалдар жинап, кітап шығаруға дайындайды. Бірақ жасы 90-нан асқан кезде оған шамасы келмейтінін сезіп, сол материалды қызы Гүлжанға тапсырады. Әкелері қайтыс болғаннан кейін оның балалары Гүлжан, Ұлжан, Мұрат Иманқұловтар нағашы атасына арнап «Айна» - зеркало моей души» деген атпен 2009 жылы Алматының «Өнер» баспасынан 320 беттік кітап шығарды.

2007 жылы 31 мамырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың

қатысуымен саяси құғын-сүргін кезінде заңсыз сотталып, қаза тапқандарды еске алуға арнайы «АЛЖИР» мұражайы ашылғанын білеміз. Онда Жанұзақ Жәнібековке де арналған стенд орнатылған. Бұл күндері Гүлжан Ысқаққызы Иманқұлова нағашы атасы туралы деректерді әлі де іздестіріп, жинауда.

Бүгінгі ұрпақтың Аалаштың азаматын ұмытпай, еске алып отыруы -абзал. Оның есімін қадірлеп, ұлтқа деген патриоттық сезімін, адал еңбегін бағалай білу – біздің үлкен парызымыз.

«Солтүстік Қазақстан» 30.05.2015 жыл.

ЖАСТАРДЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖЕТЕКШІСІ (Қайсар Тәштитов)

1920 жылдың жазы болатын. Петропавлдың темір жол жұмысшысы Тимофей Рузаев түнгі ауысымнан үйіне келе жатып вокзал маңында қаңғып жүрген жасөспірімге кездеседі.

- Кімнің баласысың, жеті түнде мұнда неғып жүрсің? - дейді ол жасөспірімге. Жауабына қарағанда бала жігіт Бейнетқор болысының (қазіргі Аққайын ауданы) Жамантұз ауылынан келіпті. Әке-шешесінен жастай қалып бір ағайынының қолында өскен екен. Қалаға кәсіп іздеп немесе оқуға түспек болып келіп, баспанасыз жүрген жайын бала жігіт жасырған жоқ.

- Жүр біздің үйге, - деді Тимофей Васильевич қаңғып жүрген жетім баланы аяп кетіп. Бұл бала жігіт Қайсар Тәштитов еді.

Қайсарды Рузаевтардың отбасы жылы қарсы алады. Үй иесі әйел үстелге ас жасап жатқанда тыстан ақ сары сымбатты жігіт - Тимофей Васильевичтің ұлы Федор келді. Сөйтіп, ауылдың баласы мейірбанды адамдарға тап болды, бірінші рет орыс жұмысшысының кеңпейілі мен жүрек жылылығын сезінді.

Бірде Федор Рузаев Қайсарды митиніге ертіп апарды. Қайсар Федордың өзінен үш-ақ жас үлкен екенің, соған қарамастан көргені көп екенін білді. Слесарь болып жүріп Октябрь күндерінде қолына қару алып кеңес өкіметін қорғағаның оның өзі айтқан Қайсарға. Ол 1918 жылы

большевиктер партиясына мүше болыпты. 1919 жылы темір жол станциясында тұңғыш комсомол ячейкасын ұйымдастырыпты. Митингте Қайсар көп жаналық естиді.

Федордың ақыл-кеңесі бойынша Қайсар темір жолда қара жұмыс істейді, жұмысшылардың жиналыстарына барып жүреді. Ол қала өміріне дағдылана бастайды, өзінің әлеуметтік халін түсінеді. Ауылда оқығаны жеткіліксіз екенің, әрі қарай оқу керек екенін біледі. Федордың көмегімен бастауыш мектепке оқуға түседі. Сөйтіп, Қайсар жаңа өмірге алғашқы қадамдарын жасайды.

Ол 1921 жылы комсомолға кірді. Комсомолдың тапсымрмасы бойынша ауылдарға барып, жастармен әңгіме өткізеді, комсомол ячейкаларын ұйымдастырады.

Қайсар Тәштитов комсомол арқылы тез өседі. 1921 жылдың аяғында комсомол жолдамасымен Петропавлдағы Ақмола губерниялық кеңес-партия мектебіне түседі. Онда үш жыл оқып, идеялық жағынан жақсы шыныгып, үлкен теориялық, қоғамдық жұмысына белсене қатысады.

Губерниялық кеңес-партия мектебін бітірісімен 1924 жылы Тәштитов губерниялық комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді. Сол жылы партия қатарына алынады.

1924 жылғы шілде айында Мәскеуде Ресей Коммунистік Жастар Одағының VI съезі болды. Оған еліміздің барлық түкпірдлерінен делегаттар келеді. Қазақстаннаң Садық Нұрпейісовпен, Федор Рузаевпен, тағы басқалармен бірге Қайсар Тәштитов те делегат болып барады.

Қайсар өзінің қабілетті ұйымдастырушы екенін көрсетеді. Ол ұйымдастырушылық жұмысты насихатшылықпен шебер ұштастырды. Губерния ауыл, селоларында сол кезде құрылған көптеген комсомол ячейкалары Қайсардың есіміммен байланысты. Сол кездегі қайнаған комсомол жұмысында Қайсар шыңдалып, ысылып, мол тәжірибе жинайды.

VI съездің шешімдерін іске асыру барысында көптеген қазақ жастары комсомолға өтті. Тәштитовтің белсенді түрде қолдауымен уездік комсомол комитетінің жанынан мұсылман жастары секциясы құрылып, зор белсенділікпен жұмыс істей бастады. Мұсылмандар клубында ұлттық кітапхана жұмысы да қызу жүре бастайды. Ауылдарда жұмыс жасау үшін арнайы нұсқаушылар даярлайтын курстар жұмыс істеді. Қаладан ауылға комсомол ұйымдастырушылар қазақ жастары жіберілді.

1924 жылы Қайсар Тәштитов партияға мүшелікке қабылданды. Ақмола губерниялық партиялық комитеті мен атқару комитетінің органы «Бостандық туы» газетіне қосымша «Біздің жол» жастар парақшасының редакторы болды.

Практикалық жұмыста Қайсар тез өсті. 1926 жылы Қазақстан өлкелік комсомол конференциясы оны БЛКЖО өлкелік комитетінің мүшесі етіп сайлады. Содан кейін өлкелік комитет оны Ақмола губерниялық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына жоғарылатты. 1926 жылдың аяғында Қайсар Мәскеудегі Свердлов атындағы коммунистік университетке оқуға түседі.

Университетті бітіргеннен кейін Қазақстан өлкелік партия комитеті Қайсарды партия комитеті баспасөз секторының меңгерушілігіне тағайындайды, сонымен қатар ол жоғары оқу орнында сабақ береді. 1930 – 1931 жылдары өлкелік партия комитетінің жіберуімен Қызылорда округтік партия комитетінің мәдениет ағарту бөлімінің меңгерушісі болды. 1931 – 1933 жылдары Қазақ КСР халық ағарту комиссарының орынбасары, Қазалы аудандық партия комитетінің хатшысы болып істеді. Алматыдағы Комвузда сабақ берді.

1933 жылғы қазан айында өлкелік партия комитеті Қайсар Тәштитовты партия жұмысынан шақырып алып, БЛКЖО өлкелік комитетінің бірінші хатшысы етіп бекітті. Сөйтіп, ол комсомол жұмысына қайта оралды. ВК(б)П орталық комитетінің ұжымдастырудың мән-жайын халыққа кеңінен түсіндіру жөнінде шаралар белгілеуіңін нәтижесінде партия ұйымдары жағдайды біртіндеп түзей бастады. Төменгі партия және комсомол ұйымдары нығайтылды.

Партияның нұсқауларын іске асыра отырып, комсомол сауатсыздыққа қарсы күреске белсене қатысты. Өлкелік және облыстық актив есебінен сауатсыздықты жоюды ұйымдастыру жөнінде ауылдарға өкілдер жіберілді. Барлық жерлерде сауатсыздықты жою мектептері ашылды. Комсомол ячейкалары мектеп ашу, оның жұмысын ұйымдастыру ісіне мұрындық болды. Өлкелік комсомол комитеті 25 мың оқушы комсомолдар мен пионерлерді сауатсыздарды үйлерінде оқытуға жіберуді ұйымдастырды. Сөйтіп, республика комсомолдары сауатсыздыққа қарсы жаппай жорыққа аттанды.

1936 жыл. Қазақстан комсомолының 15 жылдығы жақындап

келе жатты. Өлке комсомол ұйымы өзінің мерекесіне өскен, нығайған, партия төңірегіне тығыз топтасқан жағдайға келді. Мерекелік пленумда өлкелік комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қайсар Тәштитов Қазақстанның барлық комсомолдарының атынан: «Комсомол партияның бірінші көмекшісі, барлық ұлттар мен нәсілдер халықтарының арасындағы достықты нығайту жолындағы күрескер, комсомол пролетарлық интернационализмнің ту ұстаушысы болып келді және солай бола береді де» деп мәлімдеді.

Бұл Қазақстан жастарының Отанға берген анты еді.

Қазақстан комсомолының бірінші басшысы Қайсар Тәштитов БЛКЖО X съезіне БЛКЖО Орталық Комитетінің мүшесі, КОКП XVII съезінің делегаты болды. Қазақстан Компартиясының бірінші съезінде Орталық Комитеттің мүшесі және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының мүшесі болып сайланды. Ол БЛКЖОның бірнеше съездеріне делегат болып қатысты. Қайсар адамдарға өте сергектікпен қарады, өте мейірімді болды, өзін білетіндердің зор құрметіне ие болды.

Міне, осындай аяулы да абзал азамат, жерлесіміз 34 жасында 1937 жылғы құғын-сүргін құрбаны болды. Кейін кінәсіз деп танылып, ақталды. Облыс тұрғындары өз жерлесіміздің жарқын бейнесін еске сақтап, істерін өнеге тұтады. Петропавл қаласындағы бір көшеге Қайсар Тәштитовтың есімі берілген. Оның өмірі мен еңбек жолын зерттеп, сөйлеген сөздері мен жазған мақалаларын жинап кітап етіп шығарған жөн болар еді. Ондай кітап қазіргі жастардың отансүйгіштік, патриоттық сезімін оятар еді.

«Қызылжар нұры» 31.05.2013 жыл.

САХНА САҢЛАҒЫ
(Есқақ Иманқұлов)

Табиғаты шұрайлы өңірімізден көптеген талантты тұлғалар шыққаны аян. Солардың бірі - Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртсі, талантты режисеер, жазушы, драматург, әнші, домбырашы, шебер сиқыршы Есқақ Иманқұлов.

Есқақ Иманқұлов 1915 жылы қазан айында Шал ақын ауданындағы Есіл өзенінің Көлмек деген бір тармағының жағасында орналасқан Көктерек атты шағын ауылда дүниеге келген.

Ауыл мектебін бітіріп, Петропавл қаласында теміржол ФЗУ-ында оқыған. Оны тамамдап (1934 ж.), Петропавл-Қарағанды пойызында жолсерік болып істеген. 1935 жылдың басында Петропавлда жаңа ашылған қазақ студиясына оқуға түседі. Студяины Омбыда оқыған білімді өнерпаз жігіт Кәрім Жабин басқарады. Кейін студия театрға айналғанда театрдың директоры болды. Бір жылға созылған студия оқуы аяқталып, 1936 жылдың 15 қантарынан бастап студия бітірушілердің дипломдық қойылымы көрсетіледі. Алғашқы қойылымдары «Қыз Жібек» және «Айман - Шолпан» пьесалары болыпты. Осы уақыттан бастап студия театр аталады.

Есқақ Иманқұловтың естелігі бойынша театрдың алғашқы үйі қазіргі Абылай ханның ақ үйі болыпты. Бұл жөнінде ол «Осы ма Көлмек деген туған жерім» атты кітабында былай деп жазыпты: «Студиямыз көп кешікпей театрға айналып, «Дом оборонадан» көшіп, қалалық театр үйіне кірдік. Театр үйі «Ойқала» мен «Дөң қаланың» арасын бөліп тұратын биік жардың қабағына ескі архитектура жобасымен салынған үй болатын. Ол үйді қала халқы «Нардом» деп айтушы еді. Қазақ қарттары көбіне «Абылайдың ақ үйі» деп атайтын».

Театр ашылған жылы Б.Майлиннің «Талтаңбай» атты пьесасы қойылыпты. Есқақ Иманқұлов онда Сөлкөбай рөлін ойнапты. Бұл рөл оның әртістік жолындағы алғашқы қадамы еді. Оның бұл рөлде ойнауын көрермендер жылы қабылдаған.

Жас театр ұжымы басқа өңірлерге де гастрольге шығып тұрады. Бұл тұралы өзінің естелігінде ол былай дейді: «Келесі жазда Қостанай облысына шықтық, ондағы репертуарымызда Б.Майлиннің «Амангелді», «Шұға», «Талтаңбайдың тәртібі» комедиясы және үлкен концерт бар еді. Коллективімізде елуге тарта адам болды».

«Ленинское знамя» газетінің 1937 жылғы 3 ақпандағы нөмірінде театр директоры К.Жабиннің «Люди и дела нашего театра» деген мақаласында: «За время с июня по 15 сентября 1936 г. театр обслужил Кызылтуский, Енбекшилдерский, Кокшетауский, Есильский районы и прииски Степняка. За это время было дано 63 постановки и 10 концертов, которые посетили 26500 колхозников. В репертуаре быи такие пьесы, как «Біздің жігіттер», «Амангелді» Б.Майлина и Г.Мусрепова, «Тас түлек» М.Ауэзова и др.»

1937 жылы осылай жемісті еңбек етіп, атақ даңқы бүкіл қазақ жеріне жайыла бастаған Петропавл қазақ драма театрының әртистерін құғын-сүргінге ұшырату басталды. Алдымен театрдың директоры Кәрім Жабин мен режиссері Сейфолла Байғожинді 1937 жылғы 10 қазан күні тұтқындады. Әртистерінің біразы құғын сүргінге ұшыраған Петропавл қазақ драма театры «Алашордашыл ұйым» деп саналып, сол 1937 жылдың соңында жабылды.

Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының 1938 жылғы 5 наурыздағы қаулысымен қазақ драма театры Петропавлдан Гурьевке (қазіргі Атырауға) көшірілді. Театр Ұжымы түгелімен дерлік сонда көшті. Сөйтіп, Е.Иманқұлов жаңа ашылған Гурьев драма театрының шаңырағын құрушылардың бірі болды.

Е.Иманқұлов Ұлы Отан соғысы басталысымен әскерге алынып, 1941-1946 жылдары Қиыр Шығыс майданында 260-шы атқыштар бригадасының атқыштар бөлімшесінің командирі болады. Мұнда да көркемөнерпаздар ұжымын құрып, концерт береді.

1946 жылы майданнан елге оралған Е.Иманқұлов Гурьевке барған жоқ, өйткені зайыбы Әмина Жанұзаққызы Петропавлда қаланың бір мектебінде директор болып істеп жүрген еді. Мұнда келген соң Есқақ Бекбауұлы Петропавл филармониясының эстрадалық бюросына қазақ ансамблінің әдеби көркемдік жетекшісі болып орналасады. Бұл қызметті ол 7 жыл атқарған екен. Сол жылдары өзінің шағын труппасымен Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай облыстарының қазақ ауылдарында концерт қойып жүреді. Труппаның құрамында әншілер, күйшілер, бишілер, тақпақшылар өнер көрсетеді. Труппада белгілі ақын, әнші Игібай Әлібаев те сахнаға шығады. Есқақ әншілігіне қоса сықақшылығымен және сиқыршылығымен көрермендерді таңғалдырады.

1954 жылы баяғы өзі қызмет істеген Гурьев театрының директоры К.Төлешов шақырып, ол отбасымен қайта Гурьевке көшеді. Осы театрда ол аттай 28 жыл әртістік қызмет атқарады, театрдың қалыптасып өкендеуіне зор үлес қосады. Мұнда ол М.Әуезовтің «Еңлік Кебек» трагедиясындағы Абыздың, Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері» драмасында Жалмұканның, С.Мұкановтың «Ботагөз» пьесасында Қожантайдың, Қ.Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-ай» комедиясында Әубекірдің, Н.Гогольдің «Үйлену» комедиясында Кочкаровтың, т.б. рөлдерін тамаша сомдайды. Театрда ол талантты әртіс қана болған жоқ, дарынды режиссер де болады. Мысалы, режиссер ретінде сахнаға Б.Майлиннің «Исатай-Махамбет», «Шуға» шығармаларын шығарады. Оның көркемдік жетекшілігімен 30-ға жуық спектакль қойылыпты.

Гурьев театрында істеп жүрген кезінде жоғары сахналық шеберлігі мен қазақ театр өнерін дамытудағы ұзақ жылғы еңбегі үшін 1963 жылғы 17 тамызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы оған «Қазақ КСР нің еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын береді және республикамыздың Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапаттайды. Сонымен қатар, ол қазақ КСР Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен 2 рет және «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталады. 1960 жылы оның есімі Гурьев облысының Құрмет кітабына енгізіледі. КСРО халықтарының Бүкілодақтық драматургия және өнер фестивалінде Д.Файзидің «Башмағым» атты музыкалық спектакліндегі Кәрімбай бейнесін сомдағаны үшін Кеңес Одағы Мәдениет министрлігі мен КСРО Жазушылар одағы басқармасының I дәрежелі дипломымен марапатталады.

1970 жылы Есқақ Иманқұлов театр кадрларын күшейту мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданындағы Жетісай қаласында жаңа ашылған Қ.Жандарбеков атындағы Қазақ музыкалық драма театрына шақырылады. Мұнда алғашқы күннен бастап театр ұжымының шығармашылық жұмысына және аудандық қоғамдық өміріне белсене араласады. Театрдың көркемдік жетекшісі әрі режиссері ретінде жас сахнагерлерді әртістік және шығармашылық өнерге баулиды. Оның режиссерлігімен театр сахнасына С.Хожаниязовтың «Сүймегенге сүйкенбе», Т.Ахтановтың «Махаббат мұны» шығармалары шығарылады.

Есқақ Иманқұлов актерлікпен және режиссерлікпен қатар шығармашылықпен айналысып, әңгімелер, өлеңдер, пьесалар жазған. Оның «Қыздың атын қысқартпа», «Ойламаған орға жығылады», «Апама жездем сай», «Менің құрбыларым», «Уақытша бастық», тағы басқа пьесалары театр сахнасында және халық театрлары мен көркемөнерпаздар ұжымдарының репертуарынан берік орын алды.

Мақтаарал аудандық «Жетісай» газетінің тілшісі Б.Иманов «Талант қырлары» деген мақаласында Есқақ Иманқұловтың таланты мен өнерпаздығы туралы былай деп тебіренеді: «Ол әртіс қана емес, он саусағынан өнер тамған өнерлі адам. Режиссер, домбырашы, фотосуретші, әуесқой киноопреатор, домбыра шабатын шебер, талантты драматург, өлең жазып, ән шығарып, онысын өзі орындайтыны тағы бар. Бұған иллюзионист-экспромтист болғанын қосыңыз. Осының бәрі бір адамның басына қалай сыйып тұр десеңізші?!»

50 жылдан астам актерлік өмірінде ол 150-дей рөлде ойнаған екен. Е.Иманқұловтың актерлік табиғаты негізінен комедиялық жанрдағы образдарды жасауға ерекше бейімделдгендігін көрсетеді. С.Адамбековтың «Күн мен көлеңке», Қ.Мұхамеджановтың «Құырдақ дайын», К.Шаңғытбаев пен К.Байсейітовтің «Беу, қыздар-ай» комедияларындағы өз рөлін келістіре орындап, көрермендердің күлкісін жиғызбағаны бұған дәлел. Актердің бұл қабілеті туралы «Театр тарихы» кітабының I томында: «Е.Иманқұлов сахнада жүргенде көрермендер былай тұрсын, онымен бірге ойнайтын әртістер де күлкіден өздерін әрең тыйып жүретін көрінеді», - деп жазылыпты.

Есқақ Иманқұлов 1993 жылы 78 жасында республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер болып демалысқа шығыпты. Зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін де ол Мақтаарал ауданының қоғамдық жұмысына белсене қатысып отырады. Театрдан да қол үзбейді, жас әртістерге ақыл кенесін айтып, өзінің мол тәжірибсімен бөліседі. 1995 жылы оған Мақтаарал ауданынң Құрметті азаматы атағы беріледі. Оның өмірі мен сахналық өнері, жазушылығы туралы «Қазақ совет энциклопедиясында» (1973 ж.), «Қазақ театры тарихынан» кітабында (1978 ж.), «Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясында» (2004 ж.), тағы басқа басылымдарда жазылған.

Есқақ Иманқұлов 90-нан асқан шағында көп жылдар бойы

еңбек жолында жинаған жазбаларын қайта қарап, сұрыптап екі көлемді кітап жазып шығарды. Оның біреуі түгелімен өзінің өмірі мен өнер жолындағы қызметіне арналған, екіншісі автордың әр жылдары жазған әдеби шығармаларының жинағы.

Бұл кітаптардың қазіргі жастарға үлгі өнеге боларлық танымдық мәні зор, өйткені, оларда автордың тағдыры ғана емес, сонымен бірге оның замандастарының, әріптестерінің өмірі мен қызметі және солар арқылы еліміздің тарихының бірқатар беттері қызықты баяндалған.

«Солтүстік Қазақстан» 15.10.2015 жыл.

ҚАЙРАТКЕР, ҚАЛАМГЕР ҚАНАПИЯ (Қанапия Мұстафин)

Біздің Солтүстік Қазақстан өңірінен түлеп ұшқан айтулы азаматтар көптеп саналады. Солардың бірі және бірегейі - Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі комитеттің бірінші басшысы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары, республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, журналист, жазушы Қанапия Мұстафин ағамыз еді.

Қанапия Мұстафаұлы 1906 жылы Петропавл уезі, Төңкеріс болысы № 4 ауылда - қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Ынтымақ ауылында туған. Әкесі Мұстафа Шорағұлұлы қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білген, көзі ашық әрі пысық адам болыпты. Ол баласы Қанапияны жасатйынан оқуға берген. Алайда, кедейліктің салдарынан Қанапия 14 жасынан байлардың малын бағып, жалшы болады. Кейін әкесімен бірге ұжымшарға кіреді. Комсомол қатарында белсенділік көрсеткен жасты аудандық комсомол ұйымы Қызылжар қаласына тракторшылар дайындайтын курсқа оқуға жібереді. Курсты жақсы бітірген Қанапия сол кездегі Бейнеткор (қазіргі Аққайын) ауданындағы «Шағалалы» кеңшарында тракторшы болып істейді.

Сол кезде жаңа (1929 ж.) құрылған кеңшардың жұмысымен танысуға Уаэптон Стивенсон деген инженер бастаған американдық делегация келеді. Осы делегациямен бірге болу

үшін округтік партия комитеті сол кезде округтік газетте істеп жүрген Сәбит Мұқановты жібереді. Американдықтар жас тракторшы Қанапиямен кездескен сәтін Сәбең былай суреттейді: - «Американдықтар қазақ трактористері ішінен әуелі Қанапиямен жолығысты. Биік, балуан денелі, таңқылау мұрынды, қара-қоңыр өнді, қабағы қалың бұл жігіттің қарамағында «Универсал» аталатын трактор бар екен, оны Қанапияның ұршықтай үйіруіне американдықтар қайран қалды. «Қазақ түгіл орыста да жөнді тракторист жоқ» деген ұғымда келген олар, Қанапия Мұстафиннің және онымен бірге келген басқа трактористердің бұл техниканы мейілінше жақсы білетіндктерін көрді. Совхоз даласын аралап, орталығына қайтып келе жатқан шақта: «Россияда тракторист жоқ» деген ойымыз қате екен, - деді Уаэптон Стивенсон, бүгінгі көрген траткористеріміз, бильярд тілімен айтқөанда, Американың ең таңдаулы тракторисіне бес шарды бұрын бере алады» (С.Мұқанов. «Есею жылдары». Алматы, 1984, 432-ші бет).

Осы кеншарда ерен еңбегімен және қоғамдық жұмыстағы белсенділігімен көзге түскен Қанапия Мұстафаұлы Қызылжар қаласына партия - Кеңес мектебіне оқуға жіберіледі. Мектепте оқып жүріп партия қатарына кіреді. 1931 жылы мектеп бітіргеннен кейін ол Ақмола ауданында Семенов машинамен шөп шабу станциясында парторг, директордың орынбасары, аудандық атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі. Аудандық «Ақмола екпіндісі» газетінің жауапты хатшысы болып істейді.

Бұдан кейін, 1934 – 1937 жылдары Алматы қаласында Қазақстан коммунистік журналистика институтында, Қазақстан марксизм-ленинизм институтының аудармашылар бөлімінде оқиды. 1937 – 1938 жылдары Қанапия Мұстафин Қазақ КСР Халық Комисарлары Кеңесінің жанындағы Радио хабарларын тарату жөніндегі комитеттің әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Бұл бүкіл республикада жаппай «халық жаулары» іздестірілген, саяси жағынан ең қиын жылдар еді. Зобалаңның оның да басына үйірілген кезі болатын.

Кейін өз қолымен толтырылған өмірбаянында Қанапия Мұстафин 1937 жылы 19 қазанда партия қатарынан шығарылғанын жазыпты. Соңда оған «Сәбит Мұқановтың сыбайласы» деген айып тағылыпты. Екеуінің Солтүстік

Қазақстан облысында туғаны белгілі. Қаншалықты «сыбайлас» екенін сол кездегі сталиндік «үштік» анықтап үлгермесе керек. Өйткені, жазушы С.Мұқанов өзінің кеңестік үкімет пен большевиктік партияға адалдығын дәлелдеп шығады. Нәтижесінде, 1937 жылғы 17 қарашада Сәбит Мұқановпен бірге Мұстафиннің де партбилеті қолына тиеді.

Айта кету керек, Қазақстанның және радио хабарлары комитетінің телевизия бірінші басшысына әр кезеңде белгілі мемлекет және пратия қайраткерлері түзу мінездеме берген, өз қолдарымен жоғары қызметке ұсынған. Мұрағат құжаттарына қарағанда, оның жолын ашқан басшылар арасында Ж.Шаяхметовтің, Н.Скворцовтың, Г.Борковтың, тіпті, Мәскеудегі Г.М.Маленковтың қолы бар.

Отызыншы жылдардың соңы мен қырқыншы жылдардың басында Қанапия Мұстафин Ақтөбе облыстық «Социалистік жол» газетінің партия бөлімінің меңгерушісі, сол облыстың Жұрын аудандық партия комитетінің хатшысы, облыстық партия комитетінің кадрлар бөлімінің хатшысы болып істейді. 1943-1945 жылдары Мәскеу қаласында БК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебінде оқиды. Оны бітітірп келгеннен кейін сол Ақтөбе облыстық партия комитетінің үгіт насихат бөлімінің хатшысы болып сайланады. 1950 жылы Қ.Мұстафин Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Радио хабарларын тарату жөніндегі комитет төрағасының орынбасары болып тағайындалады. 1951-1956 жылдары ол Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің Мәдени ағарту мекемелері жөніндегі комиетінің төрағасы, Қазақ КСР мәдениет министрінің орынбасары қызметтерін атқарды. Елуінші жылдардың екінші жартысында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Радио хабарларын тарату жөніндегі комитет Телевизия және радио хабарларын тарату комитеті болып қайта құрылғанда республика үкіметін басқарып отырған Дінмұхамед Қонаевтың өзі Қанапия Мұстафинді төрағалыққа ұсынады. Қайта құрылған комитет жұмысының жандауына Қанапия ағамыз көп еңбек сіңірді. Қ. Мұстафаұлы басқарған кездегі бұл комитеттің жетісітігі туралы журналист Қайнар Олжай былай деп жазды:

«Бірінші төрағаның (Қ.Мұстафиннің. - Қ.М.) тұсындағы елеулі оқиға Қазақ КСР ның өнері мен әдебиетінің Мәскеуде өткен онкүндігі еді. Отралық телевизиядан қазақ өнер шеберлерінің бағдарламалары көрсетілді.

Жекен Жұмахановтың «Жаңа қоныстанушылар» атты телеқойылымы ең өзекті тақырып - тың игеруге арналды. Келесі телехабарға Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі қатысып, концерт берді. Орталық телевизиядағы бағдарламаның шарықтау шегі - «Дударай» операсының телевизиялық нұсқасы еді. Оны бүкіл елдің телекөрермендері жақсы қабылдады. Республика басшылығында жүрген Д.Қонаев, Ж.Тәшенев сынды қайраткерлер жас ұжымды табысымен құттықтады» («Егемен Қазақстан» - 7.03 2008).

60-шы жылдары Қ. Мұстафин Қазақ КСР Мәдениет министрлігінде өз күшін бұқаралық ақпарат құралдары - радио, телевизия, баспасөз, полиграфия, кітап басып шығару ісі және кітап саудасын дамытуға жұмсады. Зейнеткерлікке шыққанға дейін (1970 ж.) ол Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды.

Қанапия Мұстафаұлы 1948 - 1950 жылдары Ақтөбе облыстық және қалалық Кеңестерінің депутаты, 1959 жылдан КСРО Журналистер одағының мүшесі болды.

Қ. Мұстафиннің еліне сіңірген еңбегі кезінде жоғары бағаланды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1967 жылғы 4 мамырдағы Жарлығымен оған «Республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағы берілді. Ол «Екінші дәрежелі Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1970 жылы зейнеткерлікке шыққанда оған Одақтық дәрежедегі дербес зейнетақы тағайындалды.

Қанапия Мұстафин өте кішіпейіл, қарапайым, адамгершілігі мол жан еді. Сонысына қарай оның жақын жолдастары мен достары да көп болды. Олардың ішінен халқымызға белгілі Сәбит Мұқановты, Ғабит Мүсіреповты, Ғабиден Мұстафинді, Жұмабай Шаяхметовті, Қаныш Сәтпаевты, Саттар Имашевты, Сабыр Ниязбековті, Дихан Әбілевті, Бауыржан Момышұлын атасақ та жеткілікті. Ол, тіпті, бүкіл Одаққа әйгілі диктор Левитанмен де жақсы достық қарым қатынаста болыпты.

Қанапия Мұстафин әр түрлі қыметте жүріп баспасөз бетінде көптеген көсемсөздер, очерктер, мақалалар жариялады. Ол жазушылықпен де айналысып, бірнеше кітап шығарды, Мысалы, оның «Қыр жігіті» повесі Алматыда 1964 жылы және 1969 жылы екі рет басылып шықты. «Ақ тарының атасы» (Шығанақ Берсиев және оның тары өсірудегі озық

тәжірибесі туралы) кітабы 1967 жылы, «Қыз шоғы» повесі 1983 жылы баспадан шықты. Автордың аталған екі повесі де өмірде болған оқиғалардан алынған деректер бойынша жазылған.

Шағын ғана ауылдан шыққан кедей баласы, қатардағы тракторшыдан белгілі қоғам қайраткері қаламгерге дейін көтерілген Қанапия Мұстафин ағамыз 1973 жылғы 16 сәуірде дүниеден өтті. Оның есімі ел есінде сақталуы хақ.

«Солтүстік Қазақстан» 03.11.2009 жыл.

СӘКЕН САЛДЫРҒАН ҚОНЫСТАР

Сәкен Сейфуллинді халқымыз алдымен жалынды ақын, жазушы, көсемсөзші ретінде таниды. Ол сонымен қатар аса көрнекті ірі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ ұлтының нағыз жанашыр патриоты да еді.

1922 жылдың жазында Сәкен «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы және оқу-ағарту ха¬лық комиссарының орынбасары болып тағайындалды. Бұларға қоса ол сол кезде КирЦИК-тің мүшесі де болатын.

1922 жылдың 4-ші тамызында Киробком мен КирЦИК Сәкенді Ақмола губерниясына губерниялық партия конференциясын дайындап өткізуге және Губерниялық советтің сайлауын басқарып өткізу үшін арнайы өкіл ретінде жіберді. Губерниялық партия конференциясы 7-10 қыркүйекте Сәкеннің ұйымдастыруымен өтті. Одан кейін Ақмола губерниялық советтер съезі өткізілді. Съезде КирЦИК-тің өкілі Сәкен Сейфуллин қазақ тілінде сөз сөйледі. Съезд губисполкомның председателі (төр¬ағасы) етіп губернияның хал-жайын жақ¬сы білетін белгілі жазушы Сабыр Шә¬ріповты сайлады, оның орынбасары болып Сәкеннің байырғы досы Захар Катченко сайланды.

Съезд аяқталғаннан кейін бұл екеуі Сәкенді вокзалға апарып жолға (Орын¬борға) шығарып салды. Вокзал басында Сәкен оларға өзінің көптен ойында жүрген елде көшпенді кедейлерге арнап поселке салу идеясын білдірді. Бұл тәжірибені Ақмола губерниясынан бас¬тау керектігін, өйткені, мұнда үйренетін де, үлгі алатын да, көмек беретін де мүм¬кіндік бар.

- Шаруашылық жағында жүрсем ойланбас ем. Алайда

сендер бастап көріңдер-дей бергенде, Сабыр: Бұған шамамыз жете ме? Басқалар көне қоя ма? – деп ойланып қалды.

- Түп-тамырымен бір-ақ қопармай, әзірге аздап бастаған жөн. Әр уезде бір-бір поселке орнатып алсақ тақиямызға тар бола қоймас. Ойланыңдар, Партия конференциясы мен Советтердің съезіне келгенде осыны өздерің іштей пісіріп алып келіңдер. КирЦИК пен Совнарком тарапынан қолдаушыларды мен іздеп көрейін, – деп қош айтысып Сәкен жүріп кетті.

1922 жылғы қазан айында Советтердің III-съезінде Сәкен КирЦИК-тің мүшелігіне қайта сайланды және Совнаркомның председателі болып та-ғайын¬далды. Сәкенге үкімет билігімен қоса «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторлығы да жүктелді.

Осы съезге делегат болып Сабыр Шәріпов те келді. Ол жай келген жоқ, әнеугі айтылған идеяны іске асырмақ болып нақты жоба жасап әкеп Сәкенге тапсырды да сөйлеп кетті: «Әнеу күні өзіңмен қазақтарды отырықшыландыру үшін поселке салу жайын сөйлестік емес пе? Совнарком болған соң ұмытып қалсаң өзің білесің. Мен сол идеяны жүзеге асырмақ боп Ақмола губерниясының әр уезінде бір-бір опорно-показательный поселок салу жөніндегі қаулыны атқару комитетінде бекіттіріп алдым. Енді осыған қаражат керек. Оны сен тауып беруге тиіссің, – деп Сәкенге қарады.

– Сабыр әбзи, ақша жағын қоя тұры¬ңызшы, Сізге жоба айқын бол-ғанмен маған әлі түсініксіздеу.

– Ә, солай ма, онда Ақмола губер¬ниялық атқару комитеті прези¬диу-мының 11-ші қарашада шығарған қаулысын оқып шық – деп 3 тарақ қа-ғазды Сәкенге ұсынды. Сәкен оқып шықты. Онда былай делініпті:

«Қазақ халқын отырықшылыққа бастайтын 4 үлгілі поселке салу туралы Ақмола губерниясы атқару ко¬ми¬тетінің президиумы: Губатком пред¬седателі Сабыр Шариповтың баяндамасын тыңдап, онда атап көрсетілген шаралардың орынды, дәлелді екенін, саяси жағынан да, экономикалық жа¬ғынан да бұл поселкелерді құру қажет екенін ескере келіп, президиум қаулы етеді:

1. Петропавл, Көкшетау, Ақмола мен Атбасар уездерінде аштыққа шал¬дыққан қазақ кедейлерінен 1923 жылы төрт үлгілі поселке құрылсын, оның әрқайсысы 100 түтіннен аспасын.

2. Губерниялық жер басқар¬масы¬на құнарлы, жайлы суы мол участоктарды дереу тауып беру тапсырылсын.

3. ГЗУ қолда бар ауыл шаруа¬шылық құрал-саймандарын берсін, жет¬пегендерін жер-су халық комис¬сариа¬ты арқылы тауып алу тапсырылсын.

4. ГЗУ смета бойынша құрылысқа қажет ағаш материалын бөлсін.

5.Аштарға жәрдем көрсету коми¬теті жинаған малдарын үлгілі посел-келердің фондына түгелдей өткізсін. Егіс егу, өнім жинау және поселкелерді салу кезінде қоғамдық негізде жұмыстар ұйымдастыру және ақша қаражатын жинау көзделсін.

6. Әр поселкеге бір болыстың ең¬бек салығынан алынатын табысы бері¬летін болсын.

Осы қаулыны жүзеге асыру және оның нақты жоспарын жасау президиум мүшесі Шәріпов жолдасқа жүктелсін». (Бұл құжат табылған жері – Қазақстан Компартиясы Солтүстік Қазақстан облыстық Комитетінің архиві, фонд 55, опись 3, 48 дело / «іс»/, 23 лист / бет/.)

– Сабыр әбзи, мыналарыныз нағыз революциялық шара ғой. Жарадың, әбзи, жарадың! – деп қуанған Сәкеннің осы бір шағын пайдаланып қалмақ болып Сабыр:

– Мынаған қол қойып жібере қойшы, – деді.

– Е, мұның не?

– Әзірге 5 мың пұт астық. Құрал-саймандарды жинап, күш-көлікті тауып қойдық. Енді, астық керек. Астықсыз ешкім де поселкеге барар емес.

– Поселкелердің қай жерде болары белгілі ме?

– Шамалап отырмыз. Петропавл уезінде Баженовка деген заимкені бөліп отырмыз. Оның күйі жақсы. «Өрнек» деп атамақпыз. Көкшетау уезінде Жокей көлі маңына орналасқаны жөн сияқты. Оны Казгородок деп атаса жақсы болар деймін. Ақмола уезінде бұл поселкені шымқай қазақтардың ортасына апарып орнатқан дұрыс. Оған қолайлы жер – Қорғалжын. Атбасар уезіндегі поселкенің қай өңірде болары әлі белгісіз. Осы төрт поселке үшін арнаулы бөлім ашып, оған Захар Катченконы бастық етіп тағайындадым. Ал енді қол қоямысың мына қағазыма? – деп Сабыр Шәріпов Сәкенге қарап жымиды.

– Бұл игілікті істен ешкім айанып қалмас. Екі рет рұқсат сұраганша, бір ретте бітіріп кетіңіз, – деді де Сәкен 10 мың пұт астық босату жөнінде бұрыш¬тама жазып қолын қойды.

– Ал ақша ше?

– Оны Москвадан келгесін шешемін. Қазір еш мүмкіндік жоқ. Декабрьдің аяқ шенінде Сәкен Советтердің Бүкіл¬ресейлік Х-съезіне барып қаты¬сып қайтты.

Москвадан келген Сәкенге Сабыр Шәріпов бір жапырақ қағазды ұсына қойды.

– Мұныңыз не, Сабыр әбзи?

– Былтыр КирЦИК қызметкерлерін қымызбен емдейміз деп бірнеше бие сатып алыпты. Қазір 17 құлыны бар 21 бие тектен текке бағылып жатыр. Соны Баженовкадағы қазақ поселкесі «Өрнекке» берсек деп ем. Сәкен бір жапырақ қағаздың шетіне «Қазақтың үлгі-өнеге поселкасына берілсін. Кирсовнарком председатели С. Сейфуллин. 2.01.23» деп бұрыштама соқты.

Сәкен қиялымен әлемді шарлайды. Бір кезде Сабыр Шәріповтың қол қойдырып алып кеткен қағазы есіне түсті де, «Осы да бір игі жұмыстың басы. Соны жұртқа өнеге ету қажет деп іштен күбірледі де қолына қалам алды.

«Қазақ қаласы» деп үлкен әріппен қағазға жазды да, астын екі рет сызды да одан әрі былай деп жазды: «Ақмоланың губерниялық советтер комитетінің төр¬ағасы (председатели) жолдас Сабыр Шә¬ріп¬ұлы губерниясының төрт жерінен төрт қала салуға жоба кіргізген.

Жолдас Шәріпұлының бұл ұсынған жобасын губерниялық советтер коми¬теті кеңеске салып, биыл 1923 жылы Ақмола губерниясының бір-ақ жерінен қазақ қаласын салуға қаулы қылған. Бұл Қазақстанның ең бірінші қазаққа арналып салынбақ болып отырған тұңғыш қаласы. Қазақ халқы орын теуіп отырмай өнер-білім, мәдениетті алдағы халықтардың қатарына кіре алмайды.

Қазақ өнерлі халықтардың қатарына шын кірсін деген адамдар құр көкиюді тастап, қазақты тез ірге бекітіп отырту ісіне кірісулері керек. Бұл қазақ тұрмысындағы зор тарихи іске жолдас Сабыр Шәріпұлы мұрындық болды. Қазақстанның басқа аймақтары да Ақмоладан қалмай қала салып, қазақ жарлыларын оқыту ісіне кірісер. Қазақстан үкіметі бұл іске шамасы келген жәрдемін аямас. Істің тез жемісті болуына шын көңілмен тілектеспіз».

Сәкеннің идеясымен және тікелей көмегімен біраз аймақты жергілікті халық¬ты отырықшылыққа көшіру ниетімен сәнді агроқалашықтар салынды. Кезінде Сәкен Сейфуллиннің

«Қазақ қаласы» деп аталған мақаласы «Еңбекші қазақ» газетінде 1923 ж. жарияланды. Жұрт оны қазақтар үшін әдейі тұрғызылған қала есебінде «Казгородок» деп атады. Солардың бірі біздің облысымызда (Солтүстік Қазақ¬станда) салынған «Өрнек» поселкесі. Бұл туралы жазушы жерлесіміз Сәбит Мұ¬қанов Орынбор рабфагінің І-ші курсын бітіріп, демалысқа елге келгенде губатком председателі Сабыр Шәріпұлымен еріп барып «Өрнек» поселкесін көргенін былай баяндайды:

«Қызылжар уезінің Қызыләскер болысында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Приишим ауданы) 1922 жыл¬дың күзінде «Өрнек» атты коммуна құрылыпты (кейін «Өрнек» колхозы болған). Коммунаға жиналғандардың 95 проценті қазақтар, өзгелері орыстар мен татарлар. Бәрі кедей, батырақтар. Оларға Баженов дейтін помещиктің кең участігі және өзі Колчакқа еріп қашқанда қалып қойған үйлері, малдары, соқа-саймандары беріліпті. Үл¬¬гілі коммуна жасау мақсатымен губерниялық басқарушы орындар жауап¬кер қызметкерлерден бастықтар жібе¬ріпті. Былтыр ғана жалаңаш-жалпы келген кедей батырақтар биыл адам қатарына қосылып, «Тамақ тоқ, көйлек көк» деген халге келіпті. Бұрын Баженовтың заимкесінде тұратын азғана үйлер мен сарайлардың төңірегіне қала өсіп, көше-көше боп үйлер салыныпты. Мемлекет қара-жатына мектеп, аурухана үйлері салына бастапты. Сол өркендеудің үстіне биыл егіні де, шабындық шөбі де мол шығып, «Өрнек» коммунасының адамдары аса көңілді екен. Шаруашылық жағынан да, мәдениет жағынан да «Өрнек» төңіректегі ауылдарға үлгі бола бастаған екен» (Сәбит Мұқанов. Өмір мектебі. 2-ші кітап, Алматы, 1953, 349-350 беттер).

Ғасырлар бойы көшпелі өмірге бауыр басқан қазақ қауымына отырықшылық тұрмыстың артықшылығын Сәкен біртін¬деп шешіп көрсетуді мақсат тұтты. Малды молайтып, егінді көбейтіп, елдің тұрмысын жақсартуды армандады. Қолында билік бар кезінде мұны сөзбен емес, іспен көрсетті.

Сәкеннің әр жерде «Казгородок» құ¬ры¬¬¬лысын қолға алуы да осы мақсаттан туындаған. Сол кезде өнірге келіп үлгерген кей¬бір мекендер осы заманға да жетті.

Ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт патриоты Сәкен Сейфуллиннің бұл еңбегі ұмытылмайды деген ойдамыз.

«Солтүстік Қазақстан», 23.04. 2015 ж.

СӘБИТ ЖӘНЕ СӘКЕН
(Сәбит Мұқановтың туғанына 110 жыл толуы қарсанында)

«Қазақ совет әдебиетінің тарихында
айнымас адал достықтың жақсы бір үлгісі
Сәкен мен Сәбиттің достығы дер едім».
Есмағамбет Ысмайылов.

Өзінің «Өмір мектебі» трилогиясында жазғанындай, Сәбит Мұқанов Сәкен туралы ең алғаш 1919 жылдың басында Омбы қаласында Мағжан басқарған мұғалімдер даярлайтын курста оқып жүргенде Сәкеннің досы Жұмабай Нұркиннен естиді. Ол кезде Жұмабай Сәкенмен бірге Омбы түрмесінде тұтқында болған. Жұмабай түрме басшылығынан бір күнге сұранып, Омбыға келіп жатқан әкесімен кездесуге келгенде жас Сәбит сол үйде бірге болады. Сонда ол Жұмабайдан Сәкеннің тамаша ақын екендігін естиді. Жұмабай оған Сәкеннің бірнеше өлеңін жатқа айтып береді. Сол әңгімеден кейін Сәбит Сәкенді көруге құмартады.

Сәкенмен кездесудің сәті 1922 жылы түседі. «Өсу жылдарымыз» атты 1960 жылы шыққан кітабында Сәбең бұл туралы былай дейді: «1922 жылдың басында Қырғызстанның (Қазақстанның) партия ұйымының Орынборда шақырылған екінші конференциясына мен де бардым. Бұл қалада қызмет атқаратын республика басшыларының әрқайсысын да көргім келеді, солардың ішінде, әсіресе, Сәкен Сейфуллинді көргім келеді. Естуімше, ол қазір «Еңбекші қазақ» (бұрыңғы «Ұшқын») газетінің алқа мүшелеріне председатель және Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің председателі. Мен Сәкенді көруге бұ жағынан емес, ақындық атын естігендіктен құмарттым».

Орынборда Сәбитті Сәкенмен оның досы әрі Сәбитті бұрын өзі Қызылжарда қызметте болған кезінен жақсы білетін Абдолла Асылбеков таныстырады. «Сәкен екеуімізді жылы шыраймен қарсы алған Абдолла бес-он минуттың ішінде бізді бір бірімізбен таныстырып та үлгерді, Сәкен екеуіміз тез шүйіркелесіп кеттік. Абдолланың мені қысқаша таныстырған сөздерін естіген соң-ақ: «Кәне, сол өлеңдерің қайда?» деді Сәкен маған. Менен алған дәптерді ол үн-түнсіз бастан аяқ

оқып шықты да, мұрнынан сөйлейтін қоңыр даусымен «енді сөйлесуге болады» деді... Сол жолғы кеңестен бастап «халық жауы» деген жаламен, 1937 жылдың күзінде жазықсыз жалаға ұшыраған күніне дейін, Сәкенмен екеуіміз үздіксіз дос боп, үздіксіз сырласқан, үздіксіз істес болған кісіміз. Сәкен шынайы достықты құрметтей білуші еді. Екеуіміз өмірдің, әдебиет пен мәдениеттің түрлі мәселелері жөнінде әрдайым пікір алысып, ақылдасып отыратынбыз. Сәкен әр адамға ақыл бере де, өзгенің ақылын ала да білуші еді» деп есіне алады Сәбең Сәкенмен сол алғашқы кездесіп танысқаны туралы.

Сол жылы рабфактың директоры Шейнессон деген кісі «орыс тілін білмейсің» деп Сәбитті оқуға алғысы келмегенде Сәкен: «Ол - Азамат соғысының солдаты, коммунист, ақын, еңбекші тап ақыны. Ендеше мұны оқытпағанда кімді оқытамыз? Сөзді қой, оқуға қабылда. Осы оқу жылының аяғына дейін орыс тіліндегі оқуды жүргізіп кетуіне мен-ақ кепіл болайын», деп оқуға алғызады.

Ол кездегі тұрмыстың ауырлығынан Сәбит біраз қиыншылық көреді. Тамақ аз, киім жұқа, жатақхана суық болғандықтан Сәкен Сәбит пен Ғабитті өз үйінің бір бөлмесіне орналастырады. Сонымен қатар ол Сәбитке: «Өлеңдеріңнің тәуір дегенін «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналына беріп тұр.басылуына көмектесейін. Солардан алған гонорармен күн көре тұрарсың», деп ақыл береді. (Ол кезде Сәкен осы екі басылымның да редакторы болатын). Содан кейін Сәбиттің өлеңдері баспасөз бетінде жариялана бастады, тұрмысы да аз да болса түзелуге айналады. Бұл оның оқуына да көмегін тигізеді.

Сәкеннің сол кездегі Сәбитке жасаған қамқорлығы туралы қазақтың көрнекті әдебиеттанушысы, сыншы Есмағамбет Ысмайылов «Ақын және революция» атты кітабында: «Сәкеннің Орынбор дәуіріндегі елеулі жұмысы - Совет бағытындағы жас талапты ақын жазушыларды, журналистерді өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің айналасына топтастыра білуі. Бұл ретте ол жас Сәбит Мұқановтың әрі оқып білім алуына және алғашқы қаламы төселмеген кездегі шығармаларын газет бетіне жариялап, қамқорлық көрсетуі қазақ совет әдебиетінің таңы атып келе жатқан дәуірдегі ең ізгі үлгі-дәстүр еді», деген болатын.

Есмағамбет Ысмайылов Сәбит пен Сәкеннің достығы туралы былай дейді: «Сәкеннің бар дәуірдегі өмір жолына

көз жіберетін болсақ, тар жол, тайғақ кешулерде өмірдің шыңынан шыңдалып өткен достары, шәкірттері аз болмаған. Сол көп шәкірт, достардың ішінде оның әдебиет майданындағы қажырлы идеялық күресіндегі ең сенімді серігі бола білген Сәбит Мұқановтың орны ерекше. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуірінде Сәбит Сәкеннің идеялық, творчестволық ықпалында болды. Көп өлеңдерін Сәкенге еліктеп жазды. Білімі, жазу тәжірибесі аз кезінде Сәбитті Сәкен өзінің ағалық қамқорлығына алып тәрбиеледі. Сондықтан да Сәбит Сәкеннен үйрене жүріп, аз уақыттың ішінде тез өседі және көптеген принципті мәселелер жөнінде Сәкеннің өзіне ықпал жасайтын алдыңғы саптағы жазушылар қатарына көтеріледі».

Сәкеннің адамгершілік қасиетің, жолдаска деген қамқорлығын Сәбит өз шығармаларында оған деген зор ризашылықпен еске алып отырады. 1924 жылдың басында рабфакта оқып жүрген Сәбит қатты ауырып ауруханаға түседі. Бұл кезде Сәкен Лениннің өлгенін естігеннен кейін оның азалы күндеріне қатысуға Қазақстан өкілдерін басқарып, Москваға кеткен екен. Содан келісімен ауруханада жатқан Сәбитті іздеп келеді. Бұл туралы Сәбит: «Есею жылдары» кітабында былай деп жазады: «Сондай күндердің бірінде сестра келді де: «Саған жолығуға Совнаркомның председателі Сәкен Сейфуллин келді», деп хабарлады. Бас дәрігердің кабинетіне барсам, Сәкен құндыз жағалы пальтосының түймелерін ағытып, құндыз бөркін қолына ұстап, кең бөлмеде ерсілі-қарсылы жүр екен. Бас дәрігер орындықта отыр екен. Мені көріп тоқтай қалған Сәкен сәлемімді беріп үлгермей: «Ауырып қалдың ба?» деді маған. Жауабымды беріп үлгермей: «Енді 4-5 күнде шығуға жарайтын жайың бар екен. Бұл кісі, - деді дәрігерді нұсқап, - қай күні шығатыныңды хабарлайды, ат жіберем, алып кетеді». Емханадан мен сол жұманың аяқ кезінде босандым. Шығардан бір күн бұрын Сәкеннің қызмет бабындағы жәрдемшісі Әлкей Өтекин келді де, ертең алып кететінін хабарлады және «Сәкен ағай саған әуелі біздің үйге келсін» дегенін айтты. Ертеңіне меңі боз арғымаққа жегілген фаэтонға отырғызған Әлкей Сәкен үйіне әкеп түсірді. Есікті Сәкеннің өзі ашты».

1925 жылғы жазда Қызылжарға келген Сәбит «Бостандық туы» газетіне жауапты хатшы болып орналасады. 1926 жылғы жазда Сәбит жаңа ғана үйленген жас жұбайы Мәриямен

Қазақстанның жаңа астанасы Қызылордаға келеді. Сол жылы желтоқсанда Сәкен Гүлбаһрамға үйленеді. Екі отбасы бір туысқан адамдардай өте жақын сыйласып тұрады.

1926 жылы Қазақстанның пролетарлық жазушылар ассоциясының (ҚазАПП-ның) платформасын қабылдаған жиналыста оның ұйымдастыру бөлімі құрылып, төрағасы - Сәкен, хатшысы - Сәбит, мүшелері болып Бейімбет Майлин, Әбдірахман Байділдин, Хамза Жүсіпбеков, Бек Орынбеков сайланады. Сол жылғы 4 қазанда ҚазАПП-ның Сәбит дайындаған платформасы баспасөзде жарияланады. Кешікпей Сәбит Қазақстан мемлекеттік баспасының меңгерушісі болып тағайындалды. 1928 жылы Сәбит Ленинград университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Бірақ отбасы жағдайымен оқуын жалғастыра алмай елге қайтады да, 1929 жылы Қызылжарда шығып тұрған округтік «Кеңес ауылы» газетінің редакторы болып істей бастайды. Осында ол жас журналистерді жинап, жазушылар ұйымын құрады. Осылай әдеби орталықтан жырақтау қалада округтік газетте қызмет атқарып жүрген Сәбитті Сәкен Алматыда өтетін өлкелік журналистер съезіне шақыртады және отбасымен бірге өз үйінде тұруды ұсынады. Бұл да Сәкеннің үлкен жүректілігінің, жомарт қамқорлығының белгісі еді. Съезден кейін өлкелік партия комитеті Сәбитті «Әдебиет майданы» журналына уақытша редактор етіп қояды да, кешікпей Мәскеудегі тіл білімі институтына оқуға жібереді. Аз ауқыттан кейін ол сол қаладағы қызыл профессорлар институтына аусады. Институтты 1935 жылы тамамдаған Сәбитті Алматыға келісімен республикалық «Кеңес ауылы», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің редакторы қызметіне тағайындайды. 1936 – 1937 жылдары ол Қазақстан Жазушылар одағын басқарады.

1936 жылғы мамыр айында Мәскеуде Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігі зор табыспен өткені белгілі. Осы онкүндіктің соңында Қазақтың революционер жазушысы Сәкен Сейфуллин жыр алыбы Жамбылмен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Сол жылғы шілде айында Алматыда Сәкеннің шығармашылық еңбегінің 20 жылдығына арналған үлкен мереке болып өтті. Осы мерекеде зор шабытпен жасаған баяндамасында Сәбит: «Сәкен Сейфуллин шын мәнінде қазақ совет әдебиетінің ағасы болып саналады. Бұл - даусыз

шындық», - деген еді. Бұл мерейтой Сәкенге деген халықтың зор ықыласы мен сүйіспеншілігін көрсетті. Той өткеннен кейін Сәбең: «Бұл Сәкеннің ғана тойы болған жоқ, бүкіл қазақ совет әдебиетінің бірінші және үлкен тойы болды», деп баға берген.

Сол баяндамасында Сәбит: «Сәкен «таза» ғана әдебиетшіл адам емес. Ол әлеуметшіл, саясатшыл адам. Октябрь революциясын ол жаудан қаламмен ғана қорғаған жоқ, найзамен да қорғады. Ол қазақ ауылында бірінші Советті құрды, бірінші партия ұясын ашты, бірінші партизан боп жазылды, Совет үкіметін қорғау жолында бірінші рет жаумен майдандасты, бірінші рет Колчак бандыларының айуандық азабын тартты. Қалам мен найзаны бірдей сілтеп, қан майданда жауды жеңісіп, еңбекші бұқараға мәңгілік бостандық әперушінің біреуі болды. Сәкенді бүгінгі күні еңбекші елдің ардақтайтын, сыйлайтын, әдебиетке істеген көп жылдық еңбегін тойлайтын себебі сол», деп көрсетті. (Сәбит Мұқанов. «Өсу жолдарымыз». А., 1960, 172-бет).

Міне, осы оқиғаларға сүйеніп, 1936 жылды Сәкеннің жұлдызы жарқыраған жылы деуімізге болады.

Жасынан Сәкеннің революцияшыл жолын үлгі тұтқан Сәбит оған әдебиет майданында шабуыл жасалған кездерде оның «сыншыларына» батыл қарсы шықты. Мысалы, ол 1922 жылы жарық көрген Сәкеннің «Асау тұлпар» өлеңдер жинағын сынаған белгілі коммунист, қоғам қайраткері Нәзір Төреқұловтың пікірлеріне қарсы «Қызыл Қазақстан» журналында «Сынға сын» атты мақаласын жариялады. Өзінің жастығына, сынды алғаш жаза бастағанына қарамастан, Сәбит Мұқанов өткір пікірталасқа бара алған. Артық, кем жерлеріне қарамастан, бұл мақала қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаған Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығына арналып жазылған Нәзір Төреқұловтың мақаласымен бірге Сәкентанудың негізін салды», дейді әдебиетші ғалым Дандай Ысқақов.

Өзінің шығармашылық жолында Сәкен еңбектерін, азаматтығын үлгі тұтқан Сәбит 20-30 жылдардың айтыс-тартыстарында Сәкенмен бірге қосақтала айыпталып жүрді. 1937 жылғы саяси құғын-сүргін кезінде Сәкен мен Сәбит екеуі де республикалық басылымдарда, Жазушылар одағының партия жиналыстарында үлкен сынға ұшырады. Ақыры 1937 жылғы 24 қыркүйекте Сәкен тұтқындалып, 1938 жылдың 25

ақпанында атылып кетті. Ал Сәбит партиядан шығарылып, Жазушылар одағының төрағалығынан босатылды.

1956 жылы КОКП XX съезінің шешімдеріне сәйкес Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер ақталып, олардың әдеби мұралары қайта жаңғырып, баспасөз беттерінде жариялана бастады. Соның алғашқысы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1957 жылғы 22 қарашадағы № 57 санында жарияланған Сәбит Мұқановтыі «Сәкен Сейфуллин» атты естелік мақаласы еді.

Сәбит Мұқанов Сәкен туралы мақалалар жазумен, баяндамалар жасаумен, естеліктер айтумен шектелген жоқ. Ол 1963 жылы «Сәкен Сейфуллин» атты пьеса жазып шығарды. Пьеса Сәкеннің революция жылдары бастан кешкен өмірін суреттеуге арналған. Онда ақынның Ақмолада құрылған алғашқы Совдептегі қызметі, контрреволюцияның қолына түсуі мен Омбы түрмесінен қашып шығып, күрес жолына қайта аттануы көрсетілген. Бұл жағынан пьеса оқиғалары Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабымен, «Қызыл сұңқарлар» пьесасымен үндес. Бірақ автор өз шығармасында Сәкен еңбектерін қайталамайды. Ол осы материалдар негізінде Сәкеннің революция кезіндегі қажырлы қызметін, езілгендерге, әсіресе, теңсіздіктегі әйелдерге азаттық әперудегі еңбегін, тап жауларымен күрестегі батырлық мінездерін, ақындық сезімтал жан дүниесін ашуды мақсат еткен. Пьеса кезінде Қазақтың академиялық драма театрында қойылған.

Әдебиетші ғалым, академик Серік Қирабаев: «Дәуіріміздің дарынды жыршысы» атты кітабында: «Сәбиттің әдебиетке келген дәуірі тарихи дамудың аса бір қиын кезі еді. октябрь тудырған жаңа идея да, сол идеяны насихататйтын көркем туынды да оңайлықпен өзіне жол таба қойған жоқ. Осындай бір қиыншылық жағдайда революцияшыл жаңа шығарма жазып қою ғана жеткіліксіз еді. Сол шығармаға жол ашар, ескілікке қарсы күресер қайратты күрескерлер қажет болды. Осы бір тарих алдындағы абыройлы қызметті әдебиетіміздің көш бастаушысы революционер ақынымыз Сәкен Сейфуллин бастады да, жас қаламгер Сәбит Мұқанов Сәкен ұранына жауынгер үнін қосты», деп ұлтымыздың екі ұлы қаламгерінің еңбегіне әділ баға берді.

«Солтүстік Қазақстан» 12.01.2010 жыл.

АЙНЫМАС ТАМАША ДОСТЫҚ (Сәкен Сейфуллиннің туғанына - 120 жыл)

Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың жолдастығы, достығы, өмірге көзқарастарының ұқсастығы, әдебиет саласындағы ауызбірлігі көпке аян. Ал осы достық пен бірліктің қашан, қалай басталғаның, қандай кезендерден өткенін көпшілік біле бермес.

Енді осы туралы білетінімізді баяндап көрейік. Сәбит Мұқанов «Өсу жолдары» атты кітабында: «1919 жылдың басында Омбыда оқып жүргенде Сәкен туралы алғаш рет оның досы, Омбы түрмесінде бірге отырған Жұмабай Нұркиннен естідім. Ол маған Сәкеннің бірнеше өленің жатқа айтып берді. Содан былай мен Сәкенді көруге құмарттым», - дейді.

Сәкенмен кездесудің сәті 1922 жылдың ақпан айында Сәбиттің Қазақстан партия ұйымының Орынборда шақырылған екінші конференциясына делегат боп барған кезінде түседі. Ол кезде Сәкен «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы және Қазақстан Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болатын.

Сәбит Сәкенмен өзінің бұрынғы танысы, 1922 жылдары Қазақ облыстық патия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болған Абдолла Асылбековтің мейманханадағы нөмірінде кездеседі. Абдолла таныстырғаннан кейін «Сәкен екеуіміз тез шүйіркелесіп кеттік», - дейді Сәбит. Сәкен Сәбиттің өлеңдері жазылған дәптерін алып, түгел оқып шығып, «Енді сөйлесуге болады, кешкі үйге кел», - деп шақырады. «Сол жолғы кеңестен бастап «халық жауы» деген жаламен 1937 жылдың жазында жазықсыз жалаға ұшыраған күніне дейін, Сәкен екеуіміз үздіксіз дос боп, үздіксіз сырласкан, үздіксіз істес болған кісіміз. Екеуіміз өмірдің, әдебиет пен мәдениеттің түрлі мәселелері жөнінде әрдайым пікір алысып, ақылдасып отыратынбыз», - дейді Сәбең «Өсу жолдары» кітабында.

Алғашында Орынбор рабфағына оқуға түсе алмаған жетім бала Сәбиттің бойындағы талант ұшкының таныған Сәкен Сейфуллин оның оқуға түсуіне жәрдем береді және өзінің үйінде тұрып оқуына жағдай жасайды. Рабфактың директоры

Шейнессон Сәбитті «Орыс тілін білмейсің», - деп қайтарып жібереді. Одан әрі қалай болғанын Сәбит былай көрсетеді: «Ертеңіне Сәкеннің Совнаркомдағы кабинетіне барсам, есігінің алдында Шейнессон отыр екен. Мен жайында шақырған болар деп ішім жылып кетті. Кабинеттен шыққан жәрдемші: «Кіріңіздер!» - деді Шейенессон екеуімізге. Сәкен Шейнессонға қадала қарап: «Мына жігітті танимысың?» - деді. «Иә, білем», - деді Шейнессон Сәкенге бір, маған бір қарап.

- Алдыңдар ма?

- Рабфакқа жарамайды.

- Неге?

- Орыс тілін білмейді.

- Ол азамат соғысының солдаты. Коммунист. Ақын. Еңбекші тап ақыны.

- Түсінікті.

- Ендеше, мұны оқытпағанда кімді оқытамыз? Сөзді қой, - деді Сәкен бұйырған дауыспен. Оқуға қабылда. Осы оқу жылының аяғына дейін орыс тіліндегі оқуды жүргізіп кетуіне мен-ақ кепіл болайын. Орындайсың гой?

- Өкімет бастығы айтқан сөзді орындамауға күш қайда? - деді Шейнессон.

- Мәселе күште емес, адамгершілікте, Қазақстан да Совет өкіметіне пайдалы адамдар даярлауда. Әсіресе, әдебиетшіні, қазақта ондай әдебиетшілер әзірге жоқтың қасы.

Шейнессон мені рабфактың кеңсесіне ертіп әкелді де, оқуға тіленуіме байланысты ісімді таптырып ап, «Сен енді студентсің», - деді маған.

Рабфакта оқып жүріп, алғашқы кезде Сәбит көп қиыншылық көреді. Тамақ аз, киім жұқа, қаржы жоқ. Басқа студенттерге үйлерінен көмек келіп жатады, бұған көмектесетін ешкім жоқ. Амалсыздан Сәкеннен жәрдем сұрауға тура келді. Сәкен оған: «Өлеңдерінің тәуір дегенін «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналына беріп тұр, басылуына көмектесейін. Солардан алған гонорармен күн көре тұрарсың», - деп ақыл береді.

«Содан кейін, - дейді Сәбит, - баспасөз бетінде өлеңдерім жариялануға айналды. «Гонорар» деген сөзді естуім де, тиісті ақшасын алуым да сол кезден басталды. Тұрмысым да аз да болса түзелуге айналды, оқуыма бұрынғыдан да шұқшия түстім». (С.Мұқанов. «Өмір мектебі». 2-ші кітап, Алматы, 1953 ж. 494-бет).

Белгілі әдебиет зерттеуші, сыншы Есмағамбет Ысмайылов 1983 жылы шыққан «Ақын және революция» атты кітабында: «1922 жылдан бастап Сәкеннің қасында бірге болған және Сәкеннің ағалық жәрдемі, идеялық ықпалы арқылы әдебиет майданына араласа бастаған Сәбит Мұқанов: «Сәкен күні бойы кеңсе қызметі, саяси қоғам жұмысымен айналысып, қолы бір босамайтын. Ал түнде үнемі жазу жұмысымен болатын. Ол кезде қашан тынығып, ақындық шабыт келетін бос уақыт табу Сәкенге қиын еді. Соған қарамастан ол бұрқыратып көп жазды» деген сөздерін келтіріп, одан әрі:

«Сәкеннің Орынбор дәуіріндегі творчестволық өміріндегі елеулі жұмысы - Совет бағытындағы жас талантты ақын жазушыларды, журналистерді өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің айналасына топтастыра білуі. Бұл ретте ол жас Сәбит Мұқановтың әрі оқып білім алуына және алғашқы қаламы төселмеген кездегі шығармаларын газет бетіне жариялап, қамқорлық көрсетуі қазақ совет әдебиетінің таңы атып келе жатқан дәуірдегі ең ізгі үлгі-дәстүр еді», - дейді.

Сәбит пен Сәкеннің шынайы достығы мен жолдастық қарым-қатынасы жөнінде ғалым сыншы былай деп жазады: «Сәкеннің бар дәуірдегі өмір жолына көз жіберетін болсақ, тар жол, тайғақ кешулерде өмірдің шыңынан шыңдалып өткен достары, шәкірттері аз болмаған. Сол көп шәкірт достарының ішінде оның әдебиет майданындағы қажырлы идеялық күресіндегі ең сенімді серігі бола білген Сәбит Мұқановтың орны ерекше. Қазақ совет әдебиетінің өалыптасу дәуірінде Сәбит Сәкеннің идеялық, творчестволық ықпалында болды. Көп өлеңдерін Сәкенге еліктеп жазды. Білімі, жазу тәжірибесі аз кезінде Сәбитті Сәкен өзінің ағалық қамқорлығына алып тәрбиеледі. Ол Сәкеннен үйрене жүріп, аз уақыттың ішінде тез өседі және көптеген принципті мәселелер жөнінде Сәкеннің өзіне ықпал жасайтын алдыңғы саптағы жазушылар қатарына көтеріледі. Сәбит совет әдебиетінің жауларына қарсы күресте Сәкенге әр мезгілде ең сенімді, ең сырлас дос, ең мықты, ең табанды серік бола білді. Қазақ совет әдебиетінің тарихында айнымас адал достықтың жақсы бір үлгісі Сәкен мен Сәбиттің достығы дер едім» (76-77 беттер).

Белгілі жазушы, әдебиеттанушы ғалым Құлбек Ергөбек «Сабақтастық» атты мақаласында: «Жаңа әдебиеттің жаршысы Сәкен Сефуллиннің Сәбит Мұқанов бастаған

талапкер жастарға жасаған творчестволық ықпалдын, өмірлік қамқорлық, түсініктіктің әсері болуы керек, Сәбит Мұқанов қашан көзі жұмылғанша Сәкен Сейфуллин мұрасының жоқшысына, іздеушісіне, қамқоршы жанашырына айналыпты», деп жазды. (Қ.Ергөбек. «Сабақтастық», «Қазақстан мұғалімі», 19.10.1984 ж.).

Сәбит Сәкен Сефуллин туралы, оның творчествосы жайлы көптеген мақалалар, естеліктер жазды, баяндамалар жасады. Ол жөнінде «Өмір мектебі» трилогиясында біраз әңгіме бар. Солардың ішінде 1936 жылғы шілде күні Сәкеннің әдеби қызметіне 20 жыл толыуына арналған салтанатты жиылыста жасаған баяндамасы ерекше. Сәкеннің ғана емес, «бүкіл қазақ совет әдебиетінің бірінші және үлкен тойы» болған бұл жиында оның творчествосын қоғамдық, революциялық қызметімен тығыз байланыста алып көрсетеді. Баяндамада Сәкеннің өнерпаздық эволюциясы айтылып, оның өлеңдеріне толық талдау жасайды. Осы негіздерге сүйене отырып, Сәкен Сейфуллинді қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті өкілі деп бағалайды.

1957 жылы Сәкен ақталғаннан кейін Жазушылар одағында оны еске түсіруге арналған салтанатты жиын болды. Еске түсіру кешін Сәбең өзінің екі сағаттық ұзақ естелік әңгімесімен бастайды да, байыпты, дәлелді баяндама жасайды. Осы баяндама мен әңгіменің негізінде «Қазақ әдебиеті» газетінде Сәбең «Сәкен Сейфуллин» атты естелік мақаласын жариялады. Онда ол: «Сәкенді қазақ совет әдебиетінің қалаушыларының бірі ғана деу - тарихқа қиянат жасау. Ол «бірі» болар еді, егер Октябрьден туған қазақ совет әдебиетінің алғашқы іргетасын онымен бірге қатар қаласқан тағы да біреулер болса. Іргесі 1917 жылдардан бастап қаланған қазақ совет әдебиетінде 1919 жылға дейін Сәкеннен басқа советтік, яғни пролетарлық тұрғыдан шығарма жазған бір де адам болған жоқ. Октябрьден туған қазақ совет әдебиетінің іргесін алғашқы үш жылда қалаған басқа адам болмаса, оны жалғыз Сәкен ғана қаласа, Сәкенді «көптің бірі» деу қиянат. Ол «Қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаушыларының бірі» ғана емес, бірден-бір өзі. Бұл тұрғыдан алғанда, Сәкен қазақ совет әдебиетінің Маяковскийі ғана емес, Максим Горькийі, яғни қазақ совет әдебиетінің өркендеушісі ғана емес, оны бастаушы. Ол қазақ совет әдебиетінің атасы». (С.Мұқанов. «Өсу жолдары». Алматы, 1960 ж., 503-бет.).

Сәбеннің осы пікірі жөнінде профессор Тұрсынбек Кәкішев «Дәуір дидары» атты кітабында былай дейді: «Сәкеннің қазақ әдебиетінің негізін қалаушысы екеніне шубалана қараудың өзі күпірлік болуға тиіс. Бұдан өңге емес, ең ыңғайы, жөн жобасы, қисыны бар аса көрнекті жазушы Сәбит Мұқановтың өзі қызыққан жоқ. Қайта 20 жыл бойына қазақ әдебиеттану ғылымында қалыптасып, оқулық арқылы әр жас ұрпақтың санасына сіңірілген тұжырымды, яғни «Қазақ совет әдебиетінің негізін салушы - Сәбит Мұқанов» деген шындыққа бір табан жақындығы бар тұжырымды алдымен тас-талқан еткен Сәбит Мұқановтың өзі еді. Үлкен адамгершілік танытып, қайран қалдырған Сәбит ерлігі Сәкенді заңды орнына қайтадан отырғызған болатын». (Т.Кәкішев. «Дәуір дидары», Алматы, 1985 ж., 139-бет).

Сәбит Мұқановтың Сәкен туралы жазған шығармалары туралы Тұрсекең аталған кітабында мынадай пікір айтады: «Сәкенобразыныңкөркемсөзполотносынатүсуідешүкіршілік сезім деңгейінде. Жан жолдасы Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» атты қаһармандық драмасы, «Есею жылдары» атты мемуарлық романы достық парызды өтеуден әлдеқайда жоғары дүниелер» (340-бет). Қазақ әдебиетінің екі алыбының достығы туралы Сәбеннің жан жары Мәриям Мұқанова «Ана тілі» газетінің тілшісімен сұхбатында былай дейді: «Сәбит пен Сәкеннің арасы тонның ішкі бауындай ғой. Жас айырымы болса да (Сәкен 1894 ж. 15 қазанда, Сәбит 1900 ж. 22 сәуірде туған) екеуі дос, туыстай болып кеткен адамдар Сәбит Сәкенді әкесіндей сыйлап, ақыл сұрап, алдына талай барды. Сәкен үшін НКВД Сәбитті де бір жыл күйдірді ғой. Өзі өмір бойы адал көңілмен берілген партияның қатарынан шығарды. Сәбеңнін тірі жүргені - Сәкеннің арқасы. Атақты ақынды НКВД жөндеттері «Мұқановты шпиондыққа қалай тарттың?» деп қинағанда да қорғап шықты». («Ана тілі» газеті. 6. 01. 2009 ж.)

«Алпысыншы жылдары Сәкен шығармаларының алты томдығы шыға бастады. Алтыншы томына 1932 жылы жеке оқулық - хрестоматия болып жарияланған «Қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиетінің билер дәуірі» деген кітабына келгенде көп талас, айтыстар туды. Ақыры Сәбит Мұқановқа барып, мән жайды түсіндіруге, мүмкін болса, 6-шы томға алғысөз жазып беріңіз деп өтініш жасауға мәжбүр болдық. Сәбең сөз де айтқан жоқ. «Қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуір» деген алғысөз

келесі күні редакция алқасының үстеліне келіп түсті. Сәбең бұл алғы сөзін былай деп түйіндепті: «Елді ер билейді», - дейді қазақ мәтелі. Тарих көші өркендеу, өрлеу жолында келе жатқан елдің де, олардың ішінде қазақтың да бастаушы ерлері бар. Соңдайлардың біреуі және бірегейі - жасы жетпіске, әдебиеттік қызметі елуге толып, бүкіл республика тойлап отырған Сәкен Сейфуллин. Бұл кітап - қазіргі ұрпаққа да, болашақ ұрпаққа да өте пайдалы шығарма» (Т.Кәкішев «Қос қыран салтанаты»).

Иә, Сәкеннің де, оның жан аямас серігі Сәбиттің де өмірі мен шығармалары және екеуінің айнымас тамаша достығы да қазіргі және болашақ ұрпаққа баға жетпес үлгі-өнеге бола бермек,

«Қызылжар нұры» 17.10.2014 жыл.

РИЯСЫЗ БАУЫРМАЛ ЖАЗУШЫ (Сәбит Мұқанов - 100)

Халқымызда «жақсыдан - шарапат» деген нақыл сөз бар. Осы сөз даңқты жерлесімімз, халық жазушысы, академик Сәбит Мұқанов атамызға арналып айтылғандай. Сонау 20-30-шы жылдардан бастап Сәбеңнің шарапатын, тәрбиесін, қайырымдылығын көрген, одан үйреніп, үлгі-өнеге алған ақын, жазушылар көптеп саналады. Сәбеңнің Алматыдағы мұражайында он жылдан астам уақыт ғылыми қызметкер болып ісстеп, оның өмірі мен шығармашылық жолын терең зерттеген ғалым жазушы Құлбек Ергөбековтың айтуынша: «Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафиндердің әдебиетке келуіне белгілі дәрежеде ықпал еткен адам да Сәбит Мұқанов. Керек болса, ізіне ілесе шыққан осы екі жазушының алғашқы шығармаларына тамтұмдап болса да қаламы тигені бар. Жазушы өз тәжірибесі биігінен қарап, олардың жазған тырнақалды туындыларын өндеген».

Қазақ әдебиетінінің ақсақалы Сапарғали Бегалин де, әдебиет майданына өзінен кейін ілесе келген Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Әлжаппар Әбішев, Ғалым Малдыбаев, кейінірек келген Ғали Орманов, Жақан Сыздықов, Сейітжан Омаров, одан кейінгі Сафуан Шаймерденов, Ғафу Қайырббеков, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Бауыржан Момышұлы,

Жұбан Молдағалиев, тағы басқалар Сәбеінің жылы сөзін естіп қамқорлығын көргендер.

Сәбеңнің қаламдас жолдастарына, әдебиетке өзінен кейінірек келген ақын, жазушыларға жасаған қамқорлығынан бірнеше мысалдар келтірейік.

Жерлесіміз ақын Ғалым Малдыбаев бір естелігінде өзінің Қызылжардағы совет-партия мектебінде оқып жүрген кезінде 1925 жылы Сәбит Мұқановтың «Бостандық туы» газетіне жауапты хатшы болып тағаындалғанын, оларға жетекшілік жасағаның айтады. Сәбеінің бастауымен Қызылжарда бірнеше әдеби үйірмелер құрылыпты, «Солардың бірі совет-партия мектебінің қасында құрылып, оның жұмысын Сәбит Мұқанов өзі жүргізді. Менің алғаш рет өлеңге шыңдап бой ұрғаным да осы үйірмеге қатысып жүргенде басталып еді» дейді Ғалекең.

Ал қазіргі көзі тірі қарт ақын, жазушы Дихан Әбілев «Ой толғауы» атты естелігінде өзінің Сәбит Мұқановпен алғаш 1933 жылы Қызылжар қаласында Қарағанды облыстық «Ленин туы» газетінде қызмет істеп жүрген кезінде таңысқаның әңгімелейді. Сол жылы Сәбең Москвада Красная профессура институтында оқып жүрген жерінен демалысқа келіп Қызылжарда клубта қалалық жиналыста қазақ әдебиеті жайында баяндама жасайды. Сол күндері «Сәбең Ғалымға ағалық ақыл айтты, - дейді Дихан Әбілев. - Жазу үшін жан-жақты білім алу керек. Жақсы ақынсың. «Доңғалағың» мен «Балға - орағың» екеуі де жаман жинақ емес. Бірақ терең білімсіз жақсы өлең туа бермейді. Сен менің ақылымды ал, Ғалым! Сен Москвадағы журналистер институтына оқуға кел. Аммосов жолдаспен сөйлесейін. Босатар. Осыдан жолдама алып келесің! Келістік пе? Міне, дұрыс!» Сәбең сол бетінде обком секретарларымен сөйлесіп, Ғалымды Москваға журналистер институтына оқуға жіберу мәселесін шешіп кетті. Күзінде Ғалымды сол институтқа түсірді де».

Қазақтың белгілі жазушысы Сейітжан Омаров 1936 жылғы маусым айында Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеп жүргенде Қызылжарға Алматыдан Сәбит Мұқановтың келгенін, сонда өзіне Алматыға кел, газетке не журналға қызметке орналастырамын деп шақырғанын, кейін барғанда «қазақ әдебиеті» газетіне әдеби қызметкер етіп орналастырғанын, «Бақыт» атты тұңғыш әңгімелер жинағын жарыққа шығаруға

көмектескенін, Жазушылар одағына мүшелікке алынғанын айта келіп, «Қандай қызметте болсам да, қандай шығарма жазсам да, Сәбит ағаның ұстаздық ақыл кеңесі, жанашыр қамқорлығы маған дем беріп, рухтандыратын», - дейді.

Майталман ақын Әбділда Тәжібаев Сәбең туралы былай деп жазған еді: «Біз Сәбитпен бірге қатар өстік. Оның он шақты жас үлкендігі кейін теңесіп кеткендей, қатар құрбы боп сезіндік. Өйткені Сәбиттің жырларындағы қайырымдылық, халықтық рух оның мінезінде бар табиғи қасиет еді. Қазақ совет әдебиетінің жаңа жырларын іздеп табу, оларды ұйымдастыру, тәрбиелеу жұмысын партия айтқандай жүргізуде Сәбит Мұқановтың орны ерекше. Қызылжардан Ғалым Малдыбаев, Көкшетаудан Жақан Сыздықов, Оралдан Тайыр Жароков, Қызылордадан Қалмақан, Асқарларды тапқан осы Сәбит Мұқанов болатын. Кейінірек мен де олардың тобына Сәбең арқылы қосылдым. Біз әдебиетке әрі ақын, әрі ғалым болып келген Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Исмайыловтарды, олардан кейінірек келіп қосылған көрнекті ақындарымыз Қалижан Беккожин. Қасым Аманжолов, Дихан Әбілев, тіпті кейін келген Жұбан, Сырбайларды да Сәбит ағамыз ашқан ақындар тізіміне қосамыз.

Белгілі ақын Қалижан Беккожин: «Сәбит ағаны мен сонау студент шағымнан бері әлі күнге дейін өзіме ұстаз тұтып келемін. 1934-1938 жылдары мен «ҚазПИ-дің» әдебиет факультетінде оқыдым. Әдебиетті жақсы түсінгенім де, өлең жыр дүниесіне алғаш қанат қаққан кезім де осы жылдар болса керек. Менің қаламгерлік жас қанатыма дем беруші де Сәбит Мұқанов болды. Дарын таныгыш қырағы Сәбит аға «осыдан келешекте ақын шығады» деп үміттенді ме екен, мені өз бауырына тартып, баули бастады. Менің балаң өлеңдерімді жиі тыңдап, ақыл кеңес берді» - деп есіне алады.

Одан әрі Қалижан Беккожин өзінің Ұлы Отан соғысына Сәбит Мұқановтың үйінен аттанғанын былай баяндайды: «Өз құжырам да, әйелім де бар еді. Бірақ қатерлі майданға ақын жазушылардың қара шаңырағы - Сәбеңнің құтты қадам үйінен сәт сапар естіп аттанғым келді. Асығыстығыма қарамастан, абзал Мәриям жеңгем: «Қалижан, біздің үйден дәм татсаң, соғыстан есен сау қайтасың», - деп мені босатпай дәм даярлады. Айырылысарда ардақты, қамқор Сәбеңнің мені құшақтап, маңдайымнан сүйіп тұрып айтқан ізгі тілегін, жан тебіренелік сөзін еске түсірсем, әлі күнге көзіме жас келеді».

Соғыс жылдарында Москвада Сәбеңді кездестіргенде Қасым Аманжолов сияқты жолбарыс жүректі ақынның қуанғаннан «көңілдің бұзылуы» да Сәбеңнің ағалық мол құшағының ыстықтығынан, риясыз бауырмалдығынан болса керек.

Ақын Асқар Тоқмағамбетов: «Бірінші жазған «Ленин суретіне» деген өлеңіміді «Еңбекші қазақ» газетіне жариялап, алғаш баспасөз бетіне шығарған Сәбит Мұқанов болатын. «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» қой. Сәбең, оның үстіне, ағынан жарылатын ақ көңіл адал жанды кісі еді. Сәбең алдына бара қалсам: «Айналайын, Асқаржан, қашан келдің, әкелген өлеңін бар ма?» - деп аңқылдап қарсы алатын.

Әдебиетке араласа бастаған күндерін еске ала келіп, адуынды ақын Тайыр Жароков: «Ақындардың ішінде маған өте ыстық, өте жылы шыраймен қараған Сәбит Мұқанов болды. Бір күні көшеде келе жатқанымда ұстап алып, Сәбит: «Әй, бала, сен өлең жазатын көрінесің, өлең жаз, біз болысалық», - деп ақыл айтты, өзіне үйір етіп алды. Содан былай қарай әлімше өлең жазып, баспа орындарына бере бастадым», - дейді.

Ал өзіміздің жерлесіміз жазушы Сафуан Шаймерденов Сәбең туралы былай деп ағынан жарылады: «Қазір ойласам, өз өмірімде екі бетбұрыс бар екең. Бірі - Сәбеінің ақыл көмегімен университетке түскенім. Екіншісі - Сәбеңнің әділ сынымен творчестволық тура жол тапқаным. Айта берсе, Сәбеңнің бізге тигізген шарапаты толып жатыр. Ең алғаш «Болашаққа жол» романымды Алматыға алып келгенімде, алдымен оқып, әділ пікір айтқан үш қадірмен ағаның бірі осы Сәбең болатын... Мен Сәбеңмен жігіт Сәбит кезінде таңысқан едім. Жігіт Сәбиттің де, аға, ата Сәбиттің де айнымас бір жақсы қасиеті бар еді. Онысы - әдебиетке, қаламдас жолдастарына, кейінгі буынға қамқорлығы».

Қазақтың дарынды ақыны Хамит Ерғалиев Сәбең туралы: «Қазақ совет әдебиетінің барлық жаңрында басшылық орыны үздік Сәбит ақындарымызға ұзақ жылдар бойы тәрбиеші, ұстаз бола білді, өз туындыларымен идеялық көркемдік, дәрежесі жоғары өлең өнерінің тамаша үлгілерін де таныпты. Біз оның мезгіл озған сайын биіктей беретін тұлғасына әрқашан бас иеміз», - деді.

Еліміздің ардақты ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлы 1943 жылы майданда жарақаттанып Алматыға келгенде Сәбеңмен тұңғыш рет кездесіп жақындасқандығы әсерін

былай сипаттайды: «Қайран Сәбең аңқылдаған, аузын ашса, көмейі көрінетін ақ пейіл, адал азамат, кереметтей көпшіл, ағаға іні, іниге аға, бауырмал кісі еді-ау. Мен сол алғашқы кездесудің өзінде-ақ Сәбенді солай танып, ұғып, отыз жыл бойы сол пікірден бірде-бір аумай, ауытқымай, адал досы, айнымас інісі болуға күш салдым. Сәбең ақылдығына қоса, өте кішіпейіл, ретті жерінде әзіл оспақшыл, мысқылшыл еді. Осы қасиеттерінің барлығы ақпа шешендігімен суырыпсалма айтқыштығына орайлас келіп жататын».

Белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықов Сәбеңнің бауырмалдығын былай суреттейді: «Мұқановтың бауырмалдығы адамның мамандық тұрғысына, қызмет дәрежесіне, үлкен-кішілігіне, ұлттық тегіне қарамайтын. Сәбеңнің сол бауырмалдығының арқасында көп адам онымен дос, сыйлас, сырлас, сапарлас, табақтас болды. Оның түпсіз әңгімелерін тындады». Одан әрі өзінің 1946 жылы соғыстан келіп Сәбеңе сәлем бере келгенде, ол кісінің қалай қарсы алғанын көрсетеді. «Сәбең мені танып, шапшаң қасыма келіп құшағын жайып, кеудесіне қысты. Сәбеңнің құшағына кіргенде, өзімнің сонау сұрапыл соғыстан аман келіп, қазақ сахарасының құшағына енгенімді айқын сезінгендей болдым».

Сәбең жазушыларға ғана емес, қаншама ғалым, өнер адамдарының да өсіп-жетілуіне, олардың шығармашылық кемелденулеріне тікелей әсер етіп отырған. Белгілі ғалымдар Ебіней Букетов, Есмағамбет Исмайылов, Рахманқұл Бердібаев, Тұрсыңбек Кәкішев, жазушының ғалым ұлы Марат Мұқанов, тағы басқалар. Бұл тұрғыда Сәбеңнің ғылыми-зерттеулерге байланысты көп ойларынан мағлұматтар береді.

Қазақ сахнасының мақтаныштары Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұқан Жантөрин, Шара Жиенқұлова, қыл қалам шеберлері Молдахмет Кеңбаев, Гульфайрус Исмайлова, мүсінші Хакім Наурызбаев, сәулетші Шота Уәліханов өз творчестволарына жасаған Сәбеңнің ықпалы жайлы алғысты зор тебіреніспен еске алады.

Сәбеңнің жетім-жесірлерге жасаған қамқорлығы да шексіз. 20-шы жылдардағы жетім бала, Сәбеңнің қамқорлығы арқасында оқу оқып, үлкен азамат болып, ұзақ жылдар әскери қызметте істеп, полковник дәрежесіне дейін көтерілген, соңынан Алматыдағы Сәбит Мұқанов мұражайының алғашқы директоры болып істеген біздің жерлесіміз Хакім Бекішев өзінің естелігінде: «1923 жылдың қақаған қысы... Орынбор рабфагінде оқитын Сәбит аз күнгі демалысында ауылдарға шығып, оқуға жетім балалар жинап жүр екен. Соларға біз

де келіп қосылдық. Сәбит Мұқанов кішкентай үшеуімізді Қызылжар қаласындағы жетім балалр үйіне орналастырып, ересек балаларды Орынборға әкетті... Кейін әрдайым келген кездерінде ол біздің хал-ахуалымызды біліп тұратын. Аздап ақшалай да жәрдем беретін. Жазушы Сәбит Мұқановпен тағдыр бізді алғаш осылай сабақтастырған еді», - дейді.

Сол 1923 жылы Сәбит Мұқанов өзінің жерлесі Ғабитті де Орынборға апарып оқуға орналастырғаны белгілі. Бұл туралы Ғабең өзінің «Автобиографиялық әңгімесінде» былай дейді: «1923 жылы күзге қарай Сәбит мені Орынборға әкелді. Әкеміз менің оқуға кетуіме едәуір-ақ қарсылық етіп еді. Сәбит көп күш салды... Өзі наркомнің үйінде турады екен, мені де сонда алып келді».

Айта берсе, Сәбеңнің мұндай қамқорлығы, мұндай жақсылығы ұшан-теңіз. Оның жақсылығы туралы халқымыздың сан-қилы өкілдерінің жазған естеліктері де көп. Оның бәрін келтіру мүмкін емес. Сондықтан мақаланы Әбу Сәрсембаевтың Сәбеңе арналған мына өлең жолдарымен тәмамдаймын:

Абзал аға, «жаралған сүйек еттен»,
Сен әрқашан қарар ең жауыңа өктем.
Ұлы жаның көкөрім жас әлемге,
Ақ жанбыр боп көктемгі жауып өткен.

Сен ертеңді жаныңмен суаруды,
Парыз тұттың: бағбан боп туа білдің.
Орманыңда жайқалар жас шыбыққа,
Тостың әркез аталық шуағыңды.

Мейіріңмен өлшеусіз тасып атқан,
Үміт күтіп келешек жасыл бақтан.
Сыр тындауға асықтың әрбір әлсіз
Балапандай балауса жапырақтан.

Үміт болды тәңірдей табынарың,
Сездің қатан тағдырдың бағынарын.
Сен орман ғып жайқалттың, міне, бүгін
Алғыс саған, көркем сөз бағбаны!

«Солтүстік Қазақстан» 15.03.2000 жыл.

ҰЛЫ СУРЕТКЕР
(Ғабит Мүсірепов)

«Ғабит Мүсірепов! Бұл есім біздің көз алдымызға сегіз қырлы, бір сырлы үлкен суреткердің биік тұлғасын әкеледі. Ол - қазақ әдебиетінің барлық жанрын қаусырған кең құлашты қаламгер. Ол - ақын, ол - жазушы, ол -драматург. Ол - киносценарист, ол - сыншы, ол - публицист, ол - аудармашы, ол - очеркист. Сондықтан да оның есімі бүкіл қазақ совет әдебиетінің синонимі, символы.

Ол - жай ғана сол өнердің қарапайым қатардағы солдаты емес, қолбасшы командармы. Ол - сол өнерлердің әрі бастау көздерінің бірі әрі кейінгі ұрпаққа жалғасар ұланғайыр айдындарының арнасы. Ол - өнерде өрге шыққан егделердің бірі ғана емес, жаңалықтың төлбасыларының бірі...»

Міне, белгілі ақын Сырбай Мәуленов Ғабит Мүсірепов туралы осылай тебіреніп жазған. Ақын айтса айтқандай, Ғабит Мүсірепов өзінің 60 жылға жақын шығармашылық жолында әдебиеттің барлық жнарына атсалысқан жазушы және ол өзінің жазушылық қызметіне асқай жауапкершілікпен қараған қаламгер.

«Шығарма деген белгілі оқиғалардың тізбегі емес. Шығарма жазушы жүрегінде, ойында қайнап-піскен, кітап оқушылары зейін қоюға тұратын жігер-қайрат, адам қоғамының өсе беруіне үн қоса алатын жанды сөз», - дейді Ғабең.

Осындай «адам қоғамының өсе беруіне үн қоса алатын жанды сөздер» Ғабеңнің барлық туындыларында тұнып тұр. Ал, Ғабең аз жазған жоқ. Оның шығармаларын толық білмейтін кейбіреулер «Ғабең аз жазды!» дейді. Шындығында солай ма екен? Ол көп жазды, сапалы жазды. Енді осы айтылғандарды айғақтап шығу үшін оның өмір жолы мен шығармаларына тоқталып кетейік.

«Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен» делінген Ғабит Мүсіреповтің 1956 жылы жарық көрген «Автобиографиялық әңгімесінде». 1980 жылы шыққан шығармаларының 3 томдық таңдамалы жинағына жазған алғы сөзінде ол: «Мен үстіміздегі ғасырдан екі ақ жас кіші адаммын. Қысты күні солтүстіктің аязында

киіз үйде туыппын» дейді. Осы деректерге сүйенсек, Ғабит Мүсірепов 1902 жылы 22 наурызда дүниеге келген.

Болашақ жазушы әуелі ауыл молдасынан 1908 жылдан бастап үш жаз, үш қыс оқып арабша хат таныған. Содан кейін 14 жасында, Серғали деген нағашысының көмегімен Обаған деген жердегі 2 кластық орыс мектебіне оқуға түседі. Осы мектепте әрі ақын, әрі педагог Бекет Өтетілеуовтен сабақ алады. Ғабит әдебиетке бала кезінен құмар болады. Үлкендерден естіген ғажайып ертегілер мен қызықты хиссаларды жадына тоқып, басқаларға әңгімелеп беруді дағды етеді. Б.Өтетілеуов әдебиетке құмар талантты шәкіртті екі кластық орыс мектебін бітіргеннен кейін, Пресногорьковтағы жоғары бастауыш мектепке түсуіне көмектеседі. Бұл мектепті ол 1921 жылы бітіреді. Бұдан кейін Ғабит біраз уақыт военком, аудандық милиция бастығының орынбасары болып істейді. Ал, 1923-1926 жылдары ол Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетінде (рабфак) оқиды. «Рабфакты бітірер кезде жазу талабы менде ояна бастады, - деп еске алады жазушы өмәрбаяндық әңгімесінде. - Қабырға газетіне бірінші рет ұзақ әңгіме жаздым. Кейін ол менің бірінші басылып шыққан еңбегім болды...» Жазушының бұл көркем туындысы 1928 жылы жарияланды. Бұдан кейін ол 1928 – 1938 жылдары басқа да көптеген әңгімелер мен повестер жазып шығарды. Олар: «Қос шалқар», «Талпақ танау», «Күсен», «Шүғыла», «Жеңілген Есрафил», т.б. әңгімелері, «Алғашқы адым» повесі. Бұлардан басқа ол «Ана» циклында бірнеше әңгімелер мен новеллалар жазды: «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы». Осы он жыл ішінде оның қаламынан: «Әдебиет айтысына», «Мен қалай жаза бастадым», «Мұхтардың хаты туралы», «Қазақстан баспасының жайы», «ҚазАПП-тың бүгінгі міндеттері» және т.б. сын мақалалар туды.

1934 жылы Ғ.Мүсіреповтың «Қыз Жібек» драмасы бойынша қазақтың мемлекеттік музыка театрында (қазіргі Абай атындағы опера және балет театры) спектакль қойылды. 1935 жылы жеке кітап болып шыққан драма кейінен либреттоға айналдырылып, 1956 жылы жазушының таңдамалы шығармалар жинағына енді.

Ғабең 1936 жылы Бейімбет Майлинмен, Всеволод Ивановпен бірлесіп «Аманкелді» киносценарийін жазды. Қазақтың тұңғыш көркем фильмі экранға 1938 жылы шығып, көрермендерден жоғары баға алды.

«Қыз Жібек» операсы ұлттық музыкамыздың, «Аманкелді» лентасы ұлттық кино өнеріміздің классикасы саналып отырса, онда Ғ.Мүсіреповтың қомақты үлесі бар.

Аталған он жыл ішінде Ғабит Мүсірепов тек жазу жұмысымен ғана айналысқан жоқ. Сол жылдарда ол баспа орындарында, совет, партия мекемелерінде жауапты қызметтер атқарды.

1938-1955 жылдар аралығында ол бірыңғай творчестволық жұмыспен шұғылданды. Осы он жеті жылда оның қаламынан: «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Ақан сері - Ақтоқты» классикалық трагедиялары мен «Аманкелді» пьесасы, «Ер ана», «Ана кесімі айнымайды», «Ақлима» әңгіме-новеллалары; «Қазақ батыры» повесі, кейіннен «Қазақ солдаты» романы мен «Оянған өлке» романы, М.Горький туралы үш мақала, «Абай романы туралы», «Халық таныған жазушы» (С.Мұқанов туралы), «Алып ақын атамыз» (Жамбыл Жабаев жөнінде), «Совет драматургиясының кезекте тұрған кейбір мәселелері», «Жоғары идеялы көркем әдебиет жасайық», «Қазақстандағы әдебиет сынының жайы мен міндеттері туралы», көркем сын, өнер туралы мақалалары мен очерктері шықты.

1956-1966 жылдар арасында Ғабең «Ара» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы болды, басқа да көптеген қоғамдық қызметтер атқарды. Сонымен қатар осы жылдарда ол: «Автобиографиялық әңгіме», «Өмір жорығы», «Айгүл қойшының бір күні», «Этнографиялық әңгіме», «Біздің Биаға», «Қазақтарым, достарым», «Сілекеевтердің кенжесі» т.б. әңгіме новеллалар, «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын, «Революциялық қазақ поэзиясының» көш басшысы» (Сәкен Сейфуллин туралы), «Өнер туыстығы», «Қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайы мен міндеттері туралы», «Әдебиет тілі жайында», «Кино өнерінің келелі мәселелері», «Мұхтар Әуезов туралы сөз», тағы басқа әдеби көркем сын мақалаларын, публицистикалық туындыларын жазып шығарды.

1966-1985 жылдары ол бірыңғай творчестволық жұмыспен айналысты. Осы жылдары оның қаламынан: «Қыран жыры», «Жапон балладасы», «Жиырма төрт сағатта», «Боранды түнде», «Екі әйел - екі дүние», «Ана жыры», т.б. әңгіме новеллалары, «Ақан сері - Ақтоқты» либреттосы, «Қыз Жібек» киносценарийі, «Болашаққа аманат» пьесасы,

«Асқындырып алмайық, достар» (көркем тіл туралы), «Аға сөзі», «Талмай ізденіңдер», «Биік мұрат», «Очерк көркем шығармадай болсын», «Авгейдің ат қорасынан бастайық» (көркем тіл туралы), «Дәстүр мен жаңашылдық», т.б. көптеген көркем сын мақалалары мен очерктері, «Ұлпан», «Жат қолында» романдары жарық көрді.

1971 жылы еліміздің экрандарына «Қыз Жібек» атты екі сериялы көркем фильм шықты. Сценарийін Ғ.Мүсірепов жазған бұл фильм қазақ кино өнерінің үздік туындысы болып шықты.

Ғабит Мүсіреповтың қазақ совет әдебиеті мен өнерін дамытуға қосқан ересен еңбегі кезінде әділ бағасын алып отырды. Ғабит Мүсірепов 1968 жылы қазақ совет әдебиеті мен филологиясын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Сол жылы оған «Кездеспей кеткен бір бейне» атты поэмасы үшін Қазақ ССР-нің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ал, 1974 жылы совет әдебиетін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін оған Социалистік Еңбек ері атағы берілді. 1977 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы академик Ғабит Мүсіреповке филология ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлығын тапсырды. 1984 жылы Ғабеңе Қазақ ССР Халық жазушысы деген атақ берілді. Совет әдебиетін дамытуға сіңірген еңбегі үшін жазушы әр жылдары үш рет Ленин орденімен, Октябрь революциясы «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы» ордендерімен, бірнеше КСРО медальдарымен наградталды.

Ғабит Мүсірепов өзінің бүкіл творчестволық ғұмырында, өмірінің соңғы күндеріне дейін КСРО және Қазақстан Жазушылар одақтары басқармаларының секретары болды. Ол КСРО және Қазақ ССР Жоғаоғы Кеңестерінің депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы ретінде зор қоғамдық саяси мәселелерді шешуге ат салысты. Сонымен қатар ол Европа мәдениеті қоғамы атқару комитетінің және Азия - Африка елдерімен ынтымақ жөніндегі Советтік комитеттің мүшесі ретінде мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің талай халықаралық жиындарына қатысып, көптеген игілікті жұмыстар атқарды.

Ғабит Мүсірепов қайтарынан бір-ақ жыл бұрын 1984 жылғы 11 декабрьде Қазақстан Жазушылар одағының қазақ

ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтымен, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен бірлесіп өткізген «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» деген тақырыпта өткен творечстволық конференцияда «Өнер алды - қызыл тіл» атты баяндама жасады. Бұл баяндама ұлы суреткердің кейінгі ұрпаққа, жас қаламгерлерге қалдырып кеткен көп өсиеттерінің біріндей әсер етеді, ана тіліне қамқорлықты арттырып, оның әдеби нормаларын көздің қарашығындай сақтау жолында азматтық зор жауапкершілікпен қырағылықты кейінгі ұрпаққа аманат етіп кеткендей сезіледі.

Көркем әдебиет, ең алдымен, қай тілде жазсаң, сол тілді білуді талап етеді. Соңғы жиырма жылдың ішінде біздің ана тілімізді жақсы білуден гөрі «білемін» деушілер көбейіп барады. Сөйте отырып, ана тілін менсінбейтін, қалай болса солай бұрмалай беретін жауапсыздықтарын жасыра да алмайды. Жауапсыздықтың екінші аты - талантсыздық. Талант пен жауапсыздық, өтірік пен шындық, көлгірсу мен жаңашырлық бір жүректе сиыса алмауы керек. Жүрек - тазалық мекені, сұлулық мекені, әділет мекені». Ұлы жазушының бұл сөздері «Мені оқы, тағылым ал, қажетіне жарата біл!» деп тұрғандай.

Өзінің бүкіл жарқын өмірі мен тамаша шығармаларын туған халқының мүддесіне арнаған, сол халықтың әдебиеті мен мәдениетін дүние жүзінің әдебиеті мен мәдениетінің деңгейіне көтеру үшін аянбай еңбек еткен классик жазушы Ғабит Мүсірепов 1985 жылғы 31 декабрьде 84 жасқа қарған шағында дүниеден өтті. Бірақ, оның артында қыруар мұра қалды. Кейінгі ұрпақтардың еншісіне қалған оның шығармаларының идеялық көркемдік биік қасиеттері жылдар өткен сайын әр қырынан ашыла беретініне, адамзат баласын ізгілікке, адамгершілікке, шындыққа тәрбиелей беретініне күмән жоқ.

Көрнекті жазушы, әрі сыншы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Зейнолла Қабдолов: «Ғабит Мүсірепов - ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұнды әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповты мақтаудың керегі жоқ. Мүсіреповпен мақтану керек!» - деп жазды.

Міне, ұлы суреткердің туғанына тоқсан жыл толып отыр. Осыған орай Ғабит Мүсіреповтей ұлы жерлесімізді мақтасақ та, мақтансақ та орынды. Өйткені артына «өлмейтұғын сөз қалдырған» алыптардың бірі емес пе ол!

«Ленин туы» 21.03.1992 жыл

ҰЛЫ ЖАЗУШЫ АНАЛАР, АРУЛАР ТУРАЛЫ (Ғабит Мүсіреповтің 110 жылдығына)

«Менің ойыма өз заманынан бұрын туып арманда кеткен үлкен жанның бейнесі біржола ұялап, шегеленіп қалды. Қанша жыл ойымда жүрсе де, қашанғы әдетім бойынша кешігіп жарық көрген «Ұлпан» сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады».
Ғабит Мүсірепов.

Көркем сөздің зергері Социалистік Еңбек Ері, халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтің басқа жазушылардан бір ерекшелігі оның өз шығармаларында үздіксіз де жүйелі түрде аналар, арулар өмірін суреттеуі. Жазушының бұл тақырыпқа келуінің бірнеше себептері болған. Ең алдымен ол қазақтың тарихи жырларында кездесетін қазақтың батыр қыздары туралы оқып білген қазақ тарихында жауға қарсы майданда ерлермен бірге қаһармандық көрсеткен, бейбіт кезде ел басқаруға қатысып, қайраткерлік танытқан әйелдер аз болмаған. Сондықтан да ауыз әдебиетіндегі, әсіресе батырлар жыры мен ғашықтық жырлардағы қазақ әйелінің жарқын бейнесі Ғабит Мүсіреповке де ой салып, толғандырғаны, тікелей ықпал жасағаны күмәнсіз. Екіншіден, ол өзі өсіп өнген ортаның, оңдағы қазақ әйелдерінің нелер бір жарқын мінездері мен қасиеттерін көріп, үнемі толғанып, ойланып жүрсе керек. Сонымен қатар әйелді, ананы жырлаудың ғажайып үлгісін берген арғы бергі әдебиет классиктерінің оған берген ықпалы да зор болған. Мәселен, орыстың ұлы жазушысы Максим Горькийдің ана туралы шығармалары оған елеулі әсер еткені сөзсіз.

Жалпы әйел атаулының, оның ішінде қазақ әйелінің, қыздарының бейнесін жасауға, ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір айрықша оның абзал қасиетін, ғажайып сыр сипаттарын, жан дүниесінің нелер бір құпияларын танып суреттеуге жазушы Ғабит Мүсірепов бүкіл өмірін арнап, бар дарынын сарка пайдаланған. Жазушының творчестволық мұратына айналған бұл тақырыпқа жұмсаған оның күш жігері, қажыр қайраты, дарыны өзінің татымды жемісін берді

де. Әр кезде, әр тұста жазылған жазушының үлкенді кішілі шығармаларында зергерлікпен сомдалған арулар, аналар бейнесінің тұтас бір галереясы жасалды.

Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы әйелдер бейнесін екі үлкен салаға жіктеуге болады. Бірінші прозалық, драматургиялық басты басты туындыларындағы өзге кейіпкерлермен қатар суреттелген әйелдердің қадау қадау көрікті тұлғалары. Олар: Баян, Қыз Жібек, Ақтоқты, Торғын, Ақбота, Назыкеш, т.б. Екінші, жазушының арулар, аналар өміріне арнайы жазылған шығармаларындағы әдеби образдар. Бұған оның ана тақырыбындағы атақты әңгімелері, очерктері, новеллалары, аудармалары және «Ұлпан» повесі жатады.

Ана тақырыбына жазушы алғаш өткен XX ғасырдың 30-шы жылдары келген болатын. Сол жылдары ол «Адамның анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы» атты алғашқы әңгімелерін жарыққа шығарды. Жазушының осы шығармалары арқылы қазақ әдебиетінде бұрын болмаған адам мінездерінің жаңа қырлары жарқырап көзге түсе бастаған. Бұл туындылардағы аналар Қапия, Нағима қоғамдағы әділетсіздікке, жауыздыққа қарсы күрестегі аршынды іс әрекеттерімен, ерекше төзімді, қайсар, қажыр қайратымен кімнің болса да есінде қаларлықтай айқын бейнеленген.

Ғабит Мүсірепов ана, әйел тақырыбында шығарма жазуды бұдан кейін де үзбей жалғастыра берді. Бұларда өзінің творчестволық басты мұраты: ана, әйел өмірінің жаңа қырларын, мінез характерінің тың сипаттарын көрсетті. Олардың бейнесін мәнерлеуге жаңа көркемдік амал, ғажайып бояулар таба білді. Бұған оның Ұлы Отан соғысы жылдары жазған «Ер ана», «Ана кесімі айнымайды», «Ақлима» әңгімелері толық дәлел.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт жылдардағы әңгімелерінде («Әмина», «Ана жыры», «Айгүл қойшының күндері», «Айжан қойшының түндері») Ғабең қарапайым әйелдердің бүкіл әлемге, келер ұрпаққа үлгі өнеге болатындай, қызығып, тағылым алатындай қадір қасиеттерін әдемі де әсерлі етіп бейнелеп берген.

Ғабит Мүсірепов қазақ әйелінің алуан қырлы образдарын сомдауға ұзақ ғұмырын арнады. Ана туралы әңгімелерден бастаған жазушы 1975 жылы 70-тен асқан кезінде «Ұлпан» повесін жарыққа шығарды. Мұндағы Ұлпан тарихи әрі

типтік образ. Ол автордың ойында 40 жыл толғатқан тарихи тұлға, Абақ, Қарқабат, Аққкелін, Домалақ Ана секілді рулы елге ана болған әйелдер бейнесінің жиынтығы. Жазушының өзі «менің Джокондам» деп, атаған Ұлпан бейнесі қазақ прозасының үлкен табысы. Повестың басты кейіпкері Ұлпан өмірде болған, есімі белгілі адам. Өткен XIX ғасырда көшпелі қазақ ауылында жасаған қарапайым әйел ақырында елге қамқор ер ана дәрежесіне көтеріледі, бір өзінің ғана емес, барша әйелдердің бас бостандығын, еркіндігін арман етеді, өзі қолынан келгенше сол жолға бар күш жігерін аямай жұмсайды. Повестегі Ұлпан негізінен реалистік тұлға. Оның бойынан өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ әйелінің ең жарқын, ең асыл қасиеттері көрінеді. Оның сезім байлығы, адамгершілігі, мейірімділігі, моральдық тазалығы, парасаттылығы, өткірлігі келісті бейнеленген.

Қазақтың белгілі әдебиет сыншысы Мұхамеджан Қаратаев Ғабең сомдаған Ұлпан туралы былай дейді:

«Ұлпан нағыз образ, типтік характер. Сонымен бірге ол көптің бірі, көрінгеннің көшірмесі емес, ілуде бір кездесетін дара бітімді жан, қазақ ортасынан үздік туып, озып шыққан өр мінезді ерен қыз... Ұлпан образы бұрын Ғабең жүрегінен жарып шыққан Нағима, Ақлима, Қапия секілді адал ана, ер ана, әділ ана образдарының керуенін тағы бір бел белеске шығарған ел анасының образы».

Ғабең повесін мынадай сөздермен аяқтайды: «Менің ойыма өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен үлкен жанның бейнесі біржола ұялап, шегеленіп қалды. Қанша жыл ойымда жүрсе де, қашанғы әдетім бойынша кешігіп жарық көрген «Ұлпан» сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады».

Ал 1976 жылғы 11 маусымда («Қазақ әдебиеті») жазушы Жайсаңбек Молдағалиевке берген сұхбатында Ғабең:

«Ұлпан жайлы. Мен ана тақырыбына біршама шығарма берген кісімін. Бұл повесть сол салада қойылған нүктем секілді. Одан әрі жазбаймын деген сөз емес, әзіргі ойым осы» депті.

Ғабит Мүсірепов қазақтың үш асыл қызы Ұлпан, Ұмсын. Майра туралы, олардың трагедиялық өмір жолы туралы көп ойланып, көп толғанған. Осы үшеуі туралы шығарма жазып жас ұрпаққа танымдық ретінде тапсыруды ойлаған. Ақыры 1975 жылы «Ұлпан» повесін жазып шығарады.

Әйгілі әнші Майра Уәлиқызы Шамсутдинова туралы Ғабең

1981 жылғы 27 ақпанда «Қазақ әдебиеті» газетінде «Атақты әнші Майра» атты әңгімесін жариялайды. Кейін оны жөндеп, толықтырып, 1982 жылы «Майра» деген атпен жеке кітап етіп шығарады. «Атақты әнші Майра» әңгімесінде жазушы тарихи факт, тарихи адамның өміріне сүйене отырып, қазақ әйелінің өнерпаздық тұлғасын оның адамдық қасиетімен шебер ұштастыра отырып әдемі суреттеп берген. Жалпы кқркемөнердің, оның ішінде ақындық, әншілік өнердің дүниеге келу процесіндегі өзіндік ғажайып сырларын автор әрі әсері етіп тебірене жырлаған. Бұл әңгімедегі өнер жұлдызы Майраның көркем портреті, ішкі өмірінің жарығы сөз құдыретімен оқырман зердесіне нұр болып құйылып жатады. Әдемі де әсерлі суреттеулер арқылы жазушы Майраның жан дүниесінің тазалығын, адамгершылык моральдық қасиетінің асылдығын көрсетеді. Ғабеннің осы әңгімесінен мына бір үзіндіні келтіргенді жөн көрдім:

«Майра үш төрт ән салғаннан кейін өзінің дағдылы қалпына түскендей, қарашаға жақындаған, еркін жүйріктей масайрап кетті. Жарқыраған көз нұры жүзіне төгіліп, жасарып барады. Бұл ән салғанда қуанатын, бақыт сезінетін әнші. Жазу үстінде «Сылдырап өңкей келісім» ой мен көркемдік тең түсіп отырғанда ақын не сезінеді? Қуаныш сезінеді. Бұл оның ең бақытты кезі.

Ақын жазушының бұдан қымбатты, бұдан бақытты кезеңі болса ол ақын да, жазушы да емес, басқа біреу. Көркемдік туғызатын ой, ой туғызатын көркемдік ақын жазушының өзіне де күнде келе бермейді. Ал енді келген уақытында ол саған балашағаң барын, кәрі жас екеніңді ұмыттырып жібереді. Сен тап таза бақыт құшағындасың. Біз Майраның осындай, бар дүниенң ұмытып кеткендей бақыт құшағындағы бір кезін көрдік. Жазу үстіндегі ақын мен ән салып тұрған нағыз әншінің айырмасы болмау керек. Екеуі де өз өнерінің үстінде, көркем өнер үстінде. Бұл кездерінде олар данаға да ұқсайды, балаға да ұқсайды, қайсысына ұқсаса да бақытты, қайсысына ұқсатсан да қателеспейсің».

Міне, қандай ой толғаған Ғабең әнші Майраның әнінің әсерімен!

Бала кезінде Ұмсынды Торсан болыстың үйінде көрген екен, сол көргенде ақ ол Ұмсынның ғажайып сұлулығына қайран қалады. Оның Торсан үйінде көрген қорлығы да, кітапты көп оқитындығы да, ерекше білімділігі де жас

Ғабиттің есінде қалады. Осы жайлар оның есінен өмір бойы кетпейді. Сондықтан ол Ұмсын сұлу жайлы кітап жазып шығаруды армандайды. Ғабеңнің бұл арманы туралы біз Ғабеңмен соңғы 15 жыл бірге болған жұбайы Ғазиза Бисенова апамыздың «Жалын» журналының 1987 жылғы № 1 санында жарияланған «Жомарт жүрек жылуы» деген естелігінен байқаймыз. Осы естелігінде Ғазиза апай былай дейді: «Жат қолында» романын тәмамдағаннан кейін Ұмсын атты қыз төңірегінде жиі айтатын болды. Шет жағалатып білгенім Ұмсын Ұлпанның заманында өмір сүрген көзі ашық, көкірегі ояу сауатты адам. Сол кездің өзінде Александрия қаласында оқып білім алған. Елге оралған соң біліміне сай орын таба алмаған. Европа мәдениетімен қысқа көйлек киеді, басына орамал салмайды. Ел арасында көзге шыққан сүйелдей күн кешкен оның бұдан кейінгі өмірі өксікпен өтеді. Бұл бір қайғылы тарих болса керек. Ол мен үшін қалмагер Ғабеңнің көз жұмғанға дейін арманы, қарындашының ұшында қалған болашақ шығармасы сияқты болады да тұрады».

Ғабеңнің Ұмсын туралы кітап жазуды армандап, дайындық жасағанын біз оның әртүрлі материалдар мен бірге келешек жазатын шығармасына керекті жоспар мен мәліметтер жазған күнделіктерінен де көреміз. Мысалы күнделігінің бір тұсында былай деп жазыпты: «Ұмсын: Самай руы Жансақал баласы Жүсіп қажының қызы Ұмсын. Ағасы Тілеміс (Шындығында Тілеміс ағасы емес, інісі. Қ.М.) зергер, өрімші, тігінші адам. Жүсіп әуелі Абылаймен (Рамазанов Қ.М.) бірге Меккеге барған. Ескендрияда (Александрия) түбі қыпшақ Байбарыс нәсілі Астай Махмудимен танысқан. Оның жаңаша орта мектебі бар екен. Ұмсын кейін сонда барып оқып қайтады.

Ұмсын 1985 ж. туған... Ғашық жігіті Нүрке Тоқтабаев, Кішкентай Жолке баласы. Бірі сері, бірі азулы. Нүрке 1876 жылы, Кішкентай 1885 жылы туған.

Шериаздан Торсанов. Ақлима Нұрқан қызы, Бәкен (Ұмсынды осыған қосады). Торсан. Ұмсын Александрияда 5 жыл оқып келген «кәрі қыз». Ұмсын жынданбаған, өмірден баз кешкен, әдейі жынды деген. Адамға көрініп, аяушылық күтпеген, өз еліне қайтып көрге кіріп жатуды ойлаған. «Өлімнен ұят күшті».

Күнделіктің бір бетінде мынадай мәлімет жазылыпты:

Ұмсын Жүсіп қызы, шешесі Қарашаш (Қареке атанып кеткен) Ұмсынның жасында өлген. Шойман Жүсіптің шешесі, Жансақалдың әйелі, болыс болған адам.

Тағы бір тұста: Александрия, Клеопатра мен Антонийдің пляжі.

Ұмсын Торсан баласы Шериге менің 5-6 жастағы кезімде 1907 – 1908 жылдары ұзатылып келді. Бәкен Торсанұлы Ұмсынды осыған атастырды. Ұмсын Торсанның үйінен қашып кеткелі 4 жыл.

Күнделіктің келесі бір бетінде: Ұмсын Еліне пайда болармын деп ойлаған. Ұмсын енді сол елге, сол заманға беделсіз екенін түсінеді. Трагедиясы осында. Бақытқа сенбейді. Бақытсыз өмір керек емес «Мен елімнің бар тіршілігінен жатсырап кетіппін, мен әкелген білімге аңсап отырған ешкім жоқ».

Тағы бір бетінде Ғабең: «Ақан трагедиясы». Ақан 50 жаста, Ұмсын 20 жаста. Арада 30 жас айырма бар деп жазған. (Шынында да осы жас айырмашылығына қарамай әйгілі Ақан сері Ұмсын сұлуға ғашық болған. - Қ.М.)

Ұмсын туралы мәне осындай қысқа мәліметтер мен жоспарлар Ғабеңнің күнделіктерінде көп кездеседі.

Ұмсын апамыз бідің өңірден сонау Мысыр еліндегі Александрия қаласындағы Әл Аз жар Мұхамер бин Вагаф мектебінде 5 жыл оқып, 1902 жылы бітіріп елге келген. Алайда ол өзінің мол білімін іске асыра алмаған, Ғабең айтқандай, бұл да уақытынан бұрын туған қыз болған. Оның асқан сұлулығына қызыққан жігіттер көп болған.

Ұмсынды 1913 жылы өзінің ата қонысы Қызылағашта көрген жас Сәбит Мұқанов оның ғажайып сұлулығын «Өмір мектебі» кітабында суреттеген. Ұмсынның ұнатып сөз байласқан жігіті Нүрке сері. Бірақ бұлар қосыла алмады. Ұмсынды Торсан байдың баласы Шери зорлықпен алып қашқан.

«Ауыл арайы» 9.03.2012 жыл

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕТЕКШІСІ ҮМІТБАЙ БАЛҚАШЕВ ХАҚЫНДА

Сөздің құдыретін қазақтан артық білетін халық жоқ десек, асылық болмас. Халқымыз қашанда ақыны мен бишешендерінің, жырауларының сөзіне тоқтап, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарын алақанына салып аялаған.

1934 жылы Одақ көлеміндегі ең алғашқы журналистика институтының Алматыда ашылуы бекер емес: сұраныс болды, халықтың көкейіне сенім мен білім ұялатуға дайын жастардың тарапынан ұсыныс та дер кезінде жасалды. Соның нәтижесінде саламыздың қыр-сырына баулитын тұңғыш мектеп – Қазақ коммунистік журналистика институты құрылды. 1934 жылы Ү.Балқашевтің басшылығымен институт алғашқы студенттерін қабылдай бастады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің фойесінде қара шаңыраққа басшылық еткен барлық декандардың суреттері қаз-қатар тізілген. Галереядағы екінші суретке еріксіз назарыңыз түседі: көзқарасы қатал, батыр тұлғалы азамат. Өзі толтырған сауалнамаға сүйенсек, Балқашев Үмітбай Меңдекеұлы 1898 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысында қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. 1921 жылдан бастап комсомол мүшесі. 1922 жылдың желтоқсанынан 1926 жылдың маусымына дейін Қазақ автономиясының астанасы – Орынборда жұмысшы факультетінде оқыды. Екінші Мәскеу мемлекеттік университеті педагогика факультетінің қоғамдық-экономикалық бөлімінің студенті бола жүріп, партия қатарына өтті. Үмітбай Меңдекеұлы онда 1926 жылдың қыркүйегінен 1930 жылдың мамырына дейін білім алған болатын. Бұл кезеңде ол өзінің жерлесі, ақын Мағжан Жұмабаевпен жақын араласуға мүмкіндік алды. Ташкенттегі қызметінен соң 1923-1926 жылдары Мағжан Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқи жүріп, Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінің студенттеріне тіл үйреткен еді.

1934 жылдың санаулы айында Қазақ коммунистік

журналистика институты директорының қызметін ресми түрде М.Жолдыбаев атқарды. Профессор Сағымбай Қозыбаев: «Қазақ журналистика институты жетекшілерінің тізімінде қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі Молдағали Жолдыбаев бар. Ол төңкеріске дейінгі кезеңде-ақ «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетімен тығыз байланыста болды. «Алаш» қозғалысының белсенді мүшесі. Кеше ғана 95 жылдығын атап өткен «Егемен Қазақстан» газетінің ізашары – «Еңбекші қазақтың» алғашқы редакторларының бірі. 1937 жылы М.Жолдыбаев қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді», – деп жазады.

Молдағали Жолдыбаев (1887-1938) туралы деректерге толық қанығу үшін, мұрағатты ақтардық. Ол Ахмет Байтұрсынұлы, Аспандияр Кенжин сынды жетекшілер тұсында Халық комиссариаты Коллегиясының мүшесі әрі қызметкері болды. Сәкен Сейфуллинмен (Халық ағарту комиссарының орынбасары), Архип Бочаговпен (Мемлекеттік баспаның Бас басқармасының төрағасы) тізе қосып жұмыс істеген. Бұған ҚР Орталық мұрағатындағы құжат – «Халық комиссариаты Коллегиясы мүшелерінің тізімі (1922 жылғы 12 қыркүйектегі жағдай бойынша)» дәлел бола алады. Құжатта жоғарыда аты аталған әріптестердің есімдері қаз-қатар тізілген. М.Жолдыбаев ол кезде Бас саяси-ағарту комитеті төрағасының қызметін уақытша атқарып жүрді. Қазақ тіліндегі оқулықтар, кітаптар мен аудармалардың қолжазбалары ең бірінші соның қолынан өтті. Бұл лауазымға сауатты, жауапкершілігі жоғары әрі қатал азаматтар тағайындалатын. Жолдыбаевтың бойынан бұл қасиеттердің бәрі де табылды.

1922-1923 жылдары Молдағали Жолдыбаев Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған ғылым, баспа және әдебиет мәселелері жөніндегі орталыққа төрағалық етті. 1927 жылы «Жаңа мектеп» (қазіргі «Қазақстан мектебі») журналының бірінші редакторы, Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы болды. «Рабочая книга для чтения» оқу құралының (Қызылорда, 1929) мен «19 ғасыр мен 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (Мұхтар Әуезов, Әуелбек Қоңыратбаевбаевпен бірлесіп жазылған; Алматы, 1933) және 4-сыныпқа арналған «Әдебиет хрестоматиясы» (Әуелбек Қоңыратбаев, Мұхамеджан Қаратаевпен бірлесіп жазылған, 2-бөлім, Қызылорда, 1934) оқулықтарының авторы.

1934 жылдың маусымында Қазақ коммунистік журналистика институтының директоры қызметіне Ү. Балқашев тағайындалды. Бұл лауазымға оның көп жылдық жұмыс тәжірибесі әбден лайық еді: еңбек жолын Ақмола губерниясы Еменалы болысындағы Қазақ кеңестік мектебінде мұғалім болып бастады (1919-1922). Одан кейін Петропавл қаласындағы уездік комсомол ұяшығында ұйымдастырушы-нұсқаушы (1921), Еменалы болысындағы болыстық комсомол комитетінің жауапты хатшысы (1922) қызметтерін атқарды. Мәскеуден оралған соң Алматыдағы Қазақ мемлекеттік баспасында саяси редактор (1930), Қазақ педагогикалық институтының сырттай оқу бөлімінің меңгерушісі (1930-1931), сол институтта диалектикалық және тарихи материализм кафедрасында ассистент (1931-1932), доцент (1932), ҚазПИ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болды.

Ұстаздықты ұлағатты кәсіп деп білген Үмітбай Балқашев журналистердің ұстаханасын басқара жүріп, философиядан дәріс оқыды. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін үзбей маман даярлады. Майдан баспасөзін қолдау мақсатында 1942 жылы Мәскеудегі Қазақ өкілеттілігінің қарамағына ауысты. Соғыс басталған шақта Балқашев майдандағы екі қазақ газеті – «Отан үшін» мен «Қызыл Армияның» редакторы болды.

Мына бір дерекке ерекше назарымыз түсті: майдан даласына аттанарда ол өзі тұрған бөлмені босатып кетеді. Эвакуация кезінде, 1941 жылдың қазанынан 1943 жылдың көктеміне дейін ол бөлмеде белгілі мәскеулік жазушы-сатирик М.Зощенко тұрды. Жазушы көршілерінің қайырымдылығының арқасында (Балқашевтің жары мен үш баласы көршілес бөлмеде тұрды) аштықтан аман қалғанын және «Перед восходом солнца» повесін бастауға мүмкіндік туғанын ерекше тебіреніспен еске алады. Аталмыш шығарманың алғысөзінде М.Зощенко қазақтың қаласы мен оның тұрғындарына деген ерекше ілтипатын жеткізген. Үмітбай Балқашевтің отбасынан мол шапағат көрген жазушы 1943 жылы Мәскеуге орала салып, шаңырақ иесімен кездесуге асықты.

Балқашевтің отбасы Узбекская көшесінде, қазіргі Сейфуллин даңғылының бойында Шевченко мен Жамбыл көшелерінің аралығындағы екі қабатты үйде тұрды. Қазір ол үйдің орнында көп қабатты ғимарат бой көтерген. Зерттеуші Р.Соколовский: «Зощенко соғыстың ең ауыр жылдары өзіне пана болған қазақтың қонақжай қаласы мен халқын ұмытқан жоқ. Ол «О юморе в литературе» мақаласында қазақ сықағының фольклорлық бастаулары туралы кеңінен сөз

қозғаған. Ол кезде Қазақстанда жазбаша сатира болған жоқ еді. Осы жанрды қалыптастыру жолында еңбектеніп жүрген қазақ әдебиетінің негізін салушылар сталиндік қуғын-сүргіннің құрбанына айналып, қазақ сатирасы бұрынғыдай ауыз әдебиетінде, нақтырақ айтқанда ақындардың өлеңі мен Алдар көсе туралы ертегілерде ғана өмір сүрді. Күлкі шақырмай қоймайтын бұл ертегілерді орыс тіліне алғаш боп аударған да – Зощенко. Қазақ фольклорымен жете танысудың арқасында сатираның қазақ халқымен біте қайнасып кеде жатқанына жазушының көзі жетіп, сықақ халықтың жазба әдебиетінен де тиісті орын алуы керек деген қорытындыға келді», – деп жазады.

Сөздің емес, істің адамы ретінде өз ортасында аса сыйлы болған Үмітбай Балқашев қоластындағыларға үнемі қолдау көрсетіп, жауапты жетекші бола білді. Мұрағаттағы құжаттардың арасында оның өз жазбасы да сақталыпты: «Қазақ журналистика институты университет құзырына өтіп, кредиттің жабылуына байланысты, 1.VII – 7. VII аралығындағы кезеңде институттан жалақы ала алмадым. Сондықтан негізгі еңбекақымнан 1000 рубль және шалғайдағы қызметім үшін 260 рубль үстемақы төлеуіңізді сұраймын. 12 VIII. 1941 ж.». Әскери журналистер майдандағы сарбаздармен теңестірілетіні белгілі. Балқашев бір жүрген майдандастарының ерік-жігерін жаныды, жауды тезірек талқандап, Отанға жеңіспен оралуға деген сенімдерін арттыра түсті. Соғыс аяқталған соң ол жоғарғы оқу орнында сабақ беріп, жүзге тарта ізбасарын дайындады. Ү. Балқашевтің өз ұрпақтары да әке атын өшірмей келеді. Қызы Римма Үмітбайқызы –энергетика саласының ардагері, «Ардагер энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» (2009) атағының кавалері. Ол ұзақ жылдар бойы «Казсельэнергопроект» институтында қызмет етті.

Өкінішке қарай, қазақ журналистика мектебінің бастауында тұрған азаматтардың есімі көлеңкеде қалып келеді. Қазақстандағы журналистік жоғарғы білім беру жүйесінің 80 жылдығы қарсаңында отандық медиабілім ізашарларының еңбегіне лайықты баға берілуі керек деп есептейміз. Әсіресе, Қазақ журналистика институтын 8 жыл бойы табан аудармай басқарған бірінші директоры Үмітбай Балқашевтің есімі атаусыз қалмауы тиіс. Бүгінде аталмыш оқу орнының озық дәстүрін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті жалғап келеді.

«Әділет» 27.11.2015 жыл

ТУҒАН ӨҢІРІМІЗДЕГІ ТҰҢҒЫШ ҰСТАЗДАРДЫҢ БІРІ (Ғабдолла Шоқаев)

Кеңес өкіметі кезінде Қазан төңкерісіне дейін қазақтар білімсіз, тіпті сауатсыз қараңғы халық болған деп бүкіл бір ұлтты кемсіткені тарихтан белгілі. Шындығында қазақ арасында білімді азаматтар аз болмаған. Солардың бірі - біздің жерлесіміз Ғабдолла Шоқаев.

Ғабдолла Шоқаев 1883 жылы қазіргі Есіл ауданындағы Өрнек ауылында туған. Шоқайдың отбасында үш ұл (Ғали, Смағұл, Ғабдолла), үш қыз (Қалампыр, Күнгөлек, Тоғжан) болыпты. Солардың ең кішісі Ғабдолла оқуға өте зерек екен. Алғаш әйгілі Кемпір молдадан 9 жасқа дейін оқығанда одан үш жыл бұрын оқыған ағаларын басып озып, оқуын бұрын тамамдапты да күн көріс үшін Тауағаш ауылындағы нағащһшысына барып, бала оқытыпты. 12 жасынан бастап (1895-1900 жж.) Қызылжар қаласындағы медреседен Қази халпеден оқиды. Бұл оқуды да үздік бітіреді. Қази халпе қазіргі Жарғайың ауылының тумасы екен. Ол Ғабдолланың әкесіне: «Шоқа, мына балаң менің оқуымды өте жақсы тамамдады, енді оны Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне жібер. Осы балаңнан бір өнер шығайын деп тұр», - деп көндірген екен.

«Ғалия» медресесі - мұсылмандардың жоғары оқу орны 1872 жылы Башқұртстанның Уфа қаласында ашылған. Оның ұйымдастырушысы әрі директоры - түркі зиялысы Зия Камали. Медресенің «Ғалия» деп аталуы оның жоғары дәрежелі оқу орны екенін танытады. «Ғали» - арабша «жоғары», «ұлы» деген сөз. «Ғалия» медресесі Еділ бойы, Орталық Азия, Қазақстан аумағына жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогресшіл бағыттағы білім ұясы болған. Онда дін сабақтарымен қатар араб, парсы, түрік тілдері, исламдық құқық (шариғат), шығыстану тарихы, химия, физика, математика, география, жаратылыстану, т.б. пәндері және орыс тілі мен әдебиеті де оқытылған. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «Ғалия» медресесінде көптеген қазақ жастары оқыды.

Белгілі ғалым, әдебиетші Ғалым Ахмедов «Ғалия» медресесін бітірген 76 кісінің аты жөнін баспасөзде жариялады. Солардың ішінде біздің Солтүстік өңірден

Сәдуақас Жандосов, Бекмұхамед Серкебаев (халық әртісі Ермек Серкебаевтың әкесі), Хамза Ыбыраев, Сермұхамед Кыпшақбаев, Ғаббас Қанапин, Нұғыман Оранкин, Ғабдолла Шоқаев, т.б. аталады (Ғалым Ахмедов. Таңдамалы шығармалар жинағы, 2-ші том. Алматы, 2005 ж., 141 бет).

«Ғалия» медресесін Ғабдолла 1909 жылы үздік бағамен бітіріп, «имам, хатиб уә мүддәрис» деген атаққа ие болады. «Имам» деген сөз жалпы жұртқа белгілі, «хатиб» деген, елге уағыз айтуға, «мүддәрис» дегені медреседе дәріс оқуға жарамды дегенді білдіреді.

Медресені бітіргеннен кейін Ғабдолла орыс гимназиясына оқуға түседі. Бірақ сонда оқып жүргенде ауруға шалдығады да, 1911 жылы елге қайтады. Аурудан сауыққасын ұстаздық жолын бастайды. Халықтың көмегімен ауылда мектеп салдырып, жан-жақтағы ауылдарда молдалардан оқып жүрген кедейлердің 60 шақты балаларын жинайды. Бұл мектепте ана тілі, әдебиет, математика, география, тарих, биология және Құран оқытылады. Мектеп 1917 жылға дейін жұмыс істеген.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Ғабдолла Шоқаев мектептерде оқытушы болып істейді. 1920 жылдан 1930 жылға дейін ол Қарабұлақ, Бірлік, Еңбек аулдарында (қазіргі Есіл ауданы), сол кездегі Қызыләскер ауданының орталығы - Өрнек ауылында (қазір бұл ауыл жоқ) 1930-1934 жылдары қазіргі Мамлют ауданындағы Бостандық, Үшкөл (қазір жоқ), 1934-1956 жылдары сол аудандағы Бексейіт ауылдарында бала оқытқан).

Ғабдолла Шоқаев 1937 жылы аттестациядан өтіп, «бастауыш мектеп мұғалімі» деген куәлік алған. Көп жылғы мінсіз адал ұстаздық еңбегі бағаланып Ленин орденімен және Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі белгісімен марапатталған. Оның алдынан оқыған көптеген шәкірттері кейін еліміздің халық шаруашылығының әр саласында қызмет істеген белгілі азаматтар болды. Ғабдолла Шоқаев ұстаздықпен қатар шығармашылық жұмыспен де айналысты. Ол 1913 – 1915 жылдары қазақ зиялылары Троицк қаласында шығарып тұрған «Айқап» журналы мен Орынбор қаласында шығып тұрған «Қазақ» газетіне сол кездегі көкейкесті мәселелер бойынша мақалалар, очерктер жазып тұрған. Бұған бірнеше мысал келтірейік. «Айқап» журналының 1913 жылғы 8 санында (185-бет) «Дәрігер емінің пайдалы екендігін жазған дәрігер Алдияровқа рахмет айтқан хатты».

Сол журналдың 18-санында «Қазақтың білім өнерімен жұрт қатарына кіру тұрғысынан бір-екі сөз» атты мақаласында автор Қазақ елінің оқу ағарту жұмысы артта екендігін атап көрсеткен.

Ал Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінде (1913 жылғы 16 қазан) оның «Күзгі емтихан» атты мақаласы жарияланған. Онда Қостанай уезі Сарыоба болысы 8-ші ауыл қазақтары Наурызбай Жетебаев, Баймұхамбет пен Ержан Елшібаевтардың ыждағатымен 7-8 жылдан бері жақсы мұғалім ұстап, баларын төте оқумен оқытқанын жазған. Газеттің 1913 жылғы 24 қазандағы санында «Оқушы қыздар» атты мақаласында Ғабдолла Шоқаев сол аталған Сарыоба болысының 8 ауылынан Рахима Ержанқызы мен Кәмила Мейірманқызы Троицкідегі Әбдірахман Ахмаров қарамағындағы мұсылманша қыздар мектебінің екінші рашиди бөліміне емтихан тапсырып кіргенін қуана хабарлайды және мұнда қол өнері, күніне бір сағат орысша да оқытылады дейді.

Осы газеттің 1913 жылғы 16 қарашадағы санында Ғабдолла Шоқаевтың «Қазақ мұғалімдері, қазақ шәкірттері» атты мақаласы шыққан. Онда автор қазақтар арасында оқу ағарту ісінің әлі де кемшілігі көп екенін, оқу құралдарының жеткіліксіз екенін айта келіп, сол кездегі мұғалімдер мен медресе бітіргелі тұрған шәкірттерге өзінің ойын былай жеткізеді: «Әр қалалардағы медреседе «оқып жатқан қазақ шәкірттері, сіздер, биыл болмаса келер жылы бәріңіз де мұғалім болғалы, жұртқа қызмет еткелі тұрсыздар, көбіңіз осы күні ел ішінде бала оқытып жатырсыздар, бет-бетімізбен жайылып жүреміз бе, жоқ бір ізге түсеміз бе? Осыған газет арқылы болса да, хатпен болса да хабарласып, пікірімізді майданға салсақ қалай болар екен? Оқу, оқыту мәселесіне, қандай емлені ету жайын мұғалімдер, шәкірттер қолға алып ақылдаспасақ, біздің міндетімізді кім атқармақ?»

Міне, бұдан біз 25 жастағы жас мұғалімнің тек өз мектебіндегі оқушыларды оқытумен ғана айналыспай, жалпы елдегі оқу ісі жөнінде ойланып, басқаларға да ой салып, халық ағарту жұмысын ақылдасып дұрыс жолға қоюға ұмтылысын байқаймыз.

Ғабдолланың бұл хатына әр жерден жауап хаттар түсіп, газет бетінде жарияланған екен. «Қазақ» газетінің сол 1913 жылғы 30 қарашадағы санында Қазан қаласындағы медресе

шәкірттерінің атынан Кенжеғали Ғабдуллин «Қалаған емлеміз» деген қысқаша хатында «Қазақ» істі бастап бітіре барайын деп, жазуын қағидалы емле деп айтарлық дәрежеге жеткізді, соның үшін (Ғабдолла Шоқаевтың сұрауына жауап беріп) Қазандағы казақ шәкірттері «Қазақ» емлесін қабыл еттік», - депті.

Ал Ішкіордалық Ш.Б. деп қол қойған азамат былай деп хат жолдапты:

«Құрметті Ғабдолла Шоқайұлы! Сіздің 16 қарашада «Қазақ» газетінде қазақ шәкірттерінен оқу оқыту, қандай кітап, қандай емлені қабыл ету турасында пікірлерін сұрап жазған хатыңызды оқыдық», - дей келе, осыған дейін қазақ ішінде әртүрлі әліпбилер болғаның, бірақ олардың бәрі де қазақ пайдасына жарамағанын келтіреді. Сонында: «Енді не қыламыз деп тұрғанда Ахмет Байтұрсынов бірнеше «Оқу құралы» деген кітаптар шығарды... Бұл кітаптар қазақтың жалпақ тілімен жазылған, сондықтан қазақ балаларының тез түсінуіне оңай... Біздің ойымызша қолдағы оқу құралдарының тәуірі А.Байтұрсыновтың әліпбиі, осымен балаларды оқыталық... Мұнан кейнгі шыққан кітаптарды кезінде көрерміз», - депті.

Міне, осылай біздің жерлесіміз Ғабдолла Шоқаев көптеген шәкірттерді ой бөлісуге шақырып, газет арқылы ақылдасып, ақырында барлығы Ахмет Байтұрсынұлының оқулықтарын қолдануға келіскен екен.

Ғабдолла Шоқаев сол жылдары өлең шығарумен де айналысты. Оған дәлел «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 31 мамырдағы санында жарияланған мына «Жазғы дауыл» өлеңі:

Көгерген көктің жүзін бұлт басқанда,
Қаһарлы дауыл көріп жұрт сасқанда.
Киіз үй тіккен қазақ абдырайды,
Толқыған құйынды жел шаң шашқанда.

Бекіткен арқан тартып үйді сонда,
Шығарған балаларды құба-жонға.
Отырған қонақ байғұс жабысады,
Байлаған желбауына оң мен солға.

Білмейді бірін-бірі есі кетіп,
Ойлайлы өлердей-ақ ісі бітіп.

Жанталас қияметтей болып сонда,
Келгендей сират көпір жуық жетіп.

Қара бұлт көк жүзінде шатырлаған,
Түнеріп тұс-тұс жақтан жарқылдаған,
Бір уыс қылу үшін жан біткенді,
Азуы найзағайдың сақылдаған.
Сыйғызып бір қауызға жұрттың бәрін
Ысқырып көрсеетеді тағы арын.
Әркімнің көңіліне қорқу кіріп
Сескеніп халі тым-ақ болар тарын.
Көрінсе бұлт ашылып күннің көзі,
Жайқалар күлімсіреп жердің жүзі.
Балалар зыр жүгіріп жонға кетер,
«Ойнайық - күн ашылды!» - болып сөзі.

Ғ.Шоқаевтың бұлардан басқа да мақалалары мен өлендері болған сияқты. Бірақ біздің қолымызда бары осы. Ғабдолла Шоқаев 29 жасында үйленіпті. Оның ұлы Нури Шоқаевтың 1977 жылғы 13 мамырда әкесі туралы жазған жазған хатында (хат менде сақтаулы) әкесінің үйленуі туралы былай депті: «Ғабдолла семьяны қалыңмалсыз құрған. Өзімен бірге оқыған Ғали Мусин (қазіргі Бостандық ауылынан): «Сенің осы терең білімің үшін қарындасымды қалыңсыз бергіземін, жүрек тақас жан дос болайық», - деген екен. Сөйтіп, Ғали Мусиннің қарындасы Мақпузаға үйленіпті.

Біз Зия, Нүри, Бақытжан - үш ағайындымыз. Зия 2 жылдық мұғалімдер институтын бітіріп, Көкшетау облысында мектеп директоры болып жүргенде 1940 жылы әскерге алынып, Ұлы Отан соғысында қаза тапты. Нури Қарағанды мұғалімдер институтының физика математика факультетін бітіріп, 1939 жылдан ұстаздық қызметін бастапты. 1943-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысыпты. Соғыстан кейін 1945-1958 жж. Преснов ауданында мектеп директоры болды, 1958 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Жарғайын мектебінде математикадан сабақ берді. Бақытжан Қарағандының политехникалық институтын бітірген, құрылыс инженері, көп жыл Теміртауда құрылыс учаскесін бастығы болып істеген.

Нури Ғабдоллаұлы аталған хатында әкесі туралы мынадай жылы лебіз білдіреді: «Әкеміз бізге адамгершілікке жол салып берді, туралыққа, адалдыққа, өсек-өтірік айтпауға

тәрбиеледі. Әкеміздің жақсы қасиеттері бізге берік орнады. Ол бізге халыққа адал болыңдар деп үйретті».

Өңіріміздің алғашқы білімді де білікті ұстаздарының бірі Ғабдолла Шоқаев 73 жасында дүние салды. өзінің туған ауылы Өрнекте жерленген. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Оның халыққа білім берудегі зор еңбегі кейінгі ұрпаққа үлкен үлгі, өнеге болып қала бермек.

«Қызылжар нұры» 20.05.2011 жы

ЖҮРЕК ТӨРІНЕН ОРЫН АЛҒАН (Жұмабек Тәшеновтің асқақ адамгершілігі хақында)

Қазақ халқы қаншама ғасырлар өтсе де, есімін әрдайым ардақ тұтатын кемеңгерлерден кенде болмаған. Әсіресе, аумалы-төкпелі, алмағайып, аласапыран кезеңдерде туған елін, жерін қорғауға бар білімін, күш-жігерін жұмсаған қайраткер тұлғалар халық есінде мәңгі сақталады. Сондай асыл тұлғалардың бірі - Жұмабек Тәшенов.

Жұмабек Ахметұлы 1934 жылы Ақмола құрылыс техникумын бітіргеннен кейін еңбек жолын Ақмола аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып бастаған. 1935 жылы Солтүстік Қазақстан облысының сол кездегі Красноармеец аудандық атқару комитетінде жауапты хатшы болған. 1936-1938 жылдары Қарағанды, Ақмола облыстарының кеңес органдарында қызмет атқарған.

1938 жылы 23 жастағы Жұмабек Солтүстік Қазақстан облысына қызметке жіберілді. Мұнда ол өз қызметін Петропавл қаласында облыстық сауда саласында қоғамдық тамақтандыру бөлімінің бастығы болып бастайды. Бұдан кейін Бейнеткор аудандық атқару комитетінде жауапты хатшы болады. 1939 -1942 жылдары Совет (қазіргі Аққайын) ауданныда жер бөлімін басқарады, кейін осындай қызметті Полудин ауданында бір жылға жуық атқарады.

Өз кызметін тыңғылықты атқарған Ж.Тәшенов 1943 жылғы маусым айында облыстық жер бөлімі бастығының жылқы өсіру жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Ал 1944 жылғы маусым айында облыстық партия комитеті хатшысының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасарлығына жоғарылатылады. Осы қызметті үш жылдай атқарады.

1947 жылдың мамыр айынан 1948 жылдың желтоқсан айына дейін облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып істейді де, сол 1948 жылдың желтоқсанында облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Бұл қызметті ол 1952 жылға дейін атқарады. Сол жылы қызметі жоғарылап, Ақтөбе облыстық партяи комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған.

Біздің облыстың ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібін, мәдениетін өркендету ісіне белсене атсалысқаны үшін Жұмабек Тәшенов 1945 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Ол облыстық атқару комитетін басқарған кезде Қызылжар өңірінің өнеркәсібі, ауыл шаруа шылығы, мәдениеті әрдайым даму үстінде болды. Мұны біз сол кезде оның жоғары мінберлерде сөлеген сөздерінен де байқаймыз. 1949 жылғы маусым айында өткен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің отырысында Жұмабек Тәшеновтің сөйлеген сөзі «Ленинское знамя» газетінің сол жылғы 12 маусымдағы санында жарияланыпты:

«Вместе со всей республикой значительных успехов в хозяйственном и культурном строительстве добилась Северо-Казахстанская область. В истекшем году колхозы и совхозы области расширили посевные площади, намного увеличили поголовье общественного скота. Промышленные предприятия успешно выполнили план 1948 года и четырех месяцев текущего года по выпуску валовой продукции. Среди работников промышленности, транспорта и связи области насчитывается 14 тысяч стахановцев. В этом году в нашей области ассигнования на нужды народного просвещения и здравоохранения составляют 76 % бюджета. В области имеется 555 школ, в том числе 119 казахских. В новом учебном году контингент учащихся увеличивается на 8900 человек. Лечебная сеть в этом году пополняется четырьмя врачебными участками, девятью фельдшерскими пунктами. В 1949 году в области будут электрифицированы 15 колхозов, телефонизировано 27 аульных и сельских Советов и 55 колхозов. В каждом населенном пункте будут отремонтированы или построены культпросвет учреждения, в области намечено построить 2 тысячи стандартных домов для колхозникоов, 70 домов для учителей и много других объектов. Большая работа проведена по озеленению города, райцентров, сел и аулов...».

Жұмекең қарапайым адамдардың тұрмыс жағдайына, қайғы-қасіретіне үнемі көңіл бөліп, қолынан келгенше көмек көрсетіп отырған. Облыстық мұрағатта сақталған облаткомның отырыстарының хаттамаларында Ж.Тәшенов қол қойған мынадай мәліметтер бар:

«Решение облисполкома от 4 апреля 1948 года. 1) Рассмотрев заявление бывшего комнадира РККА тов. Разговорова И.И. об оказании ему материальной помощи, исполком областного Совета решил: Ввиду тяжелого материального положения тов. Разговорова И.И., проживающего по улице Карима Сутюшева № 46, обязать областной отдел социального обеспечения выдать тов. Разговорову единовременное денежное пособие в сумме 200 (двести) рублей из средств, ассигнованных для этой цели.

2) Об оказании помощи семье умершего Баталова С.Б. Баталов Сеит Баталович на протяжении 30 лет работал в Северо-Казахстанской области на руководящей работе в советсикх и хозяйственных организациях и в последнее время работал директором учкомбината облсобеса. Учитывая тяжелое материальное положение оставшейся семьи Баталова – жены и шестерых детей, - исполком облсовета решил: Обязать областной отдел социального обеспечения (т.Кравченко) выдать семье Баталова С.Б., проживающего по ул. Петренева № 72 – для организации похорон и поддержания семьи единовременное пособие в сумме 500 (пятьсот) рублей».

Жұмабек Тәшеновтің облаткомда істеген кезінде онымен жиі кездескен және оның қамқорлығын көрген, қазір Алматы қаласында тұратын экономика ғылымының докторы, профессор, 90 жастағы зейнеткер жерлесіміз Мұқаш Елеусізов өз естелігінде былай дейді:

«Жұмекеңнің соғыстан оралғандарға және соғыста құрбан болғандардың отбасына көрсеткен қамқорлығы жайлы облыста көптеген таңғаларлық әңгімелер айтылатын. Соның бірі маған да қатысты. Ол мәселе былай болған еді. Соғыстан оралғаннан кейін 1947 жылдың қыркүйегінде үйленіп, отау құрғанмын. Қызметім - облыстық комсомол комитетінің хатшысы. Кемпір-шалмен тұрамын. Кішкентай екі бөлмелі үйде орын болмағандықтан, мен өз үйімде, ал зайыбым өз үйінде тұратын болды. Бір күні обкомдағы бір жиналыста кездескен кезде Жұмекең хал жайымды сұрады да, ал енді

үйінді, жас келінді қашан көрсетесің деп қалжындады. Мен шынымды айттым. «Өзің қызық екенсің, сонда әлі бойдақтықтан арылмапсың ғой, мұндай отау құру бола ма екен?» - деп таңданды. Мен елдің ауыр жағдайын түсініп, еш жерге бармай жүргенімді айттым. «Оныңа рахмет, - деді ол, - ал ертең сағат он кезінде маған кеңсеге кел». Ақыры келдім. Кабинетіне кіріп келсем, алдындағы орындықтың бірінде қалалық кеңестің төрағасы отыр екен, жанындағы орындыққа мен де жайғастым. Жұмекең қаланың басшысына мені көрсетіп, «Мына жігіттің кім екенін білетін шығарсыз», - деді. Ол танитынын айтты. «Бұл жігіт - майдангер, бес жыл бойы жылы төсекті сағынып, елге аман оралып, енді үйленгеніне үш айдан асыпты. Ал алған зайыбы екеуінің тұратын жері болмағандықтан, әрқайсысыс өз үйлерінде жүріп жатқан көрінеді. Бұл жайды қалай деп ойлайсың? Ал біз екеуіміз болсақ, түрлі себептерді пайдаланып, соғыстың бетін көргеміз жоқ, отбасымыз да жақсы жағдайда тұрып жатады. Сонда біздей кеңес мекемелерінің бастықтарының әділеттігі қайда?» - деді. Сөзін әрі жалғастырып: «Менің қолымдағы деректер бойынша қазірдің өзінде қалада онға жуық босаған пәтер бар, солардың ішінен екі бөлмелісінің біріне осы кісіге ордерін жазып бер», деп бұйрық етті. Маған «қазір мына кісімен бірге барып, ордерінді ал» - деп қолымды қысты. Қуанғанымнан рахметімді айтуға да шамам жетпей, қаланың бастығымен бірге шыға жөнелдім. Жас отауға жасаған қамқорлығына шын көңілден шыққан алғысымызды артынан пәтериімізге кіріп жайғасқаннан кейін әдейі барып айттым. Жалғыз маған емес, осындай қамқорлығын басқа да талай қарапайым адамдарға жасапты дегенді әр жерден естігенім бар».

Жұмабек Ахметұлы біздің облыста үйленіп, отау құрыпты. Бұл туралы оның зайыбы Бәтес Ыдырысқызы журналист Армиял Тасымбековке берген сұхбатында былай дейді:

«Мен Жұмабекпен 1939 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Бейнетқор ауданында таныстым. Бір мекемеде бухгалтер едім. Жұмекең аудандық жер бөлімінің бастығы екен. Бір-бірімізді ұнатып, үйленіп, тұрмыс құрдық. Оның қажырлы қызметі күннен-күнге белгілі бола бастады. Қызметінде сыйлы, абыройлы болды. Ол алмас қылыштай жарқылдаған азамат еді. Қай жұмыс болмасын барлық ынтасымен беріле кірісіп, соның үдесінен шыққанша бір тыным таппайтын.

Содан да болса керек, қызмет бабымен үнемі өсіп отырды».

Ғабит Мүсіреповтің: «Жазушы деген халық кісіге мақтағанда өз жүрегінен орын береді. Менің жүрегімнің төрінен орын алатын, менің ер інім, еркек інім Жұмабектің қадамы құтты болсын!» деген бір кездегі жүрекжарды тілегі бүгіндері де әр қазақтың көңіліне қонымды. Өйткені, елінің бірлігін, жерінің тұтастығын қорғап, әділдікті ту еткен Жұмабек Тәшенов сынды азамат халық жүрегінен мәңгі орын алды деп ашық айтатын заманға жеттік.

Өткен жылдың соңында Петропавл қаласындағы Жұмекең қызмет атқарған бұрыңғы облатком ғимаратының қабырғасына ескерткіш тақта орнатылғаны мәлім. Қызылжар өңірінде 15 жылдай жемісті қызмет атқарған халқымыздың ардақты ұлының есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде әлі де қосымша шаралар қабылданса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Солтүстік Қазақстан» 26.05.2011 ж.

ШАЛ АҚЫН ЖЫРЛАРЫН ЖАДЫНДА САКТАП,
халқымызға жеткізген асыл ұрпағы Қошан Жантілеуов жайлы

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді, өшті, оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп ұмытпаса.
Шәкәрім

Биыл халқымызға адал қызмет атқарған абзал азамат, көне өлең, жыр, аңыз-әңгімелердің қазынасындай болған шежіреші, әйгілі Құлеке батырдың және оның атақты ұлы Шал ақынның ұрпағы Қошан Жантілеуовтың туғанынан 100 жыл толады.

Мен Марьевка орта мектебінде оқып жүрген кезімде Аманжол Қошановпен бірден достасып кеттік. Көктемнің тамаша күндерінің бірінде Аманжол осы ауданның Лесхоз деген аулындағы әкесінің үйіне бірге барып қайтуға шақырды.

Сөйтіп бір демалыс күні Қошан ақсақалдың үйіне келдік.

Қошекең сәлемімізді алып, бұрын көрмеген мені «бұл қай бала?» деп сұрады. Аманжол бірге мектепте оқитынымызды айтқаннан кейін менің ата тегімді сұрады. Зерек адам ғой, біздің аталарымызды білетін болып шықты. Жатсынған жоқ, өз баласындай көріп жылы сөйлесті. Бәйбишесі Шәпия шешей де жылы шыраймен қарсы алып, қымызын әкеп, шайын жасап бәйек болды. Сол бірінші кездескеннің өзінде Қошекең ескіліктен біраз әңгіме айтып, сол кездегі жаңалықтардан да хабардар екендігін көрсетті. Оқу бітіріп, қызметте жүргенде де Қошекеңнің үйінде бірнеше рет болып, сәлем беріп, қызықты да мазмұнды әңгімелерін тыңдадым. Ол өзінің өмірінен сыр шертіп, азамат соғысы, кеңес үкіметі орнаған кездерінде басынан өткен жайларды айтатын. Кейін Үкілі Ыбыраймен кездескен кездерін, бабалары Құлеке батыр мен Шал ақын туралы әңгімелейтін. Арасында Шал ақынның өлендерінен мысалдар келтіріп отыратын еді. Қашан барсаң да, Қошекең жылы шыраймен, көтерінкі көңілмен қарсы алатын және әрқашанда мол, берекелі дастарқаннан дәм татқызбай жібермейтін. Міне, Қошекең осындай ақжарқындығымен, кісілігімен менің есімде қалды.

Енді Қошекеңнің кім екенін ата-тегінен бастап, қазіргі ұрпақтарына дейін жеткізіп айтып көрейін.

Қошекеңнің арғы тегі Атығайдың Бәйімбетінен тарайды. Өзінің жазып кеткен шежіресі бойынша, Бәйімбеттен - Жоламан, одан - Дәулетай, одан - Тәйірберді, одан - атақты Құлеке батыр. Әйгілі Абылай ханның елшісі болған Құлеке батырда 6 ұл болған; Бәбеке, Мөңке, Тілеуке (Шал ақын), Шардақ, Қазақбай, Жұсып. Қазақбайдың үлкен ұлы Жанкөшектен - Бекмырза қажы, одан - Жантілеу. Жантілеуде 8 ұл, бір қыз болған. Қошан - Жаңтілеудің үшінші ұлы.

Қошан Жаңтілеуұлы өзінің ата қонысы шабдар ат шұбары аулында (Шал ақын ауданындағы Аютас маңында) дүниеге келген.

Ол әуелі арабша оқып сауатын ашады. Одан Марьевка селосында белгілі қоғам қайраткерлері Байғаскин Есім және Баймақанов Шәкірмен бірге екі сыныптық орыс мектебіне оқуға түсіп, оны 1914 жылы бітіріп шығады. Кеңес үкіметі жаңа орнығып жатқан кезде 1917 – 1918 жылдары жас Қошан Марьевка, Коноваловка селоларында қызыл партизандармен бірге бандылармен күреске қатысады. 1918 – 1922 жылдары «Красная гвардия» партизан отрядының командирі

П.Д.Шишкинмен және оның жолдастарымен танысып, оларды Марьевкада штабы тұрған Колчак әскерлерінен жасырған. Өзі Марьевкаға жиі барып, партизандарға ондағы жағдайды хабарлап отырған. Бұл істе оған немере ағасы Дайыр Сақтағанов пен әкесі Жантілеу де көмектескен. 1919 жылдың күзінде Колчак әскері Қызыл Армияның тегеурініне шыдамай, Омбыға қарай қашады. Қызыл Армия әскері келгесін тығылып жүрген партизандар оларға қосылып, Қошанға, әкесі Жантілеуге, немере ағасы Дайырға рахмет айтып, Колчак әскерінің ізіне түсіп құып кетеді.

Қошан Жаңтілеуов кеңес үкіметінің алғашқы шараларын орындауға белсене қатысады. 1921 жылы аштық кезінде Петроградтан келген жұмысшы, азық-түлік отрядының бастығы Александр Кукке көмектесіп, ашығып жатқан Орталық Ресей және Еділ бойы тұрғындарына астық жөнелтуге қолғабыс жасайды.

1922 жылы Көкшетау уездік партия комитеті мен атқару комитетінің ұсынысымен 24 жастағы Қошан Жаңтілеуов Бәйімбет болыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Ал 1924 жылы сол уездің іріленген Ортақшылдар болыстық атқару комитетінің басшысы болады. Бұл болыстың жері осы күнгі Айыртау, Шал ақын және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандардың жерін қамтыған еді.

Осы қызметтерде жүріп Қ. Жаңтілеуов ауыл, селоларда кеңес билігін құру, көшпелі ауылдарды отырықшыландыру, елді кооперациялау, ұжымдастыру жұмыстарын жүргізуге белсене атсалысқан. Ол, әсіресе, халықты сауаттандыру жұмысына көп еңбек сіңіреді. Қызылжар өңірінде бірінші болып осы болыстыққа «Қызыл отау» жұмысын жандандыру үшін әрі жұрттың сауатын ашуға көмектесу үшін Петропавл педтехникумы мен кооперативтік техникумының оқытушылары мен студенттері шақырылады. Олар әр түрлі көптеген мәдени жұмыстар жүргізіп, сауатсыздарға сабақ берген. Соңғы уақытқа дейін сол болыстықтың қариялары Қ. Жаңтілеуовтың «Қызыл отау» жұмысын жақсы ұйымдастырғаның, сондықтан жергілікті тұрғындардың да оның өткізген шараларына зор ынтамен қатысқанын айтып отырушы еді.

Ұжымдастырудың алғашқы кезіндегі асыра сілтеушіліктер және 1931 жылғы аштық Қ.Жаңтілеуовті жұмысын тастауға мәжбүр етті. Ол өз аулының және бірнеше көрші ауылдардың

тұрғындарын басқарып, Түмен облысына көшіріп апарады. Сөйтіп жүздеген жерлестерін қырғыннан аман сақтап қалады. Көп ұзамай еліне қайтып келген Қ. Жаңтілеуов Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарының «Заготскот» жүйесіндегі кеңшарларын басқарады. Соңғы жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін ол белгілі ақын Ахметжан Нұртазин басқарған Октябрь орман шаруашылығында қызмет атқарды. Қолы бос уақытта қыран бүркіт, жүйрік ит, жақсы ат ұстап, аң аулаумен айналысты.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де бірсыпыра уақыт аңшылығын жалғастырды. Сол кездегі Қошекеңнің аңшылық кезіндегі батылдығын Ахметжан ақын өлеңінде былай суреттеген:

Ағашқа Қошан барды да,
Айқай шықты мұндалап.
Аңшының көбі алдында,
Барады аңды қуалап.

Аты жүйрік астында,
Жетті Қошан төтелеп.
Салған найза қасқырға,
Бойлайды барып жетеден.

Сағадан сынып найзасы,
Өзіне қасқыр ұмтылды.
Таусылды қарттың айласы,
Абыржыды бір түрлі.

Өзіне қасқыр атқанда
Алқымнан алды шошынбай.
Алпыстан жасы асқанда
Қарт көрдім батыр осындай.

Ат үстінен алысқан,
Аңшының ерлік бұл ісі.
Алқымда қолы қарысқан,
Қасқырдың бітті жұмысы.

Алынған қасқыр терісің,
Қанжығаға байлады.
Қарияның бұл ісі
Батылдықтың айғағы.

Қошекең Құлеке батырдың туған баласы, өзінің бабасы Тілеукенің (Шал ақынның) көптеген өлеңдерін жатқа білген. Белгілі ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин Қошан Жаңтілеуовтен Шал ақынның жиырмадан астам бұрын баспа бетін көрмеген өлеңдерін жазып алып, «Алдаспан» (Алматы «Жазушы», 1971 ж.) жинағында жариялады.

Қ. Жаңтілеуов кезінде Үкілі Ыбыраймен, оның шәкірті Молдахмет Тырбиевпен жақсы қарым қатынаста болған. 1930 жылдары Үкілі Ыбырай «Халық жауы» аталып Саумалкөлде түрмеде отырғанда Қошан оның халін біле барып, атақты әнші ақынның соңғы өлеңін жазып алып, елге таратқан.

Қ. Жаңтілеуов зайыбы Шәпия екеуі 14 бала тәрбиелеп өсірді. Оның ұлы Аманжол Қошанов - Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, белгілі қоғам қайраткері, білікті экономист. Өзге балалары да жоғары білім алып, әр салада жемісті еңбек етіп жүр.

Қошан Жаңтілеуов өз балаларымен бірге әкесі Ғайса Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тауып, шешесі Мәруар (Қошекеңнің қарындасы) 1945 жылы 29 жасында қайтыс болған, шиеттей үйелмелі-сүйелмелі Рахила, Рәш, Күләш атты үш жиенін өз қамқорлығына алып, тәрбиелеп өсіріп, оқытып, олардың өмірден өз орындарын алуларына көмектесті. Қошекеңнің осындай қайырымдылығын басқа да көптеген азаматтар көрді.

Өңіріміздің беделді азаматы, халық ауыз әдебиетінің білігірі, шежіреші, шешен Қошан Жаңтілеуов атамыз 1981 жылы 83 жасында дүние салды. «Орнында бар оңалар» дегендей, артында мол ұрпағы қалды. Бүгіндері Қошекеңнің 5 ұлы, 6 қызы, 50-ден астам немересі, соған жуық шөбересі өздерінің сүйікті де ұлағатты әкесін, атасын, нағашы атасын зор сағынышпен еске алып отырады, оның айтқан нақыл сөздерін, өсиеттерін орындауға тырысады. Қошекеңнің жастарға берген аталық батасының өзі көңілді көтеріп, бойға жаңа күш құат беретіндей еді. Бірде мен оның сүйікті ұлы Аманжолға берген мына бір батасын жазып алған едім:

А, құдайым оңдасын, оң жолына бастасын!

Ғайынперен, қырық шілтен, Қыдыр бабам қолдасын!

Маңдайыңнан бағың ашылсын, бағың күннен-күнге тасысын!

Береке дарып дастарқаныңа мол ризық шашылсын!

Көре алмаған дұшпандарың маңайыңнан аулақ қашсын!

Үкімет айтты дұрыс заң, бұрылма сол жолыннан!
Басыңа бақыт, қыран құс қонсын!
Осы айтқаныммен тура жүр!
Жеті атаңа дейін бағың соңыннан қалмай барсын!

Биыл Қошан Жаңтілеуов 110 жасқа толады. Осыған орай ұлы бабасы Шал ақынның мол мұрасын жадында сақтап, жұртына жеткізген, өз ұрпағын, елін, жерін сүюге, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеген абзал атамызды еске алып, аруағына құрмет көрсетуді парызымыз деп білеміз.

«Солтүстік Қазақстан» 16.01.2008 ж.

ӨНЕГЕЛІ АҚЫН (Ахметжан Нұртазин)

Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.
Абай

Біздің облысымызда өздерінің ерен еңбегімен, өнерімен бүкіл ел сүйіспеншілігіне бөленген зиялы тұлғалар аз болған жоқ. Сондай кезінде еліне елеулі, халқына қалаулы болғаан адамдардың бірі облыс, халық ақыны Ахметжан Нұртазин ағамыз еді.

Мен бұл кісіні алғаш Марьевка мектебінде оқып жүрген кезімде 1950 жылдардың басында көрдім. Сол кезде бізбен бірге оқыған қазіргі академик Аманжол Қошановпен оның Октябрь орман шаруалығының орталығындағы Лесхоз селосындағы үйіне жиі барып тұратынбыз. Сонда Аманжолдың әкесі Қошан ақсақалмен Ахметжан ағамыздың әңгімелесіп отырғандарын көруші едік. Ол кісі дөңгелек жүзді, қара торылау, толық денелі көрінді. Бірақ біз ол кезде ол кісінің әңгімесін тыңдай алмадық. Кейін 1963 жылы маусым айында Социал ауылында облысымыздың халық ақыны, белгілі айтыскер, әнші Игібай Әлібаевтың 60 жаска толуына байланысты өткен мерейтойында көптеген зиялы адамдармен бірге Ахаң да болды. Ол кезде Иекең Социал сегізжылдық мектебінің директоры болатын. Мен Городецк сегізжылдық мектебінің директоры болып істеп жүргем. Сол жылғы жазғы демалыс кезінде аудандық оқу бөлімі мені сол

Социал ауылынан 3 шақырым жерде орналасқан аудандық пионер лагеріне директор етіп жіберген еді. Сол жерден шақыртып алды. Сол тойда Ахаңның өзінің замандастарымен (Әуіпжан Әубәкіров, Н.А.Болатбаев, Уәп Латанов, Игібай Әлібаев, Сапар Дүйсенов, т.б.) емен жарқын әңгімелесіп отырғанын көрдім.

Ол кісімен тура қарым қатынасым болмаса да оның өлеңдерін газеттерден оқып жүрдім. Сонда оның өлеңдерінің мазмұны, тамаша ұйқастығы адамды баурап алатын. Әсіресе балалық шағын, жігіт кездерін өткізген туған жерін, ерке Есілді жырлаған «Туған өлке» атты өлеңінде мына жолдар қай адамды болсын тебірентпей қоймайтын еді:

Елім бай, суым күміс, жерім алтын,
Көркіңмен келтіресің көңіл шартын.
Кір жуып кіндік кескен ерке Есілдің,
Өткіздім оңірінде жігіт салтын.

Бұл жерде өтті менің бала шағым,
Әлі көп берешегім, алашағым.
Ұрпағым, жеткіншегім, өс, өркенде,
Бұдан да қызық сенің болашағың.

Міне, бұл шумақтар ұлы Абай айтқан:
Өлең - сөздің патшасы сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, -

деген талапқа сай келіп тұрған жоқ па?! Бұл шумақтарда зор патриоттық сезім, туған жерге деген сүйіспеншілікпен қатар келешек ұрпаққа деген ағалық, ізгі тілек те орынды келтірілген.

Ахаң өзі өлең шығаруымен қатар жақсы әнші замандастарымен әңгіме-дүкен құрып отырып ән тындауды ұнатқан. Ахаңның осындай қасиеті туралы көп жыл Жамбыл ауданының мектептерінде директор болып қызмет атқарған Қожахметов Махметтің «Солтүстік Қазақстан» газетінің 1997 жылғы 7-ші ақпанда жарияланған «тағдыр» атты көлемді мақаласынан мына үзінді келтіруді жөн көрдім:

«Кезінде есімі облысымызда кеңінен танымал болған ақын Ахметжан Нұртазин Преснов ауданына орман шаруашылығының директоры болып келгеннен-ақ менің

әкеммен достасып үнемі қарым-қатынаста болса керек. Бұл, ұмытпасам, 1945-1946 жылдар болса керек. Көбінесе ол кісі біздің «Қызыл ой» колхозына Преснов аудандық атқару комитетінің өкілі ретінде, кейде өз жұмысымен, әйтеуір жиі келудің нәтижесінде біздің ауылдың өз адамы тәрізді болып кетті. Аханның әкеммен достық қарым қатынасы өзі көз жұмғанша үзілген жоқ. 1956 – 1957 оқу жылында біз зайыбым Дәметкен екеуіміз Ақбалық ауылына мұғалім болып үй ішімізбен көшіп бардық. Ол біздің отау тіккен жылымыз еді. Оған дейін колхоздар іріленген соң Петровка селосында тұратынбыз. «Қожахметтің жалғызы білікті маман болыпты, әрі отау тігіпті, соған барып қуанышын бөлісемін», - деп келгенде, «Бізді көшіп кетті», - деген соң, марқұм тұп тұра өзінің жолдастарымен қасында облыс ақыны әнші Игібай Әлібаев бар біздің үйге келді. Үлкен мәжіліс басталып кетті. Сол ауылдан, көрші ауылдан сыйлы сыйлы азаматтар шақырылды, әңгіме-дүкен құрылды. Арасында ән-күйге де кезек берілді. Көрші Жанажол ауылында тұратын атам Құпбидің үйіне сол кезде Сергеев ауданының бір мектебінде мұғалім болып көптен жұмыс істеп жүрген інісі Кәләу Тайжанов қонаққа келіпті. Ол марқұм да шақырылды. Игібай, Кәләу екеуі кезектесіп домбырамен әнді шырқағанда бүкіл ауыл жиналып, кәдімгі той болды да кетті.

Бір сөздің ретінде Ахаң «Ау Қожеке, мына Игібайды жақсы білесің, ал мына Кәләу Құпбидің туысы болғанымен менің інім. Сіздің ертеде өткен Нүрке ініңіз сияқты әрі домбырашы, әнші, аңшы, балуан», - деді де бөгелместен «Әй, Кәләу, аңшының әнін шырқашы», - деді содан соң Ахаң. Ән төгілді. Ән сөздерінің ішінде Нүркенің аты 2-3 рет аталды. Сөз бұзып, ән туралы, Нүрке тураыл сұрауға ол кезде біздің әрі жас, әрі дәстүрді бұзып, үлкендермен деңгейлесуге шамамыз келмейтін кез.

Қонақ күтіп зырлап жүріп, әңгіменің Үкілі Ыбырай деген кісі туралы екенін аңғардым. Бірақ үлкендер осы әңгіме тұсында бұрынғыдай саңқылдамай, жабырқау дауыспен әлдебір қыршаңқылау өлең жолдарын кезекпен айтысып, «Сол үшін кетті-ау» десіп отырысты».

Бұл айтылып отырған ән, әрине, атақты Үкілі Ыбырайдың «Аңшының әні» еді. Ахаң өзі де аңшылықты, саятшылықты сүйген, жақсы аңшы жолдастарымен аңшылық құрған. Сол аңшылықтан алған әсерімен поэма шығарған. Осы өлеңдерінен бір-екі мысал келтірейін.

Ахаң өзімен бірге сол Лесхозда бірге тұрып көп жылдар бойы бірге аңшылық құрған аға замандасы Қошан Жантілеуұлымен өте жақын жолдас болған. Оны аға ретінде сыйлап өткен.

Ол өзінің «Аңшылар» атты поэмасында Қошекеңнің аңшылықтағы батылдығын мынадай шумақтарымен көрсетіпті:

Ағашқа Қошан барды да,
Айқай шықты мұндалап.
Аңшының көбі алдында,
Барады аңды қуалап...

Аты жүйрік астында,
Жетті Қошан төтемен.
Салған найза қасқырға,
Бойлады барып жетеден.

Сағадан сынып найзасы,
Өзіне қасқыр ұмтылды.
Таусылды қарттың айласы,
Абыржыды бір түрлі.

Өзіне қасқыр атқанда
Алқымнан алды шошынбай.
Алпыстан жасы асқанда
Қарт көрдім батыр осындай.

Ат үстінен алысқан,
Аңшының ерлік бұл ісі.
Алқымда қолы қарысқан,
Қасқырдың бітті жұмысы.

Алынған қасқыр терісің,
Қанжығаға байлады.
Қарияның бұл ісі
Батылдықтың айғағы.

Ал сол Қошекең 70-тен асып, ауру сырқаулы болып, бұрынғыдай анға шықпаған кезде Ахаң оған «Аңшы әзілі» деген мынадай өлең шығарып сыйлапты:

Ассалаумағалайкум, аңшы ағай,
Сырқат бар бойыңызда білем талай.
Айығып аңға шықсаң кетер едің,
Бір қасқыр шыға қалса ойға қарай.

Аңшы адам албырт мінез баламен тең,
Беті ауса қалай қарай оныкі жөн.
Қасқырды қуып жетіп соғып алса,
Жауды бір жайратқаннан қай жері кем?!

Ақша қар жауды міне, болды тойың,
Серпілер саяттасаң сергіп бойың.
Көмбеде қасқыр соғып, түлкі ұстасаң,
Бөлінер қапаланып жатқан ойың.

Ұмтылып дене дертін емдеген жөн,
Шалмын деп салақсырай бермеген жөн.
Жетпістен желіп өтіп ат үстінде,
Сексенде серуендеп сөнбеген жөн.

Тағы бір өлеңінде ақын бұрыңғы үзеңгілес, сырлас әрі білгір аңшы жолдастарының қасында жоқтығына налып, соларды есіне алып, былай депті:

Қансонар болды бүгін қары қалың,
Асығыс күтудемін дала таңын.
Саяншы жолдастарым алыс жатыр,
Құмарды кіммен жүріп таратамын.

Жүйрік ат, аллғыр ит пен аңшы жолдас,
Олармен арман бар ма болсаң қолдас.
Егерде соның бірі жетіспесе,
Қаңсонар болса-дағы жолың болмас.

Шалағай жолдастарға ісім түсіп,
Жүремін ыза-болып күйіп-пісіп.
Қабдолла, Қошан, Ғалым, шіркін Сыздық,
Көзімнен тұрсыздар-ау бір-бір ұшып.

Ахаң табиғатты ерекше сүйген. Ол көп жыл орман шаруашылығында қызмет атқарды, оның ішінде ширек

ғасырдай Октябрь аудандық орман шаруашылығының директоры болды. Сол кезде ол аудан елді мекендерінің маңынан, әсіресе өзі тұрған Лесхоз төңірегінде әртүрлі ағаштар егіп өсіруге көп күш жұмсады. Ол сол өзі еккен, еккізген жас шыбықтардың жайқалып өскенін көргенде балаша қуанған. Мұны оның сол кездегі өлеңдерінен байқауға болады. Бір өлеңінде ақын:

Қоршаған қонысымды жас қарағай,
Қызықтап аралаймын жас баладай.
Өсірген өз қолымнан ормандарым,
Өзіме көрінеді астанадай.

Бірі балам, біреуі інімдей боп,
Жапырағы жайқалып гүлімдей көк.
Естіледі бір дыбыс құлағыма,
Сұлу қыздың сыңсыған үніндей боп.

Самалын аймалайын төсімді ашып,
Көкірегім қуанып тасқын тасып.
Ұл-қыздарым құлпырып ер жеткендей,
Арасында келемін алшаң басып.
- десе, келесі бір өлеңінде:

Қарағай, жасыл терек, аппақ қайың,
Өсірген өз қолыммен қалқатайым.
Ағайын-туысымды қыдырғандай,
Келеді аралағым күн-күн сайын.

Осы тал өз қолыммен еккен талым,
Орман боп өсіп-өніп кеткен қалың.
Ауылдың сыртына әсем сая орнатқан,
Алпыстың үшеуіне келген щалың,

- деп ағынан жарылады. Бұл өлеңдерде өзінің еккен ағаштарының орман боп өсіп-өңгеніне қуаныш та, еңбегінің жанғанына, арманының орындалғанына орынды мақтаныш та бар. Ал мұндағы «Өзіме көрінеді астанадай», «Сұлу қыздың сыңсыған үніндей боп» сияқты теңеулер қандай орынды, тамаша қолданылған десеңізші!

Ахаң небары 65 жыл өмір сүріпті. Бірақ осы қысқа өмірінде

ол каншама адамдармен дос, жолдас болған, біреуге аға, біреуге іні ретінде кездескен адамдардың бәрімен сыйлас болған. Солардың ішінде ол, әсіресе, даңқты жерлесіміз, академик жазушы Сәбит Мұкановпен жақсы жолдас болған. Сәбең Аханды өзінің туған інісіндей сыйлаған, оған шамасынша көмектесіп, оның ақындық еңбегінің дамуына, шабытының өсуіне өз үлесін қосқан.

Сәбең бір хатында Аххаңның хатына уақытында жауап бере алмағанына өкініш білдіре отырып жақсы көретін інісіне өз жағдайын айтады:

«Құрметті інім - Ахметжан!

6 /IV - 1967 жылы жазған хатыңды кезінде алғам, жауап бере қоюға «әліптің ақырын күткем». Сендей тілеулестер аз болған жоқ, бірақ, Құлагерді даяшыға жақындай, бір залымның ұрып өлтіруі сияқты, бәйгеден жеке дара келе жатқан «Өмір мектебін» де біреулер ұрып сүріндірді, бірақ, өзің айтқандай, ақша бәйгесін алмағанмен, халық бәйгесін алдың. Маған осы да зор қанағат. «Қазан аузы жоғары» дегендей, үміт дүниесі, алдағы күндердің бәйгелерінен үмітсіз емеспін. Шоқан ағаның биылғы бәйгесін алғанымды баспасөзден көрген боларсың, әзірге сол да қанағат.

Өзіңнің архивыңда жатсын деп, хатыңның бір көшірмесін жібердім.

Сәлеммен (С.Мұқанов)

9 / V – 1967 ж. Алматы».

Сәбең ақын інісіне үнемі қамқорлық жасап жүреді. Ол тіпті Аханның 60 жылдық мерейтойы қарсаңында оның осы мерейтойына мемлекеттік партиялық мән берілуін сұрап Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің сол кездегі хатшысы Әнуарбек Нәжметденұлы Шмановқа мынадай хат жолдайды:

«Құрметті Шманов жолдас!

Бірінші Майдың мейрамымен сізді, семьяңызды, жолдастарды құттықтап, бәріңізге саулық, бақыт тілеуге рұқсат етіңіз.

Бізде де аманшылық. Қыстай «Аққан жұлдыздың» екінші кітабын жаздым да, тыянақты бір жеріне келгеннен кейін дем алуға ойладым. Жуық арада Тәшкенге, одан орала Францияға барып қайтпақпын.

Сізге бір мәселе жайында пікір айтпақ едім. Сергеев ауданында, Лесхозда бастық боп тұратын Ахметжан

Нуртазинді білесіз. Оның өлеңдер жинағы да басылып шықты ғой. Тағы бір жинағы да даярлануда. Ол өзі табиғат ішінде тұратын, сол тақырыпқа жазатын, қызғылықты ақын.

Сол кісі маған «биыл 60 жасқа толам, тойлаймын» деп хат жазады. Онысы дұрыс та сияқты. Бірақ оған мемлекеттік партиялық мән берілмесе, жәй «ет жеу, қымыз ішу ғана» болады ғой. Менімше, бұл жұмысты облыстық басқарушы ұйымдар өткізгені жөн. Мен осыған атсалысып, мақала жазуға, той кезінде баруға бейіл болар едім. Мәселе - уақытында. Июльден бергі жақта менің қолым тимейді. Осыған келіссеңіздер маған хабарлауларыңызды өтінемін,

Жолдастық сәлеммен - (Сәбит Мұқанов)

30/IV – 1968 жыл. Алматы (бет).

Бұл хаттар Алматы қаласындағы Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби мемориалдық музейінің директоры белгілі ақын Әділғазы Қайырбековтің редакторлығымен 2002 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Өмірбаяндық өрнектер» атты кітапта жарияланған.

Өз тұрғысынан Ахаң да Сәбенді өмір бойы сыйлап өтті. Оған арнап өлең де жазды:

Сарыарқа Сәбең келсе құлпырады,
Төсіне қызыл-жасыл гүл тұнады.
Жайранңдап кәрі-жасы қол алысып,
Аталап жас бөбек те ұмытлады.

Ақ жарқын кішіпейіл жылы сөзбен,
Жарасады ырысты ынтымағы.
Жетпіске келген бүгін біздің Сәбең,
Арқаның темір топшы бір қыраны.

Солтүстік өз ұлына мақтанады,
Томдарын ақ тілекпен ақтарады.
Салмақты әрбір сөзі саф алтын ғой,
Жадында жұртшылықтың жатталады.

Теңіздей толқып жатқан қазына мол,
Сәбеңде сыры ашылмай жатқан әлі.
Томдары тозбай туған мәңгі мұра,
Кіршіксіз кіл күмістей сақталады.

Сәбеңнің өмірі ерен бастан кешкен,
Өткізді ауыр күнді астаң кестен.
Жетпіске келсе-дағы дер бабында,
Қажымай қиындыққа бастан кешкен.

Сәбеңнің бар өмірі өнегелі,
Ақындар дайын тұрған дастан дескен.
Дастан түгіл, сәбеңдер - ғарыш әлем,
Күн жүзіп омырауынан аспан көшкен.

Осылай бірін-бірі ағалы-інілідей көріп сыйласқан Сәбең де, Ахаң да бір жылда (1973) дүниеден өтті. Мұнда да табиғаттың бізге беймәлім бір сыры жатқан сияқты.

Ақын Ахметжан Нұртазин 1957 жылы обком секретары Ілияс Омаровтың тікелей басшылығымен қолға алынған облыс ақындарының айтысына да белсенді түрде қатысты. Осы айтыстың алғашқысында ол бірінші орын алса, кейінгі айтыстарда да жүлделі орынға ие болып отырды.

Қорыта айтқанда, Ахаңның елге сіңірген еңбегі көп. Оның өмір жолы мен артында қалған асыл мұрасы - өлеңдері мен поэмалары - қазіргі ж»не келешек жас ұрпаққа үлкен үлгі, өнеге. Сондықтан оның асыл ақжарқын бейнесі, артында қалған асыл мұрасы халық жүрегінде, есінде мәңгі сақталмақ.

«Қызылжар нұры» 29.02.2008 ж.

АДАЛДЫҚҚА ТАБЫНДЫ АБЫЗДЫҚ ТА... (Бәйкен Әшімұлы Әшімов)

Уақыт деген тоқтамай тез жылжиды. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Социалистік Еңбек Ері, Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы Бәйкен Әшімұлы Әшімовтің дүние салғанына да бір жыл болып қалыпты. Ол 2010 жылғы 5 ақпанда 93 жасқа қараған шағында бақилық болған еді. Оның бүкіл өмірі мен халқына ерен еңбегі қазіргі азаматтарға да, келешек ұрпаққа да үлкен үлгі, өнеге болып қала береді.

Бәйкен Әшімұлы 1928 – 1930 жылдардағы жаппай ұжымдастыру кезінде жүргізілген асыра сілтеу зардаптарын

көріп, 1932 – 1933 жылдардағы ашаршылықты басынан өткерді. Сол жылдары Қызылжар қаласыңа келіп, темір жолдың фабрика зауыт училищесіне оқуға түсіп, паровоз жөндейтін слесарь мамандығын алып шығады. Одан кейін облысымыздың Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Покровка ауылында орналасқан ауыл шаруашылығы техникумын тамамдайды. 1938 жылдың басында аудандық комсомол комитетіне қызметке алынады да, сол жылдың күзінде міндетті әскери қызметке шақырылады. 1941 жылғы маусым айының бас кезінде әскери міндетін орындап, елге оралады. Келісімен Айыртау ауданындағы Казгородок (қазіргі Сырымбет) орта мектебіне оқытушы болып орналасады.

Бұл кезде Отан соғысы басталып кетеді. Бәйкен Әшімұлы 1942 жылдың шілдесінен 1945 жылдың шілдесіне дейін осы соғысқа қатысады. Соғыстан кейінгі жылдары ол Ленинград ауыл шаруашылығы институтын, одан кейін Жоғары партия мектебін бітіреді. Соғыс ардагерінің еңбек жолы Айыртау аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы қызметінен басталады. Одан кейін ол аудандық атқару комитеті төрағасының орыбасары, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарады. Біраз уақыт Көкшетау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып істейді. Бәйкен Әшімов Қарағанды облысында жеті жыл басшылық қызметтер атқарды. Оның ішінде бес жыл облыстық атқару комитетінің төрағасы және екі жыл облыстық ауыл шаруашылығы партия комитетінің бірінші хатшысы болып облыстың әлеуметтік экономикалық дамуына елеулі еңбек сіңірді. 1968 – 1970 жылдары ол Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, ал 1970 жылдың 31 наурызында Республика Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалды. Бұл қызметті Бәйкен Әшімов 1984 жылдың наурызына дейін дәл 14 жыл атқарды. Бәкең өзінің өмірбаяндық естелігінде: «Қазақстан Үкіметінің басшысы ретінде 14 жыл үздіксіз қызмет істегеннен кейін осы орынға тағайындалған Н.Ә.Назарбаевқа жемісті жұмыс тілеп, Республика Парламентіне ауыстым. Сонымен бірге Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Төрағасының орынбасары болып және сайландым», - деп жазған болатын. Осы қызметтердің бәрін де Бәйкен адал да тыңғылықты атқарды.

Бәйкен Әшімұлы тек 1985 жылы 68 жасында зейнет

демалысына шықты. Б.Ә.Әшімов 25 жылдан артық уақыт Республика Жоғарғы Кеңестің депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және оның бюро мүшесі, 15 жылдан астам уақыт Одақтық Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланды, көп жыл Кеңес Үкіметінің мүшесі болды.

Б.Ә.Әшімов Социалистік Еңбек Ері, 4 рет Ленин орденімен, 2 рет 1-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және «Оқтябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз», «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен, сондай ақ Польша мен Моңғолияның жоғары наградаларымен марапатталған.

Б.Ә.Әшімов еліміздің Тәуелсіздік алғанына халқымен бірге қуанды. Тәуелсіз республикамыздың Тұңғыш Президентінің еңбегін зор бағалап, оған деген ризашылығы мен сенімін былай деп білдірді: «Тәуелсіз Қазақстанымыздың Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев - еліміздің экономикалық күш құатын дамытуға тікелей қатысып, көп қажыр қайратын жұмсаған және оны ұйымдастыруға мол білік тәжірибесін қосқан адам. Н.Ә.Назарбаевты қай істің болса да жайына жетік, қабілетті де қажырлы басшы ретінде ертеден білемін. Ол өзінің қайраткерлік қызметінің алғашқы қадамын индустриялы Қарағанды облысынан бастады да, аз жылда бүкіл республикаға танылды. 1978 жылдан Орталық Комитеттің хатшысы, 1984 жылдың сәуірінен бастап Министрлер Кеңесінің Төрағасы ретінде республиканың экономикасымен белсене шұғылданды. Содан бергі 20 шақты жылдың ішінде саяси және мемлекеттік басшылықтың мол тәжірибесін жинақтады. Осындай сенімді қолдағы біздің республика оның еңбеккор, ұйымшыл халқы қазіргі уақытша қиыншылықты жеңіп шығатынына, сөйтіп таяу болашақта экономикалық және әлеуметтік прогрестің сара жолы ашылатынына мен кәміл сенемін».

Б.Ә.Әшімов өмірі мен қызметі өнегелі, ішкі мәдениеті аса жоғары, халқына қалаулы, еліне елеулі қазақтың шын мәніндегі зиялысы еді. Өмірлік жары Бақыт Әсетқызы екеуі ұзақ та ұлағатты ғұмыр кешті, ұл мен қыз тәрбиелеп, немерелер сүйді. Өмірінің соңғы жылдары ұлтымыздың қадірлі абыз ақсақалы ретінде көрген білгенін жастарға өсиет етіп, ақыл кеңес беруден жалыққан емес.

Міне, осындай абзал азаматтың қазасы бүкіл Қазақстан халқына ауыр тиді. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері,

кемел жазушы Әбіш Кекілбаев бұл суық хабарды естігендегі көңіл күйін былай білдіріпті: «Бәйкен аға дүниеден өтіпті. Айтар ауызға ауыр. Естір құлаққа әнтек. Тіпті сенгің келмейді. Ел бірлігін Құрандай ардақтаған Абыз Ағаның айтқанының бәрі әлі күнге құлағымызда саңқылдап тұр».

Көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Бәйкен Әшімұлының жақсы көрген інілерінің бірі Кәкімбек Салықов жуырда абзал ағасына арналған «Қазақтың асыл абызы» атты өлеңдер жинағын баспадан шығарды. Кітапқа ақынның «Бәйкен жолы» атты поэмасы және «Бәйкен ағамен ең соңғы сөйлесуім», «Сізге, бақұл жеңешем», «Бәйкен аға, бақұл бол!» атты өлеңдері мен Бәйкен мен Бақыт Әшімовтер рухына арналған «Реквием» енген.

Енді осы «Реквиемнің» бірнеше шумағын келтірейін:

Ақыл ісі - қартая білу деген,
Асыл кісі қарттығы білінбеген.
Бәйкен, Бақыт өмірде сондай еді,
Қашан көрсең жайдары күлімдеген.

Ауыр қаза сыздатса бауыр етті,
Ел көтерді бірлесіп ауыр дертті.
Бйкен, Бақыт - тарихтың межесі еді,
Алдымыздан бір үлкен дәуір өтті.

Адал еңбек басқаша жоқ ермегі,
Мың бөгетті әйтпесе жеңер ме еді?
Он төрт жылдай басқарған Үкіметті,
Ары таза - артынан сөз ермеді.

Мінезі бай, сыр бермес асыл кісі,
Құпия сол таңдантса ғасыр ісі.
Ақылдылар ішінде ол қажырлысы,
Қажырлылар ішінде ақылдысы.

Атағы зор ақтаңгер арыс жанға,
Не демекпіз кең жалған қарысқанда.
Хор қызындай серігі - Бақытына,
Шошып кетті... зор қатер жабысқанда.

Ел үстінде жан жары бес ай жатты,
Абыз қартты зор сынақ қалжыратты.

Күнде отырып қасында тілек арнап,
Үміт деген күзетті шамшырақты.

Бірақ кесел бой бермей алған үдеп,
Тоқтап қалды алыста қайран жүрек.
Пайғамбарлар ордасы дін жолымен
Аттандырды пейіштен орын тілеп.

Ойлы Бәйкен тас түйін тұйықталды,
Асыл тұлға аңғарды мұң жұтқанды.
Бақыты жоқ өмірдің сағаттары
Міз бақпастан ол үшін тұрып қалды.

Ауыр қаза мұң-шерін терең етті,
Жалғыздыққа білмеді не демекті.
Асыл аға он тоғыз күннен кейін
Бақытының соңынан ере кетті.

Аққу құстай көнбейтін жалғыздыққа,
Адалдыққа табынды абыздық та.
Қос жүрекке көлеңке түсірмеген
Бәйкен, Бақыт аңыз боп қалды жұртқа.

Кәкімбек ағамыз өзінің «Реквиемінде» Бәйкен Әшімұлы мен оның жан жары Бақыт Әсетқызына арнаған сөздерімен бүкіл халықтың жүрегіндегі мұның шынайы сипаттаған. Бұдан артық не айтуға болады? Ендігі айтарымыз: екі асылымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын!

«Солтүстік Қазақстан» 11.01.2011 ж.

ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ
(Бәйкен Әшімовтің туғанына – 95 жыл)

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, соғыс және еңбек ардагері, Қазақстан Үкіметін 14 жыл басқарған, Жоғарғы Кеңес Төралқасының Төрағасы болған, Социалистік Еңбек Ері, еліміздің абыз ақсақалы атанған Бәйкен Әшімұлы Әшімовтің тірі болса, бұл күндері 95 жасқа келгенін халқымен бірге тойлап жатар еді.

Бәйкен Әшімұлы 1917 жылғы 10 тамыз күні бұрынғы Көкшетау облысының Айыртау ауданы, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандағы Шабақбай ауылында туған. Өзінің естелігінде айтуына қарағанда, туған әкесі Әшім мұның 6 айлығында қайтыс болады да, шешесі Сақып Әшімнің туған інісі Қабдоллаға тұрмысқа шығады. Ол отбасында Бәйкен жетімдік көрмей өседі. 1932 жылғы аштық кезінде осы кісілердің кеңесімен сол аштықтан қашқан 15-тегі бозбала Қызылжар қаласына келіп, темір жол стансасының қасындағы ФЗУ-ға оқуға түседі. Екі жылдан кейін осы оқуды тамамдап, паровоз жөндейтін слесарь мамандығына ие болса да, ол темір жолда жұмыс істеген жоқ. Оқуға деген құштарлық оны осы күнгі Есіл ауданындағы Покровка ауыл шаруашылығы техникумына алып келді. Сонда екі жыл оқығаннан кейін, үшінші оқу жылының басында аудандық комсомол комитеті шақырып, оны саяси оқу бөлімінің меңгерушісі етіп қойды. Комсомолдағы жұмыс жас Бәйкенді, өзінің айтуынша, «ширатып жіберді». Ел аралап жүріп ел алдында сөйлеуге жаттықты. Көп ұзамай әскер қатарына шақырылды.

Бәйкен Әшімұлы – 1938 - 1945 жылдары Кеңес Армиясы қатарында борышын Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысқан канды майдан ардагері. Соғыста көрсеткен ерліеі үшін көптеген ордендермен және медальдармен марапатталды.

Елге жеңіспен оралған Бәйкен Әшімұлы бейбіт өмірді қалпына келтіруге қызу араласып, соғыс жылдарында күйзеліске ұшыраған, қираған өндіріс орындарын, ауыл

шаруашылығын, халық тұрмысын қалпына келтіруге, мәдениетті көтеруге білек сыбана кірісті.

Ол еліміздің әр аймақтарында (Көкшетау, Қарағанды, Талдықорған облыстарында...) басшылық қызметте болған кезінде іскер ұйымдастырушылық, талмас табандылық көрсетті. Оның біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілеті, адамгершілік қасиеті мен еліне деген адал да іскерлік қызметі, әсіресе, 14 жыл үздіксіз Қазақстан Үкіметінің басқарған жылдары көрінді.

2009 жылғы тамыз айында «Егемен Қазақстан» газеті акционерлік қоғамының Президенті Сауытбек Абдрахмановқа берілген сұхбатында Бәкең өзі сол кездегі жағдай туралы былай дейді: «Сол жылдары Қазақстанның көп салада ілгерілегені анық. Қазақстан өзінің экономикалық қуаты жағынан Ресейден, Украинадан кейінгі үшінші орынды нық алып тұрды».

Энономика ғылымының докторы, академик Аманжол Қошанов Бәкеңнің бұл сөзін былай деп нақтылайды: «Бәйкен Әшімұлы өзіне жүктелген дәуір сенімін абыроймен, мол талант, қажыр табандылықпен тарих алдында, Қазақстан халқының алдында орындап баққаны республика жұртшылығына аян.

70 – 80 жылдар Қазақстан экономикасының шын мәнінде өрлеу жылдары болды. Республиканың көпсалалы индустриясы мен ауыл шаруашылығы қарқын алып, алға басқан кезеңі еді. Әлеуметтік жағдай жыл сайын жақсарып, ғылым мен мәдениет жаңа бір жаңғыру кезеңіне ілігіп, қанатын кең жая түскен.

Бұл жылдары республикамызда жалпы Одақтық маңызы бар, одан бетер Еуропа деңгейіндегі ірі-ірі өнеркәсіп орындары қатарға қосылды. Олардың қатарында Қарағанды металлургия, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаттары жаңадан жаңғырып, белгілі Павлодар және Шымкент өнеркәсіп кешендері, Маңғыстау өңіріндегі жаңадан ашылған мұнай кеніш көздері іске қосылып жатты. Қаратау мен Шымкентте ірі фосфор орталықтары құрылып, бүкіл КСРО мен шығыс елдеріне аса қажетті өнімдер жөнелтіп, Қарағанды-Екібастұз бассейні бірігіп, атақты ГРЭС каскадтарының алғашқы блоктары іске қосылып, энергия қуатын пәрменді түрде молайтқаны белгілі. Бұлар және тағы басқа ірі кәсіпорындар Қазақстан Республикасының әлеуетін көтеріп, IX XI бесжылдықтар мерзімінде республика Одақ,

Еуропа шеңберінде айтулы өнеркәсібі дамыған елдер қатарында аталғаны мәлім.

Осы жағдайда қанатын кең жайған республиканың индустриялық аграрлық кешенінің өнімі ширек ғасыр (1961 – 1985 жж.) аралығында 12 есе өскен болатын.

Бұл жылдар шын мәнінде республиканың жұлдызды жылдары деп танылған-ды. Осы жетістіктер ең алдымен Үкімет орындарының басшылығына, олардың экономиканы дұрыс бағдарлап, ұйымдастыра білуіне, тынымсыз еңбегіне байланысты... Бәйкен Әшімұлының ел басқарудағы жеткен заңды шыңы осы кезең еді деп тануымыз абзал».

Бәйкен Әшімұлының ел экономикасы мен мәдениетін дамытудағы ерен еңбегі кезінде лайықты бағаланды. Басқа наградаларын былай қойғанда, 1977 жылы алпысқа келуіне байланысты оған Социалистік Еңбек Ері деген атақ беріліп, омырауына Алтын жұлдыз тағылды. Бұл бұрынғы Одақтағы Министрлер Кеңесі Төрағаларының еңбегін осылай бағалаған бірінші оқиға еді. Соған қарамастан, кейбір бастықтарша халық үшін еңбек еттім деп міндетсініп, кеуде соғып даурыққан жоқ. Себебі, Бәйкен Әшімұлы биік мәдениеттің, ізгі тәрбиенің, рухани тазалықтың адамы болатын.

Бәйкен Әшімұлы ұзақ жылдар бойы еліне адал қызмет жасап, 1985 жылы 68 жасында зейнетке шықты. Ол зейнетке шыққанымен, өзін кейбіреулерше жалғыз, далада қалғандай сезінген емес. Бәкең кең қолтық халқынан қол үзббей, онымен күнде араласа алмағанмен, көргендеріне, істес болғандарына жылы көзбен қарап, оған әрдайым көмек қолын созып отырды. Бұл жағдай елдің зейнетке шыққан ағасын ортасына қабылдауына себеп болды.

Бәйкен Әшімұлын Қызылжар елі айрықша қадір тұтып, ерекше мақтаныш етеді. Ол 15 жасында осы қалаға алғаш келгеннен бері бұл жерге талай рет ат басын тірегені белгілі. Оның мұнда келген әрбір сапарында болған кездесулері мен сұхбаттасулары жұртшылық жадында өшпес із қалдырды. Бәйкеңнің әрбір сөзінен елге, жерге деген перзенттік суйіспеншілігі анық сезіліп тұратын.

2006 жылы Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 70 жыл толуына орай «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағы бірінші болып Бәйкен ағамызға берілуі заңды еді.

Келесі 2007 жылы тамыз айында Бәйкен Әшімұлының 90

жасқа келген мерейтойы Астана қаласында өтті. Салтанатты жиналысқа Қызылжар елінен үлкен делегация қатысты. Салтанатта Нұрсултан Назарбаев Бәйкен Әшімұлына арнап құттықтау сөз сөйлеп, оны «ОТАН» орденімен марапаттады.

Астанадағы той өткеннен кейін Бәйкен ағамыз бен Бақыт жеңгеміз туған жері Солтүстік Қазақстанға келді. Астанада басталған той туған елінде жалғасты. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 70 жылдығына байланысты ғылыми практикалық конференция өтіп жатқан болатын. Бәйкен Әшімұлы конференцияға қатысып, ұлағатты сөз сөйледі. Ол өз сөзінде Қазақ елінің егемендік алып, қуатты мемлекет болғанын ерекше мақтанышпен атап өтті. Еліне, халқына, Елбасына, облыс тұрғындарына батасын беріп, жерлестерін бірлікке, ынтымаққа шақырып, келешекте облыстың, еліміздің бұдан да көркейе түсуіне тілек білдірді. Тоқсанға келсе де, тұғырынан толғанысы ешкімді бейжай қалдырған жоқ. Бүкіл залдағы адамдар дүркірете қол соғып, қошемет көрсетті.

Бәйкен Әшімұлы - тек қызылжарлықтардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының мақтанышы әрі тілектесі. Ол, әсіресе, тәуелсіз республикамыздың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегіне зор ризашылық білдіріп, оған әрдайым тілектес болып отырды.

Жоғарыда келтірілген Сауытбек Абдрахмановқа берген сұхбатында: «Нұрсұлтан Әбішұлы елдің көшін бір белестен бір белеске биіктетіп алып бара жатыр... Елдің тізгіні Н.Ә.Назарбаевтың қолында барынша ұзақ болуы үшін біз қолда бар мүмкініктердің бәрін де жасауымыз керек. Өзіміз үшін жасауымыз керек. Болашағымыз үшін жасауымыз керек...», - дей келе, ол сөзін жалғастырып, былай деді: «Тоқсаннан жасы асқан мына маған енді ештеңенің де керегі жоқ. Тек елдің тыныштығы, жердің бүтіндігі, ердің мерейі керек. Соның бәріне халқымызды жұмылдыратын, алыс асқарларға ұмтылдыратын Азамат бізде бар. Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен біздің алар асуларымыз әлі алда. Елбасымыздың бергені көп, берері одан да көп. Нұрсұлтан қазір нағыз кемеліне келді. Қай жағынан да, қандай биіктен қарағанда да Азаматтың тілеуін тілейік, ағайын! Тілеуін тілеу деген ең алдымен Елбасымыз бастаған ұлы іске тірек болудан, қолдау көрсетуден танылуы тиіс. Ежелден елдікті ерекше қадірлеген халқымыздың мемлекет мұратын бәрінен жоғары қоятынына мен сенемін».

Бәйкен ағамыз байыпты мінезі, қажырлы қайраты, еңбекшілдігі, әділдігімен қызметінде үлкен биіктерге көтерілсе, отбасында да адами бақытты болған. Зайыбы Бақыт Әсетқызы ұлағатты ұстаз, адал жар, аяулы ана, дастарқанынан қонағы үзілмейтін берекелі отанасы еді. Бәйкен аға әрдайым «Бақытым менің - менің бақытым» деп айтып жүреді екен. Бәйкен Әшімұлының 64 жыл бірге жасасып, өмір сүрген сүйікті жары Бақыт Әсетқызы 84-ке қараған шағында 2010 жылдың 16-шы қантары күні қайтыс болды. Бақыт жеңгеміздің қайтыс болғаны Бәкеңе ауыр тиді. Сол кезде ағамыздың қасында болған еліміздің белгілі азаматы Мақтай Сағдиев: «Қайғы үстінде қасында болғанымызда Бәкең: «Енді Бақытым жоқ қой. Ойпырмай Бақытсыз күнім қалай болады?» - дегенді жиі айтты», - дейді. Бұл ауыр қазадан кейін Бәйкен ағамыз да көп тұрмады. Сол 2010 жылдың 5 ақпаны күні 93-ке қараған шағында бұл фәниден бақиға аттанып кетті.

Осы жағдайға орай Бәкеңнің қадірлі інісі, көрнекті ақын Кәкімбек Салықов «Бәйкен аға, бақұл бол» деген өлең жазды. Онда мынадай жолдар бар:

Қырандай Алатауда самғайтұғын,
Жан еді ау тер төгілткен алмай тыным.
Әкетті тоқсан үште Бәкенді де
Қара жер қанша жұтса тоймайтұғын.

Мықты еді түсті тағдыр шалысына
Жетті ажал Бақыт атты жан құсына
Қырық күн өтпей жатып оқыс кетті
Шыдамай жан-жарының қайғысына.

Бәйкен Әшімұлы қайтқан күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев марқұмның отбасы мен туған туыстарына көңіл айтты. Онда былай делінген: «Еліміздің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бәйкен Әшімов ағаның дүниеден өтуіне байланысты, баршаңызға ауыр қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын. Халқымыздың шын мәніндегі абыз қариясы өмірден озды. Ол ұзақ та мағыналы ғұмыр кешті.

Ол шын мәнінде білімді, талантты, талапшыл, адамгершілік қасиеттерге бай, аса беделді тұлға бола білді. Халқымыз оның өнегелі өмірі мен еңбегін ұмытпайды. Бұл кейінгі ұрпаққа жақсы үлгі болуға тиіс».

Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов «Егемен Қазақстан» газетінің 6-шы ақпанындағы санында:

«Әр дәуірдің айбынын тасытып, рухын көтеретін Толағай Тұлғалары болады. Бәйкен аға - өз заманының заңғары, елінің майталман марқасқасы еді. Оның ғұмырнамасы да ұрпаққа үлгі, кім-кімге де өнеге боларлық өрелі жол. Ол қан майданда елін қорғап ерлік көрсетсе, бейбіт күнде елі үшін еңбек етіп, парасатын танытты, даналығын дәлелдеді. Алты Алаш халқы, ел жұрты Бәйкен ақсақалдың жасағаны мен атқарғанын еш уақытта ұмытпайды. Ол ұлт жүрегінде, ұрпақ жадында ұлтының ұлағатты ұлы елін - ел ету жолында аянбай еңбек еткен тұлға ретінде мәңгі сақталады», - деп жазды.

Иә, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері еліміздің адал да абзал перзенті Бәйкен Әшімұлын бүкіл Қазақстан халқы мәңгі ұмытпайды, оның жолымен еліне жасаған ерен еңбегі қазіргі және келешек жастарға үлгі, өнеге болып қала береді.

Алдағы уақытта Бәйкен ағамыздың есімі қаламыздың бір көшесіне берілсе, Покровкадағы ол оқыған колледждің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылса, сол колледждің мұражайында оған арналған бұрыш ашылса деген тілегімді білдіргім келеді.

«Солтүстік Қазақстан» 9.08.2012 ж.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ
(Шияп Садықұлы Садықов)

Халқымыз өз өмірін адал еңбекпен өткізген, кейінгі толқын ұрпақтарға ұлағат ұсынған адамды әманда ұстаз санайды. Ұстаз - ізгілігіне әркім іңкар болып, өзі де жан дүниеңе жақсылық рухын құятын тұлға. Ол мәңгілік құрмет тұтар асылың, ет жақын ағайындай аса ардақты. Ұстаз ұсынған ыстық қолдың табы жүрегіңді жылытып, жарқын өмірге жетелейді. Кейінгі жастың келелі істерге ұдайы ұмтылуы да содан.

Осындай ұлағатты ұстаздың бірі және бірегейі қырық жыл мұғалімі болып, оның 20 жылын мектеп директоры болып қызмет атқарып, жүздеген жас бүлдіршіндерге сапалы білім, саналы тәрбие берген Қазақ ССР-на еңбек сіңірген мұғалім - Шияп Садықұлы Садықов.

Мен Шияп Садықұлы туралы жақсы лебіздерді оның өзімен кездеспей тұрып ақ талай адамдардан естідім. Кейін Алматыдан Университет бітіріп келіп әуелі сол кездегі (1957 ж.) Хрущев атындағы мектепте мұғалім болып келесі жылы сол мектептің оқу-тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары болып істеп жүргенде ол кісіні бірінші рет көріп таныстым. Ол кезде Шәкең Октябрь ауданындағы (қазіргі Шал ақын ауданы) Ленин орта мектебінде (қазір Мәркен Ахметбеков атында) директор екен.

Ол жылдары Октябрь аудандық оқу бөлімі (меңгерушісі В.Д.Кузнецов) аудандағы орта және орталау мектептердің басшыларын оқу-тәрбие жұмысы жақсы дәрежеде жүріп жатқан бір мектепте жинап семинар өткізіп, әрі сол мектептің жақсы істерімен таныстыратын.

1958 жылдың қысында осындай семинар біздің Хрущев (кейін Комсомольская СШ) орта мектебінде өтті. Семинарға аудан (ол кезде Октябрь ауданы осы күнгі Шал ақын және Тимирязев аудандарының аумағын түгел қамтитын) мектептерінің басшылары және оқу бөлімінің қызметкерлері, бастығы Кузнецов болып қатысты. Қонақтарды мектеп директоры И.А.Юндин екеуміз қарсы алдық. Келгендердің ішінде Ленин орта мектебінің директоры Шияп Садықұлы мектеп жұмысымен танысқаннан кейінгі қорытынды отырыста сөз алып сөйлегені әлі есімде. Ол өте салмақты

асықпай аптықпай баппен сөйлейді екен және әр сөзін нақты фактілермен дәлелдеп отырды. Семинар барысында орыс мектебінде завуч болып істеп жүрген жас маман маған іш тартып, ақыл-кеңесін де айтып жүрді.

1959-1960 жылдары мен Шәкең басқарып жүрген Ленин мектебінде өткен бірнеше семинарға қатыстым. Мен ол кезде сол аудандағы Городецк орта мектебінде директор болып істейтінмін. Сонда байқағаным ол басқарған мектептегі қалыптасқан тәртіп өте жоғары деңгейде болды. Ондағы оқу тәрбие жұмысы ешқандай іркіліссіз, күні бұрын жасалған жоспар бойынша зор ыждағаттықпен жүреді екен. Мұғалімдер ұжымы да, оқушылар да, ауыл адамдары да Шәкеңді қатты сыйлайды екен. Сондықтан да Шияп Садықұлы ұлағатты ұстаз деген ардақты атаққа ие болды.

Қырық жыл мұғалім болған Шәкеңнің шәкірттері де өзімен ілесе жүрді. Оның алдынан оқып дәріс алған, тәлім-тәрбие алған шәкірттерінің басын қосса ауыл түгіл ауданға сыймас-ау!.. Сол шәкірттерінің ішінде ұстазының жолын қуып мұғалім болғандарының өзі қаншама! Сондықтан да халық оны ұстаздардың ұстазы деп қадірлейді.

Шәкең соғыс және одан кейін халық тұрмысының ауыр кездерінде талай жетім балаларға қол үшін беріп, олардың оқып білім алуына көмектескен адам. Алматыда Университетте оқып жүрген кезімде өзіміздің Октябрь ауданының Алқаағаш ауылынан келіп Алматының Тау-кен институтының студенті Махметов Базарбайдың Шәкеңнің арқасында Ленин орта мектебін бітіріп, осы институтқа түскені туралы әңгімесі әлі есімде. Базекеңнің айтуынша, жас жетім бала Базарбай ауылындағы бастауыш мектепті тәмамдағасын оқуын әрі қарай жалағастырмақ болып, оқу бітірген куәлік қағазын алып, ескі киімдерін анасына жаматып киіп, Ленин мектебіне баруға жаяулап жолға шығады. Біраз жүргеннен кейін шаршап, аздап жол жиегіне отырып дем алып, қайта жүреді. Сөйтіп аяғын әрең басып келе жатқанда артынан шалқайма қорапты арбамен келе жатқан бір кісі мұның жанына келіп атын тоқтатып, шақырып алып, қайда бара жатқанын сұрайды. Бала жөнін айтады. Бұл кісі Шияп Садықұлы еді. Ол баланы ауылға алып келіп интернатқа орнықтырып, мектепке оқуға алады. Содан Базарбай сол мектепті бітіріп, Тау-кен институтына түседі. Институтты бітіріп горный инженер мамандығын алып,

көп жыл Қарағанды шахталарында инженер болып қызмет атқарды. Қазір зейнеткер, үйлі-баранды. Шәкеңнің сол жақсылығын осы күнге дейін есіне алып зор ризашылықпен айтып отырады.

...Сонау соғыс жылдары болатын. Ауыр жараланып, елге оралған Шәкең шәкірттерінің шаруасымен жұмысшылар кооперациясы кеңсесіне келгенде әлі балиғатқа толмаған баланы көреді. Киімі жұқа, өзі жүдеу бала жұмыс сұрай келген екен. Мұндай балаға жұмыс жоқтығын білген ол тіпті тебіреніп кетті. Бала біткенді бақытына балаған ұстаз шыдап тұра алмады, баланың жанына барып, жағдайын сұрады.

Баланың әкесі соғыста мерт болыпты. Шешесі төсек тартып жатыр екен. Шиеттей бес інісімен қарындасы қолға қарап отырған көрінеді. Ал бала - Сабыров Дайыр, Қостанай облысында 6 класта оқып жүріп, тұрмыс тауқыметінен осындай халге түскен.

- Мен де соғыста болып, жараланып оралған бетім, - деді Шәкең балаға мүсіркей қарап. Мүмкін, әкең менімен майдандас болған шығар?

- Ол батырлықпен қаза тапты, - деді Дайыр, «қара қағаздан» оқыған сөздерін қайталап.

Майдангер мұғалім Дайырмен көп сырласты. Екеуі әкелі-балалы жандай түсініскен сәтте, сөзінің соңында Шәкең былай деді:

- Мені туған әкеңе бала, Дайыр. Мен сені өз баламдай көрейін. Әкеңді жоқтатпаймын. Осыдан кейін Дайыр Шәкеңнің - мектеп директорының үйіне орналасты. Шәкеңнің бала-шағасы Дайырды жатсынған жоқ. Мисалым жеңгей де шетқақпай қылмай, ана құшағын айқара ашты. Дайырды киіндіріп, ішіндіріп, 7 класқа отырғызды.

Дайыр да оқуға бар ынтасын салып бақты. Оның көңіл-күйін зер салып бақылайтын Шәкең жүдетпеуге тырысты. Демалыс күндері үйіне шешесі мен туыстарының хал-жағдайларын біліп келуге және сапар сайын жас інілері мен қарындастарына сәлемдемелер беріп жіберетін. Сөйтіп баланың отбасына да көмектесті.

Арада төрт жыл өтті. Дайыр жаңа отбасына әбден сіңісіп, үйреніп алды. Шияптың балалары да оның туған бауырларындай болып кетті. Солай 10-шы класты бітірді. Содан оны Шияп Садықұлы өз қолынан Алматының медицина институтына аттандырды.

Медицина институтының студенті Дайыр Сабыров өзінің әкесіндей қамқорлық көрсеткен ұстазына жиі-жиі хат жазып тұрды. Ол хаттар шынайы ыстық сезіммен ұстазға арналған алғысты білдіретін. Дайырдың бойындағы адамгершілік, сыпайылық, сезімталдық секілді қасиеттер Шәкеңді шаттыққа бөлейтін.

- Көрерсің, бұл жігіт тамаша дәрігер болып шығады! - дейтін ол сондай сәтте.

Бірақ екінші жарты жылдықтан кейін Дайыр хатты сиретіп жіберді. Біраздан кейін хат мүлдем келмей қалды. Шияп Садықұлы көп назаланды. «Ауырып қалмады ма екен?» деп күдіктенді ол. Кейбіреулер оған «институттың ректорына хат жазып білу керек» деген кеіес берді. Шияп оларды тыңдаған жоқ. «Дайыр тектен текке үндемей жатқан жоқ шығар, - деді ол үй ішіне, - мен өзім барып білуім керек».

Алматыда ол Дайырдың медицина институтын тастап кеткенін білді. Қайда кеткенін ешкім айта алмады. Институтта оқыған кезіндегі оның үлгерімі жақсы көрінеді. Ендеше неге оқымай кетті? Дайырға деген сенім мен үміт алдағаны ма?

Шияп үйге ренжіп қайтты, біреу өзінің бір асыл казынасын ұрлап кеткендей сезінді. Ал үйде оны қуанышты хабар күтіп жатқан. Есіктен кірісімен жұбайы оған Дайырдың хатын ұсынды.

«Қымбатты Шияп ағай! - деп жазыпты ол, дәрігерлік менің мамандығым емес екенің түсіндім. Сондықтан бекерге уақыт өткізіп, студент орынын алғым келмеді. Бұл қылығыммен, бәлкім, сізді ренжітермін де. Бірақ өзіңіз үйреткендей, қателікті мол ұлғайып кетпей тұрғанда түзеткен дұрыс қой деп ойладым. Қазір құрылыста жұмыс істеп жүрмін. Сонымен бірге Москваның геодезия және картография институтына дайындалудамын. Маған енді ақша салмаңыздар. Енді өзім сіздерге көмектесуге тырысамын».

- Сенемін саған, балам! - деген сөз шығып кетті ұстаз аузынан. - Сен өз жолыңды өзің таңдап алуың керек еді. Бұл жерде қателік менен болды. Шияп Садықұлы Дайырға ризашылық көңілін білдіріп хат жазды. Тек будан былай не болса да, жасырмай жазып тұруын өтінді.

Дайыр ұстазының үмітін ақтап шықты. Кейін ол Алматыда ауыл шаруашылығы министрлігінде қызмет істеді.

Шәкеңді білетін үлкен кішінің бәрі сыйлайтыны сондықтан. Өйткені ол жақынның емес, жалпының, өз халқының, өзінен

оқыған ның ғана емес, өз өнегесін тоқыған ның ұстазы. Әлбетте, халық таңдаулы ұлдарын өмірден көргеніне және тергеніне, қоғамға бергеніне қарап бағалайды. Осы тұрғыдан алсақ Шәкеңнің үлес салмағы басым жатыр.

Шияп Садықұлы осы мектепте отыз жылдан аса ұстаздық етіп, жиырма жылдай директор болды. Мектеп оның кезінде облысымыздағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі болды. Шәкеңнің көптеген шәкірттері жоғары оқу орынын бітіріп келіп өзімен бірге ұстаздық құрып, жастарға білім беруде үлкен жетістіктерге жетті.

Міне, осындай артына мол із қалдырған тамаша ұстаз Шәкеңнің ұлағатты істері ұмытылмауға тиіс.

Кітапта: «Қалдырған ізі мәңгілік». Құрастырған Ғалым Қадірәлі. Петропавл, 2005, 96 – 103 беттер.

БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ, БІЛІКТІ ҰСТАЗ (профессор Мұқаш Елеусізов - 90 жаста)

Жерлесіміз, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жылдар бойы Алматы Жоғары партия мектебінде, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде, Ұлттық Ғылым академиясы жанындағы экономика институтының ғылыми кеңесінде қызмет атқарған, экономика ғылымының докторы, профессор Мұқаш Елеусізов тоқсан жасқа толып отыр.

1921 жылғы шілдеде Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Жаңажол ауылында Елеусізовтер отбасында тұңғыштары дүниеге келеді. Нәрестенің есімін Нұрмұхамед қойғанмен кейін еркелетіп Мұқаш атап кетеді. Мұқаш жасынан балалардың сауатын ашып білім беретін мұғалім болуды армандайды. Оның себебі де бар. Ол бала кезінен әкесі Ғаббастың туған туысқандары мен көршілеріне әліпбиді үйретіп, сауаттарын ашқаның көріп өскен.

Мұқаш соғыстың алдындағы жылы орта мектепті бітіріп, одан кейін мұғалімдер курсын тамамдайды. 1940 жылдың тамызында облыстық оқу бөлімі оны Жарқын жетіжылдық мектебіне тарих пәнінің мұғалімі етіп жібереді. Бірақ ол мектепте көп істей алмайды, соғыс басталып кетеді. 1941

жылдың қазан айында КСРО-ның шекаралық әскеріне шақырылып, Қиыр Шығыс жерін қорғауға жіберіледі. Приморье шекара округінің, кіші басшылар құрамының айлық мектебін бітіргеннен кейін шекара отрядтарының 59-шы және 60-шы бөлімдерінде бөлімше командирі, заставаның саяси бөлімі бастығының орынбасары қызметтерін атқарады. 1945 жылдың тамызында Ленин орденді 59-шы Камчатка теңіз шекара отрядының құрамында империалистік Жапонияны талқандауға қатысады.

Жапониямен соғыс аяқталғаннан кейін ол тек 1946 жылдың күзінде ғана бейбіт еңбекке оралады. 1946 – 1950 жылдар аралығында ол Совет (қазіргі Аққайын) аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы және Солтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің хатшысы болып істейді.

Білімге құштар Мұқаш Алматыға барып республикалық партия мектебіне оқуға түседі. 1952 жылы партия мектебін жақсы бітірген соң сонда саяси экономия кафедрасында оқытушы болып қалдырылады. Осы қызметте жүріп ол Қазақстан Ғылым академиясының экономика институутының аспирантурасын сырттай оқып тамамдайды. Академияның соңғы курсында оқып жүрген кезінде оған Қазақстан экономикасы жөнінде лекция оқып жүрген академик Сақтаған Байішевтің ұсынысымен «Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарасы» деген тақырыпты зерттеу тапсырылады. «Сақтаған ақсақал Шоқан жөніндегі зерттеуді маған жүктеуі себебін менің аз да болса араб әріптерімен жазылған архивтік материалдарды оқуға мүмкіндігімнің барлығына байланыстырған. Кейін академик Әлкей Марғұланның кеңесімен Ленинградтағы география қоғамына Шоқан Уәлихановтың архивін зерттеуге барғанымда арабша оқуды білгенім іске асып, Шоқан қолжазбаларымен танысуыма мүмкіндік алдым», - дейді Мұқаң өзінің естелігінде.

Шоқан еңбектерінде пайымдалған шаруашылық, экономикалық құнды пікірлерді жинақтап қорытудың нәтижесінде «Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарасы» деген кітабы 1959 жылы жарық көрді. Осы кітапта қозғалған проблемалар негізінде Мәскеудегі Жоғары партия мектебінің ғылыми кеңесінде 1960 жылдың наурыз айында «Қазақтың тұңғыш ғалымы әрі ағартушы демократы Ш.Ш.Уәлихановтың экономикалық көзқарасы» деген

тақырыпта диссертация қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты деген атаққа ие болды. Сол жылы осы еңбегі Мәскеуде орыс тілінде «Экономические воззрения Ч.Ч.Валиханова» деген атпен жеке кітап болып шығуының арқасында Шоқанды бүкіл кеңес еліне танытты.

Мұқаш Ғаббасұлы бұдан кейін В.И.Лениннің социализм жағдайында шаруашылықты басқару жөніндегі пікірлерін зерттеп, «В.И.Лениннің шаруашылықты басқару жөніндегі принциптері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Бұл еңбегінің құндылығын Мұқанның диссертациясына берілген бағалар айқындай түседі.

Мысалы, СОКП Орталық Комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясының профессоры М.З.Бар «М.Ғ.Елеусізовтің диссертациясы оның маркстік-лениндік теорияны жетік меңгерген ғалым экономист, тақырыбына байланысты барлық материалдар терең зерттелген және іс жүзінде қолдануда зор маңызы бар» десе, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры И.Т. Степанов «Социализм жағдайында халық шаруашылығын ғылыми тұрғыда басқарудың лениндік принциптері толығынан қамтылған», - деп жоғары бағалады.

Мұқанның баспадан шыққан жалпы көлемі 300 баспатабақтан асатын ғылыми еңбектерін атасақ та болады. Оның ішінде «Ленинская наука руководства народным хозяйством», «Ленинские принципы управления социалистической экономикой», «Очерки истории социально экономической мысли дореволюционого Казахстана» сияқты оннан астам монография, 300-ден астам ғылыми мақалалары бар.

Мұқаш Ғаббасұлы Алматы Жоғары партия мектебінде 40 жылдай өнегелі дәріс бере жүріп, ғылыми аттестация жұмысына да белсене қатысып отырды. Соңғы 20 жыл бойы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің және Ұлттық Ғылым академиясы жанындағы Экономика институтының диссертациялар қорғайтын ғылыми кеңестерінің мүшесі болды. Оның тікелей басшылығымен оннан аса аспирант кандидаттық диссертация қорғады отыздан астам кандидатқа, бес докторға ресми сапаршы (оппонент) болды. Отыз жыл бойы саяси экономия кафедрасын басқарды.

Мұқанның осындай еңбектерін ескере келіп, 1978 жылы

Қазақстан Жоғары Кеңесінің Төралқасы оған «Қазақстан Республикасының ғылымға еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметті атағын берді. Профессор М.Ғ.Елеусізовтің ғылыми еңбектері жоғары бағаланып, ол Қазақстанның гуманитарлық және Халықаралық экономикалық Еуразия академияларының академигі болып сайланды.

Отанды отты жылдарда жаудан қорғаған ерлігі және бейбіт өмірде жұмсаған ерен еңбегі үшін Мұқаш Ғаббасұлы екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, екі мәрте «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальмен, 3 рет Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Мұқаңның жарты ғасыр отасқан аяулы жұбайы Мағри Рамазанқызы да алғашқы еңбек жолын комсомолда қызмет атқарудан басстап, соңғы жылдары білікті кітапханашы болған еді. Ол екеуі үлгілі үш қыз тәрбтелеп өсірді. Үлкені Әмина мен кішісі Гүлнар әкесінің жолын таңдап, екеуі де экономика ғылымдарының кандидаты атанды, ортаншысы Разия - инженер. Өкініштісі Мұқанның жан жары Мағри жеңгеміз бұдан бірнеше жыл бұрын дүние салды.

Мұқан бұл күндері бес немере, бірнеше шөбере сүйіп, олардың қызығына бөленіп отыр. Өзінің ұстаздық жолын сонау отты жылдар қарсаңында ауыл мұғалімнен бастаған ғалым Мұқаш Ғаббасұлы Елеусізовтің өмірі кімге болса да үлгі боларлық. Ол Отаны үшін, елі үшін табаны күректей 50 жыл еңбек етіп, оның 40 жылдан астамын бір жерде, Алматы Жоғары партия мектебінде ұстаздық қызметте өткізіп, 70 жасқа толар қарсанында дербес зейнеткер болып демалысқа шықты. Алайда, ол зейнеткерлікке шыкса да, үйде қол құсырып отырған жоқ, шығармашылық жұмыспен айналысты. Сөйтіп, зейнеткерлікке шыққаннан кейін «Менің өмір өткелдерім» (1995 ж.), «Ұмытылмас кездесулер» (1999 ж.), «Асыл азаматтар» (2000 ж.), «Ұстаздық еткен жалықпас» (2001 ж.), «Елімізге басшы кадрлар даярлаған орда» (2003 ж.), тағы басқа естелік жанрда жазылған кітаптарын жарыққа шығарды.

Бұларға қоса ғалым өзінің данагөй әкесі 102 жасқа келіп, дүние салған марқұм Ғаббас Омарұлының көп жылдар жинап қалдырған халқымыздың ақын, жырауларының, би шешендерінің ғибратты сөздерін, айтыстарын, ертегі аңыздары мен мақал мәтелдерін араб алфавитінен қазіргі кириллица алфавитіне көшіріп «Даналар қалдырған мұра»

(2004 ж.) деген атпен баспадан шығарды. Сонымен қатар Мұқаң 2004 жылы Алматының «Арыс» баспасынан шыққан Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясының редакциялық кеңесінің мүшесі ретінде де көп еңбек сіңірді.

Естелік кітаптарында ғалым өзінің өмір жолында бірге оқыған , бірге қызмет істеген жолдастары туралы және әр кезде кездескен республиканың партия, кеңес органдарының басшылары, ғылыми мекемелердің өкілдері туралы жазады. Олардың ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов, үкімет басшылары Нұртас Оңдасынов, Жұмабек Тәшенов, Қазақстан Ғылым Академиясының бірінші президенті Қаныш Сәтбаев, партия мектебінің директоры Құрманғали Оспанов бар. Сонымен қатар сол жылдары кездесулерде болған ақын, жазушылар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Ұлы Отан соғысының батырлары Бауыржан Момышұлы, Жәлел Қизатовтар туралы да жылы лебіздер айтылған.

Мұқаш ағамыз әлі де тың, Алматыда тұрып жатыр. Оның өмір жолы мен ұстаздық және шығармашылық қызметі қазіргі жастарға үлгі болары сөзсіз.

«Қызылжар нұры» 22.07.2011 ж.

АРТТА ҚАЛҒАН АУДАНДЫ АЛҒА ШЫҒАРҒАН
Ніл Болатбаев шапағаты мол адам еді

Елімізге белгілі азамат Ніл Болатбаев көзі тірі болса, бүгінде 90 жасқа келер еді. Оның осыдан он алты жыл бұрын үзілген өнегелі өмірі мен еңбек жолы халыққа адал қызмет етудің тамаша үлгісі екені анық.

Ол 1962 жылдың сәуір айында бұрыңғы Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданына Приишим аудандық атқару комитетінің төрағалығынан жоғарылап, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Мен ол кезде сол аудандағы Городецк орта мектебінің директоры едім. Ауданымыз жер көлемі жағынан да, елді мекендері мен тұрғындар санының көптігінен де облыс бойынша бірінші орында болатын. Міне, осындай ірі ауданды Ніл Әдғамұлы табаны күректей 8 жыл басқарды. Бұл онымен бірге қызмет істегендер үшін үлкен бір шыңдалу мектебі іспетті еді. Ол жұмыста да, басқа уақытта да әрқашан сабырлы әрі әділ болды. Оның есте ұстау қабілеті де күшті еді. Бір көрген кісісінің аты-жөнін, мейлі ол басшы қызметкер немесе қарапайым механизатор, малшы, сауыншы болсын, еш ұмытпайтын. Сондықтан кез келген адаммен тез тіл табысып, емен-жарқын әңгімелесе кететін.

Ніл Болатбаев басқарған кезде аудан халық шаруашылығының барлық саласынан және әлеуметтік-мәдени даму жөнінен облыс аудандарының көшін бастап, екі мәрте Мәскеудегі халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне (ВДНХ) қатысты.

Ніл Әдғамұлы әдебиет пен өнерге де жақын болатын. Баспалардан жарық көріп жатқан нелер қызық кітаптарды тауып алып, оқитын. Бірге жүрген жолдастарына да ана кітапты оқыдындар ма, мынаны көрдіндер ме деп отыратын. Қызылжарға келген атақты, жерлес жазушылар Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповті ылғи өзі қарсы алып, пікір алысып, ұзақ әңгімелесетін. Ол әйгілі жерлесіміз, академик Евней Букетовпен де жақсы қарым қатынаста болды, тіпті, оның кейбір еңбектеріне өз пікірін де білдіретін.

Ніл Әдғамұлы қызмет атқарған кезде ауданымыз ұлттық кадрларды даярлау орталығына айналды. Осында Нікеннен тәлім-тәрбие көрген М.Сағдиев, М.Ахметбеков, А.Базарбаев,

Ж.Ысқақов, Е.Керейбаев, Қ.Қалиев, М.Едіресов, Ж.Сақыпкереев, П.Телюк, П.Науменко, Б.Сағындықов, Е.Викторов, И.Квашин, Қ.Халықов, Г.Бубнов, т.б. азаматтар кейін жоғарылап, республикалық, облыстық, аудандық деңгейлерінде басшыдық қызметтер атқарды.

Артта қалған ауданды көтеріп, көп тәжірибе жинақтап, талай сыннан өткен Ніл Болатбаев 1970 жылғы желтоқсан айында Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Бұл лауазымда оның ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі, тамаша адамгершілік қасиеті, тіпті, жарқырай түсті. Ол облаткомды басқарған 16 жылда Қызылжар өңірінің көптеген жетістіктерге жеткені жұртшылыққа мәлім.

Нікең зейнет демалысына швққан соң да үйде қол құсырып отырып қалған жоқ. Көп жыл бойы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының жанындағы ақсақалдар алқасын басқарды. Туған тіліміз, әдет-ғұрпымыз, мәдениетіміздің қайта өркендеуіне, қазақ балаларының ана тілінде білім алуына айрықша назар аударып, мүмкіндігінше көмек көрсетті. Оның Қызылжар қаласындағы ескі мешіт ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, жаңа мұнара салу ісіне аянбай кіріскені есімізде. Бұл игі іске қаржы табу да оңай емес еді. Тек Нікеңнің беделінің арқасында жергілікті кәсіпкерлер мұнараға қаржы бөліп, ғибадатхана құрылысын бітіріп берді.

Ақсақалдар алқасының төрағасы ретінде Ніл Болатбаев өзімен бұрын қызметтес болған, інісіндей көретін Жақсылық Ысқақовты өзіне орынбасар етіп алды. Алқа мүшелерінің көпшілігі бұрын аудандық партия комитетінде 2-ші, 3-ші хатшы, аудандық атқару комитеттерінің төрағалары және олардың орынбасарлары, кеңшарлар басшылары сияқты ірі қызметте болған азаматтар еді. Олар Нікеңнің басқаруымен Петропавл қаласында қазақ мектебін ашу сияқты маңызды мәселелерді қозғап, мемлекеттік органдардың алдына проблемалар қоя білді. Жұрт өтініш, тілектерімен ақсақалдар алқасына барып, қойған сұрақтарына тұжырымды да тиянақты жауап алып отырды. Мұның бәрі алқа төрағасы Ніл Болатбаевтың біліктілігінің, іскерлігінің, бай тәжірибесінің арқасында мүмкін болған игі істер еді. Сонымен қатар, Нікең көзі жұмылғанша республикалық Д.Қонаев қорының облыстық филиалын да басқарды.

Ніл Әдғамұлының қарамағындағы адамдарға - жастарға да, кәрілерге де қамқорлығы мол еді. Оның шапағаты тимеген адам кемде кем шығар. Мені сонау Октябрь ауданындағы қызметімнен білетін. Кездескен сайын хал жағдайымды сұрап, біліп тұратын. Кейін мен облыстық оқу бөлімі менгерушісінің орынбасары болып істеген жылдары да сол әдетінен жаңылмай, ақыл кеңесін айтып жүретін еді. «Қазақ тілі» қоғамы мен ақсақалдар алқасында да үнемі кездесіп жүрдік. Мен әр кез асыл ағаның ақыл-кеңесін, қызықты әңгімелерін тындап, оның көп білетіндігіне, өмірлік мол тәжірибесіне тәнті болатынмын.

Қазір өткенді саралап, ой жүгіртсек, Нікеңнің облыста халық үшін жасаған игілікті істері ұшан теңіз екенін байқаймыз. Сондықтан да оның атқарған игілікті істері ешқашан ұмытылмайды, ардақты есімі ел жадында сақталады.

«Солтүстік Қазақстан» 20.09.2012 ж.

АЙТЫСТЫҢ АҚТАНГЕРІ
(Игібай Әлібаев - 100 жаста)

Баласы Әлібайдың Игібаймын,
Гүлбақшада сайраған бүлбүлдаймын.
Домбырам екі шекті жан серігім,

Алуан түрлі ән салам, жаңылмаймын, - деп осы бір шумақ өлеңмен өзінің бар болмысын көрсете білген арқалы ақын, асқақ әнші Игібай Әлібаевтың туғанына 100 жыл толғалы тұр. Ол 75 жасында дүниеден өтті. Сол жылдары, сонау балалық шағынан бастап қаншама өлең шығарып, қаншама ән айтты десеңізші! Оның балалық шағы қиыншылықта өтті. Ол туралы ақын «Албырт шақ есімде» деген өлеңінде:

Албырт күн әлі есімде бала шағым,
Тұманды сияқты еді, бұлар сағым.
Түн күзет, күн бақташы елден жырақ,
Көре алмай, аңсап-талып қызықтарын,-
деп есіне алған болатын.

Игібай Әлібаев төкпе ақын, асқақ әнші, өз өлеңдеріне өзі ән шығаратын сазгерлігімен бірге асқан суырып салма айтыскер ақын еді. Бүкіл қалың ел оны айтыстың ақтаңгері деп бекер атамаса керек.

«Ақынның көпшілік көзіне ақын боп танылуы тез тапқырлығы мен сөзінің өткірлігінде. Қысқасы, ақынға ақындық атақ әперетін поэзия жанры, көбінесе, «айтыс». Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы - халықтың жүрегі. Ақын халықтың жүрегінен ең сүйкімді, халыққа ең ардақты адамның қатарында тұрады», - дейді академик жазушы Сәбит Мұқанов «Айтыстар туралы» деген еңбегінде. Игібай Әлібаев осындай халықтың жүрегінен орын алған айтыскер ақын еді.

Игібай Әлібаевтың айтыскерлік өнері әсіресе облысымызда көп жылдардан кейін 1957 жылы сол кезде облыста идеология жұмысын басқарған белгілі қоғам қайраткері қазақ өнерінің жанашыры Ілияс Омаровтың ұйымдастыруымен қайта жанданған ақындар айтысында көзге түсті. Осы айтыста ақын:

Менің атым Игібай,
Сөзге терең, тілге бай.
Дәл осылай деуші еді

Ақын ағам Молдабай, - деп нөсерлете термелеп, мөлдір жырларын жарқылдата шығып еді сахнаға. Сол жолы ол өзі тұрған Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданының намысын қорғап жүлделі орынға ие болды. Сол жылы Игібай Әлібаевқа өзінің әріптестері Ахметжан Нуртазинмен Темірғали Хасеновпен бірге облыстың халық ақыны атағы берілген болатын.

Бұдан кейін осы дәстүрлі халық өнері облысымызда кең тарады. Айтыс совхоздар, аудандар арасында өткізіліп, олардың жеңімпаздары облыстық айтыстарға жолдама алып отырды. Осындай айтыстың бірі Октябрь (Шал ақын) ауданындағы Новопокровка және «Заря» совхозының ақындары -Ахметжан Нуртазин мен Игібай Әлібаевтың айтысы болдв. Сол кездегі дәстүр бойынша екі ақынның да өлеңдері өз ұжымының табыстарын мақтап, қарсыласының кемшіліктерін сынауға бағытталды. Мұндағы мадақтау өз ұжымының адамдарын жалаң дәріптеу үшін емес, қоғамға пайдалы еңбегімен көзге түскен ерлерді, озық табыстарға жеткен ұжым мен оның мүшелерін, олардың азаматтығын көрсету үшін айтылды. Сонымен бірге айтыс сын мен өзара сын құралы ретінде де пайдаланылды. Ұжымда орын алып отырған кемшіліктерді, ұжым жұмысын дұрыс ұйымдастыра

алмай отырған басшыларды, еңбекке қырсыздарды өткір сыншылықпен әшкерелеп, қарсы жақты олқылықтарды жоюға бағыттап, істі алға бастыруға шақырып отырды. Мысалы, осы айтыста Иекең:

Айтыс деген жүректі тербетеді,
Еліміз әділ сынмен ер жетеді.
Күшейсе елімізде өзара сын,

Көздеген нысанаға қол жетеді, - деп, сын мен өзара сынның елдің ілгері басуына пайдалы екенін көрсетті.

Игібайдың өзге ақындарынан өзгешелігі - айтыс үстінде өзі суырып салып шығарған өлеңін нақышына келтіре шебер орындап, асқақ дауысына күмбірлеген күміс үнді домбырасының үйлесіп жататынын еді.

Игібай Әлібаевтың өлеңдерінде не бір әдемі сөз тіркестері, биікке қол созып, алысқа құлаш ұрған халқымыздың өршіл ой-арманын көрсететін түйінді афризмдер мен мақал мәтелдер, әр алуан іс пен көңіл күйлерінің көріністері сөз өрнегіне құйылатын. Ол айтыс үстінде жұртшылыққа нәрлі сөзімен, асқақ әнімен ғана емес сонымен қатар артистік шеберлігімен де ұнайтын. Оның осындай ерекшелігін айтыс кезіндегі қарсыластары да мойындайтын. Бірақ ол қарсыластарын жөнсіз сынап тұқыртпайтын, қайта оларды қоғамдағы кемшіліктерді сынап, еліміздің өркендеуіне ат салысуға шақыратын.

Сондықтан да болар 60 – 70 - жылдардағы айтыстарда халық ақыны Игібай Әлібаев көбінесе ақындар айтысын өлеңмен ашып беріп отырды.

1960 жылғы шілде айында Қазақ ССР-ның 40 жылдығына арналған облыстық айтыс Петропавл қаласының сол кездегі циркінде өтті. Оған облысымыздың 7 ауданының ақындары қатысып сайысқа түсті. Осы айтысты Иекең мынадай жалынды жырымен ашты:

Құттықтап жырмен бүгін 40 жылды,
Әніммен қарсы аламын жұртшылықты.
Бағында Отанымның өткен шалқып,
Жаны дос, жақын туыс, барлық жұртты.

Білгенге бұл айтыстың жоні басқа,
Толғанда туған елім 40 жасқа,
Кеңінен құлаштаңдар, ақын достар,

Ақтарып алтын жырдың аузын ашта, - деп ақын әріптестеріне сөз тастады.

1967 жылы Қазан революциясының 50 жылдығына арналған

облыстық қазақ өнері күнін филармония ғимаратында облыстық мәдениет басқармасының бастығы Сейпіл Уақпаев кіріспе сөзбен ашты. Ал сол өнер мерекесінің бір бөлімі ақындар айтысын халық ақыны Игібай Әлібаев бастап берді.

Көліндей Көкшетаудың өлең-жырға,
Ақындар жиналыпты бүгін мұнда.
Дауысымды көтеремін асқақ шыңға, -

деп жұртты бір сілкіндіріп өзіне қаратып алып, Иекең:

Бұл айтыс ата-баба берген мирас,
Қашаннан құрметті де қатты қимас.
Бірақта құйылатын арнасы бір,
Сондықтан ақындарым құттас, сыйлас, -

деп жиналған қауымға айтыс туралы, ақындар туралы қысқа да нұсқа түсінік беріп кетеді. Одан әрі:

Айтыспен талай ақын сырын шерткен,
Мен едім ұстаз болып, жастарды ерткен.
Сөйлейік, уа, жолдастар, бүкпелемей,
Жүр едік сағынысып көрмей көптен, -

деп енді тура ақын әріптестерін айтысқа шақырады. Және өзінің жас ақындарды баулып жүрген ұстаз екенін де білдіреді. Бұл айтысқа майталман ақындар Иекеңнің замандас әріптестері Ахметжан Нұртазин, Ғалым Малдыбаев, Темірғали Хасенов, Уахит Темірбеков, Зияда Сәрсембаев, Әшім Меңдібаев, Қаһарман Жантасовпен бірге сол кездегі жас ақын Иекеңнің шәкірттерінің бірі Кеңес Тынымбаев та қатысқан болатын.

Иекең 1971 жылы жыр алыбы Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына байланысты республикалық ақындар айтысына қатысты. Талай рет айтысқа шығып облыстық, облысаралық, республикалық бәйгелердің жүлдегері болды. Оның айтыста айтылған өлеңдерінің мәтіні кезінде баспасөз беттерінде басылып, радиодан, теледидардан беріліп тұрды. Иекең өмір бойы ізденіс үстінде болды, ақындық, әншілік шеберлігін шыңдаудан жалыққан емес. Ол тіпті жетпіске келген шағында да ақындық, әншілік, айтыскерлік өнерін тоқтатқан жоқ, қайта өзін өзі қайрап, шабытына шабыт қосып, шеберлігін шыңдаумен болды.

Бұған оның «Жетпістің толғауы» атты өлеңі куә:

Жетпіске келген жасым бар,
Күмістей сақал, шашым бар.
Мәңгі өшпейтін кеудемде,
Жыр деген бір асыл бар.

Әнімімен көңіл жұбатқан
Өтті талай асулар.
Халқым сүйіп ұнатқан,
Жырымда толқын тасу бар.

Қуаныш, бақыт, шаттығым,
Бір басыма жеткендей.
Қартайдым деп тап бүгін
Ойым жоқ жасып кеткендей...
Тағы бір өлеңінде ақын:
Жетсе де жетпіс өтіп сексенің де,
Келтіріп мұнанда егде, көксе күнге.
Қоя алман өлен-жырды, тоя да алман
Қоярмын тек үзіліп кетсем мүлде, - дейді.

Шынында да ақтық демі біткенше Иекеңнің қаламы мен домбырасы қолынан түскен жоқ еді. Оның осындай ерен еңбегі қазіргі жастарға зор үлгі, өнеге.

«Солтүстік Қазақстан» 16.04.2003 ж.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ
(Қайырбек Сыздықов - 80 жаста)

1972 жылдың сәуір айының аяқ кезде Чайковский көшесіндегі біздің үйге белгілі ақын әрі әнші Игібай Әлібаев пен бойшаң, толық денелі, бой түзеуіне қарағанда әскери қызметте болғанын білдіріп тұрған бейтаныс адам келді. Иекенді көптен білетінмін. Амандық саулық сұрасқаннан кейін Иекең қасындағы кісіні таныстырды.

- Бұл кісі менің ауылдас інім Қайырбек Сыздықов, көп жыл басқа жақта әскери қызметте жүріп, биыл отставкаға шығып осы қалаға көшіп келді, сенің көршің болды, міне, мынау үйде турады, - деп терезеден көрші үйді көрсетті. Осы кездесуден кейін біріміз аға, біріміз інідей жақындасып кеттік. Отбасымызбен араласып мереке, қуаныштарды бірге өткізетін болдық. Оның үстіне бұл кісі сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі екен. Қайрекең өзі әскери адам болса да, өлең шығаратын ақын, ән шығаратын сазгер, әңгіме, очерктер, мақалалар жазатын журналист, домбыра тартуға да шебер болып шықты. Бұл бізді тіпті жақындатып жіберді.

Қайрекеңнің өнерге құмарлығы сонау 30-шы жылдары

Төңкеріс ауданының орталығы болған Майбалық ауылындағы орта мектепте оқып жүргенде басталыпты. Онда ол мектептес жолдасы әрі құрдасы әнші Көкен Қопышевпен бірге домбыра мен мандолинада ойнап, көркемөнер үйірмесіне қатысқан. Сол кезде қазақ әдебиетінен сабақ берген Ғазез Әбішевтің әдебиет үйірмесіне қатысып, мектеп қабырға газетіне өлендерін шығарып тұрған.

- 1934 жылғы қыркүйек айының орта кезінде, - деп еске алады Қайрекең, біздің Майбалық мектебіне жазушы Сәбит Мұқанов келіп, өлең жыр, тақпақ айтатын мұғалімдер мен оқушыларды жинап әңгіме дүкен құрып, сол күні сауық-кеш өткізді. Оған мұғалімдер Сейтен Сауытбеков, Әділхақ Ғабдұлхақов, Кәлау Тайжанов, Уәйіс Жақыповтармен бірге Көкен Қопышев, Қабдол Бегеев, Қабдол Алпысов, Мүслима Бектасова, Құдабай Нұртазин, Қайырбек Сыздықов сияқты оқушылар да қатысты. Бұл кеш жас өнерпаздың әдебиет пен өнерге деген құштарлығын одан сайын қайрай түседі. Ол тіпті 1939 жылы Преснов ауданының атынан облыстық жас ақын жазушылар слетіне қатысып, Мәдидің «Қаракесек», Сегіз серінің «Қарғаш» әндерін асқақтата орындап береді.

Сол жылы орта мектепті бітірген Қайрекең алдымен Үлгі, одан кейін Баян жетіжылдық мектептерінде оқытушы болып қызмет істейді. Ал, 1940 жылғы қазан айында ол міндетті әскерге алынады да көп жылдар бойы қарулы күштердің кадры қатарында қалады. Әскерде соғыстың қиын кезінде жүрсе де табиғи талант жарыққа шықпай қоймайды екен.

- 1942 жылғы көкек айында Волхов майданында жүрген кезім еді, - дейді Қайрекең. Суық, сызды окопта жатып тыныштық сәтінде туған жерді, туыссқандарды, сүйген жарды ойлайтын кез жиі болады. Сол бір өмір мен өлім арасындағы қамкөңіл шақта жауынгерді сағына күткен сүйген жар ойға оралмай ма? Өз өзімнен ыңылдап ән сала отырып сағынышты әуеннің қалай туғанын да байқамай қалыппын. Дереу сөзін блокнотқа түртіп ала қойдым. Сол тұңғыш әнімді «Аңсарым сен» деп атадым. Одан кейін де бірнеше ән туды ғой. Бірақ сол сыз окоптағы алғашқы әннің орны алабөтен, ерекше ыстық, дейді ардагер ағамыз.

Жалпы Қайрекең жиырма шақты ән шығарған. Олардың ішінде Сырбай Мәуленовтың «Қос қару», Махмудбай Әміреевтің «Ардагерлер», Игібай Әлібаевтың «Туған жерім Айтуар», Кәкімбек Салықовтың «Күлші еркем»,

Мақсұт Байсейітовтың «Арманым аңсаған», Мүтәллап Қаңғожиннің «Қызылжар» атты өлеңдеріне шығарған әндері бар. Бұл әндердің нотасы Қарағандының облыстық «Орталық Қазақстан», өзіміздің «Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан») газеттерінде жарияланды. Сазгердің кей әндері облыстық, республикалық радио арқылы шырқалып та жүр. Мысалы, Иекеңнің сөзіне жазылған «Айтуар» әнін белгілі әнші Әскербек Еншібаев республикалық радио арқылы талай рет әндете шырқады, Мүтәллап Қаңғожиннің сөзіне жазылған «Қызылжар» әнін республикаға белгілі әнші Айгүл Мұхаметжанова орындап жүр. 1993 жылы жыр жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық мерейтойында атақты ақынның «Сүй, жан сәулем» атты өленіне Қайрекең ән шығарып, оны әнші Ұлан Омаров орындаған еді. Қайрекеңнің өз өлеңдеріне шығарған әндері де жұртшылықтың көңілінен шығып тұр. Мысалы, оның «Ардагер» әнін кезінде облыстық радиодан белгілі әнші Бүркіт Бекмағамбетов айтып жүрді.

1994 жылы мамыр айында облыстық филармонияда қазақ емес ұлттардың өкілдерінің мемлекеттік тілде өткізілген саз поэтикалық фестивалінде Қайрекеңнің өзінің туған ауылы Айтуардың жастарына арнап шығарған «Сенбесеңдер, келіп көр» атты әнін Петропавл пединститутының музыка факультетінің студенті Новелла Попова нәшіне келтіріп таза қазақ тілінде тамылжата шырқағанда жиналған халық зор ризашылықпен қол соққан еді. Осы әнді тамаша орындағаны үшін Новелла қазылар алқасының шешімімен жүлделі орынға ие болып, марапатталған болатын. Қайрекеңнің «Бұлбұл қыз» атты әнін өзі де бұлбұлдай шырқап ән айтып жүрген әнші Дәмеш Құрманкина орындады. Ағамыз бәйбишесі Мүкәраманың 60 жасқа келгеніне арнап, «Құттықтаймын» атты өлең шығарып, әнін өзі домбыраға қосып қоңыр дауыспен нақышына келтіріп айтқанына күә болғанбыз.

Қайрекеңнің әр қилы тақырыпта жазып газет беттерінде жариялаған мақалаларының өзі бір төбе. Ол өзінің жақын жолдастары әрі құрдастары Көкен Қопышев туралы «Ержүрек әніне 50 жыл», Нұғыман Сатин туралы «Дүлдүл» атты мақалалар жазды. Облыстық газетте оның жариялаған мақалаларының көпшілігі Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен облысымыздың ақын, әнші, жазушыларына және табиғат қорғау тақырыптарына арналған. Мысалы, «Көк домбыра» әңгімесі ақиық ақын Игібай Әлібаевқа, «Кемел дарын» мақаласы жазушы Сафуан Шаймерденовке, «Комиссар туралы ескерткіш» соғыста комиссар болған

Қайретдин Яхъяұлы Рахматуллинге арналған. Бұлардан басқа Ұлы Отан соғысының батыры Ысқақ Ыбыраев, жауынгер сазгер Рамазан Елебаев, ардагер ұстаз Шияп Садықов, еңбек ардагері Мағзұм Әлжанов, Отан соғысының ардагері Балғожа Кенжеғозин, облыстан шыққан ақындар Молдахмет Тырбиев, Шағырай Төбетов, Біржан Берденовтер, әнші Ілияс Шаймерденов, жазушы Сәбит Мұқанов, ғалымдар Шоқан Уәлиханов, Евней Бөкетов жөнінде, т.б. көптеген мақалалар жазып жариялады. Қазақ болып кеткен орыс ұлтының өкілі, халық емшімі Жайлаубай туралы «Жайлаубайдың жусаны» атты әңгімесі де қалың жұрт көңілінен шықты.

Қайырбек Сыздықұлы әскери кадрлар қатарында 32 жыл қызмет атқарыпты. Оның он жылында атқыштар қатарында пулемет взводының, пулемет ротасының командирі, атқыштар батальонының аға адьютанты, полк штабының бастығының әскери оқу жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

1972 жылы запасқа шыққаннан кейін Қайрекең өзіміздің Солтүстік Қазақстан облысында 5 жыл бойы табиғат қорғау қоғамы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Ол осы күнге дейін облыстық «Қазақ тілі» қоғамының жанындағы «Ақсақалдар алқасының» белсенді мүшесі болумен қатар міндетті әскерге баратын жастар алдында әскери патриоттық жұмыстар жүргізіп, көптеген майдангерлер өмірінен олардың ерліктері туралы мақалалар жазып тұрады.

Соғыста және бейбіт өмірде Отанға сінірген зор еңбегі жоғары бағаланған Қайырбек Сыздықов II дәрежелі «Отан соғысы» және «Қызыл жұлдыз» ордендерімен, 20 шақты медальдармен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол - Солтүстік Қазақстан облыстық әскери комиссариатында зейнеткерлер қатарындағы қазақтар арасында СССР Қарулы Күштерінің ардагері болып «Ардагер медалімен» марапатталған жалғыз офицер.

Қайрекең міндетті әскерге алынудан 2 ай бұрын ғана өзінің болашақ жары Мүкәрама Абдоллақызымен танысып, екеуі өмірлік жолдас болуға сөз байласады. 1940 жылғы 15 қазанда жас ару Мүкәрама сүйген жігітін міндетті әскер қатарына шығарып салады. Соңынан соғыс басталып кетеді де бұлар тек 4 жылдан кейін, 1944 жылғы маусым айында Қайырбек аз ауқытқа елге демалысқа келгенде үйлену тойын өткізіп қосылады. Қайырбек ағамыз бен Мүкәрама жеңгеміз міне, содан бері 58 жыл жұптарын жазбай, өмірдің ащысын да, тұщысын да бірге көріп, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Олар екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Қыздары Гүлжан мен Нәйлә жоғары білімді оқытушылар. Екеуі де

Қазақстан Республикасының ағарту ісінің үздігі. Үлкен ұлы Руслан жоғары білімді дәрігер, денсаулық сақтау қызметінің запастағы полковнигі және үздігі. Кіші ұлы Нұрлан жоғары білімді заңгер, полиция подполковнигі, облыстық ішкі істер басқармасының ақпарат орталығы бөлімінің бастығы. Үшінші қызы Ләйлә бала кезінен сырқат екінші қатардағы зейнеткер. Немерелері мен жиендері Ақтан мен Динара дәрігер, Дастан мен Данияр Алматыдағы әскери Академияның курсанттары. Өзгелері әлі жас.

Ұлы Отан соғысына қатысқан, СССР Қарулы Күштерінің ардагері отставкадағы полковник Қайырбек Сыздықов осы жылғы ақпанның 23-інде 80 жасқа толады. Өмірінің жартысына жуығын Отан қорғау қызметінде өткізген, әлде де қоғамдық негізде жастарды әскери-патриоттық сезімге тәрбиелеуге белсенді атсалысып жүрген ағамызға зор денсаулық тілейміз, Мүкәрама жеңгеймен балаларының, немерелерінің ортасында ұзақ, бақытты өмір сүруіне, өзінің сүйген өнері жолында шығармашылық табыстарға жете беруіне тілектестік ьілдіреміз. 80 жасыңыз құтты болсын!

«Солтүстік Қазақстан» 23.02.2002 ж.

ӨМІРІ ДЕ, ӨНЕРІ ДЕ - ӨНЕГЕ (Қайырбек Сыздықов)

Ұлы Отан соғысында жеңіске қол жеткізген ардагерлеріміз жыл сайын азайып барады. Сондай ардагерлеріміздің бірі тірі болса биыл 90 жасқа келетін, әттең осыдан 2 жыл бұрын дүниеден өткен полковник Қайырбек Сыздықов ағамыз еді.

Қайырбек Сыздықұлы 1922 жылдың 23 ақпанында қазіргі Жамбыл ауданындағы Айтуар ауылында туған. Сол аудандағы Майбалық орта мектебін бітірген кейін 1939 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әуелі Үлгі жетіжылдық, сосын Баян жетіжылдық мектептерінде мұғалім болады.

1940 жылдың қазан айында әскерге шақырылып, Амур облысындағы Свободный қаласында орналасқан 3-ші Қырым дивизиясының 18-ші Крачанский Қызылтулы полкіне жіберіледі.

Ұлы Отан соғысы басталысымен, Комосмольск-на-Амуре қаласына2-шіВладивостокжаяуәскеручилищесінежіберіледі. 1942 жылғы ақпанда училищені лейтенант шенімен бітірген

Қайырбекті Кеңес Армиясының командирлік құрылымына кіргізеді де, Краснояр өлкесінің Канск қаласында орналасқан Сібір әскери округінің 120-ыншы запастағы полкіне станковый пулемет взводының командирі етіп жібереді. Сол жылғы наурызда Волхов фронтына жіберіледі. Ал сол жылғы сәуірде 120-ыншы запастағы полкке қайтарылып, сонда 1944 жылғы тамыз айына дейін взвод командирі қызметінде солдаттар мен сержанттарды үйретіп тәрбиелейді. 1944 жылғы тамызда Сібір әскери округінде білімін жетілдіру курсында болады. Курсты бітіргеннен кейін Омбы жаяу әскер училищесінде кіші лейтенанттар даярлайтын курста сабақ береді. 1945 жылғы сәуірдің аяғында 3-ші Беларусь фронты 5-ші армия қарамағына жіберіледі де, солармен Шығысқа аттанады. Сол жылғы маусым айында 5-ші армияның 63-ші атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалады. Империалистік Жапониямен соғыс басталғанда 1-ші Қиыр Шығыс фронтының 5-ші армиясындағы 346-ыншы полкта болып соғысқа қатысты. Бұл полк соғыс біткеннен кейін 1946 жылғы маусымға дейін Маньчжуриядағы Гирин қаласында тұрды. Қайырбек осы полкта станковый пулеметтер ротасының командирі және атқыштар батальоны командирінің аға адьютанты қызметтерін атқарды. 1956 жылғы мамыр айында ол Қиыр Шығыстан Түркістан әскери округіне жіберіліп, Ақмола қалалық әскери комиссариатының 2-ші бөлімінің бастығы болып таайындалады. 1960 – 1972 жылдары Ақмола облысының Вишневский ауданында және Қостанай облысының Боровской ауданында әскери комиссар қызметін атқарады.

Қайрекең әскер қатарында үздіксіз қызмет етіп, 1972 жылы полковник дәрежесінде запасқа шығады. Ол Қарағанды педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Запасқа шыққанан кейін де Қайырбек Сыздықов босқа қарап отырған жоқ.

1972 - 1978 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық табиғатты қорғау қоғамы төрағасының орынбасары болып істеді. Сонымен қатар облыстық «Қазақ тілі» қоғамының, ақсақалдар алқасының белсенді мүшесі, облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі болды.

Соғыста және бейбіт өмірде Отанға сінірген зор еңбегі жоғары бағаланған Қайырбек Сыздықов II дәрежелі «Отан соғысы» және «Қызыл жұлдыз» ордендерімен, 20-

дан аса медальдармен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол Солтүстік Қазақстан облыстық әскери комиссариатында зейнеткерлер қатарындағы қазақтар арасында СССР Қарулы Күштерінің ардагері болып «Ардагер медалімен» марапатталған жалғыз офицер.

Қайрекең әңгіме, очерктер, публицистикалық мақалалармен қатар өлең де жазатын. Сонымен бірге ол өзінің кейбір өлеңдеріне және басқа ақындардың өлеңдеріне ән шығаратын сазгер де болды. Жалпы ол 20-дан астам ән шығарған. Олардың ішінде Сырбай Мәуленовтың «Қос қару», Махмудбай Әміреевтің «Ардагерлер», Игібай Әлібаевтың «Туған жерім Айтуар», Кәкімбек Салықовтың «Күлші, еркем», Мақсұт Байсейітовтың «Арманым аңсаған», Мүтәллап Қанғожиннің «Қызылжар» атты өлеңдеріне шығарған әндері бар. Сазгердің кей әндері облыстық, республикалық радио арқылы шырқалып тұрады. Мысалы, Игібай Әлібаевтың сөзіне жазылған «Айтуар» әнін белгілі әнші Әскербек Еншібаев республикалық радио арқылы талай рет шырқады. Мүтәллап Қаңғожиннің сөзіне жазылған «Қызылжар» әнін республикаға белгілі әнші Айгүл Мұхаметжанова орындады. Оның «Ардагер» әнін кезінде облыстық радиодан белгілі әнші Бүркіт Бекмағамбетов айтып жүрді. 1994 жылы мамыр айында облыстық филармонияда қазақ емес ұлттардың өкілдерінің мемлекеттік тілде өткізілген саз поэзиялық фестивалінде Қайрекеңнің өзінің туған ауылы Айтуардың жастарына арнап шығарған «Сенбесеңдер, келіп көр» атты әнін Петропавл пединститутының музыка факультетінің студенті Новелла Попова нәшіне келтіріп таза қазақ тілінде тамылжыта шырқағанда, жиылған халық зор ризашылықпен қол соққан еді. Осы әнді тамаша орындағаны үшін Новелла қазылар алқасының шешімімен жүлделі орынға ие болып, марапатталған болатын. Қайрекеңнің «Бұлбұл қыз» атты әнін өзі де бұлбұлдай шырқап ән айтып жүрген әнші Дәмеш Құрманкина орындады.

Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысқан, КСРО Қарулы Күштерінің ардагері, полковник Қайырбек Сыздықовтың өмірі мен өнері жастарға, әсіресе, оларды отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеуге үлкен үлгі өнеге болады деп сенеміз.

«Солтүстік Қазақстан» 9.05.2012 ж.

ЕЛІ АРДАҚТАҒАН АЗАМАТ
(Үмітбай Мусин)

Ұлы Отан соғысынан оралмаған асыл боздақтардың бірі - Үмітбай Мусин. Ол 1907 жылы бұрынғы Преснов (қазіргі Шал ақын) ауданындағы № 4 (қазіргі Жалтыр) ауылда кедей шаруасында дүниеге келген. Ол он бес жасынан бастап сол аудандағы № 7 және № 5 ауылдарда байлардың малын бағып жалшылықта жүреді. 1925 – 1929 жылдары өз ауылында әкесі Мұсаның қолында тұрады. 1928 жылы екі айлық сауатсыздықты жою курсында оқып сауатын ашады.

1929 – 1930 жылдары сол аудандағы Жарқын колхозында қатардағы колхозшы. Ал 1930 жылы № 285 Октябрь ет-сүт совхозына жұмысшы болып қабылданады. Ол кезде бұл совхоздың орталығы қазіргі Тимирязев ауданындағы Дмитриевка селосында болатын. Міне, осы совхозда өзінің ерен еңбегімен көзге түскен Үмітбайды совхоз басшылары 1932 жылдың қысында, жоғарыда көрсетілгендей, мал бригадирі етіп тағайындады. Үмітбай совхоз басшыларының бұл сенімін ақтап қытымыр қыстан бригадасындағы малын аман алып шығады. Бұл, әрине, оған оңай жұмыс болған жоқ. Ол қарамағындағы малшылармен бірге қолына айыр алып өгізбен қысқы суық аяз бен қарлы боранда 8 – 10 шақырым жерден шөп тасыды. Тіпті бірде қатты боранда алыстағы маяның астын қуыстап астына өгіздермен тығылып бірнеше күн жатып қалған кезі де болыпты.

Өзінің осындай жанқиярлық адал еңбегінің арқасында ол совхоз еңбекшілері мен басшыларының зор құрметіне ие болды, қызметі де жоғарылай берді. 1933 – 1937 жылдары ол совхоз фермасының полеводы болса, 1938 жылдың басында совхоз жұмысшылар комитетінің төрағасы болып сайланды.

Осындай қызметтерде жүріп Үмітбай өздігінен газет-журналдарды үзбей оқып білімін көтерді және оқығандарымен совхоз еңбекшілерімен бөлісіп отырды. Тапсырылған іске жан тәнімен кірісетін ол совхоз партия ұйымының бюро мүшелігіне де сайланды. Оның адал еңбегі мен ұйымдастырушылық қабілеті жұртшылыққа таныла бастады.

Сондықтан халықтың оны 1938 жылғы жазда Қазақ ССР ның Жоғарғы Советіне депутаттыққа сайлауы тегін емес еді.

Сол жылғы 15 – 17 шілде аралығында еліміздің Жоғарғы Советінің ең бірінші сессиясына тұңғыш депутаттардың бірі болып қатысып келген Үмітбай елге келгесін көп кешікпей Төңкеріс (қазіргі Шал ақын) аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасарлығына сайланады. Ал 1939 жылғы наурыздан 1940 жылдың 8-ші қаңтарына дейін ол сол атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарады. Бұл қызметтерде де Үмітбай өзінің іскерлігін, халық мүддесін орындауға бар білімі мен күш жігерін жұмсайтынын көрсетеді.

1940 жылғы 8-ші қантарда 32 жастан жаңа ғана асқан Үмітбай Мусин Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып сайланады. Бұл қызметте де ол өзінің еңбексүйгіштігімен, халықпен қоян-қолтық жұмыс істеуімен, барлық еңбекшілердің тілін табатын кішіпейіл жібек мінезімен зор беделге ие болды.

1941 жылғы 22 маусым күні неміс фашист басқыншылары елімізге опасыздықпен шабуыл жасады. Сол күні Петропавл қаласының еңбекшілерінің митингісі болды. Митингіге дейінгі уақытты пайдаланып Үмітбай облыстық мекеме басшылары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын жинап, оларға облыстық әскери комиссар екеуі соғыс жағдайына орай бүгінгі міндеттерді айтып берді. Ертеңінде ол облыстық партия комитетінің бірінші секретары В.Ф.Николаевқа кіріп, өзін соғысқа жіберуге өтініш жасады.

- Жолдас Мусин, - деді секретарь, - сені мен түсінемін. Бірақ қазір біз алдымен осындағы шаруаны тындырып алайық. Содан соң көп ұзамай бәріміз де майданға аттанамыз.

1941 жылдың тамыз айында облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетіндегі жолдастары, туған-туыстары Үмітбайды майданға шығарып салды.

1942 жылдың жаз айларының бір күні облысымызда жасақталып майданға барған 314-ші дивизияға әскери Қызыл Ту тапсыру рәсімі болды. Салтанатты жиынның алдында дивизия командирі № 37 полктың партия ұйымы бюросының секретары Мусинді шақырып алып:

- Қызыл Туды Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болғандықтан сен қабылдап аласың, - деді.

Сап түзеген дивизия жауынгерлерінің алдында СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М.И.Калинин қысқаша сөз сөйлеп, әскери Қызыл Туды дивизия командиріне

ұсынды. Қызыл Туды Михаил Ивановичтің қолынан алған генерал оны Үмітбайға ұстатып, өзі сол тізесін бүгіп әскери тәртіппен тудың оқасыынан сүйді. Бұдан кейін дивизия командирі барлық жауынгерлердің атынан СССР Жоғарғы Советінің Президиумына, оның Председателі М.И.Калининге жауды жеңіп осы туды Германияның астанасы -Берлинге тігетіндіктеріне сендіріп салтанатты ант берді. Жауынгерлер тараған кезде М.И.Калинин Үмітбайды шақырып алып:

- Сіз Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат екенсіз ғой. Кеудеңіздегі депутаттық белгіден танып тұрмын, жолдас Мусин. Сіздердің жауды жеңіп, туған жерге аман-есен оралатындарыңызға сенемін, - деп оның қолын қысты. Осы тарихи оқиғадан кейін кешікпей дивизия майданның алғы шебіне аттанып кетті.

1942 жылдың маусым айы. Немістер біздің шепке үсті-үстіне шабуыл жасап тұрған кез. Жоғарғы Бас командование дивизияға фашист әскерлеріне қарсы шабуылға шығуға бұйрық берді. Ұрысқа шығар алдында полк командирі бөлімше командирлерін, саяси жетекшілерін және полк партия ұйымының секретары Мусинді шақырып алып, қысқа мәжіліс өткізді. - Бүгін сағат 13-те біздің полк немістер шебіне шабуылға шығады, - деді ол. - Меңінше, полк комиссары 1-ші батальонда, полк командирінің орынбасары 2-ші батальонда, партбюро секретары 3-ші батальонда болуы керек. Сол күнгі ұрыста 3-ші батальон жауынгерлері үлкен ерлік көрсетіп, жау әскерлерін талқандауда шешуші роль атқарды. Олардың бұл ерлігі туралы майдандық газетте жазылды. Ал дивизияға осы ұрыстағы ерлігі үшін гвардия атағы беріліп, Кутузов ордені тапсырылды. Көптеген жауынгерлер наградталды. Солардың ішінде Үмітбай Қызыл Ту орденіне ие болды.

Бұдан соң көп кешікпей дивизия тағы шабуылға шықты. Бұл жолы шайқас бірден қоян қолтық айқасқа, колма қол ұрысқа айналды. Осы орасан арпалыста Үмітбай да батальон жауынгерлерінің алдында жау бекінісіне атой салып, ілгері ұмтылған еді. Осы кезде оған оқ тиіп, есіл ер ерлікпен көз жұмды. Дивизия командирі Үмітбайдың ерлікпен қаза тапқаны жөнінде оның үй ішіне және ол қызмет еткен Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетіне көңіл айтып хат жазды. Содан бері жарты ғасырдан аса уақыт өтті. Бірақ ер есімі ұмтылмақ емес.

Үмітбайдың артында Дәкен, Зүкән деген қыздары мен

Серікбай деген ұлы қалды. Серікбай Мәскеу қаласындағы Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясын үздік бітіріп келіп, облысымызда қатардағы агрономнан бастап аудандық партия комитетінің хатшысы, облыстық партия комитетінің қызметкерлігіне дейін көтерілді. Әттең, ол жастай дүниеден өтіп кетті. «Ат тұяғын тай басар» дегендей, Серікбайдың да артында Гүлнәр, Құралай деген қыздары, Сайлаубек атты ұлы қалды. Полиция майоры Серікбайұлы Сайлаубек қазір облыстық мемлекеттік автоинспекцияда бөлім бастығы болып істеп жүр. Оның ұлы, Үмітбайдың шөбересі Темірлан Серікбаев бастауыш класта оқиды. Бұл қан майданда ерлікпен қаза тапқан халқымыздың ардакты азаматы Үмітбай Мусиннің есімі ұмытылмайтынының, оның ұрпағы жалғасып келе жатқанының белгісі.

«Солтүстік Қазақстан» 4.02.2003 ж.

БІЛІКТІ ҚОЛБАСШЫ, ШЫНАЙЫ ПАТРИОТ (Хакім Бекішев)

Ұзақ жылдар әскери қызметте болып, полковник дәрежесіне жеткен жерлесіміз Хакім Бекішевтің есімі облысқа ғана емес, республика көлемінде де жақсы таныс.

Хакім Нұрғалиұлы 1910 жылдың 15 сәуірінде қазіргі Шал ақын ауданындағы Жалтыр ауылында дүниеге келген. Жастай жетім қалған 13 жасар Хакімді сол кезде Орынбор рабфагына оқып жүрген 23 жастағы Сәбит Мұқанов Қызылжар қаласына әкеліп, жетім балалар үйіне оқуға орналастырады. Жасынан пысық, оқуға зейінді Хакімді мұғалімдер ұжымы 6 айлық пионер вожатыйлық курсқа жібереді. Пионер отрядын басқара жүріп, комсомол қатарына өтеді. Еңбек жолын 1924 жылы ауылдық кеңестің хатшылығынан бастайды. 1928 жылы болыстық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөліміне қызметке шақырылады. 1928 жылғы жазда сол кездегі Төңкеріс болысының орталығы - Майбалық ауылының жанында орналасқан лагерьде әскери міндетін өтеуге келген жігіттерді топтастырып жатқан болыстық комсомол комитетінің тапсырмасымен комсомол

жетекшісі болып барған. Сонда Хакім Сәбеңмен екінші рет кездеседі. Сол 1928 жылғы күзде Хакім ҚазПИ-дің 6 айлық даярлық курсында оқиды да, сондағы даярлығы өте жоғары 15 оқушының бірі болып Қазан университетінің қаржы экономикалық факультетіне оқуға жіберіледі. Университеттің 2-ші курсында оқып жүргенде 1931 жылы әскерге алынып, әскери қызметін Түркімен ССР-ның Мары қаласында қатардағы жауынгерліктен бастады. Сонда бір жылдық командирлер даярлайтын курсты бітірген соң 3-ші атқыштар полкіне взвод комнадирі болып тағайындалды. Міне, оның әскери қызметі осылай басталды. Осылай міндетті әскери борышын өтеген соң сол кездегі Қарағанды облыстық (орталығы - Петропавл қаласы) ОСОАВИАХИМ кеңесінде ұйымдастыру бөлімін басқарады. 1936-1939 жылдары Алматыда республикалық әскери комиссариаттың әскери дайындық бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарады. 1939-1941 жылдары Жамбыл облысындағы Сарысу аудандық әскери комиссариатының бастығы қызметін атғарады.

1941 жылғы тамыз айының басында Сарысу аудандық әскери комиссары аға лейтенант Хакім Бекішевті Орта Азия әскери округінің бұйрығымен Ақтөбе қаласында жаңадан ұйымдасатын 101-ші дербес атқыштар бригадасының қарамағына жібереді. Оны бригаданың бірінші дербес атқыштар батальонының командирі етіп тағайындайды.

Бригада майданға аттануға дайындала бастады. 1942 жылы 14 тамызда 4 бригада эшелонға бөлініп, майданға аттанды. Хакім Бекішев басқарған бірінші эшелон Москваның солтүстік шығысындағы Ногинск қаласына барып тоқтады. Батальон сол қала маңындағы қалың қарағай орманға орналасып, сол жерде соғыс әдісін үйренуді күшейте түсті. Ақтөбеде соғыстың әдісін шартты түрде үйренген жауынгерлер бұл жерде мылтық атуды, минометтен, зеңбіректен атуды үйренді.

1942 жылдың қазан айының аяқ кезінде бригада поезбен Москва арқылы өтіп, батысқа тартты. Қазанның 24-і күні поезд Погорелов-Городище деген станцияға келіп тоқтады. Станция деген аты ғана. Бір үйдің де орны көрінбейді. Фашистер барлық үйлерді қиратып, өртеп жіберген. Жауынгерлер поездан тез түсіп, Ржев қаласына қарай суыт жүріп кетті. Бригада майдан даласына жақындай түсті. Осы 101-ші дербес атқыштар бригадасы Сталинград майданындағы жеңіске өз үлесін қосты деуге болады.

Сол шайқас жөнінде Х.Бекішев өзінің «Батальон, алға!» атты кітабында былай деп жазады: «1942 жылғы 19 қараша мен 1943 жылғы 25 қантар аралығында 101-ші дербес атқыштар бригадасының жауынгерлері мен офицерлері шабуыл кезінде және қорғаныс ұрыстарында жаудың 2462 солдаты мен офицерлерінің көзін жойды. 25 дзотын талқандады, 105 миллиметрлік 2 зеңбірегін, 142 қол пулеметін, 444 винтовкасын, 13 ауыр пулеметін, 2 автомашинасын, бір қару-жарақ қоймасын, 52 аты мен 25 арбасын істен шығарды. 17 офицері мен солдатын тұтқынға алды. Бригаданың алғашқы ұрыстарғы табысы осындай болды. Онда біздің батальонның да қомақты үлесі болғанын мақтанышпен айта аламыз».

1943 жылдың аяқ кезінде 101-ші дербес атқыштар бригадасы 1-ші батальонының командирі майор Бекішев Калинин қаласындағы полк командирлерін даярлайтын 6 айлық курсқа жіберіледі. 1944 жылдың мамыр айының аяғында курсты бітіргендер түгелімен 11-ші гвардиялық армияға жолдама алады. 11-ші армияның штабына келгенде Хакімді армия штабының соғысқа дайындық жасайтын бөлім бастығыныг орынбасары етіп тағайындады.

«Витебск қаласын алғаннан кейін біз аз уақыт қорғаныста тұрдық», - дейді Х.Бекішев «Батальон, алға!» кітабында. - Мен бұл кезде алдағы шептегі дивизионда жүр едім. Түс кезінде генерал К.Н.Галицкийдің көмекшісі Кочергин: «Жолдас майор, сізді генерал шақырып жатыр, тез келіңіз. Қонақ келді», деді. Бұл қандай қонақ екен деп ойлап, армия штабына жақындай бергенімде алдымнан жайрандай күлімсіреп маған қарай жүгіре басып біреу келеді. - «Ой, қарағым, бауырым!» деген үніне, түр-түсіне қарап, мен де Сәбеңді таныдым да, құшақ жая ұмтылдым. Сәбең екеуміз құшақтасып, төске-төс тоғыстырып қауыштық. Елді де, жерді де, туыстарды да, балаларымды да сағынған екем. Соларды көргендей болып, көзімнен ыстық жас шықты. «Қарағым, бауырым» деп бірге туған ағамдай көретін Сәбең құшағына алғанда көзден неге жас шықпасын».

1944 жылғы тамыз айының соңғы кезінде Х.Бекішев арнайы жолдамамен Москвадағы М.В.Фрунзе атындағы әскери академияға оқуға түседі. Алайда, бір жарым жыл оқыған соң қысылтаяң уақыт талабымен үкімет оны бір топ әскерлермен бірге 1945 жылы Шығыс Түркістанға (орталығы - Құлжа қаласы) жібереді. Сөйтіп, ол 1945 – 1946 жылдары

2-ші кавалерия бригадасы командирінің орынбасары ретінде жергілікті мұсылмандардың гоминданшылардың озбырлығына қарсы азаттық күресіне қатысады. Ақырында соғыста гоминданшыларды жеңіп, жергілікті халыққа бостандық әперіп, соғысты аяқтайды. Бостандық алған халықтың қуанышына ортақтасып, 1946 жылы көп халық жиналған үлкен жиынға қатысады. Сол жиында Шығыс Түркістан Республикасының алтын ордені тапсырылады және бұл орденді сол республика атынан сол кездегі қазақтың атақты азаматы Оспан батыр өз қолымен Хакімнің кеудесіне қадайды. Сөйтіп, 1946 жылы Х.Бекішев көтеріңкі көңілмен туған жері Қазақстанға қайта оралады.

Жалпы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Х.Бекішев Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы (2 рет), Қызыл Жұлдыз (2 рет) ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Хакең отставкаға шығып, елге оралғанда ең алдымен туған ауылы Жалтырда майданда қаза болған боздақтарға ескерткіш орнатты. Ескерткіш тасқа сол боздақтардың есімдерін түгел жаздыртты. Оның соғыста қаза болған ауыл жігіттерінің үйлеріне түгел кіріп, көңіл айтып, бет сипап, амандық білген азаматтығын жерлестері осы күнге дейін зор ризашылықпен еске алады.

1946-1956 жылдары Х.Бекішев Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданында, Талдықорған облысының Қапал ауданында, Қарағанды облысының Осокаровка ауданында әскери комиссар, 1956-1976 жылдары Петропавл ет комбинатында азаматтық қорғаныс бөлімінің бастығы, кейін өндірісітк комбинаттың директоры, авиаэскадрилияның инспекторы болып істеді. Ал 1976-1986 жылдары ол Сәбит Мұқановтың мұражай-үйінің директоры қызметін атқарды. Өмірінің соңғы жылдары Алматы санаторийінің бас дәрігерінің шаруашылық жағын басқаратын орынбасары болып істеді. Ол Алматыда тұрған кезінде өмірінің соңына дейін 101-ші дербес атқыштар бригадасының соғыс ардагерлері ұйымының төрағасы ретінде бригада ардагерлерінің достығының нығая беруіне көп күш жұмсады.

Ардагер жауынгер, полковник Хакім Бекішев 1989 жылы дүниеден өтті. Осындай елін жаудан қорғауда ересен ерлік көрсеткен, бейбітшілік кезінде ел экономикасы мен мәдениетінің дамуына мол үлес қосқан патриот азамат

ұмытылмауға тиіс. Сондықтан соғыс және еңбек ардагері Хакім Бекішевті мәңгілік есте сақтау үшін Петропавл және Сергеевка қалаларында тиісті шаралар қарастырылса құба құп бола еді.

«Солтүстік Қазақстан» 17.04.2010 ж.

ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ (Уара Нұрсейітов - 80)

Бұл күндері облысымыздың ардақты азаматтарының бірі, белгілі журналист, Ұлы Отан соғысының ардагері марқұм Уара Нұрсейітұлы Нұрсейітовтің туғанына 80 жыл толып отыр. Мен бұл кісімен 60 жылдардың соңында сол кезде «Городецкий» кеңшарының директорының орынбасары болған Өмірбай Ыбыраевтың үйінде танысқан едім. Ол кезде оның проблемалық мақалалары мен еңбек адамдарының ерен еңбегі, азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысының ерлері туралы очерктері облыстық, республикалық газеттерде жиі шығып тұратын. Сол жолы кездескенде ол кісінің жайдары ақжарқын мінезін, үлкенмен де, кішімен де өз теңдесіндей көріп сөйлесетін қарапайым да кішіпейіл адам екенін байқаған едім.

Уара Нұрсейітұлы өзінің небары алпыс жылдық өмір жолында талай белестерден өтіпті. Ол 1916 жылғы қарашада қазіргі Аққайын ауданындағы Аралағаш ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1933 жылы 17 жасында Ақмола облысының Нұра ауданында (орталығы Казгородок селосы) аудандық атқару комитетінің іс басқарушысы болып бастайды. 1934-1935 жылдары Қарағанды облыстық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің хатшысы қызметтерін атқарды. 1935-1938 жылдары Алматы қаласында журналистика институтында оқиды. 1938 жылғы қыркүйек-қараша айларында Петропавл қаласында облыстық «Ленин туы» газетінде жауапты хатшы болады. 1938 жылдың қарашасынан 1940 жылдың желтоқсанына дейін Орал әскери округінде «За Родину» газетінің жауапты хатшысы қызметін атқарған. 1940 жылдың желтоқсанынан 1941 жылдың тамызына дейін қайтадан «Ленин туы» газетінде оның үгіт және насихат бөлімін басқарады. 1941 жылдың тамыз айында әскер

қатарына шақырылып, Ақтөбе қаласына барады. Онда оны сол қалада құрылып жатқан 101-ші атқыштар бригадасының «Отан үшін» атты қазақ газетінің редакторы етіп тағайындап, кадр мәселесін өзі шешуін тапсырады. Уара Нұрсейітұлы аз уақыт ішінде редакция ұжымын құрып алады және әскери бөлімнің партия ұйымының көмегімен көшпелі баспахана ұйымдастырады. Кейін «Ленин туы» газетінің 1975 жылғы 5 мамырда шыққан «Шайқас күндерінде» деген мақаласында Уәкең бригада газетіне тілшілер қатарын тартқаның, сол кезден бастап қатардағы кіші командр, артиллерист, ақындық қаламын жаңа ұстаған белгілі ақын Мұзафар Әлімбаевтың өлеңдерін газетке жиі басып тұрғанын еске алады. Уара Нұрсейітұлы газеттің редакторлығына қоса сол бригаданың саяси бөлімінің аға нұсқаушысы қызметін де атқарған. Сөйтіп, газет жұмысын айтпағанда, ұрыс даласындағы жауынгерлер сапында Калинин, 1-ші Прибалтика майдандарында тікелей шайқастарға қатысады. 1944 жылы көктемде жараланып елге оралады.

Соғыстан оралған оны 1944 жылдың сәуір айында Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы етіп тағайындайды. 1949 жылдың наурызы мен 1957 жылдың наурызы аралығында Уәкең Көкшетау облыстық атқару комитетінің хатшысы қызметін атқарған. 1957 жылғы наурыздан 1958 жылғы қыркүйекке дейін «Көкшетау правдасы» газетінің редакторының орынбасары болып істейді. 1958 – 1960 жылдары Мәскеудегі КОКП Орталық Комитеті жанныдағы Жоғары партия мектебінде оқиды. 1960-1961 жылдар аралығында Ақмола облыстық «Есіл правдасы», 1961-1962 жылдары жаңа құрылған Тың өлкесінің «Тың өлкесі» атты газетінің редакторы болып қызмет еткен. «Тың өлкесі» газетінің жаңа ашылған кезінде Уәкеңді бұрыннан жақсы білетін Сәбең, өзіміздің Сәбит Мұқанов, оған мынадай құттықтау телеграмма жіберіпті (мәтінің сол қалпында орыс тілінде келтірейін):

«Акмолинск Редакция газеты Тын Олкеси

Нурсеитову Уаре

Образование Целинного Края выход его газеты «Тын олкеси» радуют меня не только как патриота республики Казахстан но и родного края сына указанного края тчк Я и

впредь буду зорко следить за его достижениями и неустанно активно воспевать их тчк Желаю Краю и газете оправдать то высокое доверие Коммунистической партии и советского народа которое им оказано

Сабит Муканов».

1962 жылғы шілде мен 1965 жылғы ақпан аралығында Уара Нұрсейітұлы сол кездегі Батыс Қазақстан өлкесінің (орталығы Ақтөбе қаласы) «Батыс Қазақстан» (қазақ тілінде) және «Западный Казахстан» (орыс тілінде) газеттерінің біріккен редакциясының бас редакторы қызметін абыройлы атқарып шықты. Өлке тарағаннан кейін ол (1965 жылғы ақпан – 1967 жылғы қыркүйек аралығында) Ақтөбе облыстық радио хабарларын тарату және телевидение комитетінің бас редкаторы болып істейді.

1967 жылғы қыркүйек айында елге оралған Уәкең сол кезден бастап 1975 жылдың ортасына дейін өзіміздің «Ленин туы» газетінің алдымен мәдениет бөлімін, кейін ауыл шаруашылығы бөлімін басқарды. «Ол мәдениет бөлімін басқарған аз уақыт ішінде көптеген жас таланттардың өлең жырлары газет бетінде жарық көрді. Бөлім жұмысы бқрынғыдан көп жақсарды, жаңа рубрикалар пайда болды. Ол кісі білімділігіне қоса аса кішіпейіл болатын. Сол тұста еңбек жолын жаңа бастап жүрген жастармен тең дәрежеде сөлесетін, ақыл кеңесін аямайтын», - деп еске алады сол кезде редакцияда Уәкеңмен бірге істеген журналистер.

Қырық жылдай журналистік өмірінде Уәкең талай проблемалық мақалалар, очерктер, суреттемелер жазды. Оның туындылары облыстық, республикалық газет, журналдарда жарияланып тұрды.

Уәкең 1974 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққаннан кейін де редакцияда біраз уақыт қызмет атқарды. Кейін денсаулығы төмендеп ауруханаға түсті. 1976 жылдың 13 қарашасында 60 жасқа толуына 2 күн қалғанда дүниеден өтті.

Уара Нұрсейітұлының журналистік шығармашылық еңбегі кезінде жоғары бағаланды. Ол бірінші дәрежелі «Отан соғысы», екі «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Көкшетау облыстық кеңесіне екі мәртелік кеңесінің депутаты және Батыс Қазақстан өлкелік кеңесінің депутаттары болды.

«Солтүстік Қазақстан» 15.09.2006 ж.

БАТЫЛ ДЕСАНТШЫ
(Крамша Мұқанов - 85)

Әр адамның ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, алған асу, жеткен биік әр кісінің өмірінде әрқилы. Дегенмен уақыт озған сайын кім де болса алға ұмтылады, жақсы да жарқын болашақты армандайды. Сондай жарқын болашақты армандаған азаматтың бірі бүгіндері 85 жасқа толып отырған қадірменді Крамша Мұқанов ағамыз. Ол сол өзі армандағандай жарқын өмірге жетті де.

Крамша Мұқанұлы 1924 жылдың желтоқсан айында Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шал ақын ауданындағы Жалтыр ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әуелі ауыл бастауыш мектебін бітірген ол 1942 жылы Майбалық орта мектебінің 9 сыныбын тамамдайды. Сол жылы 18-ге толған бозбала армия қатарына шақырылады. Өйткені бұл кезде соғыстың қайнаған қан майданы барлық бағытта қызу жүріп, Отан үшін от кешкен жауынгерлердің қатарын тың күшпен толықтыру басты міндет болатын.

Ауданның әскери комиссариатының байқауынан өтіп, сапқа тұрған Крамшаның жауынгерлік жолы Семей қаласына көшірлген Тамбов жаяу әскери училищесінің курсанты ретінде басталады. Мұнда үздік оқып, қысқа мерзім ішінде әскери-соғыс жаттығуларын шебер меңгерген ол іріктелген курсанттармен бірге екі жылдық Алматы әскери-жаяу әскер училищесіне жәберіледі. Осында жарты жыл оқығаннан кейін жас курсантты 8-ші гвардиялық әуе-десант бригадасына жіберіп, Иванов облысындағы Тейково деген қалаға аттандырады. Онда оны жаудың тылына десант түсіру ісіне дайындайды. Ұшып келе жатқан самолеттен парашютпен секіруді үйретеді. Ол аэростаттан 600 метр биіктен алғашқы секіргенін осы күнге дейін есіне алып отырады. Алғашқы секіру кезінде қобалжуы да болды. Кейін аэростаттан және самолеттен 20 шақты рет қорқынышсыз секірген.

Бұл жаттығулардан өткесін 8-ші десанттық бригаданы Беларуссияның Могилев қаласына жөнелтеді. Мұнда десантшылар жаудың тылына барып түсуге дайындалады. 1945 жылғы сәуірде бұлардың бригадасы арнайы

тапсырмамен Чехословакияның астанасы Прага қаласынан 70 километр жерге жау тылына түсіріледі. Көксеген ойларының күлі көкке ұшып, тым тырақай шегініп бара жатқан жау әлі де болса басып алған жерлерінен айрылып қалмауға тырысып, күшінің бір бөлігін осы қаланың маңына топтастырған. Жау бұл күшіне бар қаруын төгіп, мықты бекініс жасауға да кіріскен екен. Олардың осы жоспарын жүзеге асырмай, қысқа уақыттың ішінде тас-талқаның шығару үшін осы бригадаға да шұғыл тапсырма берілген. Әбден шыныгып, соғыс өнерін шебер меңгерген қарулы да батыл десантшылар өздеріне жүктелген тапсырманы бұлжытпай орындайды. Күтпеген жерден тиген соққыға жау төтеп бере алмай кейін шегінеді. Осы жерде 8-ші десанттық бригаданың жауынгерлері ұлы Жеңіс туралы хабарды естіп, қуанышқа бөленеді. Бұдан кейін Крамша Мұқанұлы Вена қаласы арқылы жауынгерлік жолын жалғастырып, Будапешт қаласын азат етуге қатысады. Будапештің қасындағы бір шағын қалада екі жыл комендантты ротада қызмет атқарады.

1947 жылғы сәуірде Крамша Мұқанұлы майор шенінде туған еліне оралады. Елде көктемгі егін егу науқанына тұспа-тұс келіп, бірден жұмысқа кірісіп кетеді. Бұл науқан бітісімен ол сол кезде жүріп жатқан «Мойынты-Шу» темір жолының құрылысына жіберіледі. Ондағы жұмыс өте ауыр, тамақ жағы да тапшы болып, біраз қиыншылықтар көреді. Дегенмен қажырлы жас жігіт қиыншылыққа шыдап, төрт ай екпінді жұмыс істеп, елге Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Мақтау грамотасымен және КСРО Теміржол министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталып оралады. Елге келісімен сауатты да тәжірибелі Крамша Октябрь аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Ол кезде бірінші хатшы П.З.Телюк болатын. Осында бір жыл істегеннен кейін Крамша Мұқанов Алматыға үшжылдық республикалық жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберіледі. Сонда оқып жүріп ол қосымша Абай атындағы педагогикалық институтты да бітіріп, тарих пәнінің оқытушысы дипломына ие болады. Сөйтіп, екі бірдей жоғары оқу орнын тамамдап келген Крамша 1950 жылдан бастап аудандық комсомол комитетінің лекторлар тобының жетекшісі болып қызмет атқарады.

Тың игеру басталған 1954 – 1955 жылдары облыстық партия комитетінің нұскаушысы Крамша Мұқанов жаңа құрылып

жатқан тыңдағы кеңшарларда комсомол ұиымдарның жұмысын дұрыс жолға қоюға атсалысады. 1956 жылдан 1969 жылға дейін 13 жыл бойы ол Октябрь, кейін Сергеев аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімін басқарды. 1969 жылы оны аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы етіп сайлайды. Бұл қызметті ол зейнеткерлікке шыққанға дейін 16 жыл үздіксіз атқарады. Крамша Мұқанұлы қайда, қандай қызмет атқарса да әрқашан өзіне жүктелген міндетті адал да әрқашан өзіне жүктелген міндетті адал да ұқыпты орындап отырды. Онымен әр кезде қызметтес болған замандастары Крамшаның еңбекқорлығын, кішіпейілділігін, кез келген кісімен тез тіл табысып кететін ақжарқын мінезін, жолдастарына адалдығын айтып отырады.

Крамша Мұқанұлы зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғам жұмысынан қол үзген жоқ. Ол аудан, қала аумағында өтіп жататын көптеген мәдени, саяси шараларға белсене қатысты. Аудандық ардагерлер және ақсақалдар кеңесінің мүшесі болды. Мектеп оқушыларымен жиі кездесіп әңгімелер өткізіп тұрады. Оның армия қатарындағы және бейбіт өмірдегі ерен еңбегі кезінде әділ бағаланды. Ол «Германияны жеңгені үшін», екі мәрте «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Одақтық Халық шаруашылғы жетістіктері көрмесінің медалімен, бірқатар Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бұларға қоса оған Сергеевка қаласының Құрметті азаматы атағы берілген.

Крамша Мұқанұлы 60 жылдан астам жұбын жазбай сыйластықпен бірге өмір сүріп келе жатқан сүйікті зайыбы Бәтила Иманбайқызы екеуі төрт ұл тәрбіелеп өсірді. Олардың өз жанұялары бар. Ұлдарының алды қалада қызмет атқарып, абыройлы еңбек етуде. Олардан бірнеше немерелері мен шөберелері өсіп келеді. Атасының оларға айтар қызықты әңгімелері жетерлік. Олар да атасының әңгімелерін қызықтап, ұйып тыңдайды. Осылай ұрпақ жалғасып келеді. Өзім қалада тұрсам да онымен байланыс жасап, өнегелі өмірін өзгелерге үлгі ретінде айта жүремін.

«Қызылжар нұры» 22.01.2010 ж.

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН ЕР ЕДІ... (Балғожа Кенжеғозин)

От ауызды, орақ тілді ел ағасының бірі осыдан 20 жыл бұрын дүниеден өткен Балғожа Кенжеғозин еді.

Ол 1902 жылы қазіргі Жамбыл ауданындағы Есперлі ауылында кедей шаруаның отбасында туған. Еңбек жолын он бір жасынан байлардың жалшысы болып бастаған. Алдымен ауыл молдасынан оқып, кейін сауат ашу мектебінде хат танып, адал еңбекке кіріседі. Пысық та зерделі жігітті ауылдастары «Қосшы» одағының төрағасы етіп сайлайды. Колхоз басқармаларының курсын бітіргеннен кейін сол кездегі Төңкеріс ауданындағы ауылдық кеңестің төрағасы, Жарқын ауылдық тұтынушылар одағының төрағасы, 1936-1937 жылдары Преснов аудандық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары болған.

1940-1942 жылдары еңбек армиясына алынып, Орал әскери зауытында жұмыс істеген. 1943 жылы Орал ерікті танк корпусының құрамында майданға аттанған. Сол 1943 жылдың тамыз айында Курск иініндегі сұрапыл шайқастың бірінде қаза тапқан рота командирінің орнында тірі қалған 7 адамды басқарып, қоршаудан аман алып шыққан. Осы ерлігі мен батылдығы үшін І-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. Бірақ бұл орден иесін 25 жылдан кейін туған жерінде тапты. Осы шайқас кезінде біздің армияның жауды құып Орел қаласының іргесіне жақындап қалған күндерінің бірінде Бәкең ауыр жараланып, госпитальға түседі. Госпитальда бірнеше ай емделіп, 1944 жылдың бас кезінде Ұлы Отан соғысының екінші топтағы мүгедегі деген қағаз алып, қос балдақпен туған ауылына оралды.

Майдан даласындағы ұрыс күн өткен сайын кең өріс алып, біздің жауынгерлер жау жөндеттерін өз апанына қарай күні-түні ығыстыра берді. Бұл кезде тылдағы еңбек те соғыстағыдан кен емес еді, ол жаралы келдім деп үйде бос отыра алмады. Соғыс ардагерін аудан басшылары Преснов ауданына қарасты «Айымжан» ұжымшарына төраға етіп тағайындады.

Ұлы Отан соғысы халқымыздың жеңісімен аяқталған шақта Бәкең ауылдың көпсалалы шаруашылығын табанды

әрі табысты басқарды. Соғыстан кейін шаруашылығы төмен «Қарағаш» ұжымшарын басқарып, алдыңғы қатарлылар дәрежесіне көтерді.

Елімізде тың игеру басталған шақта Бәкең тың далаға алғашқы түрен салғандарың бірі болды. Сол кезде тың игеруге келгендердің ішінде түрмеден шыққан бұзақылар да болғаны белгілі. Олар тыныш отырған ауыл адамдарының мазасын алып, ұрыс-төбелес шығара бастағанда, Бәкең 20-30 жігітті атқа мінгізіп бұзақыларды қуып жүріп сойылмен соққандары бар. Ақыры олардың басшыларын милиция келіп ұстап әкетті де, қалғандары жуасып адал еңбек етті, тіпті ауыл адамдарымен достасып кетті. Бұл да Бәкеңнің ел намысын қорғаған ерлігінің бір көрінісі іспетті.

Кейін ол бірнеше жыл тұтынушылар одағында, шаруашылықтарда қызмет етті.

Осылай көп жылғы еңбегінің жемісін көріп Бәкең 1966 жылы құрметті зейнеткерлікке шығады.

Балғожа Кенжеғозыұлы түрлі жауапты қызмет атқара жүріп, қазақ ауыз әдебиеті туындыларын жинаумен айналысады. Суырып салма ақындық өнерімен де аты шықты. Атақты жерлестеріміз Қожаберген жырау, Сегіз сері туралы көптеген деректер жинады. Н.Әбуталиев пен Т.Сүлейменовтің 1991 жылы жарық көрген «Сегіз сері» атты кітаптарының көптеген деректері Бәкеңнің жеке мұрағатынан алынған. Бәкең газет-журналдарды көп оқитын. Шешендік сөздерді, ескі қисса, жырларды жатқа айтатын.Тоқсан би, Шағырай шешен, Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Ақан серілердің асыл сөздерін айтып отыратын. Сәбит Мұқановпен, Ғабит Мүсіреповпен кездескендерін жыр ғып айтатын. Осылай көп оқып, білгір адамдардың шешендік сөздерін тыңдап, өзі де шешендік өнердің иегері болды. Сөйтіп, оның шежірешілігі, шешендігі өз облысымыз түгіл, бүкіл республикаға да танылды. Ол ауызша шешендігімен қатар өлең, дастандар да жазды. «Солтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған «Ақ бүркіт» дастанын көпшілік жұрт осы күнге дейін қызығып оқиды. Балаларының қолында қалған үлкен қойын дәптерінде бұдан басқа «Әлім мен Рәзия», «Әсет - Әсия» дастандары мен біраз өлеңдері бар. Бәкеңнің естелігінде айтуынша, «Әсет - Әсия» дастанының оқиғасы 1918 – 1920 жылдары болған. Кейіпкелері де нақты өмірде болған адамдар екен.

Балғожа Кенжеғозыұлы үлкен отасының иесі болған.

Ол зайыбы Жәмила шешеймен 7 бала тәрбиелеп өсірген. Олардың бәрі де ел таныған жоғары білімді азаматтар.

Бәкең зейнеткерлікке шыққаннан кейін Қызылжар қаласына көшіп келді. Мұнда да оған көп азматтар келіп, оның қызықты да маңызды әңгімеоерін тындайтын. Ол балаларына және олардан кейнгі ұрпақтарына арнап өз әулетінің толық шежіресін жазып қалдырды.

Балғожа Кенжеғозыұлы 1992 жылғы 15 мамырда Қызылжар қаласында балалары мен немерелерінің қолында қайтыс болды.

«Солтүстік Қазақстан» 21.06.2012 ж.

ДНЕПРДІ КЕСІП ӨТКЕН ЕРЖҮРЕК (Жәлел Қизатовқа – 90 жыл)

Біздің даңқты жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатұлы Қизатовтың туғанына 90 жыл толып отыр. Ол 1920 жылғы қазан айының тоғызыншы жұлдызында қазіргі Есіл ауданына қарасты Аяққөл ауылында дүниеге келген. Алтыншы сыныпты бітіргеннен кейін сол аудандағы «Бұлақ» колхозында есепші болып қызмет атқара жүріп, сырттай оқиды. 1936 – 1940 жылдар аралығында Покровка селосындағы Ленин ауыл шаруашылық техникумында білім алып, сол жылдары сырттай Петропавл мұғалімдер институтында оқуын жалғастырады. Оны бітіргеннен кейін Қарағай ауылында бастауыш мектептің меңгерушісі болып істейді. Осы жерден Қызыл Армия қатарына шақырылады. Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қыркүйегінен қатысады. Сол кезден бастап соғыстың аяғына дейін майданда болады.

Жәлел Қизатов 1942 жылы Сталинград майданы жанындағы кіші лейтенанттар курсын бітіреді. Чернигов қаласы үшін болған ұрысқа қатысады. Ол, әсіресе, Днепр өзенінен өту кезінде ерекше батылдық пен ерлік көрсетті. Осы шайқас туралы естелігінде ол былай деп жазған болатын: «Днепрдің арғы жағасына өту үшін болған ұрыстар менің есімнен кетер емес. Бұл бір жаудың қажыры мұқалып, сағы сынған кезі еді. Бірақ ол таяқ жеп, әлсіреген сайын өшігіп, өршеленіп, біздің әскери күштің тегеуірінді екпінін бөгеуге барлық мүмкіншілікті пайдаланып бақты.

Днепр өзені шабуылдап келе жатқан біздің әскери күштің жолында жатқан ұлкен бөгеттердің бірі болатын. Бергі жақтан қуып, тықсырып апарған жауды Днепрдің арғы жағасына аялдатпай ысыра беру керек еді... Біздің әскери бөлімше жаудың алдыңғы шебін айналып өтіп, Днепрге ымырт үйірілген кезде жау көзінен тасаланып келді. Бұл 1943 жылдың қыркүйек айы болатын. Өзен жағасында кездесе қалған украиндық қарт балықшының айтуынша, дәл бүгін-ертең осы араға орыстар келе қояды деп отырған немістер жоқ көрінеді. Қарт бізге қайық тауып берді. Соған отырып, түнде біздің взвод арғы жағаға шықты. Арғы жағадағы немістер расында да алаңсыз екен. Онысы бізге теріс болған жоқ. Барлау жасап, жаудың орналасуын біліп алған соң, оған тап бердік. Алдымен оның күзетшілерін жойдық. Бірнеше ұсақ топтарға бөлініп, блиндаждарды қоршадық. Сөйтіп жаудың бір бөлігін жойып жіберіп, біз олардың плацдармын тартып алдық. Сонда мықтап бекіндік.

Таңертең немістер бес танктің көмегімен қарсы шабуылға шықты. Олар бізді өзенге қуып тығып жойып жібермек болды. Мен рация арқылы өзіміздің артиллерия бөлімімен байланысып, көмек сұрадым. Артиллерия оғы жаудың жаяу әскерін танкіден бөліп жіберді. Жаяу әскер маңына түсіп жатқан снарядтан жасқанып жатып қалды да, танкілер ілгері кетті. Жақын келген екі танкіні біз арнаулы мылтықпен атып қираттық, қалған үшеуі біздің қорғаныс шебімізге дейін келді. Мен алдынғы танктің шынжыр табанына гранталар бумасын лақтырдым. Танк қирап тоқтады. Экипаж танктен шығып қаша жөнелгенде автомат оғымен жайратып салдық... Қалған танктер тез кейін бұрылып, қашып кетті. Бұл сәтсіздікке ызаланған фашистер үстеме күш қосып алып, қайта-қайта шабуылға шыға берді... Ең ауыр киянкескі ұрыс жаудың 18-ші шабуылы болды. Сонда мен өз артиллериямыздың отын өзіміздің үстімізге шақырдым. Бұл ұрыстан қанша уақытқа созылғанын білуге хал болған жоқ. Ұрыс аяғында орнымнан тұрып қарасам, алдымызда жау өлігі бірінің үстінде бірі жатыр. Қираған, өртеніп жатқан танктер қаншама?! Тірі қалған фашистер бас сауғалап қаша жөнелді. Біз тағы жеңдік». Сөйтіп, 1943 жылғы 28 қыркүйектен 3 қазанға дейін Днепрден өту кезіндегі ұрыстарда взвод командирі аға лейтенант Жәлел Қизатов асқан батылдық көрсетті. Осы ерлігі үшін 1944 жылдың 15 қантарында Жәлел Қизатовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бұдан кейін де Жәлел Қизатов неміс фашистерімен болған талай ұрыстарға қатысып, ұлы Жеңіс күніне дейін Отанға адал қызмет етіп, әскери борышын жеңіспен аяқтады. Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерлігі үшін ол көптеген ордендермен және жауынгерлік медальдармен марапатталды. Капитан Жәлел Қизатов 1945 жылы запасқа шығарылып, туған жеріне оралды. Елге келісімен ол еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысының Совет (қазіргі Аққайын) аудандық партия комитетінің хатшысы болудан бастады. 1952 жылы ол Қазақстан Компартиясы Отралық комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін бітірді. Сол жылы Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 1957 – 1960 жылдары сол аудандағы Тамань дивизиясы атындағы кеңшарды басқарды. 1961 – 1987 жылдар аралығында Жәлел Қизатов Қызылорда облыстық астық өнімдері басқармасының бастығы, кейін осы облыста экология және биоресурстар басқармасын басқарды,

Жәлел Қизатов қайда, қандай қызметте болса да өзінің зор әділдігімен, кішіпейілділігімен, қарапайымдылығымен бұқара халықтың зор сеніміне ие болды. Сондықтан да екі рет СССР Жоғарғы Кеңесіне және Қазақ ССР Жоғарғы кеңесіне депутат болып сайланды. Соғыстан кейнгі жылдардағы ерен еңбегі үшін екінші Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталды. Зейнетекерлікке шыққаннан кейін де ол қол қусырып бос отырған жоқ. Көптеген қоғамдық жұмыстармен айналысты, мектеп оқушыларымен, студенттермен, жұмысшыллармен кездесіп, оларға Ұлы Отан соғысындағы кеңес жауынгерлерінің ерлігі және патриоттық үлгісі туралы әңгімелер айтып, жастарды Отанға адал қызмет етуге шақырып отырды. Қызылордада қызмет етіп жүріп, туған жерінен байланысын үзген жоқ, жиі келіп, жерлестерімен кездесіп тұрды. Жәкең 1999 жылғы 25 сәуірде дүние салды.

Ол өмірден өтсе де, есімі халқының, әсіресе, жерлестерінің есінде. Кеңес Одағының Батыры, ұйымдастырушысы, облысымыздың ардақты азаматы Жәлел Қизатовтың есімімен бүгіндері Есіл ауданының Покровка селосындағы Есіл ауыл шаруашылыы колледжі, Қызылорда қаласында бір мектеп және көше аталады. Облыстық мемлекеттік мұрағатта ол туралы құжаттар сақталуда.

«Қызылжар нұры» 8.10.2010 ж.

ЖОЛЫ ДАҢҒЫЛ ЖАЗУШЫ (Сафуан Шаймерденов)

Көрнекті қазақ совет жазушысы Сафуан Шаймерденовтың қаламынан алғашқы ірі туындысы «Болашаққа жол» романынан бастап бірнеше тамаша повестер мен әңгімелер, драмалық шығармалар, көркем очерктер туды. Оның «Болашаққа жолы», «Инеш» деген атпен орыс тіліне аударылды. Жазушы шығармалары әлденеше рет орыс тілінде басылып, өзбек, тәжік, башқұрт, татар, саха, неміс тілдеріне аударылды. Оның «Мезгіл» повесі венгер тілінде жарияланды.

Жазушының «Жыл құсы» повесі 1974 жылы ВЦСПС пен СССР Жазушылар одағының жүлдесін алды. Ал 1984 жылы Сафуан Шаймерденов Тагордың «Күйреу» романының аудармасы үшін Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығынының лауреаты атанды.

Өзінің қалам қарымына дарынына қарай жазушылар әртүрлі болатыны ақиқат. Бірі өндіре оқырман жүрегіне жол таба алды ма, жоқ болмаса оның ықыласына бөлене алмады ма - оны елемей әңгімеден повеске, повестен романға көшетін қаламгерлер жоқ емес. «Аз жазайық, бірақ мәз жазайық» деп Бейімбет Майлин айтқандай, көлемге емес, көңілге жағуына көбірек ұмтылатын жазушылар болады. Мен өз басым Сафуан Шаймерденовты осы соңғы топқа қосамын.

Сафуан жазушылығының бір қыры да осында өзіне талғампаздығында. «Шөп те өлең, шөңге де өлең» деп әрнәрсеге жабыса кетпейтіндігінде. Сафуан Шаймерденов шығармалары қаны бетіне тепкен монтаны сәби іспетті, тым болмаса бетінен сүймесен де басынан бір сипап өткің келіп тұратыындайсың. Ол әрине, жазушының дарындылығы, шеберлігі, жақсы қасиеті.

Мен Сафуанның алғашында «Болашаққа жол» атты роман болып, кейін «Инеш» деп шыққан көлемді туындысын оқығанда ақ біздің әдебиетімізге қаламы желгір, қолтығы кең, тынысы мол жүйріктің келгендігін аңдадым. Ол кездегі өзім де жаспын, жастар, әсіресе студенттер өмірі жайлы осындай сүйкімді роман жазған жазушыны кездестіре қоймап едім. Бір қызығы, Сафуан бірден роман жазды. Ол осы тырнақалдысымен ақ танқалдырды. Алайда, оның

даярлығы, рухани азығы мол екендігі сезілді. Ол студенттік күндерін босқа рәсуа етпепті, сол қызығы мол шақтарда адамның болашақ жолы салынар кездерде өз кейіпкерлері арасында жай ғана оқиғаларға қатысушы болмапты. Ол өз кейіпкерлерінің мүсіндерін ойша қашап жүріпті.

Сафуан Шаймерденовтың алпысыншы, жетпісінші жылдардағы повестері ше? Оларды оқыған адамның бейтарап қала алмайтыны шындық еді. Сафуан кейіпкерлері жасанды бейнелер емес, оларда динамика бар, олар адамның нақ өзі, өкініші, қайғысы, күйініші, жылауы, қуануы, күлуі - бәрі де табиғи. Бәрі де адамды шыншылдығымен баурап алатын. Сондықтан Сафуан шығармалары қолдан қолға өтіп, қызыға оқылатын. Мен өз басым оның «Мезгіл», «Қарғаш», «Мәжнүн тал», «Өмір нұры» сияқты шығармаларын құмарта оқып, жазушының адам жанының сыршыл пернелерін дөп басатын шеберлігіне, парасаттылығына, «осы айтқаным мынадан қуаттырақ, пәрмендірек, эмоциялық әсері молырақ» дегендей оқырманға ықпал ететін штрих, әдіс-тәсілдерді таба білетін көрегендігі мен тапқырлығына тәнті болдым.

Менің ойымша Сафуан Шаймерденов алдына қалайда көл көсір шығармалар жазып, «Мынау жазғыш екен десін» дегендей мақсат қоймаған қаламгер. Меніңше, ол Биағамыз айтқандай «аз жазса да мәз жазудың» қаламгері. Мен бұл арада әртүрлі айғақтар іздеп ақталып жатпайын, айта берсе бүкіл әлемдік әдебиетте арбалап роман жазған жазушылардан алтынға пара пар бірді екілі туындысымен ақ озық шыққан қалам иелері жетерлік. Немесе орыс әдебиетінде құлаш құлаш роман жазбаған В.М.Шукшин есімі төмен деп кім айта алар?

Осының бәрін неге тәптештеп кеттім? Менінше, Сафуан Шаймерденов творчествосы әдебиет сыны тарапынан арнайы зерделеп зерттеуді, жақсы назар аударуды қалайды. Оның фамилиясы қатардағы тізімдерде ғана аталмауы керек. Оны сәл кештеу болса да Абай атындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынып, Қазақстан Жазушылар одағы жақсы қадам жасаған.

Осы орайда мен Сафуан Шаймерденовтың «Ағалар алақаны» атты кітабын төрт аяғын тең басқан, өз орнында нық тұрған туындылардан тұратын кітап деп білемін. Маған бір ұнағаны, осы кітаптағы қай повесті, әңгімені алмайық Сафуанның үлкен суреткерлік қолтаңбасы, қарымы мен

дарыны сезіліп тұратыны. Ол сөз қуалап кетпейді, айтарын байыппен ғана айтады, әдемі, тапқыр бейнелейді. Штрихтары кесек, детальдары дәл. Әрбір сөз өз орнында, артық кемі жоқ, адам характерін ашып тастайды, сонда шыншыл, реалист жазушының тапқырлығына қайран қаласын. Сафуанның қай әңгімесін, эссесін алмайық, небір адам тұлғаларын танисың. Солардың бірде-бірінде жасандылық, осылай болуға тиісті деген схема жоқ. Міне, меніңше бұл жазушының тамаша қуаттылығы.

Айталық, «Бір таба нан» повесіндегі бидай үйіп жатқан колхозшыларға өкіл Қаһар Жүсіп келетін тұсында жазушы өз әкесі жайлы былайша баяндайды.

«Қаһар Жүсіп менің әкеме қарады:

- Әй, Шәймерден, сені жұрт мықты дейді ғой. Мына алашаны көтеріп албарға жеткізші кәне, ақысына бір пұт бидай аласың.

Әкем «рас па?» - дегендей кішкене көзін күлімдете қарады. Бұл кезде біздің үйде қаптың түбі тақырланып қалған еді, итермелеген сол жай ма тайынар емес.

...Ендігі сәтте қарасам алаша қабым жан біткендей қоймаға қарай сүйретіле қозғалып барады. Сол алаша қаптан әкемнің қыбырлаған өкшесі ғана көрінеді. «Міне, жазушы осы зілмауыр жүктің астына арқасын тосқан, «қыбырлаған өкшесі ғана көрінетін» әкесінің Қобыланды қуатын дәріптеп отырған жоқ, ол сол кездегі бір үзім нан үшін жан кешуге әзір жоқшылықты тарын да тапшы кезді осылайша нақты суреттеп отыр. Егер жазушы, «Несін айтасын, ол кез бір аштық жалмаған кез еді ғой жұрт аңыздан масақ теріп күнелтіп еді» деп баяндай жөнелсе (өкінішке орай осылайша жазатындар жоқ емес) осы жолдардың жүрегінді жібіте қоймайтыны анық. Ал әлгідей суреттеуден соң Шәймерденнің және сол кездегі барша адамдардың басына түскен ауыр тұрмысты, күйзелісті кезеңді жүрегің жылап отырып, көз алдыңнан өткересін. Немесе Шәймерденнің ауылда бас көтерер ер азамат болып, аштықтан жан тәсілім қылған адамдарды жалғыз өзі жерлеуі, көнбістігі, басына қанша қайғы үйірілсе де ерге тән төзіммен көтере білетін қайсарлығы, рухани қуаты бәрі де нанымды. Боямасы жоқ осы тұлғаның әрбір қимыл әрекеті иланымды.

Мен өзім оқу-тәрбие саласының маманы болғандықтан «Автограф» деген әңгімесіне ерекше тоқталғым келеді. Сафуан осы әңгімесі арқылы ұстаздарға зор педагогикалық тәжірибе

ұсынып отыр. Оны өз басым айырықша атап көрсетемін. Ол қандай ұстаз, нағыз ұстаз екендігін саусақты шошайтып, көзге шұқымай ақ байыбымен танытады. Шынында да жақсы ұстаз саусақпен санарлықтай аз. Міне, жазушы Шияп Садықовтың шәкірт жүрегіне жол таба білуін сүйсіне жазады. Ұстаз өнегесін сездіреді. Егер жоғалған дәптерлерді алып келгенде «Оқушылар, мынадан үлгі алмандар, ұрлық жасағандар осылай мазақ болады. «Ұрлық түбі - қорлық» деп ділмарси жөнелсе не болар еді. Ол, біріншіден анғал әрекетке барған шәкірт жүрегіне жазылмас жара түсірер еді, екіншіден оның ұстазға деген, адамгершілігіне деген сенімін де жояр еді. Осы арада анықтай айта кетерім: Сафуан адамгершілікті, сыйластықты, жарасымдылықты тамаша айғақтап, жүрекке жол таба алатындай әсерлі, жалған бояусыз кескіндейді. Бұл жалғыз осы әңгімесіне ғана емес, оның бүкіл творчествосына тән қасиет пе деп ойлаймын.

Осы Шияп ұстаз туралы әңгімемді одан әрі жалғастырайын. Ол кісі осы қазірде Сергеев ауданындағы Ленин селосында тұрады. Жазушы суреттегендей, биязы, ақыл парасаты мол, мінезге бай, рухани тұлғасы кесек жан. Оның алдынан оқыған шәкірттерінің өзі ата әже болып, шаштары ақ күмістенген ардагерлер. Алайда, жолы түссе солар ұстазға арнайы барып, адамгершілігі үшін иіле тағзым етіп жүреді.

Мен мәдениетіміздің айтулы тұлғалары болған, халқымыздың мақтанышы саналатын алып адамдарымыз туралы естеліктерді сүйсіне оқып жүремін. Әсіресе, тұстастарының, кейінгі інілерінің айтқан сөздерінен сол кесек тұлғалы адамдардың кейбір тамаша қасиеттері есімде мәңгілік жатталып қалғандай көремін. Осы орайда, Сафуанның «Ағалардың алақаны» шынында да ағалардың аялы алақаның сезінген, енді сол жылылығы үшін інілік мейірімін төге жазған естеліктерге, эсселерге толы. Сол эсселерде ағалардың тамаша адамгершілік қасиеттері танылады. Менінше, Сафуан оларды осындай жандар еді деп жай ғана таныстырушы емес. Ол өзі де іниге шуақ шашатын аға жасына жетіп отыр. Өзі де өзіндей аға қаламгерлерге «Інілер аузында жүретін жақсы қасиетімізбен, адамгершілік бейнемізбен өшпес із қалдырайық» дейтіндей. Расында да солай деп айтқым келеді. Ол Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Хамит Ерғалиев жайлы тамаша жылылықпен жазып, олардың

көмегін, қолтықтан демеген жәрдемін мақтана айтады, Ал өзі ше? Бақсақ оның бойында да осындай бауырмалдық, адамгершілік қасиеттер мол екен. Оған дәлел ме? Бар. Ол үшін «Күпірлік» атты шағын әңгімені оқыңыз. Сафуанның айтпағы - Төлен Әбдіковтың әдебиетімізге келген жас дарын екендігі, оның бойындағы «баяу болса да айқын ашылып келе жатқан жазушылық талант». Тағы да Сафуан «Төлен деген мынадай жазушы жақсы ізбасар» деп сыпыра мақтай жөнелмей оның «Оң қол» атты әңгімесін алдымен шүйлігу үшін оқып, кейін талантын танып иліккенін әсерлі баяндай отырып, айғақтап шығады. Сонда Сафуан айтар түйін мынау: «Талантқа бас имеу - ақымақтардың ғана үлесі болмақ».

Мен Сафуанның ағалық ақ көңілін оның талантты жас жазушымыз, өмірден ерте кеткен Ермек Қонарбаевтың дарынын танып, қол ұшын бергенінен де аңғарамын. Ол Ермек Қонарбаев туралы «Шарапат» атты әңгімесінде «Мен өз артымнан жиырма жылдан кейін ғана ерген жалғыз ақ інімнін барын (талантты прозашы Ермек Қонарбаевты айтамын) ойлап азырқана қынжыламын» деген де Ермек дарынын атап көрсетіп, оған рухани қуат бергенін білемін. Бұл әңгіме облыстық «Ленин туы» газетінде 1980-ші жылы «Газет шарапаты» деген атпен шыққан еді. Содан бері жазушы Ермек Қонарбаевқа ағалық алақанын көрсетті. Ол биылғы жылы өмірден ерте кеткен інінің жазған дүниелерін құрастыру жұмысының ауырына бел шеше кірісіп, оның «Қасқағым сәт» атты повестер мен әңгімелер жинағын оқырман қолына тигізді. Осы үшін оған облыстың барша жұртшылығы аса риза болғаны шын. Сонда менің ойлағаным мынау болды: Сафуан ағамыз өзінің атақты ағаларының жанында жай ғана еріп жүре бермепті, олардың өнегесін өз бойына дарытыпты, жақсы, үлгі тутарлық қасиеттерін үйрене жүріпті. Кісілік пен кішілікті өмірлік мұраты санапты. Содан соң мен осы ағалар жайлы эсселерді тамаша туындылар деп есептеймін.

Кейбір қайталауларға ұрынсам да айтайын, Сафуан шығармаларының күш қуаттылығы олардың өмір айнасы екендігінде, адам жанына қуат беретін дәрулігінде, шыншылдығында. Бір сөзбен айтқанда, оның бізбен жерлестігі үшін емес, тамаша жазушылығы үшін кемел дарынына тәнті болып, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылуы осы дарындылықты республикамыз болып танып, мойындаудың айғағы деп білемін.

«Ленин туы» 20.10.1988 ж.

МӘҢГІЛІК ШЫҒАРМАЛАР
(Сафуан Шаймерденов)

Қазіргі кезде Сафуан Шаймерденовтің көптеген повестері мен әңгімелері, пьесалары мен публицистикалық мақалалары, әдеби сындары мен аудармалары республика көлемынде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де белгілі.

Ал мен жазушының «Болашаққа жол» атты алғашқы романымен 1953 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің философия бөлімінің екінші курсында оқып жүргенде таныстым. Алыстағы ауылдан келген бізге студенттік өмір өте қызықты көрінді. Студенттік өмірдің қыр-сырын тезірек толығырақ білсек және сол бес жылдық қыска кезенді мазмұнды да пайдалы өткізсек деген арман бізді көп оқуға, көп ізденуге жетеледі. Біз, әрине, студенттер туралы шығып жатқан кітаптарды көбірек оқуға тырысатынбыз. Сол кезде қолға тиген В.Добровольскийдің «Сұр шинелді үшеу», Г.Коноваловтың «Университет», Ю.Трифоновтың «Студенттер» деген кітаптарын орыс тілінде оқып шықтық. Бұл шығармалар студенттер өмірінің әр алуан саласын қамтиды, студенттер арасындағы достық қарым қатынастарды, олардың интеллектуалдық дәрежесін көрсетеді.

Бұл кітаптарды оқи жүріп, осы өзіміздің қазақ жазушылары неге студенттер өмірінен осындай шығармалар жазбайды екен деген сұраққа тап болдық. Біз солай армандап жүргенде, 1953 жылдың күзінде Қазақ мемлекеттік университетінің студенттері өмірінен жазылған «Болашаққа жол» деген жаңа кітап шығып, астана (Алматы) дүкендеріне түсе бастады. Бұл хабарды естіген студенттер кітап дүкендеріне жүгірді. Мен де біреуін алып қайттым. Қоңыр түсті әжептәуір қалың (300 беттей) кітап. Авторы Сафуан Шаймерденов. Мен ол кезде мұндай жазушыны білмейтінмін.

Кітапты оқи бастағаннан-ақ өзіміздің күнделікті студенттік өмірімізде болып жататын сан қилы оқиғаларды автор қалай дәл және тамаша кестелеп көрсеткеніне таңданумен болдым. Кітаптың алғашқы бетінен бастап, онда айтылып жатқан көріністер мен кейіпкерделрдің ішінде өзімді бірге жүргендей сезіндім. Бұл әрине, тегін емес еді. Автор өзі осы университет қабырғасында бес жыл оқып, студенттік өмірдің

барлық белестерін өз басынан өткізген. Және сол жылдарда тек қана университетте өтетін пәндерден алған білімімен шектелмеген. Өз бетімен ізденіп, біліміне білім қосқан. Онымен де қоймай, сол студенттік өмірде көргендерін санасына құя білген, болашақ кейіпкерлерінің мінездері мен істерін зердесіне жинаған, олардың мінездерінің ерекшеліктерің ойша сомдап дайындай берген.

Кейін білсек, автор бұл алғашқы романын сол университеттің ақырғы курсында ақ бастаған екекн. Өйткені ол 1950 жылы университетті бітірісімен республикалық «Лениншіл жас» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі қызметіне жіберіледі. Сол Қарағандыдан 1951 жылдың 26 сәуірінде заңғар жазушы Ғабит Мүсіреповке жазған хатында ол былай дейді:

«Жас адамның бойында өз күшіне сенбеу деген бір кесел болады ғой. «Болашаққа жол» романының алғашқы тарауларын оқып пікір айтқаныңыыздан кейін мен сол бір кеселден арыла бастаған секілдімін. Өз күшіме сене бастағандаймын. Осы сенім маған шабыт әкелді. Кітапқа біржола, алаңсыз кірісіп кеткен жайым бар... Ендігі айтарым: осы бір-екі айда романды бітіріп қалам ба деп шамалаймын. Содан кейін осындағы жігіттердің тезіне салу ойымда бар. Сөйтіп, солардың да пікірлерін тындап, жөндейтін жері болса жөндеп, Алматыға кітабымды дайын күйінде апарсам ба деймін...»

Бұл хаттан біз, біріншіден, романның негізінен 1951 жылдың соңынан қарай аяқталғанын байқасақ, екіншіден, автордың сөз зергері Ғабит Мүсіреповке кітабының алғашқы тарауларын оқытып, оның батасын алып, шабытына шабыт қосқаның, үшіншіден, нағыз демократиялық жолмен аяқталған кітабын сол Қарағандағыдағы әдебиетшілер қауымының талқысына салып, «жөндейтін жері болса жөндеп», Алматыға бірақ апаруға ниеттенгенін көреміз.

Кезінде бұл роман туралы баспасөз бетінде көптеген пікірлер айтылып, бір-біріне қарамақайшы рецензиялар жарияланып жатты. Романның әділ бағасын кеемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов былай деп берді:

«С.Шаймерденов - өзінің алғашқы туындысымен-ақ, көп көңілін бірден өзіне аударды. Ол қазақ әдебиетінің туын алға апаратын кейінгі ұрпақтың алғы сапындағы талант иесі».

Кейіннен автор кітабына қайта бір қайырылып, жаңадан

жазып шықты да, атын бас кейіпкерінің атымен «Инеш» деп өзгертті. Бұл кітап енді бұрынғыдан да мазмұнды, әсерлі болып шықты. Мұнда жас жазушының ұшқыр таланты, шынайы шеберлігі, асқан ізденімпаздығы айқын көрінді.

Мені осы романды оқыганда аса таң қалдырған жайт, автордың сол кездің өзінде көп оқып, көп білгендігі. Ол бұл кітапта екі факультет өмірін көрсетеді. Әсіресе, биология ғылымында болып жатқан таластарға көп көңіл бөледі. Осы таластарға бииолог ғалымдармен бірге студенттерді де қатыстырады. Дарынды жаңашыл жас ғалым Кәрім Бозжанов пен жаңалыққа қарсы, кертартпа Майқан Белгіғұлов арасындағы күрес құр жалаң сөзбен емес, осы ғалымдардың ұстанған ғылыми бағыттарынан дәлелді мағлұматтар келтіріліп, өте нанымды көрсетіледі. Бұл үшін автор өзі әдебиетші бола тұрып, биология ғалымындағы сол кездегі талас туғызып жүрген ғылыми ағымдар туралы көп оқып зерттегені көрініп тұр. Бірақ сол таластарды автор өз сөзімен айтпайды, ғалымдар, студенттер сөзімен жеткізеді. Міне, бұл нағыз шебелік емес пе?!

Романдағы Мәулен Жандосов, Инеш Дәулеткереева, Гүлшат Аманова, Ерен Дайыров, Зада Қасымова, Асқар Сымбатов, Манап Балғабаев, Жолтай Мұздарпов сияқты студенттер әрқилы жағдайда әрқайсысы өзіне тән характерімен шынайы шеберлікпен көрсетіледі.

Романның бас кейіпкері Инеш әрқилы жағдайларда әр қырынан танылады. Автор оның сұлулығын, көп оқып, көп ізденетінін, нәзіктігін, бірақ өзімшілдігін, басқа студенттерден өзін жоғары санайтындығын өте нанымды бере білген. Оған Майқан Белгіғұлов сияқты өзімшіл кертартпа ғалымның әсері болғанын да шебер көрсеткен. Романның соңында Инеш дұрыс жолға бет түзейді. Роман: «Инеш туып өскен сүйікті қаласымен қош айтысып, қызығы мен қиындығы да, қуанышы мен реніші де мол елестеген, сыры өзіне тұңғиық неғайбіл болашаққа жол тартты» деген сөздермен аяқталады.

Сол неғайбіл болашақта Инештің жаңа өмірі басталады. Ал жаңа өмірде Инештің өмірге, адамдарға көзқарасы өзгеріп, ол халқымыздың саналы да адамгершілігі мол азаматы болатынына оқырман қауым мол сенімде қалады.

Шығарма студенттер өмірін жан-жақты көрсетеді. Онда шынайы мөлдір махаббат та, өмірдегі қиыншылықтар да, жағымды және жағымсыз қылықтар да нанымды кестеленген.

Сондықтан да шығар, ол жастардың әлі күнге дейін сүйіп оқитын кітабы болып келеді. Олай болмауы тіпті мүмкін де емес, өйткені кітапта студенттер өмірінен алынған талай есте қаларлық суреттемелер, лирикалық шегіністер кездеседі. Солардың ішінен мына бір лирикалық толғауды ғана оқып көрейікші:

«Ақырғы емтихан. Иә, осы бір соңғы бес жылдың ішінде тапсырылған жетпіс-сексен пәннің ең ақырғы осы. Ең қиыны да осы секілді көп жұртқа. Қиындық пен «қалай болар екен?!» деген толқу болады бұл ортада. Алғашқы курстағы алғашқы емтиханға кіреберістен бастап «осы пәннен құтылсақ па?!!» деген тілеу, арманы мен «әлде қайтеді» деген қобалжуы бар бір ғаламат сөз кеп студент аузына ілігеді. «Осыдан құтылсақ па?» ... дейді әр пәнді берер алдында әр студент, осыдан құтылсақ, қалғаны оңайырақ болар еді». Бірақ қалғаны да оңай болмайды. Оған да сондай оқу, ізденіс, реті келгенде, жаттау керек. Оның да өз алдына «осыдан құтылсақпасы» болады. Сөйтіп, «осыдан құтылсақ па!» бір пәннен екінші пәнге ауысады да отырады. «Осыдан құтылсақ па!» - студенттің бес жыл бойғы жолдасы. Ұйқысыз өткен түндер, ізденулер бар онда, ойлар бар. Әйтеуір, терең тартымдылығы мен қызығын кейін, есейе келе аңғартатын қысқа, қызықты өмірдің студент өмірінің философиялық мәні осы бір «осыдан құтылсақ па...» да тұрғандай. Сол сөз енді мына ақырғы сабақта өзінің бар құат күшімен молая, нығая келгендей...»

Бұл роман туралы әйгілі жазушы Ғабит Мүсірепов:

«С.Шаймерденов өзінің «Инеш» романында жастар тақырыбына батыл сүңгіп кетті де, өз замандастарының рухани өмірін шынайы да шебер суреттеп бере алды» деген болатын.

Сондықтан да, бұл романды әлі де талай студенттер мен олардың ұстаздары зор ынтамен оқиды. Олар бұдан әлде де талай тәлім тәрбие алады. Бұған сенім мол. Сондықтан бұл романның өзі де мәңгі жасай береді.

Кейін мен Сафуан ағамыздың «Мезгіл», «Қарғаш», «Мәжнүн тал», «Өмір нұры», «Ит ашуы», т.б. повестерін құмарта оқып, жазушының адам жанының сыршыл пернелерін дөп басатын шеберлігіне, парасаттылығына, оқырманға ықпал ететін штрих, әдіс-тәсілдерді таба білетін көрегендігі мен тапқырлығына тәнті болдым.

Ал оның Абай атындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына

«Ағалардың алақаны» атты кітабын мен төрт аяғын тең басқан, өз орнында нық тұрған туындылардан тұратын кітап деп білемін. Маған бір ұнағаны, осы кітаптағы қай повесті, әңгімені алмайық автордың үлкен суреткерлік қолтаңбасы, қарымы мен дарыны сезіліп тұратыны. Сафекеңнің қай әңгімесін, эссесін алмайық, небір адам тұлғаларын танисың. Солардың бірде бірінде жасандылық, осылай болуға тиісті деген схема жоқ. Міне, меніңше, бұл жазушының тамаша қуаттылығы.

Мен жазушының осы кітабы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда «Жолы даңғыл жазушы» атты мақала жазып өз пікірімді білдіріп, үлес қосқаныма мақтанамын.

Жазушының қанша шығармаларын оқысам да, өзімен бетпе бет кездесудің сәті көпке дейін түспеген еді. 2003 жылдың жазында марқұм Ғалым Қадірәлі екеуміз Алматыға барған едік. Сол жолы Сафуан ағамызға сәлем берейік, әрі «Асыл мұра» орталығына оның кітаптарын сұрап алайық деп үйіне бардық. Ол кезде жазушы ағамыз ауырып жүр екен. Сонда да елден келген бізді жылы қарсы алды, елдің амандығын, біздің «Асыл мұрадағы» жұмысымыздың жағдайын сұрап білді. Өзінің бай кітапханасымен таныстырды. Кетерімізде өзінің жаңа шыққан төрт томдығын және бірнеше жеке кітаптарын сыйлап, біздің жұмысымызға сәттілік тілеп, батасын берді. Сондағы Сафекеңнің бізге деген ықыласы мен жарқын бейнесі әлі есімде.

Иә, Сафекең жазушы еді. Оның артында қалған шығармалары мәңгілік болып қала береді. Оларды оқыған әр адам авторды зор ризашылықпен еске алады.

«Қызылжар нұры» 4.09.2009 ж.

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ ЕДІ
(Уәп Латанов)

Өмірде әртүрлі адамдар болады ғой. Солардың ішінде адамгершілігімен, ақыл парасатымен, жібектей жұмсақ мінезімен ерекше есте қалатындары да бар. Міне, сондай жандардың бірі осыдан екі жарым жылдай уақыт бұрын дүниеден өткен. Уәп Латанов ағамыз еді.

Мен Уәкеңді ең алғаш 1950 жылдардың басында сол кездегі Октябрь ауданының орталығы - Марьевка орта мектебінде оқып жүргенімде көрдім. Ол кезде шамасы 26-27 жастардағы Уәкең аудандық байланыс мекемесін бақсаратын. Біз, мектеп оқушылары, оның аққұба, дөңгелек жүзді көркіне қызыға қарайтынбыз. Кездескенде сәлем беріп жүретінбіз, ал сөйлесуге батылымыз бармайтын. Ол сәлемімізді алып, біздің сабақ үлерімізді сұрап, жақсы оқитынымызға ризашылығын білдіретін.

Университетті бітіріп, Хрущев атындағы совхоздың орта мектебінде, кейін Городецкое селосының орта мектебінде қызметте жүргенде Уәкеңмен жиі кездесіп жүрдік. Мен Қызылжар қаласына қызметке ауысқанда да байланысымыз үзілгенжоқ. Кездескенсайынсәлембергендежылыамандасып, жағдайды сұрап, шынайы көңілін білдіріп жататын. Өз басым ол кісімен қаншама жылдар бойы кездесіп, әңгімелесе жүріп, оның біреуге дауыс көтергенін көрмеппін. Қашанда салмақты қалпын сақтап, аса бір байыппен сөйлейтін. Айтқан әңгімелері адамды қызықтырып, тыңдағын келе беретін.

Уәп 1925 жылдың 28 қаңтарында қазіргі Шал ақын ауданындағы Қаратал ауылында Латып Дәулетбайұлының отбасында дүниеге келіпті. Әкесі Латып сол кездегі сауатты адамдардың бірі екен. Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының аяғында бірнеше үйдің басын біріктіріп, шағын кооператив құрады. Кейін Қаратал ауылында колхоз құрылғанда ауылдастары оны соның басқармасы етіп сайлайды, 1930-1932 жылдары көрші ауылдардың тұрғындары аштықтан өліп немесе басқа жаққа көшіп кетіп жатқанда Латыптың іскер басшылығының арқасында қараталдықтар егін егіп, мал өсіріп, аштықтың зардабын көрмепті. Әттең, өзі ұзақ аурудың салдарынан 1935 жылы дүние салыпты.

Ол кезде Уәп әлі он жеті жаста ғана екен. Әкеден жетім

қалған жас бала тұрмыстың қиыншылығына қарамай оқуын үзбейді. Қайта орта мектепті бітітіріп, жоғары оқу орнында білімін жалғастыруды армандайды. Алайда, 1941 жылы басталған алапат соғыстың кесірінен ол Ленин орта мектебінің 9-шы сыныбын бітіргеннен кейін туған ауылына келіп, есепшілік жұмысқа орналасады. Соғыстың екінші жылы аудандық оқу бөлімі оны мұғалімсіз қалған Алқағаш бастауыш мектебіне жібереді. Сөйтіп 9-шы сыныпты бітірген жас бозбала сол мектептің жұмысын басқарып әрі жас бүлдіршіндерге сабақ беріп, оның жұмысын дұрыс жолға қояды.

Келесі жылы 18 жасқа толған ауыл мұғалімі әскер қатарына шақырылып, Самарқант қаласында дайындықтан өтеді. Содан кейін Украинаны азат етуге қатысады. Днепр өзені үстіндегі кескілескен шайқаста ерлік көрсетеді. Корсунь-Шевченко ұрысында ауыр жараланып, алты ай госпитальда жатып емделеді. Одан кейін Пугачев қаласында жсақталған атты әскерлер артиллериясы полкінің құрамында шығыс Пруссияға дейін барады. 1945 жылдың ақпан айында Уәп Горький қаласына радистер дайындайтын курсқа оқуға жіберіледі. Жеңіс туралы қуанышты хабарды сонда естиді.

Сол жылы күзде елге оралған Уәп аудандық статистика басқармасына жұмысқа орналасады. Көп ұзамай Октябрь аудандық атқару комитеті оның әскер қатарында алған радистік мамандығын ескеріп, аудандық байланыс мекемесіне қызметке жібереді. Онда ол қатардағы байланысшыдан сол мекеменің бастығына дейін көтеріледі. Өзі қызмет атқарған он жыл ішінде аталған ауданның елді мекендеріндегі байланыс бөлімшелерінің жұмысын жақсартады. Уәкең аудандық мәдениет бөлімін басқарған кезде де осы саланың жұмысын көтеруге көп еңбек сіңіреді. Қай жерде болмасын іскерлік, ұйымдастырушылық таныта білген Уәп Латыпұлы одан әрі аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымына жоғарытылады. Осы қызметті табан ауыстырмай 14 жыл атқарған Уәкең аудан тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық мәселелерін шешуге қол ұшын беріп, көпшіліктің шынайы алғысына бөленеді. Бұдан кейін ол тоғыз жылдай Сергеевка су қоймасы басқармасын басқарады. Осы өызметтен зейнеткерлік демалысқа шығады.

Бір сөзбен айтқанда, Уәкең қандай қызметте болмасын өзінің еңбексүйгіштігімен, адалдығымен, кішіпейілділігімен,

халыққа етене жақындығымен зор құрметке бөленді. Соғыста алған ордендері мнен медальдарына қоса, елеулі еңбегі үшін екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, бірнее медальдармен және Құрмет грамоталарымен марапатталды. Сергеевка қаласының құрметті азаматы атағына ие болды.

Уәкең зейнеткерлікке шыққасын да қол құсырып қарап қалған жоқ. Аудан, қала өмірінің тұрмыс тіршілігіне белсене араласты. Көп жылдар бойы аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшесі болды. Өзінің сүйікті жары Күлпәшпен 56 жыл бірге тату-тәтті өмір сүрді. Екеуі екі ұл, бес қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі де ер жетіп, жоғары білім алды, үйлі баранды болды, әр салада қызмет атқаруда. Олардан көрген немерелері, жиендері бар.

Уәкең қызметте жүргенде де, зейнет жасында да ел қамын ойлап, әрдайым толғанып, проблемалық мәселелер көтеріп отырды. Солардың бірқатарын баспасөз басылымдарында жариялап тұрды. Республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі санында жарияланған «Білім беру жолындағы кейбір келеңсіздіктер» атты мақаласында Уәкең елімізде білім беру сапасы төмен жекеменшік университеттердің қаптап кеткеніне қынжылады. Оларды бітіріп, диплом алып шыққан жастардың көпшілігінің жұмыссыз жүргенін айта келіп, одан да болашақ жастарға білім беретін мектеп мұғалімдерін көбірек дайындау қажеттілігін ескертеді. «Солтүстік Қазақстанның» 1995 жылғы 25 қантарында жарияланған «Ел тағдыры, ер тағдыры» атты мақаласында ол жастардың бұрынғылар айтқандай жеті атасын білуінің қажеттілігі, әр ауылдың тарихын жазып, келешек ұрпаққа танымдық маңызы бар материал дайындап беру туралы пікірін білдіреді. Уәкең жас ұрпақтың өз ата-тегін білуі үшін бұған дейін атадан балаға ауызша таралып келген шежіресін жазып, сақтау қажеттігін айта отыра, өз бабаларының шежіресін сонау Дәуіттің 12 баласынан бастап бүгінге дейін тізіп, аудандық «Парыз» газетінің 2002 жылғы 27 қыркүйегіндегі санында жариялады. Бұл аса құнды дерек - осы күнгі жастарға таптырмайтын құжат.

Уәкең өзінің жетінші атасы Құлеке батырдың жатқан жерін анықтау үшін де біраз тер төкті. Ол Әзірет сұлтан (Қожа Ахмет Иассауи) мемлкеттік тарихи мәдени қорық мұражайының қызметкерлеріне бірнеше рет хат жазып, ақырында 1999 жылдың 3 маусымында сол кесенеде өтетін бабалар сүйегін

мемлекеттік деңгейде жерлеу рәсіміне шақырған жеделхат алады. Өкініштісі, ол хабар кеш келгендіктен бара алмады. Кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің сол 1999 жылғы 11 маусымындағы санында Иассауи кесенесінде 82 сақталған құлпытастың тізімі беріліп, онда 61-ші болып «Арғын Құлеке батыр Тәңірбердіұлы» деп берілген бабасының есімін көріп, Уәкең зор қуанышқа бөленеді. Оны жұртқа жеткізу үшін ол «Солтүстік Қазақстанның» шілде айындағы № 53 санында «Бабамыздың рухы жаңғырды» деген мақаласын жариялады. Онда Уәкең Құлеке өз заманында жоңғарларға қарсы соғыста аты шығып, Абылай ханның белді батырларының бірі болғаны, патшалық Ресей мен қазақ елі арасында елшілік қызмет атқарғаны, хан-сұлтандармен бірге антқа қол қойғаны туралы жазды.

Уәп Латыпұлы аталарының бірі - Шал ақын Құлекеұлы туралы да материалдар жинап, мақалалар жазды. Оның сол еңбегі ескеріліп, еліміздің көрнекті ғалымдары бас қосқан «Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысуға Алматыға шақырылды. 1998 жылғы 25 қарашада өткен осы конференцияда Уәп Латыпұлы «Шал ақын өлеңдерінің ел арасында таралуы» деген тақырыпта сөз сөйледі. Кейін Алматының «Дайк пресс» баспасынан шыққан «Шал ақын Құлекеұлы» (Шығармалары. Зерттеулер) атты кітапта басқа ғалымдар мен жазушылардың мақалаларымен қатар Уәкеңнің сөзі де басылды.

Сол кітаптың соңында халық жазушысы Әбділда Тәжібаев бастаған зиялы қауым Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаевқа, Солтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Даниал Ахметовке жолдаған Шал ақын Құлекеұлының 250 жылдық мерейтойының құрметіне оның туған жеріндегі Сергеев ауданың Шал ақын деп атауға көмектесуін өтінген ашық хаты келтірілген. Құдайға шүкір, бұл өтініш 1993 жылы орындалды. Бұл шешім Елбасының арнайы Жарлығымен бекітіліп, ақынның туған ауданы «Шал ақын ауданы» деп аталды. Осы тарихи маңызды жұмыста Уәп Латыпұлының еңбегі зор екені бүгінде көпке мәлім.

Кейін Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығы Шал ақын өлеңдерінің толық жинағын шығарды. Сергеевка қаласында аудан әкімдігінің алдындағы алаңға Шал ақынның ескерткіші

қойылып, салтанатты түрде ашылды. Осының бәрі Уәкең бастаған үлкен ізденістің жалғасы деуге толық негіз бар.

Жалпы алғанда, Уәкеңнің өмірі мен қызметі, адамгершілік қасиеттері жастарға үлгі, өнеге дер едім. Осының бәрі олардың бойына адамгершілік, еңбексүйгіштік, еліне, жеріне, халқына деген патриоттық сезім ұялатуға зор әсер етері сөзсіз, әрине!

«Солтүстік Қазақстан» 16.09.2009 ж.

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР (Мінайдар Жақыпов)

Туған еліне жан-тәнімен аянбай еңбек етіп, уақыттың қалай өткенін де білмей қалған зейнеткерлердің бірі - қызылжарлық Мінайдар Жақыпов.

Ол отызыншы жылдардың басындағы аштықты да, одан кейінгі жылдардағы кезеңін де көрді. Әттең, ол өз тұстастарымен бірге қазақ орта мектебінің 9 сыныбын бітірген кезде сұрапыл соғыс басталып кетті. Мектепті 1942 жылы бітірген кезде «Бәрі де майдан үшін!» деген ұран бар халықтың санасын билеп алған еді.

Мектепті жаңа бітірген 17 жастағы жас жігіт оқуын әрі қарай жалғастыруды ойлады. Сәтін салғанда сол кезде Қызылжарға Ленинградтың кеме жасау техникумы қоныс аударады да, Мінайдар оның 2-ші курсына қабылданады. Бірақ оқуын аяқтай алмайды. 1943 жылдың ақпанында Армия қатарына шақырылады. Ол кезде орта білімді жастар аз болатын. Соның себебі ме, әйтеуір, әскери комиссариат Мінайдарды Алматыға КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариатының өлкеаралық мектебіне жібереді. Әрине, бұл оқу орнына түскен кезде оның бүкіл үрім-бұтағы тексеріледі. Тексеріс нәтижесі дұрыс болса керек. Мәкең мектепті ойдағыдай бітіріп шығады.

Енді жас маман арнайы жолдамамен осы комиссариаттың әуелі Шығыс Қазақстан, одан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасында түрлі қызметтер атқарады, тіпті оперативті бөлімнің бастығына дейін көтеріледі. Өзінің айтуыншаг Мәкең бұл қызметте істеп жүріп ешкімнің обалына қалмаған, ешкімнен қарғыс алмаған.

1955 жылдың шілдесінде Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі мен Ішкі істер министрлігі біріктіріледі. Осы кезде Мәкең үйреншікті қызметінен қол үзіп, Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы «Торанғұл» кеңшарының директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болып орналасады. Бұл тың көтерудің дүрілдеп тұрған тұсы болатын. Шаруа бастан асады. Мәкең оған білек сыбана араласады. Ол осы қызметінде жұмысын тыңғылықты орындап, ұйымдастырушылық қабілетімен де танылады.

Содан бері оның бүкіл өмір жолы ауыл шаруашылығымен тікелей байланысты болады. «Торанғұлда» үш жыл істегеннен кейін Мәкең сол аудандағы «Николаев» кеңшарының партком хатшысы болып істейді. Көбінесе тәрбие жұмысымен айналысады. Бұра тартқандарды жөнге келтіріп, қажет жерінде қатаң тәртіпке шақырып отыруға да тура келеді. Кейбіреулер кезінде ренжіп, кейін өз қателіктерін түсініп, тура жолға сілтеп, ақыл берген хатшыға алғыстарын дда айтып жүрді. 1961 жылы аудан басшылары Мәкеңнің қабілетін байқап, жаңа құрылып жатқан Ильич атындағы кеңшарға директор етіп тағайындады. Осы шаруашылыұтың іргесін қаласып, жеті жыл бойы басқарғанда ол зор табыстарға қол жеткізді. Сол жылдары онымен бірге қызметтес болған қазіргі қариялар оның іскерлігі мен қарапайымдылығын, кішіпіейілдігі мен қайырымдылығын сүйсіне айтып отырады. Сол жылдары осы кеңшарға қараған барлық бөлімдшелерде (негізінен қазақ ауылдары) мектептер, клубтар, дәрігерлік пункттер, көптеген тұрғын үйлер салынды. Егістік көлемі 20 мың гектарға жуықтады. Ол 1968 жылдың жазында Ленин аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып ауысқанда кеңшарда 8347 қой, 363 жылқы, 3744 қара мал, 3595 шошқа қалды. Сол жылдың бірінші жартысында кеңшар еттен де, сүттен де тапсыру жоспарын асыра орындады.

Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып ол көп істеген жоқ, сол 1968 жылдың қараша айында сол аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Ол осы қызметте үш жыл істеген кезде аудан ілгері басуымен көзге түсті. Сегізінші бесжылдықтың қорытындысы бойынша ауданда 24 мектеп, 4 аурухана, 17 клуб, 32 дүкен, 18 кинозал, 50 мың шаршы метрдей тұрғын үй салыныпты. Сөйтіп, аудан

облыс бойынша алдыңғы қатарда көзге түсті.

Мәкеңнің мұндай іскерлігі облыс басшыларының назарынан тыс қалған жоқ. 70-ші жылдардың басында ол Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Ол келген кезде жаңа ауданның шешілмеген проблемалары көп еді. Осының алдында ғана кеңшардың орталығы болған Благовещенка селосы әлі аудан орталығына сәйкес емес еді. Мәкең асфальтті жол салу, су тарту істерін жүргізді. Әрі бұл жұмыстар жоспарсыз, қаржысыз жүргізілді. Тоғыз айда аупартком, ауатком, мектеп, асхана, қонақүй және 100 тұрғын үй салынды. Мұның өзі үлкен ерлікпен пара пар еді.

Ол кезде облысымыздағы ақтылы қойдың көпшілігі Жамбыл ауданына тоғыстырылған екен. «Кеңшар сайын қаптаған қой қара малды семіртуге мүмкіндік бермейтін болды, - деп еске алады Мәкең, - сондықтан қойды мал бордақылау шаруашылығынан басқа шаруашылықтарға ауыстыруға нұсқау бердім». Мұны естіген обкомның хатшысы Степанов Мәкеңді жерден алып, жерге салады. Мәкең де өз дегенінен қайтпайды. Ақырында Мәкең бірінші хатшылықтан босатылады.

Бірақ көп жылдар жауапты қызметтер атқарып, мол тәжірибе жинақтаған Мәкең қызметсіз қалмады. Ол 49 жасында өзінің туған қаласына келіп, облыстық мелиорация және су шаруашылығы басқармасының бастығы болып тағайындалады. Бұл саланы қаз тұрғызып қана қоймай, қанатын кең жайдыруға бар күшін жұмсайды. Ол бұл жұмысқа кіріскен кезде облыста небары 56 гектар ғана суармалы жер болса, ол зейнетке шығар жылы (1987 ж.) оның көлемі 24 мың гектарға жетті. Ол жерлерден жылына екі рет өнім алынатын еді.

Мінайдар Жақыпұлы зейнеткерлікке шыққаннан кейін де үйде қол қусырып отыра алмады. 1989 жылғы 1 наурыздан 1997 жылғы қаңтарға дейін Есіл су шаруашылығы бірлестігінде әуелі бірінші санаттағы инженер, кейін бірлестіктің Петропавл бөлімшесінің бастығы болып істеді. Сөйтіп, ол жасы 72-ге келгенде ғана қызметтен біржола босады.

Мәкеңнің еңбегі бағаланды. Ол Қазақстан Компартиясының XIII съезінің делегаты, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің бірнеше күміс және қола

медальдарының иегері. Еңбек Қызыл Ту орденімен екі рет, «Құрмет белгісі» орденімен үш рет, 12 медальмен және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Мәкеңнің отбасының тіршілігі де үлгі аларлықтай. Мәкең мен Раиса жеңгеміз ұл қыздарымен, немере жиендерімен бірге шөбере де сүйіп отыр. Отбасында тәрбие сабақтастығы, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет салтанат құрған. Балаларының бәрі де жоғары білімді.

Бұл Мәкеңнің ғибратты ғұмырының соңғы белесі болмаса екен деп тілейміз.

«Солтүстік Қазақстан» 26.09.2005 ж.

СӨЗІ ДЕ, ІСІ ДЕ - ӨНЕГЕ (Қасым Жұнысұлы - 85)

«Жақсының жақсылығын
айт - нұры тасысын».
Халық нақылы

1971 жылғы желтоқсан айының бас кезінде осы күнгі Шал ақын (бұрынғы Сергеев) ауданындағы Городецк орта мектебінде директор болып істеп жүрген мені облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасарлығына шақырды. Ризашылығымды алғаннан кейін сол кездегі дәстүр бойынша оқу бөлімінінің меңгерушісі Виталий Сакун мені алдымен облыстық партия комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі Қасым Жұнысовқа, одан кейін обкомның екінші хатшысы Әнуарбек Шмановтың қабылдауына апарып таныстырды. Осы екеуінің келісімін алғаннан кейін Виталий Иванович мені өзінің орынбасарлығына тағайындауға бұйрық жазды.

Міне, содан бері 38 жыл өтіпті. Сол кезден бастап Қасекең зейнеткерлікке шыққанға дейін (1985 ж.) мен оның қарамағында қызмет аткардым деуге болады, өйткені облыстағы барлық мектептер, балабақшалалар, кәсіптік-техникалық училищелер, жоғары және орта арнаулы оқу орындары оның қарауында болатын. Осындай ұлан-ғайыр жауапты жұмысты Қасекең бар күш-жігері мен білімін жұмсап, өте тыңғылықты орындады.

Ол білім беру саласына алғаш араласқан кезде бүкіл облысымызда 20 шақты ғана типті орта мектеп болса, 80-ші жылдардың ортасында 150 кеңшар мен ұжымшардың барлық орталық қоныстарында осы заманғы орта мектептер, балбақшалар пайда болды. 24 кәсіптік-техникалық училище жұмыс істеп, олардың материалдық-техникалық базалары нығайтылды. Оқушылардың өндірістік бригадалары өсті. Пединститутта, техникумдарда шалғай ауылдардан келген қазақ балаларын оқуға алуға орындар бөліне бастады. Ауыл балаларына 30 пайыз квота берілді. Қазақ мектептері мен балабақшалрының саны өсе бастады. Оның қарауында болған денсаулық сақтау салаларында да қыруар ілгерілеу болды. Барлық аудан орталықтарында аудандық ауруханалардың жаңа ғимараттары, Повозочное, Чистов, Озерный, Октябрь, Қиялы сияқты ірі елді мекендерде учаскелік ауруханалар бой көтерді.

Қасым Жұнысұлы облыстық оқу бөлімімен, басқа да өзінің қарауындағы мекемелермен тығыз байланыста болды.

Қасекең қалалық, аудандық мұғалімдердің тамыз конференцияларына қатысып, сол кездегі талаптарға сай айқын бағыт-бағдар беріп отырды. Сол кездерде облыстық оқу бөлімі 20-30 адамнан бригада құрып, аудандарға шығып, мектептердің жұмысын тексеріп, қажетті көмек көрсетіп, соңынан қорытынды кеңес өткізетін. Ол кеңеске аудан басшылары, селолық кеңес төрағалары, кейбір кеңшар басшылары, мектеп директорлары қатысатын. Бір жылы осындай тексеріс Тимирязев ауданында өткізіліп, оның қорытынды кеңесіне Қасекең қатысты. Ал ол кісі қатысқаннан кейін, әрине, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы мен аудандық атқару комитетінің төрағасы да жиынға келген болатын. Мұнда аудан мектептерінің жетістіктерімен қатар, кемшіліктері де айтылды. Әсіресе, мектептердің материалдық техникалық базасының төмендігі сөз болды. Обкомның бөлім меңгерушісі біздің сынымызды құптағаннан кеййін аудан басшылары одан дұрыс қорытынды шығарып, кемшіліктерді жоюға арналған шаралар белгіледі. Нәтижесінде, кейін ол кемшіліктер жойылып, мектептер жұмысы алға басты. Осылай көптеген жағдайда Қасекең бізге көмегін тигізіп отырды. «Жақсыдан - шарапат» деген осы емес пе?!

Қасым Жұнысұлы мұғалімдердің еңбегін әрқашан дұрыс бағалап отырды. Ол, тіпті, олар туралы облыстық газеттерге мақала да жазатын. Мысалы, облыстық «Ленин туы» газетінің

1977 жылғы 1-ші қазандағы санында оның Мұғалімдер күні мерекесіне арналған «Биік баспалдақтар» атты мақаласы жарияланды.

Онда Қасекең мұғалімдерге арналған жылы лебізін былай білдіреді: «Қазіргі уақытта іс-тәжірибелері баршаға айғақ, білімді де іскер жүздеген педагогтер Отанымыздың ордендерімен, медальдарымен наградталып, «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атағына ие болып отыр» дей келе, жуырда ғана «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атағын алған Сергеев ауданындағы Ленин орта метебінің мұғалімі Қ.Базарбаева мен қаламыздағы№ 11 мектептің мұғалімі Е.Золотилинаның және жоғары құрметке ие болған басқа да бірнеше ұстаздардың есімдерін зор ризашылықпен атап өтеді.

Қасекең зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қол құсырып үйінде бос отырған жоқ, көпшілік қоғамдық шаралардың бел ортасында жүрді. Ол облыстық ардагерлер кеңесінің белді мүшесі ретінде көптеген қоғамдық жұмыстар жүргізді. 1989 жылы оның бастауымен облыстық ардагерлер кеңесінің мәдени ағарту комиссиясының жанынан «Ардагер» клубы ашылған болатын. Содан бері ол осы клубты 15 жылдан аса басқарып келді. Тек соңғы жылдары соғыста жараланған аяғы сыр беріп, жүріп тұруы қиындай бастағасын ғана бұл жұмысты өзінің жасырақ шәкірттеріне тапсырды.

Қасекең - қашанда сабырлы, әр істі ойланып істейтін және оны тыңғылықты атқаратын адам. Сонымен бірге, ол өте қарапайым, кішіпейіл , кімге болса да көмектесуге дайын тұратын жан.

Біз онымен бірге қызмет атқарған жылдары одан тиянақтылықты, адалдықты, қарапайымдылықты, кішіпейілділікті үйрендік. Қасекеңді осы күнге дейін облыс жұртшылығы өте сыйлайды. Оның өмір жолы, атқарған қызметіне адалдығы, ұқыптылығы кімге болса да үлкен өнеге.

Қасекеңнің отбасын да үлгілі үйелмендердің бірі деуге әбден болады. Ол өзінің құдай қосқан қосағы Иранбағы Жазитқызымен 54 жыл бойы, тату-тәтті тұрмыс құрып келеді. Олардың тәрбиелеп өсірген балалары да - жоғары білімді мамандар.

Үлкен қызы Жаңылжан - саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан саясаттану ғылымы академиясының мүшесі. Астанадағы Л.Гумилев атындағы

Еуразиялық Ұлттық университеттің дипломатиялық академиясының кафедра меңгерушісі, бірнеше ғылыми кітаптардың авторы.

Ұлы Болат - жоғары дәрежелі дәрігер кардиолог, қаламыздағы № 2 аурухананың кардиореанимация бөлімінің бас маманы.

Ботагөз - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Павлодар мемлекеттік университетінің биология кафедрасының меңгерушісі болып істеген.

Мұрат - жоғары білімді экономист. Алматы қаласындағы Қазақ республикалық темір жол басқармасында экономист болып қызмет атқарған. Қазір қартайған әке-шешесін күтуде.

Қасекең 85-ке келсе де әлі тың, жараланған аяғының сыр беруіне қарамастан, күн сайын үйіне іргелес қалалық саябаққа барып серуендеп қайтады, қалада болып жататын қоғамдық шараларға да қатысып, жастарға ақыл-кеңесін айтып отырады. Міне, Қасым Жұнысов - еңбегімен ел құрметіне бөленген бала, немере қызығын көрген осындай бақытты жан.

«Солтүстік Қазақстан» 5.06.2009 ж.

АСЫЛ АЗАМАТ
(Қаттай Кеншінбаев - 85)

Өлкемізде елін көркейту, халқының тұрмысын жақсарту үшін ғұмыр кешкен адал да абзал азаматтар аз емес. Солардың ішінде Қаттай Кенінбаевтың есімі ерекше аталады.

Қаттай Бектасұлы 1929 жылдың 17 желтоқсанынды Совет (қазіргі Аққайын) ауданындағы Қызылту ауылында туған. Сол жылы әкесі дүние салса, 1936 жылы шешесі қайтыс болады Жеті жасар Қаттайды ағасы Дайрабай тәрбиелеп өсіреді. Ол кезде Қаттайдың үш ағасы, үш әпкесі болған екен. 1937 жылғы зұлмат бұл отбасын да шарпып өтті. Ағасы Әзімбай «халық жауы» деген желеумен атылып кетті. Оның отбасы мен апаларын да Дайрабай өз қамқорлығына алды. Сол кездегі тұрмыстың қиыншылығына қарамай, Дайрабай Қаттайды Қызылту бастауыш мектебіне оқуға берді. Одан кейін Қаттай Сарытомар жетіжылдық мектебінде оқыды. Оны жақсы үлгеріммен аяқтаса да, бір жыл тұрмыстың

қиындығынан ешқайда оқуға бара алмады. Тек 1944 жылы Көкшетау қазақ орта мектебіне оқуға түсіп, оны 1947 жылы бітірді. Сол жылы Барнаулдағы Алтай ауылшаруашылық машина жасау институтында оқуға түседі. 1952 жылы осы институтты бітірген жас маман еңбек жолын сонау Сібірдегі Томск қаласында мойынтірек жасайтын зауытта цех шебері болып бастайды.1953-1959 жылдары Томск облысының Колпашев МТС-інде механик қызметін атқарған. Көп жыл алыс жерде жүріп, елін сағынған Қаттай 1959 жылы туған өңіріне оралып, бастапқыда Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданының кеңшарлар бірлестігі тресінде бөлім меңгерушісі болып орналасады. Бірден көзге түскен білімді де білікті жас маманды облыстық партия комитеті қызметке шақырады. Сөйтіп, ол 1959-1963 жылдары облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарады. Одан кейін бүкілодақтық «Союзсельхозтехника» бірлестігіне қарасты құрылыс монтаж басқармасын төрт жыл (1963 - 1967) басқарды. Сосын 1967-1969 жылдары облыстық мелиорация және су шаруашылығы басқармасына ауысты.

1969 жылы оның өмірінде үлкен өзгеріс болды, Сол жылғы 5 қарашада КСРО Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен инженер гидротехник Қаттай Кеншінбаев одақтық деңгейде құрылған «Союзцелинвод» тресінің бастығы болып тағайындалды. Петропавл қаласында құрылған «Союзцелинвод» тресі одақтық Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің ірі құрамдас бөлігі, үлкен өндіріс ошағы болып табылды. Ол құрамында магистральдық су құбырын пайдаланатын 14 басқарма бар және жалпы ұзындығы 84 мың шақырым су құбырлары желісінен тұратын еді. Ұзындығы 16 мың шақырым су құбырын тартқан облыс Гиннестің рекордтар кітабына енді. Сөйтіп, Қаттай Бектасұлы дүниежүзіндегі ең ұзын су құбырын тартуды жүзеге асырған атақты құрылысшы атанды. Қазақстанда екі мыңдай елді мекенге су жеткізілді, Трест бөлімшелері Қазақстанның 7 облысында орналасты. Ол ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуде өзгелерден озық тұрды. Трестің күшімен Қазақстанда елуге тарта жаңа елді мекен салынды. Тек Петропавл қаласында ғана 150 мың шаршы метр тұрғын үй, ондаған дүкен, балабақша, мектеп, дәрігерлік қосындар мен спорт залдары пайдалануға берілді. Сонымен бірге оның күшімен қалада «Водник» сауықтыру-

демалыс кешені, балалардың «Балдырған» еңбек және демалыс лагері ашылды.

Қаттай Кеншінбаев басқарған «Союзцелинвод» тресі, әсіресе, Шал ақын ауданында шаңырақ көтерген «Еңбек» кеңшарына көп көмек жасады. Бұл шаруашылық Еңбек, Жаңасу, Ақсу атты үш шағын ауылдан құралды. Олардың жағдайы айтарлықтай емес еді. Мысалы, кеңшар орталығы Жаңасу ауылында небары жиырма шақты үй болды. Алдымен трестің көмегімен мұнда магистральдық су құбырлары арқылы су жеткізілді. Үш ауылға да су тартылды. Аудан орталығына қатынайтын жолда жөнделіп, автобус жүретін болды. Кеңшар орталығында машина жөндеу шеберханасы, автогараж, мал қоралары, 464 орындық мектеп, 140 орындық балабақша, дүкен, отыз шақты тұрғын үй, т.б. нысандар салынды. Сөйтіп, кеңшарға, әсіресе, Жаңасу ауылына бұрын көшіп кеткен отбасылар қайтып орала бастады. Нәтижесінде 1981 жылы кеңшарда небары 120 жұмысшы болса, 1989 жылы оның саны 500-ден асты. 1981-1991 жылдары трестің көмегінің арқасында «Еңбек» алдыңғы кеңшарлар қатарына қосылды.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында әке-шешесінен айрылып, панасыз жетім қалған балаларды жеке отбасына алып тәрбиелеу қозғалысы кең қанат жайған еді. Бұл іске бірінші болып қол ұшын берген Қаттай Бектасұлы болды. Ол балалар үйінен 12 бала алып тәрбиелеп отырған Дудниковтер отбасына екіқабатты коттедж тұрғызып берді. Осы отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына үнемі қамқорлық жасап отырды. Оларда ет пен сүттің өздерінде болуына ықпал етті, мал ұстауларына көмектесті. Коттеджді отбасына сыйлық ретінде тарту етіп, кілтін салтанатты жағдайда тапсырды. Қаланың шет жағында тұратын олардың жүріп-тұру қиындығын жеңілдету үшін трестің атынан сужаңа «Жигули» сыйлады.

Қаттай Бектасұлы аса ірі өндіріс орнын басқара жүріп, өзі де ұдайы оқып, білімін көтеруді ұмыткан емес. Еліміздің ірі орталықтарында және шетелдерде болған кездерінде олардың озық тәжірибелерін үйреніп, оны өз әріптестерімен бөлісіп отырды. Әр жылдары Болгарияда, Бельгияда, Венгрияда, Индияда, АҚШ-та, Италияда және тағы басқа елдерде болып, олардағы сумен жабдықтау мәселелерімен танысты. «Союзцелинвод» тресін басқарған 25 жылда

еліміздің өркендеуіне қосқан үлесі өте зор. Сол үшін ол үш мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, екі рет Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Оған «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі» және «Петропавл қаласының құрметті азаматы» атақтары берілді. Есімі қаланың «Құрмет кітабына» жазылды. Қаттай Кеншінбаев құрметті демалысқа шыққаннан кейін де қарап отырған жоқ. Өзі ұзақ жыл басқарған ұжымымен үнемі байланыста болды, оның жаңа басшыларына ақыл кеңесін айтып, жол сілтеп отырды. Трест мамандары мен қатардағы жұмысшылары да одан әр кезде тәлім алып, тәрбие көріп жүрді. Ардагер облыстың, қаланың қоғамдық жұмыстарына белсене араласты.

Артында өшпес із қалдырған асыл азамат Қаттай Бектасұлы ауыр науқастан кейін 2001 жылғы 17 мамырда өмірден өтті. Оның өндірісте ашқан жаңалықтары мен өз қолынан тұрғызған ғимараттары осы күнге дейін халық игілігіне қызмет етуде. Ол салдырған мыңдаған шаршы метр тұрғын үйлерде қала мен ауыл тұрғындары тұрып жатыр. Оның есімі әрқашан ел есінде сақталады. Өзі тұрған үйдің қабырғасындағы есімі жазылған ескерткіш тақта оған деген халық сүйіспеншілігінің айғағы.

Қаттай Бектасұлы теледидарлан берген бір сұхбатында: «Мен бақыттымын. Жетімдіктің зардабын, қиыншылықты көп көрсем де, кейін халқыма адал қызмет атқардым. Оқыдым, білім алдым. Тіршіліктің көзі - су, сол сумен елді қарық қылдым, Көшелерді түзедім, үйлер салдым, дүкен, балабақша және сауықтыру кешенін тұрғыздым. Көшеде халық жылы шыраймен амандасады. Осыдан артық бақыт бар ма?! Қайсысы болсын, үлкен, кішісі, орыс-қазағы қандай көмек сұраса да, аямадым...» деген екен.

Иә, Қаттай Бектасұлы еліне, халқына адал да абыройлы қызмет етті, қайырымдылығы мен ұлылығы қатар жүрді. Биылғы 17 желтоқсанда тірі болса, ол 85 жасқа толар еді.

«Қызылжар нұры» 16.12.2014 ж.

ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҚАЛАМГЕР ЕДІ
(Қанаш Шәкенов - 90)

Саналы ғұмырын халықтың келешегіне арнап, ғылым жолында айрықша із қалдырған, 18 жыл бойы Петропавл педагогикалық институтын басқарған ірі ғалым, білікті ұстаз, қарымды қаламгер, асыл азамат Қанаш Шәкенов тірі болса, бұл күндері халқымен бірге өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтер еді. Әттең, ол 80 жасқа жетер жетпесте бұл өмірден бақилыққа аттанып кетті.

Өзінің жазып қалдырған ғұмырнамасына сүйенсек, Қанаш Шәкенұлы 1922 жылғы 7 қарашада қазіргі Есіл ауданының Қаратал ауылында Шәкен Жолтаев атты белгілі педагогтің отбасында туған. Ол кісі туралы Қанаштың жақын жолдастарының бірі, экономист ғалым, профессор Мұқаш Елеусізов: «Қанаштың туған әкесі Шәкен ақсақал - бүкіл Есіл өңіріне есімі белгілі болған ұлағатты ұстаз, халық мұғалімі. Ол кісі өзінің туған ауылы - Мәдениеттің бастауыш мектебінде 50 жылдай дәріс беріп, жемісті еңбегі үшін «Халық мұғалімі» деген құрметті атаққа ие болып, кезінде ең жоғары награда - Ленин орденімен марапатталған болатын... «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, Қанаштың Шәкен ақсақалдың ұстаздық мектебінен алған тәрбиесі ақыры оны жетелеп ұстаздық жолға түсірді» - деген екен.

Қанаш ауыл мектебінен кейін сол аудандағы Петровка мектебінде оқып, одан соң Октябрь орта мектебін 1940 жылы үздік бағамен бітіреді. Еңбек жолын 1941 жылы колхозда есепші болып бастайды. 1945 жылғы сәуірде Ленин аудандық партия комитетіне насихатшы болып қабылданады. 1949 жылы Алматыдағы 2 жылдық партия мектебін бітіріп келіп, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетіне лекторлық қызметке орналасады. 1950 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін экстернмен бітіріп, жоғары білімді мұғалім дипломына ие болады. Обкомда 3 жыл істегеннен кейін 1952 жылдың қыркүйегінде Мәскеудегі КОКП Орталық Комитетінің жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасына оқуға түседі. Оны ойдағыдай бітіріп, 1955 жылғы 14 шілдеде «Колхоз өндірісін дамытудағы материалдық ынталылықтың мән-маңызы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация

қорғап, экономика ғылымының кандидаты атағын алып шығады. Мәскеуден оралғаннан кейін, 1955-1956 жылдары Ленин (қазіргі Есіл) аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып қызмет атқарады.

1956 жылғы қыркүйекте Қанаш Шәкенұлы Петропавл педагогикалық институтының доценті болып қызметке орналасады. 1961 жылы институттың саяси экономика және философия кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Ал 1969 жылы өзінің білімі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білген ғалым ұстаз осы білім ордасының ректорлығына жоғарытылады. Қанаш Шәкенұлының күш жігері, табандылығы және зор беделі арқасында жаңадан 2 оқу корпусы, спорт залы, студенттердің 3 жатақханасы, оқушылар мен қызметкерлер үшін 2 көпқабатты тұрғын үй, қала сыртында агробиологиялық станция, Қарлыға ауылының маңында спорт-сауықтыру лагері салынды. Аймақтық мамандарға сұранысқа орай жаңадан дене шынықтыру және музыкалық пдагогикалық факультеттері ашылды. Жоғары білікті кадрлар даярлау проблемасын шешуге Қанаш Шәкеновтің бастамасымен Мәскеу мемлекеттік университетімен жасалған өзара ынтымақтастық туралы келісім шарттың көп көмегі тиді. Сол кезде Петропавл педагогикалық институты әлемге әйгілі университетпен осындай шарт жасаған КСРО-дағы бірден бір жоғары оқу орны еді.

Қанаш Шәкенұлы пединститутты басқаруға кіріскен кезде онда ғылыми атағы мен дәрежесі бар он бес шақты ғана оқытушы болса, ші жылдардың ортасында ғылым докторлары мен кандидаттарының саны 100-ге жетіп қалды. Осының бәрі өз жемісін беріп, пединституттың оқу тәрбие және ғылыми зерттеу жұмысының деңгейі жоғарылады. Қанекең басқарған пединститут 80-ші жылдары республикада ғана емес, КСРО-дағы таңдаулы оқу орындарының бірі болып саналған еді. Мұндай жетістікті біз институт ректоры Қанаш Шәкеновтың ғалымдық, қайраткерлік, ұйымдастырушылық ерлігі деп танып, мақтан еттік.

Қанаш Шәкенұлы институтты басқара жүріп, ғылыми-зерттеу ісімен де айналысып, өз мамандығы бойынша экономика, нарық тақырыбында ғылыми еңбектер жазды. Зейнеткерлікке шықса да заман ағымынан қалмай, нарық туралы ойларын тұжырымдап «Тауардың құны мен бағасы»

атты еңбегі «Мысль» журналында жарияланып, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің баспасынан жеке кітапша болып шықты.

Қанаш Шәкенұлы әдебиетпен де айналысты. Ол орыс-қазақ классиктерінің шығармаларын және әлем жазушылаы мен оқымыстыларының еңбектерін көп оқыған терең білімді ғалым еді. Оның ректорлық кабинетіне кіргенде алдында үйіліп жатқан жаңа кітаптар мен газет-журналдар бірден көзге түсетін. Ол әдебиетті көп оқып қана қоймай, өзі де газет журналдарда көптеген әңгімелері мен очерктерін жариялап тұрды. Туындылары жергілікті және республикалық газет журналдарда басылды.

«Әке мен бала» әңгімесінде Қанекең облыс орталығында тұратын қадірменді елге сыйлы Қанабек қарт пен оның басқа қаладан қонаққа келген инженер баласы Болаттың сол кездегі еліміздегі ғылым, өндіріс, әдебиет салаларындағы жағдай туралы екеуара әңгіме-сұхбаты әрі нанымды, әрі қызықты берілген. Бұл еңбек қазіргі оқырманға да зор әсер етеді деуге әбден болады.

Қанаш Шәкенұлы көлемді роман да жазды. Сол кездегі жағдайларға байланысты оның жарыққа шығуы көп жылдарға созылып кетті. Бұл туралы ол өзінің күнделігінде 1973 жылғы мамыр айында: «Қырық жасымда «Күрт өрлеу» деген романымның бірінші кітабын жазып бітірдім. Оның біразын өлкелік «Тың өлкесі» газеті мен облыстық «Ленин туы» газетінде жариялаған едім. Онан қолжазбамды Сәбеңе (марқұм Сәбит Мұқановқа) беріп, ол кісі бір жылдан астам ұстап, пікірін айтқан болатын... Енді сол еңбегіме он жылдан астам уақыт өткеннен кейін қайыра оралмақпын. Атын «Тыңдағы ауыл» деп атамақ ойым бар», - деп жазды.

Ал 1990 жылғы 15 наурызда былай деп жазыпты: «Міне, наурыздың 13-і күні баспахана 9 дана кітапшамды жіберіп алдым».

... Баспа мен автордың арасындағы қарым қатынас азаптың шым шытырығы екен... «Тыңдағы ауыл» әуел баста 16 баспа табақ болатын, сонан оңға түзедім. Ал редактор 7, 8-ге дейін қысқартқан. Тіпті, қолжазбаны түзегені сонша, біраз оқиға, көріністер көмескіленіп, түсініксіз болып қалған. Автордың тілегіне құлақ аса қойған жоқ».

Дегенмен, «Тыңдағы ауыл» көп таралыммен шығып, жұртшылықтың қолына тиді. Баспаның жіберген

кемшіліктеріне қарамастан, оқырмандар бұл туындыны жылы қабыл алды. Өйткені, онда тың игеру кезіндегі қазақ ауылының жай-күйі шынайы да дәлелді көрсетілген.

Қанаш Шәкенұлының адамгершілігі туралы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз Мақтай Сағдиев марқұм өз естелігінде былай деп жазған еді:

«Қанекеңөзініңбиікмәдениетімен,үлкенақыл-парасатымен ерекшеленіп тұратын. Бұлтақтатпай, көлтектетпей, турасын кесіп айтып салып отыра беретін шешімді азамат болды. Осыған қоса қарапайымдылығы, жүрегінің түбіне кір жасырмайтын адалдық-тазалығы оның азаматтығын одан әрі айқындай, даралай түсетін. Жолдасқа деген әрі сенім, әрі қамқорлығы, әрі талабы бөлек болатын. Осы кісінің өнегесі мен үлгісі менің санамда, азаматтық қалыптасуымда, бүкіл өмірімде өшпестей айқын із қалдырды. Әрі жолдасындай, әрі туғанындай болып кететін қасиет ілуде бір адамда кездеседі. Міне, мен айтып отырған осы сирек қасиет Қанаш ағаның бойынан молынан табылар еді».

Ал Қаненекеңнің қарындасы, ардақты ұстаз Алқа Шәкенқызы былай деп еске алады: «Әтәйімнің (Қанашты тцыстары, балалары, немерелері осылай атаған. - Қ.М.) мінез-құлқында бір қарағанда алдыңғы ұрпақтан үзіліп қалған ескінің көзі сияқты тектілік бар еді. Ісі мен әрекетіне шаң жұқтырмайтын бір тақуа жан еді. Қатардағы есепшіден ғылымның биік шыңына көтерілді. Өмірбақи қызмет атқарғанда да дүниеқоңыздықпен артық мал жинап, үстіне артық киім жапсырмаған біртоға, бірақ тоқпын деп семірмей, жоқпын деп телмірмей, отбасының қарапайым жиһазы мен дастарқанын да жұрт үшін ұстайтын жомарттығы да бар еді».

Мен Қаненкеңмен 1971 жылдың аяғында облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып келгеннен кейін таныстым. Ол кезде облыстық оқу бөлімі мен пединститут бір-бірімен тығыз байланыста болатын. Өйткені, институт облыс мектептеріне әр пәннен оқытцшылар дайындайтын. Оқу жылының соңында институт бітірушілерді облыс мектептеріне арнайы мемлекеттік комиссия жолдама беріп жіберетін. Мен сол комиссияның мүшесі болдым. Институт ректоры біз өткізетін конференциялар мен басқа да әртүрлі шараларға қатысатын. Ал мен институт өткізетін шараларға қатысатынмын. Студенттердің институт бітірердегі мемлекеттік емтихандарына да жиі қатысып жүрдім. Басқа

да қарым қатынастарымыз көп болды. Оның үстіне Қанекең де, мен де әдебиетті ұнататынбыз және әртүрлі тақырыпта, әсіресе, білім, оқу ағарту ісі туралы мақалаларымыз үндестік тауып жататын. Міне, осындай жағдайлар бізді бір бірімізге жақындата түсті. Қанекең «Тыңдағы ауыл» кітабын жазғанда маған қолжазбасын көрсетіп, пікірімді сұрағаны әлі есімде. Бұл маған деген сенімінің белгісі еді. Мен де оның зор адамгершілігіне, білімділігіне, қарапайымдылығына, басқа да тамаша қасиеттеріне тәнті болдым. Қанекеңнің жарқын бейнесі, қызықты да мазмұнды әңгімелері әлі есімде. Оның тамаша өмірі мен еңбек жолы әлі талай жас ұрпаққа үлгі бола беретіні сөзсіз.

Биыл Қанаш Шәкенұлының туғанына – 90 жыл, дүниеден өткеніне – 10 жыл. Алдағы уақытта қаламыздың бір көшесі оның есімімен аталса, басқа да есте қалдыру шаралары қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Қызылжар нұры» 2.11.2012 ж.

АБЗАЛ АЗАМАТ, БІЛІКТІ ҰСТАЗ ЕДІ (Қайреш Қоспанов)

Қайреш Қоспанұлын мен ең алғаш рет 1960-1961 оқу жылы Ленин орта мектебінде көрдім. Сол кездегі Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданының аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Василий Дмитриевич Кузнецов Ленин мектебіне бүкіл аудан орта және сегіз жылдық мектептерінің директорларын жинап аудандық семинар өткізді. Мен ол кезде Городецк сегізжылдық мектебінің директоры болатынмын. Ұмытпасам, 1961 жылдың ақпан айы ғой деймін. Семинар басталмас бұрын алдымен Ленин мектебінің оқытушыларының сабақтарына кірдік. Әр кім өз мамандығы бойынша және көңілі түскен басқа сабақтарға да баруға ерікті. Мен өз мамандығым бойынша тарих пәнінен беретін әрі сол мектептің оқу ісінің меңгерушісі Жаңғали Құсайынов ақсақалдың сабағына қатыстым. Ол кісі көп жыл ұстаздықпен айналысып келе жатқан тәжрибесі мол екенін көрсетті. Содан кейін мен орыс әдебиет сабағын көргім келді. Үйткені мен орыс әдебиетін әжептәуір білетін едім және ұнататынмын. Екіншіден, қазақ мектебінде орыс әдебиеті қалай оқытылады екен деген де

ой болды. Өзімше, қазақ мектебінде орыс әдебиетін жақсы білетін мұғалімдер жоқ шығар деп те ойладым. Сонымен, 10 класқа орыс әдебиеті сабағына бір топ болып кірдік. 5-6 кісіден құрылған бұл топтың ішінде өзі орыс тілі мен әдебиетінің маманы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі В.Д.Кузнецов те болды. Бірнеше орыс директорларsда болды.

Класқа кіріп бос орындарға жайғастық. Оқытушы бәріміз орныққасын сабағын бастап кетті. Әдетте мұндай бейтаныс көп адамдар сабағына катынасып отырғанда, әрі оның көпшілігі орыс әдебиетінің мамандары және өздері орыстар болса, сабақ беруші сасқалақтап, толқып, тұтығып қалатын да жағдайлар болатын. Ал бұл оқытушы тіпті класта бірде-бір бөтен адам жоқтай, күнделікті жағдайдағыдай сабағын жүргізе берді. Сабақ Михаил Шолоховтың «Поднятая целина» («Көтерілген тың») шығармасы бойынша жүргізілді. Оқытушы мұндайда көбінесе оқушылардан сұрамай (олар дұрыс жауап бере алмас деп қорқып), өзі айтып отыратын. Ал бұл жолы оңай әдіс қолданылған жоқ. Үйге берілген тапсырманы оқушылар жап жақсы айтып беріп отырды. Жаңа сабақты оқытушы оқушылармен бірге, олардың білетіндерін пайдалана отырып жүргізді. Сөйтіп, шығарманың негізгі кейіпкерлері Давыдовтың, Нагульновтың, Разметовтың, Майданниковтыңғ т.б. характерлерін (мінездерін), әрқайсысының ерекшеліктерін дұрыс саралап түсіндірді. Оқушылардың шығарманы жақсы білетіні көрініп тұрды. 45 минут сабақтың қалай тез өткенін өзіміз де аңғармай қалдық. Оқытушы сабақта өзін орнықты, байсалды ұстады. Сабақ біткесін В.Д.Кузнецов сабаққа қатысқандарды сабақ туралы өз пікірлерін білдіруге шақырды. Бәріміз де, келісіп қойғандай-ақ, сабақтың өте жақсы өткенін, оқытушының сабақты жоғары деңгейде жүргізгенің, оқушылардың шығарманы жақсы меңгергенін айттық. В.Д.Кузнецов өз сөзінде Қайреш Қоспановтың күшті оқытушы екенін атап айтты. Міне, мен алғаш Қайреш Қоспановпен осындай жағдайда танысқан едім.

Бұдан кейін ол сол Ленин орта мектебінің директоры болып істеп жүргенде бірнеше рет кездесіп жүрдік. Ал ол 1967 жылдан бастап Кривощеков орта мектебінің директоры болып істегенде тіпті жиі кездестік. Ол кезде Городецк мектебі де орта мектепке айналған болатын. Екеуміздің өмірге көзқарасымыз ұқсас болып, достасып кеттік. Бірнеше рет оның мектебінде де, үйінде де болып жүрдік.

1971 жылдың соңында мені облыстық оқу бөлімінің меңгерушісінің орынбасары етіп тағайындағасын мен облыс орталығы Қызылжар (Петропавловск) қаласына көштім. Бірақ біздің Қайрешпен достығымыз жалғаса берді.

1972 жылы ақпан айында мен жаңа қызметте жүріп бірінші рет үлкен бригаданы басқарып Ленин ауданындағы Бұлақ қазақ орта мектебінің оқу-тәрбие жұмысын тексеруге шықтым. Сол бригаданың құрамына Қайрешті де шақыртып алдым. Бұлақ мектебін ол кезде білікті ұстаз Әбжан Қожабеков басқаратын. Мектеп ұжымы бізді жақсы қарсы алды. Бір жұма бойы біз мектептің барлық жұмысын тексердік, оқытушылардың сабақтарына қатынастық. Осы жұмыстардың бәрінде де Қайреш өзіне тапсырған міндеттерін асқан ұқыптылықпен атқарды. Тексеріс соңында өткізілген педсоветте де ол өзіне тән мінезімен орнықты, байыпты сөйлеп, өзі көрген жетістіктер мен кемшіліктерді бүкпесіз ашық айтып берді. Жалпы тексеріс жақсы өтті. Міне, бұл жолы да Қайреш өзінің зор білімділігін және адамгершілігін көрсетті.

Қайреш Қоспанов Кривощеково орта мектебінде іскерлігін көрсетті. Бұрын артта қалған мектептер санатындағы мектепті алдыңғы қатарлы мектептер дәрежесіне жеткізді. Ол ең алдымен мектеп ұжымын білікті де тыңғылықты мұғалімдермен толықтырды. Мектептің оқу-материалдық базасын нығайтты. Аудан мектептерінің ішінде біріншілер қатарында мектепті кабинеттік жүйеге көшірді. Оқушылардың еңбекпен, спортпен айналысуына жағдай жасады. Мұғалімдердің сабақ беру сапасын арттыруына көп көңіл бөлді. Нәтижесінде бұл мектептің оқушылары аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларда, спорттық жарыстарда ылғи алдыңғы орындардан көрініп отырды. Мектеп бітірушілердің көпшілігі жоғары және арнаулы орта оқу орындарына түсті. Мектеп директоры облыс деңгейіндегі семинарларда, конференцияларда өз тәжрибесімен бөлісіп көзге түсе бастады. Қайрекең кезінде өлең де шығарып, қазақтың нақыл сөздерін, мақал мәтелдерінде жинап жүрген екен.

Міне, оның осындай мол тәжрибесін ескеріп, 1976 жылы 20 қыркүйектен бастап облыстық оқу бөлімі өзінің бұйрығымен Қайреш Қоспановты облыстық Архангелка мектеп интернатының директоры етіп тағайындады. Бұл

мектептің бұрынғы директоры соңғы кезде мектеп жұмысын ақсатып алып еді.

Қайреш келісімен өзіне тән еңбекқорлықпен мектептің оқу тәрбие жұмысын көтеруге кірісті. Ең алдымен ол мектептің оқу материалдық негізін жақсартты. Жалпы осы мектепті 13 жыл бойы басқарғанда ол жаңадан бірнеше корпустар, жаңа от жағатын орталық (котельная) салды. Ескі корпустарды күрделі жөндеуден өткізді. Интернатқа бөлінген жерге егін егіп, огородқа әр түрлі овощтер, картоп өсірді. Сонымен бірге мал фермасын ұйымдастырды. Нәтижесінде интернат өз шаруашылығынан ет, сүт, астық картоп, овощтар алып, оқушылардың тамағы арзанға түсті. Барлық шаруашылыққа оқытушылар мен оқушылар қатысып отырды.

Қайреш Қоспанұлы өз ісіне асқан ұқыптылықпен кірісетін еді және қарамағындағыларға өз тәжрибесымен бөлісуге жалықпайтын. Бір мысал келтіре кетейін. Бір күні Қайреш басқарып отырған мектеп интернатқа келсем (ұмытпасам шілде айы болса керек), мектепті жаңа оқу жылына дайындау қызу жүріп жатыр екен. Қайреш мектеп ауласында екі-үш техничкаға мектеп қабырғаларын сылайтын (штукатурить ететін) ерітіндіні (растворды) дайындау әдісін көрсетіп отыр. Мұндай ерітіндіні сапалы жасау үшін қанша құм, цемент, су, т.б. компоненттер қосу керек екенін көрсетіп түсіндіріп отыр екен. Жалпы Қайрешті білетіндер: егер ол мұғалім болмаса, аса білікті құрылысшы (строитель), болар еді дейтін. Мұндай сөздің жаны да бар еді. Сөйтіп ол директор болып істеген кезде мектеп интернат түбегейлі өзгерді. Оқытушылар мен оқушыларға ьарлық жағдай жасалды. Оқу-тәрбие жұмысы алға басты.

Халықағарту жұмысында көп жыл істеген Қайреш зейнеткерлікке шыққаннан кейін де директорлықтан босааағанмен тағы да 8 жыл сабақ берді. Тек 1997 жылы денсаулығы бойынша біржола бұл жұмысты да тастады. Оның көп жылдық ұстаздық жұмысы кезінде өз бағасын алды. Қайрекең «Құрмет белгісі» орденімен, «Отличник просвещения СССР», «Отличник народного образования Казахской ССР» знактарымен, көптеген мақтау грамоталарымен марпатталды.

Соңғы жылдары Қайрекең көп ауырды. Ақыры айналдырған ауру жеңіп, 2004 жылғы 12 маусымда дүние салды. Артында сүйген жары Қаншайым, балалары Манарбек, Ниязбек,

Роза, немере, жиендері қалды. Соңғы сапарға оны шығарып салуға көп адам жиналды. Мұның өзі Қайрекеңді сыйлаудың көрінісі еді. Осылай сұм ажал абзал азаматты, жақсы жолдас, досымызды арамыздан алып кетті.

Кітапта: «Ұлағатты ұстаз». Құрастырушылар: Ғалым Қадірәлі, Қайролла Мұқанов. Петропавл, 2005, 12-18 беттер.

САН ҚЫРЛЫ АЗАМАТ ЕДІ (Уәлихан Қуанышев)

Ел ішінде жасынан еңбекпен айналысып, бар өмірін, қайрат жігерін халық тұрмысын жақсартуға арнаған зиялы азаматтар аз емес. Сондай абзал азаматтардың бірі осыдан 5-6 жыл бұрын қайтыс болған Уәлихан Қуанышұлы Қуанышев ағамыз еді.

Уәлихан Қуанышев 1929 жылғы сәуірде қазіргі Тимирязев ауданындағы Докучаев пен Степной елді мекендерінің аралығында әйгілі Сары батырдың (Уәлиханның жетінші атасы) «Қоңыр бұзау» деген орманды қыстауында дүниеге келген. Оның аталары өздерінің жайлауы болған Молалы Қырғызбай, Қайранкөл, Бояулы көлдердің ортасында Молалы ауылын құрайды. Кейін ол ауыл «Ленин колхозы» деп аталыпты. 1938 жылы құрылған Киров колхозына 1940 жылғы 23 шілдеде Ленин колхозының тұрғындары көшіп келіп қосылады. Уәлихан сол жаңа қоныста бастауыш тектепті бітіріп, 13 жасында колхоздың егіс бригадасында есепші болып істейді. Одан кейін Балуан 7 жылдық мектебін үздік бітіреді де, Тоқшын стансасында ашылған бір жылдық агрономдық оқуды тамамдап, 1947 жылы Баян МТС-не учаскелік агроном болып орналасады. Онда бір жыл істегеннен кейін, Петропавл ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. 1950 жылы әскерге алынып, Семейде атты әскер полкінің полктік мектеібнде бір жыл оқып, кіші командир болып шығады. Әскерден оралғаннан кейін техникумдағы оқуын жалғастырып, бітіріп шығады да, 1955 жылы Омбы ауыл шаруашылғы нститутына түседі. Институтты бітіргеннен кейін Степной кеңшарында агроном болып істейді. Мұнда өзін жақсы қырынан

танытқан жас маман 1962 жылы Октябрь аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып жоғарылатылады.

1963 жылы Октябрь ауданы Сергеев және Тимирязев аудандары болып екіге бөлінгенде Тимирязев аудандары болып екіге бөлінгенде Уәлихан Тимирязев ауданының «Москворецкий» кеңшарына бас агроном болып тағайындалды. 1964 жылдың басында Целиноград ауыл шаруашылғы институтында ашылған бір жылдық басшы қызметкерлер дайындайтын курсқа оқуға жіберіледі. Оны бітіріп келген соң, Сергеев ауданындағы Жалтыр ауылында бөлімше басқарушысы болып екі жыл істейді. Осы мерзімде артта қалған бөлімшені көтеріп, озаттар қатарына қосты. Оның қабілеттілігін көрген аудан басшылары жас маманды «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» атындағы кеңшарға (Новопокровка ауылы) бас агроном етіп тағайындайды. Мұнда да тиянақты да жемісті қызмет еткен Уәлихан Қуанышев көп ұзамай Жаңажол кеңшарының директоры болып жоғарылатады. 1973 жылы көп ұзамай кеңшар мал бордақылауға мамандырылған шаруашылық болып қайта құрылды. Уәлихан Қуанышев кеңшардың экономикася мен әлеуметтік жағдайын көтеруге көп еңбек сіңірді. Кеңшар орталығында 320 орындық мектеп, клуб, дүкендер, тұрғын үйлер салдырды. Егін, мал шаруашылығы өркендеді. Әттең, көлік апатына ұшырап, жеті ай бойы ауруханада жатып емделуге тура келді. Жазылып шыққаннан кейін, қайтадан Новопокровкада агрономдық қызметін жалғастырды. 1980 жылы Сергеевка қаласында жаңа ашылған № 3 арнайы ЖМК-ны басқаруға кіріседі. Онда да жұмысы алға басты. Ол басқарған ЖМК 1986 жылы Одақ бойынша екінші орынға шықты.

Ол кейін Сергеев аудандық өндірістік басқармасының кадрлар даярлайтын бөлім бастығының орынбасары болды. Осы қызметтен зейнет демалысына шықты.

Оның әр салада атқарған адал да жемісті еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол «Еңбек қызыл ту» орденімен, бірнеше медальдармен, көптеген мақтау грамоталарымен марапатталды.

Уәлихан Қуанышев құрметті демалысқа шыққаннан кейін де бос отырмай қоғамдық жұмыстың қызу ортасында жүрді. Сергеев аудандық «Қазақ тілі» қоғамының, ақсақалдар алқасының төрағасы болып, өмірінің соңғы күндеріне

дейін белсенді қызмет атқарды. Ол кейбір депутаттар мен басшы шенеуніктердің қазақ тілін құрметтеудің орнына оған қарсы болғанына шыдай алмай, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарына өлеңмен «Ашық хат» жазады. Ол хат кезінде «Ана тілі» газетінде жарияланған.

Уәкең шығармашылық жұмыспен де айналысты. Оның өлеңдері, мақалалары, очерктері, повестері мен дастандары аудандық, облыстық, республикалық газеттерде және журналдарда жарияланып тұрды. Мысалы, мен оның «Саятшылар» әңгімесін, «Қор болған қазақтың қыздары-ай!», «Атадан қалған асыл сөз» мақалаларын, «Үш қыз», «Бұрымды қыз», «Туған жер», «Ер Есім» (Есім Шайкинге арналған) атты өлеңдерін, «Ер Сары» (Сары батыр туралы), «Ұмсын сұлу» атты дастандарын қызығып оқыған едім. Оның өлеңдерінде:

«Балалық, жастық шақты есіме алсам,
Келеді елес беріп әжем менің», -
деген жолдар бар.

Бұл сөздер тегін жазылмаған. Мұны Уәкеңнің өзі жазған өмірбаянының мына үзіндісінен көреміз: «Мен Уақ-Шоға Сары батырдың өзінен санағанда жетінші ұрпағымын: Сары батыр Ноян (шын аты Қыстаубай) – Боздақ – Жантемір - Сейіс - Қуаныш - Уәлихан. Өлді деген Ноянның (Қыстаубайдың) алтыншы ұрпағымын. Әжем Айкүн Ноян мен Құралайдың шөбере келіні. Әжем (Сейіс атамның бәйбишесі) Құралайды көрмесе де, енесінің айтуынан көп білетін. Жағалбайлыда Ноян мен Құралайдан өрбіген ұрпақ елге 1988 жылы 7 үй шаңырақ болып оралады. Шешелеріміздің бәрі Жағалбайлының бек, би, байларының қыздары екен. Әжем солардың ең кішісі. Оның нағашысы Беркімбай хазірет, қажы. Әжем сол кісінің медресесін бітірген 7 лімді, зиялы болатын. Өзі секілді медресе бітірген оқымысты Ұмсын Жүсіпқызын өз қызы Хамиладан артық жақсы көріп, достас болған. Жағалбайлыдан келген атаәаналарымыз Сары батырдың қыстауы «Қоңыр бұзауға» орналасып, сол жерде өмірден өтіп, жерленген. Мен сол Айкүн әжемнің қартайған кезінде бауырында өстім, әңгімелерін көп тындадым, көп мағлұмат алдым».

Ол осындай азамат еді. Оның жарқын бейнесі оны көріп білген адамдардың есінде ұзақ сақталады деп ойлаймын.

«Солтүстік Қазақстан» 8.04.2014 ж.

АҚЫН ЖҮРЕҚТІ ҒАЛЫМ
(Евней Арыстанұлы Бөкетов - 80)

Еліміздің даңқты азаматтарының бірі, ардақты ағамыз академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 80 жыл толып отыр. Сол кездегі коммунистік партия басшыларының қыспағы оның денсаулығына әсер етіп, ол небары 58 жасында дүние салды. Бірақ «Ғалымның хаты өлмейді» - дегендей, оның артында мол мұрасы - ғылыми және әдеби еңбектері қалды.

Евней Арыстанұлы техника ғылымдарының докторы, профессор, академик дәрежесіне жетті. Ол аз өмірінде көптеген ғылыми еңбектер жазды. Жазып қана қойған жоқ, өзінің ғылыми табыстарын өндіріске енгізді. Сол еңбектері үшін талай сыйлықтар, тіпті Мемлекеттік сыйлықтар да алды.

Ебекең үлкен ғалым болумен қатар, белгілі әдебиетші де еді. Бұл мақаламда мен оның тек қана әдебиетшілігіне тоқталмақпын.

Мен Евней Арыстанұлың басқалар сияқты аса қадір тұтып келдім және солай бола бермек те. Біз оның ірі ғалым, көрнекті жазушы ретінде тұлғасы дараланып, биік тұрғанын мақтаныш етіп жүрдік. Басқа жерлестері сияқты мен де Евней ағаның ғылымдағы, әдебиетегі әр қадамын аңдып, баспасөзде жарық көрген шығармаларын қалт жібермеуге тырыстым.

Ол әдебиетке ерте араласқан. Мына бір жағдайда таң қаласыз, 50-ші жылдардың бас кезінде Тау-кен институтының студенті, аспиранты, оқытушысы болып істеп, кандидаттық диссертация қорғауға әзірлене жүріп, бір мезгілде орыс тіліндегі кітаптарды қазақ тіліне аударуға, тәржіма туралы, оның ішінде В.В.Маяковский өлеңдерінің аудармасы туралы мақалалар, қазақ әдебиетінің алыптары С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин және басқалардың шығармалары жөнінде сын жазуға қалайша уақыт тапты десеңізші! Жазғанда да қандай дәлелді де ойлы еді олар. Інісі Қамзабай Бөкетов өз естелігінде жазғандай, Евней-ағаның ескертпелерін ешкім көңіліне алып ренжіген емес, қайта оны өздерімен терезесі тең, әдебиет мәселелерін терең білетін сыншы ретінде бағалап отырған. Мұның өзі қазақ жазушыларының Е.Бөкетовтің тума талантын, дарындылығын тап басып тани білгендерін көрсетеді.

Ол әдебиетпен айналысуды еріккеннің ермегі немесе уақыт өткізудің көзі деп есептеген жоқ. Оны рухани қажеттілік деп түсінді және өзінің осы мақсатынан көз жұмғанға дейін айныған жоқ. Евней аға дос-жарандарының, замандас-серіктерінің айтуына қарағанда аудармашылық қызметпен айналысуын орыс тілін бімейтіндерді орыс және шет ел әдебиетімен таныстыру үшін жасалған қадам деп түсіндірген.

50-ші жылдардың орта шенінде Е.Бөкетовтің әдебиет саласындағы шығармалары республикада ғана емес, одақ оқушыларына да мәлім болған. Оған тіпті «Литературная газетаның» Қазақстан бойынша тілшісі болуды ұсынған. Бірақ ол өзіне тән қарапайымдылықпен бас тартқан. Өйткені оның негізгі жолы - ғылым, ғылыми еңбек қой.

Евней Арыстанұлы 60-ші жылдары тек ғылыммен айналысты. Техника ғылымдарының докторы дәрежесін алғаннан кейін ғана әдебиет майданына қайта оралды. Қ.Бөкетовтің айтуынша, 1967 жылы Ебекең бір топ ғадлымдармен бірге Канадаға барып келгеннен кейін іле шала «Канада әсерлері» эссесін жариялайды. Бұдан соң ол елімізде белгілі ғалым әрі жазушы ретінде толық танылды.

60-70 жылдары Е.Бөкетов Орталық Қазақстанда ғылымды ұйымдастырумен айналысты. Республка Ғылым академиясының Қарағандыдағы химия металлургия институтының директоры, кейін Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметтерін атқарады. Осы кездері оны Қазақстан ңылымы мен мәдениетінің дамуы, перспективасы ойландырғаны хақ. Еш нәрсе тақыр жерден басталған жоқ. Республикада ғылым мен әдебиеттің өркен жаюына, одақ, әлем көлемінде мәшһүр болуына асыл ағалардың сіңірген еңбектері зор. Міне, сондықтан да Е.Бөкетов жас ұрпаққа солар жайлы сыр шертіп, әңгімелеп беруді өзінің ғалымдық, жазушылық парызы деп ұғынды. Бұған оның 1977 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Творчество қырлары» деген еңбегі күә.

Мен бұл кітапты бірнеше рет оқып шықтым. Әрбір оқыған сайын әңгіме арқауы болған адамдардың беймәлім қырларын. Біз біле бермейтін сырларын тапқандай боласың. Мысалы, «Атан қомында туған адам» очеркін алайық. Бұл дүниелікті оқығанда кешегі көшпелі халқымыздың бүгінге дейінгі тұтас дәуірі елес беріп өтеді. Елес емес-ау, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі сырлы суретпен беріледі. Көшіп-қонып жүргенде

атан қомында туған алам мең күміс қанат самолетте дүниеге келген адамның мысалында халқымыздың экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің өсу жолдары ғажап көрсетіледі. Көшпенді елдің баласы Ишанбай Қарақұловтың атан қомынан ғылым мен мәдениетіміздің көгіне самғауы шын мәнінде толғанысты құбылыс.

Екі академияның (Қазақстан және Қырғызстан) мүше-корреспонденті, екі республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері, медицина ғылымының докторы, Қазақ ССР денсаулық сақтау министрі, республика Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланған И.Қарақуловтың өмірі, ғылыми және қоғамдық қызметі кейінгі ұрпақ үшін үлкен ұлағат.

Осы очеркте қазақ халқының алғашқы академиктері М.Әуезов пен Қ.Сәтбаев туралы қысқа да болса нұсқа жазылған. Автор сонымен бірге Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің кең айдынға шығуына зор көмек көрсеткен орыс ғалымдарының рөлін ерекше атап көрсетеді. Олардың бәрін өзінің ұстаздары деп ардақ тұтады.

Кітаптағы очерктердің бірі тұтастай орыстың ұлы химигі Д.Менделеевке арналған. Автор оған деген сүйіспеншілігі мен ықыласын былайша суреттейді: «Оның кітаптарын оқи отырып, химияны бар жан-тәніммен сүюді үйрендім, ал оның өмірбаян беттерін ақтара отырып, одан мақсаткерліктің үлгісін, теория мен практиканың бірлігін, оның ғалым адам ретіндегі ізгілік сезімін, мінез қайсарлығын, ой мүддесінің кеңдігін көрдім». Бүгіндері байқап отырсақ, бұл қасиеттерді очерк авторының өз бойынан да тапқандай боламыз.

Е.Бөкетов тағдырдың қатал сынынан өткен ғалым-әдебиетші. Әсіресе, тоқырау кезеңінде небір пасық ойлылардың іштен шалуы оның адымын аштырмады. 1978 жылы «Простор» журналында оның «Жарқын өмір кезеңі» атты повесі жариялнады. Ол «Ғылыми қызметкер жазбалары» деген тақырыппен берілді. Біз, Евней-ағаның жерлестері, бұл өмірбаяндық повесті зор қуанышпен қарсы алдық. Өйткені ондағы көп жайлар біздің көз алдымызда өткен оқиғалары әбден таныс ты. Осылардың бәрі ерекше шабытпен, білгірлікпен, астарлы оймен жазылыпты.

Евней-аға ғалым, жазушы, қоғам қайраткері бола тұра, атқарған қызметің, қоғамға сіңірген еңбегін жар сала айтқан емес. Өмірінің соңғы күндеріне дейін ол қарапайым қалпында қалды. Өйткені әр нәрсенің бағасын уақыт, халық

беретіндігіне сенді. Содан да ол кітаптың алғы сөзінде: «Мен осы еңбегімде уақыт туралы, өзім туралы сыр шерткім келді. Қазір байқап қарасам, екеуінің де аулына жақындай алмаппын. Солай бола тұрса да бұл жазбаларымды оқырмандар тезіне салуды жөн көрдім, өйткені оларда көптеген кемшіліктерге қарамастан, халық тағдырында ұлы да ғажайып роль атқарған совет ғылыми қызметкерінің аздап болса да тәжірибесі бейнеленген», - деп ағынан жарылады. Ол мұнда өзінен гөрі совет ғылымының рөлі жөнінде көп әңгімелейді. Ал повесін ол былай деп аяқтайды:

«Сіңірген еңбегіміз бар дейміз. Бірақ ол желбуаз сөздер екен. Жеріне жете ойластырылмаған, істеліп бітпеген нәрселер жайлы үрейлі ойлар менің жанымды жегідей жеп, маза берер емес. Сірә, осы мазасыздық өміріміздің мәні де болар». Бұдан көріп отырғанымыздай, автор өз ісіне қанағаттанғандық білдірмейді, халықтың ғылыми және мәдени дәрежесін көтеру үшін көп еңбектену керектігі хақында ой толғайды. Шешілмеген жұмбақтарға, ашылмаған құпияларға, тарқатылған проблемаларға бару өмір мәні. Міне бұл оның өмірлік мүддесі.

Осылайша алдына өр мақсат қойған ғалым жазушыға жала жабылуы біз үшін күтпеген жай болды. 1979 жылы май айында «ленинская смена» газетінде Ю.Рощин дегеннің Евней-ағаны қаралау ниетімен жазылған мақаласы жарияланды. Біз ол кезде республика басшылығының Е.Бөкетовке «қырын» қабағын білмейтінбіз. Бірақ оқырман жұртшылық мақаланың арандатушылық сипатын аңғармай қойған жоқ. Әрине, мұның өзі Е.Бөкетовтей үлкен ғалымға қандай соққы болғанын айтып болмайды.

Дегенмен де Евней-аға мойымаған. Ол повесін қайта өңдеп, қайта жазып шыққан. Бұл повесть жазушы өмірден өткеннен кейін, 1989 жылы «Досқа алты хат» деген атпен «Жалын» баспасында басылып, жарық көрді.

Бұған қоса, кейін мәлім болғандай, өмірінің соңғы күндерінде Е. Бөкетов А.С.Пушкиннің орыс генералы Барклай де-Толлиге арналған «Қолбасшы» («Полководец») деген өлеңін қазақшаға тәржімалаған. Аударманы түпнұсқамен салыстырғанда, Евней-ағаның ақындық және аудармашылық қуатын жаңа қырынан көргендей боласың.

Евней-аға дүниеден өткеннен кейін оның жазу столынан ұлы математик - әйел С.Ковалевскаяның өлеңдері табылған.

Бұған дейін қазақ ақындарының қолы тимеген жырлар. Ағамыз оларды да аударуға ниет қылса керек. Осыларды оқып отырып ғалым аға не ойлады екен? Өз тағдырын сол ұлы адамдардың тағдырына ұқсатты ма екен? Өйткені Евней аға ақын жүректі ғалым еді ғой.

Қалай дегенмен де, ол халық алдында қарыздар болмай, ақиық қырандай биікке самғап, рухани өміріміздің төрінен өз орынын алғаны анық.

Бұл күндері ғалым жазушының туғанына 80 жыл толуына орай бүкіл республикамызда түрлі шаралар өткізілуде. Мысалы, оның отыз жылдан астам қызмет істеген Қарағанды қаласында 23-24 наурызда оған арналған «Академик Е.А.Бөкетов - ғалым, педагог, ойшыл» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция өткізілмекші. Өзіміздің Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде осындай конференция наурыздың 25 – 26 күндері өтеді. Ғалымның Қарағанды университетіндегі мұражайы күрделі жөндеуден өтіп, қайта жаңарды. Біздің қаламыцздағы ғалым атындағы ғылыми тезникалық кітапханадағы мұражайы да қайта жаңарды. Бәрінен қуаныштысы оның шығармалар жинағының 6 томдығының шығуы. «Ғалымның хаты өлмейді» деген осы емес пе.

«Қызылжар нұры» 18.03.2005 ж.

АЛМАСТЫҢ ӘР ҚЫРЫ АСЫЛ...
(Евней Бөкетов)

Әдетте ғылыммен шұғылданып жүрген көптеген ғалым тек өз мамандығының жайымен ғана шектеледі. Ал Евней Арыстанұлы Букетов энциклопедиялық терең білімдарлығымен оқшауланады. Ол көпшілік қауымға тек химия металлургия саласының ғалымы ретінде ғана емес, сонымен бірге көсемсөзші, әдебиет сыншысы, ақын жазушы және тамаша аудармашы ретінде танымал.

Евней Арыстанұлы қазақ тілін де, орыс тілін де өте жетік білді, екі тілде де еркін жаза алды. Ол әдебиетпен, әдеби аудармамен мектеп жасынан айналысқан. Алғаш 9-шы сыныпта оқып жүріп, қазақ тілінен орыс тіліне Сәбит Мқұановтың «Жұмбақ жалау» романын аударған екен. Өкінішке қарай, бұл еңбек соғыс жылдары із түзсіз жоғалып кеткен.

Бұдан соң Евней Букетов әдебиетпен, аудармашылықпен айналысуын жоғар оқу орнында жалғастырды. Өткен ғасырдың 50-ші жылдарының басында әуелі институттың аспиранты, кейіннен оқытушысы болып істей және кандидаттық диссертация дайындай жүріп, жас ғалымның сонымен бірге орыс тіліндегі кітаптарды қазақ тіліне аударатын сол кездегі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері жөнінде әдеби сын мақалалар жазуы таң қаларлық іс еді.

Белгілі қазақ ақыны Мұзафар Әлімбаев былай деп еске алады: «Казахстанская правда» газетінің 1953 жылдың 29 наурыз күнгі санында ұлы ақын В.Маяковскийдің қазақ тіліне аударылып басылып шыққан кітабының көркемдік сапасы мәселесіне арналған екі беттік үлкен мақала жарияланды. Авторы әлеуметке аты әлі аян емес, белгісіз біреу. Кітапты аударуға қазақ поэзиясының қасқалары мен жайсаңдары Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Қалижан Бекқожин және тағы басқалар белсене атсалысқан. Ал мақала авторы болса, аудармашыларды шетінен қирата сынапты. Ешкімнің Алатаудай атағына, биік беделіне қарамай, бетің бар, жүзің бар деместен сілкілеген екен және сынауы сындарлы, дәлелді, пікірі орнықты сияқты».

Ал ақын Сырбай Мәуленов Евней Арыстанұлының Жазушылар одағының үйінде Маяковскийдің шығармаларын

аударудың жағдайы туралы баяндама жасап, аудармашы ақындарды сынағанын еске алады: «Сонлда белгілі ақын Тайыр Жароков: «Әй, мына бала қайтеді. Осы баладан қорқайын дедім ғой», - деп күліп еді-ау», - дейді.

Сонымен бірге Евней Букетов «Шалағай аударма және талғампаз емес баспа» деген сын мақала жазды. Бұл мақала Н.Чернышевскийдің қазақ тіліне аударылған «Таңдамалы педагогикалық пікірлер» (Алматы, Қазақ оқу педагогикалық баспасы, 1951 ж.) кітабы туралы еді. Мақалада Евней Арыстанұлы былай деп жазған: «Қазақ оқу педагогика баспасы Н.Чернышевскийдің ұстаздық тағылымы жөнінде әр кезде айтқан ой тағылымдарын қазақ тілінде жариялады. Мұндай кітапқа республика мұғалімдері аса ділгір. Алайда, аудармашының өз міндетіне жауапсыз сөз шебері Н.Чернышевскийдің түпнұсқадағы асыл пікірін қазақша түсіну мүмкін болмай қалған...» деген ауыр айыптаумен басталған сын «Таңдамалы педагогикалық пікірлердің» түпнұсқадағы мән мағынасы шалағай аударма шы қаламынан мүлдем өзгеріп шыққанын нақты мысалдармен әшкерелейді.

Е.Букетов Тайыр Жароковтың В.Маяковскийдің «Ленин» поэмасын аударғандағы кемшілігін былай көрсетеді: «Поэманың бас кезінде мынадай тамаша шумақ бар. Ол шумақта ақын өзінің «шабуылға шыққан тапты» жаршысы екенін айта келіп былай дейді:

Знаю, лирик скривится горько.
Критик ринется, хлыстиком выстегать.
А где же душа? Да это ж - риторика,
Поэзия где ж? Одна публицистика.

Аудармада Т.Жароков бұл жолдарды былай көрсеткен:

Білемін, ашуланар лирик төзбей,
Сыншылар ала ұмтылар шыбыртқысын.
Жаны қайда? Мынауысы - қара сөз ғой
Өлең қайда? Сөзінде жоқ, - деп, - қисын!

Мұндай шалағай аударма төзуге болмайды. Мұндай ақындық творчествосының түп ұстанымын бұрмалайды. Маяковскийше құрастырса, публицистика деген сөзді орнына қалдырып (не оған қазақша балама тауып), соған қандай да бір бейнелі ұйқас іздер еді. Т.Жароков керісінше бірінші екі жолды сөзбе-сөз аударған да, кейінгі екі жолды мағынасына қарамай жоғарыдағы екі жолға жамай салған. Осының салдарынан Маяковский өлеңінің өткірлігі мен нақтылығы мүлдем жоғалып кетткен».

Осы 50 жылдары Евней Арыстанұлы өзі де аудармашылық жұмыспен көп айналысады. Ол орысшадан қазақ тіліне И.Василенконың «Артемка» повесін (1954 ж.), Э.Золяның әңгімелері мен мақалаларын (1956 ж.) , болгар жазушысы И.Вазовтың «Бұғауда» («Под игом») романын (1959 ж.), В.Маяковскийдің «Қандала» («Клоп») пьесасын (1957 ж.), Есениннің «Анна Снегина» поэмасын (1962 ж.) және бірсыпыра өлеңдерін аударады.

1970-1982 жылдары ол В.Маяковскийдің «Керемет» («Хорошо») поэмасын, ұлы драматург В.Шекспирдің «Макбет» және «Юлий Цезарь» трагедияларын аударды. «Макбет» С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театрында және Шымкент облыстық қазақ драма театрында ойдағыдай қойылып, көрермендердің жылы ілтипатына бөленді.

Евней Арыстанұлы С.Есениннің, В.Маяковскийдің, А.Пушкиннің көптеген шығармаларын жатқа айтатын. Бірақ ол Пушкин мен Лермонтовты аударып көрмеген. Пушкинді кезінде ұлы Абайдың аударғаны баршаға белгілі. Сондықтан Евней Букетов Пушкинді Абайдан кейін аударуды өзіне ерсі көрді. Бұл жерде біз оның зиялылығын, мәдениеттілігін және әдептілігін көреміз. Тек қана өмірден өтерінен аз-ақ бұрын, 1983 жылдың желтоқсан айының алғашқы күндерінің бірінде ол А.Пушкиннің 1812 жылғы Отан соғысының белгілі қолбасшысы Барклай де Толлиге арналған «Қолбасшы» («Полководец») атты өленің аударған екен. Бұл өлең тек 1988 жылдың 23 наурызында «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрді.

Өз аудармалары туралы Евней Арыстанұлы «Көркем аударма, хал қалай?» («Лениншіл жас» - 4.07.1975 ж.) атты мақаласында былай деп жазды:

«Әрине, үлкен таланттарды тап баса беру қиынның қиыны. Мен бұрнағы жылы Маяковскийдің «Хорошо» («Керемет») атты поэмасын ана тілімізге аударды. Атақты ақындарымыз Қ.Бекқожин мен Қ.Тоғызақовтың жуықта ғана тамамдалған аудармасы бар екенін көре тұра аударды. Бірақ асып түсейін, озықтық көрсетейін деп аударғам жоқ. Кейбір жазушылардың көкіректегі шығармасы әбден толғағы жетіп, енді жазбай отыра алмайтын жағдайға ұшырайтыны сияқты мен де Маяковскийдің осы поэмасын аударма отыра алмайтындай сезіндім. Өйткені, мен бұл поэманы 30

жылдан бері жатқа білем. Қайталап айтқан сайын кейбір ырғақ, кейбір ұйқастары жүрсем де, тұрсам да ауызға ана тілінде орала беретін болды. Міне, содан барып аударма бір кезде құйылып түскендей болып шыға келді. Әрине, бұдан осы аударма оңайға түскен екен деген пікір тумауға тиісті. Қиыншылықтар тіпті көп болды. Мысалы, Маяковскийдің пародияны шебер пайдаланатын әдеті бар. Аталмыш поэмада пародия - келеке әдісін ол екі жерде пайдаланады.

Поэманың 4-ші тарауында эсер Кускова мен кадет Милюковтың өзара әңгімесін Маяковский Пушкиннің «Онегиндегі» няня (Милюков) мен Татьянаның (Кускова) әңгімесі етіп беріп, эсерлер мен кадеттер партиясының өзара қарым-қатынасын өлтіре әжуалаған. Бұл тарауда «Онегиннің» мөлшер ырғағы мен тіпті сөздерін де түре пайдаланған. Мен Ілияс Жансүгіров аудармасының - «Онегиннің» осы бір жерін тауып алып, Милюков пен Кускованың аттарын сыйыстырып көріп едім, сәл пәл текшелеп орналастырғаннан кейін сыйды да кетті.

Поэманың 4-ші тарауында Маяковский Керенскийді былай сипаттайды:

Забывши и классы и партии,
Идет на дежурную речь.
Глаза у него бонапартьи,
И цвета защитного френч.

Лермонтовтың Наполеонға арналған «Воздушный корабль» атты өлеңі бар. Бұл шумақ сол өлеңге пародия, өйткені Керенский өзін Наполеон Бонапартқа ұқсаспын деп киімі, жүріс-тұрысы жөнінен француз әскер басшысына ұқсауға тырысқан. Маяковскийдің бұл шумағы Лермонтовтың аталған өлеңінің мына бір шумағына пародия:

Из гроба тогда император
Очнувшись является вдруг.
На нем треугольная шляпа
И серый походный сюртук.

Аударма осы жағдайды ескеруге тура келді: әуелі Лермонтовтың өлеңінің аударылу мөлшері мен шамасын байқап алып, сонсоң барып Маяковскийге көшу лайықты болып табылды. Әрине, бұл аударма да Маяковскийдің тамаша туындысын қазақ тілінде кемшіліксіз жеткізіп тұр деуге болмайды. Кемшіліктері қазірдің өзінде өзіме көрініп тұр. Көлденең көзге одан да көп көрінетіне күмәнданудың

болмайды. Мысалы, поэманың ақырғы 19-шы тарауы әжептәуір болып шыққан сияқты. Бірақ поэманың осы тамаша қорытынды шумағының ең аяққы жолдарына өзім деырза емеспін. Түпнұсқада:Лет до ста расти

Нам без старости
Год от года расти нашей бодрости.
Славьте молот и стих,
Землю молодости! - делінген.

Осы бір жолдарды әсерлі, дауысты, көтеріңкі етіп тұрған буын бар, ол қайталанып жатқан «сти». Қазақ тілінде, менің аудармамда былай болып шықты:

Кәрілік жоқ бізге,
Жетеміз жүзге.
Жылма-жыл үдер
Жастық ел, балғын жер!

Мағынасы жөнінен жақын болғанымен, осы әсерлі жолдардың дауыссыз дыбыстарға аяқталуы, әрине, түпнұсқадан алшақтатып тұр. Бірақ, амал нешік, осылай аударылды. Осыдан туатын ой мынау: орыс әдебиеті мен басқа бауырлас халықтар тіл өнерінің үздік үлгілерін ана тілімізге мүмкіндігінше бар бояу-әрімен, шабыт шұғыласымен жарқыратып беру жағынан кенже түспегеніміз абзал. Мұнда тек түпұсқаның ықпалында қалып қоймай, ұлт мәдениетіміз, барлық бейнелеу көркемдік құралдарын қолданып, аударма өнерінің көкжиегін кеңейтуіміз - бүгіннің басты парызы. Керек болса, қайталап аударудан қорықпау керек. Әркім өз еңбегін әлсін-әлсін жаңалаудан, жетілдіден қашпауға тиісті».

«Солтүстік Қазақстан» 20.03.2010 ж.

ПЕДАГОГ, АҚЫН, САЗГЕР, ӘНШІ
(Миғаш Шәріпов)

Миғаш Смағұлұлы Шәріповпен мен алғаш 1952 жылы қыркүйекте Алматыда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік (қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық) университетінде таныстым. Университеттің философия экономика факультетінің философия бөліміне әр жастағы 25 студент түсіп, оқи бастадық (кейін 3-курста бұл бөлім жабылған соң тарих факультетіне ауыстық). Сол 25 студенттің ішінде мен сияқты орта мектепті жаңа ғана бітіргендер бірнеше жыл еңбекпен айналысып келгендер, Отан соғысынан оралғандар да болды. Арамызда қазақ, орыс, украин, ұйғыр, дұнған, корей ұлттарының өкілдері де бар еді. Бәріміз тату-тәтті қарым-қатынаста болып оқыдық.

Әсіресе, Миғаш екеуіміз жасымыздың айырмашылығына қарамай (ол менен 5 жас үлкен) тез достасып кеттік. Мұның себебі, біріншіден, біз жерлес болып шықтық. Мен Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь (қазір Тимирязев) ауданындағы Ынтымақ ауылынан болсам, ол Булаев (қазір Мағжан Жұмабаев ауданындағы Сарытомар ауылынан екен. Екіншіден, екеуіміздің мінезіміз, өмірге көзқарасымыз ұқсас болды. Біз бір-бірімізді тез түсініп кеттік. Екеуіміз де жақсы оқыдық.

Студенттік өмірдің бес жылы зымырап өте шықты. Екеуіміз де өзіміздің Солтүстік Қазақстан облысына жолдама алдық. Мұнда Миғаш Благовещенка, Новопокровка мектептерінде директор болып қызмет атқарды. Кейін Талғар қаласындағы № 6, Алматы қаласындағы № 95 орта мектептерді басқарды.

1966 жылы тәжірибелі, озат мектеп директорын Қазақ ССР Оқу министрлігі қызметке шақырды. Онда Мәкең мектеп инспекторлығын бастап қоғамдық гуманитарлық ғылымдар бөлімінің бастығы, мектептердің Бас басқармасы бастығының орынбасарлығына дейін көтерілді. Жалпы ол халық ағарту саласында 50 жылдан астам қызмет істеді,

Педагогикалық саладағы ерен еңбегі үшін М.Шәріпов «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «СССР ағарту ісінің озаты», «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озаты» төсбелгілерімен, Қазақ ССР Халық ағарту министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Миғаш Смағұлұлы педагогикалық қызметімен қатар өзінің сүйікті ісі - музыка өнерімен де айналысты. Өзінің айтуынша, ол бала кезінен сырнайда ойнауды, оған қосылып ән салуды ұнаткан. Әкесі Смағұл сырнай, домбыраға қосылып, жап-жақсы ән айтады екен. Баласының музыкаға бейімділігі мен құмарлығын байқаған ол бес жасар Миғашқа сырнай сатып әпереді. Жас Миғаш бұл аспапты тез меңгеріп әкетеді, сырнайға қосылып халық әндерін айта бастайды. Оның талантын көрген ауылдастары баланы ойын-тойларға шақырады екен. Тіпті, оны «Әнші бала» деп атап кетеді.

Университетте оқып жүргенде, Миғаш баян тартып, өзі оған қосылып қазақтың, орыстың халық әндерді және сол кездегі жаңа әндерді айтушы еді. Студенттердің сауық кештерінде, үйлену тойларында осындай өнерімен ол талайларды риза қылды. Оны, тіпті, басқа жоғары оқу орындарының студенттері өздерінің сауық кештеріне шақырып әкететін.

Кейін қайда, қандай қызметте болса да, ол осы өнерін жалғастыра берді. Ешбір мереке, ойын сауық кештері онсыз өтпейтін. Алайда, өзінің сүйікті өнерімен Мәкең тек зейнеткерлікке шыққаннан кейін ғана жүйелі түрде айналысты. Өзінің айтуынша, зейнеткерлікке шыққанға дейін барлық білімі мен күш-жігерін атқарып жүрген қызметіне жұмсаған. Демалысқа шыққаннан кейін сүйікті өнерімен айналысуға кең жол ашылды. Бұл туралы Мәкең «Кеш қалдым ба?» деген өлеңінде өзіне өзі осындай сұрақ қояды. Бұл сұраққа біз: «Жоқ, Мәке, кеш қалған жоқсыз, сіздің шабытыңыз енді келді» дейтінбіз. Оған зейнеткерлікке шыққалы жүздеген өлеңдер мен әндер шығаруы дәлел. 1999 жылы Алматының «Рауан» баспасынан М.Шәріповтың «Бәйшешек» атты әндер жинағы шықты. Оған автордың 25 әні ноталарымен кірген. Олардың ішінде «Өскен жерім», «Өмір қандай тамаша», «Ақ қайындар өлкесі», «Қызылжарым», т.б. әндер бар. Бұл әндерді республикамыздың белгілі әртістері мен әншілері орындап жүр. Олардың ішінде республикаға еңбегі сіңген әртіс Зейнеп Қойшыбаева, белгілі жазушы Зейнелғаби Иманбаевтың қызы Алтын Иманбаева, т.б. бар. Мәкеңнің бірқатар әндері республикалық радио мен теледидардан беріліп тұрады, біразы Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы.

М.Шәріпов тек сазгер, әнші ғана емес, ол тәп тәуір ақын да. 2001 жылы «Атамұра» баспасынан ол өзінің досы, ақын

Әбдібек Тұрабаевпен бірге өлеңдер жинағын шығарды. Бұл жинаққа Мәкеңнің 140 өлеңі кірген. Айта кету керек, Миғаш Смағұлұлы сонау Алматыдан өзінің туған облысына, балалық, жастық шағы өткен Сарытомар ауылына араға жыл салып келіп тұрады. Онда туыстарымен, жастық шағын бірге өткізген жолдастарымен, достарымен кездесіп, әңгімедүкен құрады. Арасында облыстық радиода, телестудияда жаңа өлендерін оқып, баянға қосылып әндер де айтып береді. Кейбір өлеңдерін «Солтүстік Қазақстан» газетінде жариялады.

Келуге мүмкіндік болмаған кезде хат арқылы, телефон арқылы байланысып, хабарласып тұрады. Жаңа шығармаларын жібереді. Жуырда ол бізге өзінің өткен 2008 жылдың желтоқсанында Алматының «Өнер» баспасынан шыққан «Әке зары және жаңғыруы» атты жаңа кітабын жіберіпті. Бұл кітапты автор жазықсыдан жазықсыз, жалған жаламен 1941 жылғы желтоқсанда сотталып, содан хабарсыз кетке әкесіне бағыштапты. Сондықтан да ақын өз қиялымен «Әке зары және жаңғыруы» деген ұзақ өлеңінде 51 жасында арманда кеткен әкесін сөйлетеді. Өзі де сөзге араласып, әкесімен сұхбаттасады. Кітаптың алғы сөзінде автор өзінің осы өлеңді жазу себебі мен мақсаты туралы: «Ол кісі есік табалдырығын соңғы рет аттағаннан кейін ақ қысқа ғана өмірін, сөз жоқ, көз алдынан өткізді ғой. Бірақ оны бізге жеткізе алмай арманда кетті. Сондықтан, мен қасында жиі болып, бірге жүргендіктен, жан әкемнің зарын (әкесі ұсталғанда Миғаш 14 жаста болған. Қ.М.) өзі айтқандай етіп жазып, сөйлетсем деймін», депті. Ал аталған ұзақ өлең сұхбат автордың мақсатының орындалғанын көрсетеді.

Кітапқа барлығы 70 жаңа өлеңдер мен әндер кірген. Олардың ішінде «Сағынамын Алматымды», «Әбдібектей дос қайда?», «Екібастұз вальсі», «Біздің ауыл», «Жеңіс күні» сияқты өлеңдер бар. Жерлесіміз Миғаш Шәріповтің жаңа кітабының тәрбиелік мәні зор. Бұл кітап көпшілік қауымға, әсіресе, жастарға өте пайдалы. Мұнда отансүйгіштік, патриоттық сезімді оятатын ұлағатты шумақтар көп кездеседі.

«Солтүстік Қазақстан» 22.05.2009 ж.

ТУҒАН ТІЛДІҢ ТАРЛАНЫ
(Мағел Басыбаев)

Біздің өңірімізде есімі елге танылған, халық ағарту ісінде өзіндік із қалдырған ұлағатты ұстаздар аз болған жоқ. Солардың бірі - осыдан 23 жыл бұрын өмірден өткен, тірі болса бүгіндері 80 жылдығын думандатып тойлап жататын Мағел Әлмырзаұлы Басыбаев.

Мағел өзі туған Аманкелді ауылында (қазіргі Жамбыл ауданы) бастауыш тектепті бітірген соң сол аудандағы Майбалық орта мектебінде білімін жалғастырады. Аманкелді ауылының сол мектепте оқитын он шақты баласы бір үй жалдап бірге тұрады. Отынды өздері жағып, тамағын өздері пісіреді. Олардың үлкені кейін белгілі жазушы, ол кезде 10-шы сыныпта оқып жүрген Сафуан Шаймерденов, ең кішісі - Мағел болыпты. Сол кезде Сафуан әр түрлі қисса, дастандарды көп оқиды екен.

Бір күнні Сафуан «Қыз Жібек» дастанындағы Төлегеннің дүниеден өтерде әуелеп ұшқан алты қазбен қоштасқан зарын және «Қабірі жоқ, кебіні жоқ» деген жерін оқыған кезде тыңдап отырған Мағел солқылдап жылап жіберіпті. Сол жолы Сафуан Мағелге келешекте әдебиетші боларсың десе керек.

Мағел 9-сыныпты бітірген жылы соғыс басталады да, одан әрі оқи алмайды. Ауылына келіп бригаданың есепшісі болып істейді. Ересек азаматтар тегіс соғысқа аттанып, елде қалған әйелдер., кәрі құртандар, жасөспірім балалар бар жұмысты бөлісіп атқарады. Мағел күнімен егін басында жаяу жүріп жер өлшейді, есеп беру үшін жаяулап ауылға барады. Соғыс салған ауыртпалықты ол да басынан өткізеді.

Қан майданның шешуші кезінде (1944 ж.) Тауағаш бастауыш мектебіне мұғалім болып барады. 1 – 3 сынып оқушыларын бірге қосып оқытады. Содан бір күні ол мектеп директорынан екі сыныпты бөліп, біреуін таңертең, екіншісін түстен кейін оқытуды сұрайды, оған келіседі. Бұл үшін, әрине, қосымша еңбек ақы төленбейтінін де білген. Сөйтіп ол есептесіп жатпай, таңертеңнен кешке дейін сабақ береді. Кейін жасы ұлғайған шақта қызыға еске алып, үй ішінде айтып отырады екен. Кейде оқу жылы аяқталса да, мектеп директоры оны демалысқа жібермей, отын дайындауға алып қалып отырған.

Сол бір жылдары тамыздың орта кезінде «Ленин туы» газетінің редакциясында қызметте жүрген Сафуан жұмыс бабымен Тауағашқа келіп, Мағелмен кездесіп: «Сен мұнда осы уақытқа дейін не істеп жүрсін?» деп сұрайды. Мағел барлық жағдайды түсіндіріп, айтып береді. Сафуан сол жерде оны жұмыстан босаттырып, «Сен енді мұны қой, институтқа оқуға түсіп, жоғары білім алуың керек», - дейді. Содан Мағел Қарғандыға барып мұғалімдік институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түседі. Оны бітіргесін Баян орта мектебіне қызметке орналасады. Осында Көкен есімді қызбен көңіл жарастырып, 1951 жылы тамызда олар отбасын құрады. Үйленгеннен кейін кешікпей Мәкең: «Сен де жоғары білім алуың керек», - деп жас келіншегін өзі тәмамдаған Қарағанды мұғалімдік институтына жібереді. Өзі ай сайын алатын 40 сом жалақысының 25 сомын үзбей оған жіберіп тұрады. Көкен Кәлиқызы осы күнге дейін Мағелдің сол бір ізгілігін, парасаттылығын, кеңпейілділігін ерекше тебірене айтып отырады. Шынында да, үйлене салып жас жұбайын бірнеше жылға басқа қалаға оқуға жіберу әркімнің қолынан келе бермейді ғой. «Мүмкін, бұл біздің бір бірімізге деген жарқын махаббатымыз, шынайы сезіміміз, адалдығымыз бен адамгершілігіміздің күші шығар», - дейді ол отағасы жайлы.

Көкен Кәлиқызы институтты бітіріп, математика пәнінің мұғалімі деген диплом алып келгенде жұбайы Мағел қатты қуанады. Бұл кезде ол Преснов аудандық оқу бөлімінің инспекторы қызметін атқарып жүрген болатын.

1953 жылдың тамыз айында Преснов ауданындағы Ленин ауылының орта мектебіне директор болып тағайындалады. Бұл мектептің ұжымы да, ауыл тұрғындары да ерлі зайыпты мұғалімдерді жылы қарсы алады. Ертеректе ағаштан қиып салынған мектеп ғимараты тозып тұр екен. Оқу жылы бітісімен Мағел мқғалімдердің және ауыл тұрғындарының белсене араласуымен ескі мектепті бұзып, орнына жаңа ғимарат салуға кіріседі. Әрине, көп тер төгуге тура келеді. Оқу басталатын уақыт жақындап қалған кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы мектеп құрылысы оқу жылының басына дейін бітпесе, сотталасың деп ызғарлы мінез көрсетеді. Әйтеуір, ауыл тұрғындарының көмегімен мектеп 1 қыркүйекке дайын болып, сабақ уақытында басталады.

1963 жылы Мағел сол аудандағы Жамбыл орыс қазақ

орта мектебіне оқу ісінің меңгерушісі қызметіне ауысады. Өйткені, бұл мектеп бір табан болса да елге жақын еді. Міне, сол кезде қазақ сыныптарында бала аз болғандықтан, олардың жабылып қалу қаупі туады. Мағел өзі сол төңіректегі Жарқын, Суаткөл, Киров, Балуан, Есперлі, Айымжан, т.б. ауылдарға барып, ата аналармен кездесіп, үгіттеп, қара көз балаларды қазақ сыныптарына жинайды. Алғашқы сәтте инетрнатқа алынбаған Ленин ауылының 14 баласын өз үйіне тұрғызады. Екі бөлмелі шағын үйде өздері алты жан екен. «Үй тар, бұларды несіне әкелдің», - деп әжесі Тоқтар реніш білдіре сөйлесе, Мағел: «Ештеңе етпейді, көңіл кең болса, бәрі сияды, аз уақыт тұра тұрсын» дейді. Кейін тікелей өзі араласып, оларды интернатқа орналастырды. Қазақтың кеңпейілдігі деген осы емес пе?!

Осындай еңбегінің жемісін ол алдымен 1965 жылы көрді. Бұл жылы мектеп 10-шы сыныпты бітірген алғашқы түлектерін өмір жолына шығарып салды. Келер жылы 10-шы және 11-ші сыныптарды бітіргендер ұядан ұшты. Бұл кезде Мағелдің өзі мектеп директоры болатын. Ол сол тұста оқу-тәрбие жұмысын алға бастырып, сол білім ұясының атағын алға шығарды. Ол, әсіресе, қазақ сыныптарын сақтап қалу жолында ештеңеден тайқақсып қалмай, көп іс тындырды.

Мәкең 1950 жылы институт бітіріп келгеннен бастап өмірінің соңынан дейін, 30 жылдан астам уақыт бойы оқушыларға қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ол ана тіліне, ұлтымыздың әдебиеті мен мәдениетіне деген перзенттік сүйіспеншілігін өзінің шәкірттеріне терең жеткізе білді. Қазақ тілі мен әдебиетінің аса білікті маманы. Әрі тілінің майын тамызған шешен еді. Мен оның осы қасиетін есімі елімізге белгілі ұстаз, Қазақ ССРнің еңбек сіңірген мұғалімі Сейтен Сайытбековтың 60 жаска толуына арналған мерейтойында (1968 ж.) байқаған едім. Сол тойда Секеңе Жамбыл кеңшарының атынан сыйлық тапсырып тұрып сөйлеген сөздері жиылған халықты тәнті қылғаны әлі есімде. Кейін 70-80 жылдары мен облыстық оқу бөлңмңнде қызмет етіп жүргнімде Мәкеңмен талай рет кездесіп жүріп, жақсы сыйлас болдық. Оның әрбір әңгімесі бір аттық болатын.

1974 жылғы қаңтардың басында «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың түйінді мәселелрі» тақырыбымен өткен облыстық ғылыми практикалық конференцияда Мәкеңнің «Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыру жолдары» деген

тақырыптағы баяндамасы жоғары бағаланып, ол облыстық оқу бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мағел Әлмырзаұлының еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған медалімен, «СССР ағарту ісінің үздігі», «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі», белгілерімен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен, Қазақ ССР Халық ағарту министрігінің, облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің грамоталарымен сан мәрте марапатталды.

Осынау көпшілікке құрметті болған ұлағатты ұстаз, ұлтжанды абзал азамат 1983 жылғы жазда жол апатынан қайтыс болды. «Орнында бар оңалар» дегендей, артында қалған сүйген жары Көкен Кәлиқызы Мәкеңді жоқтатпай балаларын өсіріп, азамат қылды.

«Солтүстік Қазақстан» 7.07.2006 ж.

ТЕҢДЕССІЗ ТАРИХШЫ (Манаш Қозыбаев – 80)

Қазақ халқының аса көрнекті перзенттерінің бірі, тарих ғылымының докторы, профессор, академик, ата тарих «ақтандақтарын» батыл аша білген, еңбектерімен есімі халқымызға әбден таныс болған марқұм Манаш Қозыбаевтың туғанына 80 жыл толғалы отыр.

Мәкеңнің қандай адам болғанын белгілі ақын жерлесіміз Кәкімбек Салықов «Қазақтың Манашы» эссесінде былай суреттейді: «Манаш Қабашұлы Қозыбаев кім?» - дегенде менің ойыма оның бір сырлы мінезі мен мың қырлы қасиеттері түседі. Алдымен оны сергек сезім мен ақыл-парасаты үйлескен, ел алдындағы парызын әділ де адал ақтап өткен, халқымыздың ең сүйікті перзентерінің бірі, нар тұлға деп танимын, ізденімпаз, терең ойлы, зерлі, оқымысты, теңізден маржан алғандай тапқырлықтың иесі, дарынды жан, өресі биік энциклопедлист, әмбебап білімдар ғалым, әдебиет пен мәдениет, өнер мен бүкіл өмірімізді жіті білетін ғалым.

Ерекше еңбекқорлығына адамсүйгіш мейірбан мінезі сәйкес, тамаша тәлімгер, тарих ғылымында өз мектебін құрған ұлы ұстаз. Қазақ халқының тарихының егжейі мен тегжейін әлімсақтан білетін ұлттық дәстүр, тіліміз бен діліміздің,

салт-санамызды жіті зерттеген және соның бәрінің айбынды қорғаны болған ұлтжандылығын айтсаңшы. Еліміздің елеулі, халқымыздың қалаулысы болған, көпшіл де сепшіл, сөзі мен ісі үйлескен, мемлекет және қоғам қайраткері. Кішіпейіл, қарапайым, аккөңіл, анадан асып туған, текті әулеттің ары боллған ақынжанды абзал азаматтығына не жетсін! Еліміз Тәуелсіздік алған дәуірдегі тарихшыларымыздың көш басындағы қолбасшысы, ата тарихымыздың ақтаңдақтарын ашып берген ғұлама екендігі дүйім жұртқа мәлім. Ірі суреткер, жазушы, қаламы ұшқыр ақын, сөйлер сөзге келгенде алдына жан салмайтын, қиыннан қиыстыратын шешен, аузы уәлі көсемдігі тағы бар. Міне, мен білетін қазақтың Манашы осындай»

Манаш Қабашұлы 1931 жылдың 16 қарашасында қазіргі Қостанай облысының Меңдіқара ауданындағы Тазкөл ауылында туған. Ол 1947 жылы Меңдіқара педучидищесін, 1953 жылы С.М.Киров (қазір әл-Фараби) атындаы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген. Болашақ ғалымның еңбек жолы Қостанай пединститутында ұстаздық етуден басталады. Сонда қызмет еткен бес жылда ол ұстаздық қызметімен қатар ғылыми зерттеу ісімен айналысады. Қостанай өңірінің көне заманнан бергі қара шекпенділердің коныстануы, Ақпан, Қазан төңкерісі, Колчак билігі, т.б. тарихи проблемалар төңірегінде үлкен ізденістер жасады. Қазақтың қайраткер ұлы Әліби Жангелдин туралы алғашқы ғылыми еңбектері жарияланды. Аз уақытта-ақ ассистентіктен аға оқытушылыққа дейін көтерілді. Осы кезең туралы Мәкең өзінің естелігінде: «Қостанай кезеңі мені өсірді, шыныктырды, шыңдады». Мен азамат болып есейдім», - деп жазды.

Өзінің ғылыми еңбектерімен көзге түскен жас тарихшы 1958 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті жанындағы Партия тарихы институтына қызметке шақырылады. Осында қызмет атқарып жүріп, Манаш Қозыбаев 1962 жылы Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті Сақтаған Бәйішевтің жетекшілігімен Ұлы Отан соғысы тақырыбында кандидаттық диссертациясы жоғары бағаланып, оған осы тақырыпты кеңейту арқылы докторлық диссертация қорғау ұсынылады. Осы ұсыныстан кейін арада екі жыл өткенеде жас ғалым докторлық диссертациясын тамамдап, соның негізінде көлемі 20 баспа табақтық монография шығарды. Бұл еңбек

көрнекті кеңес тарихшысы Ю.В.Арутюняннның пікірінше, осы проблемаға арналған еңбектің ең көрнекті лерінің бірі деп бағаланды. Ғалым монографиясына Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі тыл проблемасын өзек етті. Онда ең бірінші рет тарихи әдебиетте МТС және кеңшарларда ұйымдастырылған саяси бөлімдерде орын алған әскери әкімшілік, өктемшілдік әрекеттер ашық жазылды. Бұл еңбекте ұжымшарлардың малы зорлықпен тартып алынып, ұжымшар фермаларын толтырғандығы айтылды. Бірақ жас ғалымның тым батыл көқарастары «кейбіреулерге» ұнамағандықтан, докторлық диссертация кейінге қалдырылған болатын. Мұны байқаған академик С.Бәйішев жас ғалымға ақылын айтып, монографиядағы партияның әкімшілдік әміршілдік қызметін сынаудан гөрі халықтың майданға қосқан үлесіне баса назар аударуды ұсынды. Ұстаз кеңесі бойынша «жуасытылған» диссертация 5 жыл өткеннен кейін 1969 жылы ойдағыдай қорғалды. Келесі жылы тарих ғылымының докторы М.Қозыбаевтың «Қазақстан - майдан арсеналы» атты монографиясы жарыө көрді. Онда автор қазақ даласының байлығы да, малы да, жаны да майдан жолына бағышталғанын жан жақты көрсетті. «Соғыс кезінде әрбір бесінші қазақ майданға аттанды, әрбір онынші адам еңбек армиясына алынды», - деп жазды ол. Өзінің ғылыми жаңалығымен, деректік негізімен, ғалымдық батылдығымен жазылған бұл еңбек сол кездегі Одақ көлеміндегі тарихнамаға елеулі үлес қосты. Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеуде ерекше орын алған бұл еңбегі үшін автор Қазақстан Ғылым академиясының Шоқан Уәлханов атындағы сыйлығының лауреаты атанды, бүкілодақтық конкурста монография сол жылғы шыққан еңбектердің ең үздігі деп аталды.

Профессор Манаш Қозыбаев сонау 70-ші жыдардың басында-ақ ресубликадағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ететін ғалымдардың алдыңғы қатарына шықты. Сол жылдары (1974-1979) ол Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтында (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университеті), Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімін жетілдіру институтында ғылыми педагогикалық жұмыстармен айналысты. Оның ғылым жолындағы өмірінің белесті кезеңдерінің бірі қазақ совет энциклопедяисының бас редакторы болған жылдар (1979-1986) еді. Сол кезде оның

басшылығымен қазақ және орыс тілдерінде 4 томдық «Қазақ КСР қысқаша энциклопедиясы» жарық көрді. Бұл кітап әлемнің 38 еліне тарады.

Бұдан кейін Манаш Қабашұлы Қазақстан Ғылым академиясының тарих, археологи және этнология институты тарихнама бөлімінің меңгерушісі (1986-1988) және 1988 жылдан өмірінің соңына дейін (2002) осы институт директоры қызметінде болды.

Осы қызметтерді белсенді атқарып жүріп академик Манаш Қозыбаев ел тарихын зерттеп көптеген мақалалар, ғылыми еңбектер жазып жариялады. Ол, әсіресе, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұған дейін жазуға тыйым салынған проблемаларды зерттеуге көп күш жұмсады, әр тұстағы мұрағаттарды ақтарып, өткен ақтаңдақтарды ашуға кірісті. Осы кезде еліміздің тарихшылар әулетіне басшылық еткен Мәкең тәуелсіздік берген еркіндікті пайдаланып, Отантану ғылымының жаңа тұжырымдамасын жасады. Оның зерттеулері негізінде Қазақстанның Ресейдің отарына айналу үдерісі қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қайта қаралды. Кеңес одағы кезіндегі саяси құғын сүргін тарихы зерттелді, оның құрбандары ақталды. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру және қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру тарихыы мен оның қасретті салдары ашық айтылды. Ол республика ғалымдарының ішінде бірінші болып 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтың жан түршігерлік трагедиясын ашып көрсеткен «Шындық тағылымы», қазақ жерін отарлауды, елін аздырып, жерін тоздырған, халқын қанға бөктірген патшаның баскесер жендеті Ермактың жауыздығын әшкерелеген «Ермак: аңыз бен ақиақт» атты еңбектерін жариялады. Соңғы еңбекке қарсы пікір айтып, қанішер Ермакты қорғаштағандар да болды сол кезде.

Мәкең атақоныстың арғы-бергі тарихын саралап, қазақ жеріне көз алартушыларға батыл тойтарыс берген «Азия елдерінің кілті мен қақпасы», ата тарихының өзекті проблемаларвын жіктеп-жіліктеп көрсеткен «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты сүбелі ғылыми еңбектері арқылы қазақ халқының құрметіне, оқырман ықыласына бөленді. Оның «Голощекин. Саяси портрет», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан», «Абылай хан» сияқты мақалалары республика әдебиетінде

портреттер галереясын жасаудағы алғашқы қадам болды. Ал оның Абылай, Кенесары, Бұқар жырау, Қожаберген жырау, Абай, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, І.Есенберлин, С.Зиманов туралы мақала, эсселері - ақынжанды академиктің қаламгердлік қабілетін танытқан туындылар.

Академик өзінің 40 жылғы ғылыми өмірінде 800-ден астам еңбек жазып, тарихымыздың бұрын белгісіз қатпар қатпар қойнауын ашып, ел назарына ұсынды. Оның ішінде 30 монография, 50-ден астам ұжымдық еңбегі, оқулықтар мен оқу құралдары бір төбе.

М. Қозыбаевтың еңбектері Ресей, АҚШ, Қытай, Түркия, Иран, Корея, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан, Армения т.б. елдерде басылып шықты. Ұстаз-ғалымның жетекшілігімен 90-ға жуық ізденуші кандидаттық және докторлық диссертация қорғады.

Манаш Қозыбаевтың тарих саласындағы зор еңбегі көзі тірісінде ғылыми қауымнан да, Елбасы тарапынан да жоғары баға алды. Ол Ұлттық Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының, Мемлекеттік сыйлықтың, Президенттің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты атанды. «парасат» орденымен және бірнгеше медальдармен марапатталған. Ол Қазақстан Республикасы ғылымынының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің халық депіутаты болды.

Манаш Қозыбаев - Қостанай қаласының құрметті азаматы, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай университетінің, Шәкәрім атындағы Семей университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің, Қарағанды медицина академиясының құрметті профессоры.

Өзі дүниеден өтсе де, елім деп еңіреген, халқына жан-тәнімен аянбай еңбек еткен Манаштың есімі ел жадынгда қалды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылдың 30 мамырындағы қаулысымен Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне академик Манаш Қозыбаевтың есімі берілді. Осы

Университетте оның мұражайы ашылды және оның атында

аудитория жабдықталды. Алматы қаласының бір көшесі «Академик Манаш Қозыбаев атындағы көше» деп аталды. Ғұлама ғалымның қазақ тарихын дамытудағы ересен еңбегі мен еліміздің тарихшыларының көшбасшысы болғаны әмбеге аян.

«Солтүстік Қазақстан» 29.10.2011 ж.

ӨМІРІ ДЕ, ӨЛЕҢІ ДЕ ӨНЕГЕ ЕДІ... (Қобылан Хамзин)

Адамды өзіне тартып тұратын, үлкенге ілтипаы, кішіге қамқорлығы мол жандар болады. Кеше ғана арамызда жүрген облыс жұртшылығына белгілі ақын, журналист, аса инабатты да парсатты азамат Қобылан қажы Хамзаұлы осындай жан еді.

Ол 1933 жылғы 26 наурызда қазіргі Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында дүниеге келген. Ұзақ жылдар ішкі істер органдарында абыроймен қызмет істеп, Солтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасарлығына дейін көтерілген. Сол қызметтен зейнеткерлікке шыққан. Арада 3 жыл өткеннен кейін қайтадан еңбекке араласып, облыстық тұтынушылар одағында, облыстық ерікті өрттен қорғау қоғамында басшылық қызметтер атқарды. «Көктерек» атты жеке кәсіпкерлік мекемесін де басқарды.

Қобылан Хамзиннің адал еңбегі әділ бағаланып, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, оннан астам медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Млиция полковнигі, «КСРО ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері», «Ішкі істер қызметінің ардагері» деген атақтары да бар болатын. Ол Қазақстан журналистер одағының мүшесі, қарымды қаламгер еді.

Қобылан бала кезінен Абайдың, Шал ақынның өлеңдерін жаттап өседі. Бертін келе облыстың халық ақыны Ахметжан Нұртазинді көп тындап, өлеңдеріне үніліп, тамаша әңгімелері мен жырларын ойға тоқып, өнеріне еліктейді. Сөйтіп, өзі де жасынан ән айтып, домбыра тартуды үйреніп, өлең шығара бастайды.

Нәрлі сөз, әсем әнді сүйіп өстім,
Баяулап домбырамен күйге қостым.
Торласа ауыр ойлар мазамды алып,
Сырласым да домбыра, әнмен доспын,

- деп жазған еді ол бір өлеңінде. Әсіресе, зейнеткерлікке шыққасын шығармашылықпен кеңірек айналысты. Туған ауылы туралы «Көктерек» деген атпен шығарған алғашқы кітабын жұртшылық жылы қабылдады. Одан кейін «Ақиқат», «Асыл арыстар», «Ақ тілек аясында», «Өмірден - өнеге», «Халықтың ақыны», «Қияда самғаған қырандар», «Ауыл соғыс жылдарында», т.б. кітаптар жазып, баспадан шығарды. Олардың ішінде повесть, әңгімелер, өлеңдер, толғаулар бар. Бәрі де тәрбиелік мәнімен құнды. Сонысымен үлкенге де, кішіге де керекті дүниеліктер.

Ақынның өлеңдері алуан түрлі өмір тақырыптарына арналған. Әсіресе, елге, жерге, елдің азаматтарына арналып жазылған шығармалары әсерлі болып келеді. Еліміздің біртуар азаматтарына арналған толғауларында олардың әрқайсысының бейнесін, жан дүниесін жарқырата ашып көрсетеді.

Сонымен қатар Қобылан Хамзаұлы: «Шығармаларда айтылған өсиетімдей сөздерімнің көбі балаларыма, немерелеріме, ағайын-туыстарыма арналды», - дей келе:

Бір Алла туыстарға тірлік берсін,
Ақылдан адастырмай бірлік берсін.
Өмірдің қысқа екенін көріп жүрміз,
Артыңнан адам деген атың ерсін!-
деп аманат етеді.

Ал «Ұрпақтарға арнау» атты өлеңінде былай дейді:

Қазақтың бір дәстүрі - бауырмалдық,
Ерекше мағына бар үлгі алардық.
Сұрасып «қарын бөле» шығатұғын,
Тек қана қазақта бар ұлы байлық.
Соңғы ұрпақ бірін-бірі білу керек,
Туыс боп тату-тәтті жүру керек.
Кешіріп, кекшіл болмай ұсақ іске,
Қуаныш-қайғыны да бөлу керек.

Қобылан ақын өзінің өмірлік сүйген жары Сақыпқа арнаған өлеңінде:

Жан жарың ғой жанұяның жарқыратар шырағын,
Ұзап кетсең, аландатып, тартып тұрар тұрағын,

Туыс пенен жолдастарды қарсы алғанда жарқылдап,
Саған сеніп оттың басын ойламадым баладай,
Бала тұрсын, өзім-дағы еркелеймін анамдай.
Үй ішінде бар мен жоқты әлі күнге білмесем,
Сенің арқан бар мейірін төгіп келген аямай.
- деп, ағынан жарылады.

2010 жылға дейін Қобылан Хамзаұлы 12 кітап шығарды. Сол жылдың 27 наурызында оның шығармашылығының онжылдығына орай туған ауданынның орталығы Сергеевка қаласында Мәдениет үйінде оқырмандармен кездесу өткені есімде. Қаламгердің жақын досы Құдайберген Қалиев оның өмір жолы мен туындылары туралы егжей тегжей баяндап берген. Ол туралы жерлес әрі туыстас генерал Әлімжан Ахмадин, үзеңгілес серіктері мен замандастары да тебірене сыр шерткен. Аудан басшылары да ақынды құттықтап сөз сөйлеп, сый сияпат көрсетіп еді.

Қобылан Хамзаұлы нағыз сегіз қырлы, бір сырлы азамат еді. Дін жолына түсіп, Меккеге барып мінәжат қылып, қажы да атанды. Бес уақыт намазын қаза қылмай, үнемі орындап жүретін. Барша адамды туған бауырындай көретін кең пейіл еді. Амал қанша, биылғы қантар айының басында ол да бақилық болды. Артында сүйген жары, балалары, немерелері, жиендері және өшпес тамаша шығармалары қалды.

«Солтүстік Қазақстан». 16. 02.2012 жыл

ҰШҚЫР СЕЗІМ, ТЕРЕҢ ОЙДЫҢ АҚЫНЫ (Кәкімбек Салықов – 80 жаста)

Біздің даңқты жерлесіміз белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықов 1932 жылы 22 қантарда Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шал ақын ауданындағы Еңбек ауылында дүниеге келді. Ақынның әр қияға құлаш ұрған балалық және балауса жастық шағы Көкшетау өңірінде өтті. 1950 жылы Сырымбет тауы бөктеріндегі Казгородок қазақ орта мектебін бітірді. Үкілі Ыбырай ауылында өсіп, Ақан Серінің елімен етене көршілік құрса, ақындық пен сазгерліктің қанйнар көзінен сусындап өскендігі емес пе?! Домбыра тартып, ән салуға бала күнінен құштар ақын сазгерлікке жастай құлаш ұрып, әндер шығарды, өлең жырға деген махаббаты өте ерте оянды. Қазақтың «аққан жұлдыз» атанған ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың ғұмыры, қариялардың айтып отыратын аңызға бергісіз әңгімелерінің әсері де аз болған жоқ. Әсіресе, сол кезде атағы айға тартқан ғұлама Қаныш Сәтбаевтың жас ұрпаққа зор ықпал еткендігі соншалық Кәкімбек Салықов та кеншіліктің оқуына тәуекел етті.

Кәкімбек Салықов, мамандығы бойынша, кен инженері. 1955 жылы Мәскеудегі Түсті металл және Алтын институтын бітіргеннен кейін Жезақазған шахталарында, оның ішінде 6 жыл шахта бастығы қызметін атқарды. Кейін Қ.И.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинаты парткомының хатшысы, Жезқазғанда қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Осы жылдары жауһазын лирика мен өндіріс тақырыптарын тамаша игерген «кенші-ақын» деген атпен Кәкімбектің есімі ел ішінде кең танылды.

Алғашқы «Сыр» жинағы (1970), әсіресе осындағы «Гәкку» және «Домбыра» поэмалары ел құлағын елең еткізді. Әйгілі ақын Сырбай Мәуленов Кәкімбектің өзін көрмей тұрып «Литературная газетада» жазған мақаласында бұл жинаққа жоғары баға беруі үлкен ризашылықтың белгісіндей. Келесі «Жезкиік» жинағы (1973) ақынның дарын куатын дәлелдей түседі.

Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жезкиік, сені аңсаған кездерімде,

Бір өзім кең далаға симай кетем,- дейді жан толқыта.

Қазақ музыкасының дүлдүлі Нұрғиса Тілендиев пен жезқазғандық композитор Жақсыгелді Сейілов ақынның «Жезкиік» атты өлеңін сұлу сазға айналдырды. Өлең тек Қазақстанда ғана шырқалып қоймай, дүниені шарлап кетті. Ақын жинақтарының іле орыс және өзбек тілдеріне аударылуы - осыған күә. «Нұрлы күндер де» (1976) сәтті туындылар әкелді, орыс және қырғыз тілдеріне аударылды. Ана тілімізде шыққан үлкенді кішілі жинақтарының саны бүгін де отызға тарта.

«Жезкиік», «Бір ауыз сөз», «Атамның берген ақылы», «Досыңның көзін ұғарсын», «Аққу әні», «Туған жер», «Сағыныш», «Үш арыс», «Дүниеде мен сүйетін бір адам бар» және басқа да көптеген Кәкімбектің сөзіне жазылған айтулы композиторлардың қанатты әндері халық арасына кең тарап кетті. Алпысқа тарта сазгерлермен 500-ден астам әндерді дүниеге әкелген екен. Кәкімбектің өлеңдеріне ән шығаруға құштар болатыны жырларының сұлу сазға сұранып тұратынын паш етсе керек.

Кәкімбек Салықовтың поэмасы сан қырлы. Оның «Дала», «Гәкку», «Қырандар», «Эдельвейс», «Ғасырға тең бір мезет», «Жезкиік», «Кенесарының соңғы сөзі», «Че Гевара», «Үкілі Ыбырайдың абақтыда жазған сөзі» атты поэмалары оқырман қауымның жоғары бағасына ие болған дүниелер. «Букетовке реквием», «Тәттімбет», «Кеншілер туралы баллада», «Эдельвейс», «Че Гевара», «Ғасырға тең бір мезет» атты поэмалары орыс тіліне аударылды. Міне, ширек ғасырдан астам Шымболат Ділдебаев және Жағыпар Әлімханов әнге қосқан «дала» поэмасынан үзінді үздіксіз айтылып жүр. Осы поэмадағы:

Сұлу Көкше өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылменен қорғаған

Бабаларым осал емес шамасы, - деген шумағы тәуелсіздік таңынан ширек ғасыр бұрын туып, сол тәуелсіздікке көңіл артып тұрды. Сондықтан да бұл поэма ел арасына кең тарап, ақынның биікке өрлеуіне тура жол салды, азаматтық үлкен өресін айқын көрсетті. Кәкімбек поэзия ақиығы Қасым салған қасқа жолды осылайша жалғай түсті.

Ақын лирикасы Данте және Петрарка стиліндегі сонеттермен өріс тапты, сонеттен түзілген гүлтәждері қазақ поэзиясынның осы саладағы тұңғышы болып қабылданды. Сонеттері 1970 жылдардың аяқ кезінде «Жұлдыз» журналы, «Қазақ әдебиеті» газетінде кеңінен көріне бастады. 1980 жылдардың басында жарық көрген Салықовтың «Сонеттен түзілген гүлтәждерін» де ел жақсы қабыл алғаны соншалық, кей сазгерлер әнге қосты.

Петрарканың айтсақ та күні өтті деп,
Сонет сиқыр сыбырын үдетті көп.
Қозы етіне қызыға тойғанменен,

Сүймейміз бе, қазақтар, сүр етті көп, - деп сұлу сонетке ел назарын аударды.

Сонеттің әлемдегі сан түріне көз сала отырып қазақ поэзиясында сан салалы сонет түрлерін әкелді. Сонеттер Кәкімбектен бұрын аз да болса жазылса да, «Сонеттен түзілген гүлтәждер» басқа ақындарда әлі де жоқ. Қ.Салықовтың Александр Матросовтың ерлігі жөнінде жазған поэмасы Владимир Михановскийдің аударуымен 1981 жылы Николай Островский атындағы Бүкілодақтық Әдебиет конкурсының дипломын жеңіп алды. Орыстың тамаша ақыны Татьяна Кузовлеваның аударуымен «Эдельвейс» поэмасы «Огонек» журналының 1981 жылғы жүлдесіене ие болды. 2006 жылы Астана туралы жаңа өлеңдері үшін «Меценаттардың Астана клубының» Бас жүлдесін жеңіп алды. Ақынның аудармашылық өнерінің шыңы - А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романын қазақ тіліне аударғаны сыншылардан жақсы баға алды. А.С.Пушкиннің қанатты сөздері мен нақылдарын аударып, жеке кітап еттіп шығарды.

1999 жылы орыс тілінде көрнекті ғалым геолог, академик Қ.И. Сәтбаевтың Жезқазғандағы үлкен еңбегі және ғалымның ізбасарлары жөнінде «Сәтбаев және Үлкен Жезқазған» атты очерктер жинағының жарық көруі ақынның публицистика саласындағы қарымды қайратын танытты.

«Дружба народов», «Новый мир», «Звезда», «Жұлдыз», «Простор», «Жалын» және «Зерде», «Балдырған», «Қазақстан әйелдері» журналдарында, бұрыңғы одактас республикаларда, Ресей Федерациясы облыстарында, Өзбекстан мен Қырғызстан газеттерінде де жиі көрініп жүрді. Ол басқа халықтардың поэзиясын қазақша сөйлетуде

де аз еңбек сіңірген жоқ. В.В.Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасы (Алматы. 1984) аударылып, жеке кітап болып шықты. А.Пушкиннін өлеңдері және «Евгений Онегин» поэмасының I-II тараулары мен М.Лермонтовтың, Ю.П.Полонскийдің, Расул Гамзатовтың, Алдан-Семеновтың, Сергей Наровчатовтың, Владимир Савельевтің, моңғол және өзбек ақындарының өлендерін шабыттана аударды.

Әрі жауапты, әрі қызғылықты еңбек жолында Кәкімбек Салықов әрқашан саяси өмірдің кешегі және бүгінгі күндердің айнымас куәсі болды. Ақынның терең ойлы шығармаларымен, нәзік лирикасы және әзілге толы әсерлі өлеңдері қанаттаса жүреді. Ол тариихи шығармалардың да, шағын поэмалардың да циклдерін жасады. Қазір де аянбай, өнімді де жемісті еңбек етуде. Оны «Көкжиекке тартқан көш» (1997) , «Тәттімбет» (1998), «Аққу жеткен» (1995), «Қаныш - жұлдыз жарқылы» (1999), «Сәбит аға» (2000), «Түркістанға тағзым» (2000), «Ойтолғақ» (2001), «Сырғалы сонеттер», (2001), «Художественная литература» баспасынан шыққан «Под звуки домбры» (2001) атты үлкен жинақтары айғақтайды.

Кәкімбек ақын өз елін, қазақ елін жан-тәнімен сүйеді. Оның еліне, халқына, туған жеріне деген сүйіспеншілігі көптеген өлеңдерінде көрініс тапқан. Оның халқына деген осындай сүйіспеншілігі халықтың да оған деген зор сүйіспеншелігін туғызғаны анық. Осы орайда ақынның «Ойтолғақ» атты жинағындағы (2001 ж.) мына бір шумағын келтіргенді жөн көрдім:

Орындамас айтқанын сұйық кісі,
Болу қайда дүйім жұрт ұйытқысы.
Жер-жаһанға атағым жетер десең,
Өз еліңнің болып ал сүйіктісі.

Қ.Салықовтың сөзіне жазылған Н.Тілендиевтің «Абайым - ақындықтың пайғамбары» әні Абайдың 150 жылдығына арналған барлық концерттерде орындалды. Б.Жұманиязовтың «Жамбыл ата» әні той бәйгесінде бірінші жүлдені иеленсе, Ілияс Жансүгіровтың 100 жылдығында «Құлагер ақын» атты поэмасы оқырмандар жүрегіне жол тапты. М.Егінбаевтың «Үш арыс» әні С.Сейфуллинге, Б.Майлинге, І.Жансүгіровке арналып, республиканың барлық өңіріне кеңінен тарады, халық әніне айналып кетті. Ақынның «Қазақтың ірілері, Абайдың інілері - Сәкен, Ілияс, Бейімбет» дегені де қанатты сөзге айналды.

Ақын Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты күрделі жұмыстар атқарды, бұл тақырыпқа жеке кітап болып шыққан 3 поэма жазды, көптеген баяндамалар, мақалалар авторы. «Сәбит аға» атты жаңа кітабы С.Мұқановтың 100 жылдық тойына ақындық шашу ретінде шықты. Поэмаларының ішінде жеке кітап болып шыққан «Тәттімбет» поэмасы ерекше аталды, бұл ақынның да, қазақ поэзиясынын да үлкен жетістігі десе болғандай. Қ.Салықов астанада, Алматыда және Қазақстан жазушылар одағында өткізіліп тұратын қоғамдық мерекелерге өлеңдерімен, проза және ұйымдастырушылық істерімен белсенді түрде қатысып келеді. Ұлы ғалымның туғанына 100 жыл толуына байланысты мерейтойына арналған Халықаралық Қ.И.Сәтбаев Қорының Жазушылар одағымен бірлесіп өткізген ақындар мүшайрасы зиялы қауымның алғысына бөленді. Қазақ ақындарының Қ.И.Сәтбаевқа арналған өлеңдерін Қор жеке кітап етіп баспадан шығартты. Қазақтың ұлы перзенті Нұрғиса Тілендиевке арналған «Отырар сазы» атты өлеңдер мен поэмасы жарық көрмек. Баспаларда елу баспа табақ өлеңдері мен поэмалары кезекте тұр.

Ақын, кен инженері Қ.Салықов Жезқазған облысының ірі партия басшысы қызметтерін атқарды. Ол 10 жылға жуық КПСС ОК-де инспектор, 5 жыл Өзбекстанда Қарақалпақ обылстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Әсіресе, осы кезде азамат ақын Арал апатының мұны мен мұқтажына білек сыбанып кірісті. Кеңес үкіметі жасырып жүрген ауыр апаттың бетпердесін ашуға себепкер болды. Бұл тұрғыда көптеген ірі істердің бастаушысы ретінде танылды. Содан кейін бұрыңғы Одақтық Жоғарғы Кеңестің Экология комитетіне төраға болып сайланды.

Кәкімбек Салықов СОКП Орталық комитетінің мүшесі болып сайланған санаулы қазақ ұлдарының қатарына жатады. Ол Өзбекстан Компартиясы ОК бюро мүшесі, 2 рет КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат, Қазақстан Жоғарғы Кеңесіне 3 рет (8-9-10 шақырулар) және Қарақалпақстан Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды, Халық депутаты сайланып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумына мүше болды.

Қ.Салықов «Ленин», «Октябрь революциясы», 2 рет «Еңбек Қызыл Ту» және «Парасат» ордендерімен, медальдарымен және Өзбекстан Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен Қазақстан Республикасының «астана» медалімен

марпатталды. Ол Сәтбаев және Көкшетау қалаларының, Солтүстік Қазақстан облысынынң құрметті азаматы. Қайраткердің есімі 1986 жылдан бастап Үлкен Советтік Энциклопедияға және Энциклопедиялық сөздікке кірді.

Кәкімбек Салықов 1972 жылдан бері КСРО Жазушылар одағының мүшесі, 1991 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы ақсақалдар алқасының мүшесі, Халықаралық Қ.И.Сәтбаев Қорының Құрметті президенті, Қазақстан республикасы «Экология», Ұлттық академиясының академигі. Қазақстанның Арал проблемасы жөніндегі ұлттық кеңестің бас сарапшысы ретінде көп жылдар қызмет етті. Жезқазған және Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметты профессоры. Кәкімбек Салықовқа 2001 жылы «Қазақстанның еңбегі сіңірген қайраткері» атағы берілді.

Әр кездерде ақын творчествосына академиктер - Мұхамеджан Қаратаев, Серік Кирабаев, аса көрнекті ғалымдар Тұрсынбек Кәкішев, Мырзатай Серғалиев, Республиканың Халық жазушылары Әбділдә Тәжібаев, Дихан Әбілев, Сырбай Мәуленов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлі, айтулы сыншылар Асқар Егеубаев, Төлепберген Тобағабылов, белгілі ақындар Еслям Зікібаев, Мақсұт Неталиев, Төлеген Қажыбаев, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан республикаларының сыншы ғалымдары және басқа да азаматтар үлкен баға берді. Қ.Салықовтың поэзиясын негізге алған бірнеше дипломдар, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Әсіресе, сонеттер және «Сонеттен түзілген гүлтәждерге» ерекше назар аударады, өйткені «гүлтәждер» күрделі hәм әсем өлең түрі, бұл жанрдың қазақ поэзиясын байытқанына дәлел.

Кәкімбек өмірдің әр қилы кезеңдерін шағын суретпен, ұтымды ұғыммен беруге машықтанған майталман ақын. Оған айшықты дәлел «Ойтолғақ» атты (Алматы. 2001. «Жібек жолы»), Төрттағандар және «Қос өрімдер» жинағы бола алады. Ақын эпикалық ұзақ поэмаларымен қалай сүйсіндірсе, қысқа өлеңдерімен де жан баурайды. Жалпы ақынның 50-ден астам өлеңдер жинағы 25-тен астам ғылыми публицистикалық еңбектерінің жинақтары жарық көрді. Ақын 2009 жылы өзінің таңдамалы шығармалар жинағының 10 томдығын жарыққа шығарды.

Кәкімбек шанырағы - шаттық ұясындай. Жұбайы - Мәриям Мәженқызы, экономист, құрметті демалыста. Ұлы Ерлан

- техникалық ғылымдардың кандидаты, тау-кен инженері, «Жезқазған НИПИ - цветмет» институтының бас инженері, қызы Майра - Орталық Азия жүйелі зерттеу Қорының Президенті, белгілі журналист, ақын. Үлкен немересі Арман Мәскеудегі Әдебиет институтын және Ресейдің гуманитарлық университетін тәмамдап, сол оқу орнында қызметте. Ортаншы немерсі Дана Мәскеудегі Педагогикалық институтты бітірген, педагог, ең кіші немересі Әдия МГУ-ді бітіріп, мамандыы бойынша қызмет етіп келеді. 5 жасар Әділ және 1,5 жасар Аян атты шөберелері өсіп келеді.

Ақын Кәкімбек Салықов өзінің 80 жылдық торқалы тойына үлкен азаматтық жүкті арқалап, қанаты талмас ақ иық қырандай самғап келеді. Осының өзі-ақ көрнекті ақынның шабытты шағында екенін дәлелдейді. Шарықтай бер, Кенші ақын! Жүйтки бер, қазақтың Жезкиігі демекпіз!

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫРАН ҚҰСТАЙ КӘКІМБЕГІ (Кәкімбек Салықов)

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіц жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жумыр келсін айналасы.
Абай.

Осыдан үш жылдай бурын өмірден өткен жерлесіміз, қазақтың белгілі ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов жастайынан өлең мен әнге құмар болып өсті. Бұл қасиетті оған бала кезінен өскен ортасы дарытты. Ақын 2003 жылғы 25 маусымда «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Үкілі Ыбырай» атты мақаласында былай деп жазды:

«Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы - қазақтың әншілік пен ақындық өнерін құстың қос қанатындай тең ұстап, үлкен атақ пен абыройға ие болған өнерпаздардың алдыңғы қатарынан орын алған аса дарынды композитор, бұлбұл әнші, дүлдүл ақын болған тұлға. Көкшенің сал-серілік мектебі дегенде Біржан, Ақан, Ыбырай қатар аталады. Мен ата жағынан Ақан

серіге жақындаумың ал бала кезімде, әсіресе, соғыс жылдары нағашым Қожағали Бәкібаевтың қолында, қазіргі Үкілі Ыбырай ауылында өстім. Үкілі Ыбырай бабамыздың аталас немересі, өзіне тартып туған көкшетаулық әйгілі ақын Мұса Асайынов - менің туған бөлем. Ол Үкілі Ыбырай бабасының көптеген өлеңдерін айнытпай айтып беріп, хатқа түсіріп кетті. Мұсаның ықпалы маған да тиді. Бұрынғы «Өскен» колхозы, осы күнгі «Үкілі Ыбырай» ауылы маған етене ыстық. Оған қоса әкемнің немере ағасы, Үкілі Ыбырайдың төл шәкірті, Қазақстанның халық ақыны Молдахмет Тырбиев - бізге бала жастан Үкілі Ыбырайдың әндерін жасырын түрде үйрете берді. Себебі, ол кезде Үкілі Ыбырайдың аты аталмайтын «Түбінде керек болады, кімнің әні екенін артынан білерсіңдер, рахметтеріңді айта жүрерсіңдер», - дейтін.

Киелі Көкшенің ән мен жыр ордасы болған Айыртаудың баурайында дәурен кешкен Орынбай ақын, Ақан сері мен Үкілі Ыбырай туған топырақта солардың іздері де, суымаған үндері мен әндері де қалған болатын. Олардың, көзін көріп, жырлары мен әндерін өз ауыздарынан естіп үйренген зерделі де зерек қарттары бар ортада өсіп есейген Кәкімбек бала күнінен құлағына сіңіп, көкірегінде жатталып қалған ән әуендерін өмір бойы есінде ұстады.

Оған Ақан әндерінің сұлулығы мен сыршылдығы, Ыбырайдың ерлігі мен сезімталдығы дарыған. Кейін Кәкімбек Салықов олардың ақындық, сазгерлік, әншілік қасие-тін тани біліп, осы қасиеттерге ие болып, өзінің құдіретті де сырлы, әсем де нәзік жырларын шығарған. Поэзия әлеміне осылай келген Кәкімбек жырлары туған халқын бірден баурап алды. Қалың жұрт оның жырларына құмар болды. Кәкімбектің өлеңдерінің тағы бір қасиеті, олардың тамаша ұйқастығы және әсерлі ән мен әуенге лайықты болуы, тілге жеңід жүрекке жылы тиюі. Оның өлеңдерінің осындай қасиеттеріне қызыққан көптеген қазақ композиторлары музыка жазып, ән шығарды. Мәселен, Нұрғиса Тілендиев пен Жақсыкелді Сейілов «Жезкиік» әнін шығарса, Ескендір Хасанғалиев «Туған ел», «Кездесу мен қоштасу», Жағыпар Әлімханов «Аққу әні», «Сағыныш», Шәміл Әбілтаев «Бір ауыз сез», «Евней бұлағы», Мұрат Егінбаев «Үш арыс», Кенжебек Күмісбеков «Сүйемін сені, туған жер» сияқты өлеңдерге ән жазған.

Кәкімбек Айыртау ауданындағы атақты да ұлағатты

ұстаз Мұсахан Қанапиянов басқарған Казгородок (қазіргі Сырымбет) мектебінің 9-сыныбында оқып жүргенде-ақ өлеңдері жергілікті газеттерде жарияланып тұрыпты. Ол өлең шығаруды 1950-1955 жылдары Мәскеудің түсті металл және алтын институтының студенті болғанда да жалғастыра беріпті.

Мен Кәкімбекпен Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқып жүрген кезімде 1954 жылы таныстым. Ол сол жылы жазғы демалысын Алматыда өткізді, Алматыда оқитын бір топ солтүстікқазақстандық және көкшетаулық жерлес студенттермен кездесіп, өзінің бірнеше еленцерін оқыды. Әлі есімде, ол бізге өзінің «Ақ қайың» атты еленцін оқып, сол өленцге шығарған әнін де нәшіне келтіріп, биязы қоңыр дауысымен айтып берді. Өлең де, ән де бәрімізге үлкен әсер етті.

1973 жылы Кәкімбектің «Жезкиік» атты өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Осы жинақтағы «Жезкиік» өленці қалың жұртты бірден баурап алды. Өленнің мазмұны мен ұйқасы жүрек тербететін нәзіктілігі мен саздылығы, қазақтың бірқатар композиторларын қызықтырып, оған ән шығаруға құштарландырды. Бұл өленнің сөзіне ең алғаш ән шығарған қазақтың белгілі композиторы Нұрғиса Тілендиев болды. Кейінірек жезқазғандық сазгер Жақсыкелді Сейілов сұлу сазға айналдырды. Әуезді әуенімен көмкерілген әсем ән тек Қазақстанда ғана шырқалмай, бүкіл ән әлемін шарлап кетті. Шынында да өленнің:

Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жезкиік, сені аңсаған кездерімде,
Бір өзім кең далаға симай кетем,-

деген сияқты сөздері кімді болса да тебірентпей қояр ма?!

«Жезкиік» әнінің арқасында сазгер Жақсыкелді Сейіловтің Қазақстаннан тыс елдерге де даңқы шықты. Ол 1981 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ән орындаушылар конкурсында басжүлдені жеңіп алды.

Кәкімбек Салықов «Ими гордится Жезказган» атты орыс тілінде шыққан кітабында бұл сазгердің «Жезкиік» әні туралы: «Жезкиік Сеилова воистину принадлежит к числу самых трепетных песенных творений композиторов Казахстана XX века. Песня завораживает искренностью», - деп жазды.

2003 жылғы 14-16 желтоқсан күндері Петропавлда өткен ән конкурсында Жезқазған қаласының әкімі Жұмамади Ибадильдин арнайы тағайындаған бас жүлде «Жезкиік» әнін тамаша орындаған қарағандылық жас әнші Сейіл Аяғановтың еншісіне тиді. Осы әнді республикамыздың әр облысынан келген әншілер де орындаған еді. Конкурстың соңында солардың бәрі сахнаға шығып, «Жезкиікті» бірлесе шырқағанда залдағы бүкіл халық қосылып, облыстық драма театрының іші күңіреніп кетті. Залда отырған өлеңнің авторы Кәкімбек ақын мол қуанышқа бөленді.

Кәкімбек туған өлке сұлулығын оның аққуынан, жезкиігінен, ақ маралынан таныған. Бұлар - ол табынған сұлулықтың символдары, ақын бейнелеуінде оны өмірге ғашық еткен құштар қылған әсемдік керіністері. Оның ақындық мұратының өзі осы сұлулықты, өмірдің әсемдігін сақтау мен насихаттау ғой.

1995 жылдың соңында Алматының «Қайнар» баспасынан ақынның Қазақстан композиторларының әндеріне жазылған өлеңдері «Аққу жеткен» атты жинақ болып жарыққа шықты. Жинаққа оның 158 өлеңі кірді. Ақынның өлеңдеріне қазақтың белгілі 23 композиторы ән шығарған. Олардың ішінде барша халыққа танымал Нұрғиса Тілендиев, Еркеғали Рахмадиев, Мыңжасар Маңғытаев, Кенжебек Күмісбеков, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Жақсыкелді Сейілов, Шәміл Әбілтаев, Ілия Жақанов, Марат Ілиясов, т.б. бар.

Жинақ ақынның «Ақындық пайғамбары Абай-ата» деген өлеңмен ашылған:

«Ақындық пайғамбары Абай-ата,
Айтқаны ақыд кеңес, әрі бата,
Осылай Жамбыл атам бағалапты,
Сыр шертіп, жыр төккенде ағындата», -

деп қазақ поэзиясының қос алыбын бірдей ретімен өлеңіне арқау еткен ақын өлеңінің соңында:

Демеспің тірі пенде қалай ұғар,
Нұрлы сөз жан баураған арайы бар.
Қазағым шын бақытты ел екен ғой,
Патшасы ақындардың Абайы бар, -

деп ұлы ақын Абаймен мақтанады. Абайы бар қазақ елі бақытты ел деп қазағын да бір көтеріп тастайды. Сөйтіп, қазақ қауымының ұлттық патриоттық сезімін өсіреді. Міне, осындай тамаша өлеңге қазақтың атақты композиторы

Нұрғиса Тілендиев қалай шабыттанбасың қалай ән шығармасын?!

Аталған жинаққа Кәкімбектің өлеңдеріне жазылған Еркеғали Рахмадиевтің «Сөйлейді тағдыр сондайда», «Осынау әнге салғайсың», «Аққудың көгілдірі», Кенжебек Күсімбековтің «Аққуым, оралдың ба айдынына», Ескендір Хасанғалиевтің «Кездесу мен қоштасу», Әсет Бейсеуовтің «Дүниеде мен сүйетін бір адам бар», «Оралшы, аққулар-арулар», «Бір тамаша ән үшін», Шәміл Әбілтаевтың «Бір ауыз сөз», «Ұларым», «Аңсау», «Жер ұраны - Ұлытау», Мұратхан Егінбаевтың «Үш арыс», «Ақ тырналар», Жағыпар Әлімжановтың «Аққу әні», «Сағыныш деген ғаламат», т.б. әндері кірген.

Осы өлең-өндердің кейбіреуіне тоқтала кетейік.

Ақынның «Аққудың көгілдірі» атты өлеңіндегі мына бір шумақтағы теңеулер кімді болса да ойландырмай, толғандырмай қоймайды:

Ұлытау жайбарақат көре бермей,
Тербеледі Би-Фатима жебегендей.
Жас аққу жақын келіп құшақтасты
Сүйісті Қыз Жібекпен Төлегендей.

Бұл өлеңге композитор Еркеғали Рахмадиев шабыттанып ән жазған. Сазгер, әнші Шәміл Әбілтаев ақынның «Ұлытау», «Аңсау», «Бір жалғыз жарым бар», т.б. өлеңдеріне ән жазып, оларды өзі домбыраға қосылып шырқаған. Кәкімбектің өлеңдерінде елге, туған жерге деген сағыныш мол орын алған. Ол заңды да, өйткені, ол көп жылдар бойы Қазақстаннан тыс жерде қызметте болып, елге жиі келуге мүмкіндігі аз болды. Оның елге, туған жерге сағынышын, әсіресе, «Аңсау» атты өлеңінен кереміз:

Шөліркеген далаға,
Жаңбырлы бұлт болар ма ем,
Піскен кезде мол егін,
Диқан болып орар ма ем.
Қайтқан құстар барады,
Еділдетіп Оралмен.
Елгежетіп қалармаем,
Ере кетіп солармен.

Осы өлеңге жазылған Шәміл Әбілтаевтың әнін қазір Қазақстанда білмейтін жан жоқ. Бұл әнді көптеген әншілер зор ықыласпен орындайды.

1976 жылы жазған «Аққу әні» атты елеңінде Көкімбек «су бетінде мұнайған сыңар аққудың сыңсып салған әніне қамыс басы қамығып, су жылайды», - дей келе, одан әрі:

Қалқиды аққу айдында қалқымайды,
Баяғыдай бой жазып шалқымайды.
Сыңарынан айрылып қалған күні,
Бұл өмірдің қызығын жартылайды, -

деп жалғыз қалған аққудың қайғылы кейпін келтіреді. Осы өлеңге жазылған композитор Жағыпар Әлімхановтың мұңды әнін радиодан тыңдап, жылап отырған келіншекті көріп, өлең мен әннің күшті құдіретіне куә болғаным бар. Жұбайы өмірден өтіп, жалғыз қалған келіншекке бұл ән өзінің мұңды халін көрсеткендей, әсер еткен шығар. Осындай жағдайды көркем суретке айналдырған ақын өлеңін былай аяқтайды:

Сырғиды аққу айдында, сырғымайды,
Жақын барып хал-жайын кім сұрайды?
Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы,
Біреу ерте, біреу кеш бір құлайды.

Жұп аққудан қимас жарастықты, өшпес махаббатты таныған ақын бойындағы адам-сүйгіш, өмірге құштар, гуманистік сезімдердің байлығын танытып, өзінің де сыршыл, сезімтал бейнесінен хабар береді.

Кәкімбектің өзі де ақын ретінде өлеңнің сөзін жазумен қатар, кейде әнін де шығарып композитор болып кетеді. Мәселен ол -»Аққу жеткен», «Аққу сенім», «Ақ тырналар», «Сары-арқа», «Көкшетау», «Оқжетпес», «Саумалкөл», «Өзіңді, сәулем, сағындым», «Қарағым қандайсың сияқты өзінің саздылығымен, нәзіктілігімен, сыршылдығымен халық сүйіспеншілігіне бөленіп, ел арасында жиі айтылып жүрген әндердің авторы.

Бұл әндердің сөздерінің өздері де ғажап қой. Мысалы, «Аққу жеткен» өлеңінде:

«Бар еді тату күндер аққуды өпкен,
Барады баурап үні «Гәккулеткен».
Сарыарқа, сырнайлатқан сәнің келді,
Жыл құсы елге оралып былтыр кеткен
Аққу, қаздар саңқылдайды,
Көлде құстар ән тыңдайды.
«Гәккулеткен»
Осы екен ғой,
Біздің жаққа аққу жеткен», - десе,
«Сарыарқа» өлеңінде:

«Әніме ұйып тына бер,
Түскейім, төрім – нар алқа.
Құлагер жортқан құба бел,
Сүйемін сені, Сарыарқа», -дейді.
Ал «Көкшетау» атты өлеңінде:
«Көкшетау өзге таудың төбесіндей,
Қызығы құмартқан қыз әуресіндей.
Көлдегі Оқжетпестің суреті
Сұлудың айнадағы суретіндей»,
- деп әсірелейді.

Кәкімбектің өлеңдеріне жазылған әндердің жалпы саны 500-ден астам. Автордың өз әндері елуден асады. Бұл әндер осы күні қазақ халқына, оның ішінде шетелдерде тұратын қазақтарға да белгілі екенін, оларды барлық жұрттың зор ықыласпен тыңдап, айтып, ой-сезімдері оянып, тамаша ләззат алғанын айтқан орынды.

Ақынның өзі дүниеден өтсе де, оның таңғы шықтай мөлдіреген жырлары қазақтың кең-байтақ жерін мәңгілікке кезіп жүргендей. Астанада өткен Қожаберген жыраудың тойында ол Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің терағасы Армия Әбілқайыровқа «Асыл аймақ-Айыртау» атты соңғы өлеңін аманат етіп берген екен. Армия өлеңге ән жазатын сазгер іздейді. Ақыры, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, танымал сазгер Құрмет Сақай әдемі ән жазады. Ақынның осы өлеңінен үзінді келтірейік:

Айыртау- асыл аймақ Арқадағы,
Бал қәусар жан баурайды тау самалы.
Қиядан қос өркешті көз шалғанда,
Аңсаған ата-анаңдай қарсы алады.
Сырымбет-сылқым сеңсең бел,
Шоқан туып-өскен жер.
Сал-серілер сайрандап,
Құлагер шауып өткен жер.

Композитор өзінің бұл өлеңнің мәтініне қалай құмартып, қалай ән жазғанын былай баяндайды: «Ғаламат тез жазылды. Кәкімбек ағаның қай өлеңін алсаң да сазды, әуезді болып келеді. Әнге сұранып тұрады. Әуелі мәтінді оқығаннан кейін толғанысты күйге түстім. Әр сөздің астарындағы мазмұнды айшықтағым келді. Атақты Айыртаудың табиғатын мөлдіретіп көз алдыңа әкелетін, өткен тарихын сипаттайтын жарқын болашағын айғақтайтын терең сөз, мәнді мазмұн бар. Міне, қараңызшы:

Тумаса Сарыарқада Ақан сері,
Қазаққа қалар еді-ау дала толмай.

Осы қос жолдың астарында өткенге деген құрмет, оның ғажайып өнеріне деген асқан ілтипат жатқан жоқ па?!

Айыртаулық белгілі журналист Байқал Байәділовтың айтуынша, осы өлең мен әннің тұсаукесеріне Саумалкөл Мәдениет үйіне халық көп жиналыпты. Алдымен сахнаға сазгер Құрмет Сақай көтеріліп, Көкімбек ағаның шығармашылығы туралы өз лебізін білдіріпті. Содан кейін «Асыл аймақ - Айыртау» әнін жезтаңдай әншілер Төкен Ілияс пен Мереке Бекмағамбетов бірлесе орындапты. Соңында Армия Әбілқайыров ақын ағаның аманаты жайында тебірене сыр шертіпті.

Міне, бұл Көкімбек өлеңдері мен әндерінің орасан өміршеңдігін көрсетіп тұрған жоқ па?

Жалпы Кәкімбек халқына елу шақты жыр-жинақтарын тарту еткен. Бүгінде оның ұшқыр ойы мен жезкиіктей жүйткіген күміс қаламынан туған сол жүрек тербетерлік тамаша жырлары мен әндері Алтай мен Атырау, Ұлытау мен Алатау арасын шарлап жүр. Осылай Көкімбек ақын ұлттық мәдениеттің, оның ішінде қазақ әдебиетінің мақтанышына айналды. Бар қазақтың жүрегінде мәңгі сақталатын бүгінгі және келер ұрпақтарды сұлу да сазды әуенімен тербеп, көріктеріне адамгершілік дәнін сеуіп, нәрін құятын ғажайып туындылар жазған ақынның мол мұрасы қашан да ел игілігіне жаратыла береді. Ал ақын, қазақтың біртуар асыл азаматы Кәкімбектің есімі барша қазақтың жүрегінде мәңгі сақталатыны сөзсіз.

«Солтүстік Қазақстан». 5. 07.2016 жыл

ТУҒАН АУЫЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ
(Жақсылық Ысқақов кітабы туралы)

Жуырда қолымызға «Асқақтатқан ауылым» атты көлемді (442 бет) кітап түсті. Кітаптың авторлары ағайынды Жақсылық Ысқақов пен оның немере інісі Тасқын Рәшитұлы. Кітаптың алғысөзінде Тасқынның інісі биология ғылымының докторы, профессор Әйіп Рәшитұлы бұл кітаптың қалай жоспараланып, қалай жазылып, дүниеге келгенін айтыпты.

Бұл жинақ екі кітаптан тұрады. «Туған жерге ту тіккенбіз» атты бірінші кітапта Тасқын Рәшитұлы негізінен өздері туып өскен Бұлақ ауылының тарихы, ондағы рулар, аталар шежіресі, әйгілі Төлек, Қосағалы батырлар, ауылдың басқа да белгілі адамдары туралы әңгіме өрбіткен. Ауылдың алғашқы қоныстанған кезінен бастап шағын артель, ұжымшар, кеңшар болған кезеңдері, оларды басқарғандар, мектептің өсу жолдары, олардың ұстаздары мен басшылары сөз болады. Автор жалғыз Бұлақ ауылы ғана емес, көрші Ақтас, Қарағай ауылдарының да тарихы, адамдары туралы айтып отырады. Ол осы бөлімге Ақтас ауылының тумасы Ораз Тәттібаевтың өлеңінің мына бір шумағын кітабына эпиграф етіп алыпты.

Ақтас, Бұлақ, Ұарағай,
Қоныстары бірыңғай.
Ағайын деп осыны айт,
Бауырластығы тұр бұзылмай.

Кітаптың «Бұлақ ауылының географиялық орналасуы туралы бірер сөз» деген бөлімінде автор ауылының тамаша табиғатын үлкен сүйіспеншілікпен суреттеп, әйгілі батыр Жәлел Қизатовтың «Еліме» деген өлеңінен мына бір жолдарды келтіреді:

Жалғызтау мұндалаған қиялары,
Қырандар тау жаңғыртып ұялады.
Тебіреніп толғанамын, ойланамын,
Туған жер, өскен өлке сағындырды.
Қарағай, Бұлақ, Ақтас ауылдарым,
Құлтабар, Төлек, Шуаш - бауырларым.
Қарауыл Жақсылықтың балалары,
Ата-баба аруағына сыйынамын.

Кітаптың бүкіл мазмұнын шағын мақалада айтып шығу мүмкін емес. Автор кітабының соңында қазіргі жастардың

туған жерге, кіндік қаны тамған ауылға көз қарасын білу үшін Бұлақ мектебінің оқушылары арасында мектеп ұжымымен келісіп осы тақырыпқа арналған шығармалар конкурсын өткізгенін айтады. Сол конкурста оқушылардың үздік шығармаларын оқып, олардың авторларының Отан, ел сүйгіштігіне қуанған ризашылыын білдіреді. Қазіргі жастардың «киелі мекенге деген сезімдері сел екен. Қай қайсының да туған ауылға деген мөлдір махаббаты тәнті етті», дейді автор.

Осындай туған ауылына деген патриоттық сезімдерін 9-сынып оқушысы Гүлбағыш Кемеңгерова, 10-сынып оқушылары Ғалия Арғынова, Гүлдана Аблина, 8-сынып оқушылары Аққу Түшкеева, Сандуғаш Мұстафина өз шығармаларында зор тебіреніспен жазыпты.

Екінші кітаптың авторы өңіріміздің экономикасын, мәдениеті мен әлеуметтік жағдайын дамытуға үлкен үлес қосқан білікті ұйымдастырушы, мемелкет және қоғам қайраткері Жақсылық Ысқақов өз шығармасын «Бұлақтан шыққан бір бұтақпын» деп атапты, 230 беттік бұл көлемді шығармадан біз Жәкеңнің өмір жолы мен туған еліне жасаған ерен де жемісті еңбегін көреміз.

1928 жылы елдегі Кеңес өкіметінің қысымына шыдамай Қабдолла ақсақал отбасымен және жақын ағайындарымен Ресейдің Түмен облысына көшіп барып, жан сақтаған екен. 1932 жылдың наурыз айында сол облыстың Омутинский деген ауданында Жақсылық дүние есігін ашады. Елдегі жағдай дұрысталған кезде Қабдолла қайта көшіп келеді. Ол кезде шағын Бұлақ ауылындағы бастауыш мектепте бала да аз болады. Сондықтан 1-3-сынып оқушылары жастарына қарамай бірге оқиды. Кейін мектеп 7 жылдыққа айналады. Жақсылық 7 жасынан осы мектепке оқуға барады. Сол кездегі жағдайы туралы автор былай деп есіне алады: «Балалық шағымыз соғысқа дейінгі кезеңде өтті. Тіпті, сонымен біткен сияқты сезіледі маған. Соғыстың ауыртпалығы толы кезіндегі өмірімізді ойласам, тіршіліктің бар машақатын мойнымызбен көтеріппіз-ау деймін... Біз 8-сыныпқа көшкен жылы енсесін езіп, арқасына аяздай батқан соғыс та бітті-ау».

Содан Қызылжар қаласындағы орта мектепті тамамдап, Алматы ауыл шаруашылығы институтының агрономдық мамандығына оқуға түседі. Жоғары білім алып, елге білікті маман болып оралады. «Бұл күллі Кеңес Одағы болып тыңды

игеріп жатқан, ұрандатып жүрген, алып елдің әр түкпірінен ел-жұрт қазақ жерін игереміз деп ағылып жатқан жылдар еді. Міне, осы дүрбелең шақта еңбекке араластық», - дейді автор.

Еңбек жолын жас маман бір ұжымшарда агрономдықтан бастайды. Бір жылдан кейін оны басшы кадрларды даярлайтын мектепке жібереді. Осында бір жыл мұғалім болып істейді. «Бір күні - деп жазады автор, - мектебімізді Қарағандыға ауыстыратын болды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мені Октябрь ауданына МТС-тің бас агрономы етіп жібереді. Әлі үйлене қоймаған кезім. Әке шешемді және інім Тасқынды, қарындасым Құралайды алып Ольгинкада бір жарым жыл тұрдық. Н.С.Хрущевтің дәуірлеп тұрған кезі. МТС-тердің бәрін РТС-ке айналдырып жіберді. Ол жерге бас агрономның қажеті жоқ екен. Мен Заградовкаға агроном болдым. Сөйтіп, 1958 жылдың 7 қарашасы күні ауылға көшіп келдім».

Жаздың бір күні ауылға бара жатып Жақсылық «Қарасора» деген көлдің айналасын бір ағайын трактормен тілгілеп жыртып жатқанын көреді де жыртуды тоқтатқызады. Бригадиріне келіп сұрастырса, райкомның өкілі келіп «жырт» депті. Сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Федор Супрунюктің кеңсесінде дүйім елдің көзінше орнымнан тұрып: «Ауылда технолог бар. Агроном - егіншілік жұмысының сапасына жауап беретін мемлекеттік бақылаушы. Мысалы, мен өз жұмысым үшін мемлекет алдында, партия алдында жауап беремін. Ендеше менің сыртымнан бәрін кесіп пішіп, тұзды жерді неге тілгілеп жатыр? Кім саған рұқсат берді? Десем, аудандық партия комитетінің өкілі нұсқау берді» - дейді бригадир. Аудандық партия комитеті ештеңенің байыбына бармай не себепті сондай нұсқау береді? Мен осыны түсінбеймін, жолдастар, дедім ағынан жарылып».

Аудандық партия комитетіндегі сол жүздесуден кейін бір айдай уақыт ішінде обком комсомолдың бірінші хатшысы М.Щебетун Жақсылықты арнайы іздеп, ауылға келіпті. «Сырттан білгенмен бұрын бетпе-бет жүздеспеген кісі. «Я пришел за тобой», - дейді. Айтуынша, екінші хатшысы оқуға кеткелі жатыр екен. «Енді соның орнына сені лайық көріп отырмын», - дейді. Жақсылық оған келіспейді. Бірақ кейін облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Дайыровпен, бірінші хатшысы Журинмен болған әңгімеден кейін

келісімін береді. Облыстық комсомол конференциясында делегаттардың құптауымен облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланып, жұмысына кірісіп кетеді.

«1959 жылғы тамыз айында Гүлназбен үйлену тойымыз өтті» - дейді Жақсылық Қабдоллаұлы, - Гүлназды бір мектепке жұмысқа орналастырдым. Жаз шыға М.Щебетунды Алматыға ЛКЖО Орталық комитетіне бөлім меңгерушісі қызметіне алып кетті. Оның орнына мен бірінші хатшы болып сайландым».

1963 жылы облыста Тимирязев деген жаңа аудан ашылып, Жақсылық Ысқақовты сонда аудандық атқару комитетінің төрағасы етіп жібереді. Тың игеру кезінде қолға алынған аймақ. Халқының көпшілігі жан жақтан тың игереміз деп келген басқа ұлттың өкілдері. Бүкіл ауданда екі ақ қазақ ауылы бар. Аудан орталығы бұрыңғы кеңшардың орталығы. Үй жетпейді. Тіпті аудан басшыларының кеңселері де жоқ. «Біз жедел жұмысқа кірістік. Біз желдің өтінде жүрдік. Қиыншылыққа арқа тосып, жаңа аудан құрдық. Жаңа аудан іргелі ауданға айнала бастады», - дейді Жәкең. Сонда да ол ешбір ренжіген, не мойыған емес. Тек кейде алыстағы ауылын сағынады. Сағынғанда реті келгенде отбасымен туған елге барып, аунап кунап қайтады. Сол ауылға бара жатқандағы көңіл күйін ол былай деп білдіріпті кітапта:

«Өзіміз жаспыз, келіншегім екеуміз екі баламызбен көшіп барғамыз. Содан ауылды сағынып келе жатамыз. Явленкадан шыққаннан кейін Торанғұл кеңшарына жақындағанда көз ұшынан қараң етіп Жалғызтау көрінеді. Біздің ауылымыз сол таудан он шақырымдай жерде. Жалғызтау буалдырланып көзге шалынған сәтте көзім жарқ етіп, жүрегім толқып кетеді. Тілімнің ұшына «Елім-ай» әні келеді. Бір емес, үш емес - үнемі солай. Әбден жаттанды болып, қайталанып қалғаннан кейін бе, әйелім балаларыма қарап күледі де: - Енді қазір сендердің әкелерін ән бастайды - дейді. - Иә, неге айтпайын, ауылымның төбесі көрінді емес пе?! «Туған жердің түтіні де тәтті» деген. Осы топырақта өстім, ауасын жұтып, суын іштім. Бұл маған қасиет қондырған киелі жер. Бойыма елдік ұғымдары сіңірген, кісілікті ұқтырған айналайын ауылым. Онда ауылымды аялаған, түтінін түзу шығарып отырған адамдар бар».

Бұл ауданда біраз қызмет атқарғаннан кейін Жақсылық Ысқақовты Мәскеуге жоғары партия мектебіне оқуға

жібереді. Ол мектепті бітірісімен жаңа ашылған Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Мұнда да қызметін абыройлы атқарады. 1969 жылы Сергеев ауданының бірінші хатшысы Ніл Болатбаев Торғай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауысқан Сақап Құсайыновтың орнына Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Оның орнына Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Жақсылық Ысқақов сайланады. Бұл 1969 жылдың 30 желтоқсаны болатын. Ол қызметі туралы Жақсылық Қабдоллаұлы былай деп есіне алыпты: «Сонда табандаған 5 жыл хал хадерімше қызмет еттім. Артымда айта жүрерлік із қалды. Халықтың саны өсті, елдің әл-ауқаты артты».

1975-1985 жылдары тура он жыл Жәкең Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарады. Осыған дейін мол тәжірибе жинап, өзінің қабілеттілігін көрсеткен Ж.Ысқақовты Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы етіп жәбереді. Бұл қызметті ол 6 жыл атқарды. Бұл облыста да ол қызметін адал да абыройлы атқарып, халық ризашылығына ие болды. Павлодар облысынан кейін ол зейнеткерлікке шықты. Бірақ жай қарап отырған жоқ. Өзіміздің облыста облыстық жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Ақсақалдар алқасын басқарды. Облысты басқаруға Қажымұрат Нағыманов келгеннен кейін үлкен мешіттің құрылысы қолға алынды. Ол мешіттің қорын ашып, іргетасын қалауды Жәкеңе сеніп тапсырды. Жәкең «Шапағат» қорын құрды, Сауд Арабия елшілігне барып, қаржы түсіру жөнінен кеңесті. Олардан қомақты қаржы түсті.

- Біз жастық жігерімізді жаныдық, қандай қызмет тапсырылса да атқардық. Қаншама жыл қызметте жүріп, әдекіммен ұстасып, қырқысып көрген емеспіз. Елдің алғысын алдық, мемлекеттік марапаттарға ие болдық. Қазақстанның мемлекетке тапсырған миллиардтаған пұт астықтарында азды көпті үлесіміз бар. Жер көркейді, ел гүлденді, халықтың тұрмысы тұзелді. Міне, осының бәрінде менің де үлесім бар десем, бұл сөзімді ешкім де жоққа шығара алмасына сенімім кәміл. Бүгінде соңымыздан ерген өскелең ұрпаққа осы істерімді айтып, жыр қыламын. Қоспасыз айтамын. Үлгі алсын, өнеге етсін деп айтамын, - деп ағынан жарылады кітаптың соңында Жәкең. Шынында да бүгіндері сексеннің

сеңгіріне шығып отырған Жәкеңнің өмір жолы мен атқарған адал қызметі қазіргі жастарға өте бағалы үлгі, өнеге ғой. Жәкеңнің өмірі мен қызметі туралы толық білгісі келгендер «Асқақтатқан ауылым» кітабын оқуына болады.

«Қызылжар нұры» 16.03.2012 ж.

ЕСТЕН КЕТПЕС АДАЛ ДОС ЕДІ (Ескен Қабиев)

Адам өзінің өмірінде бала кезінен бастап бірталай адамдармен жолдас, дос болады. Мысалы, ойын баласы кезінде - балалық дос, мектепте оқыған кезде – мектептес дос, одан әрі студенттік дос, қызмет істеген кезде – қызметтес немесе әріптес дос болады.

Әрине, олар да әртүрлі болады.

Менің сондай әріптес досымның бірі және бірегейі Ескен Қабиұлы Қабиев еді. Алдымен осы тамаша досымның қысқаша өмірбаянын айтып кетейін.

Қабиев Ескен Қабиұлы 1932 жылғы желтоқсанның 25-інде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында туған. Ауылдағы бастауыш мектептің 2-ші сыныбын бітіріп 3-ші сыныпқа көшкен кезінде, әкесі Қаби соғысқа аттанады да содан хабарсыз кетеді. Үйде шешесі ауырып қайтыс болады. 10 жасар Ескен осылай әке-шешесінен айрылып, әжесінің (әкесінің шешесінің) қолында қалады. Жұдырықтай жас бала колхоз жұмысына жегіледі. Басқалармен бірге пар өгізбен Петропавл элеваторына астық тасиды. Басқа да ауыр жұмыстар істеп көп бейнет көреді. Әжесімен екеуінің тұрмыс жағдайы қиындап кетеді. Мұны көрген Қабидың қарындасы Нүрила шешесі мен Ескенді Петропавл қаласына өз үйіне көшіріп алады. Қалада да тұрмыс ауыр еді. Карточная система. Нанды талонмен алады. Содан апасы Нүрила мен соғыстан бір аяғынан айрылып келген жездесі Қалиасқар Құрманов Ескеннің тұл жетімдігін дәлелдеп қаладағы № 5 қазақ мектебінің интернатына орналастырады. Ескен осы мектепті жақсы бағамен бітіріп шығады. Ол әсіресе физика, математика пәндерін сүйіп оқыған. Мектеп бітірісімен Алматыға барып өз бетімен гидрология мамандығы бойынша институтқа оқуға түседі.

Оның 1 курсын жақсы бітіреді. 2 курста көп қиыншылық көреді. Өйткені үйден келетін көмек жоқ, аш-құрсақ болып жүреді. Әйтеуір шыдап 2-ші курсты да тәмамдайды.

Әрі қарай оқуға жағдай болмағансын елге қайтады. Мұнда да тұрмыс қиын. Ол кезде мектептерде мұғалімдер жетіспейтін. Мұны білген Ескен сол кездегі облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі В.И. Сакунға барып, институттың 2-ші курсын бітірген қағазын көрсетеді. В.И. Сакун оны қаланың жанындағы Белое жетіжылдық мектебіне физика, математика пәндерінің оқытушысы етіп жібереді. Онда 2 жыл істегеннен кейін, бұрынғы өзі бітірген № 5 қазақ мектебіне ауысады. Осы мектепте сабақ беріп жүріп, білімін толықтыру мақсатымен Ушинский атындағы мұғалімдік институттың физика- математика факультетіне оқуға түседі. Оның 3-ші курсын бітіргеннен кейін отбасының жағдайына қарай, сырттай оқу бөліміне ауысады (бұл кезде ол педучилищені жаңа бітірген Әйміш Жұмабайқызына үйленген болатын).

Бұдан кейін ол қалада жаңа ашылған музыкалық училищеде бір жыл физика және математикадан сабақ береді. Бұл кезде қалада тұрмыс жағдайы қиындап кеткесін елге баруға бел байлайды. Облыстық оқу бөлімі Ескенді қазіргі Шал ақын ауданындағы Соколовка 8 жылдық мектебіне директор етіп жібереді. Ескен Қабиұлы бұл мектептің оқу-тәрбие жұмысын көтеруге бар күш-жігерін салады. Қаусап тұрған ескі мектептің орнына жаңа мектеп салдырады. Жағалай ағаш отырғызады.

Осы мектепті ол табаны күректей 12 жыл басқарады. Дегенмен бұл шалғайдағы шағын мектеп болатын және жоғары білімді оқытушылар да шамалы еді. Ескен өсіп келе жатқан балаларына жақсы тиянақты білім әперу үшін облыс орталығына жақын бір орта мектепке ауысуды армандайды. Сәті түсіп, Мамлют ауданындағы Петропавл қаласына жақын Покровка орта мектебіне директор болып орналасады. Осы мектепті басқарып жүріп қоғамдық түрде насихатшы жұмысын да атқарады.

Ескен бұл мектепті 5 жыл басқарады. Мектеп ұжымы да, аудандық оқу бөлімі де оның жұмысын жоғары бағалайды. Әттең, денсаулығы сыр бере бастады. Сол себепті Соколов ауданындағы Березовка сегізжылдық мектебіне директор болып ауысады. Осында жүргенде дәрігерлерге қаранып, емделіп, денсаулығын біраз түзеп алады. Жұмысы да жақсы жүреді.

Оның жақсы жұмысын көрген аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы Изосимов Ескенді Пеньково ауылдық кеңесінің тарағалығына ұсынады. Ол кезде партия не айтсада орындау керек. Ескен бұл қызметті 6 жыл мүлтіксіз атқарды. Абыройлы болды. Халық та оны сыйлады. Бір кемшілігі еңбек ақысы аз болды. Қатардағы мұғалімнің еңбекақысы одан жоғары еді. Сол себепті Ескен аудандық оқу бөліміне барып мектепке жіберуін өтінеді. Сөйтіп ол Малиновка сегізжылдық мектебіне директор болып тағайындалады. Осында қызметте жүргенде денсаулығы тағы да сыр бере бастайды. Балалық шағында, соғыс кезінде көрген қиыншылықтары, оқуда жүргендегі ашқұрсақ жағдайы оның денсаулығына ауыр із қалдырғаны анық.

Ақырында ол 1991 жылғы 18 наурызда зейнеткерлікке де жете алмай ауыр науқастан қайтыс болды. Қабиев Ескеннің ұстаздық еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақ КСР халықағарту ісінің үздігі» төс белгісімен, облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің құрмет грамоталарымен марапатталады.

Артында сүйікті зайыбы Әйміш Жұмабайқызы (ол да мамандығы бойынша оқытушы – Петропавл педучилищесінің түлегі), Зәуреш, Гүлнәр атты қыздары, Ерден, Ержан, Нұржан, Руслан атты ұлдары қалды. Орнында бар оналар дегендей балаларының барлығы да әртүрлі жоғары оқу орындарын бітіріп әр салада қызмет атқаруда.

Мысалы, Нұржаны көп жылдар бойы Казпошта жүйесінде қызмет атқаруда (әуелі облыстағы Казпоштаны басқарса, қазір Астанада қызметте). Ержаны – бизнесмен, Петропавлда тұрады. Русланы Ақтау қаласында судья болып істеуде. Тек үлкен ұлы Ерден осыдан бірнеше жыл бұрын қайтыс болды. Қызы Зәуреш – бухгалтер, Гүлнәрі – Алматыда Казтелекомда қызмет атқарады.

Қазіргі кезде Ескеннің 9 немересі, 4 жиені және бірнеше шөбересі өсіп келеді. Зайыбы Әйміш Жұмабайқызы осылардың ортасында ақылшы, қамқоршы болып отыр. Ескеннің көреалмаған қызығын көріп, бәрінің амандығын тілеп, тәуба дейді.

Мен алғаш рет Ескенмен 1961 жылдың желтоқсанында таныстым. Мен ол кезде қазіргі Шал ақын ауданындағы Городецк 8 жылдық мектебінде директор болатынмын. Бір күні біздің мектепке Ескен Қабиев (Соколов сегізжылдық мектебінің директоры) және А.М. Тукачев (облонодан)

келді. Біздің ауданның мектептерінің жұмысын тексеруге крайонодан комиссия келген екен. Оларға ауданнан кісі қосып кейбір мектептерді байқауға жіберіпті. Сөйтіп, Ескен Қабиұлы осы комиссияның құрамында біздің мектепте 3 күн болды. Бұл кезде мектеп ұжымының жұмысы жақсы жолға қойылған болатын. Келген екеуі сабақтарға қатысты, мектептің басқа жұмыстарымен танысты. Әйтеуір, мектеп жұмысына оң баға беріп мақтап кетті.

Бұдан кейін 1962 жылы қаңтарда аудан орталығы Марьевкада мұғалімдердің қаңтар конференциясында Ескенмен тағы кездестік. Конференцияның бірінші күнгі жұмысы аяқталғанда Ескен мені Соколовкаға үйіне қонақ болып қайтуға шақырды. Мен алғашында түнделетіп барғым келмеп еді, Ескен болмады. Мына тұрған жерғой (12 км) барып қонып, таңертең қайтып келеміз деп. Сөйтіп екеуміз ат жеккен шанамен оның үйіне барып, ас ішін қонып, таңертең қайта конференцияға келдік.

Ол кезде Әйміш жас келіншек, балалары да жас екен. Содан былай біз отбасымызбен достасып кеттік. Ескен аққөңіл, достыққа адал, кеңпейіл еді. Оның тағы бір жақсы қасиеті өте балажан еді. Әйміш бірдеңеге балаларына ұрса бастаса, Ескен: «Ұрыспашы, мен өзім жетім өстім, балалықты білмедім. Енді осы балаларды жақсы азамат етіп тәрбиелейік», - дейді екен.

Ол тіпті біздің үйге келгенде біздің балаларды да айналып-толғанып, қолына алып көтеріп беттерінен сүйіп бәйек болатын.

Ескен кейін қай мектепте қызмет істесе де, мен оған барып, амандығын біліп, жұмысын қарап, риза болып, қажет болғанда ақыл-кеңесімді айтып жүретінмін.

Бір жылы екеуміз жазғы демалыста Алматыға барып бір жұма бойы Ескеннің жақсы жолдасы Фазылов Игібергеннің үйінде қонақта болып, демалдық. Сонда Игіберген, Ескен үшеуміздің түскен фотографиямыз менде сақтаулы. Кейде қарап, өткен күндерді еске аламын. Ескен менен 2-3 айдай ғана кіші болса да, мені сыйлап ылғи «Кәке» деп атайтын. Ол сондай инабатты, адамгершілігі мол, адал дос еді. Амал қанша, ерте дүние салды. Ендігі тілек жатқан жері жайлы, топырағы торға, иманы жолдас болсын.

Ескеннің өзіне тартқан балалары да аққөңіл, жұмыстарына тиянақты, адал жандар. Зайыбы Әймішке осы ұрпағыңның қызығын көре беріңіз демекпіз.

«Все будет хорошо». 12.12.2012.

«ҚҰДІРЕТТІ ЖАҚСЫ ҰРПАҒЫ АБЫЛАЙДЫҢ!» (Шота Уәлиханов – 75 жаста)

Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі Шота Уәлихановтың есімі бүкіл республикаға, ТМД елдеріне, тіпті әлемнің көптеген елдеріне белгілі. Бұл күндері біздің әйгілі жерлестеріміздің бірі Қазақстанға еңбек сіңірген сәулетші. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург, әлеуметтік ғылымдар Академиясының академигі, профессор Шота Ыдырысұлы Уәлиханов 75 жасқа толып отыр.

Шота Ыдырысұлы (азан шақырып қойған аты Шот-Аман) 1932 жылғы 26 сәуірде қазақтың ұлы ханы Абылай ұрпағының отбасында әйгілі Сырымбет тауының іргесінде бір кезде сүйікті немересі Шоқанды тәрбелеп өсірген ардақты әже Айғанымның салдырған мекен жайында (қазіргі Айыртау ауданының Сырымбет ауылында) дүниеге келген текті атаның баласы.

Текті атаның баласы дейтініміз - оның атақты Абылай ханнан тарайтыны: Абылайдан - Уәли хан, одан Шыңғыс сұлтан (Шоқанның әкесі), Шыңғыстан Мақы (Шоқанның інісі), Мақыдан Ыдырыс мұғалім, Ыдырыстан - Шота.

Болашақ сәулетші жасынан ұлы ата-бабалары жайында халық жадында сақталған аңыз-әңгімелерді тыңдап өседі. Сол естігендерінің әсерімен оның қиялында атақта Абылай, Орта жүздің ақырғы ханы Уәли, оның ұлы Шыңғыс сұлтан мен немерелері Шоқан, Жақып, Махмет, Қоқыш, Мақылардың бейнелері көрініс беріп жатады. Шоқан әйгілі ғалым болса, оның кіші іінісі, Шотаның туған атасы Мақы сақау болса да (бес жасында сүзек ауруынан сақау болып қалған), Петербург қаласындағы патша сарайының жанында орналасқан мылқаулар мектебінде тоғыз жыл (1855-1864) оқып сурет өнерінен жақсы білім алып шығады. Мектеп бітіргесін ол Петербургте екі жыл жұмыс істеп елге оралады да, Омбыда Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесінде, Көкшетау уезі бастығының мекемесінде іс жүргізуші қызметін атқарады. Сонымен қатар ол сурет салу, қолөнермен айналысу, жаңадан салынып жатқан елді мекендердің жобасын сызу сияқты сүйікті кәсібін де ұмыт қалдырмайды. Нәтижесінде, ол бірнеше халықаралық және бүкілресейлік көрмелерге қатысып, алтын медальдарға ие болады.

Осы Мақы атасының кейбір оюлары мен суреттерін 1954 жылғы жазда Мәскеуден Алматыға каникулға келген Шота әкесі Ыдырыстың үйіне апарып сол кезде Қазақ мемлекеттік университетінде оқып жүрген маған көрсетіп еді. Сол тамаша оюлар мен суреттер әлі күнге көз алдымда тұрғандай елестейді. Енйін Шота белгілі сәулетші болған кезінде «егер менің бойымдағы жазу сызуға, сурет-сәулетке қатысты қабілет болса, соның бәрін өз басым атам Мақыдан қалған «жұқана» деп есептеймін», - дегені бар.

Міне, осындай ата-бабаларының үлгі өнегесін көріп өскен жас өспірім мектеп бітіргенде өзінің қандай оқуға баратынын өзінің қандай оқуға баратынын бірдей таңдап алды. Ол Айыртау ауданындағы Казгородок (Сырымбет орта) мектебін күміс медальмен бітіріп, Мәскеудің сәулет институтына оқуға түсті. Оны 1956 жылы тәмамдағаннан кейін еңбек жолын Алматыдағы «Казгорстройпроект» Мемлекеттік жобалау институтында сәулетші болып бастады. Бұдан кейін КСРО сәулет және құрылыс Академиясының Қазақ бөлімінде кіші ғылыми қызметкер, Алматы қаласының бас сәулетшісінің орынбасары, «КазпромстройНИИпроектің» аға ғылыми қызметкері, республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау кеңесі төрағасының орынбасары, «Казгражданселькпроект» жобалау бас институтында бас сәулетші болды.

1973-1982 жылдары үзбестен 10 жыл бойы Қазақстан Сәулетшілер одағын басқарды, КСРО Сәулетшілер одағы басқармасының хатшысы болды.

Қазақстан Сәулетшілер одағын басқарған кезде Шота Ыдырысұлы республикамыдың ұлттық сәулетшілер кадрларының өсуіне, олардың шығармашылық еңбек етуіне көп күш жұмсады. Ол осы одаққа келгенде ғана қазақ одаққа мүше болса, жылыл ден артық қазақ одаққа мүше болды.

1990 жылдан 1995 жылға дейін Ш.Ы.Уәлиханов Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты өнер және сәулет бөлімінің меңгерушісі болып істеді. 1995 жылдан осы күнге дейін ол республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орталық кеңесінің төрағасы қызметін атқарып келеді. Сонымен қатар ол Халықаралық Абылай хан корынын президенті міндетін де атқаруда.

Шота Ыдырысұлы (басқа әріптестерімен бірге) көптеген

ғимараттардың және жиырмадан астам ескерткіштердің аворы, Олардың қатарында Алматыдағы «Универсам» (1979 ж.), «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің» ғимараты (1980), «Казгипрозем» үйі (1983), Фрунзе ауданындағы «Сауда орталығы» (1987), Шоқан Уәлиханов (1969), Тоқаш Бокин (1975), Ғани Мұратбаев (1984) ескерткіштері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Д.А.Қонаев бюсті (1985), Семей облысындағы Қарауыл селосындағы Абай ескерткіші (1964), Әліби Жанкелдин ескерткіші, тағы басқалар бар. Алматыдағы Шоқан ескерткішін жасаған дары үшін ол мүсінші Хакімжан Наурызбаевпен бірге Мемлекеттк сыйлықтың лауреаты болды. Осы сияқты ол Қостанайдағы Ахмет Байтұрсынов (1999), Астанадағы Кенесары (2001) ескерткіштерін жасауға да қатысты. 2001 жылы оның жобасымен Семей қаласында атом сынақтары құрбандардының монументі тұрғызылды.

Әсіресе, Шота Ыдырысұлының басқаруымен бір топ мүсіншілер мен сәуетшлер, құрылысшылар мен инженерлер жасап шығарған Алматыдағы Тәеусіздік монументі - шоғыр ескерткіштердің ішіндегі шоқтығы биігі. Ол сәулет, мүсін және инженерлік өнерді тоғыстырған сәулеттік кешен. Бұл монументтің Шота Уәлиханов тобының жасаған жобасын қптаған Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1995 жылғы 3 шілдедегі қаулысымен монументті Алматыда тұрғызуды арнайы тапсырған болатын. Қазір бұл монумент бүкіл әлемге әйгілі ескерміштің біріне айналды.

Ш.Ы.Уәлиханов - Қазақстан Республикасы Президентінің штандартының (жалауының), қазақ тарих және мәдениет есекерткіштердің қорғау қоғамының эмблемасының авторы. Оған символикаға арналған сериялы жұмыстары үшін Қазақстан Сәулетшілер одағының дипломы мен алтын медалі (1996 ж.) тапсырылды.

Мамандардың бағалауынша, Ш.Ы.Уәлихановтың шығармаларына салынған дүниелерге өз орталығымен үйлесімділігі, ұлттық нақышы және кәсібии сапасының биіктігі тән. «Мүсіншінің жұмысы өте күрделі өнер. Адамның бір сәттегі қимылына оның бүкіл образын сыйдыру керек. Мысалы, Алматыдағы Шоқан мүсініне біз Қазақстанның халық суретшісі Хакімжан Наурызбаев екеуміз алымның ойланып қалған сәтін алдық. Ал Көкшетаудағы мүсінде еркіндік, жастық жалын бар», - дейді сәулетші Шөкең.

Бұл айтылғандардан басқа Шота Ыдырысұлының ерекше

із қалдырған саласының бірі - республикамыздағы ауыл село құрылысы. Сонымен қатар, ол құрылыс тәжірибесіне жер сілкіну кезінде құламайтын монолитті (мызғымас) үйлер салуды енгізудің алғашқы авторларының бірі. Осындай көлемді құрылыс жобалары тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де үлкен сұраныс тауып отыр.

Ш.Ы.Уәлиханов сәулет ісі бойынша өткізілген бірнеше ашық және жабық конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Мысалы, Бүкілодақтық сәулетшілер конкурсында оның жолдастарымен бірге жасаған Алматы қаласына арналған «Халықтар достығы» монументі бірінші орын алды. Қазақстан Республикасының Елтаңбасына арналған конкурста да ол бірінші орынды жеңіп алып, авторлық құқыққа ие болды.

Сәулетшінің халық алдындағы жауапкершілігі туралы Шөкең жауапкершілігі туралы Шөкең былай деп тебіренеді:

«Ақын жаман елең жазса оқымай қоюға, композитор жаман музыка жазса тыңдамай қоюға болар, ал жаман сарай немесе ұсқынсыз ескерткіш салынса қарамай қоюыңыз мүмкін емес. Көзге шыққан сүйелдей кемі 100 жыл тұруы мүмкін. Мұның өзі санаға қаншама әсер етеді десеңізші... Сондықтан да сәулетшінің халық алдындағы жауапкершілігі өте жоғары деп есептеймін. Сәулетші қиялшыл ғана емес, философ болуы керек».

Сәулетші Ш.Ы.Уәлиханов іске асуларын күтіп тұрған бірнеше жобалар дайындап қойған. Олар: Қазақстан тарихына байланысты «Даңқ мазары» («Пантеон славы») Астанада орнатылатын Абылай хан ескерткіші, Алматыда жасалатын Аңырақай шайқасының панорамалық залы, Алматы маңындағы Жаңалық селосында қойылатын 1937-1938 ж.ж. құғын-сүргінгде қаза тапқан арыстарымызға арналған ескерткіш, 1932 жылы аштық құрбандарына арналған ескерткіш, т.б.

Республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орталық кеңесінің төрағасы ретінде ол, сондай ақ, ескерткіштерді қорғау жұмысына көп уақыт бөледі. Халықаралық Абылай хан қорының президенті ретінде елімізде болған ірі тарихи оқиғалар мен әйгілі тұлғаларды мәңгілік есте қалдыру үшін жасалатын жобаларға жетекші болып, басқарып отырады. 1999 жылғы 8 шілдеде Қазақстанның Әлеуметтік ғылымдар академиясы

Ш.Ы.Уәлихановты өзінің толық мүшесі (академик) етіп сайлады. 2001 жылы архитектура саласының дамуына енгізген көрнекті табыстары үшін Шығыс елдері Халықаралық академиясының академигі атағына және Қазақстан сурет өнеріне қосқан үлесі үшін «Тарлан» сыйлығының лауреаты атағына ие болды. 1992 жылы «Ана тілі» газетінің саңлағы» атағына ие болды.

Ш.Ы.Уәлиханов - сегіз қырлы, бір сырлы тұлға. Ол - Сәулетшілер одағының, Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан тарихын зерттеуші ғалым, көрнекті жазушы, драматург, ақын.

Шөкеңнің қазақ халқының ғұлама ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына, қазақтың әйгілі ханы Абылайдың тарихи тұлғасына арналған ғылыми еңбектері бір төбе. Сонымен бірге оның Шоқан уәлиханов туралы бірнеше пьесалары сахнаға шықты. Ғалымның жастық кезеңіне арналған алғашқы пьесасы «Жас Шоқан» 1962 жылы Шымкент облыстық драма театрында қойылды, пьесасың орысша нұсқасы 1982 жылдан бері Көкшетау облыстық драма театрында бірнеше рет көрсетілді.

«Кадет Шоқан», «Шоқанның ақ түні» пьесалары да сәтті шыққан туындылар. Автордың «Ақнұр» атты пьесасы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі мен Жазушылар одағы бірлесіп өткізген конкурста жүлделі орынға ие болды. 2000 жылы ол сталиндік репрессия жылдарына арналған «Террор» пьесасын жарыққа шығарды.

Шота Ыдырысұлы проза жанрында да еңбектеніп жүр. Оның 1965 жылы баспадан шыққан «Таспен жазылған симфония» атты повесін оқырман қауым жылы қабылдады.

Шөкең шабыты келгенде «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» (Абай) өлең жолдарын да мөлдіретіп ақ қағаз бетіне жазып қояды. Ол «Көгілдір Көкше» (әні Е.Хасанғалиевтікі), «Жарық жұлдыз» (Шоқанға арналған, әні С.Мұхамеджановтікі), «Айналдым, айналдым елімнен» (әні Н.Тілендиевтікі) сияқты әсем әндердің де авторы.

Ш.Ы.Уәлиханов Қазақстан тарихының ашылмаған «ақтаңдақ бететрін», қалын жұртқа әлі де беймәлім сырлары көп ұлы тұлғалардың тарихын зерттеуге де қомақты үлес қосып жүрген ғалым. Ол Шоқан туралы, Абылай хан туралы, Шорамновтар әулеті туралы, т.б. ғылыми дәйекті еңбектер жазып шығарды. Елі міздің тарихын тереңірек зерттеудің өажеттілігі жөнінде Шөкең былай дейді:

«Тарихтың талай белгісіз беттері әр жерде жатыр. Бәрін ерінбей, жалықпай жинастырып, зерделі зерттеуіміз қажет. Әзірге Қазақстанның алып тұлғасына лайықты, әріден келе жатқан жан жақты, бітұтас мәдени келбетін дүние жүзіне толық көрсете алмай келеміз... Өткеннен бізге жеткен әрбір ұлы еңбек - бабаларымыздың маңдай тері, ой-сезімі, талабы мен талантынан туған асыл мұрасы. Оған ие болы, әрі байытып, келер ұрпақтардың игілігіне асыру мұрагерлік борышымыз» (Ш.Ы.Уәлиханов «Ескінің көзі - тарихтың өзі», «Қазақ әдебиеті» 28.08.1981).

Осы еңбегінде ол: «Тарих бір орында тұрған жоқ, қоғамның дамуында мәдени мұра байыған үстіне байи түседі. Әр ұрпақ шама шарқынша өз үлесін қосады. Сүрлеуі жоқ, жаңа жолмен жүріп, күтпеген жаңалықтар ашып, беогісіз бояу, кескін, келбет, түр, баға жетпес рухани, әрі заттық қазына әкелетін әр заманның өз қайраткерлері, суреткерлері бар. Біз солардың еңбектерін, атақты әншілердің әнін, күйшілердің күйін, ғалымдардың ойын, ақын-жазушылардың сөзін, сәулетшілердің ғимараттарын келесі ұрпаққа қаз-қалпында бояуын өшірмей жеткізуіміз керек» - деген ұлағатты сөздер айтыпты.

Ш.Ы.Уәлиханов сәулетшілердің 12-ші, 13-ші, 20-шы Халықаралық конгрестеріне делегат болып қатысты. (1975 ж. Мадридте, 1978 ж. Мехикода, 1999 ж. Пекинде). Сол конгрестерде сөйлеген сөздерінде республикамыздың сәулет және өнер саласындағы жетістіктерін көрсетіп, алда тұрған проблемаларын да айтып берді.

Еліміздің сәулет және өнер саласына сіңірген еңбегі үшін ол «Құрмет» орденімен, көптеген Құрмет грамоталармен марапатталды, бірнеше дүркін арнайы сыйлықтарға ие болды.

Шота Ыдырысұлы бүгінде шабыты мол дер шағында. Оның алдында тұрған ойлары мен жоспарлары көп.

Біз бүгін әйгілі сәулетші жерлесіміз Шота Ыдырысұлын 75 жасқа толып отырған мерейтойымен шын жүректен құттықтап, оған мықты денсаулық, отбасының амандығын, зор бақыт, еңбекте тамаша шығармашылық табыстар тілейміз.

Мақаламызды Шотаның көп достарының бірі болған еліміздің арқалы ақыны марқұм Ғафу Қайырбековтың мына өлең жолдарымен аяқтаймыз.

Сүйікті шын перзенті бір құдайдың
Қазақтың тіккен туы - ұлы айбын.
Жүреміз қолыңды алып, қасиеттеп,
Құдіретті жақсы ұрпағы Абылайдың!
Аман бол, аман болсаң мен түгемін,
Шотажан, ардағыңнан айналайын!

«Солтүстік Қазақстан» 27.04.2007 ж.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ ТҰЛҒА (Шота Уәлиханов 80 жаста)

Мақтан тұтар жерлестеріміздің бірі, көрнекті қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, "Құрмет" және "Парасат" ордендерінің иегері, Халықаралық шығыс елдері сәулет академиясының академигі, Қазақстан Республикасы көркемөнер академиясының академигі, Әлемдік Шыңғысхан академиясының құрметті президенті, Көкшетау мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясының академиялық профессоры, тәуелсіз "Тарлан" сыйлығының иегері, есімі біздің республикаға ғана емес, әлемнің көптеген елдеріне белгілі Шота Уәлиханов 80 жасқа толғалы отыр.

Шота Едіресұлы 1932 жылғы 26 сәуірде қазақтың ұлы ханы Абылай ұрпағының отбасында, Айыртау ауданындағы Сырымбет тауының іргесіндегі әйгілі Айғанымның қонысында дүниеге келген. Текті атаның баласы десек, артық айтпаймыз: Абылайдан – Уәлихан, одан Шыңғыс сұлтан, Шыңғыстан – Мақы (Шоқанның інісі), Мақыдан – Едірес мұғалім, ал одан Шота тарайды.

Болашақ сәулетші жасынан атақты ата-бабалары жайында халық жадында сақталған аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. Сол естігендерінің әсерінен оның қиялында ұлы Абылай, Орта жүздің ақырғы ханы Уәли, оның ұлы Шыңғыс сұлтан мен немерелері Шоқан, Жақып, Махмет, Қоқыш, Мақылардың бейнелері көрініс беріп жатады. Шоқан әйгілі ғалым болса, оның кіші інісі, Шотаның атасы Мақы сақау болса да (бес жасында сүзек ауруынан сақау болып қалған), Петербург қаласындағы патша сарайының жанында орналасқан мылқаулар мектебінде тоғыз жыл (1855-1864) оқып, сурет

өнерінен жақсы білім алып шығады. Мектеп бітіргесін ол Петербургте екі жыл жұмыс істеп елге оралады да, Омбыда Батыс-Сібір генерал-губернаторының кеңсесінде, Көкшетау уезі бастығының мекемесінде іс жүргізуші қызметін атқарады. Сонымен қатар ол сурет салу, қолөнермен айналысу, жаңадан салынып жатқан елді мекендердің жобасын сызу сияқты сүйікті кәсібін де ұмыт қалдырмайды. Нәтижесінде ол бірнеше Халықаралық және Бүкілресейлік көрмелерге қатысып, бірнеше алтын медальға ие болған.

Мақы атасының кейбір оюлары мен суреттерін 1954 жылғы жазда Мәскеуден Алматыға каникулға келген Шота әкесі Едірестің үйіне апарып, сол кезде Қазақ мемлекеттік университетінде оқып жүрген маған көрсетіп еді. Сол тамаша оюлар мен суреттер әлі күнге көз алдымда тұрғандай елестейді.

Кейін Шота белгілі сәулетші болған кезінде: "Егер менің бойымдағы жазу-сызуға, сурет-сәулетке қатысты қабілет болса, соның бәрін өз басым атам Мақыдан қалған жұқана деп есептеймін", – дегені бар.

Міне, осындай ата-бабаларының үлгі-өнегесін көріп өскен жасөспірім Шота мектеп бітіргенде өзінің қандай оқуға баратынын бірден шешті. Ол Айыртау ауданындағы Казгородок (қазіргі Сырымбет) орта мектебін күміс медальмен бітіріп, Мәскеудің сәулет институтына оқуға түсті. Оны 1956 жылы тамамдағаннан кейін еңбек жолын Алматыдағы "Казгорстройпроект" мемлекеттік жобалау институтында сәулетші болып бастады. Кейін Алматы қаласы бас сәулетшісінің орынбасары, республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы кеңесі төрағасының орынбасары, "Казгражданселькпроект" жобалау институтының бас сәулетшісі болды. 1973-1982 жылдары Қазақстан Сәулетшілер одағын басқарды, КСРО Сәулетшілер одағы басқармасының хатшысы қызметін атқарды.

Қазақстан Сәулетшілер одағын басқарған кезде Шота Едіресұлы республикамыздың ұлттық сәулетшілер кадрларының өсуіне, олардың шығармашылық еңбек етуіне көп күш жұмсады. Ол осы одаққа келгенде оған 8 қазақ ғана мүше болса, кейін олардың санын 200-ден асырды. 1995 жылдан осы күнге дейін республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орталық кеңесінің төрағасы қызметін атқарып келеді. Сонымен қатар Халықаралық Абылай хан қорының президенті міндетін де атқаруда.

Шота Едіресұлы – көптеген ғимараттардың және жиырмадан астам ескерткіштердің авторы. Алматыдағы Шоқан Уәлиханов ескерткішін жасағаны үшін ол мүсінші Хакімжан Наурызбаевпен бірге Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды.

Шотаның ерекше із қалдырған саласының бірі – республикамыздағы ауыл құрылысы. Сонымен қатар ол құрылыс тәжірибесіне жер сілкіну кезінде құламайтын монолитті үйлер салуды алғаш енгізгендердің бірі.

2001 жылы Ш.Уәлихановтың жобасымен Семей қаласының "Полковник" аралындағы саябақта атом сынақтарының құрбандарына арналған "Ажалдан да құдіретті" монументі орнатылды. Оның биіктігі – 25 метр, ені – 10 метр. Еңселі ескерткіштің орта тұсында атом бомбасының "саңырауқұлағы" және сәбиін қорғаған Ана бейнесі көрініс тапқан.

Шота Едіресұлының басқаруымен бір топ сәулетшілер мен мүсіншілер, құрылысшылар мен инженерлер жасап шығарған Алматыдағы Тәуелсіздік монументі – ескерткіштер шоғырының ішіндегі шоқтығы биігі. Ол сәулет, мүсін және инженерлік өнерді тоғыстырған сәулеттік кешен. Бұл монументтің жобасын құптаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев оны Алматыда тұрғызуды арнайы тапсырған болатын. Қазір бұл монумент Париждегі Эйфель мұнарасы сияқты бүкіл әлемге белгілі ескерткішке айналды.

Сондай-ақ Шота Уәлиханов – Қазақстан Республикасы Президентінің дербес штандартының, Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы мен Ұлттық ғылым академиясының эмблемаларының авторы.

"Мүсіншінің жұмысы – өте күрделі өнер. Адамның бір сәттегі қимылына оның бүкіл образын сыйдыру керек. Мысалы, Алматыдағы Шоқан мүсініне біз Қазақстанның халық суретшісі Хакімжан Наурызбаев екеуміз ғалымның ойланып қалған сәтін алдық. Ал Көкшетаудағы мүсінде еркіндік, жастық жалын бар", – дейді сәулетші Шөкең.

Бір кездегі Бүкілодақтық сәулетшілер конкурсында Шотаның өз әріптестерімен бірлесіп жасаған "Халықтар достығы" монументі бірінші орын алды. Қазақстан Республикасының Елтаңбасына арналған конкурста да ол бірінші орынды жеңіп алып, авторлық құқыққа ие болды.

Сәулетшінің халық алдындағы жауапкершілігі туралы Шөкең былай деп тебіренеді:

"Ақын жаман өлең жазса, оқымай қоюға, композитор жаман музыка жазса, тыңдамай қоюға болар, ал жаман сарай немесе ұсқынсыз ескерткіш салынса, қарамай қоюыңыз мүмкін емес. Көзге шыққан сүйелдей кемі 100 жыл тұруы мүмкін. Мұның өзі санаға қаншама теріс әсер етеді десеңізші. Сондықтан да сәулетшінің халық алдындағы жауапкершілігі өте жоғары деп есептеймін. Сәулетші қиялшыл ғана емес, философ болуы керек".

Шота іске асырылуын күтіп тұрған бірнеше жоба дайындап қойған. Олар – Қазақстан тарихына арналған "Даңқ мазары", Астанада орнатылатын Абылай хан ескерткіші, Алматыда жасалатын Аңырақай шайқасының панорамалық залы, 1932 жылғы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш, т.б.

Шота Уәлиханов – сегіз қырлы, бір сырлы тұлға. Ол – Сәулетшілер, Дизайнерлер, Суретшілер, Жазушылар одақтарының мүшесі, тарихты зерттеуші ғалым, белгілі жазушы, ақын, драматург. Шөкеңнің Абылай ханның тарихи тұлғасына, ғұлама ғалым Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми еңбектері бір төбе. Шоқан туралы бірнеше пьесасы сахнаға шығарылды. Алғашқы "Жас Шоқан" пьесасы 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық драма театрында қойылды, оның орысша нұсқасы 1982 жылдан бері Көкшетау орыс драма театрында бірнеше рет сахналанды. "Кадет Шоқан", "Шоқанның ақ түні" пьесалары да сәтті шыққан туындылар. Автордың "Ақнұр" атты пьесасы Мәдениет министрлігі мен Жазушылар одағы бірлесіп өткізген конкурста жүлделі орынға ие болды. 2000 жылы ол сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдарына арналған "Террор" пьесасын жарыққа шығарды. Сондай-ақ қаламгердің 1965 жылы баспадан шыққан "Таспен жазылған симфония" атты повесін оқырман қауым жылы қабылдады.

Шөкең шабыты келгенде "тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін" өлең жолдарын да мөлдіретіп ақ қағаз бетіне жазып қояды. Ол – "Көгілдір Көкше" (әні Е.Хасанғалиевтікі), Шоқанға арналған "Жарық жұлдыз" (әні С.Мұхамеджановтікі), "Айналдым, айналдым елімнен" (әні Н.Тілендиевтікі) атты әсем әндердің өлеңдерінің авторы.

Шота Уәлиханов – Қазақстан тарихының ашылмаған "ақтаңдақ беттерін", қалың жұртқа әлі де беймәлім сырлары көп ұлы тұлғалардың тарихын зерттеуге де қомақты үлес қосып жүрген ғалым. Ол Шоқан, Абылай хан, Шормановтар

әулеті туралы, т.б. ғылыми дәйекті еңбектер жазып, баспасөзде жариялады. Еліміздің тарихын тереңірек зерттеудің қажеттігі жөнінде Шөкең: "Тарихтың талай белгісіз беттері әр жерде жатыр. Бәрін ерінбей, жалықпай жинастырып, зерделі зерттеуіміз қажет. Әзірге Қазақстанның алып тұлғасына лайықты әріден келе жатқан жан-жақты, біртұтас мәдени келбетін дүниежүзіне толық көрсете алмай келеміз. Өткеннен бізге жеткен әрбір ұлы еңбек – бабаларымыздың маңдай тері, ой-сезімі, талабы мен талантынан туған асыл мұрасы. Оған ие болып, әрі байытып келер ұрпақтардың игілігіне асыру – мұрагерлік борышымыз", – дейді.

Шота Едіресұлы – бақытты адам. Сүйген жары Зинаида Кәрімқызы екеуі Гүлнат, Баян есімді қыздарын тәрбиелеп өсірді. Екеуі де жоғары білімді, білікті мамандар. Немерелері Зарина, Оқжетпес, Меруерт, Диана, Гауһар, Айдарлар да тәрбиелі, білімді болып өсуде.

Белгілі ақын Жаппар Өмірбековтің Шөкеңе арнаған өлеңінің мына бір шумағы жадымда сақталып қалыпты:

Сәулетші болып жарастың,
Азамат болып әрі астың.
Көгере бер көркейтіп,
Көсегесін Алаштың!

«Солтүстік Қазақстан» 26.04.2012 ж.

СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ САҢЛАҒЫ
(Шота Уәлиханов 80 жаста)

Бұл күндері біздің белгілі жерлесіміз, көрнекті қоғам қайраткері, Қазақстанға еңбек сіңірген сәулетші, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақстан әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі (1990), Халықаралық Шығыс Елдері сәулет академиясының академигі (2001), Қазақстан Республикасы көркемөнер академиясының академигі (2007), Әлемдік Шыңғысхан академиясының құрметті Президенті (2007), Көкшетау Мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (2004), Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясының академиялық профессоры (2008), Қазақстанның бейнелеу өнеріне қосқан үлесі үшін тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, есімі біздің республикаға ғана емес, ТМД елдеріне, тіпті әлемнің көптеген елдеріне белгілі Шота Едіресұлы Уәлиханов 80 жасқа толып отыр.

Шота Едіресұлы 1932 жылғы 26 сәуірде қазақтың ұлы ханы Абылай ұрпағының отбасында, әйгілі Сырымбет тауының іргесінде бір кезде сүйікті немересі Шоқанды тәрбиелеп өсірген ардақты әже Айғанымның салдырған мекен жайында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында) дүниеге келген.

Ол Айыртау ауданындағы Казгородок (қазір Сырымбет) орта мектебін күміс медальмен бітіріп, Мәскеудің сәулет институтына оқуға түсті. Оны 1956 жылы тамамдағаннан кейін еңбек жолын Алматыдағы «Казгорстройпроект» Мемлекеттік жобалау институтында сәулетші болып бастады. Бұдан кейін КСРО сәулет және құрылыс Академиясының Қазақ бөлімінде кіші ғылыми қызметкер, Алматы қаласының бас сәулетшісінің орынбасары, «Казпромстрой НИИ проектің» аға ғылыми қызметкері, республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы кеңесі төрағасының орынбасары, «Казгражданселькпроект» жобалау бас институтында бас сәулетші болды. 1973-1982 жылдары Қазақстан сәулетшілер Одағын басқарды, КСРО Сәулетшілер Одағы Басқармасының хатшысы болды.

1995 жылдан осы күнге дейін ол республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орталық кеңесінің төрағасы қызметін атқарып келеді. Сонымен қатар

Халықаралық Абылай хан қорының президенті міндетін де атқаруда.

Шота Едіресұлы (басқа әріптестерімен бірге) көптеген ғимараттардың және жиырмадан астам ескерткіштердің авторы.

2001 жылы Ш.Уәлихановтың жобасымен Семей қаласының «Полковничий» аралындағы саябақта атом сынақтарының құрбандарына арналған «Ажалдан да құдіретті» монументі орнатылды. Оның биіктігі 25 метр, ені 10 метр, қалындығы 2 метр. Еңселі ескерткіштің орта тұсында атом бомбасының «саңырауқұлағы», азалы жарылыстан сәбиін қорғаған Ана бейнесі (ақ мірмірдін орнатылған) көрініс тапқан.

Әсіресе Шота Едіресұлының басқаруымен бір топ сәулетшілер мен мүсіншілер, құрылысшылар мен инженерлер жасап шығарған Алматыдағы Тәуелсіздік монументі шоғыр ескерткіштердің ішіндегі шоқтығы биігі. Қазір бұл монумент Париждегі Эйфель мұнарасы сияқты бүкіл әлемге белгілі ескерткішке айналды.

Сондай-ақ Ш.Е. Уәлиханов Қазақстан Республикасы Президентінің дербес штандартының (байрағының), қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының эмблемасының мен Ұлттық Ғылым академия эмблемасының авторы. Оған символикаға арналған сериялы жұмыстары үшін Қазақстан сәулетшілер Одағының дипломы мен алтын медалі (1996 ж.) тапсырылды.

Мысалы, Бүкілодақтық сәулетшілер конкурсында оның жолдастарымен бірге жасаған Алматы қаласына арналған «Халықтар достығы» монументі бірінші орын алды. Қазақстан Республикасының Елтаңбасына арналған конкурста да ол бірінші орынды жеңіп алып, авторлық құқыққа ие болды.

Ш.Е. Уәлиханов сегіз қырлы, бір сырлы тұлға. Ол сәулетшілер, дизайнерлер, суретшілер, жазушылар одағының мүшесі, тарихты зерттеуші ғалым, белгілі жазушы, ақын, драматург.

Шөкеңнің қазақтың әйгілі Абылайдың тарихи тұлғасына, қазақ халқының ғұлама ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен творчествосына арналған ғылыми еңбектері бір төбе. Оның Шоқан туралы бірнеше пьесалары сахнаға шықты. Автордың «Ақнұр» атты пьесасы Мәдениет министрлігі мен Жазушылар одағы бірлесіп өткізген конкурста жүлделі орынға ие болды. 2000 жылы ол сталиндік саяси репрессия жылдарына арналған «Террор» пьесасын жарыққа шығарды.

Шота Едіресұлы проза жанрында да еңбектеніп жүр. Оның 1965 жылы баспадан шыққан "Таспен жазылған симфония" атты повесін оқырман қауым жылы қабылдады.

Шөкеңшабыты келгенде «тілгежеңіл, жүреккежылы тиетін» (Абай) өлең жолдарын да мөлдіретіп ақ қағаз бетіне жазып қояды. Ол «Көгілдір Көкше» (әні Е.Хасанғалиевтікі), «Жарық жұлдыз» (Шоқанға арналған, әні С.Мұхамеджановтікі), «Айналдым, айналдым елімнен» (әні Н.Тілендиевтікі) атты әсем әндердің өлең сөздерінің авторы.

Шөкең бақытты адам. Ол сүйген жары Зинаида Кәрімқызы екеуі Гүлнат, Баян есімді қыздарын тәрбиелеп өсірді. Олардың екеуі де жоғары білімді білікті мамандар. Немерелері Зарина, Оқжетпес, Меруерт, Диана, Гауһар, Айдарлар да тәрбиелі, білімді болып өсуде.

Біз бүгін әйгілі сәулетші жерлесіміз, досымыз Шота Едіресұлын 80 жасқа толып отырған мерейтоымен шын жүректен құттықтап, оған мықты денсаулық, отбасының амандығын, зор бақыт, еңбекте тамаша творчестволық табыс тілеймізү Зинаида Кәрімқізімен бірге балалар мен немере, шөберелердің қызығын көре беріңіздер.

Мақаламызды Жаппар Өмірбековтің мына бір шумағы өлеңімен аяқтаймыз:

Сәулетші болып жарастың,
Азамат болып әрі астың.
Көгере бер көркейтіп,
Көсегесін Алаштың!

«Парыз» 15.06.2012 жыл

ШОҚАН МЕН ШОТА
(Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл)

Қазақ хандары туралы сөз қозғағанда алмағайып сұрапыл заманда есеңгіреген елге ес кіргізіп, бір тудың астына біріктіре білген Абылай ханның ұрпақтары туралы айтпай өтуге болмас. Туған халқының кемел болашағын аңсаған Абылай хан өз дәуірі артқан ұлы жүкті қайыспай көтеріп, ел алдындағы перзенттік парызын атқарып кетсе, ұрпақтарының ішіндегі ең танымалы Шоқан Уәлиханов еді.

Биыл қазақтың әйгілі ғалымы, саяхатшы, шығыстанушы, этнограф, көсемсөзші Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанынана 180 жыл толып отыр. Ол не бары 29 жыл өмір сүрсе де кейінгі ұрпаққа көптеген ғылыми, әдеби еңбектер қалдырып кетті. Ол еңбектер өзінің көзі тірісінде де, ол дүниеден өткеннен кейін де тек қазақ пен орыс ғалымдары емес Еуропа және басқа елдердің ғалымдарының да зор бағасын алды. Оның бірқатар еңбектерін орыс достары мен әріптес ғалымдар жинап, 1904 жылы шығыстанушы ғалым Н.И.Веселовскийдің редакторлығымен тұңғыш жинағын шығарған болатын.

Кейін қазақтың атақты ғалымы Әлкей Хақанұлы Марғұланның басқаруымен Шоқанның 150 жылдығына орай оның 5 томдық шығармалар жинағы орыс тілінде Алматыда басылып шықты. Ғалымның өмірі мен шығармашылығы жөнінде қазақ, орыс және басқа тілдерде ғылыми, әдеби, танымдық мақалалар шығуда.

Шоқанның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің бірі және бірегейі елімізге еңбегі сіңген сәулетші, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халықаралық Шығыс елдері Академиясының академигі, профессор Шота Ыдырысұлы Уәлиханов. Ол Шоқанның туған інісі Мақы баласы Ыдырыстан туған.

Шоқан мен Шотаның өмірінде көп ұқсастық бар, әсіресе балалық шағында. Шоқан бала кезінде әкесі аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханұлының Құсмұрындағы үйі мен әжесі Айғанымның Сырымбеттегі үйінде қазақтың белгілі ақын-жыршылары Арыстанбай, Орынбай, Шөже, Тоғжан, т.б. өлең, жырларын, әжесінің Абылай хан әулетінің өмір жолы туралы

әңгімелерін тыңдап өссе, Шота да сол Сырымбетте туып, балалық шағын сонда өткізді. Бала кезінде үлкендердің қазақ жұрты ғана емес көрші елдерде де әйгілі болған ата-бабалары туралы аңыз әңгімелерін тыңдап өсті. Ол әңгімелерде Шоқан туралы да айтылатын. Шоқан туралы естігенде, өзінің айтуынша, Шота: «Е, мынау біздің туысымыз екен ғой» деген мақтаныш сезім ғана болды. Бертін келе оның еңбектерін оқығанымда туыстық емес азаматтық махаббатым пайда болды. Оның еңбектерін қайта-қайта оқимын. Әрбір оқыған сайын жаңа ойлары мен пікірлеріне кездесіп отырам».

Шота Мәскеудегі сәулет институтында оқып жүріп, қаланың ірі кітапханаларына барып Шоқан шығармаларын және ол туралы жазылған достары мен орыстың көрнекті ғалымдарының еңбектерімен, естеліктерімен танысады. Сөйтіп, ол Шоқанның өмірі мен қызметін зерттеумен айналыса бастайды. Кеңес өкіметінің солақай саясатының кесірінен хан, төрелердің ұрпағы ретінде қаншама кедергілерге кездессе де ол Шоқанды зерттеуін тоқтатқан жоқ.

Шоқан туралы жинаған материалдарын пайдаланып Шота 1962 жылы ғалымның жастық шағына арналған «Шоқан Уәлиханов» атты пьеса жазып шығарды, кейінірек «Кадет Шоқан», «Тағдыр», «Белые ночи Шокана» (Шоқанның ақ түндері) орыс тілінде пьесалары жарық көрді. Олар республика және облыстар театрларында қойылып, көрермендердің көңілінен шықты.

Шота Ыдырысұлы Шоқан туралы көбірек білу үшін мұрағаттар мен кітапханалардан құжаттар іздеумен қатар Шоқанның туған-туыстары, жүрген ортасы туралы білетін адамдармен әңгімелесіп бірқатар мәліметтер жинаған. Мысалы, «Айтылмаған әңгіме» атты мақаласында өзінің әкесі Ыдырыстан өзінің әкесі Мақы туралы және оған Шоқанның қалай көмектескені туралы естіп біледі. «Шоқан туралы бірер сөз» деген мақаласында Шоқанның ең кенже інісі Қоқыштың баласы Зүбәиірмен әңгімелесіп Шоқан туралы көп мағлұмат алғанын айтады.

«Достық жаршысы» атты көлемді мақаласында Шота ұлы ғалымның мәңгі өлмейтініне кепіл үш түрлі жайтты келтіреді. «Бірінші, Шоқан өзінің ғылыми еңбектерін бір ғана субъективті көзқарасқа құрмай, тек Россия шеңберінде емес, дүниежүзілік ғылымның табыстарын ескере отырып,

сол дәрежеде жазды. Екінші, ғылымды Шоқан тек ғылым үшін деп қарамады, ол ғылыммен халықтар тағдырын қатар қойды. Ғылымға сүйене отырып, түнекте жатқан мыңдаған адамдар үшін сәуле іздеді. Үшінші, Шоқан өз халқының кемістік жақтарын жақсы білді. Жаман қасиеті болмаса екен деп көкседі. Оны жоюға атсалысты».

Одан әрі автор былай деп жазды: «Шоқан халықтар достығын уағыздады. Оны келешек өмірдің күші деп таныды. Шоқанның еңбектерін қарап отырсақ, ол қазақ халқының тарихын, мәдениетін, этнографиясын жеке, өзгеден оқшау алып талдамаған. Өзге халықтар өмірімен, үлгілерімен салыстыра зерттеген. Бір халықтан бір халықты кемсітіп сөйлегенің еш жерде көрмейміз, оның ұлылығы да осында. Мысалы, ол қырғыз халқының тамаша эпосы – «Манасты» алғаш рет жазып алып, оны Гомердің «Илиадасымен» теңеп, дұрыс бағасын берді. Шоқан достық туралы жазып қана қоймайды. Оның жеке басының орыс халқының ұлы перзенттерімен өз достығы бізге күні бүгінге дейін үлгі. Ғалымның қарым-қатынаста болған адамдары өте көп. Солардың ішінен біразын атап өтейік. Атақты саяхатшы П.П.Семенов-Тян-Шанский, Петербург университетінің ректоры, профессор А.Н.Бекетов, ұлы химик Д.И.Менделеев, атақты геогрф Г.Н.Потанин, ақындар А.Н.Майков, Полонский, С.Ф.Дуров, жазушылар Ф.М.Достоевский, В.В.Крестовский. Осылардың ішінде біздің жүрегімізді тербеп, заңды мақтаныш туғызатын Шоқанның Потанинмен және Достоевскиймен достығы.

Шота Ыдырысұлы Шоқанмен досжар болған орыс зиялыларының ұрпақтарын іздеп тауып байланыс жасайды. Ол досы Г.Н.Потаниннің бір шөбересін Көкшетау (қазіргі Ақмола) облысының Шучье ауданының бас сәулетшісі болып қызмет істеп жүрген жерінен тауып танысады. Ф.М. Достоевскийдің ұрпақтары Дмитрий мен Татьяныны Санкт-Петербургтен табады. 1984 жылы олар Алматыға келіп Шотаның үйінде қонақ болып қайтыпты. Кейін Шота Дмитрий Достоевскийдің шақыруымен оның үйінде болыпты. Жазушы Всеволод Крестовскийдің немересі Ярослав Игоревич Крестовскиймен Шота 1990 жылдың жазында кездесіп танысады. Сол кездесуде Ярослав Игоревич Шотаға атасының жаңа басылып шыққан «Петербургские трущобы» атты кітабын сыйлап, оған: «Шота! Наши деды были друзьями, продолжим эту традицию», деп жазыпты.

Шота Ыдырысұлы Шоқан туралы баспасөзде шығып жатқан мақалаларды жіті қарап, олардың кейбіреуінде кездескен кемшіліктерге қынжылады. «Тағылым» атты мақаласында кейбір ғалымдар мен әдебиетшілердің Шоқанды еліне, туыстарына жат қылып көрсеткендерін сынайды. Шындығында, Шоқан замандасқа сырлас, ініге үлгі бола білген. Оның түйген ойына сүйсініп, жолын қуған қазақ жастары аз болған жоқ. Омбының кадет корпусында Шоқанның ізін баса біраз қазақ жастары оқыды, - дей келіп, - онда оқыған Шоқанның інісі Махметті, Шынғыстың інісі Қапғожаның баласы Махметті (кіші Махмет), ұлы Абайдың інісі Халиолла Құнанбайұлы Өскенбаевты атап өтеді.

«Абзал аға, өнегелі інілер» деген мақаласында Шота кейбір ғылыми еңбектер мен көркем шығармаларда Шоқанның туыстарымен қарым-қатынасын теріс көрсеткенін сынай отырып, Шоқанның бауырмалдығын, туыстарымен сыйластығын дәйекті түрде көрсетеді. Автор Шоқанның інілеріне ықпалының зор болғанын айта келіп: «Ағаны арқа тұтқан інілер биікке талпынып, өнер-білімге құштар болып, заманның ұшқыр ойлы, алдыңғы қатарлы азаматтар кейпінде өсіп жетілер» - дейді. Шоқанның алты інісінің ішінен автор әсіресе Мақы, Қозыке (шын аты Сақыпкерей), Махмет туралы толық мәлімет береді. Шоқанның тетелес інісі Мақы (1844-1916) суретші болған. Ол Петербургтегі керең-мылқаулар мектебінде оқып білім алғаннан кейін оның дарындылығын байқаған Шоқанның көмегімен көркемөнер академиясының шеберханасына орналасып суретшілік өнерін дамытады. Кейін елге оралып түрлі ғылыми мекемелер мен кітапханаларда суретші болып қызмет іздейді. Елде өнерімен, асқан шеберлігімен көзге түседі.

Шоқанның інілерінің ішінде ең қабілеттісі Қозыке еді. Ол өзінің көңілдес досы Ақан серімен бірге романтикалық сарында бірсыпыра ән мен күй шығарған. Оның әндерінің ішінде бүкіл елге жайылып, әйгілі болғандары «Ай көкек», «Топай көк», «Сырымбет» (Ақан Серінің «Сырымбетінен» басқа) және Шоқан ағасына арнап шығарған «Көкенің аманаты». Махмет кадет корпусын бітіріп, порутчик шеніне дейін көтеріліп, білімді де өнерпаз болыпты.

Шота «Хандар, сұлатндар һәм төрелер шежіресі» атты еңбегінде «Мен кейде, қолым бос кезінде отырып алып бабаларымды еске түсіріп, олардың бейнелерін көз алдыма

елестетуге тырысамын. Қанша ғасырлар өткенмен, ой, алла-ай, бәрінен де ұқсас кескін-келбет, ортақ мінез-құлық табамын». Одан әрі Шота сонау Шынғыс ханнан бастап, Абылай хан, Кенесары, Наурызбай, Шоқандардың ұқсастығын көрсетеді. Ол Шоқанның суретін оның досы Н.М.Ядринцевтің айтуы бойынша былай баяндайды: «Шоқанда ізеттілікпен бірге гвардия офицерінің сәнқойлығы көрініп тұратын, Талдырмаш еді. Оның жүріс-тұрысында бір биязылық, нәзіктілік болатын. Осы бір қылық оны Европаның салдары-дендиге ұқсатар еді. Көздері ақылының айнасы болды, шоқ сияқты жанып тұратын, езуінде әрқашан мысқыл ұялап тұрушы еді, бұл оны Лермонтовқа, Чаильд-Гарольдке ұқсататын. Әрдайым тауып сөйлейтін, өткір тілді, әзілқой, әрі көп нәрсені бақылағыш еді. Мен мұндай уытты тілді адамды сирек кездестірдім». Мақаланың соңында Шота: «Ғасырлар бойы созылған не қылған ұқсастықтар! Бұлар үзілмей, тұқымнан тұқымға ауысқан қасиеттер емес пе, сөнбей жанып тұрған шырақтар емес пе!», - дейді.

Мен айтар едім, Шотаның өзінде де осы ата-бабаларына, әсіресе Шоқанға ұқсастық жеткілікті деп. Әсіресе оның зор білімділігі, өткір тілділігі, әзілқойлығы Шоқанға ұқсайды. Шоқанды көп зерттеп, оны пір тұтқаны сонша, ол «Шоқанды түсімде де көріп жүремін», - дейді. Өзінің бір өлеңінде былай деп жазған:

Арнадан мың сан байқасам,
Қуйылып шабыт жатады.
Шота болып оянсам,
Шоқан боп күнім батады.

Ол Шоқан мен өзіне ортақ фамилияға кір келтірмеуге тырысады. Бірде Ұлттық Ғылым Академиясының алдындағы Шоқан Уәлиханов ескерткішінің жанында серуендеп жүрген Шотаға бір танысы кездеседі де: «Шота, осы сенің фамилияңнан қорқамын!» – депті. Сонда Шота: «Фамилияма бір көлеңке түсіріп алмасам екен деп сенен бұрын өзім қорқамын», - деген екен.

Міне бұл, ұлыларға деген зор құрмет және өзінің олардың алдындағы үлкен жауапкершілігін мойындау емес пе?! Ал Шота Уәлиханов фамилиясын одан әрі көтерді деуге әбден болады. Жасы 80-нен асса да азамат Шота Ыдырысұлы әлі де әйгілі ата-бабаларының, әсіресе Шоқанның өмірі мен қызметін, шығармашылығын зерттеумен айналысуда.

«Қызылжар нұры». 11.09.2015 жыл.

СӘУЛЕТШІ ШОТА УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ

Сыр сандықты ашып қара
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласын.
Сәкен Сейфуллин.

Еліміздің белгілі қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сінірген сәулетшісі, жазушы, ақын, көсемсөзші, драматург, ғалым Шота Ыдырысұлы Уәлиханов бір сырлы, сегіз қырлы азамат. Ол туралы оның әріптесі атақты ғалым, «KA-ZCOR» жобалау Академиясының президенті профессор Ә.Ш.Тәтіғұлов былай деп жазды: «Архитектура профессоры Ш.Ы.Уәлиханов - сан қырлы адам. Ол тамаша айтыскер, дүние танымы кең, тіршілігіне түрлі қызығушылықтарды арқау еткен. Әріптесіміздің әлемнің сәулет өнері форумдарында Қазақстанның өнерінің дамуының жанды мәселелерін көтеріп сөйлеген сөздері, Республикамыздың архитектурасы мен өнеріне, тарихы мен мәдениетіне арналған сараптамалық мақалалары әлі жадымызда. Ол бірнеше драмалық туынды авторы. Оның бәрі бірнеше қайнар көзден бастау алатын сарқылмас шығармашылықтан тамыр тартады. Шынымен де осының бәрі Ш.Ы.Уәлихановтың жарқын, шын мәнінде ренессаныстық тұлғасын сипаттайды. Тіпті әрқайсымыз оны әр қырынан, біреуіміз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторы ретінде, енді біреуіміз Тәуелсіздік монументінің, немесе атом сынақтары құрбандарына арналған монументтің авторы, тағы біріміз ақын, ғалым, немесе қоғам қайраткері ретінде танысақ та, бәрібір барлығымыз оның айрықша тұлғасының, Қазақстанның қазіргі заманғы архитектурасы мен өнеріндегі халық дәстүрлерін сақтаушы тұлғасының ықпалындамыз деп ойлаймын».

Белгілі жазушы Роллан Сейсенбаевтың айтуынша, Ш.Ы.Уәлиханов тудырған дүниенің бәрі - XX - XXI ғасырлардағы Қазақстанның тарихына тиесілі біртұтас, көркем бейнелі моральдық психологиялық, тарихи -ождандық құжат. Ол еліміздің ең көрнекті сәулетшілерінің

бірі, ізденімпаз ғалым, жарқын жазушы-драматург, барша мойындаған қоғам қайраткері.

Шота Уәлихановтың тағы бір тамаша қасиетті оның достыққа адалдығы. Сондықтан оның достары көп.

Тіршілік достықпенен көріктенген,
Адал дос, адал ару бөліп берген.
Бәрінен жомарттығың жақсы екен-ау
Адамға дос таңдауға ерік берген – деп

айтулы ақын Кәкімбек Салықов айтқандай, Шота да өзі сияқты адал достар тапқан. Қазақты «достарыңды айтшы, сенің кім екенінді білейік» деген де сөз бар. Шынында да Шөкеңнің достары оның қандай адам екенін өз сөздерінде көрсете білді. Енді Шөкеңе арналған, Шөкең туралы достарының шын жүректен шыққан лебіздеріне назар аударайық.

Ағайынның ашытқанда миын дау
Талай қазақ аруағына сиынды - ау.
Хақан болу оңай емес, әйтсе де,
Уәлиханов болу одан қиындау.

Қадыр Мырза - Әли (9.05.1978 ж.)

Шота аға!

Сіздіңардақты, текті талантыңызға табынушы- ініңіз Оралхан (Бөкеев) – 5.06.1985 ж.

Шота!

Сен бай, өте бай жігітсің, себебі сенің досың көп. Десек те, сенің ең үлкен байлығың - жаның! Соныңа қызығамын!

Әкім Тарази. 29.01.1985 ж.

Шота!

Твои мысли и рассуждения о творчестве всегда были оригинальны и самостоятельны. Юмор, чуткость и доброта никогда тебя не подведут, дорогой Шота!

С любовью Азик (Азербайджан Мамбетов). 31.03.1986 г.

Ежелгідос Шота!

Қазақтың еңіреген ерлерінің бірі өз досың болғандығы қандай ғанибет!

Сейдахмет (Бердіғұлов) 1987 ж.

Көкірегі-көктем, көңілі- жаза ғайым, бауырым Шота!
Әсет Бейсеуов.1989 ж.

Шотажан!
Сабазым, елден ерексің,
Жылтырақ, жалтақ емессің.
Нұр тартасың, тереңнен
Жұртыңа дәйім керексің.
Сәулетші болып жарастың
Азамат болып әрі астың.
Көгейте бер көркейтіп
Көсегесін алаштың!
Жаппар аған (Өмірбек) 1992 ж.

Әлем әміршісі, ұлылардың ұлысы деп дүние жүзі мойындаған Шыңғысханның тұңғыш ұлы Жошының (Зучи) үрім-бұтағы дербес Қазақстан мемлекетінің көрнекті ғалымы, жазушысы, сәулет өнерінің майталман шебері Шот-Аман Уәлихановқа тағзым етып, «Шыңғысхан шежіресін» ізгі ниетпен ұсынамын.

Монголия Халық Республикасы Ғылым академиясының Халықаралық Түрік-монгол зерттеу орталығының президенті, академик, жазушы Ш.Нацагдорж.

Дорогой Шота Едрисович!

Сегодня узнал из газет о событии поистине исторического значения – официальном представлении новых государственных символов Казахстана, утвержденных Верховным Советом 4 июня 1992 года. Я был взволнован. Особенно был рад за принятие Герба, куда Вы приложили свой талант и умение, где Вы по всем законам геральдики отразили многовековую историю нашего народа, его чаяния. Горжусь тем, что стоял у истоков создания этого прекрасного художественного творения и был свидетелем – участником освящения его самим небом. Разрешите поздравить Вас с успехом огромной исторической важности и надеюсь, что Вы еще не раз обрадуете нас своим ярким вдохновенным творчеством.

Искренне Ваш Тоқтар Аубакиров. 12.06. 1992 г.

Қадірлі Шота!
Сүйікті шын перзенті бір құдайдың
Қазақтың тіккен туы-ұлы айбын
Жүреміз қолыңды алып қасиеттеп
Құдыретті жақсы ұрпағы Абылайдың
Аман бол, аман болсаң мен түгелмін
Шотажан, аруағыңнан айналайын!
Ағаң Ғафу (Қайырбеков) 1.03.1994 ж.

Дорогой друг и брат
Шота, сын Идриса,
Благородный Валиханов
Смиренно изъявляет свою любовь
Белла, дочь Ахата (Ахмадуллина). 17.02.1996 г.

Хан баласы биіктігің белгілі
Ел қамқоры ел серігі, ел гүлі
Өнеріңмен көтерілдің аспанға
Мәңгілік қой барар жерің ендігі.
Сеніменен қатар жүрген күндер - ай!
Бақытыма балап қоям мен мұны!
Туманбай Молдағалиев. 23.09.1997 ж.

Баладай аңғал, данадай терең, ағадай мейірімді ағамыз Шот-Аман Уәлихан.
И. Тасмағамбетов.27.11. 1997 ж.

Шота бауыр, міндет ауыр сен алар,
Әскерің көп, сен бастаушы генерал.
Жер бетіне әкеледі қуаныш
Сен жасаған ескерткіштер, жобалар.

Шота, Шота! Жалғыз бота киелі
Сен халықты, халқын сені сүйеді.
Сендей, сендей жігіттермен доспын деп
Менің-дағы басым көкке тиеді.
Тұманбайың. 13.03.1999 ж.

Шота, айналайын!
Құдай берген таланттың халық игілігіне айналғаны қашан.

Алла-тағала ұзақ өмір берсін, көсегең көгерсің! Отбасыңа береке-бірлік берсін, ұйытқысы ұрпағына үлгі болсын!

Қалтай Мұхаметжанов. 22.05.1999 ж.

Дорогой брат мой и друг – Шота Валиханов!

Вы занимаетесь увековечиванием памяти выдающихся людей и исторических событий нашей Родины – Казахстана! Как мастеру своего дела, Вам это здорово удается. Я рад за Вас.

Дважды Герой Советского Союза

Аған Талғат Жақыпбекұлы Бегельдинов. 11.08.2001 г.

Ш.Е.Валиханову – Чингизиду

Аса құрметті Шота Ыдырысұлы!

Вступая в Новый год (век, тысячелетие), возблагодарим Бога за такую милость. Я считаю тебя человеком конфуцианско-даосских взглядов: ты любишь новое и уважаешь традиции. В этом мы с тобой схожи. Такого знатока и душевного хранителя, как ты, в Казахстане мало. И такие аристократы духа, как ты, Шоке, помогают людям обрести здоровое самосознание.

Спасибо тебе, всем тем, с кем ты сегодня обретаешь исторические ценности и создаешь новые.

Всех поздравляю с Новым годом (по-новому и по-старому стилю)!

Обнимаю. Ізгіниетпен Ваш Олжас (Сулейменов). Рим. 13.01.2000 г.

Шөке!

Сізді сексеннің сеңгір тауларына жеткізіп салуға жетпістің желкенді қайығы күтіп тұр. Менің ең бір ізгі ақ тілегім – ғұмырлы боп жүрек жарды, сәулелі еңбектеріңіздің шуағына бөленіңіз!

Іниіңіз Әбдісағит Шаймұхамбетұлы Тәтіғұлов. 11.08.2011 ж.

Шотаның сыйлас та сырлас досы марқұм Герольд Бельгер «Өтеді өмір осылай» (күнделік беттері) атты 2012 жылы баспадан шыққан кітабында Шота туралы бірнеше жерде жақсы достық лебізін білдіріпті. Оның әдемі көңіл, зілсіз әзіл, кейде сүйсіну аралас жазбаларынан тамаша бір жылылық сезіледі. Шоқан ескерткіші жанында Шотамен кездескен бір

сәтін былай жазады: «Шота тамаша тұлға... Төрелер ғой, жарықтықтар...».

Енді бірде: «Шотада идея көл-көсір.... Шотаменб ірге болу жақсы-ақ: ширақ та, сергек, көкірегі сара, сырбаз жан», - дейді.

2002 жылғы 11 июльде былай деп жазыпты:

«Шотаның кабинетінде отырмыз. «Саған бір жоба көрсетейін» - деді ол. Қазақстандағы аштық пен репрессия құрбандарына арналған екі мемориалдық ескерткіш макетінің жанына бардық. Біреуі қатты ұнағанын айттым. «Идея көп, жоспар да көп. Өлуге қол тимейді. Уақыт қысып барады. Жұмыстарымның альбомын шығаруым керек. «Қолтаңба» атты кітап та кезекте. Шаруа бастан асады...» деді Шөкең. Жарайсың, Шота! Жұмысқа әбден берілген. Ой дегенің аста төк. Үнемі асығу керек деуден бір танбайды».

2007 жыл 11 ноябрь Шота бір парақ өлең әкелді. Онда маған арналған мынадай жолдар бар:

Гера - жан теіп Frend!
Жақсы адам екеніңді білемін
Сеніменен әзілдесем күлемін
Екеу ара шерткен сырды мәңгілік
Тасқа жазған жазудайын көремін.

21.05.2009 ж. Шота серпілтіп тастады. Көңілді. Сергек. Үйреншікті әзіл-қалжың. Шамасы операциядан соң бұрынғыдан да тәуірленіп келе жатқандай. Жараған! Қуаныштымын.

31.07.2010 ж. Шотамен жолықтым. Ауруханада екен. Қашанғыдай біраз қауқалдастық. Шота тамаша тұлға. Жоспар деген онда үйеме табақ. Тек денсаулығы теженкіреуде демесе».

Міне, осындай жылы, сүсісінді лебіз білдірген достар Шотада жүздеп саналады. Шотаның өзі де достары туралы көп жазды. Оның бәрін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Әйтсе де Шотаның Шоқанның достарының кейбір ұрпақтарын іздеп тауып олармен достасқанын айта кетуді жөн көріп отырмын.

Шота Г.Н.Потаниннің бір шөбересімен Көкшетау (қазіргі Ақмола) облысының Щучье ауданының бас сәулетшісі болып істеп жүрген кезінде кездесіп танысыпты.

Ф.М.Достоевскийдің ұрпақтары Дмитрий мен Татьяныны Ленинград (Санкт-Петербургте) кездестіреді. 1984 жылы

олар Алматыға келіп Шотаның үйінде қонақ болып қайтыпты. Кейін Шота Дмитрий Андреевич Достоевскийдің шақыруымен оның үйінде болады.

Жазушы Всеволод Крестовскийдің немересі Ярослав Игоревич Крестовскиймен Шота 1990 жылдың жазында кездесіп танысады. Сол кездесуде Ярослав Крестовский Шотаға атасының жаңа басылып шыққан «Петербургские трущобы» атты кітабын сыйлайды. Оған: «Шота! Наши деды были друзьями, продолжим эту традицию!» - депжазыпты. Міне, осылай Шоқан салған дәстүрді жалғастырып оның достарының ұрпақтармен де достасты Шота.

«Әділет». 27.04.2015 ж.

ҒЫЛЫМНЫҢ БИІК ШЫҢЫНДА (академик А.Қ.Қошанов – 75 жаста)

Биылғы жылдың 11-қазанында даңкты жерлесіміз, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының ғылым мен техникаға еңбегі сіңген қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қошанұлы Қошанов 75 жасқа келсе, оның ғылыми еңбек жолына 50 жыл толып отыр.

Бар саналы ғұмырын ғылымға бағыштап, өзінің осы жолдағы адал да жемісті еңбегін қоғам мен мемлекеттің пайдасына жұмсап келе жатқан аса көрнекті ғалымдардың бірі және бірегейі Аманжол Қошанов өзіміздің Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Алқағаш ауылында 1934 жылдың 11-ші қазанында туған.

Мен Аманжолмен 1949 жылы сол кездегі аудан орталығы Марьевка мектебінде танысқан едім. Ол кезде Аманжол 9-сыныпта оқитын, мен 8-сыныпқа жаңа келген болатынмын. Екеуімізде оқуды жақсы оқып, қоғам жұмысына белсене қатыстық. Содан да болар, Аманжол мектеп оқушылары комсомол комитетінің хатшысы, мен оқушылар комитетінің (учком) төрағасы (председателі) болып сайланып жұмыс істедік. Өмірге, қоғамға көзқарасымыз бен мақсатымыз бір болғандықтан біз тез жақындасып достасып кеттік. Бірге оқып жүрген жылдары да, кейін де мен Аманжолдың осы аудандағы Лесхоз селосындағы үйінде бірнеше рет болдым. Оның

әкесі Қошан ақсақал көпті көрген шежірешіл, әңгімешіл кісі болатын. Қошекеңнің айтқандарынан құуаным: ол тарихтан белгілі әйгілі Абылай ханның атақты батырларының бірі, әрі сенімді елшісі Құлеке Тәңірбергенұлының алтыншы ұрпағы екен. Атап айтқанда, Құлекенің (атақты Шал ақыңның туған інісі) - Жанкөшек, одан - Бекмырза, одан - Жантілеу, одан - Қошан. Ал Қошаннан - Аманжол.

Қошекең өзінің бабалары Құлеке батырмен ақтангер ақын Тілеуке (Шал ақын) туралы көп әңгімелер айтатын. Шал ақынның бірталай өлеңдерін жатқа айтатын. Қошекең жалпы қазақ елінің тарихын, әдебиетін, әдет ғұрпын өте жақсы білетін. Болашақ ғалым Аманжол міне осындай текті әулеттен шыққан ұлағатты әкеден тәлім-тәрбие алып, бабалар дәстүрін өзінің өмір жолында, жарты ғасыр бойы айналысып келе жатқан ғылым жолында зор ыждағаттылықпен жалғастырып келеді.

Әрине, ол ғылымның биік шыңына оп-оңай жеткен жоқ, өзінің туа біткен талантына қоса аса зор еңбексүйгіштігі мен ересен табандылығының арқасында жетті.

Марьевка мектебін алтын медальмен тәмамдаған жас түлек Мәскеудің М.В.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түседі. Бұл университетте сол кездегі экономика ғылымдарының корифейлері: академик К.В.Островитянов, ылым академиясының корреспондент мүшесі А.И.Пашков, профессорлар Я.А.Конрад, И.Г.Блюмин, С.К.Татура, М.Я.Полянский сияқты белгілі оқымыстылардан дәріс алады. Сонымен бірге тарихшы академиктер Е.М.Тарле мен Н.Г.Черепниннің лекциялары да оның есінде мәңгі сақталып қалады.

Мәскеу университетін 1957 жылы бітірген жас маман еңбек жолын Ақтөбе қаласындағы кооперативтік техникумда саяси экономия пәнінің оқытушысы болып бастайды. Мұнда ол өзінің дарындылығымен, іскерлігмен көзге түседі. Ол оқытушылығымен қатар техникумның комсомол ұйымын басқарады және Ақтөбе қалалық комсомол комитетінің мүшесі болып сайланады. Білікті де қабілетті жас маманға сол техникумға директор болу ұсынылады. Бірақ Аманжол еліміздің сол кездегі астанасы Алматыға келеді. Ондағы мақсаты ғылыми жұмыспен айналысу еді. Сәті түскенде, оған атақты жерлесіміз әйгілі ғалым Евней Арыстанұлы Бөкетов

кездесіп, оның ғылым жолына түскісі келетінін мақұлдап Республика Ғылым академиясының экономика институтына баруға кеңес береді. Ол институттың сол кездегі директоры Сергали Еспембетұлы Толыбеков жас маманды еш кедергісіз жұмысқа қабылдайды. Сөйтіп, Аманжол Қошанұлы өзінің ғылыми қызметін осы институтта жылдан бастайды. Бұл жерде ол 1959-1988 жылдар аралығында кіші, аға ғылыми қызметкерден ғалым хатшы, бөлім меңгерушісі, институт директорының орынбасарына дейін көтеріледі.

Осы институттың аспирантурасын бітірген Аманжол 1965 жылы кандидаттық диссертация қорғайды. Дарынды жас ғалымды бірнеше белгілі жоғары оқу орындары қызметке шақырды. Бірақ оның дарындылығын ғылыми кеңестерде сөйлеген сөзінен және академияның «Известия», «Вестник» атты ғылыми журналдарында жарияланған мақалаларынан, байқаған сол кездегі Ғылым академиясының вице-президенті әрі экономика институтының директоры академик С.Б.Бәйішев Аманжолға академиядан кетпеуге кеңес береді. Ол жас ғалымның экономика ғылымын дамыту жолындағы болашағына зор сенім білдіреді.

1979 жылы 35 жастағы Аманжол Қошанұлы экономика теориясы бойынша докторлық диссертация қорғады. Өзінің туа біткен дарындылығымен қоса еңбексүйгіштігі мен ізденімпаздығының арқасында ол экономика ғылымын дамытуда көптеген жетістіктерге ие болады. 1983 жылы Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, жылы академигі болып сайланды. 1983 жылы «Қазақстанның индустриялық прогресі» атты монографиясы үшін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

1959-1995 жылдары ғалымның көпқырлы ғылыми және ғылыми ұйымдастырушылық еңбегі Академияның экономика институтымен байланысты болды. Мұнда еңбек жолын кіші ғылыми қызметкерден бастаған ол 1989-1995 жылдары институт директоры болып істеді.

1989-1990 жылдары Аманжол Қошанов Ұлттық Ғылым Академиясы төралқасының бас ғылыми хатшысы болып сайланды. 1989 жылы академия төралқасының мүшесі, 1994 жылы – академияның қоғамдық ғылымдар саласының академик-хатшысы, 1996 жылы Білім министрлігі-Ғылым академиясының қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласының төағалығына (академик-хатшы) бекітілді. Ал 1997

жылы Аманжол Қошанов Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті болып сайланды.

Аманжол Қошанов экономика ғылымының дамуына және оның жетістіктерін халық шаруашылығына енгізуге айтарлықтай үлес қосқан ғалым экономист. Оның еңбектері экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуде өзінің теориялық тереңдігі және сапалылығымен құнды. Сонымен қатар олар республика экономикасын түбегейлі өзгертіп, нарықтық қатынастарға көшуде нақтылы бағыттылығымен де жоғары бағаға ие болды.

Ғалым А.Қ.Қошанов ғылым саласында қабілетті ұйымдастырушы ретінде де көптеген істер атқарды. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласының төағалығысы (академик-хатшы) ретінде академиялық институттар мен жоғары оқу орындарын жаңа өрелі ғылым бағыттарына бейімдеп, ресубликада жаңа біртұтас ғылым жүйесін қалыптастыруда көп еңбек сіңірді.

А.Қ.Қошанов Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің және Үкіметтің ғылым сарапшысы. Кезінде ол Қазақстан Республикасы Президенті басщылық еткен Жоғары экономикалық кеңестің және экономикалық сарап комитетінің мүшесі болып тағайындалған. Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің қаулысымен А.Қ.Қошанов сол кезде күрделі проблема болған республиканы және оның облыстарын аймақтық шаруашылық есепке және өзін-өзі қаржыландыруға көшіру ісін жүргізетін шығармашылық ұжымды басқарды. 90-шы жылдардың басында ол Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға көшуін қамтамасыз ету жолдарын және оның теориялық негіздерін қалау ісімен шұғыл айналысты. Осы бағытта ол «Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастырудың теориясы және методологиясы» атты іргелі бағдарлааның ғылыми жетекшісі болды.

1989-1990 жылдары академик А.Қ. Қошановтың ғылыми ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметі сан қилы болды. Ол -экономикалық реформалар бойынша Үкімет комиссияның мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі. Ұлттық Ғылым академиясының төралқасы жанындағы экономикалық реформа жөніндегі ғылыми кеңестің төрағасы, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің болжау жөніндегі

республикалық ғылыми кеңестің мүшесі, ҚСРО Ғылым Академиясының аймақтық экономика жөніндегі ғылыми кеңесінің мүшесі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтар беру комитетінің мүшесі және т.б.

Аманжол Қошанұлының ғылыми ұйымдастырушылық және баспа ісіндегі қызметі де ауқымды. 1994-2005 жылдар ол «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының бас редакторы, «Қазақстан ұлттық энциклопедиясыны» бас редакция алқа мүшесі, «Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін» кітабының бас редакциялық алқасының мүшесі, Ресей ғылым академиясының «Общество и экономика» журналының, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының «Вестник» және «Научные доклады» журналдарының редакция алқаларының мүшесі.

Аманжол Қошанұлы халықаралық дәрежедегі ғылым және қоғам қайраткері ретінде Евразиялық идеялар және ТМД елдерінің бірігуі жөнінде Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі ғылымның рөлі туралы баспасөз бетінде көптеген ұтымды мақалалар жариялады.

Академик А.Қ. Қошанов 400-ден астам ғылыми объектін авторы. Олардың ішінде 40-қа жуық монографиялық еңбектің авторы және бірлескен автор. Бұл монографиялар еліміздің экономикасын нарықтық қатынастарға бейімдеп қайта құрудың басты проблемаларына арналған. Еліміздің ірі ғалымының экономика ғылымдарының жоғары дәрежелі маман кадрларын даярлауға қосқан үлесі де мол. Ол 15 жылдан астам уақыт бойы экономика институтының докторлық диссертация қорғауға арналған мамандырылған кеңесті басқарып келді. Сонымен қатар, Қазақ басқару академиясының, Абай атындағы Алматы ұлттық педагогикалық университетінің осындай кеңестерінің мүшесі.

Академик-ғалым шетел ғылыми орталықтарымен тығыз байланыста. Ол көптеген дүниежүзілік форумдарда баяндама жасап, Қазақстан ғылымының жетістіктерін шетелдік әріптестеріне көрсете білді. Бұлардан басқа Жапонияда, Германияда, Англияда, Францияда, Қытайда, Финляндияда, Грекияда, Кореяда, Венгрияда, Израилда, Малайзияда өткен халықаралық конференциялар мен симпозиумдардың міңберлерінде көрінді.

Аманжол Қошанұлының ғылыми және қоғамдық қызметі жоғары бағаланып, ол бірнеше медальдармен жіне құрмет грамоталарымен марапатталды. Ғылыми және ғылыми ұйымдастырушылық қызметтердегі мол табыстары үшін академик А.Қ.Қошановқа 1995 жылы Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.

Англиядағы кембридж биографиялық орталығы ғылымды дамытуға сіңірген зор еңбегі және халықаралық ғылыми орталықтармен белсенді байланыстар жасағаны үшін 2004 жылы А.Қ.Қошановты «XXI - ғасырдың көрнекті интеллектуалы» медалімен марапаттады.

Ал американдық биографиялық институты мен халықаралық зерттеу департаменті (Нью Йорк) оның ғылымда және халықаралық қарым қатынаста қол жеткіген аса зор табысы үшін оған «2004 жылдың адамы» атағын берді.

Аманжол Қошанұлы жасының ұлғайғанына қарамай әлі де мемлекетіміз бен халқымызға экономика ғылымы саласында еңбек етуде. Ол осы ғылым саласы бойынша аспиранттармен, докторанттармен жұмысын жалғастырып еліміздің экономист ғалымдарын даярлауға ат салысуда. Алматыда өтіп жатқан ғылыми теориялық конференцияларда нарықтық жағдайдағы еліміздің экономикасын дамыту жолдары бойынша пікірлерімен бөлісуде. Осы тақырыпта газет, журналдарға мақалалар жазып өз пікірін білдіріп тұрады. ӘЕгемен Өазаөстан» газетінің осы жылғы ші тамыздағы санында академик А.Қ.Қошанов осы газеттің тілшісі Бақыт Балғаринаа «Жаңғырту мен жаңарту дағдарыс кезеңінде жамуға да жағдай туғызады» деген тақырыпта сұхбат беріпті. Осы сұхбаттың мына бір аса құнды үзіндісін келтіре кетуді жөн көріп отырмын:

«Сұрақ: «Қазіргі қалыптасып отырған күрделі жағдайда ғылымның, ғылыми ізденістердің алатын орны қандай?»

Жауап: «Экономиканың жаңғыру, жаңару кезеңінде, әсіресе елімізде іргелі ғылымды басқару мәселесін кешіктірмей қолға алудың уақыты келгендігін атап алудың уақыты келгендігін атап айтқан жөн... Дағдарыс кезеңінде шетелдік техника мен технологияның трансфертіне үміт артуға болмайды... Сондықтан инновациялық жаңғырудың қажеттілігі зор. Экономиканы жаңғырту жеке фундаменталдық ғылыми

жұмыстар мен зерттеулердің келешекте ел экономикасына енгізілуін талап етеді. Инновациялық жаңару, экономиканы жаңғырту ел экономикасына енгізілетін жеке іргелі ғылыми жұмыстарды, ізденістерді қажетсінеді. Мұндай кезек күттірмейтін міндеттердің шешімі, іргелі ғылымды басқарудың жаңа модельдердері оның түбегейлі ұсыныстарына тәуелді. Ғылымды одан әрі өркендетудегі, басқарудағы ұтымды жол оған мемлекеттің қолдауы мен көмегі нәтижесінде іске аспақ. Анығырақ айтқанда, Ұлттық Ғылым академиясын жаңаша құру және басқару келешекте бірқатар түйткілдерді шешпек».

Ғалымның бұл пікірлеріне лайықты нақты шешімдер мен ұсыныстар Елбасы Нұрсултан Назарбаевтың биылғы 4 қыркүйекте Ақордада ғылым және ғылыми саясат бойынша өткізген кеңесінде айтылды. «Бұдан былай, - деді Елбасы, - ғылымға қажетті қаржынын мемлекеттік лауазым иесі емес, ғалымдар анықтайды. Сөйтіп, барлық қаржы ғылыми кеңестердің шешімімен беріліп отырады».

Президент Ұлттық ғылым академиясы туралы тоқталып, Қазақстанның кәсіби ғалымдар қауымдастығы болатынын, ол ғылыми бағдарламалар мен жобаларды сараптауға атсалысатынын жеткізді. Президент ғылым мен ғылыми саясат бойынша өткізіліп отырған бұл кеңестің басты мақсаты: Қазақстан ғылымының дамуына жаңа серпіліс беру, бәсекеге қабілетті ғылыми әлеуетті қалыптастыру, сөйтіп ғылымды дамыту жөніндегі 2007 – 2012 жылдарға арналған меммлекеттік бағдарламаны мүлтіксіз орындау болып саналатындығы атап өтті.

Міне, Елбасының бұл айтқандары академик А.Қ.Қошановтың жоғарыда келтірілген пікірлері мен ұсыныстарының өте дұрыс қойылғанын көрсетеді және сол пікірлер мен ұсыныстардың көпшілігі Елбасының өткізген осы кеңесінде шешімін тауып отыр емес пе?!

Сөз соңында, академик жерлесіміз, мектепте бірге оқыған жолдасымыз, қадірлі досымыз Аманжол Қошанұлын 75 жасқа толуымен және ғылыми еңбегінің 50 жылдығымен құттықтап, оған және оның отбасына мықты женсаулық, еліміздің ғылымын өркендету жолында зор шығармашылық табыстар тәлейміз.

«Парыз» 2.10.2009 жыл.

БАР ӨМІРІН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН (Аманжол Қошанұлы Қошанов – 80 жаста)

Биылғы жылдың қазанында даңқты жерлесіміз, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының ғылым мен техникаға еңбегі сіңген қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қошанұлы Қошанов 80 жасқа келсе, оның ғылыми еңбек жолына 55 жыл толып отыр.

Барсаналығұмырынғылымғаарнап,өзініңосыжолдағыадал да жемісті еңбегін қоғам мен мемлекеттің мүддесіне жұмсап келе жатқан аса көрнекті ғалым Аманжол Қошанов өзіміздің Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Алқағаш ауылында атақты Құлеке батырдың бесінші ұрпағы, ел ішінде ааса беделді шежіреші Қошан Жантілеуовтің отбасында туған. Қошекең ескілікті әңгімелерді көп білетін, ақын бабасы Шал Құлекеұлының көптеген өлеңдерін жатқа айтатын жан еді. Болашақ ғалым Аманжол, міне, осындай текті әулеттен шыққан. Ол ұлағатты әкеден тәлім тәрбие алып, бабалар дәстүрін жалғастыра отырып, жарты ғасырдан астам ауқыт ғылым жолында зор ыждағаттылықпен еңбек етіп келеді. Әрине, ол ғылымның ьиік шыңына оңайй шыққан жоқ, өзінің туабіткен талантына қоса аса зор еңбексүйгіштігі мен ересен табандылығының арқасында Аудан орталығынадағы Марьевка орта мектебін алтын медальмен тамамдаған жас түлек Мәскеудің М.В. ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түседі. Университетте студент А. Қошанов сол заманның атақты экономист ғалымдары, академиктер К.В.Островитянов, А.И.Пашков, профессорлар Я.А.Конрад, И.Г.Блюмин, С.К.Татурадан сабақ алады. Оның ғұмырлық есінде қалатыны тарихшы академиктер Е.М.Тарле мен Н.Г.Черепниннің лекциялары болды.

Мәскеу университетін 1957 жылы бітірген жас маман еңбек жолын әуелі Ақтөбе қаласындағы кооперативтік техникумда оқытушылықтан бастап, одан кейнгі бар ғылыми өмірін академик Қаныш Сәтбаев құрған ғылым ордасы - ғылым академиясының қабырғасында өткізіп келеді.

Академик А.Қ. Қошановтың сан қырлы ғылыми

және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі осы ғылым академиясының Экономика институтымен тікелей байланысты. Ол бұл институттың барлық қызмет баспалдығынан өтті: кіші және аға ғылыми қызметкер, институттың ғылыми хатшысы, сектор, бөлім меңгерушісі, институт директорының орынбасары, содан кейін директор. Институттың аспирантурасын бітірген Аманжол 1965 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Дарынды жас ғалымды бірнеше белгілі жоғары оқу орындары қызметке шақырды. Бірақ оның дарындылығын ғылыми кеңестерде сөйлеген сөзінен және Академияның «Известия», «Вестник» атты ғылыми журналдарында жарияланған мақалаларынан байқаған сол кездегі ғылым академиясының вице президенті әрі Экономика институтының директоры академик С.Б.Бәйішев Аманжолдың академияда қалуына кеңес береді. Ол жас ғалымның экономика ғылымын дамыту жолындағы болашағына зор сенім артты.

1979 жылы 35 жастағы Аманжол Қошанұлы экономика теориясы бойынша докторлық диссертация қорғады. Ғалым 1988-1995 жылдары ғылым академиясының Экономика институтының директоры қызметін атқарды. Институтты ол республиканың қоғамдық экономикалық және әлеуметтік дағдарысты қиын кезеңінде басқарды. Ғылымның талантты ұйымдастырушысы ретінде өзінің бойындағы бар ғылыми әлеуеті мен ұйымдастырушылық қабілетін осы жылдары экономика ғылымдарын қайта құруға, институттың ғылыми қызметін нарықтық жағдайға көшірудің көкейкесті мәселелерін шешу ісіне жұмылдырды.

Академик өзінің ғылымға негізделген қағидаттарына сәйкес нарықтық экономиканы қалыптастыру үшін республиканың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескеру бағдарын ұстанды. Әсіресе, осы күнге дейін жүріп жатқан мемлекет меншігінен шағару және жекешелендіру үрдісінде ауыл адамдарының мүддесін қорғап, байсалды пікірлерін мемлекеттік басқару орындарына әрқашан дәлелдеп отырды.

Жерлесіміз Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Үкіметтің ғылыми сарапшысы, Қазақстан Республикасы Президенті басшылық жасаған Жоғары экономикалық кеңестің мүшесі болды. Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің қаулысымен сол кездері күрделі мәселеге айналған республиканы және оның

облыстарын аймақтық шаруашылық есепке және өзін-өзі қаржыландыруға көшіру ісін жүргізетін шығармашылық ұжымды басқарды.

Ғалым әлі де жоғары білікті экономика кадрларын даялауға сүбелі үлес қосып жүр. Ол 20 жылға таяу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты Экономика институтының докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамндырылған кеңесіне басшылық ете отырып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің, Халықаралық қазақ түрік университетінің арнаулы докторлық кеңестерінің мүшесі болды. Ғалымның ғылыми жетекшілік етуімен 15 экономика ғылымдарының докторы, 60 ғылым кандидаттары даярланды. Ол Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры болып табылады.

Жерлесіміз 600-ге жуық ғылыми басылымдардың авторы және бірлескен авторы болып саналады. Солардың ішінен соңғы он жылда шыққан мына монографияларды ерекше атауға болады: «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі» (2010 ж.), «Трудное восхождение. На путях к рынку» (2010 ж.), «Ұлттық экономикалық мүдделер және меншіктік қатынастар» (2010 ж.).

Бұл монографиялар Қазақстан экономикасының нарықтық қайта құрылуы проблемаларының өзекті мәселеріне арнлаған.

Академик А.Қ. Қошанов ғылым мен білімнің халықаралық дәрежеде жаһандануына байланысты Қазақстанның экономика ғылымының беделді өкілі ретінде АҚШ пен Еуропа және Азияның бірқатар елдеріндегі шетелдік ғылыми орталықтарымен тығыз байланыста көлемді де жемісті ғылыми жұмыстар атқарып келеді. Англия, Жапония, Қытай, АҚШ, Швеция да ғылыми еңбектері жарық көрді.

Ғылыми және қоғамдық қызметте сіңірген айтулы еңбегі және экономика ғылымын дамытудағы зор үлесі үшін А.Қ.Қошановқа Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының ғылым мен техн иккаға еңбегі сіңген қайраткер атағы берілді және «Парасат» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен марапатталды.

Қорыта айтқанда, ірі ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, өте сирек кездесетін ашық, жарқын тұлға, абзал азамат, академик

А.Қ.Қошановтың өмір жолы мен шығармашылығы, міне, осындай. Сөз соңында, академик, жерлесіміз, мектепте бірге оқыған жолдасымыз, қадірлі досымыз Аманжол Қошанұлын 80 жасқа толуымен және ғылыми еңбек жолының 55 жылдығымен құттықта, оған мықты женсаулық, еліміздің ғылымын өркендетуде әлі де зор шығармашылық табыстар тәлейміз!

«Солтүстік Қазақстан» 11.10.2014 ж.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕН ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ (Герольд Бельгер)

Қазақстанның белгілі жазушысы, аудармашы, публицист, эссеші, Қазақстан Жазушылар одағының Бейімбет Майлин атындағы сыйлығының, Қазақстан Президентінің бейбітшілік және келісім сыйлығының, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының, Қазақстан ПЕН-клубы сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, Герольд Бельгер бүгін 75 жасқа толып отыр.

Герольд Бельгер Еділ бойындағы неміс автономиясында туған неміс болса да, оны қазақ халқының адал ұлы деуге болады. Ол 1941 жылғы күзде немістерді туған жерінен жаппай көшіру кезінде жеті жасында әке шешесімен бірге Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шал ақын ауданындағы Ленин (қазір Ысқақ Ыбыраев атындағы) ауылына көшіп келген.

Бұл туралы ол өзі былай жазды: «Есіл бойына көшіп келу менің дүние танымыма көп өзгерістер әкелді. Қазақ дейтін халық барын, олардың бауырмал, қонақжай салт дәстүрлері барын білдік. Аз уақыттың ішінде мен қазақша сөйлеуді үйрендім. 1944 жылы бірден қазақ мектебінің 2-ші класына бардым. Қазақ ауылының әсері, ықпалы зор болжы. Ауылдағы қазақ шалдарының әңгімелерін тыңдап өстім. Сейітқожа, Қоспан, Омар, Ерғали, Әбілмәжін, Нұрқан дейтін ақсақалдардың сөздері әлі күнге дейін жадымда сақталып қалыпты. Кейін бұлар менің әдеби кейіпкерлеріме айналып, шығармаларымнан орын алды. Жалпы адамдық қасиеттерімнің қалыптасуына қазақ шалдарының әсері мол болды».

Мектепте оқып жүрген кезінде Гера ауыл мен мектептің шағын кітапханаларындағы кітаптарды оқып тауысқан соң әкесі аудан орталығынан кітаптар тасыған екен. Сол кезде онымен бірге оқыған кластас досы Бейсен Сейдахметов өз естелігінде: «Гера өз оқыған кітаптары туралы, оның авторын, мазмұнын, басқа деректерін қойын дәптеріне жазып, жинап жүрді. Ойлап қарасам, жасынан жазушылыққа дайындалған сияқты», - дейді.

Кейін 2004 жылдың басында «Жас алаш» газетінің журналистеріне берген бір сөхбатында жазушының өзі де: «2-ші сыныпта ауыл балалрымен кім болатынымыз жайлы әңгімелескеніміз есімде. Сол кезде аузыма Құдай салды ма: «Мен жазушы боламын» деп қалғанмын. Сол екінші сыныптан бастап күнделік жүргіздім. Бәрі сақтаулы. Бір қызығы күнделіктірімнің бәрі 2-ші курсқа дейін қазақ тілінде жазылды. Күнделіктеріме әдеби шығарма деп қарамаймын. Айналамда болып жатқан жағдайлардың бәрін қаз қалпында түсіруге тырысамын. Міне, 40 жылдан асып кетті. Осы 40 жылдан астам уақытты қамтитын жазбаларды 2 томға сыйдырып бастырмақпын. Әрине, бәрі емес, тарихи, қоғами, мәдени мәні бар, маңыздыларын іріктеп», - деген болатын.

Осы күнделіктердің үзінділері «Ана тілі» газетінде, «Таңшолпан», «Парасат» журналдарында жарияланып келеді.

Күнделік жазуының себебі туралы Г.Бельгер: «Абай айтады, адам күн сайын болмаса да, апта сайын , тіпті ай сайын өзіне есеп беріп тұруы керек» деп. Мен сол Абай қағидасын еске алып, күнделік жазамын. Өзіме және қоғамға берген есебім сол ғой», - деп түсіндіреді.

Қазақ халқының тарихына, этнографиясына, мәдениетіне, әдебиетіне терең ықылас қоюы, қазақ тілін жетік білуі Г.Бельгердің шығармашылық еңбегіне зор әсер етті. Ол өзінің балалық шағы өткен, мектепте оқыған, жігіт болып қалыптасқан жерін әсте ұмытпайды. Сондықтан да өзі өскен ауыл адамдарынан көрген мейірбандықты, олардың ерекше мінез-құлықтарын, қарапайым да қызықты тұрмыс-жайларын өз шығармаларында айнытпай көрсетіп келеді.

Мұны біз, әсіресе, автордың «Алыс сапар алдында» атты автобиографиялық повесінен, «Әбілмәжін», «Ауыл шетіндегі ағаш үй», «Тасөткел», «Серғали ата» әңгімелерінен айқын көреміз. Бұл шығармаларында автор өзінің бала кезінде

ауыл адамдарынан көрген мейірбандықты, шын ықыласты, достықты, туыстықты, бауырмалдықты иманындай жыр қылып көрсете алған.

Автордың өзі де жасынан адамға жақын, бауырмал болып өскен. Оның осындай мінезінен де болар. Барлық жерде достары мен жолдастары көп. Әрине, бала кезінен бірге оқыған жолдастары бір төбе. Мысалы, онымен бірге оқыған марқұм Ғалым Қадірәліұлы өмірінің соңына дейін досымен жақсы қарым қатынаста болды. Оның кластас досы Бейсен Сейдахметов: «Бір класта оқысақ та, мен оны аға деймін. Хатта да, өмірде де солай айтамын. Ол да маған хат жазған сайын: «Бауырым, інім» деп ағалық ақылын айтып жатады, «бауырым» деген бауырмал сөзін аямайды. Біз шынында да бауырластарымыз», - деп ағынан жарылады.

Г.Бельгер қазақ тілінің білгірі болуымен бірге осы тілдің шынайы жанашыры, тілектесі, патриоты. Ол әрқашан қазақ тілінің байлығын, көркемдігін, басқа да жақсы қасиеттерін айтып, насихаттаудан жалықпайды. Мысалы, «Сайланып шықса сырлы сөз» деген мақаласында былай дейді: «Әлдеқалай орыс, неміс таныстарымның арасына түсе қалғанда маған тұтқиылдан: «Осы қазақ тілі қалай өзі... бай тіл ме?» - деп сұрақ қоятыны бар. Біраузыз сөзбен қысқа қайырып, «бай» десем, бәрібір сене қоймайтынын білемін. Сондықтан сөзім дәлелді болуы үшін мен де жауап берер алдында өзімше ойланып, атаң қазақ «біреу ойнап сұраса, сен шындап жауап бер» деген қағидасын ескеріп, әуелі қазақ тілінің грамматикалық құрылысынан... бірен-саран мағлұмат беріп алып барып, сонан соң ғана лексикаға көшемін. Лексикаға көшкенде орыс, неміс тілдерінде тапшы келетін мал атауларын ұзақ-сонар әңгімелеп, тізіп ала жөнелемін. Атап айтқанда, жылқы, түйе, сиыр, қойға қатысты неше түрлі сөздерді тізіп шыққаннан соң тыңдаушыларыма жымия бір қарап қойып, «Ал енді бүркітке келейік», - деймін. Онсыз да бағанадан бері жағасын ұстауға әзер отырған кісілер: «Бүркіт!?» - деп таңданысады.

Әрине, өзіміздің қазақстандық немісіміз болмаса, сонау ГДР дің, яки ФРГ-нің немісі бүркітті қайдан білсін?! Өзім шеккен тірлікте азды-көпті кітаптардан оқып тоқығаным бар. Бәрінен бұрын баяғы бала кезімде ауылдасым, марқұм Әбілмәжін шалдың бүркітті қалай ұстап, баулығанын көрген едім. Сол кезден бүркіт пен бүркітшіге байланысты біраз

қазақ сөздері жадымда қалғаны. Мәселен: балапан құс, кан түбіт, тірнек, тастүлек, мұзбалақ, көк түбіт, томаға, тұғыр, қансоқта, т.с.с. Ал осы сөздердің көбінің баламасын орыс және неміс тіделрінен іздесеңіз де таба алмайсыз. Соған көзі жеткенде әлгі таныстарым: «Апырай, а!», - деп бастарын шайқайды.

Ал туған-туысқандықты, аталастықты, құдалы-жекжат, нағашылы-жиен сияқты қарға тамырлы түп-тұқиян, ұрпақ, жұрағаттан өрбитін қым-ғұыт тірлікті бейнелеуге келгенде қазақ тілінде түп жоқ қой! Кішігіірм энциклопедия дерліктей! Бұл атаулардың көбісін Еуропа елдерінің тілін былай қойғанда, күнделікті аудармашылық тәжірибемізде орыс тілінің өзінен іздеп, бірін тапсақ, бірін таба алмай әлек шәлек болып жатамыз. Бұл-бұл ма, ал кәдімгі малдың ағынан жасалатын таза қазақы тағамдардың түрі қанша! .. Баяғы бала кезден есте қалған малдың ағынан жасалатын сусындар мен тағамдардың қайсыбңр жадымда қалғандары: қымыз, шұбат, айран, қатық, балқаймақ, кілегей, ақ қаймақ, ақ ірімшік, саумал, шалап, қойыртпақ, іркіт, сарысу, тасқорық, сүт кеспе, сүт салма, уыз, сірне, құрт, ежегей құрт, сықпа, сүзбе, т.б. Ал енді бар-ау. Бұл сөдердің орыс, неміс тілдерінде дәлме дәл эквиваленті жоқ...

Президентіміз Н.Назарбаев Министрлер Советінде бір мәжілісте біреулер қазақ тілін менсінбей, бұл тілдің қоры тым аз ғой деген сияқты мұқату сөздер айтқанда, - дейді Г.Бельгер, - Нұрекең: Бұл жөнінде басқа емес, Бельгер-ақ айтсын, - деп маған сөз берді. Сонда мен Орынбордан сонау 1899 жылы шыққан Машановтың «Орысша-қазақша сөздігінен» бір ғана «вид» деген орыс ұғымының қазақша қаншама синонимдер барына мысал келтірдім. «Вид»-ке қазакша: түр, кескің, сиық, сымбат, тұрпат, келбет, нобай, нұсқа, көрік, әлпет, шырай, рең, тұлға, құсқын, айбар, пыс, кейіп, сұрық, ажар, мүсін, пішін, бейне, сын, өң, көрініс және тағысын тағы баламалар бар екенін естігенде кейбір «казақтардың» өзі жағасын ұстаған шығар».

1988 жылы Алматыда өткен «Ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейік» тақырыбында өткен ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде Герольд Бельгер: «Қазақ тілінің «қарадүрсіндігі» туралы қалыптасып қалған тоғышарлық қате түсінікті сейілту үшін Шекспир мен Байронның барлық лексиконы 15 мың сөзден тұратын

болса, М.Әуезов «Абай жолы» романында ғана 16983 сөз қолданғанын айта кеткеннің несі артық. Еуропалық «верблюд», «верблюжонок» деген сөздердің төңірегінде тосылғанда қазақ осы түлектің нар, бура, қоспақ, буыршын, бота, тайлақ... деп түртүрін атап айтқып, барлығы 80 атауды көлденең тартатынын неге ауызға алмаймыз», - деп тыңдаушылардың айызын қандырған екен.

Г.Бельгердің қазақ тілін көптеген «қазақтардан» артық білетінін, сол үшін де қалың қазақтың алғысына бөленетінін біз оның ұлы Абайдың Семей қаласында өткен 150 жылдық мерейтойында сөйлегенінен көреміз. Бұл туралы ол өзі: «Ашық алаң, мыңдаған халық. Салтанатты жиынның ашылуы да, жабылуы да орыс тілінде өтті. Мінбеге шығып сөйлеген қазаұтардың өздері орысша айтып жатыр. Абай тойы өтіп жатқанда Абай тілінде сөйлеген бір жан болмады. Сөз маған берілді. Қазақша сөйледім. Абай мен Гетенің үндестігі жөнінде де айттым. Сөз соңында ду ете түсті халық. Мені мінбеден қалай көтеріп әкеткенін де байқамай қалдым», - дейді.

Герольд Бельгер қазақ тілінің нағыз жанашыры екенін өзінің барлық шығармаларында, сөйлеген сөздерінде көрсетіп келеді. Қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, этнографиясына терең ықылас қоюы, қазақ тілін жетік білуі оның шығармашылық бағытын айқындап берді. Оның қазақ тілінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының жанашыры екеніне мына сөздері дәлел: «Қазақстандағы негізгі халық - қазақ халқы. Қазақтың ұлттық мұддесі бірінші кезекте тұруы тиіс. Ал қазір байқап қарасаң, жұмыссыз жүргендер - қазақтар. Үй-жайы болмай, жатақханада немесе пәтер жалдап тұрып тапталып жатқандар - қазақтар. Ұлттық құндылықтары тапталып жатқандар - қазақтар. Қазақтың тағдырын ойласам, жүрегім ауырады. Сондықтан мен орыс отандастарыма да, басқа ұлт өкілдеріне де «Біз қазаққа қолдау көрсетуіміз керек», - деп жүрем ылғи. Қазақстанда қазақтың жағдайы жақсы болса, басқа ұлт өкілдері де далада қалмасы анық. Осыны баршаға түсіндіргім келеді».

Жазушы осылай өзі өмір сүріп жатқан қазақ қоғамына жаны ашуын ешбір тоқтатқан емес. Оның білімі, өмір салты, қазақ халқы мен қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі бүкіл өскелең ұрпақ үшін тамаша үлгі-өнеге.

Герольд Бельгер орыс, неміс тілдерін де жетік меңгерген.

1986 жылы «Жазушы» баспадан шыққан «Үш шекті әуен» атты кітабында: «Неміс, қазақ, орыс сөздері үш шектің әуені іспетті. Менің жан жүрегімнің үш пернесі деп бөле алмаймын. Орманда ескен ағаштар тамыр бұтақтарымен қалай ұстасып жатса, бұл тілдер де менің жан жүрегімде өз әуендерімен солай астасып кеткен. Мен үшін олардың бәрі де басты, бәрі де негізгі. Олар бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Олар менің өмірімнің үш белесіндей», - дейді.

Сөз соңында көрнекті жерлесіміз Герольд Бельгерді 75 жасқа келуімен құттықтап, оған мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін.

«Солтүстік Қазақстан» 28.10.2009 ж.

ҚАЗАҚТЫҢ ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕРІ – 80

Қазақстан Жазушылар одағының Бейімбет Майлин атындағы сыйлығының, Қазақстан Президентінің бейбітшілік және келісім сыйлығының, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының, Қазақстан ПЕН-клубының сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, «Қазақ ССР мәдениетке еңбек сіңірген қызметкер» Герольд Бельгер осы жылдың 28 қазанында 80 жасқа толады.

Бүгіндері Герольд Бельгер үш бірдей мерейтойын атап өтеді: 80 жасқа толуы, Алматы қаласында тұрғанына 60 жыл және Қазақстан Жазушылар одағына мүше болғанына 40 жыл толуы.

Жазушы жерлесіміз Герольд Карлович Бельгердің баспадан шыққан кітаптарын, газет, журналдарға басылған очерктері мен мақалаларын, әңгімелері мен эсселерін оқып отырып, мен оның терең де жан-жақты біліміне, орасан зор еңбексүйгіштігіне тәнті боламын.

Г.Бельгердің еңбексүйгіштігі мен білімдарлығын көрсету үшін оның шығармаларын атап өтудің өзі де жеткілікті болар еді. Бірақ Г.Бельгердің ерекшелігі сол, ол шығармаларын үш тілде – неміс, қазақ, орыс тілдерінде жазады. Мысалы, орыс тілінде оның «Сосновый дом на краю аула», «Чайки над степью», «За шестью перевалами», «Живые приметы родства», «Брат среди братьев», «Лицом к лицу со временем»,

«Мотивы трех струн», «Каменный брод», «Гете и Абай», «Родство», «Завтра будет солнце», «Лики слова» тағы басқа кітаптары жарыққа шықты.

Бұлардан басқа әртүрлі орыс тілінде шығатын газеттер мен журналдарда көптеген мақалалары мен очерктері шыққан. Оның ішінде «Простор», «Дружба народов», «Нива», «Мысль», «Провинция» т.б. журналдар, «Правда», «Известия», «Литературная газета», «Казахстанская правда», «Северный Казахстан» т.б. газеттерді атауға болады.

Қазақ тілінде «Жұлдыз», «Жалын», «Ақиқат», «Арай», «Парасат», «Қазақстан әйелдері», т.б. журналдарда, «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Жас алаш» («Лениншілжас»), «Халық кеңесі», «Алматы ақшамы», «Қазақстан мұғалімі», «Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан») т.б. газеттерде, әртүрлі ұжымдық жинақтарда көптеген әңгімелері, мақалалары мен очерктері жарық көрді. Мысалы, «Жұлдыз» журналында «Көненің көзі», «Алты қырдың астында», «Ауыл шетіндегі ағаш үй», деген әңгімелері, «Уақыт және қаламгер» деген жинақта «Ағайындас көп халықтың бірі боп», «Өнер алды қызыл тіл» жинағында «Сайланып шықса сырлы сөз», «Абай тағылымы» деген жинақта «Гете мен Абай» деген мақалалары жарық көрді.

Жазушының қазақ тіліндегі шығармалары газет, журналдарда және әртүрлі ұжымдық жинақтарда шыққа да қазақ тілінде жеке кітап болып болып көпке дейін шыққан жоқ еді. 2006 жылы Алматының «Өлке» баспасынан қазақ тілінде «Мұнар тау» атты жинағы шықты. Онда автордың бірнеше әңгімелері, эссе толғаулары берілген. Ал 2012 жылы «Өтеді өмір осылай (Күнделік беттері) деген кітабы жарық көрді. Кітапқа жазушының 2001-2011 жылдар аралығында «Парасат» журналында жарияланған күнделіктер мәтіні енген.

Неміс тілінде шығатын «Нойес лебен», «Фроиншафт», «Рота Фане» газеттерінде «Хайматенке Байтен» альманағында, әртүрлі ұжымдық жинақтарда оның көптеген әңгімелері, рецензиялары, шолулары жарық көрді.

Г. Бельгер шығармалар жазумен ғана шектелмей аударма жұмысымен де айналысады. Ол, мысалы, 1968-1998 жылдар аралығының өзінде қазақ тілінен орыс тіліне екі жүзден астам шығармалар аударған. Олардың ішінде Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен Тер» романы (жолма жол аударма),

Бейімбет Майлиннің «Сары ала тон» деген кітабына енген төрт повесі мен 28 әңгімесі, Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Елең-алаң» романдары және 9 повесі мен 7 әңгімесі, Ғабит Мүсіреповтың бір повесі мен сегіз әңгімесі, Дүкенбай Досжановтың «Қиын адым», «Үлкен өзен», «Жібек жолы» романдары мен 4 повесі, 26 әңгімесі, Хамза Есенжановтың , Зейнолла Қабдоловтың романдары, Тахауи Ахтановтың пьесалары, Ахмет Жұбановтың қазақ композиторлары туралы жазған «Замана бұлбұлдары» атты кітабы тағы басқалар бар.

Г. Бельгер неміс тілінен орыс тіліне көптеген шығармалар аударды. Оның ішінде Александр Реймгеннің «Жер дәмі» романы мен бір повесі, 6 әңгімесі, Н. Ваккердің «Тырналар биі» повесі, Виктор Клеменнің, Эрис Кончактың, В. Фейстің, Л. Маркстың әңгімелері, т.б. бар.

Аударма жұмысына Г. Бельгер өте үлкен жауапкершілікпен қарап, көп еңбектенеді.

1968 ж «Жазушы» баспасынан шыққан «Үш шекті әуен» («Мотивы трех струн») атты кітабында автор: «Неміс, қазақ, орыс сөздері үш шектің әуені іспетті. Менің жан-жүрегімнің үш пернесі іспетті. Мен оларды бірінші, екінші, үшінші деп бөле алмаймын. Орманда өскен ағаштар тамыр-бұтақтарымен қалай ұштасып кетсе, бұл тілдер де менің жан-жүрегімде өз әуендерімен солай астасып кеткен. Мен үшін олардың бәрі де басты, бәрі де негізгі. Олар бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Олар менің өмірімнің үш белесіндей», - дейді. Бұл кітап бізді тілінің шұрайлылығымен, бейнелі сипатымен, автордың халықтар достығын шын жүрегімен қолдап, уағыздауымен қызықтырады.

Қазақ халқының тарихына, этнографиясына, мәдениетіне, әдебиетіне терең ықылас қоюы, қазақ тілін жетік білуі Г. Бельгердің творчестволық еңбегіне зор әсер етті. Ол өзінің балалық шағы өткен, мектепте оқыған, жігіт болып қалыптасқан жерін әсте ұмытпайды. Сондықтан да ол сол өзі өскен ауыл адамдарын, олардың ерекше мінез-құлықтарын, қарапайым да қызықты тұрмыс жайларын өз шығармаларында айнытпай көрсетіп келеді. Мұны біз автордың «Алыс сапар алдында», («Перед далью») атты автобиографиялық повесінен, «Әбілмәжін», «Ауыл шетіндегі ағаш үй», «Тас өткел», «Серғали ата» әңгімелерінен айқын көреміз.

Өзінің сол балалық шағы өткен жеріне сүйіспеншілігін Г.Бельгер «Тас өткел» деген әңгімесінде тамаша көрсетеді:

«Міне, мен тағы да Тас өткелдің қасында тұрмын. Маған бұл жердің әрбір сүрлеуі, әрбір түп шілігі таныс. Сонда да, осында келген сайын жағадағы ең жоғары тұрған тасқа шығып қарағанда алдымда өзінше бір сұлулықпен ерке Есіл есіліп жатқанын көргенде, менің жүрегім қуаныштан жарылып кете жаздайды. Маған осы шағын ғана, ешбір карталарда белгіленбеген жер жұмағы, елеусіз бір бұрыш, өте ерте кезде менің жерлестерімнің ата-бабалары «Тас өткел» деп атаған жер өте қымбат. Сірә, әрбір адамның жер үстінде осындай жалғыз бұрышы, өзінің алыс жолға шығар нүктесі болуы тиіс».

Жазушы Г. Бельгер өзінің бала кезінен өсіп ер жеткен жерін әрқашан есінде сақтап келеді. Осыған орай, сол жер де, сол жердің адамдары да баяғы Гераны, қазіргі жазушы Герольд Бельгерді ұмытқан емес, ұмытпайды да, өйткені ол өзінің шығармаларында бұл жерді, оның адамдарын мәңгі тарихта қалатындай етіп жазып көрсетті.

Герольд Карлович Бельгер Батыс пен Шығыс ойшылдарының, ақын-жазушыларының рухани үндестігіне көп көңіл бөліп келеді. Ол әсіресе Гете мен Абайдың өзара үндестігіне, ойлары мен шығармаларының ұқсастығына назар аударып, мұны көптен бері зерттеп келеді.

Ол бұл тақырыпты зерттеуді Гетеден емес Абайдан бастағанын айтады. Тіпті мектепте оқып жүргенде ұлы ақынның өлеңдерін асқан сүйіспеншілікпен оқып, бірсыпырасын жаттап алған. Әсіресе оның «Қыс», «Жаз», «Жазғытұры», «Күз» сияқты өлеңдерін ұнатқан. Соңынан абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңімен және Лермонтовтың «Горные вершины» атты өлеңіне зер салған. Оның Гетеден аударылғанын білгеннен кейін, Гетенің «Ночная песня странника» («Жолаушының түнгі әні») атты шығармасын неміс тілінде оқиды. Содан былай Абай мен Гетенің басқа шығармаларын да көбірек оқып салыстырады. Осылай көп оқып, көп ойланып, көп салыстырып, жазушы Гете мен Абайдан көп ұқсастық табады. Нәтижесінде бұл екі алыпқа арнап әр кезде қазақ, орыс, неміс тілдерінде бірнеше мақалалар, очерктер, эсселер жазады. Мысалы, «Жолаушының түнгі әні», «Гете-Лермонтов-Абай» (очерк), «Үндестік» («Созвучие») – очерк – эссе. Ал 1989 жылы «Жалын» баспасынан «Гете мен Абай» («Гете и Абай») атты көлемді кітап шықты. Бұл еңбегінде автор екі ұлы

адамның өмір жолының, творчествосының ұқсастығын, үндестігін жан-жақты талдап, олардың өлеңдері мен қара сөздерінен мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Мұндай жан-жақты зерттеу үшін, әрине, біріншіден, екі алыптың да және Гетенің орыс аудармашыларының тілін біліп, олардың шығармаларын өз ана тілдерінде оқуы керек. Екіншіден бұл екеуінің ғана емес олар оқыған Батыс және Шығыс ақын, жазушыларының, ойшылдарының шығармаларын оқып танысу керек. Үшіншіден, осылардың бәрін орындау үшін қанша еңбексүйгіштік, қайрат, жігер және үлкен мақсат керек. Ал осының бәрі Герольд Бельгердің бір өзінен табылғанына қуанасың.

Немістің атақты жазушысы Томас Манн: «Әрбір творчестволық күш адамгершіліктің жоғары мақсатына қызмет етуі тиіс», - деген екен. Жазушы Герольд Бельгер нақ осындай адам. Ол өзінің барлық шығармаларында адамгершілікті жырлайды, сөйтіп оқырмандарын да адамгершілікке шақырады.

Г. Бельгер Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде сайлаушыларымен кездескенде өзі туралы былай деген еді: «Мен әдебиетшімін. Менің тірек-тиянағым да, қолымнан келері де осы жазушылығым, аудармашылығым, қоғам алдындағы адал публицистік сөзім. Менің өзекті тақырыбым: халықтар достығы, әр ұлттардың ізгі ықыласты қарым-қатынасы, әр салалы, әр жүйелі тілдердің, әдебиеттердің, мәдениеттің бір-біріне ықпалы, бейбітшілік, ұлттық және рухани келісім, Аудармашы есебінде мен әрдайым қазақ пен ресейлік немістер әдебиетін насихаттаймын». Міне, бұл жазушының шынайы көзқарасы, мақсаты, кредосы. Ол мұны өзінің барлық шығармаларымен, сөйлеген сөздерімен, істеген істерімен дәлелдеп келеді.

Қырықтан астам кітабы жарық көрген көрнекті жазушы, қазақ , неміс тілдерінен 25-30 томдай көркем шығарманы орыс тіліне тәржімалаған ірі аудармашы, екі мыңға жуық құнды материалы баспасөзде жарияланған айтулы көсемсөз шебері, эссеші, екі жүзден астам еңбекке пікір жазған білгір сыншы, жан-жақты оқымысты білімпаз, қазақ, тіл, ауыл, ел, ұлт мүддесін биікке көтерген шынайы қоғам қайраткері жерлесіміз Герольд Бельгер міне осындай еңбексүйгіш, еңбекқор адам.

Жазушы Герольд Бельгердің еңбекқорлығының бір сыры – уақытты ұтымды пайдалана білу өнерінде жатыр. Өзінің айтуынша, жасырақ кезінде тәулігіне 16 сағаттан жұмыс істеген екен. Қатаң режім сақтайды. Мысалы, бір күнгі жұмыс режімін үшке бөледі: Таңғы 8-ден 12-ге дейін шығармашылық жұмыстарымен ғана айналысады. Түскі сағат 1-ден 5-6 – ға дейін аудармамен шұғылданады. Одан соң түнгі 11-ге дейін кітап оқу, күнделік жазу, келген хаттарға жауап жазу, т.б. Күнде осылай, жылдар бойы осылай. Міне, оның еңбегінің жемісті болуының бір сыры осында жатқан жоқ па?! Оған оның табиғи дарынын, талантын қоссақ, нағыз Герольд Бельгер шығады.

Даңқты жерлесімізді 80-ге келген мерейтойымен құттықтап, оған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол шығармашылық табыс тілеймін.

«Қазақ». 24-31.10.2014 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БІЛГІРІ ЕДІ (Герольд Бельгер)

Біздің атақты жерлесіміз, жазушы, публицист, эссеші, аудармашы, қоғам қайраткері Герольд Бельгердің өмірден өткеніне де, міне, бір жыл болып қалыпты. Мен өзім жазушы жерлесіміздің шығармаларымен 1980 жылдан бастап таныспын. Оның повестерін, әңгімелерін, очерктерін, эсселерін, публицистикалық мақалаларын оқып отырып, жазушының терең де жан жақты біліміне, еңбексүйгіштігіне, әрбір таңдаған тақырыбын ғылыми тұрғыда зерттеп барып жазып, оқырманға ой салатындығына тәнті болдым.

1981 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Брат среди братьев» атты кітабында ол халықтар достығың Қазақстандағы ұлттар әдебиетінің бір-бірімен тығыз байланыста екендігін уағыздайды. Онда авар ақыны Расул гамзатовтың «Әрбір белгілі жазушының ой-санасы бүгінгі күні өз ұлтынан асып, жалпы адамзаттық, жалпы әлемдік деңгейде болуы керек» деген қағидасын орынды келтіреді. 1986 жылы аталған баспадан шыққан «Мотивы трех струн» атты кітабында ол: «Неміс, қазақ, орыс сөздері үш шектің әуені іспетті. Менің жан жүрегімнің үш пернесі деп бөле

алмаймын. Орманда ескен ағаштар тамыр бұтақтарымен қалай ұстасып жатса, бұл тілдер де менің жан жүрегімде өз әуендерімен солай астасып кеткен. Мен үшін олардың бәрі де басты, бәрі де негізгі. Олар бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Олар менің өмірімнің үш белесіндей», дейді. Бұл кітап та бізді тілінің шұрайлылығымен, бейнелі сипаттасымен, автордың халықтар достығын шынайы қолдайтыныгымен қызықтырады. Оны оқыганнан кейін мен облыстық орыс тіліндегі газетке осы кітап жайлы өзімнің ойымды білдіріп «Мотивы трех струн» атты мақаламды жарияладым. Сол мақаланы оқыған Герольд Карлович телефон арқылы маған алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

Қазақ халқының тарихына, этнографиясына, мәдениетіне, әдебиетіне терең ықылас коюы, қазақ тілін жетік білуі Герольд Бельгердің творчествосына зор әсер етті. Ол өзінің балалық шағы өткен, мектепте оқыған, жігіт болып қалыптасқан жерін әсте ұмытқан емес. Сондықтан да қаламы қарымды қаламгер өзі өскен ауыл адамдарын, олардың мінез құлықтарын, қарапайым да қызықты тұрмыс жаййларын өз шығармаларында айнытпай көрсете білді. Бельгер қазақ тілінің білгірі және оның нағыз жанашыры, тілектесі болды. Сондықтан да әрқашан қазақ тілінің байлығын, өте көркем екендігін, басқа да қымбат қасиеттерін айтып, насихаттаудан бір жалыққан емес. Мысалы, «Сайланып шықса сырлы сөз» деген мақаласында: «Әлдеқалай орыс, неміс таныстарымның арасына түсе қалғанда маған тұтқиылдан «Осы қазақ тілі қалай өзі, бай тіл ме?» - деп сұрақ қоятыны бар. Бір ауыз сөзбен қысқа қайырып, «бай» десем, бәрібір сене қоймайтынын білемін. Содан да сөзім дәлелді болуы үшін мен де жауап берер алдында өзімше ойланып, атаң қазақ біреу ойнап сұраса, сен шындап жауап бер деген қағидасын ескеріп, әуелі қазақ тілінің грамматикалық құрылысынан бірен саран мағлұмат беріп алып барып, сонан соң ғана лексикаға көшемін. Лексикаға көшкенде орыс, неміс тілдерінде тапшы келетін мал аттарын ұзын сонар әңгімелеп, тізіп шыққаннан соң тыңдаушыларынма жымия бір қарап қойып, «ал енді бүркітке келейік», - деймін. Онсызда бағанадан бері жағасын ұстауға әзір отырған кісілер: «Бүркіт. Ол не тағы?» - деп таңданысады. Әрине, өзіміздің қазақстандық немісіміз болмаса, сонау ГДР мен ФРГ-нің неммісі бүркітті қайдан білсін. Өзім шеккен тірлікте азды көпті кітаптардан

оқыганым бар. Бәрінен бұрын баяғы бала кезімде ауылдасым, марқұм Әбілмәжін шалдың бүрлітті қалай ұстап, баулығанын көрген едім. Сол кезден бүркіт пен бүркітшіге байланысты біраз қазақ сөздері жадымда қалыпты. Мәселең, балапан құс, қан түбіт, тірнек, тастүлек, мұзбалақ, көк түбіт, омаға, тұғыр, қансоқта, тағы басқалар. Ал осы сөздердің көбінің баламасын орыс және неміс тіделрінен іздесеңтаба алмайсыз. Соған көзі жеткенде әлгі таныстарым: «Апырай, ә», - деп бастарын шайқайды.

Герольд Бельгердің қазақ тілінің жанашыры екенін біз оның барлық шығармаларынан, сөйлеген сөздерінен көреміз. Оның қазақ тіліінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының қолдаушысы екеніне мына айтқан сөздеріі дәлел болуға тиіс: «Қазақстандағы негізгі халық - қазақ халқы. Қазақтың ұлттық мұддесі бірінші кезекте тұруы тиіс. Ал қазір байқап қарасаң, жұмыссыз жүргендер - қазақтар. Үй-жайы болмай, жатақханада немесе пәтер жалдап тұрып тапталып жатқандар - қазақтар. Ұлттық құндылықтары тапталып жатқандар - қазақтар. Қазақтың тағдырын ойласам, жүрегім ауырады. Сондықтан мен орыс отандастарыма да, басқа ұлт өкілдеріне де «Біз қазаққа қолдау көрсетуіміз керек», - деп жүрем ылғи. Қазақстанда қазақтың жағдайы жақсы болса, басқа ұлт өкілдері де далада қалмасы анық. Осыны баршаға түсіндіргім келеді».

Жазушы осылай қазақ қоғамына жаны ашуын ешбір тоқтатқан емес. Оның білімі өмір салты, қазақ халқы мен қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі бүкіл өскелең ұрпаққа үлгі өнеге болуға тиіс.

Өз басым Бельгермен алғаш рет 1994 жылы қазан айында 60 жасқа толуына байланысты облысымызға келген кезінде таныстым. Халық оны зор құрмет көрсете қарсы алды. Ол алдымен университеттің оқытушылармен, студенттерімен кездесті. Сөз сөйледі. Келесі күні өзінің балалық шағы өткен Шал ақын ауданындағы Ыбыраев ауылында үлкен той ұйымдастырылды. Жазушы өзі оқыған мектепте, Мәдениет үйінде ауылдастарымен, ауыл ақсақаладрымен кездесті. Ауылдастары оны ыстық құшақтарымен бауырларына басқандай болды. Жазушының толқығаны сондай, көзіне жас үйірілгенін өзі де байқамай қалды. Салтанатты жиналыста сол кездегі облыс әкімі В.Гартман сөз сөйлеп, той иесінің иығына шапан жапты, ат мінгізді.

Мен жазушы жерлесіміздің 60, 70, 75, 80 жасқа толған мерейтойларына арнап қазақша да, орысша да мақалалар жаздым. Оның досы, марқұм Ғалым Қадыралин екеуміз Алмтыға жолымыз түскенде, алдымен тартып отырып, сол үйге бару әдетіміз болатын. Ол әр кез бізді өте жылы қарсы алатын. Одан әрі біз әңгіме дүкенге кезек беретінбіз. Герекең бізге кетерімізде міндетті түрде қолтаңбасын жазып, соңғы шыққан кітаптарын сыйға тартатын. 2003 жылы Мәскеуде жарық көрген «Гармония духа» деп аталатын кітабына «Мен жайында, әкем жайында жақсы, терең мақала жазған жерлсес-бауырым Қайрекеңе. Г.Бельгер. 5.08.2004 ж.» деп жазыпты. 2004 жылы шыққан «Время будней» кітабына «Қайреке. Жетпіске келгенде бітірген шаруаларымның бәрі осының ішінде. Қабыл алғайсыз. Бельгер Г.К. 27.07.2005» депті. «Резюме» атты кітабына былай деп қолтаңба қалдырыпты «Жерлесім, замандасым Қайреке Мұқановтың алдындағы 75-ке келген Бельгердің шығармашылық есебі осы. Қабыл алғайсыз. Герольд.3.11.2009. Жұрт бір телеграмма бере алмай жатқанда сіздің 3 мақала жазуыңыз - ерлік. Рахмет. Ризамын». 2014 жылы соңғы жарық көрген «Все, что мог» кітабына «Мен жайында мақала жазған бакуырым, жердлесім Қайроллаға Бельгерден дуғай сәлем! Герольд Бельгер. 2.11.2014». Көзі тірісінде жарық көрген еңбегін Герольд бауырымыз сол 2014 жылғы қарашада оны 80 жасқа толуымен құттықтап, оған облысымыздың «Құрметті азаматы» атағы берілгені туралы куәлік тапсырған «Солтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы, жазушы Жарасбай Сүлейменовтен маған арнайы беріп жіберіпті. Бұл оның өмірінің соңында маған берген соңғы сәлемі еді. Сол жолы Жарсбай Қабдоллаұлы онымен сұхбататсып, кейін газетте «Мен қазақ халқына ризамын» атты көлемді мақала жариялады. Бұдан кейін көп ұзамай асыл азамат дүниеден озды. Өзінің өсиеті бойынша ол Алматыдағы Кеңсайда белгілі қазақ ақын жазушыларының жанына жерленді. Осындай сітте атақты жерлесіміздің есімі кешікпей Петропавл қаласының бір көшесіне берілсе екен деген ой келеді.

«Қызылжар нұры» 5.02.2016 жыл.

ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ, КӨҢІЛІ КІРШІКСІЗ ЕДІ
(Еркін Сақтағанов - 80)

Өңірімізде елің, жерін, халқын, Отанын сүйген және оларға бар білімімен, күш-жігерімен адал қызмет еткен саналы, ұлтжанды азаматтар аз емес. Солардың бірі және бірегейі марқұм Еркін Сақтағанов болатын.

Еркін Сақтағанұлы Солтүстік Қазақстан облысының Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Амангельді ауылында туған. Жасынан білімге құмар, дарынды Еркін сол аудандағы Еңбек орта мектебін алтын медальмен бітіріп, Алматыдағы зооветеринарлық институтқа түседі. Оны қызыл дипломмен аяқтап, зоотехник мамандығын алып шыққан соң еңбек жолын туған жері - Ленин ауданынның шаруашылықтарында зоотехник, бас зоотехник болып бастады. Білімді де білікті жас маман көп ұзамай облыстық партия комитеті оны Алматыдағы Жоғарғы партия мектебіне оқуға жібереді. Оны бітіргеннен кейін Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданының ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметіне тағайындалады. Ал 1965 жылы жоғары саяси білімді және тәжірибелі іскер маман Преснов аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланды, кейінірек екінші хатшы қызметіне жоғарылатылады. Осында біраз жыл жемісті еңбек атқарған соң Еркін Сақтағанұлы облыстық дәрежедегі қызметке ауыстырылды. 1977 – 1997 жылдары жиырма жыл бойы үзбей облыстық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары, облыстық сауда қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасы қызметкерін абыроймен атқарып, құрметті демалысқа шықты.

Еркін Сақтағанұлы қайда, қандай қызметте болса да, өзінің адалдығыменн, еңбексүйгіштігімен, жұмысына аса тиянақтылығымен зор беделге ие болды. Адал да абыройлы еңбегі жоғары бағаланып, ол Еңбек Қызыл Ту орденімен, екі рет «Құрмет Белгісі» орденімен, алты медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің және Қазақстан Республикасы кәсіподақтары кеңесінің Грамоталарымен марапатталды.

Ерекең жора-жолдастарының, бірге қызметтес болған әріптестерінің ішінде өзінің адалдығымен, білімділігімен, кішіпейілділігімен өте беделді де сыйлы болды. Отбасында

да аса абыройлы еді. Оның сүйікті зайыбы Нурикамал Сағындықызы да білікті ұстаз, тәжірибелі тәлімгер болып көп жыл жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берді. Ол көпжылғы ұстаздық қызметіне лайықты «Құрмет Белгісі» орденімен және бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталды, «Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері болды. Еркін мен Нурикамал бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Олардың ұлы Қабдырахман - медицина институтын бітірген дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі». Ол өзінің кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында қатардағы дәрігерден қалалық № 3 аурухананың бас дәрігері дәрежесіне дейін көтерілді. Қазіргі кезде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы қызметін атқаруда. Қабдырахман Еркінұлы әкесі сияқты кішіпейіл, үлкенді сыйлап, кішіге өнеге болуда. Ол облыстық ардагерлер кеңесіне келіп, ардагерлермен жиі кездесіп, әңгімелесіп тұрады. Қабдырахманның зайыбы Салтанат Сатыбалдықызы да білікті дәрігер. Ол бүгінде Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде студенттер емханасының меңгерушісі қызметін атқаруда.

Еркіннің үлкен қызы Күләш Қарағанды политехникалық институтын бітірген, қазір Алматыда - жеке кәсіпкер. Ал Зурашы - Манаш Қозыбаев атындағы университеттің түлегі, шет тілдер маманы, Алматыда осы мамандығы бойынша қызмет етеді. Ерекеннің үш баласынан бес немере-жиендері бар. Яңни, ұрпақ жалғасуда.

Ерекең 72 жасында дүниеден өтті. Оның 80 жылдығын отбасы, жақын ағайын-туыстары, жолдастары атап өтуде, «Жақсының аты өлмейді» дегендей, оның есімі, жарқын бейнесі біздің есімізде сақталып қалды.

«Солтүстік Қазақстан» 17.01.2015 ж.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР
(Мәркен Ахметбеков)

«Өткен адам болады көзден таса,
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса,
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса».
Шәкәрім

Мен Мәркенмен алғаш ол қазіргі Шал ақын ауданында жаңа ашылған Ступинский кеңшарында директор болған кезінде танысқан едім. Ол шақта мен сол ауданындағы Городецкое селосында орта мектептің директоры болып істеп жүрген болатынмын. Ступинский кеңшарына Ступинка, Жалтыр, Астаған елді мекендері қарайтын. Кеңшар құрылған кезде бұл елді мекендердің шаруашылық жағдайы өте төмен еді. Жаңа кеңшарды ұйымдастырып басқаруға кіріскен кезде Мәркен небары 30-ақ жаста еді. Соған қарамай жас директор айналасы үш жылда жаңа құрылған кеңшарды озат шаруашылықтар қатарына қосты. Оның білікті де қажырлы еңбегінің арқасында кеңшар алдымен аудандық жарыстарда жеңіп шығып, бара-бара облыстық деңгейде де алдыңғы қатардан көріне бастады. Мемлекетке астық, ет, сүт сату жоспарларын асыра орындаған кеңшардың жұмысы облыс басшыларының зор бағасына ие болды. Жас директор кеңшар тұрғындарының тұрмысын жақсартуға да көп көңіл бөлді. Ол әсіресе құрылыс жұмысын алға бастырды. Елді мекендерде бұрыңғы сұрықсыз ескі үйлердің орнына жаңа үйлер салынып, мектептер мен мәдениет үйлері, басқа да тұрмысқа қажетті ғимараттар бой көтерді. Осы жұмыстарды іске асыруда ол кеңшар тұрғындарын ұйымдастырып, қарқынды еңбекке жұмылдыра білді. Жас директордың ұйымдастырушылық қабілетін, қаарапайымдылығы мен кішіпейілдігін байқаған тұрғындар оның ісін әрқашан бар ықыластарымен қолдап отырды. Осындай бірлескен ерен еңбектің арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген кеңшардың ауылшаруашылық мамандары әрқилы мемлекеттік наградаларға ие болды. Ал кеңшардың директоры Мәркен Ахметбеков «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Бұл оның ерен еңбегіне берілген зор баға болатын. Бұл кезде мен Қызылжар қаласына облыстық

оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметінде едім. Мәркеннің аталмыш орденмен марапатталғаның газеттен оқып білісімен мен оны жоғары наградасымен құттықтап жеделхат (телеграмма) жібердім. Онда «Так держать!» деген екі-ақ қолдау сөз болғаны есімде.

Аз уақытта өзінің адал еңбегі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен жас директор Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағалығына жоғарылатылды. Бұл қызметте де іскерлігін көрсете білген Мәркен Ахметбеков Жамбыл ауданының бірінші хатшысы болып сайланды. Ол осы қызметті сегіз жылдай атқарған кезде аудан экономикасы мен мәдениеті, халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайы бірсыпыра жоғары сатыға көтерілді.

Мәркеннің бірінші хатшы болып тұрған шағында мен сол ауданның білім ошақтарының жұмысымен танысу үшін іссапарға барғаным бар. Сонда ауданның бірінші басшысының аудан мектептері мен бала бақшаларына да көп көңіл бөлетінін байқадым. Ол мені жылы қарсы алып, аудандағы оқу-тәрбие ісінің жағдайымен және келешекте бұл салада атқарылатын жұмыстар туралы ой-пікірімен бөлісті.

1982-1983 жылдары Мәркен Ахметбеков Мәскеудегі СОКП Орталық Комитетінің қоғамдық ғылымдар академиясында оқып, оны үздік дипломмен бітіріп шықты. Бір қызығы, сол кезде мен Мәскеуге халық ағарту қызметкерлерінің бір айлық курсына барған едім. Сонда біздің облыстан академияда оқып жатқан Мәркен Ахметбековпен және Самат Бекназаровпен кездестім. Олар семьяларымен тұрады екен. Екеуі де елден барған мені өздерімен бірге оқып жүрген Қазақстанның әр облысынан келген жолдастарына қосып үйлеріне шақырып қонақ қылды. Сол мәжілістерде мен Мәркеннің бірге оқып жүрген жолдастарының арасында өте сыйлы, беделі зор екеніне көзім жетті.

Оқуды бітіріп келген Мәркен аз уақыт облыстық партия комитетінде қызмет атқарды да, 1985 жылы өзі туған қазіргі Шал ақын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Осы қызметте төрт жыл болғанда ол ауданның жағдайын жақсартып, аудан тұрғындарының зор алғысына ие болды. Ал 1989 жылы ол облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне жоғарылатылды. Осы қызметті ол 1991 жылға дейін, яғни коммунистік партия таратылғанға дейін атқарды.

Мәркеннің елге сіңірген ерен еңбегі жоғары бағаланып, жерлестері оны 1990 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп сайлады. Ол өзінің Өтеев Сайлау сияқты депутат әріптестерімен бірге Жоғарғы Кеңестің сессиясында Қазақстан Республикасының егемендігі туралы тұңғыш Декларациясын және Қазақстанның «Тілдер туралы» заңын қабылдауға атсалысты. Бұл, әрине, бәрімізді зор мақтанышқа бөледі.

Партия органдары таратылғаннан кейін Мәркен Ахметбеков облыстық ауылшаруашылығы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Оның жеке басының ерекшеліктері мен қасиеттері де үлгі аларлық еді. Оның еңбекке деген көзқарасы, жұмысқа деген жалынды жігері, мамандыққа деген адалдығы көзге ұрып тұратын. Қай жерде жүрсе де, қандай қызмет атқарса да бойындағы бар күш-жігерін аямай сарқылта жұмсады. Жеке басының үлгі өнегесімен қармағындағыларды да осындай қасиеттерге баулыды. Оның бойындағы ең ірі де, өнеге алуға тұрарлық қасиеттері -қарапайымдылық, кішіпейілділік, іскерлік, жолдастары мен достарына адалдық, ағайын-туыстарына деген шынайы бауырмалдық болатын. Оның әр қилы жиындарда бірге болған адамдармен жеңіл әзіл қалжындары да жарасып тұратын. Мысалы, бірде біздің үйде қонақта болғанда үйдің хозяйкасына әзіл тастап: «осындай жеңгей кімде бар екен?!» - дегені есімде қалыпты.

Мәркен Ахметбекұлы қатардағы зоотехниктен мемлекет қайраткерлігіне дейін көтерілді. Облыстың экономикасы мен әлеуметтік жағдайының өсуіне қомақты үлес қосты. Оның ерен еңбегі жоғары бағаланып, екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен және көптеген грамоталармен марапатталды.

Оның еліне, халқына берері әлі көп еді. Әттен ол не бары 53 жаста жол апатынан қайтыс болды. Оның осындай өліміне бүкіл облыс халқы қатты қайғырды. Ақын Сырбай Мәуленовтың Сәкен Сейфуллинге арнаған:

«Өлімге жан екенсің қия алмайтын,
Өлеңнің құшағына сия алмайтын.
Қазақты көргің келсе міне осы деп,

Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын» - деген өлең жолдарын Мәркенге де арнап айтуға болатындай еді сол кезде. Мәркенді соңғы сапарға мыңдаған адам шығарып салды. Бұл халықтың өзінің адал да сүйікті ұлына жасаған зор құрметі еді.

«Орнында бар оналар» дегендей, оның артында қалған жан жары Күляш, балалары Серік, Бауыржан, немерелері, ағайын-туыстары оның есімін әрқашан естеріне алып отырады. Оның 70 жасқа толуына арнап бірқатар жұртты жинап мешітте ас беріп, дұға оқытып, еске алу рәсімін өткізді. Балалары өзі сияқты халқына адал қызмет жасауда. Мәркен Ахметбековты мәңгілік есте қалдыруға арналған естелік кітапты құрастырып шығарды. Бұл, біріншіден, Мәркеннің ұрпағының оның ісін жалғастыруы болса, екіншіден, оны мәңгі есте қалтырудың айқын белгісі деп білуіміз керек.

Кітапта: Ахметбекова К. Ел ардақтысы. Петропавл қаласы, 2010 ж., 61-65 беттер.

БЕДЕЛДІ БАСШЫ, АҚЫНЖАНДЫ АЗАМАТ ЕДІ (Тастемір Исембеков)

Әр заманда өз уақытына сай өзінің адал еңбегімен, адамгершілік қасиетімен танылған, артына терең із қалдырған адамдар болады. Солардың бірі өзінің қысқа өмірінде елге, халыққа еңбек еткен, адамгершілік қасиетімен халық сүйіспеншілігіне бөленген, бар білімін жастарды тәрбиелеуге жұмсаған жерлесіміз Тастемір Құрманұлы Исембеков еді.

Тастемір Құрманұлы 1936 жылғы 4 желтоқсанда қазіргі Шал ақын ауданындағы «Социал» ауылында дүниеге келген. 1956 жылы Марьевка орта мектебін бітіріп Петропавл педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түседі. Студент кезінің өзінде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Еңбек жолын 1960 жылғы тамыз айында өз ауданындағы Коноваловка 8 жылдық мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы болып бастайды. Келесі жылы жас маман жаңа ашылған Интернационал 8 жылдық мектебіне директор болып тағайындалады. Бұл мектеп тың игеру кезінде орналасқан Интернационал селосында ашылған болатын. Сол мектепте істеген кезінде оның білімділігі мен ұйымдастырушылық қабілетін байқаған Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімі 1965 жылғы 25 маусымдағы бұйрығымен тыңда ашылған Тимирязев ауданына аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі етіп

жібереді. Осы оқу бөлімін Тастемір Құрманұлы 7 жылдай үздіксіз басқарады. Бұл қызметті жақсы атқарған Тастемір Исембеков 1979 жылдың 30 сәуірінде жаңа ашылған Москва аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Келесі жылдың 12 ақпанынан бастап облыстық оқу бөлімінің бұйрығымен Москва аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауысады. Осында істеген 5 жылда ол аудан мектептерінің жұмысын бір саты жоғары көтереді. Оқу бөлімінің жұмысын да жақсартады. 1978 жылғы 11 қыркүйекте ол қайтадан Москва аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Ал 1983 жылы 1 маусымда Тастемір Құрманұлы Москва аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып бекітіледі. Осында істеген соңғы 2 жылда ол атқару комитетінің алғашқы (первичная) партия ұйымында басқарды. Ол аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық атқару комитетінің депутаты болып бірнеше рет сайланады.

Тастемір Құрманұлы әрқашан өз ісіне (қызметіне) тыңғылықты, іскер, зор жауапкершілікпен қарайтын. Ол жолдастыққа адал, адамгершілігі мол, қарапайым да кішіпейіл еді. Ол әдебиетті көп оқитын. Абайдың, Пушкиннің көптеген өлеңдерін, сол кездегі Константин Симоновтың, Алексей Сурковтың өлеңдерін, Александр Твардовскийдің «Василий Теркин», «За далью даль» поэмаларын жатқа айтатын.

Тастемір Құрманұлы адал еңбегімен, адамгершілік қасиеттерімен қызметтес жолдастарының арасында өте сыйлы болды. Оның адал еңбегі кезінде әділ бағаланып, екі медальмен, бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталды. Ол «Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен де марапатталды.

Асыл азамат Тастемір Құрманұлы Исембеков 1990 жылғы 12-ші ақпанда дүние салды. Артында сүйікті жары Айман, балалары Сабыр, Алма, Қадыр қалды. Өзінен кейін көп ұзамай Айман да қайтыс болды. Биылғы (2014) жылғы сәуір айында Алма да дүниеден өтті. Үлкен ұлы Сабыр Тастемірұлы отбасымен сол бұрынғы Москва ауданының орталығы Корнеевкада тұрады. Ол ТОО «Авагро» деген мекеменің күзет бөлімінде қызмет істейді. Сабыр мен Қадырдың балалары бар. Бұл Тастемір Исембековтың ұрпағы өсіп келе жатыр деген сөз. «Орнында бар оңалар» деген осы да.

Мен Тастемірмен өткен ғасырдың 50-ші жылдарының аяғынан бастап жақсы қарым-қатынаста болдым. Кездескен сайын шүйіркелесіп, әңгімелесуші едік. Ол адамға жақын тұратын ашық мінезді абзал азамат еді. Әттең өмірден ерте өтті. Бүгіндері біз оны қимастықпен еске аламыз. Жатқан жерің жайлы болсын, бауырым. Ұрпағың өсіп-өне берсін.

«Солтүстік Қазақстан» 15.01.2015 ж.

ВСЕГДА В ПОИСКЕ (Социал Жумабаев - 70)

В феврале 1972-го года группа работников народного образования области участвовала в республиканской конференции, посвященной борьбе со второгодничеством. Я, как заместитель заведующего областным отделом народного образования (облоно), возглавлял группу. В ее составе были: заведующий Сергеевским (ныне – Шал акына) районо Василий Данилович Ерофеев, директор областной казахской школы-интерната Галым Кадралин и инспектор Жамбылского районо Социал Жумабаев.

Часто человек познается во время таких совместных поездок. Я тоже Социала Жумабаевича близко узнал именно тогда. С тех пор вот уже 35 лет мы хорошо знаем друг друга и общаемся как близкие друзья-товарищи.

Родился Социал Жумабаев 1 июля 1937 года в ауле Киров (ныне – аул Баймагамбета Изтолина) современного Жамбылского района в семье колхозника. В 1957 году, окончив с медалью Баянскую среднюю школу, поступил без экзаменов на историко-филологический факультет Алма-Атинского педагогического института имени Абая, возглавляемого в то время Героем Советского Союза Маликом Габдуллиным.

В 1962 году молодой специалист начал трудовую деятельность преподавателем казахского языка и литературы Ульгинской восьмилетней школы Пресновского (ныне – Жамблыского) района. Здесь он учил аульных ребят основам родного языка и литературы и считался одним из лучших учителей в районе.

В 1971 году, когда на территории Пресновского района образовался (путем деления территории на две части)

новый Жамбылский район с центром в селе Благовещенке, уже опытного языковеда Социала Жумабаева назначают инспектором Жамбылского районного отдела народного образования.

Здесь он до 1990 года, кроме инспекторской работы, одновременно работал директором Жамбылской районной вечерней очно-заочной средней школы и председателем райкома профсоюза работников просвещения. Со всеми этими обязанностями трудолюбивый Социал Жумабаевич отлично справлялся.

В эти годы он внес значительный вклад в становление и развитие народного образования района. Часто бывал в школах района, оказывал необходимую методическую помощь учителям, особенно учителям казахского языка и литературы. Изучая опыт лучших педагогов и опираясь на свой опыт, написал и опубликовал в областной газете «Ленин туы» и республиканской газете «Қазақстан мұғалімі» ряд научно-методических статей и очерков о работе передовых уччителей района.

С 1989 по 1995 гг. он на общественных началах являлся председателем Жамбылского районного общества «Қазақ тілі». В эти годы по его инициативе во всех населенных пунктах района создаются первичные организации общества, работают кружки по изучению казахского языка. В русских школах открываются классы с казахским языком обучения.

Социал Жумабаевич как инспектор районо систематически проверял состояние преподавания казахского языка как в казахских, так и в русских школах, оказывал методическую помощь.

В 1990 году, когда открылась первая в районе газета «Ауыл арайы», опытный языковед и литератор стал ответственным секретарем газеты. Он приложил много усилий, чтобы она стала содержательной, интересной. В ней часто появлялись его статьи и очерки об истории населенных пунктов, о замечательных уроженцах Жамбылского района, таких как Қожаберген-жырау, Сегіз сері Шақшаков.

После выхода на заслуженный отдых С. Жумабаев с семьей переехал в г. Петропавловск. И здесь, будучи на пенсии, занимается творческой работой. Пишет статьи в областные и республиканские газеты на краеведческие темы.

С 2001 года по настоящее время он – активный работник

центра «Асыл мұра» («Драгоценное наследие»). Совместно с другими работниками центра участвовал в подготовке и выпуске таких книг, как: «Тоқсан би», «Арманды ақын», «Бір әулеттің тарихы», «Қожаберген жырау», «Сегіз сері» (собрание сочинений в двух томах) и др. Написал и выпустил произведения под названием: «Мәлгаждар Айдарбеков», «Ер Есеней» об известных в крае исторических личностях. Подготовил и на днях сдал в печать книгу по истории Жамбылского района под названием «Ұлылар туған өлке» («Край, где родились знаменитости»). В конце прошлого (2006-го) года был принят в члены Союза журналистов Казахстана.

В настоящее время Социал Жумабаев занимается исследованием жизни и боевого пути знаменитого батыра Баяна, одного из видных полководцев Абылай хана. Он много пишет и публикует интересные и забавные юмористические заметки из жизни птиц и животных края.

1 июля нашему коллеге и замечательному товарищу исполнилось 70 лет. Он, в расцвете сил и, как всегда, вдохновенном творческом поиске.

«Северный Казахстан». 2 июля 2007 год

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ҒҰЛАМА (Мұрат Айтхожин - 75)

Биология ғылымының докторы, профессор, академик, Лениндік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Ғылым академиясының молекулярлық биология және биохимия институтының негізін қалаушы Мұрат Айтхожин әлемдік ғылымның дамуына зор үлес қосты. Сөйтіп, өз есімін де, өзінің Отаны - Қазақстанды да әлемге әйгілі етті.

Мұрат Әбенұлы 1939 жылғы 29 маусымда Қызылжар қаласында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Болашақ ғалымның әкесі Әбен қарапайым есепші (бухгалтер) болса, шешесі Мүнира өмір бойы үй шаруасымен айналысқан. Отбасында тәрбиеленген 6 баланың (4 ұл, 2 қыз) барлығы да елімізге белгілі ғалым болып шықты.

Мұрат он жеті жасында Қызылжардағы №1 орта мектепті бітіріп, Алматыдағы С.М. Киров (қазіргі әл-Фараби)

атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология және топырақтану факультетіне оқуға түседі. 4-ші курста Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы университетке ауысып, ғылыми жұмыспен айналыса бастайды. Курстық және дипломдық жұмыстарын сол кездегі ғылым докторы, кейін академик болған А.С. Спириннің жетекшілігімен орындаған. 1962 жылы КСРО Ғылым академиясының А.Н. Бах атындағы биохимия институтының аспирантурасына қабылданып, 1966 жылы сонда кандидаттық диссертация қорғағанда да ғылыми жетекшісі А.С. Спирин болған екен. Келешегі бар жас ғалымды Мәскеудегі ғалымдар сонда қалдырғысы келеді. Бірақ Мұрат Айтхожин өзінің туған елі - Қазақстанға оралды. Республика Ғылым академиясының басшылығы оны академияның ботаника институтының ғылыми қызметкері етіп тағайындайды. Оған ақуыз биохимиясы және нуклеин қышқылдары ғылыми лабораториясын құру сеніп тапсырылады.

Шығармашылық жұмысқа кең мүмкіндіктер алған жас маман ғылыми лабораторияны құруда орасан қабілеттік танытты. Оның басшылығымен лаборатория сол заманға сай құралдармен жабдықталды, білікті кадрлармен жасақталды. Лабораторияны құруға, жабдықтауға қыруар уақыт кетті. Алайда, жас ғалым жасуша құрылымдарын зерттеу жұмысын бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Оның зерттеу жұмыстары үнемі ілгері сатыларға көтеріліп отырды. Соған орай ғылыми дәрежесі де өсе берді. Ол 1967-1969 жылдары ботаника институтының аға қызметкері болса, 1969 жылдан бастап сол институттың лаборатория меңгерушісі болды. 1974 жылы ғылымдағы табысы үшін М.Ә. Айтхожиннің есімі Қазақ КСР Алтын кітабына жазылды.

1976 жылы сәуір айында КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер кеңесінің «Ғылым мен техника саласындағы 1976 жылдың Лениндік сыйлықтарын беру туралы» қаулысы баспасөзде жарияланды. Бұл қаулы бүкіл қазақ халқына үлкен қуаныш әкелді. Өйткені, жоғары мәртебелі сыйлыққа ие болғандардың арасында біздің жерлесіміз, қазақтың талантты жас ғалымы, республика Ғылым академиясы ботаника институтының лаборатория меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты Мұрат Әбенұлы Айтхожин да бар еді.

Сол жылғы сәуірдің 30-ында «Қазақ әдебиеті» газетінің

тілшісіне берген сұхбатында жас ғалым былай деген екен:

«Газеттерде жарияланғандай, Лениндік сыйлықтың лауреаты атағы жасуша ішіндегі бөлшектердің жаңа класы - информосомаларды ашу және зерттеу жөніндегі еңбектер циклі үшін берілді. Біз, бір топ ғалымдар, бұл жаңалықты әлемге әйгілі академик, КСРО Ғылым академиясы ақуыз институтының директоры Александр Сергеевич Спириннің басшылығымен аштық... Біз жануарлар мен өсімдіктердің ақуыз жасушаларын көп жыл бойы зерттей келіп, бөлшектердің клеткалардан да тыс өмір сүруге мүмкіндігі барын ашып дәлелдедік. Бұған дейін белгісіз болып келген бөлшек клеткаларының құпиясын ашу - ғылымдағы аса ірі жаңалық болып табылады.

Біз ашқан ғылыми жаңалықтың практикалық мәні ең алдымен ауыл шаруашылығы мен медицинада жемісті нәтижелер беруге тиіс. Ауыл шаруашылығында - дәнді дақылдарда ақуызды көбейту арқылы өнімді арттыруға көмектессе, медицинада зиянды ісіктерді, ең алдымен ракты емдеуге жәрдемін тигізер деген сенімдеміз.

Лениндік сыйлыққа ие болған ғылыми жаңалықты ашуға қатысқан 6 ғалым бірлесіп жұмыс істедік. Ал информосомолардың ашылуына орай жазылған менің біздің ботаника институты лабораториясының ғалымдары -Асқар Ақанов пен Ғизат Досжанов еңбектері Голландияда шығатын халықаралық журналда, өзге де бірқатар шет елдерде жарияланды. Соған орай осы жаңалықтың сырын білгісі келген елу шақты елден 500-дей хат алып отырмыз».

Дәл сол 1976 жылы Мұрат Айтхожин Молекулярлық биология мамандығы бойьшша КСРО-да бірінші болып докторлық диссертация қорғайды. Ол 1978 жылдан 1983 жылға дейін Қазақ КСР Ғылым академиясы Ботаника ғылыми-зерттеу институтының директоры болды. 1983 жылы М.Ә. Айтхожин құрамында клеткалық және генетикалық инженерия, трансгеноз лабораториялары бар Молекулярлық биология және биохимия институтын ашып, өзі өмірінің соңына дейін оның директоры болып істеді.

Оның бастамасымен Ғылым академиясында Молекулярлық биология және биохимия институты ашылды. Сонымен бірге ол Бүкілодақтық биохимиялық қоғамның Орталық Кеңесінің бюро мүшесі және оның қазақ бөлімшесінің төрағасы болып сайланды. Ал 1987 жылы Биотехнология орталығын

ұйымдастырды. 1986 жылы 21 сәуірде Қазақ КСР Ғылым академиясы жалпы жиналысының сессиясы Мұрат Әбенұлын Ғылым академиясының президенті етіп сайлады. Сол жылы ол Кеңес биохимиктері Ұлттық комитетінің мүшесі болып та сайланды.

Еліміздің Ғылым академиясының президенті болған аз уақыт ішінде (не бары бір жарым жыл) Мұрат Әбенұлы денсаулығына да қарамай, республикапық ғылым орталығының ғылыми-ұйымдастырушылық қызметін қайта құруға, зерттеулерді республиканың халық шаруашылығына қарай икемдеуге, академиялық мекемелердің өңірлердегі жоғары оқу орындарымен және шетелдік ғылыми орталықтармен байланысты нығайтуға, Қазақстанның ғылыми кадрларын тәрбиелеп даярлауды жақсартуға көп күш жұмсады. Ол, әсіресе, жас ғалымдарды тәрбиелеп өсіруге көп көңіл бөлді. Тіпті, бұл жұмысты мектептен бастауды жөн деп білді. Мұрат Айтхожин - жүзден астам ғылыми еңбектің авторы. Ол көптеген халықаралық форумдарда сөз сөйлеп, республика ғылымының жетістіктерін әлем ғалымдарына көрсете білді.

Мұрат Әбенұлының ғалым ретіндегі тұлғасын Ресей Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.Л.Киселев тамаша көрсетеді: «Айтхожин нравственный образец человека науки. Десятиминутного общения с ним было достаточно, чтобы понять, что имеешь дело с личностью. Личностью очень крупной, серьезной и в высшей степени интеллигентной. Работоспособность у него была легендарная. Все знали, что в 12 часов ночи он может быть в лаборатории. Это совершенно нормальное для него время».

Ғалым қоғамдық жұмысқа да белсенді қатысты. Ол КОКП XVII съезінің делегаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Кеңес Одағының бейбітшілік қорының республикалық бөлімінің төрағасы болды. Кеңестік биохимиктердің республикалық комитетінің және Бүкілодақтық биохимиялық қоғамның орталық бюросының мүшесі және оның қазақстандық бөлімін басқарды.

Кезінде оның ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі жоғары бағаланды. Ол «Халықтар достығы» орденімен, «Қажырлы еңбегі үшін» медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Кеңес Одағының бейбітшілік қорының алтын медалімен марапатталды. Оның есімі Қазақстан Республикасының Алтын кітабына енгізілді.

Оның алдына қойған мақсаты, арманы, жоспары көп еді. Әттең өмірі қысқа болды. 48 жасында дүниеден озды. Оның артында көптеген еңбектері және орындалмаған армандары қалды. Ол соңғы күндеріне дейін басқарған Молекулярлық биология және биохимия институты қазір оның атында. Бұл институтты 1988 жылдан бері Мұраттың қарындасы, биология ғылымдарының докторы, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Айтхожина Нағима Әбенқызы басқарып келеді. Алматы қаласында ол тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта ілінді. Қызылжар қаласындағы өзі оқыған №1 орта мектепке есімі берілді.

Дегенмен, мұндай ғұлама ғалымға бұлар аздық етеді. Енді биылғы 75 жылдығы кезінде оның есімі Алматы қаласының және Қызылжар қаласының бір-бір көшелеріне берілсе, Алматыдағы Молекулярлық биология және биохимия институтының алдына ескерткіш орнатылса, оның ғылыми еңбектерінің жинағы және ол туралы естеліктер жинағы шығарылса деген ұсыныс жасағым келеді.

«Солтүстік Қазақстан». 29.04.2014 ж.

АДАМГЕРШІЛІГІ МОЛ АЗАМАТ ЕДІ (Қайыркеш Исманов)

Ширатқан шебер қолмен шын жібекті,
Жан еді терең ойлы, күн жүректі.
Жылуы алыстарға жететұғын

Сол жүрек тоқтағалы бір жыл өтті, - деп заңғар жазушы Ғабит Мүсіреповтың бір жылдық еске алу кешінде белгілі ақын Олжас Сүлейменов айтқан екен.

Сол сияқты, бүгін біз де, аяулы ініміз Қайыркеш туралы да зор толғаныс үстіндеміз. Адам баласының, әсіресе жақсыларының өмірі неге қысқа болады екен. Кейде, ғалымдар осыны неге зерттемейді екен деп те ойлайсың.

Кеше ғана арамызда жарқылдап жүрген Қайыркеш ініміздің бақилық болғанына да, біраз уақыт болып қалыпты. Жиі кезедсіп, амандық-саулық сұрасып жүретін Қайыркеш туралы енді бүгін естелік жазуға тура келіп тұр.

Мен алғаш Қайыркешпен 1980 жылдары Жамбыл ауданында қызмет атқарып жүргенінде таныстым. Ол кезде

мен облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып істейтінмін.

Ұмытпасам, 1985 жылдың ақпан айының соңғы күндерінің бірінде Жамбыл ауданының мектептерінің жағдайымен танысуға іссапармен бардым. Қайыркеш сол ауданның атқару комитеті төрағасының орынбасары екен.

Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Еркебай Ахметов мені Қайыркешпен таныстырды. Аудандық атқару комитетін маған бұрыннан таныс Мария Алексеевна Батаева басқаратын.

Дәстүр бойынша келген мақсатымды айтып, оған да кірдім. Ол жылы қарсы алып, кабинетте бірге отырған орынбасарына: «Қайыркеш Исманович, мына қаладан келген қонақтың жұмысының жақсы орындалуына қамқорлық жасаңыз», - деді.

«Әрине, көмектесеміз ғой», - деді Қайыркеш, күлімсіреп.

Түске дейін Благовещенка орта мектебінің жұмысымен таныстық. Түстен кейін оқу бөлімінің меңгерушісімен Жамбыл орта мектебіне бардық.

Мектеп директоры - Темірхан Кәрбозов мектебін аралатып, кабинеттерін көрсетіп, ұжым жұмысымен таныстырды.

Жұмыс біткесін, ол үйіне дәмге шақырды. Өзі аздап өлең шығарып жазатын ақындығы да бар, кейбір өлеңдерін оқыды.

Дәмнен кейін онымен қоштасып Благовещенканың жолына шықтық. Сол кезде ауа райы кенет өзгеріп, алай түлей боран басталып кетті. Біраз жүргеннен кейін жолды қалың қар басып, жүруге мүмкіндік болмай қалды.

Алдымызға қарасақ, жолда жиырма шақты машина жүре алмай тұр екен.

Солармен бірге біз де тұрдық. Осылай жолда боранның астында машинаның ішінде қонуға тура келді. «Көппен көрген ұлы той» дегендей, көп машина тұрғасын аса қиналғанымыз жоқ.

Таң ата, боран басылып, күн ашылды, бірақ жүруге қалың қар мүмкіндік берер емес. Бір жөні болар деп отырмыз.

Бір кезде, - Благовещенка жақтан бір «К-700» тракторы келді. Одан түскен бір адам әр машинаның қасына барып, қарап жүр. Еркебай оны танып: - Мынау біздің Қайыркеш Исманович қой, - деп оған қолын бұлғады. Әлгіндей болмай, Қайыркеш бізге келіп: «Мен сіздерді іздеп жүрмін ғой, халдарыңыз қалай, тоңған жоқсыздар ма?» - деп сұрап жатыр. Біздің амандығымызды білгесін «К-700» тракторын алып келіп, машинамызды тіркеп Благовещенкаға жеткізді.

Міне, оның сондағы көрсеткен көмегі, адамгершілігі ұмытылар ма? Жоқ, ұмытылмайды. Ауданға тағы бір жол түсіп барғанда, үйіне шақырып, зайыбы - Қымбат екеуі бар ықыластарымен күткені де, әлі күнге дейін есімде.

Кейін қызмет бабымен Қайыркеш отбасымен; Қызылжарға көшіп келді. Мұнда біз жиі кездесіп жүрдік. Сәлеміміз түзу, ағалы-іниліндей болып кеттік. Біз «Асыл мұра» мүшелері елдің шежіресін жинап жүргеміз.

Бірде, Қайыркеш менің Самай руынан екенімді білгесін, өзінің де Самайдан екенін айтты. Мен «ата-тегіңіздің шежіресі бар ма?» - деп сұрадым. Ол жоқ деді де, сәл ойланып: «Бостандық ауылында Серікбай Құрманғалиев деген кісі бар, сонда Самайдың шежіресі бар деп естідім. Соған сіздерді апарайын. Сіздер одан жазып алындар», - деді.

Көп кешікпей өзінің машинасымен бізді сол кісінің үйіне алып барып таныстырып, келген мақсатымызды айтып түсіндірді.

Мен сол кісіден Самайдың бірқатар аталарының шежіресін жазып алдым. Оның ішінде Қайыркештің аталарының шежіресі де бар екен.

Әріден қозғасақ, біз бәріміз Тарышыдан тараймыз ғой. Тарышының бесінші ұрпағы Бәйтеке деген кісі екен. Осы Бәйтекенің самай шашы жасынан ақ болыпты.

Сол себептен ел-жұрты оны Самай деп атап кетіпті. Сол есімі бүкіл руға тарап, оның ұрпақтары өздерін Самай руынанбыз деп атап кеткен екен.

Біз Қайыркеш екеуіміз осы Самайдың (Бәйтекенің) тоғызыншы ұрпағы болып шықтық. Ол Бәйтекенің Шуай деген баласынан тараса, мен Жанбұра деген баласынан тараймын.

Салыстырып қарасақ былай болып шығады:

БӘЙТЕКЕ

1.	ШУАЙ	1.	ЖАНБУРА
2.	ДҮЙСЕНБІ	2.	ҚҰДАЙҚҰЛ
3.	АЙТБАЙ	3.	КЕНЖЕТАЙ
4.	ТОҚБОЛАТ	4.	АҚБОТА
5.	ДӘУІТБАЙ	5.	ШАБАН
6.	АСАН	6.	НАЙМАН
7.	БҰЗАУБАС	7.	СЫЗДЫҚ
8.	ИСМАН	8.	МҰҚАН
9.	ҚАЙЫРКЕШ	9.	ҚАЙРОЛЛА

Мұны мен Қайыркештің балалары мен немерелері білсін деп келтіріп отырмын. Қайыркештің айтқан сөзінде тұратындығы мен мол адамгершілігі емес пе, сонау Бостандыққа ерінбей, уақытын бөліп, өзінің машинасымен әдейі апарып, бізді Серікбай Құрманғалиұлымен таныстырып шежіресін жаздырып алдырғаны.

Ал оның аққөңілдігі сондай, тіпті сол шежірені бізден қайтып сұраған да жоқ. Тек жуырда сол шежіренің көшірмесін баласы Бейбітке тапсырдым.

Қайыркештің мінезі жұмсақ, өте кішіпейіл, әрі қайырымды азамат еді. Сонымен қатар ол ешқандай қиыншылыққа мойымайтын, реніш білдірмейтін еді. Осыдан 3-4 жыл бұрын өңіріміздің танымал азаматы Болат Сағындықов; өзінің туған ауылы - Бостандықта, өлеңдер жинағы шыққан кітабының тұсаукесерін өткізді. Соған бізді де шақырды.

Жолға екі машинамен шықтық. Болат отбасымен алдыңғы машинада болды. Біз - Қайыркеш, мен, Жоламан Сақыпкереев үшеуміз олардың соңынан жүріп отырдық. Рульде Қайыркеш өзі. Науырыз айы. Жол тайғақ. Мамлюттен өтіп, Новомихайловкадан аса бергенде, машинамыз тайғанақтап жолдың оң жағына кюветке құлады.

Бір жақсысы ақырын жүріп келе жатқанбыз. Алдыңғы екі орындықта Қайыркеш пен Жоламан әңгімелесіп келе жатқан. Мен артқы орындықта отырғам. Машина доңғалақтары жоғары қарап бір қырындау шалқасынан түсті.

Әйтеуір, құдай сақтап, бәріміз де аманбыз, ешкімнің еш жері ауырған жоқ. Машина жұмсақ, қалың қардың үстіне құлапты.

Қайыркеш аспай-саспай, алдымен біздің амандығымызды сұрады. Содан кейін өзі машинадан ақырын шығып, бізді шығарып алды. Болаттар біздің бұл жағдайымызды көрген жоқ, артта келе жатыр ғой деп, жүре беріпті.

Жолдан бірнеше жеңіл машина өтті. Бірақ олардың біздің машинаны көтеріп жолға сүйреп шығаратын шамасы жоқ.

Бір кезде, әйтеуір, бір ауыр жүк машинасы келіп, шофері біздің машинаны асфальттің үстіне шығарып берді, тәңір жарылқағыр. Қайыркеш машинасын қарап шықты. Машинаның кейбір жері майысқан екен, жалпы аман, жүруге жарайтын болды.

Қайыркеш ешқандай реніш білдірген жоқ қалаға барғасын жөндетіп аламын ғой, қазір жүруге жарайды - деді де, сөзінің соңын әзіл-қалжынға айналдырып бізді де күлдіріп, өзі де күліп, көңілімізді көтеріп тастады.

Міне, бұдан мен оның ұстамдылығын, кеңпейілділігін,

қасындағы сапарлас жолдастарына деген зор қамқорлығын байқадым. Бұлар менің Қайыркешпен тікелей бірге болған кездерім. Ал оның кішіпейілділігін, жалпы жұртқа деген қамқорлығын, ұйымдастырушылық қабілетін, үлкенге ілтипат, кішіге ізет көрсететін ақ жүректігін, басқа да, бірталай адамгершілік қасиеттерін, көптеген тойларда, баталарда, басқа да әртүрлі көп адам бас қосқан жиындарда көріп жүрдік.

Ол еш нәрсені ауырсынбай, қандай ауыр жүк болса да, иығын тосып, ауырын әуп деп көтеріп, кімге болсын қол ұшын беруге дайын жүруші еді. Бізден әжептәуір жас азамат өзімізді көргенде, иіліп сәлем беріп, үлкендерге орнынан тұрып, төр ұсынатын, сондай сезімтал да инабатты жан еді.

Қайыркеш қай салада қызмет атқарса да тиянақты, орнықты іс тындырып, адал еңбек етті. Елін, жерін, халқын сүйген нағыз патриот болды. Өйткені ол жолдастыққа, достыққа адал, олар үшін еңбегін де, жанын да аямай әрқашан қол ұшын беріп, көмектесуге дайын тұратын. Ол ешкімге қарсы қатты сөз айтпайтын, тіпті, бір түйіні шешілуі қиын жағдайдың өзінде жеңіл достық әзіл қалжыңмен мәселені ушықтырмай, жуып-шайып жіберетін еді. Сонысымен де жолдастарының көңілін көтеріп, өзі де мәз болып қуанып қалатын. Осындай жібек мінезімен ол халық алдында өте беделді де, абыройлы еді. Қайыркеш біздің «Асыл мұра» орталығының мүшелерімен де жақсы қарым-қатынаста болды. Анда-санда арнайы телефон шалып, кейде өзі келіп хал-жағдайымызды сұрап, біліп тұратын. Жақсы жарасымды әзіл-қалжыңымен көңілімізді көтеріп, бойымызды сергітіп тастаушы еді.

Енді, бүгін осындай асыл азамат арамызда жоқ. Біз оның күлімсіреп тұратын жарқын жылы жүзін, зілсіз, жұмсақ әзіл-қалжыңын, інілік ілтипатын сағынамыз. Амал қанша, ажалға ешкім араша бола алмайды. Ендігі оған айтарымыз:

Жұмсақ та, жайлы болсын жатқан жерің,
Қасында жарқырасын кәусар көлің.
Алланың нұры түссін кәбіріне,
Ұмытпас бейнеңізді туған елің -

деген тілек және артында қалған Құдай қосқан қосағың Қымбат пен балаларың Савет пен Бейбіт, немерелерің аман-сау болып, өзің сияқты қауым жұрттың алғысына бөленсін дейміз.

Кітапта: «Азамат келбеті».
Петропавл, 2010, 93-100 беттер.

АБЗАЛ АЗАМАТ, ІРІ ҒАЛЫМ
(Марат Кенжеғозин - 70)

Ел аузында, замандастарының есінде, қызмет еткен ортада әрқашан еңбегі де, есімі де қалатын адамдар болады. Сондай ұмытылмас қадірлі адамдардың бірі осы Есіл өңірінде дүниеге келіп, барлық саналы өмірін, білімі мен күш жігерін туған елінің гүлденіп, жақсаруына сарп еткен абзал азамат, ірі ғалым Марат Балғожаұлы Кенжеғозин еді.

Ол 1939 жылдың 30 мамырында қазіргі Жамбыл ауданының Благовещенка селосында туған. Әкесі Балғожа, шешесі Жәмила елге сыйлы, көзі ашық, қадірменді адамдар болған. Марат бала кезінен ақ өзінің еңбек сүйгіштігімен, табандылығымен, білімге құштарлығымен, мақсаткерлігімен көзге түскен. Ол 1957 жылы Благовещенка орта мектебін алтын медальмен бітіріп, Мәскеу қаласындағы мемлекеттік экономика институтына оқуға түсті. Кейін бұл оқу орны халық шаруашылығы институтымен бірігіп, Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институты атанды.

Марат Балғожаұлы студент шағынан ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеттік таныта білді, жан жақты да терең білім алуға бар ынтасымен кірісті. Институтта жаңадан экономикалық кибернетика кабинеті ашылып, оған кабілетті де дарынды студенттердің бірі ретінде марат Кенжеғозин бекітілді.

1962 жылы институтты үздік бітірген Марат ғалымдар кеңесінің шешімімен аспирантураға қалдырылды. Аспирантураны үздік бітіріп «Ауыл шаруашылығы» өндірісін ұтымды етудің экономикалық математикалық модельдері» (Солтүстік Қазақстанның материалдары бойынша) тақырыбында кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Бұл халық шаруашылығын ұйымдастыру мен басқарудағы прогресті және келешегі мол экономикалық-математикалық әдістер негізінде орындалған, осы салаға тұңғыш рет түрен салған жұмыс болатын.

Марат Балғожаұлы Кенжеғозин ғылыми қызметін Қазақ КСР-і Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы экономика ғылыми зерттеу институтында бастап, 1965-1968 жылдар аралығында осы институтта қызмет істеді. Мұнда оның басшылығымен және тікелей қатысуымен экономикалық

математикалық әдістер мен электронды есептеу машинасын (ЭВМ) қолдана отырып, бастапқы ғылыми жұмыстар жүзеге асырылды. Аталған жоспарлау комитетінің тасырмасы бойынша М.Б.Кенжеғозиннің басшылығымен Солтүстік Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мен орналастыру параметрлерін ұтымды ету жөніндегі ғылыми-зерттеу бағдарламасы шешімін тапты. Бұл жұмысты жоспарлау комитетінің алқасы мақұлдап, оның әдістемелігін ауыл шаруашылығы салаларын дамытуды жоспарлау мен болжамдау ісінде кеңінен қолдануды ұсынды. Сөйтіп, М.Б.Кенжеғозин экономикалық математикалық әдістер мен ЭВМ-ді қолдау арқылы республикадағы жаңа ғылыми бағыт - шаруашылық тетігін жетілдірудің негізін қалаушылардың бірі болды.

1968-1979 жылдары Марат Балғожаұлы Қазақ экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институтында экономикалық кибернетика бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Мұнда оның басшылығымен жаңа ғылыми бағыт одан әрі жалғасын тауып, экономикалық-математикалық әдістер мен ауыл шаруашылғы өндірісін болжамдау және ұтымды жоспарлаудың үлгілерін дайындап өндіріске енгізу, агрномикалық процестердің жүйелі үлгісін жасау жөніндегі кең ауқымды ғылыми зерттеулер жүзеге асырылды. Бұл мәселе бойынша «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының келешегін ұтымды жоспарлау», «Ауыл шаруашылығын ұзақ мерзімге жоспарлау», «Агроэкономикалық процестердің жүйелі үлгісін жасау» және басқа да іргелі монографиялар жариялады. Бұл еңбектерде ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту параметрлерін ұтымды ету теориясы мен әдістемелігі қарастырылып, осы жүйеге қатысты әртүрлі экономикалық-математикалық есептерді шешудің жұмыс әдістері ұсынылды.

1979-1985 жылдары Марат Балғожаұлы КСРО Орталық статистика басқармасының есептеу жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру жөніндегі Бүкілодақтық мемлекеттік жобалау-технологиялық институтының Қазақ филиалының директоры қызметін атқара жүріп, қолданыстағы шаруашылық тетігін жетілдіруге бағытталған жүйелер мен жобаларды дайындау ісін кең көлемде жүзеге асырды. 1989 жылы Ленинградта «Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мен орналастырудың

негіздеу жүйесі» (қалыптастару мен іске қосу әдістемелігі) тақырыбына сәтті қорғаған докторлық диссертациясы осындай күрделі жұмыстарының нәтижесі болатын.

1985-1994 жылдары М.Б.Кенжеғозин агроөнеркәсіп кешенін басқарудың Жоғары мектебінің әуелі проректоры, кейін ректоры болды. Оның тікелей және белсенді қатысуымен Жоғары мектеп қалыптасып, құлашын кең жайды. Аз уақыт ішінде ол басқарған мектеп Орталық Азия аймағындағы жетекші оқу-әдістемелік орталыққа айналды. Мұнда оның ұйымдастырушылық қабілетіне қоса, педагогикалық таланты ерекше жарқырап көрінеді. Шаруашылық тетігін жетілдіру жөніндегі оның дәрістері өзінің терең ғылыми дәлелдігімен тәнті етіп, тыңдаушыларының ерекше ынтаықыласын тудырып отырды. 1994 жылдың қарашасы мен 1995 жылдың қантары аралығында Марат Кенжеғозин Қазақ мемлекеттік басқару академиясының ғылым жөніндегі проректоры ретінде ғылыми процесті ұйымдастыру мен жетілдіру жұмыстарына белсене қатысты.

Марат Балғожаұлы 1995 жылдың қантарынан өмірінің соңынан дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының экономика ғылыми зерттеу институтының директоры болып істеді. Мұнда ол ғылыми зерттеулердің сапасын арттырып, тақырыптардың көкейкестілігін және институт құрылымын жетілдіре отырып, материалдық-техникалық базасын нығайтып, аз уақыт ішінде институт жұмысын елеулі түрде алға бастырды. Институттың Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі аппаратымен, министрліктермен, ведостволармен, аймақтармен келісімділігі мен ынтымақтастығы артты. Институттың кешенді зерттеулерінің нәтижелері реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасын дайындау кезінде пайдаланылды. Марат Балғожаұлының басшылығымен дайындалып, іс жүзінде пайдаланылуға берілген ғылыми нұсқаулар саны жылдан жылға артып отырды. Олардың біршамасына Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараттарының, министрліктер мен ведомстволардың тарапынан оң пікірлер айтылды.

М.Б.Кенжеғозин ғылыми кадрлардың өсуі жолында бірқатар жұмыстар атқарды, жас ғалымдар еңбегінің жыл сайын жарық көруін ұйымдастырды, ғылым докторлары мен кандидаттарын даярлау жоспары жасалып, ерекше бақылауға

алынды. Институт аспирантурасында жаңа мамандықтар ашылып, институттың баспа орталығынан басылып шығатын ғылыми еңбектер саны өсе түсті.

Аса білімдар экономист-ғалым М.Б.Кенжеғозин өзінің көптеген ғылыми еңбектерімен елімізде жүзеге асырылып жатқан нарықтық реформалар теориясына, әдістемелігі мен практикасына зор үлес қосты. Оның басшылығымен және жетекшілігімен жарық ккрген «Қазақстан экономикасын реформалау проблемалары және оларды шешу» атты монографиясы іргелі басылымдардың бірі саналады. Мұнда еліміздегі нарықтық жаңарулар тәжірибесі қорытылып, тиімді экономикалық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру жөнінде ғылыми ұсыныстар берілген.

Марат Балғожаұлы халықты жұмыспен қамтудың, еңбек нарығының қалыптасып дамуының және менеджменттің жаңа ұйымдастыру нысандары мен оларды басқару жүйелерінің теориялық, әдістемелік және практикалық проблемаларын дамытуға елеулі үлес қосты. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен Үкімет бекіткен «Халықты жұмыспен қамту саясатының тұжырымдамасы» дайындалды.

М.Б.Кенжеғозин - 350 ғылыми еңбектің авторы. Оның жетекшілігімен 17 докторлық, 45 кандидаттық диссертация қорғалды. Ғалым шаруашылық тетігін жетілдіру мен экономиканы реформалау проблемалары бойынша көптеген халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конфренциялар мен симпозиумдарға қатысып, баяндамалар жасады. Ол, әсіресе, тәуелсіз мемлекетімізде жаңа экономикалық реформалардың ғылыми сарапталуына, жаңа стратегиялық жобалар мен болжамдар жасауға, жаңа ғалымдық, ізденгіштік, шығармашылық шабытпен кірісті. Жаңа экономикалық жүйе туралы өзінің ұсыныстары мен пікірлерін мерзімді баспасөзде жариялап, әртүрлі ғылыми конференцияларда, билік салаларының жиналыстарында сөз алып, қоғаммен белсенді түрде бөлісіп отырды.

Марат Балғожаұлының қоғамдық-саяси қызметі де сан қырлы. Ол «Халық шаруашылығын ұтымды жоспарлау мен басқарудың» Бүкілодақтық ғылыми кеңесінің мүшесі» (1969-1978), Қазақстан Компартиясы Калинин аудандық (Алматы қ.) партия комитеті ғылым мен оқу орындарының штаттан тыс бөлімінің меңгерушісі (1976-1981), Қазақстан Компартиясы Алатау аудандық (Алматы қ.) партия комитеті жанындағы ғылым, жоғары және орта арнаулы оқу орындары мекемелерінің аудандық кеңесінің төрағасы (1981-1989),

Қазақ КСРі Жоғары және орта арнаулы оқу министрлігі жанындағы басшы кадрлар мен мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жоғары оқу орындары ректоралары кеңесінің төрағасы (1988-1993), Қазақ КСРнің Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің мүшесі (1988-1990), т.б.

Білікті ғалым М.Б.Кенжеғозин Францияның Савой университетінде (1989-1992), Англияның Лекхэн колледжінде (1992-1993) дәріс оқыды, Қазақстан делегациясы құрамында Малайзияның Куала Лумпур қаласында (1996) халықаралық семинарға, Жапонияның Осака қаласында (1992) халықаралық бизнес мектебінің жұмысына қатысты. 1996-1998 жж. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мүшесі болып, мемлекеттік маңызы мол стратегиялық құжаттардың қабылдануына ықпал ете алды.

Марат Балғожаұлы тек Қазақстанда ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де есімі белгілі ғалым болды. Ол халықаралық Еуразия экономикалық академиясының (1998) және Халықаралық информатика академиясының (2000) мүшесі болып сайланған.

Ұзақ жылдардағы жемісті еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының Парламентіне - 10 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды. Жыл ішіндегі ең зияткер адамдардың бірі ретінде Кембридж университетінің сертификатына ие болды.

Марат Балғожаұлы байсалды да байыпты, қарапайым да кішіпейіл адам еді. Оның мінез құлқының өзінен ақ ойының өрелігін, биіктігін көруге болатын. Ол шын мәнінде өзінің даралығын туа біткен кішіпейілдік пен қарапайымдылықтың тасасында ұстап, қоғам алдында жүктелген міндетін мінсіз атқарып жүре беретін ғалымдардың ішіндегі бірегейі еді.

Осындай ірі ғалым жерлесіміз, әттең, 70-ке де толмай дүние салды. Ол тек биылғы 30-шы мамырда ғана 70 жасқа келетін еді. Тау алыстаған сайын асқақтай түсетіні сияқты біртуар ұстаз, ғалым Марат Балғожаұлы Кенжеғозиннің тұлғасы да уақыт өткен сайын биіктей түсуде.

Ендігі жерде оның асыл тұлғасы ел жадында ұзақ сақтаулы үшін қаламыздың және өзі туған Благовещенка селосының бір көшесіне, Благовещенка орта мектебіне ғалымның аты берілсе, басқа да игі шаралар қолға алынса, құба-құп болар еді.

«Солтүстік Қазақстан». 29.05.2009 ж.

АРМАНДА КЕТКЕН АЗАМАТ
(Совет Қайыржанов)

Жетпіс жылдық мерейтойын атап өткен облысымыздың дамуына оқу ағарту саласында қызмет атқарған және атқарып жүрген ұстаздар қауымының да қосқан үлесі мол. Сондай зиялы тәлімгердің бірі облыс мектептерінде 25 жыл ұстаздық еңбек еткен, бірақ өмірден ерте озған Совет Қайыржанов еді. Жастай (5 жаста) әке шешсінен жетім қалып, көп қиыншылық көрген ол талпынып жүріп орта мектепті тәмамдады, содан кейін Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсті.

Оның еңбек жолы Булаев (қазіргі М.Жұмабаев) ауданындағы Ворошилов сегізжылдық мектебінде басталды. 1963 жылы өзінің туған жеріне келіп, жаңа құрылған Тимирязев ауданының аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы болып орналасқанымен, ол өзінің болашағы тек ұстаздық болу қажеттігін сезінді. Бір жылдан кейін педагогтік жұмысқа қайта келіп, сол кездегі Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Октябрь сегізжылдық мектебіне директор болып тағайындалады.

1970 – 1974 жылдары сол аудандағы Октябрь орта мектебін, одан кейінгі жылдары Ступинка, Мамлют ауданындағы Ленин орта мектептерін басқарады. Қайда істесе де, ол өзінің ұстаздық және ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсе білді. Қоғамдық жұмыстарға да (үгітші, насихатшы, т.б.) белсене араласты. Облыстық, республикалық газеттерге оқу ағарту мәселелеріне байланысты көкейкесті мақалалар жазып жүрді. Оқу ағарту ісіне сіңірген еңбегі бағаланып «Қазақ ССР ағарту ісінің үздігі» белгісімен, бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталды.

Совет Қайыржанұлының басқа әріптестерінен бір ерекшелігі - ол ғылымға да ден қойды. Өзінің ҚазМУ-дағы ұстазы, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің тапсырмасымен Уфа қаласындағы әйгілі «Ғалия» медресесінде оқып жүріп, Бейімбет Майлинмен бірге бірнеше жыл бойы «Садақ» атты қолжазба әдеби журнал шығарған, кейін белгілі жазушы, журналист болған Жиенғали Тілепбергеновтың өмірі мен шығармашылық жолын зерттеумен шұғылданды. Совет Қызылжар, Алматы қалаларындағы мұрағаттарға барып,

Ж.Тілепбергенов туралы деректер жинады. Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатынан Жиенғалидың 1926-1927 жылдары Қызылжар қаласынан шыққан «Бостандық туы» газетінің редакторы және Қазақ педтехникумының директоры болғандығы туралы құжаттар тапты. Жазушының жарық көрген прозалық және драмалық шығармаларын оқып танысқаннан кейін Ақтөбе облыстық газетінің редакциясымен байланысып, сол басылымға Жиенғали туралы бірнеше мақалалар жіберді. Оның жазғандары жарияланды. Жиенғалидың туыстарынан фото суреттерін алдырды.

Жазушының өмірбаянымен толығырақ танысу үшін оның баласы Нурашпен хат жазысып тұрды. Сондай хаттардың бірі Нұраш Жиенғалиұлында сақталған екен. Сол хат 2005 жылы Алматыдағы «Алаш» баспасынан шыққан Жиенғали Тілепбергенұлының 2 томдық шығармалар жинағының 1-ші томында жарияланды. Енді осы хаттың мәтінінен үзінді келтірейін:

«Құрметті Нұраш, сіздің әкеңіз Жиенғали Тілепбергенов Уфаның «Ғалиясында» оқып жүргенде Бейімбет бастаған топпен бірге жасырын қолжазба - «Садақ» журналын шығарысып тұрған.

Үлкен еңбек қалдырған ол тірі болса әдебиетіміздің ақсақалдары тобынан орын алар еді. Небәрі 38 жыл өмір сүрді. Біздікі атақ алу мақсатында емес, еңбегін жалыққа насихаттау, әдебиетіміздегі алған орнын баса айту жайы ғой. Қиын да қызық жұмыс төңірегінде тер төгу әрі тиянақты деректі мақсатымен хат жазған болатынмын. Сізге де хат жазғаныңызға риза болып отырмын, келешекте ізденіс өз нәтижесін береді деген ойдамын. Қолымда біраз фотосуреттер де бар. Солардың бірі Жиенғали мен сіздің анаңыздың суреті...

... Кейінгі хаттарда суреттерін өзіңізге жіберемін. Көріп, деректі жауап жазарсыз. Бәрін хатта айту, қамту қиындық туғызып отыр. Сол себепті толық десем артық болар, біршама жинақталған материал бар. Екеулеп тер төксек, біздің еңбегіміз ол кісіге қойылған ескерткіш болмақ.

1983 жылы сіздің газетте қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты (11 апрельде қайтыс болған) апрельдің 7-сінде «Коммунист-жазушы» деген көлемді мақалам шықты. Биыл аздап творчествосы жөнінде жолдап едім,

газетті жаздырып алмаймын ғой, жарық көрген-көрмегенін білмеймін. Реті келсе, газетті жіберсеңіз. Алдын ала көп рахмет. Бар мақсат - туыстарымен байланыс табу. Екінші мақсат - туған жерін көру, есімімен аталатын орындарды білу. Редакция қызметкерлерінің мақаламды жариялағандарына қуаныштымын. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1985 жылғы ноябрьдегі санында мақалам жарық көрді. Оған Тұрсынбек ағайдың көмегі болған шығар.

Материал жинау 1972 жылдан басталды. Қазір қолжазба «Садақ» қолда. Әдебиетте шеберлік ұстарту мектебі болған бұл қадірлі, қасиетті, баға жетпес қолжазба барда еріксіз жұмыс істеп, тер төккің келеді ғой. Сіз осы жолда қолдаушы болады деген ой берік сендіріп отыр.

31.01.1985 жыл. Асығып хат күтемін.

Хат күтуші ініңіз Совет».

Бұл хаттан біз автордың Жиенғали Тілепбергеновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге бел шешіп кіріскенін көреміз. Әттең, ол өзінің сол арманын орындай алмай дүниеден өтті.

«Солтүстік Қазақстан». 6.11.2006 ж.

ҚАЛАМ МЕН ҚАРУДЫ ТЕҢ ҰСТАП (Шамардан Жарылғапов)

Ғұмырын оқуға, білімге, ғылымға арнап, құйрықты жұлдыздай жарқ еткен адамдар баршылық. Сондай қазақтың бірегей азаматы жерлесіміз Шамардан Жарылғапов болатын. Бүгінде Шамарданның халқына мұрағат еткен асыл қазынасы - оның ғылыми зерттеулері мен қоғамдық өмір белестерін суреттеген публицистикалық туындылары. Оның қыл қалам ұстап, ғылыми тұжырым жасай білетін табиғи болмысы тәртіп сақшысы қызметінде де үлгі тұтарлық. Экономика ғылымының кандидаты немесе полковник Ш.Жарылғапов қос мамандықтың да биігінен көріне білген талапты жан.

Шалақын ауданындағы Мерген (ескі аты - Чапаев) ауылының тумасы Шамарданның әкесі Жарылғап темірден түйін түйген шебер ұста болған. Ол арабша, қазақша, орысшаға сауатты өңіріміздің белгілі молдасы да еді. Ал шешесі Бикен де ақылды, өз ортасында сыйлы адам болған деседі. Елгезек,

еңбексүйгіш Шамарданның білімге деген құштарлығы бала кезден байқалса керек. Ауылдың сегізжылдық мектебінен кейін ол облыс орталығындағы есеп экономика техникумы мен бухгалтерлік есеп мектебін қатар оқып, білім алады. Екі оқуды да үздік бітірген Шамардан туған ауылына оралып, бөлімше есепшісі болып еібек жолын бастайды.

Өрісін кеңейтемін деп әрдайым қанат қаққан Шамардан техникумның қызыл дипломымен мүйізі қарағайдай әл-Фараби атындағы университеттің философия-экономика факультетінің саяси экономика бөліміне оқуға түседі. Университетте оқып жүріп ол білуге, зерттеуге, дәлелдеуге деген құштарлығымен көптеген ғылыми байқауларға қатысып, талай сыннан сүрәнбей өтті. Университеттің қоғамдық жұмыстарында да белсенділік танытады. Шамарданның сол студентік өмірдің қызықтарынан қалған белгілері де салмақты еді. Соның бірі аталмыш университеттің тарих факультетінің студенті талдырмаш келген, сүйкімді бойжеткен Зәуреш Жорабаева болатын. Албырт сезімнің отына күйдірген де Зәуреш, өмірлік досы, самғаса қанатымен су сепкен де Зәуреш. Сөйтіп, 1970 жылы студенттер арасында дүркіреген той болып, жаңа шаңырақ көтерілген еді. Университеттің әскери кафедрасында оқыған Ш.Жарылғапов лейтенант шенін де алып шығады.

1971 жылы Шамардан университеттің жолдамасымен Қарағандының политехникалық институтына қызметке орналасады. 1973 жылы экономист маманның өмірінде үлкен өзгеріс болады. Қарағандыдағы Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің жоғары мектебінің бастығы генерал майор Барлыбек Бейсенов кіші лейтенант лауазымы бар жас экономисті өзінің милиция мектебіне қызметке шақырады. Осы уақыттан бастап Шамарданның ішкі саясат қызметіндегі өмірбаяны да басталады. Білімділігі және еңбексүйгіштігімен үлкен ұжым ортасында тез шыңдалған оның ғылымға деген ынтасын байқаған мектеп басшысы оны Т.Г.Шевченко атындағы Киев университетінің аспирантурасына жібереді. Университеттің жариялаған байқауынан мүдірмей өтіп, аспирантураға қабылданған жас ғалымның ғылыми мақалалары Киевте украин тілінде, Мәскеуде орыс тілінде, Алматыда қазақ тілінде, Ташкентте өзбек тілінде бірінен соң бірі жарық көреді. 1977 жылы «Дамыған социализм жағдайында еңбекшілердің экономикалық мүдделерін

пайда табу мен үйлестірудің рөлі» деген тақырыпта сол университетте қорғалған кандидаттық диссертациясы оның ғылымға жақындығын тағы бір танытқандай болды. Милиция мектебінің саяси экономика кафедрасының аға оқытушысы, милиция капитаны Ш.Жарылғаповқа көп кешікпей доцент атағы да беріледі.

Ғылымға көңілі ауып тұратын Шамардан ішкі істер органдарындағы өызметінен өз еркімен босап, ғылым жолына, ұстаздық жолына ден қояды. Осы өмірлік қағидасын ол Қарағандының дене шынықтыру педагогикалық институтында он бес жыл жастарға дәріс берумен жүзеге асырды.

Бір адамның өн бойына бір біріне қабыспайтын екі мамандықтың даруы адамның ерекше жаратылысымен түсіндірілсе керек. Шамардан Жарылғапұлы бір сәт ғылыммен сусындап шөлін қандырса, ендігі бір кезекте бойын оқтай түзеп офицер болып, тәртіп сақшылары қатарында болды. 1990-1997 жылдары ол Жамбыл, Павлодар облыстары, Ақтөбе қаласының ішкі істер басқармаларында қызмет атқарған. Оның үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін асыл қасиеті. Білімділігі мен білгірлігі қай жерде қызмет атқарса да, абырой мен құрметке жеткізген. Қандай қызметте болса да, тәртіп пен талапты мүлтіксіз орындай білген Шамардан ғылымда экономика ғылымдарының кандидаты, ішкі істер органдарының қызметінде полковник шеніне дейін көтерілді.

Дегенмен, ер азаматтың көкірегіндегі туған жеріне деген шексіз сағынышы мен ғылымға деген зор сүйіспеншілігі көшіп-қонған офицердің көшін тағы бір ауыстырғызған еді. Бұл кезекте Көкшетау қаласы көңілден шығады. Ондағы Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік университетінде ұстаздығын жалғастырып, 2002 жылы «Нарықтық қарым-қатынасты қалыптастыру жағдайындағы жеке тұлғаның экономикалық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық негіздері» деген тақырыпта монографиясы жарық көреді. Бұл оның 30 жылдық ғылыми ізденісінің жемісі, докторлық диссертациясының негізі болатын. Әттең, докторлық диссертация жазылғанмен, оны қорғап, дәлелдеу оның тағдырына жазылмапты.

Шамарданның журналистік қырының өзі үлкен талаптылық пен шеберліктің, біліктілік пен білімділіктің көрінісі. Қайда

жүрсе де, қолынан қаламы түспейтін Ш.Жарылғаповты республика журналистері жақсы білетін. Оның публицистикалары сонау 60-шы жылдары қазіргі Шал ақын ауданының аудандық «Новатор» газетінен басталған. Қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдарды былай қойғанда, басқа тілдердегі «Ұйғыр авази» (ұйғырша), «Дойче Альгемайне» (немісше), «Коре ильбо» (корейше), т.б. газеттерде де оның мақалалары жиі басылып тұрған. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ш.Жарылғаповтың 1600-ден астам мақалалары жарық көрген.

1974-2008 жылдар аралығында ол 500-ден астам ғылыми еңбектер жазып шығарды. Оның ішінде төрт кітабы бар.

2004 жылдан Шамардан Жарылғаповтың Астанадағы жоғары оқу орындарында дәріс оқып жүргендігінен хабардар едік. Зейнеткерлікке шыққан қаламгердің биылғы Ұлы Жеңіс күніне орай «парыз бен қарыз» (соғыс ардагері, 87 жастағы артиллерист Абылғазы Малқаров туралы бір үзік сыр) атты мақаласын өзінің туған Шал ақын аудандық «Парыз» атты газетіне жолдапты. Біз мақаланы оқып, Шамардан ініміздің амандығын біліп, қуанып қалған едік. Өкінішке орай, көп ұзамай оның Тараз қаласында қайтыс болғанын естідік. Бұл біз үшін күтпеген жағдай, ауыр қаза болды. Басқадан тұғыры биік тұратын бауырымыз артында өшпес мұраларын, бітпеген істерін қалдырып, пайғамбар жасына жете алмай кете барды.

«Солтүстік Қазақстан». 19.08.2009 ж.

БІЛІКТІ ҒАЛЫМ, ҰЛТЖАНДЫ ГЕНЕРАЛ (Абай Тасболатов - 60)

Ақсұңқар ұшар жем үшін,
Ер жігіт туар ел үшін.
Халық нақылы.

Біздің өмірімізден шығып, өздерінің ерен де адал еңбегімен бүкіл кең байтақ республикамыздың мақтанышына айналған ұлтжанды абзал азаматтар аз емес. Солардың бірі және бірегейі белгілі әскери қайраткер, тарих ғылымдарының докторы, арнайы әскери ғылымдар профессоры, генерал-лейтенант Абай Тасболатов.

Абай Бөлекбайұлы Тасболатов 1951 жылғы 21 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Николаевка селосында туған. Абай мектепте барлық пәндерден жақсы оқиды. Ол әсіресе тарих, әдебиет сабақтарын зор ынтамен оқыған. Спортпен де көбірек айналысып, мектепішілік, аудандық, облыстық жарыстарда әрдайым жүлделі орынға ие болған. Ол 1969 жылдан бастап міндетті әскери қызметте болады. Одан кейін 1973 жылы Алматы жоғары жалпы командалық әскери училищесін бітіріп, сонда курсанттар взводының командирі болып (1973 – 1975) әскери қызметін бастайды, рота командиріне дейін жоғарылайды (1975 – 1980). Осы қызметтерде теориялық білімімен қатар ұйымдастырушылық қабілетін байқатқан жас командир Мәскеудегі М.В.Фрунзе атындағы Әскери академияға оқуға жіберілді. Оны бітіргеннен кейін бұрын өзі оқыған Алматы Жоғары жалпы командалық әскери училищесінде тактика кафедрасында оқытушы болып сабақ береді. Осында ол батальон командирі және аға оқытушы дәрежесіне дейін көтеріледі (1986 – 1991). Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Қорғаныс штабында жоғары оқу орындары мен әскерге дейінгі дайындық бастығы (1991 – 1992), Алматы жоғары жалпы командалық әскери училищесінің бастығы (1992 – 1997), Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери академиясының бастығы (1997 – 2002), Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары (2002 - 2006) қызметтерін атқарды.

Осы қызметтерді атқара жүріп Абай арасында Ресей Федерациясының Қарулы Күштері Бас штабы Әскери академиясының жоғары академиялық курсын (2000 ж.), Сингапурдағы Ли Куан Ю атындағы Ұлттық университет жанындағы біліктілікті көтеру курсын тәмамдайды (2007). Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы Жарлығымен Абай Тасболатов Қазақстан Республикасы Республикалық гвардиясының қолбасшысы етіліп тағайындалды. Содан бері ол осы қызметін жемісті атқарып келеді. Өзінің міндетті қызметімен қатар Абай Бөлекбайұлы қоғамдық жұмыстармен де белсенді түрде айналысады, әсіресе спортпен. Бұл салада да оның жетістіктері мол. Ол Қазақстан Республикасы қоян-қолтық ұрысы (рукопашный бой) Республикалық Федерациясының төрағасы, офицерлік көпсайыс (многоборье) спортының (мастер спорта) шебері, Қазақстан Республикасының спортқа еңбегі сіңген қайраткер.

Биыл (2001 ж.) Абай Тасболатов Қ.Р. Президентінің Жарлығымен тағы да Республикалық гвардияның қолбасшысы болып тағайындалды.

Профессор А.Тасболатов ғылыми зерттеу еңбегімен де көп айналысады. Ол әсіресе еліміздің әскери тарихы саласы бойынша көп еңбектеніп жүр. Оған оның мына еңбектері дәлел: «Қазақстанның әскери тарихы» (орысша-қазақша, 1998 ж.) Бұл кітап тарих ғылымының докторы, отставкадағы полковник Қ.Аманжоловпен бірлесіп шығарылған. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі» (2001), «Начальная военная подготовка для 10 и 11-х классов» (2004), «Русско-казахский толковый словарь военных терминов» (2003), «Русско-казахский, казахско-русский военный разговорник» (2004), «Огневая подготовка» (2004), «Основы гражданской обороны и безопасность жизнедеятельности» (2004). Биыл Астананың «Фолиант» баспасынан Абай Тасболатовтың «Жоғары Бас Қолбасшы - әскери қауіпсіздік кепілі» атты жаңа кітабы шықты. Онда Жоғары Бас қолбасшы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ел Қарулы Күштерін құрудағы және дамытудағы рөлі терең зерттеліп көрсетілген. Елбасының мемлекет әскерінің әлеуетін арттырған, әлемнің озық елдері армияларымен терезесі тең, биік деңгейіне жетуіне бағытталған ересен еңбегі нақты деректер көмегімен жүйелі көрініс тапқан. Жалпы алғанда, еліміздің тарихының бір маңызды саласын - әскери тарихын түгендеуде бұл кітаптардың үлесі мол деуге болады.

Міне, осылай жерлесіміз, ірі ғалым, білікті әскери қайраткер Абай Тасболатов Қазақстанның Қарулы күштерін құруда, ұлттық әскери кадрлар даярлауда үлкен еңбек сіңіруде. Ол жауынгерлерге, курсанттарға әскери тәрбие беріп, олардың әскери қызметті өтеуде аса қажетті қасиеттерін қалыптастыруға зор назар аударады. Ол әскери-патриоттық тәрбиенің мақсаты мен мән-мазмұны өз Отанына адалдық, сүйіспеншілік және өзге халықтарға достық сезімдерін қалыптастыру деп біледі. Сөйтіп, Республикамызда әскери құрылыс, әскери-патриоттық тәрбие мәселелеріне елеулі үлес қосып келеді.

Абай Тасболатов ініміз Қожаберген батыр жырауды халыққа таныстырып насихаттауда көп еңбек сіңіріп жүр. Ол жырау туралы көлемді кітап та шығарды, ғылыми конференциялар ұйымдастырды.

Абай Бөлекбайұлы қандай Жоғары лауазымды қызметте болса да өзінің туған өлкесін, алғашқы білім алған алтын ұя мектебін ұмытпайды. Ол өзі оқыған Николаев орта мектебіне жиі қатынасып тұрады, ондағы оқушылар мен оқытушылар ұжымымен кездесіп, жағдайларын біліп, өзінің әскери қызметі туралы әңгімелесіп береді және мектепке оқу-техникалық құралдар, спорттық заттар, кітаптар сыйлайды. Облыс аудандарын аралап халықтың тұрмыс жағдайымен танысып, тәуелсіз еліміздің экономикасы мен Қарулы Күштерінің нығаюы туралы мысалдар келтіріп айтып береді. Бірнеше рет ол облыстық тарихи-өлкетану мұражайында болып, ондағы тәуелсіз Қазақстанға арналған жаңа экспонаттармен танысты, мұражай қызметкерлерімен кездесіп ризашылығын білдіріп, ақыл-кеңесін айтып кетті. Жерлестері оны келген сайын қуана қарсы алады. Өйткені оның бойында нағыз адал азаматқа тән: білімділік, іске әділеттілік, адамгершілік, қарапайымдылық, кішіпейілділік және ұлттық намыс пен ұлтжандылық сияқты ізгі қасиеттер мол.

Абай Тасболатовтың Отан алдындағы адал да жемісті еңбегі өзінің тиісті бағасын алуда. Ол «3-дәрежелі КСРО Қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін», 2-ші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Бүгіндері біздің даңқты жерлесіміз Абай Бөлекбайұлы Тасболатов Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде де ел үшін, халық үшін аянбай еңбек етуде.

«Солтүстік Қазақстан». 20.09.2011 ж.

БІЛГІР ЗАҢГЕР, ШЫНАЙЫ ПАТРИОТ
(Сабыр Қасымов - 60)

Президент Жарлығына сәйкес биылғы жыл ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы болып белгіленді. Ол «Бейбітшілік пен Жасампаздықтың 20 жылы» ұранымен өтеді. Осыған орай Тәуелсіздік жолында аянбай адал еңбек етіп, оның нығаюына үлкен үлес қосқан азаматтарды атап өткен жөн.

Сондай абзал азаматтардың бірі жуырда 60 жасқа толғалы отырған жерлесіміз, белгілі саясаттанушы, заң ғылымының кандидаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Сабыр Ахметжанұлы Қасымов.

Ол 1951 ж. 12 шілдеде Ресей Федерациясының Түмен облысының Сладков ауданындағы Менжинка селосында еткен ғасырдың 20-шы жылдарының соңында жазықсыз жер аударылған отбасында туған. Әкесі Ахметжан Қасымов, Ұлы Отан соғысының ардагері балаларына өзінің туған елі (қазіргі Тимирязев ауданындағы Құртай ауылы) туралы жиі айтып отырған. Ахметжан зайыбы Күләндам екеуі жеті бала тәрбиелеп өсірді. Олардың барлығы да ата-анасынан алған тәрбиесіне сай еңбекқор болып өсіп, еңбек жолдарын қарапайым жұмыстан бастады.

Сабыр бала кезінен ауыл өмірі мен ауыл еңбегін біліп өсті, мал бақты, шөп шапты, егін екті, астық орды. Орта мектепті бітіргеннен кейін өзінің ата жұрты Қазақстанға келді. Мұнда да ол алғашқы кезде еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастады. 1971- 1974 жылдары Алматы тоқыма фабрикасында жүкші, сол қаланың Ленин аудандық халық сотында курьер, 1974-1977 жылдары сондағы Октябрь аудандық халық сотында сот ісін атқарушы болып істеп жүріп, ҚазМУ- дің заң факультетін сырттай оқып бітіреді.

Бұдан кейін Сабыр Ахметжанұлы прокуратура органдарында еңбек етті, халық соты болып сайланды. Алматы облыстық партия комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлімдерінде нұсқаушы болды. 1988 ж. Мәскеудегі СОКП Орталық Комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясын тәмамдады. Сол Мәскеуде кандидаттық диссертациясын жемісті қорғап, заң ғылымының кандидаты атағына ие болды.

Осындай жоғары заңгерлік білімі мен мол тәжрибесі оның қызметінің жоғарлауына септігін тигізді. Ол Президенттік Кеңестің және Жоғарғы Кеңес терағасының кеңесшісі қызметін атқарды. Мемлекеттік құрылыс және заңнамалық мәселелермен айналысты.

Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында С.А.Қасымов ұлттық саясаттың саяси-құқықтық негіздерін жасауға, Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың тең құқын қамтамасыз ету үшін ұлттық нышаны бойынша ешкімді жәбірлеуге жол бермейтін заңдар қабылдауға тікелей араласты. Оның кәсіптік ойлары мен принципті кезқарасы елімізге бүгінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етіп отырған мемлекеттік саясатты құруға қосылған салмақты үлес болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының судьясы болып қызмет істеуі ең қиын кезеңге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына тұспа-тұс келді. Содан кейін бірінші сайланған Парламент тының депутаты болып тағайындалды.

Елбасының Парламенттегі өкілдігінің басшысы бола жүріп, заңнамалық парламентаризм институтының нығаюына барынша әсер ете отырып, мемлекеттік және қоғамдық өмірді демократиялық тұрғыдан орнықтыру, депутаттың статусы мен рөлі мәселелерімен айналысты.

С.А.Қасымов азаматтардың құқы мен бостандығы үшін заңдылық сақтау үшін ымырасыз еңбек еткен күрескерлердің бірі. Бойына туа біткен әділдік сезімі мен өзінің идеалдарына деген адалдығы оған ең күрделі деген мәселелерді түбіне дейін жеткізуге, ең қиын істерді шешуге мүмкіндік берді. Жақын достарының айтуынша, Сабыр Ахметжанұлы әрқашанда шындықты ғана айтады, тіпті сол шындықтың кесірі өзіне тиерін біле тұра алған бетінен қайтқан емес. Сондықтан да олар оны билік дәлізіндегі халық адвокаты деп те атайды.

Ол көп ұлтты Қазақстан халқының нағыз патриоты. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық комиссияларды басқарды, мүше болды. 1999-2004 жылдары Парламент Мәжілісінде Республика Президентінің өкілі болды. 2004 ж. мамыр-қараша айлары аралығында Солтүстік Қазақстан облысында заң департаменті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

Ол жазықсыз жапа шеккен мыңдаған адамдардыңжақсы

атына кір түспеуіне ықпал етті, өз халқына көп қайғы түсірген мансап пен саяси ұпай жинау үшін саяси құғын-сүргінге қатысқан көптеген жоғары қызметтегі шенеуніктердің кінәларын дәлелдеді.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына әділ баға беріп, жазықсыз қуғын-сүргінде қудалауға душар болған қазақ жастарын ақтап, кінәлі басшылардың бет-пердесін сыпырып, оларды әшкерелеу үшін Жоғары Кеңес еліміздің беделді, зиялы қауымы өкілдерінен комиссия (халық арасында «Шаханов комиссиясы» деп аталған) құрған болатын. Осы комиссияның құрамында болып, Сәкең езінің білікті заңгерлігімен, қара қылды қақ жарған әділеттілігімен көзге түскенін 2004 жылғы маусым айында Петропавлда сейлеген сөзінде әйгілі ақын, жазушы Мұхтар Шаханов зор мақтанышпен айтқан болатын. Ол бастаған топ Желтоқсан оқиғасын жан-жақты зерттеп, мыңдаған куәлардың сөздерін екшеп, он мыңдаған заңдық және саяси сараптамалар жасады. Білікті заңгер, әділет ғылымының кандидаты, Конституциялық Соттың судьясы Сабыр Қасымов ешкімнен тайсалмай барлық ауыртпалықты саналы түрде өз мойнына алған еді.

1987 жылы Колбиннің басқаруы тұсында қауіптілігіне қарамай қазақ мектептері мен бала бақшаларын ашуға қатысқандар және қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге атсалысқандар арасында да Сабыр Ахметжанұлы болды. Оның қолдауымен сол жылы Алматының «Ақсай-3» шағын мөлтек ауданында № 123-ші қазақ мектебі ашылды.

1991 жылы Жоғары Кеңестің Төралқасы өткен ғасырда бай-кулактарды тәркілеу, жаппай ұжымдастыру кезінде болған заңсыздықтарды саралап жария ету үшін комиссия құрған болатын. Оны академик Манаш Қозыбаев басқарған. Сабыр Қасымовтың бұл комиссиядағы қызметі туралы тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев 1999 жылғы 10-шы қыркүйекте «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Азамат абыройы адалдықпен асқақтайды» деген мақаласында: «Осы комиссияның жемісті қызмет атқаруына бір азаматтың жігерлі де сауатты әрекеті шешуші ықпалын тигізген еді. Ол азамат - комиссия мүшесі, сосын хатшысы ретінде басқарушының бірі Сабыр Ахметжанұлы Қасымов еді» - деген еді.

Сабыр Қасымов халқымыздың жазықсыз жапа шеккен адал азаматтарын ақтауға арнап көптеген зерттеу мақалалар

жазып баспасөз беттерінде жариялады. Мысалы, 2009 жылғы 15 желтоқсанда «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Азаттық азапкерлері мемлекеттік тұрғыда ақталуға тиіс» деген мақаласында ол:

«Шу дегенде біз ақтау жұмыстарына барынша белсене кірістік. Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жолында мыңцаған қылмыстық істерді қайта көтеріп, ондаған мың жазықсыз атылғандарды, сотталғандарды ақтау жөнінде Жоғарғы Кеңестің, Қазақстан Президентінің заң актілері қабылданды. Көптеген ғылыми конференциялар өткізіліп, жүздеген мақалалар жазылды. Жазықсыз құрбан болған арыстардың атына көше, ауыл, аудан атаулары беріліп жатты. Жоғарғы Кеңес Тералқасының комиссиясы Желтоқсан кетерілісіне де кеңейтілген құқықтық баға берді. Осылардың бәрі үлкен істер, оларды жоққа шығаруға болмайды», - дей келе, «қуғын-сүргінннің Қазақстанға қандай санаты тән екенін анықтау мен сарап- тау ісінде біржақты тәсілге жол берілген. Біздегі тәсілдер уақытпен шектеліп, тек 30-шы жылдардағы саяси қуғын-сүргіндерді ғана зерттеп, 20-шы жылдағыларға үстірт қараған» - деп көрсетеді.

Сәкең бұдан әрі «Алаш-Орда» әскері мен оның қарапайым мүшелерін ақтау туралы да бізде ешқандай заң актісі қабылданбағанын айта келліп, Солтүстік Қазақстаннан мысал келтіреді. Оның мәліметінше, Солтүстік Қазақстанда «Алаш» партиясының филиалын және Қазақ комитетін ашпақшы болған ниеттері үшін ғана 1940 жылғы бір іс бойнша Солтүстік Қазақстанда қуғынға ұшырап, артынан еш ақталмаған, есімдері әлі күнге қара тізімнен шықпаған адамдар көп. Автор солардың біразының аттарын атап көрсетеді. Олар: «Темірбеков Әбжан, Темірбеков Құсайын, Ахметов Байғазы, Мәліков Қайролла, Бөкетов Арыстан, Сағындықов Мәлгаждар, Сабыров Есімсейіт, Жандосов Садуақас, Бегішев Сейітқасым, Ибраев Мәулен, Белгібаев Қожахмет, Уәлиханов Махмет, Қоспанов Қошан, Омаров Жармантай, Бимурзин Әбілкәрім, Махметов Сәкен, Жандосов Мәжен, Айбасов Қапез».

Сабыр Ахметжанұлының ерекше бір қасиеті - қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі. Ол өзінің қоғамдық қызметін жарнамаламайды. Ол «Әр адам - өз елі үшін жанкешті патриот болады, кез-келген адам осындай қадам жасайды», - дейді. Осындай көзқараспен өмір сүріп жүрген

ол еш жерде кеудесін қағып, менменшілдік көрсетпейді, өзін өзгелерден биік ұстамайды. Соған қарамастан оның есімі зиялы қауым арасында да қарапайым халық арасында да зор ілтифатпен аталады.

Ол туралы әйгілі ақын, айтулы азамат Олжас Сүлейменов былай дейді: «Азамат, Күрескер, Саясаткер, Қайраткер, білікті Заңгер Сабыр Қасымов жемқорлыққа шатылмаған, адалдықты ұстанған, әділетті жақтайтын, имандылықты қадірлейтін қарапайым адам. Ол - халықтың танымал қорғаушысы. Зор рухты, жоғары адамгершілікті, биік парасатты жан. Мен бұған сан рет куә болғанмын. Біздің еліміздің заңнамалық қамалын жасай ала- тын және жасауға тиістілер - тек осындай адамдар!»

Сабыр Ахметжанұлының адал еңбегі өз бағасын алып келді. Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен адал құқық қорғау қызметі және елдің мемлекеттік және қоғамдық өміріне белсене қатысқаны үшін 1994 жылы С.А.Қасымовқа жоғары санаттағы заңгер мәртебесі берілді. Сондай-ақ 2002 жылы Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер атағын алды.

Сәкеңнің зайыбы Тұрсын Хамзақызы оқытушы. Балалары Әлен мен Аян ғылыми қызметкерлер.

Сабыр Ахметжанұлының өмірі мен еңбек жолы, оның Отан сүйгіштігі, халыққа қамқорлығы, қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі жастарға үлкен өнеге.

Сөз соңында ардақты Сабыр Ахметжанұлын алпыс жасқа толуымен шын жүректен құттықтап, оған мықты денсаулық, отбасымен бірге зор бақыт, шығармашылық еңбегіне мол табыс тілеймін.

«Солтүстік Қазақстан». 2011. 7 шілде.

ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ ЖОЛЫНДА
(Ажар Баешова)

Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданының шағын ғана Бағанаты ауылындағы Әбілтаевтардың жыпыр жыпыр он үш баладан тұратын отбасында Ажар деген қыз туғанда 1951 жыл еді. Бағанаты аядай екеніне қарамастан, атақты ауылдардың бірі. Ғұлама ғалым, химия ғылымының докторы Евней Арыстанұлы Бөкетов осы ауылда дүниеге келді.

Ажар сол ҚазМУ-дың химия факультетіне титтей де қиналмастан түсті. Университетті бітіргеннен кейін ол Қарағанды мемлекеттік университетіне жолдама алып, республика Ғылым академиясының академигі Евней Бөкетовтің басшылығымен сондағы аспиратнурада оқыды.

1986 жылы «Электрохимия» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Ажар Қарағанды мемлекеттік университетінде 17 жыл бойы проблемалық зертхананың аға ғылыми қызметкері, органикалық емес химия кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы қызметтерін атқарды. Университеттің қоғамдық өміріне белсене қатысып, өнертапқыштар мен рациоонализаторлар кеңесін, факультеттің әйелдер кеңесін басқарды.

Ажар Қоспанқызының тағдыры елдің тағдырындағы жарқын белестермен тамырлас. 1991 жылы жаңадан ұйымдастырылған Иассауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетіне шақырылып, доцент, кафедра меңгерушісі, декан ретінде экология факультетінің жалпы химия мен химиялық экология кафедрасының қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Дарынды маманның жемісті ғылыми ізденістері оның докторлық диссертациясынан көрініс тапты. 2002 жылы ол «Электрохимия үдерісінің технологиясы және таттанудан қорғау» деген тақырыпта докторлық еңбегін тамаша қорғап шықты. Профессор А.Баешова 200-ден астам ғылыми еңбек, соның ішінде 8 оқу және әдістемелік оқулық, 2 монография жариялады. Ол 2 кандидаттық және 10-нан астам магистрлік диссертацияларының ғылыми жетекшісі.

2003 жылы Ажар өзінің көп жылғы еңбегінің ең жоғары марапатына ие болды. Құдай қосқан жұбайы Әбдуәлі Баешов екеуі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарына ие болды. Ажар Қоспанқызы жоғары награданы ұжымның еңбегіне берілген баға деп есептеп, бұл ретте өзінің әйгілі ұстазын ілтипатпен еске алады. Ол Евней Арыстанұлы Бөкетовтің кәсіпқойлық, мақсаткерлік,

талап қойғыштық, адамгершілік, оппоненттің дұрыстығын мойындай білу сияқты қайталанбайтын қасиеттерін енді өзінің шәкірттеріне дарытуға тырысады.

Ол болашақ жұбайы Әбдуәлімен бірге ҚарМУ-дың аспирантурасында оқып жүргенде танысқан болатын. Евней Арыстанұлы болса екеуінің де ғылыми жетекшісі еді. Қазір Әбдуәлі Баешов - химия ғылымының докторы, 500-ден астам ғылыми еңбектің, 17-ті монография мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Иассауи атындағы Кентау институтының вице президенті, ректоры, директоры. Жоғары мектеп педагогикасына қосқан зор үлесі үшін Ы.Алтынсарин атындағы медальмен марапатталды. Сондай-ақ музыкатанушы, бірнеше күйлер мен әндердің авторы.

Евней Арытсанұлы Бөкетов оларға үлгі өнеге ғана емес, сонымен бірге күнделікті өмірдің бір бөлшегіндей болды. Академик қайтыс болғаннан кейін оның сүйікті шәкірттерінің бірі - Әбдуәлі Баешов өзінің кезекті ғылыми жаңалығын «Бөкетов-Баешовтың әдісі» деп ұстазының есімімен атады. Жоғарыларға жақпаған атақты академик құғын көріп жүргенінде осындай шешімге бару, әрине азаматтық ерлікке тең.

Ажар Қоспанқызы өмірдің әліппесін үйреткен ата-анасы туралы шексіз құрметін білдіріп, әрқашан мақтаныш тұтады. Әкесі Қоспан ақсақал қадірменді адам еді. Мағжанның өлеңдерін жатқа айтатын, көне аңыздарға жүйрік әкесі балаларының қиялын көкке шарықтатты. Шешесі Рақима болса бар ғұмырын балаларына арнаған адам болатын.

Ажар мен Әбдуәлі - өздері де бақытты ата ана. Қыздары Салтанат әл Фараби атындағы Ұлттық университеттің химия факультетінің түлегі, «Электрохимия» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Ұлдары Қаныш - экономист.

Ажар Қоспанқызы туған жеріне соққанда құр қол келмейді: ол университетте болып, жас ғалымдарға ақыл-кеңес береді, олардың өтініштерін тыңдайды, оқытушылармен әңгімелеседі. Жымиып тұратын, жігерлі, мұнаюды білмейтін және жауапкершілігі ересен Ажар - біздің мақтанышымыз және өз ұстазының ісін лайықты жалғастырушы. Оның еңбегі адамдардың игілігіне, түпкі нәтижеге, атап айтқанда, мемлекеттің экономикасын өрге бастыруға, жаңа технологияларды жетілдіруге арналған. Өзінің ғылымдағы жаңалықтарын өмірде жүзеге асырған бақытты ғалым.

«Солтүстік Қазақстан» 7.03.2005 ж.

ТАРИХЫҢА ТӘНТІМІН, ТУҒАН ЖЕРІМ! (Таңат Сүгірбаевтың «Ауылым аты - Баян» атты кітабы туралы)

«Әркімнің туған жері - Мысыр шаһары» деген екен атақты Сегіз сері. Сол айтқандай, менің Мысыр шаһарым - Баян. Ол - менің дүние есігін ашқан жерім. Баян қасиетті мекен, іргелі ел. Мен ол жердің, елдің қарапайым ғана перзенті екенімді кәдімгідей мақтан тұтамын. Мен туған өңір - киелі жер, құнарлы топырақ. Бүгінгі ұрпағы мақтан тұтар осы ауылда ірі тұлғалар өткенін де бүгінде ел біледі».

Облысымызға белгілі журналист Таңат Сүгірбаевтың жуырда баспадан шыққан «Ауылым аты - Баян» деп аталған кітабы осылай басталады. Кітапта ауыл тарихы, осы ауылдың адал қызмет еткен танымал тұлғалары жөнінде кеңінен баяндалады. Автордың көрсетуінше, қазіргі Баян ауылының тарихы сонау 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардың басынан басталады. 1929 жылдың жазында Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер атты 4 шағын ауыл бірігіп, Маса көлінің жағасында тұңғыш колхоз құрады. Сол жерге 150-дей шаңырақ қоныстанып, колхоздың атын «Бірлік» қояды. Алайда, бұл бірлік көпке бармайды. Бұрыңғы байлардың арандатушылық әрекеттерінен колхоз ыдырап, жаңа қоныста кедейлердің 15 шаңырағы ғана қалады. Осы 15 шаңырақты құраған кедейлер жалпы жиналыс ашып, қалайда колхозды сақтап, шаруашылықты ілгері бастыруға серттеседі.

«Колхоздың атын «Бірлік» қойғанымыз дұрыс еді, бірақ, байлардың қырсығынан бүлікпен тынды. Ендігі менің ұсынысым: колхоздың атын Баян деп атайық, дейді жиналыста сөз алған Қажымұрат Үмітбаев. - Анамыз Баян - Қантай атамыздың бәйбишесі. Сол анадан тараған біз бүгін теңдік алып, сол байдың жерінде жаңа өмір орнатып жатырмыз. Баян деген сөз, біріншіден, ертеде өткен анамызды еске салса, екіншіден, бұрынғыдан да баянды бірліктің жоралғысы болады». Бұл ұсынысты жиналған қауым түгел қолдайды. Осылайша колхоз да, ауыл да «Баян» аталады.

Содан бері Баян колхозы бірте-бірте нығайып, ауыл экономикасы мен мәдениеті ұдайы даму үстінде болды. Ауыл

шаруашылығы саласында қол жеткен табыстары үшін «Баян» колхозы 1939 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіне қатысып, бірінші дәрежелі диплом алады.

Кітапта автор баяндықтардың Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы еңбектегі және Отан қорғау жолындағы ерен еңбектерін көрсеткен. Колхоздың сол кездердегі басқармалары Қажымұрат Үмітбаев, Сексенбай Тұралин, ауылдық кеңес төрағасы Уақпан Тәжиннің, т.б. колхоз шаруашылығың экономикасы мен мәдениетін алға бастырудағы рөлін нақты деректермен дәлелдеген. Соғыс кезіндегі қиыншылықтар, талай ауыл боздақтарының елге оралмағаны да автордың назарынан тыс қалмаған.

Автор кітабында ауыл өмірін жан жақты көрсетеді. Мысалы, «Өнерлерімен көпшілік құрметіне бөленді» деген тарауда ауылдағы көркемөнерпаздар туралы айтылады. Әсіресе, Ишанғали Қасымов, Қуандық Қасымов, Серікбай және Кәрібай Құсайыновтар, Қайкен Баекин, Қуат Анафин, Сайран Тәжин сияқты өнерпаздар зор ілтипатпен аталады.

«Ел ағаларын еске алғанда» деген тарауда Социалистіек Еңбек Ері Құрманғали Сұрағановтан бастап, ауылдың бірсыпыра майталман еңбек адамдары сипатталады. Осы тарауда ауылдағы көп ұлтты отбасыларының тату тәтті өмір сүруінен мысалдар келтірілген.

«Алтын ұя - мектебім» аталған тарауда ауылдың тұңғыш мұғалімі, сонау 1922 жылдан бастап мектеп ашып, бала оқытқан Кәкім Иманов туралы, оның алдынан дәріс алып шығып, ауылды көркейтуге мол еңбек сіңірген азаматтар туралы әңгіме өрбиді. Кітаптың бірінші бөлімінде ауыл тарихы баяндалса, екінші бөлімінде ауыл тұрғындарының естеліктері берілген. Естеліктер авторлары осы ауыл тумалары: соғыс және еңбек ардагері Қайырбек Хамзин, дәрігер әрі ақын Марал Зейнел-Ғабиқызы, журналистер Байтұяқ Жанымбетов, Мұрат Нұрмұқанов, т.б.

«Ауыл азаматтарымен көрікті» бөлімінде Кеңес Ахметжанов, Абай Ахметжанов, Әскер Әбілов, Қуантай Әубәкіров, Әскер Әбілқайыров, Тілеген Жетеев, Асаубай Иманов, Таласбай Калин, Ишанғали Қасымов, Серікбай Құсайынов, ағайынды Қапезовтар, Әбдірахым Еламанов, Таңат Еламанов, Марат Еламанов, т.б. зиялы азаматтардың өмір жолы мен еңбектері көрсетілген.

«Баспасөз беттерінен» деген бөлімде академик жазушы

Сәбит Мұқановтың «Баян» колхозы»ғ жазушы Иван Шуховтың «Кремлевская телеграмма», Зейнел-Ғаби Иманбаевтың «Азамат», И.Өскенбаевтың «Кітапханашы Қайкен», Ә.Әбілқайыровтың «Ұстазым менің, ұстазым» т.б. очерктері мен мақалалар берілген.

«Ата-тегім, түп-тамырым» атты бөлімде Баян ауылы тұрғындарының (негізінен Қантай атасынан тараған ұрпақтар) шежіресі орын алған. Бұл шежірені жазғанда автор негізінен жүз жасаған Қалы Ералыұлы аталарының калдырған шежіресін басшылыққа алған. Мұнда Қантайдың 6 баласынан тараған ұрпақты қазіргі кезге дейін таратқан.

«Солтүстік Қазақстан» 8.10.2008 ж.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕГІ БОЛҒАНЫМА МАҚТАНАМЫН

1952 жылдың июнь айында Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданындағы Марьевка орта мектебін күміс медальмен бітірдім. Енді жоғарғы оқу орнына түсу керек. Бұл туралы көп ойландық. Мектепті бірге бітірген Қабдрахман Жарылғапов екеуміз ақылдасып сол кездегі астанамыз Алматыдағы С.М.Киров атындағы (қазір Әл-Фараби атында) Қазақ Мемлекеттік университетінің философия – экономикалық факультетінің философия бөліміне баруға келістік. Ақыры сол бөлімге қабылданып 1952 жылғы 1-ші қыркүйектен бастап студент атанып оқуға кірістік. Ол кезде факультет деканы Жеребятьев Федор Алексеевич деген кісі екен, өзі қазақпен қазақша сөйлейді.

Философия бөліміне түскен 25 студент ішінде қазақ, орыс, ұйғыр, дунган, украин, корей, т.б. ұлттар өкілдері болды және орта мектепті биыл бітіріп келген біздермен қатар әр салада қызметте болып келген 25-35 жастағы жігіттер де болды. Олардың кейбіреуі Ұлы Отан соғысына қатысқандар. 9-шы қыркүйекте І-ші курс студенттеріне арналған жиналыс болды. Онда Университет ректоры Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев «Моральный облик советского студента» деген

тақырыпта баяндама жасап, бәрімізді жоғарғы оқу орнына түсуімізбен құттықтап, сәт сапар тіледі.

Біз І-ші курста оқи бастағаннан-ақ кураторымыз Пак Петр Александрович деген оқытушы болды. Ол өте кішіпейіл, жылы жүзді адам еді. Бізге үнемі қамқорлық жасап, ақылын айтып жүрді. Алғашқы күндердің бірінде ол бізбен кездесуге осы философия бөлімінің 4-ші курс студенті (қазіргі академик) Жабайхан Әбділдинді шақырып әкелді. Жабайхан Әбділдин бізге ғылым туралы, әсіресе философия ғылымы туралы қызықты айтып берді. Арасында Маркстен, Лениннен, Гегельден, Канттан, Фейербахтан, т.б. ғылымның рөлі туралы және оны меңгеру туралы дәйексөздерді жатқа айтып бізді қызықтырды. Мен оның аузынан бірінші рет Маркстің «В науке нет широкой столбовой дороги. И только тот достигнет её сияющих вершин, кто, не страшась усталости, карабкается по её каменистым тропам» деген сөздерін естіп таңқалдым. Бұдан кейін біз философия ғылымын меңгеруге бар ынтамызбен құлшына кірістік. Бізге сабақ берген ғалымдардың дәрістерін ықыласпен тыңдап, көрсеткен әдебиеттерін кітапханадан тауып, конспектілер жасадық. Бізге диалектикалық материализмнан философия ғылымдарының кандидаты, доцент Дардыкин Николай Петрович дәріс оқыды. Басқа пәндерден - Жеребятьев Ф.А., Чечин, Бровер, Пуриц В.Н., Турсынбаев Әділ Турсынбайұлы, Әубәкіров Яхия Әубәкірұлы, Гильман, т.б. дәріс оқып, семинарлар жүргізді. Біз барлық пәндерге мұқият дайындалып жақсы оқыдық, зачеттар мен емтихандарды уақытында ойдағыдай тапсырдық.

Мен және тағы бірнеше студент (негізінен мектепті медальмен бітіріп келгендер) ылғи 5-ке оқып «повышенная» стипендия алып отырдық. Біз 3-ші курсты орталаған кезде философия бөлімі жабылып қалды да студенттер басқа факультеттерге ауысып оқуға мәжбүр болды. Қабдрахман Жарылғапов, Әбдірахман Масақбаевтар сол экономикалық факультетте қалды. Біраз студенттер филология т.б. факультеттерге ауысты. Біз бір топ студенттер (Сәрсенов Баймурат, Тойтелеев Әлирақым, Шәріпов Миғаш, Мұқанов Қайролла, Нүрпейісов Кеңес, Адамбеков Илья, Кишимов Тимур, Искаков Гегель) тарих факультетінің 3-ші курсына ауыстық. Онда біз Наубетьяров Ақлепес, Исаев Садыбай, Даулетьяров Кеңес, Әминов Әнуар, Бибатырова Ғайникен,

Бірбаева Гулбаһрам, Пильменштейн Рая, Стрельцова Клара, Петрухин Геннадий, Ділдебаев Кәрім, т.б. студенттермен танысып бірге оқыдық. Мұнда бізге Серовайский Яков Давыдович, Фришман Лия Семеновна, Дәрішев Байтұрсын Дәрішұлы, Қабиев Қайыргелдин, Жақыпбеков Серік, т.б. сабақ берді.

Дәрішев Б.Д. бізге жалпы тарихтан (всеобщая история) дәріс оқыды. Бұл кісі ешқандай ғылыми атағы болмаса да өте білімді оқытушы еді. Ол менің ғылыми жетекшім болды. Менің курстық жұмыстарымды жақсы бағалап, диплом жұмысымның тақырыбын өзі тағайындап берді. Сөйтіп, мен «Критика К. Марксом и Ф. Энгельсом позиции Англии в Восточном вопросе» деген тақырыпта диплом жумысын жаздым. Оны 1957 ж. 15 науырызда жазып бітірдім. Диплом жұмысын 5-ке қорғадым. Мемлекеттік емтиханды түгел 5-ке беріп келе жатып, тек дәл соңында «Новая и новейшая история стран зарубежного Востока» деген пәннен 4 алып қалдым.

Сол 1957 жылғы 7 тамызда Қазақ Мемлекеттік Университетінің тарих факультетін бітіргенім жөнінде дипломды алып елге, Солтүстік Қазақстанға аттандым. Петропавл қаласына келіп облыстық оқу бөліміне кіріп, Октябрь аудандық оқу бөліміне жолдама алдым. Аудандық оқу бөлімі мені тыңда орналасқан Хрущев совхозында жаңа ашылған Хрущев орта мектебіне жіберді. Сөйтіп еңбек жолымды осы мектепте тарих пәнінің оқытушысы болып бастадым.

Асқақ Алатаудың бауырындағы әсем Алматы қаласында оқыған 5 жылда талай адамдармен танысып, олардың бірқатарымен достасып кеттік. Сол кездегі астананың театрларында, музейлерінде, парктерінде, т.б. жерлерінде болдық. Қазақ опера және балет театрында «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», т.б. операларын тамашаладық. Маған әсіресе алғаш рет Дзержинский (Наурызбай батыра) көшесіндедегі сол кездегі Қазақ драма театрында Абай туралы спектакль көргенім аса зор әсер етті. Онда қазақ артистері тамаша ойнады. Әсіресе Абай мен Тогжанның кездескен тусы өте жақсы көрсетілді. Пьесаның соңында Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әні айтылып, көрермендерді баурап алды. Пьеса бітіп, жұрт тарағанда қазақ жастары (көпшілігі студенттер) көше-көшелерде кетіп бара жатып сол

әнді айтқандары осы күнге дейін есімде. Нағыз «Құлақтан кіріп, бойды алар» ән осылай тамаша әсер береді.

1957 жылғы 5 науырызда Сәбит Мұқановпен кездесу болды. Жазушы осының алдында Қытайда болып келгені туралы қызықты әңгімелеп берді. Сол жылы (нақты күні есімде жоқ) Мұхтар Әуезовпен кездесу болды. Ол өзінің Индияда болған сапары туралы көркем тілмен жақсы айтып берді. Сол жылғы 25 науырызда Ғылым Академиясының үлкен залында Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы туралы ғылыми конференцияда болдық. Онда қазақтың белгілі сыншысы Мұхаметжан Қаратаев өте мазмұнды тамаша баяндама жасады. Сол студент кезімізде 2 рет Пахта-Арал совхозына барып мақта жинадық. Осының бәрі біздің студенттердің көзқарастарын кеңейтіп, достығымызды нығайтып, елімізге, Отанымызға деген патриоттық сезімізді жоғары көтерді. Айта берсек 5 жылдық студенттік өмірде сабақтан басқа да қызықты жағдайлар көп болды. Оның бәрін түгел айтып жеткізу мүмкін емес.

Сөз соңында айтарым - сол кездегі Университетті бітірген түлектер еліміздің әр өңірінде, әр салада абыроймен қызмет атқарды. Мысалы, Кеңес Нүрпейісов – тарих ғылымдарының докторы, Гегель Исқақов – тарих ғылымдарының кандидаты, Илья Аданбеков – Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, партия қызметкері, Ғайникен Бибатырова – көп жыл комсомол комитетінің хатшысы, Ғылым Академиясында «Ғалымдар үйінің» директоры болды. Гулбаһрам Бірбаева – Жамбыл облысында аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Миғаш Шәріпов – мектеп директорынан Білім Министрлігінің бөлім меңгерушілігіне дейін жоғарлады. Қабдрахман Жарылғапов – сауда, қаржы салаларында басшылық қызметте болды. Мен – мектеп директорынан Солтүстік Қазақстан облыстық білім беру бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болып қызмет атқардым.

Қазір 1957 жылы Университетті бітірген түлектердің жасы 80-нен асты. Бәрі зейнеткер. Әттең бір сыпыра жолдастар дүниеден өтіп кетті. Тірілеріміз бір-бірімізбен кездессек, немесе хат арқылы телефонмен сөйлессек те сол студенттік жылдарды зор ілтипатпен еске аламыз. Шіркін, сол студенттік қызықты өмір-ай! –дейміз.

Біз университетті бітіргелі 58 жыл. Одан бері бұл

оқу орны, әрине, талаи түлектерді даярлап шығарды. Университеттің мәртебесі өсіп дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы университеттердің қатарына қосылды. Қазір бұл оқу орны Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті деп аталады. Біз ардагерлер риза болдық – бізді есте сақтап, университеттін 80 жылдығына орай бізге ректор Ғ.М.Мұтанов әл-Фараби атындағы алтын медальді тапсырған. Бұл іс-шара - жақсы белгі.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 19 наурызда Университеттің 80 жылға толуына орай құттықтап былай деген еді.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті – Қазақстандағы негізгі университеттердің бірі. Ол – ең ірі және алдыңғы қатарлы оқу орны. Биылғы жылғы оның құрылғанына 80 жыл толмақ. Осы уақыт ішінде оның қабырғасында қанша маман дайындалып қазіргі уақытта Қазақстанда қызмет етуде. ҚазҰУ түлектері үкіметте де, менің аппаратымда да, Парламентте де бар. Бүгінгі жоғары оқу орындарының студенттеріне қойылатын талаптар бұрынғыдан артты, сондықтан жаңа жағдайда университет үнемі өзінің бәсекеге қабілеттілігін күшейте отырып, біліктілігі жоғарғы кадрлар даярлауда үлгі болуы тиіс. Тек осы жағдайда университеттің мәртебесі арта түспек. Қазақ Ұлттық Университетіне еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы болып қалуына, отандық ғылым мен білімнің үздік дәстүрлерін сақтап, байыта түсуіне, ізгілік пен ағартушылық идеяларына қызмет етуіне тілектеспін!»

Міне, бұл Қазақ Ұлттық Университетіне берген жоғарғы баға және оның әрі қарай да еліміздің жоғарғы оқу орындарының көшбасшысы бола беруіне деген ізгі тілек пен талап. Мен осы университеттің түлегі болғаныма мақтанамын, оның елімізге қажетті білікті қадрларды даярлай беруіне тілектестік білдіремін.

«Қазақ университеті», Алматы. 12.01.2016 ж.

ӨҢІРІМІЗДІҢ ТАМАША ЖЫРШЫСЫ

Болат Сағындықовтың 80 жылдығына орай шығарған «Көңіл сыры» атты өлеңдер жинағына жазылған Алғы сөз

Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы Болат Мағазұлы Сағындықов облыс ауылшаруашылығын дамытуға мол еңбек сіңіргені баршаға аян. Сонымен қатар ол облысымызға белгілі айтулы ақын. Оның алғашқы «Алтын заң» атты өлеңі 9-класта оқып жүрген кезінде 1954 жылғы 5 декабрьде «Ленин туы» газетінде жарияланған болатын. Осы алғашқы жарияланған өлеңі қанат бітіріп әрі қарай жазуға жол ашқандай болады.

Өзінің айтуынша ол институттың 2-курсына дейін әр тақырыпта өлеңдерін газетте бастырып тұрған. Кейін жұмыс басты болып өлең жазуды қойып кеткен.

Ол тек зейнетке шыққаннан кейін ғана өлең жазуды қайта жалғастырған. Бөкең «Дала жыры» атты бірінші өлеңдер жинағында, «Өзімді ақын деуден аулақпын. Кәсіби ақын емеспін, Алланың берген нәсібі болар» деп ағынан жарылып, кішіпейілділік көрсетеді. Дегенмен, жазғандары азды көпті жинала бастағанда: «ескерткіш болар кітап шығарайын деп шештім. Көмекшім жұбайым Құннәр. Мән-мағынасын қадағалайтын, алып-қосары бар, компьютерде басатын да сол жан жолдасым». Байқап қарасақ, Құннәр тек көмекші ғана емес, ақын жұбайына шабыт беруші екенін де көреміз. Ақын осы жинақтағы «Алпыс бесте өлеңнен өрмек өрдім» атты алғашқы өлеңінде:

Алпыс бесте өлеңнен өрмек өрдім
Мен өлеңнің өріне өрлеп көрдім.
Болмасаң да ұқсап бақ деген бар ғой
Үлгі тұтып өлеңнің өрендерін.
Әттең-ай, өткір емес қаламым да
Жанымды азапқа тек саламын ба?
Жасымда жанбай жатып сөніп қалған
Шырақты қайта жаға аламын ба?
Жоғары ұстап атақты Адам деген
Қайсарлық мінезім бар анам берген.
Төселермін талпынсам жаза келе
Құдай шығар қолыма қалам берген.

Мазасыз ойымды алды өлең деген
Мен бе едім азабына көнем деген.
Тәуекел деп бел байлап жазып жүрмін
Үмітпен қызығынды көрем деген.
Ұрпағыма ескерткіш қалдырамын
Өзіме өлеңнен там салдырамын.
Мың ойлап, мың толғанып бір жазғаным

Сәтті шықса жайылып жадырармын - деп

өлеңге қайта келгенін зор қуанышпен айтады.

2006 жылы Болат Сағындықовтың «Ауыл жыры» атты екінші жинағы жарық көрді. Бұл кітапты ақын алдымен өзі туған «Бостандық» колхозының ұйымдасуы, оның алғашқы басшылары, алғашқы мектеп пен оның мұғалімдері туралы сөз қозғайды. Бұл еңбегін ол «Қарғыс атқан 1937 – 1938 жылдардың құрбаны болған әкесі Мағаз Сағындықұлына бағыштапты. Кітапта әкесі мен анасы туралы сағынышты өлеңдер бар. Туған ауылы «Бостандық» туралы тағы бірнеше өлеңдер берілген. Бұл өлеңдерде автор ауылға деген сағыныш пен бірге оның соңғы кезде құлазып, құрып бара жатқанына күйзеледі. «Ауылды қайткен күнде сақтап қалу керек» атты өлеңінде:

Ауыл біздің сүйікті Отанымыз
Ауыл жоқта біздің де жоқ сәніміз.
Ауыл бүгін жүдеп тұр өңі қашып
Қанырап қалар ма екен қотанымыз.
Бүгін менің мазалайды ойымды,
Мұнға толы сезім билеп бойымды
Келешексіз деген пәле табылып
Қандай қандай ауылдарым жойылды.
Қайткен күнде ауылды сақтау керек,
Бұл пікірді ел болып жақтау керек.
Ата жұртың қаңырап қалғанынша

Қалғып-шұлғып үн-түнсіз жатпау керек, - деп

күйзеледі, әрі қайткен күнде де ауылды сақтау үшін жай жатпау керек деп халыққа үндеу тастайды.

Бөкең «Жетпіс бес» деген өлеңінде өзінің 75-ке келгенін айтып өмірде адал болғанын, әлде де өмірін сәнді, мәнді болса екен деп армандайды:

Жетпіс беске жетіпті желіп жортып
Бұл белесті қарсы алам сезім толқып.
Төрттен үшін ғасырдың жолын өттім
Кез келді өткенімді алар қорытып.

Сақал шашты алды бүгін ақ қырау
Тізбектесе өткенді ұзақ жыр-ау.
Бала жастан қарттыққа, жеткенімше
Көз алдымда өткерген өмір тұр-ау.
Жолым адал, жат істен мүлде азатпын
Тамақ тоқ, көйлегім көк тап тазамын
Шабыт кеп шат-шадыман болса бойым,
Отырып азды-көпті жыр жазамын.
Бұйырса анам жасы сексенге кеп
Арманым бар аман-сау жетем бе деп.
Санаса да санаулы қалған жасым
Ойлаймын сәнді, мәнді өтсем бе деп.

Бөкеңнің жаңа шығып отырған төртінші кітабы «Көңіл сыры» деп аталған. Бұл жинақ туралы автор:

Осы жинақ көңілімнің сыры да
Жүрек жарып шыққан шындық жыры да
Тәуелсіздік таңы шашқан нұры да.
Әділ айтқан зілді ащы сыны да -

деп жинақтағы өлеңдердің мазмұның қысқаша айтып берді. Жинақ Қазақ елі, қазақ жері, қазақ туралы жазылған нағыз терең патриоттық өлеңдермен басталады. Мысалы, «Жасасын мәңгілік ел - Қазақ елі» атты өлеңінде:

Жасасын мәңгілік ел - Қазақ елі
Әлемнің жарқыраған гажап елі.
Көк аспанда шарықтап көк байрағы
Алашымның аңсаған азат елі - десе,
«Мақтанамын» деген өлеңінде:
Мақтанамын - Ұлы дала ұлымын,
Ұрпағымын қазақ деген ұлының,
Бүгін міне, тәуелсізідк таңы атты

Ұлықтадық Ұлы дала ұғымын - деп мақтанады.

«Қазақ жері - байырғы ата мекен» атты өлеңінде

Бабаларым қорғаған байтақ жерім,
Жазира жазығым, тау, асқар белім.
Әр шөкімін қан тамған топырағы
Төгілген сақтау үшін қазақ елін - дейді.

Ақын қазақ елін, жерін, ұлтын сүюді, қазақпын деп мақтануды ұрпағына, немересіне де өсиет қып айтады «сен қазақсын» деген немересімен әңгіме өлеңінде:

Сен қазақсын, мақтанып қой, құлыным,
Ұрпағысын қазақ деген ұлының.

Қазақ елі бар әлемге әйгілі,
Ұғып алғын ұлылығын ұлтыңның.

Санаға өшірілмес таңба салған зұлмат жылдарға арналған өлеңдерінде ақын сол кездегі саясатты, НКВД-нің қатал жауыздығын өткір сынайды. Мысалы, «Ұлы нәубет» деген өлеңін алайық:

Мына жер НКВД ғимараты
Тұрғанда жан түршігер қаралы аты.
Бұл тамұққа қамалып қиналғандар
Осы өңірдің мыңдаған азаматы.
Қайнап тұрды НКВД қазаны,
«Үштіктер-ақ» шығаратын жазаны.
Бірі атылса, біреуіне жазылды
Сталиндік лагерлердің азабы.
Біздің ғана бір өңірден кеткені
Анықталды 8 мыңға жеткені.
Айдалғандар, қашқындардың саны жоқ
Құғын-сүргін құрбандары еткені.
Тарихтың бұл нәубетін ұмытпайық,
Құрбандардың есімін ұлықтайық.
Егеменді ел болдық тәуелсізбіз,
Алапатты енді елге жуытпайық.
Ескерткіш қып қағайық алтын қазық,
Мәрмәрға мыңдардың атын жазып.
Кейінгі ұрпақ өзіне сабақ етіп,
Таусылмастай рухани алсын азық.

Болат Сағындықов құғын-сүргін құрбандарына ескерткіш орнатуға көп күш жұмсады. Ол облыста тұңғыш «Память» қоғамдық қорын құрып, көп жылдар бойы оны басқарып жүріп, ақыры Қызылжардың қақ төсіне, бұрыңғы НКВДнің ғимаратының орнына 1937-1938 жылдары репрессияға ұшыраған дарға арнап ескерткіш орнатуға басты ұйтқы болды. Бұл туралы ол «Мәңгілік із қалдырдым өз артымда» атты өлеңінде былай деп жазған:

Мәңгілік із қалдырдым өз артымда,
Өшпейтіндей сақталар қаз қалпында.
Құрбан болған аруақтардың есімі
Аманат боп тұрар ұрпақ алдында.
Он бір жылым мемориал салуға,
Тарихтағы нәубет есте қалуға,
Күш қуат пен білімімді арнадым

Халқымыздың рахметін алуға.
Жеті мыңнан асқан ата бабалар,
Еш жазықсыз құрбан болған аналар
Мәйіттері қай шұқырда қалғанын
Мұны бүгін қалған кімдер таба алар.
Құғын сүргін елімізді торлады,
Жазықсыздан халқым мыңдап сорлады.
НКВД жаналғыштың орнына
Сол нәубетке мемориал орнады.
Жеті мың да алты жүз он адамның
Қабырғаға есімдері жазылды.
Бұл ескерткіш көркі болып алаңның,
Еске салды абзалдар мен асылды.

Әке! Саған парызымды ақтадым,
Есімінді ұрпақтарға сақтадым.
Қолдан келген құрметімді көрсеттім,
Әттең ғана қабірінді таппадым.

Бөкең «Асыл мұра» орталығымен бірігіп «Ақталған есімдер» атты кітап та шығарды. Онда аталған қырғында апат болған жүздеген адамдардың есімдері зерттеліп жазылған. Онда аталған қырғында апат болған жүздеген адамдардың есімдері зерттеліп жазылған. Бұл кітап мың дана болып шығып бүкіл облысқа тарады.

Болат Мағазыұлы барлық кытаптарында қырғын-сүргінде қаза тапқан әкесі мен «халық жауының» зайыбы ретінде колхозда ауыр жұмысқа жегіліп өмірі бейнетпен өткен анасы туралы үлкен күйзеліспен және зор сағынышпен жазады. «Көңіл сыры» атты төртінші жинағында да «Қайран ана асылым» деген өлең бар:

Әкемді ажал алғанда,
Бір жаста жетім қалғанда,
Қайыспадың, сынбадың
Тағдыр жүгін алғанда.
Халық жауы зайыбы
Заманның салған айыбы,
Айдауда жүрдің аяусыз
Мұрттының болмай қайыры
Жаз түссе қой бағасың,
Алыстың жайлап даласын
Жат жерде жүрдің зар жылап,
Жаза алмай жүрек жарасын.

Ақын шығармаларының айтарлықтай бөлімі арнау өлеңдермен жалғасады. Бір топ өлеңдері балаларына, немере-шөберелеріне, туыстарына, дос-жаран, жолдастарына арналған.

Айтылған кітаптардың бәрінде автормен бірге қарап мәтінін компьютерде басып шығарып баспаға дайындайтын ақынның сүйкті жұбайы Күннәр Жұқышқызы екен. Ол және ақын жұбайын әрқашан демеп, шабыт беріп, оның шығармашылығының өркендеуіне көмек көрсетіп отырады. Бөкең де оның осындай еңбегін бағалап, оған арнап бірнеше өлеңдер шығарыпты. Солардыг кейбіреуінен үзінділер келтірейін. «Сен болмасаң» атты өлеңінде:

Сен болмасаң мен осылай жүрер ме ем,

Көңілім тоқ, бақытты өмір сүрер ме ем.
Жан шуағын маған құат бермесе,
Осы жасқа келгенде мен түлер ме ем.
Сен болмасаң көңілімді кім табар.
Сен болмасаң шөгірімді кім алар.
Ұмытқанды, ұқпағанды түзетіп,
Мезгілінде оны есіме кім салар.
Бүгін, міне, қатарымнан қалмаймын,
Қайраттымын, шаршамаймын, талмаймын.
Тәубе деймін Күннәрімнің жанында
Жайлы жазда жаңа атқан таңдаймын.
«Күннәрім» деген өлеңнінде:
Күннәрім - соққан жүрегім,
Өзіңмен қайта түледім.
Жанында сенің жадырап,
Жайылып, жайнап жүремін.
Мықтымын, жаным, сен барда,
Өзіңе келер тең бар ма.
Дүниеде бүгін аз емес,
Зар болған сендей әз жанға
«Күннәрімсің күнімсің» деген өлеңінде:
Құдай берген жарымсың,
Кеудемдегі жанымсың,
Дүние боқ не керек,
Байлығымсың, барымсың.
Күннәрімсің күнімсің,
Солмайтын мәңгі гүлімсің
Жазғанымды жарыққа
Жария етер үнімсің, -

дейді Болат ақын бар көңілмен жұбайына ризашылығын білдіріп.

Сөз соңында жас ұрпаққа үлгі боларлық тамаша шығармалар жазған Болат Мағазұлын сексен жасқа толуымен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, сүйікті жұбайы Күннәрмен бақытты өмір сүріп, шығармашылық табыстарға жете беруіне тілектестік білдіремін. Шабытыңыз шарықтап, өлең-жырларыңыз көбейе берсін.

АЛҒАШҚЫ «АЙҚАПТЫҢ» СОЛТҮСТІК ӨҢІРДЕГІ ТІЛШІЛЕРІ

Бұдан 105 жыл бұрын Троицк қаласында белгілі ұстаз, ақын, жазушы, журналист Мұхаметжан Сералиннің ұйымдастыруымен әрі редакторалығымен тұңғыш рет қазақ тілінде «Айқап» журналы шыға бастап еді. 1911 жылғы январьдан 1915 жылдың сентябрьне дейін журналдың 88 саны шыққан екен. Осы аралықта журнал халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, әдебиетіміз бен мәдениетімізді насихаттап таратуда елеулі рөл атқарғаны белгілі.

Журналда еліміздің саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жайларынан көптеген мақала, хабарлар жарияланып, басылым сол кездегі көкейтесті мәселелерді шамасынша көтеруге, халыққа таныстыруға тырысты. Жер мәселесі де журналдың назарында болды. Қазақ елі отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен шұғылданса, өнер-білімге жол ашылып, мектеп салуға, емхана ашуға мүмкіндік туатыны жан жақты сөз болады. Журналдың көп көңіл бөлген тақырыбының бірі -әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселесі еді. Журнал казақ тірішілігіндегі әдет-ғұрыптың кемшіліктерін сынай отырып елді жаксылыкка, озык ойға, жаркын болашакка шакырды.

Жалпы алғанда журнал казак елін білімге, өнерге шакырды, окыту сапасын жаксарту мен білім беруді білікті программаға сүйене отырып жүргізу керектігін сөз етті. Қазақ шәкірттерінің хал-жағдайының тым нашар екендігіне тоқтала отырып, бұл басылым оларға көмектесуге шақырған көптеген мақалаларды жариялап отырды.

Журналға Қазақстанның әр өлкесінен мақалалар, хабарлар көптеп келіп жатты. Солардың ішінде солтүстік өңірден (сол кездегі Ақмола облысы Петропавл уезінен) де зиялы азаматтар мақалаларын, өлеңдерін жіберіп жариялатып тұрды. Солардың біразын келтіре кетейін.

Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген жас ақын Мағжан Жұмабаев журналдың 1911 жылғы санында «Жатыр» атты толғау өлеңін бастырған. Өлеңнің бастапқы шумақтары мынадай:

Басқа жұрт аспан көкке асып жатыр,
Кілтің өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.

* * *

Таласып өнер-білім алып жатыр,
Күнбе күн алға қарай барып жатыр.
От жегіп, көкке ұшып, суда жүзіп,
Тәңірінің рахметіне қанып жатыр.

* * *

Ойламай біздің қазақ текке жатыр.
Бір іске жанаса алмай шетте жатыр.
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң
Қазағың таңқаларлық кепте жатыр.

* * *

Байларың мыңды айдаған шалқып жатыр,
Бар малын болыстыққа сарқып жатыр.
Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіру,
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.

* * *

Жас ақын (18 жаста) бұл өлеңінде қазақ елінің басқа елдерден артта қалғанын суреттеп, қазақтың аянышты халін көрсетеді. Ол журналдың сол 1911 - жылғы сандарында «Шын сорлы» (қазақ әйелінің аянышты халі), «Күз күні» (суық күздің бейнесі мен қартайған кісінің бейнесін салыстырған) атты өлеңдерін жариялаған. 1912 жылы оның «Жазғытұры», «Бұлбұл» атты өлеңдері мен «Дала, қала» деген әңгімесі де осы журналда шыққан. Мағжан бұл әңгімесінде дала мен қаланың кейпін суреттей отырып, әрқайсының жақсы жағы мен кемшіліктерін көрсеткен. Даланың тамаша табиғатын суреттесе, қалада өнер, білім, оқу барын көрсеткен.

Онда автор: «Бұл күндерде бізден басқа халықтар бәрі де оянып, не нәрсе өзіне пайдалы, не нәрсе зиянды, соның себебіне кірісіп, пайдалы жағын ұстап, зиянды жағынан безіп жатыр. Біздің қазақ өз қызығында жүр. Кәнеки, біздің қазақ жер-судан айырылып қалса, не күн көрмекші? Соның үшін әркімге керекті, керексізді білуге біздің жұртта құрал жоқ. Біз алдымен сол

құралға жабысуымыз керек. Ол құрал - ғылым, білім. Пайдаға жабыстырып, зияннан кашыруға себеп болған сол ғылымды келетұғын заманда өзімізге құрал қылуға бір жол бар. Ол жол - шамамыз келгеніміз балаларымызды қолын жеткізіп оқыту керек. Сол оқу, білім құралыменен құралданған соң ешкім үйретпей-ақ өз бағдарын біледі», - дей келе ол қазақ арасындағы оқу оқыту ісін дұрыс жолға қою керектігін, орыс тілінде оқудың пайдасын айтады, бірақ ана тілін ұмытпау керектігін ескертеді.

Журналдың 1912 жылғы № 2 санындаҒ.Мәмековтың «Ғұмами бір маслихат» атты мақаласы шыққан. Онда автор жер мәселесіне тоқталған, отырықшы болудың пайдасын сөз еткен. Қазақ елінің артта қалғандығын орыс тіліндегі мәліметтерден мысал келтіріп жазған. Татар елі мен қазақ елін салыстырған.

Журналдың 1913 жылғы № 2 санында шыққан «Өлең-жырларымыз туралы» деген мақаласында автор қазақ тілі туралы айта келіп, өлең жырларды бастырып шығару керектігін сөз еткен және қазақ тіліндегі афоризмдер туралы жазған.

Кезінде Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген, Алаш партиясының мүшесі болған, Кеңес үкіметі уақытында мектепте бала оқытқан, болыстық атқару комитетін (волисполком) басқарған. Бірақ 1929 жылы бай адам ретінде тәркіленіп Қарақалпақстанға жер аударылған, тек 1956 жылы ғана ақталып елге оралған. Кейін Оңтүстік Қазақстанның Шәуілдір қаласына қоныс аударып, сонда 1967 ж. 80 жасында қайтыс болған Әбуһайра Жұсыпов та қиын тұрмыстағы халқына жаны ашып, сол тұстағы «Айқап» журналына проблемалық мақалалар, өлеңдер жазып тұрған.

«Айқаптың» 1911 жылғы 3-нші санында басылған «Көңіл тілегі» деген өлеңінде:

Ер болсаң пайдалы бол бірдей көпке,
Ел қамын ойлайтұғын жатпай текке.
Халыққа жан аямай қызмет етіп
Әліңше білгеніңмен сен де есепке.

Нұрландыр ғылым шашып жатқан жұртты
Ұрығын білімнің салып ек те.
Бейнетпен аздап тапқан алтыныңды
Құр бекер ысыраптап жерге төкпе.

Төксең төк, орнына төк білдір жұртқа,

Ағартып милләтіңді көтер көкке.
Білгендер білімінің арқасында
Өрмелеп ұшып жүр ғой аспан көкке.-

деп қазақтың оқыған азаматтарын халыққа қызмет етуге, оны ағартып санасын көтеруге шақырады.

Журналдың 1911 жылғы № 5 санында «Оқыту жайында шариғат не айтады?» деген мақаласында діннің оқуға, білім алуға қарсы еместігін сөз етсе, сол жылғы № 7 санындағы «Тағы да жер хақында» атты мақаласында жер туралы әртүрлі пікірлерге тоқтала отырып, отырықшылыққа көшуді жақтаған. Журналдың 1913 жылғы № 2 санында «Көшу турасында» атты мақаласында жақсы, жайлы қоныс іздеп көшушілерге қарсылығын білдіреді. Ел тұрмысын жөндеу үшін көшудің орнына қазаққа оқуға, білімге ұмтылу керек дейді. Сол жылғы № 4 - 5 сандарда шыққан «Керекті өтініш» деген мақаласында қазақ тілін басқа тілдерден енген сөздермен шұбарлауға қарсылығын білдірген.

«Айқаптың» белсенді тілшілерінің бірі халық жанашыры Ахмет Жанталин. Ахмет Жанталин Троицк қаласындағы «Расулия» медресесін бітірген зиялы азамат. 1908 ж. ол өз ауылында өз қаражатына қазақ балаларына арнап орысша қазақша мктеп ашқан. Оны бітірген біраз түлектер кейін алашқа қызмет еткен. А.Жанталин Алаш партиясының құғын-сүргін кезінде елден шығып Ресейдің Түмен облысына қоныс аударған. Сол жақта қайтыс болған.

Ол журналдың 1912 жылғы бірнеше санында «Күнелтуіміз турасында» атты мақала жариялаған. Оларда қазақ елінің отырықшылыққа қарсы пікірлерін жазған, отырықшылыққа көшу туралы мәселе көтерген. Журналдың 1913 жылғы № 7 санында шыққан «Көзімізді ашу турасында» деген мақаласында қазақ елінде оқыту ісі туралы тоқталып, мәдениеттің артта қалу себептерін басқа елдермен салыстырып көрсеткен.Журналдың 1914 ж. 8-ші санында ол жер бөлу туралы өз ойымен бөліскен.

«Айқаптың» белсенді тілшілерінің тағы бірі Байбатыр Ержанов Құлақбаев. Ол туралы академик жазушы Сабит Мұқанов өзінің «Бостандық туы» газетінің редакциясында секретарь (хатшы) болып істеген кезі туралы жазған естелігінде былай дейді:

«Жас жазушылардың Қызылжарда тұратындары 1925 жылдың күзінен бастарын қосып әдебиет үйірмесін жасады. Басқарушысы мен болдым... Совет партия мектебінің, педагогикалық техникумның, «Ақтас» аталатын қазақ орта мектебінің қасында әдебиет үйірмелері ашылды. Совпарттың

үйірмесін мен басқардым, техникумның үйірмесін Мәжит Дәулетбаев басқарды, «Ақтастың» үйірмесін сол мектепте әрі меңгеруші болған, әрі - тіл, әдебиет сабағын оқытатын, революциядан бұрын «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде өлең, фельетондары басылған, «Тұр, қазақ!» деген есіммен өлеңдер жинағы шыққан, «Бостандық туына» да мақалалар, фельетондар жазатын, ұсақ пьесалары клубтарда қойылып жүретін Байбатыр Ержанов-Құлақбаев». (Сәбит Мұқанов. «Есею жылдары», Алматы, 1964, 189-190 беттер).

«Айқаптың» 1911 жылғы № 7 санында Байбатыр Ержанов-Құлақбаевтың «Бір қазақ қызы» атты фельетоны басылыпты. Онда ескі әдет-ғұрыптың шырмауынан шыға алмай, сүймеген адамға малға сатылған қыздың аянышты халі мен зары берілген. Ұзақ өлеңмен жазылған фельетонын автор былай аяқтаған:

«Осыны ойландаршы, ағаларым,
Ғақылмен жұрт билеген даналарым.
Жігітке қарамай малына қарасаңыз
Түспей ме көп қорлыққа балаларың».

1913 ж.журналдың 24-нші санында Байбатырдың «Әй, күнелту» деген өлеңі басылған. Онда опасы жоқ, бейнетті көп өмір туралы айтылған. «Айқаптың» 1914 жылғы 5 санында Байбатырдың бірнеше мақаласы мен өлеңі шығыпты. «Бозбалаларымыздың түрі» деген мақалада кейбір қазақ жастарының еңбексіз, білімсіз, ел қыдырып, уақытын босқа өткізіп, білімге, еңбекке ұмтылмайтындығын Құрмаш деген жігіттің мағынасыз өмірінен мысал келтіріп көрсеткен.

«Біздің жайлар» деген мақалада қазақ елінің оқу ағарту мәселесі, шариғат заңы туралы пікірін жазған. «Мұқтаждық» деген өлеңінде өмір тартысы, жоқшылық туралы айтылған. «Жаңбырлы дауыл» атты өлеңінде дауылды жоқшылыққа теңеген. Жоқшылықтың бұлттай аумалы төкпелілігін бейнелі түрде жеткізген.

Тағы бір жерлесіміз Шоқаев Ғабдолла «Ғалия» медресесін бітіргеннен кейін көп жыл Солтүстік Қазақстан (бұрынғы Ақмола облысы) Петропавл уезінің қазақ ауылдарының мектептерінде мұғалім болып бала оқытты. Көптеген жастарға білім берді. 1949 жылыоның көп жылғы ұстаздық еңбегі бағаланып Ленин орденімен наградталды.

«Айқап» журналында 1913 ж. оның екі мақаласы жарық көрді. Басқармаға келген хаттар айдарымен шыққан мақаласында ол дәрігер емінің пайдалы екенін дәлелдеп жазған «Қазақтың білім өнерімен жұрт қатарына кіру турасынан бір екі сөз» деп аталған

мақаласында қазақ елінің оқу ағарту жұмысы артта екендігін атап көрсеткен.

1915 жылдың сентябрьінде «Айқап» журналы қаражаттың жетіспеушілігінен және патша үкіметінің қыспағынан жабылып қалды. Тек еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақтың асыл азаматы, көрнекті жазушы, қоғам қайраткері, баспасөз жанашыры Қоғабай Сәрсекеевтің ұйымдастыруымен «Айқап» қайта шыға бастады. Бірақ ол кісі қайтыс болғаннан кейін журналдың шығуы тоқтап қалған еді.

Биылғы (2016 ж.) сәуірден бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры академик Ғ.М.Мүтәновтің бастауымен «Айқап» осы университет қабырғасында шыға бастады. Журналдың ақылдастар алқасына еліміздің белгілі жазушылары, ғалымдары, қоғам және мемлекет қайраткерлері кірген. Сонымен бірге бірнеше шет елдердің зиялы өкілдері де кірген. Бұл журналдың әлемдік деңгейде шығатынын білдіреді.

Журналдың жаңа шыққан бірінші саны академик Ғ.М.Мүтәновтің алғы сөзімен ашылған.

Онда мынадай лебіз айтылған:

«Қысылтаяң тұс, қытымыр кезеңде ұлтқа таяныш болған басылымды шығаруды жалғастырып, оны болашақ көшіне ілестіру - жекелеген ұйымға, тұлғаға ғана емес, ұлтқа сын. Сондықтан да жауапкершілік жүгін, парыз пайымын зерделей келе журнал жұмысын ұлттық ғылым мен білімнің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қолға алып отыр. Мұндағы мақсатымыз - «Алаш баласы, жұрт қызметіне кіріс» деп Әлихан Бөкейханов айтқандай, жауапкершілікті сезіне отырып, сындарлы кезеңде ел болашағына алаңдайтын азаматтардың сөзі мен ісін, ой-қимылын Қазақстан халқына қызмет етуге жұмылдыру болып табылады».

Бір кезде «Айқап» журналында қазақтың зиялы тұлғалары қазақ балаларын оқытып, сауатын ашып, білім беруді армандаса, енді міне, Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағында қайта шығып отырған жаңа «Айқапты» Қазақстан ғалымдары мен жазушылары, ел қайраткерлері өздерінің озық ойларымен бөліседі, еліміздің экономикасы мен мәдениетін көтеруге атсалысады. Бұл биыл 25 жылға толғалы отырған еліміздің Тәуелсіздігінің жемісі деп білеміз.

Мен осы университетің түлегі ретінде бұған әрі қуанамын, әрі мақтанамын.Тәуелсіздігіміз де, жаңа «Айқап» та мәңгі жасасын!

«Айқап» журналы, Алматы. № 2, 2016 ж.

ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВ
(Қысқаша өмірбаяны)

Қайролла Мұқанов Мұқанов 1932 жылдың 26 қыркүйегінде бұрыңғы октябрь (қазіргі Тимирязев) ауданындағы «Ынтымақ» ауылында туған. Ауыл бастауыш мектебін қазақ тілінде соғыстың қайнап тұрған кезінде 1942 жылғы жазда бітірді. Әкесі және оның үш інісі бірдей әскерге және әскери зауытқа жұмысқа алынғаннан кейін отбасында тек кәрі әжесі мен жеңгесі қалды. Тұрмыс қиын болды. Жақын жерде қазақ орталау не орта мектебі болмады. Осындай қиыншылықтарға байланысты ол бір жыл ешқайда оқи алмады. Тек 1943 жылы наурыз айында әкесінің інісі Хамза әскерден жараланып келгеннен кейін ғана оқуға мүмкіндік туды. 1943-1944 оқу жылының басында Хамза ағасы оны жақын жердегі (7 км). Дмитриевка селосындағы орыс жетіжылдық мектебіне оқуға орналастырды. Ол кезде жасөспірім Қайролла орыс тілін мүлде білмейтін еді, сондықтан оны мектеп басшылары 2-ші сыныпқа отырғызды. Алғашқы кезде тіл білмегендіктен біраз қиыншылықтар болды. Кейін ол тілді меңгеріп жақсы оқи бастады. Барлық қиыншылақтарға қарамастан 1949 жылы осы мектепті жақсы бітіріп, сол кездегі Октябрь ауданының

орталығындағы Марьевка орта мектебіне оқуға түсті. Бұл мектепті күміс медальмен тәмамдап 1952 жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров (қазір әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің философия бөліміне оқуға қабылданды. 3-ші курста бұл бөлім жабылғаннан кейін сол университеттің тарих факультетінде оқуын жалғастырды. 1957 жылғы жазда осы факультетті тәмамдап елге оралады.

Еңбек жолын Қайролла Мұқанұлы Октябрь (қазіргі Тимирязев ауданында) тың игеру кезінде жаңа құрылған Хрущев (кейін «Восход» совхозы деп аталды) совхозының орта мектебінде тарих пәнінің оқытушысы болып бастады. Келесі 1958-1959 оқу жылы сол мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалды. 1959 жылдың тамыз айында Октябрь аудандық оқу бөлімі (меңгерушісі В.Д.Кузнецов) оны сол ауданындағы (қазір Шал ақын ауданы) Городецкий сегізжылдық мектебіне директор етіп жіберді. Городецкое үлкен село болғанымен мектебі нашар екен. Ескі мектептің жанынан саман кірпіштен жаңа мектеп салынып жатыр екен. Екі ай бойы құлағалы тұрған ескі тар мектепте жұмыс істеуге тура келді. Әйтеуір қараша айында жаңа мектеп дайын болды. 1967 жылы сегізжылдық мектеп орта мектепке айналды. Қайролла Мұқанов осы мектепті 12 жыл басқарды. Мектеп аудан ішінде абыройлы болды. 1971 жылдың 10-шы желтоқсанында Қайролла Мұқанұлы Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалды. Осы қызметте ол үздіксіз 23 жыл істеді. 1995 жылдың басынан бастап 6 жыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында әдіскер әрі аға оқытушы қызметін атқарды.

Қайролла Мұқанұлы 1993 жылы зейнеткерлікке шықса да жұмыссыз қарап отырмады. 2001 жылғы 1-ші ақпаннан бастап осы күнге дейін Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының жанынан құрылған «Асыл мұра» ғылыми-зерттеу орталығында белсенді қызмет істеп келеді.

Қ.Мұқанов негізгі қызметімен қатар көптеген қоғамдық жұмыстар атқарды. 1972-1995 жылдары – үздіксіз Халық ағарту ғылым істері жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ комитетінің Президиумының мүшесі, Облыстық атқару комитетінің жанындағы байқау комиссиясының, Облыстық табиғатты қорғау қоғамы Президиумының мүшесі

болды. 1992 жылдан бастап осы күнге дейін облыстық ардагерлер Кеңесінің мүшесі, 1990 жылдан 2005 жылға дейін облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасының орынбасары, 1995 жылдан осы күнге дейін облыстық Сәбит Мұқанов атындағы әмбебап кітапханадағы өлкетанушылар клубының мүшесі болып істеп келеді. Соңғы жылдары ол Петропавл қалалық ономастикалық комиссиясының мүшесі болды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 90-шы жылдардың басында Қытай мен Монголиядан келіп біздің университетке түскен орыс тіліне шалағай студенттерге, сонымен қатар жергілікті студенттердің бір тобына 2 жылдай Қазақ КСР тарихынан қазақ тілінде дәріс оқыды. Бірнеше жыл тарих факультеті студенттерінің білімін байқау үшін университетте өтіп жататын ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып баяндамалар жасап, басқа да әртүрлі маңызды шараларына белсене қатысты. Ол осы күнге дейін университетпен байланысын үзген жоқ.

Қ. Мұқанов сонау 1943 жылдан бері аудандық, облыстық, республикалық газеттерге әр тақырыпта мақалалар жазып келеді. Ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін әсіресе өлкетану жұмысымен көбірек айналысуда. Өзіміздің Солтүстік Қазақстан өңірінің атақты адамдарының өмір жолын зерттеп, материалдар жинап баспасөз бетінде жариялаумен шұғылданады. Ол үшін Солтүстік Қазақстан облыстық, Алматыдағы Орталық республикалық және Омбы, Тобыл қалаларындағы мұрағаттарды зерттеп көптеген құжаттарды саралап бірсыпыра бұрын белгісіз болған материалдар жинады. Сонымен қатар өлкеміздің зиялы қарт адамдарымен сұхбаттасып, олардан да біраз тарихи материалдар, естеліктер, шежіре т.б. жазып алды. Оның үстіне көптеген кітаптардан, газет, журналдардан да қажетті материалдар жинады. Соларды пайдаланып, баспасөз беттерінде қазақ, орыс тілдерінде көптеген мақалалар жариялап, бірнеше кітаптар шығарды.

Қ. Мұқанов әріптесі Социал Жумабаев екеуі бірігіп атақты жерлесіміз Тоқсан би туралы, революционер Баймағамбет Ізтөлин туралы («Арманды ақын»), Барлыбаевтар әулеті туралы («Бір әулеттің тарихы») кітап шығарды. Ал марқұм Ғалым Қадірәлинмен бірігіп Қазақ КСР-на еңбек сіңірген ұстаз Шияп Садықов туралы, белгілі оқытушы Қайреш Қоспанов туралы, бұрыңғы «Союзцелинвод» тресінің бастығы Қаттай Кенінбаев туралы кітаптар шығарды.

Бұларға қоса үшеуі бірігіп Сегіз сері Шақшақовтың 2 томдық, Қожаберген жыраудың бір томдық шығармалар тағы басқа кітаптар шығарды.

Қ.Мұқанов жеке өзі өлкеміздің зиялы азаматтарының бірі Абылай қажы Рамазанов туралы («Елін сүйген азамат»), Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз Қағида Базарбаева туралы («Ұлағатты ұстаз»), Қызылжар қаласындағы қазақ педагогикалық техникумының тұңғыш директоры, «Алаш» партиясының мүшесі, журналист, дәрігер Жұмағали Тлеулин туралы орыс тілінде («Жумагали Тлеулин – деятель Алаш Орды»), өзінің туған ауылы туралы («Ынтымақ ауылы»), өңіріміздегі қыздардың арасынан алғаш жоғары діни білім алған, бірақ сол кездегі байлардың зорлығымен арманына жете алмай қыршынынан қиылған Ұсын сұлу Жұсыпқызы туралы («Ұмсын сұлу»), өлкеміздің белгілі зиялы азаматтары туралы («Өлке тұлғалары»), т.б. кітаптар шығарды.

Қ.Мұқанов облыс мектептері мен халықағарту органдарында жалпы алғанда 44 жыл еңбек етті. Ол осы уақыт аралығында халық ағарту ісінде көрсеткен жетістіктері үшін көптеген медальдармен, ордендармен, мақтау қағаздармен, құрмет грамоталармен марапатталған. Солардың ішінде – «Құрмет белгісі» орденімен, В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған медалімен, Ыбырай Алтынсарин медалімен, «КСРО халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» белгілерімен, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің, Қазақ КСР халық ағарту министрлігінің, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің Құрмет грамоталарымен, 2005 жылы «Жеңіске 60 жыл», «Қазақстан Конститутциясына 10 жыл», «Жеңіске 65 жыл» медальдарымен, 2009 жылы қыркүйекте академик Е.А.Бөкетовтың әдеби және ғылыми еңбектерін насихаттап, халыққа кеңінен түсіндіріп таратқаны үшін Е.А.Бөкетов атындағы сыйлыққа ие болып, арнайы дипломмен және медальмен, Құрмет грамотасымен, 2011 жылы ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төс белгісімен марапатталды.

2008 жылы ол атақты жерлесіміз әйгілі ақын Мағжан Жұмабаев туралы «Ақын ізі» («След поэта») атты зерттеу еңбегін баспадан шығарды, қазіргі кезде облысымыздың халық ағарту ісінің тарихын зерттеумен айналысуда. Сонымен қатар ағымдағы баспасөз беттерінде әр тақырыпта,

әсіресе «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мақалалар дайындап жариялауда.

«Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясына» өңіріміздің «йгілі азаматтары ж»не елді мекендері мен аудандары туралы 90-ға жуық мақала мен очерктер жазды. Қайролла Мұқанұлы осы энциклопедиясының редколлегия мүшесі. «Трагедия и прозрение», «Возвращенные имена», «Золотая книга целины – 50 лет» кітаптарда, «Сарыарқа», (Жаңа Сарыарқа», «Нива», «Провинция» журналдарында оның мақалалары басылған болатын. Сәбен, Мағжан, Ғабит, Сафуан, Евней, Аманжол Қошанов, Мұқаш Елеусізов, Марат Кенжеғозин т.б. жазушылар мен ғалымдар туралы тарихи очерктер, зерттеулер жазды. Білімің жастарға аямай таратуда, көптеген кездесулер және теледидар сұхбаттар арқылы жеткізуде.

Қ.Мұқанов Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері.

Осы кітапты баспадан шығаруға
демеуші болып көмектескен қарындасымыз
Мира Уарақызына ағалық зор алғысымды білдіремін.

Қайролла МҰҚАНОВ

МАЗМҰНЫ

АЛАСАРМАС АЛЫП ТҰЛҒА АБЫЛАЙ (АБЫЛАЙ ХАН) 5
ҚҰЛЕКЕ БАТЫР 11
ШАЛ АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕР 17
ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ 21
ТОҚСАН БИ 26
ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ (Шоқан Уәлиханов - 170) 30
ДОСТОЙНЫЙ СЫН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ 34
ОЛ ЕУРОПАҒА АШЫЛҒАН ТЕРЕЗЕ СЕКІЛДІ ЕДІ (Шоқан Уәлихановтың туғанына - 175 жыл) 39
ЕЛ АРДАҚТАҒАН АБЫЛАЙ (РАМАЗАНОВ) 45
АТАҚТЫ АБЫЛАЙ ҚАЖЫ РАМАЗАНОВ 49
АЛАШТЫҢ АЙБЫНДЫ АҚЫНЫ (Мағжан Жұмабаев) 57
ҰЛЫ АҚЫНДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҚАҺАРМАН ҚАЙРАТКЕР 63
МАҒЖАН ЖӘНЕ СМАҒҰЛ САДУАҚАСОВ 69
МАҒЖАН МЕН СӘКЕН (Мағжан – 115) 75
МАҒЖАН МЕН МІРЖАҚЫП (Мағжан – 115) 87
МАҒЖАН МЕН МІРЖАҚЫПТЫҢ ДОСЫ (Жұмағали Тілеулин) 92
ЕЛІН СҮЙГЕН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ (Абдолла Байтасов) 98
ХАЛЫҚ ҚАМҚОРШЫСЫ (Нығмет Сырғабеков) 102
ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН ҚАЙРАТКЕР (Жанұзақ Жәнібеков) 105
ЖАСТАРДЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖЕТЕКШІСІ (Қайсар Тәштитов) 109
САХНА САҢЛАҒЫ (Есқақ Иманқұлов) 113
ҚАЙРАТКЕР, ҚАЛАМГЕР ҚАНАПИЯ (Қанапия Мұстафин) 117

СӘКЕН САЛДЫРҒАН
ҚОНЫСТАРСӘБИТ ЖӘНЕ СӘКЕН.....121
СӘБИТ ЖӘНЕ СӘКЕН.....126
АЙНЫМАС ТАМАША ДОСТЫҚ.....132
РИЯСЫЗ БАУЫРМАЛ ЖАЗУШЫ
(Сәбит Мұқанов - 100).....137
ҰЛЫ СУРЕТКЕР (Ғабит Мүсірепов).....143
ҰЛЫ ЖАЗУШЫ АНАЛАР, АРУЛАР ТУРАЛЫ.....148
ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ
АЛҒАШҚЫ ЖЕТЕКШІСІ
ҮМІТБАЙ БАЛҚАШЕВ ХАҚЫНДА 154
ТУҒАН ӨҢІРІМІЗДЕГІ
ТҰҢҒЫШ ҰСТАЗДАРДЫҢ БІРІ 158
ЖҮРЕК ТӨРІНЕН ОРЫН АЛҒАН 163
ШАЛ АҚЫН ЖЫРЛАРЫН
ЖАДЫНДА САКТАП 167
ӨНЕГЕЛІ АҚЫН (Ахметжан Нұртазин).....172
АДАЛДЫҚҚА ТАБЫНДЫ АБЫЗДЫҚ ТА 180
ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ 185
ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ 191
БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ, БІЛІКТІ ҰСТАЗ.....195
АРТТА ҚАЛҒАН АУДАНДЫ
АЛҒА ШЫҒАРҒАН.....200
АЙТЫСТЫҢ АҚТАНГЕРІ
(Игібай Әлібаев - 100 жаста).....202
СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ
(Қайырбек Сыздықов - 80 жаста) 206
ӨМІРІ ДЕ, ӨНЕРІ ДЕ - ӨНЕГЕ
(Қайырбек Сыздықов) 210
ЕЛІ АРДАҚТАҒАН АЗАМАТ (Үмітбай Мусин) 213
БІЛІКТІ ҚОЛБАСШЫ, ШЫНАЙЫ ПАТРИОТ 216
ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ (Уара Нұрсейітов - 80).....220
БАТЫЛ ДЕСАНТШЫ (Крамша Мұқанов - 85).....223
ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН ЕР ЕДІ
(Балғожа Кенжеғозин) 226

ДНЕПРДІ КЕСІП ӨТКЕН ЕРЖҮРЕК
(Жәлел Қизатовқа – 90 жыл) 228
ЖОЛЫ ДАҢҒЫЛ ЖАЗУШЫ
(Сафуан Шаймерденов) 231
МӘҢГІЛІК ШЫҒАРМАЛАР
(Сафуан Шаймерденов) 236
АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ ЕДІ (Уәп Латанов).....241
ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР (Мінайдар Жақыпов).....245
СӨЗІ ДЕ, ІСІ ДЕ - ӨНЕГЕ
(Қасым Жұнысұлы - 85) 248
АСЫЛ АЗАМАТ (Қаттай Кеншінбаев - 85).....251
ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҚАЛАМҒЕР ЕДІ
(Қанаш Шәкенов - 90).....255
АБЗАЛ АЗАМАТ, БІЛІКТІ ҰСТАЗ ЕДІ
(Қайреш Қоспанов) 259
САН ҚЫРЛЫ АЗАМАТ ЕДІ (Уәлихан Қуанышев) .263
АҚЫН ЖҮРЕҚТІ ҒАЛЫМ
(Евней Арыстанұлы Бөкетов - 80) 266
АЛМАСТЫҢ ӘР ҚЫРЫ АСЫЛ (Евней Бөкетов) ...271
ПЕДАГОГ, АҚЫН, САЗГЕР, ӘНШІ
(Миғаш Шәріпов).....276
ТУҒАН ТІЛДІҢ ТАРЛАНЫ (Мағел Басыбаев) 279
ТЕҢДЕССІЗ ТАРИХШЫ (Манаш Қозыбаев – 80)..282
ӨМІРІ ДЕ, ӨЛЕҢІ ДЕ ӨНЕГЕ ЕДІ
(Қобылан Хамзин).....287
ҰШҚЫР СЕЗІМ, ТЕРЕҢ ОЙДЫҢ АҚЫНЫ 290
ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫРАН ҚҰСТАЙ КӘКІМБЕГІ 296
ТУҒАН АУЫЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ 304
ЕСТЕН КЕТПЕС АДАЛ ДОС ЕДІ (Ескен Қабиев) .309
«ҚҰДІРЕТТІ ЖАҚСЫ
ҰРПАҒЫ АБЫЛАЙДЫҢ!» 313
СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ ТҰЛҒА
(Шота Уәлиханов 80 жаста).....319
СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ САҢЛАҒЫ 324
ШОҚАН МЕН ШОТА 327

СӘУЛЕТШІ ШОТА УӘЛИХАНОВ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ 332
ҒЫЛЫМНЫҢ БИІК ШЫҢЫНДА
(академик А.Қ.Қошанов – 75 жаста).....338
БАР ӨМІРІН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН 345
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕН ТІЛІНІҢ
ЖАНАШЫРЫ (Герольд Бельгер).....348
ҚАЗАҚТЫҢ ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕРІ – 80.....353
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БІЛГІРІ ЕДІ (Герольд Бельгер)....358
ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ, КӨҢІЛІ КІРШІКСІЗ ЕДІ
(Еркін Сақтағанов - 80) 362
ӨНЕГЕЛІ ӨМІР (Мәркен Ахметбеков) 364
БЕДЕЛДІ БАСШЫ, АҚЫНЖАНДЫ
АЗАМАТ ЕДІ.....367
ВСЕГДА В ПОИСКЕ (Социал Жумабаев - 70) 369
ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ҒҰЛАМА
(Мұрат Айтхожин - 75).....371
АДАМГЕРШІЛІГІ МОЛ
АЗАМАТ ЕДІ (Қайыркеш Исманов) 375
АБЗАЛ АЗАМАТ, ІРІ ҒАЛЫМ
(Марат Кенжеғозин - 70) 380
АРМАНДА КЕТКЕН АЗАМАТ 385
ҚАЛАМ МЕН ҚАРУДЫ ТЕҢ ҰСТАП
(Шамардан Жарылғапов).....387
БІЛІКТІ ҒАЛЫМ, ҰЛТЖАНДЫ ГЕНЕРАЛ
(Абай Тасболатов - 60).....391
БІЛГІР ЗАҢГЕР, ШЫНАЙЫ ПАТРИОТ. 394
ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ ЖОЛЫНДА (Ажар Баешова)..399
ТАРИХЫҢА ТӘНТІМІН, ТУҒАН ЖЕРІМ!.....401
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 403
ӨҢІРІМІЗДІҢ ТАМАША ЖЫРШЫСЫ 408
АЛҒАШҚЫ «АЙҚАПТЫҢ»
СОЛТҮСТІК ӨҢІРДЕГІ ТІЛШІЛЕРІ.....414
ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВ (Қысқаша өмірбаяны).....420